

**Н.Ә. НАЗАРБАЕВ**

**ТАҢДАМАЛЫ  
СӨЗДЕР**

**I**

**1989-1991**

**Н. Ә. НАЗАРБАЕВ**

**ТАҢДАМАЛЫ СӨЗДЕР**



**Н. Ә. НАЗАРБАЕВ**

**ТАҢДАМАЛЫ  
СӨЗДЕР**

**I ТОМ  
1989–1991**

**Астана – 2014**



УДК 342.5  
ББК 67.400.6  
Н 17

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт министрлігі  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
бағдарламасы бойынша жарық көрді

Н 17 Назарбаев Н. Ә.

**Таңдамалы сөздер.**

– Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2014.

ISBN 978–601–277–183–1

Т. I. – 1989–1991 жж. – 612 б.

ISBN 978–601–277–184–8

«Н. Ә. Назарбаев. Таңдамалы сөздер» көп томдық басылымының бірінші томына Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 1989–1991 жылдар аралығында жұртшылық алдында сөйлеген өзекті сөздері кіргізіліп отыр. Онда Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланғанға дейін қайта құрудың соңғы жылдарында болған оқиғалар бейнеленеді, ал бұл кезеңде КСРО-ның ыдырауы жағдайында Қазақстан халқының егемендік, демократия мен еркін нарық пайдасына өз тағдырын өзі анықтауының тарихи үдерісі жүріп жатқан болатын.

УДК 342.5  
ББК 67.400.6

ISBN 978–601–277–184–8 (Т. I)  
ISBN 978–601–277–183–1

© Назарбаев Н. Ә., 2014  
© «Сарыарқа» баспасы, 2014

## АЛҒЫСӨЗ

Бұл кітап Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың таңдамалы сөздерінің көп томдық жинағын ашатын кілт есепті.

Н. Ә. Назарбаевтың көп жылдар бойғы саяси қызметінің барысында жұртшылық алдында сөйлеген сөздері кең ауқымды шешендік құндылықты құрайды. Алайда олар бүгінде сан түрлі дерек көздерінде – мұрағат құжаттарында, бұқаралық ақпарат құралдарында, жеке кітапшаларда, ведомстволық басылымдарда және т. б. «бытырап» жатыр. Соның салдарынан бұл мәтіндердің алуандығынан бағдар табу мамандардың өздері үшін де оңайға соқпайды.

Ал шындығында Н. Ә. Назарбаевтың жұртшылық алдында сөйлеген сөздері, әр жылдарда жазған мақалаларымен, ғылыми еңбектерімен, кітаптарымен қоса, Қазақстанның ең жаңа саяси тарихы бойынша Елбасы, саяси қайраткер, мемлекеттік құрылыстың ірі теоретигі және практигі Н. Ә. Назарбаевтың саяси-философиялық көзқарастарының даму елегінен өткен бағалы құжат көзі болып саналады. Осы жинаққа кірген сөздерден оның нақты тарихи оқиғаларға ғана емес, сонымен бірге, мемлекеттік құрылыстың, әлеуметтік-экономикалық жаңғырудың, ұлт қауіпсіздігінің, халықаралық қатынастардың, біздің мемлекетімізді дамыту жолдары мен

болашағының проблемаларына көзқарасы, пайымдауы мен бағасы көрінеді.

Басылымның Н. Ә. Назарбаевтың әр жылдарда сөйлеген тұжырымдамалық және бағдарламалық сипаттағы неғұрлым елеулі сөздерінің бәрін топтап, бір жүйеге келтіру жөніндегі мақсаты нақ осы ойдан туған.

«Таңдамалы сөздердің» негізгі деректемесі Президент Мұрағатының, Тұңғыш Президент Мұражайының, Президент Әкімшілігінің, орталық мемлекеттік органдардың қорларындағы мұрағат құжаттары, стенограммалар мен басқа да материалдар, сондай-ақ бұрын жарияланған кітаптар, кітапшалар, республикалық және шетелдік баспасөздің газет-журнал басылымдары болды.

Сонымен бірге, басылымды дайындау барысында туындаған ең басты, сондықтан күрмеуін шешуді қажет еткен күрделі мәселелердің бірі оны хронологиялық аясын белгілеу мен кезең-кезеңге бөлу мәселесі болғанын айту керек.

Бастапқыда 1990 жылғы 24 сәуірден – Н. Ә. Назарбаевтың Қазақ КСР Президенті болып сайлануынан бергі кезеңді негізге алу көзделген болатын. Бұл ыңғайдың артықшылығы Н. Ә. Назарбаев өзінің ең басты, айқындаушы және ерекше сапасында – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті ретінде көрінетін шеңберлердің түзулігі мен анықтығында.

Дегенмен, бұл нұсқаның көрінеу қисындылығына қарамастан, мұндағы шеңберлер қайта құрудың соңғы жылдарындағы тоталитарлық жүйенің жанталас аясында егемендікке, демократия мен ерікті нарыққа бет алған Қазақстан халқының өз тағдырын өзі шешуінің күрделі тарихи үдерісі жүріп жатқан шиеленісті және

өте-мөте қайшылықты жағдайды толық көлемінде бейнелеуге мүмкіндік бермейтін еді.

Осы себепті кезеңнің бастапқы нүктесі ретінде Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайлануына байланысты әрігіректегі мерзімді алуға байлам жасалды, мұның өзі шынтуайтында республиканың бірінші басшысының қалпына да сәйкесетін еді. Бұл ыңғай өмірбаяндық-фактографиялық қамту аясын кеңейтуді қамтамасыз етті және соған сәйкес сол кезеңнің мән-мағынасына бойлау үшін неғұрлым кең мүмкіндіктер берді.

Сөздерді том-томға бөлуге келетін болсақ, мұнда да әдіснамалық сипаттағы белгілі бір қиындықтар туды. Хронологиялық немесе тақырыптық қағида бойынша кезең-кезеңге бөлуге негізделген, сондай-ақ Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мемлекеттік-саяси дамуының негізгі кезеңдеріне байланысты неғұрлым кең тараған көзқарастар елдің алдында және оның қалыптасуы барысындағы ел басшысының алдында тұрған аса күрделі міндеттердің бәрін толық мағынасында ашып көрсетуге мүмкіндік бермеді. Оның үстіне, кезеңдендіру мен жіктеу дейтіндердің қай-қайсысы да көрер көзге шартты әрі дерексіз болатыны да таңдауды қиындата түсті.

Бірақ күтпеген әрі ұтымды шешімді Қазақстан тарихының өзі және Тұңғыш Президенттің саяси өмірбаяны берді: түптеп келгенде, тек жекелеген, бірақ дәлелді тұстары ғана қалғаны болмаса, кітап Н. Ә. Назарбаевтың президенттік мерзімдеріне қарай кезең-кезеңге бөлінді. Мәселеге бұлайша келгенде, әрбір президенттік мерзімнің ішкі қисыны, стратегиялық мәні

мен нақтылы күн тәртібі оларды Н. Ә. Назарбаевтың өзі көріп, айқындағанындай, қандай шешу жолдарын ұсынғанындай және, өз кезегінде, оларды қалай іске асырғанындай болып мейлінше анық әрі түсінікті бола түседі.

Нәтижесінде Н. Ә. Назарбаевтың осы жинаққа енген сөздері жеті кітаптан тұратын бес томға бөлінді. Бұл ретте басылым бұдан былай да жалғасын табады деп күту әбден қисынды.

Бірінші том 1989–1991 жылдарды қамтиды да КСРО-дағы қайта құрудың Қазақстан тәуелсіздігі жарияланған сәтке дейінгі соңғы жылдарының оқиғаларын бейнелейді.

1991–1995 жылдарды қамтитын екінші том ең бір қарбалас және мемлекеттік құрылыс көзқарасы тұрғысынан айқындаушы кезеңге – біздің республикамыздың тәуелсіздігі басталған, тоталитарлық жүйе қирап, мемлекеттіліктің жаңа үлгісін іздеу мен нарықтық экономикалық қалыптасу үдерісі жүріп жатқан кезеңге арналған.

Үшінші томда 1995–1998 жылдардағы сөздер ұсынылып отыр, бұл кезеңде 1995 жылғы Конституцияның негізінде саяси, экономикалық, әлеуметтік-гуманитарлық салалардағы жүйелі қайта құрулар жалғастырылып, «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасы қабылданды, астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру жүзеге асырылды, 1998 жылғы конституциялық реформа жүргізілді.

Төртінші том Н. Ә. Назарбаевтың 1999–2005 жылдардағы қызметімен байланысты; бұл жылдар елдің тұрақты экономикалық өсу, саяси жүйенің одан әрі демократиялану жолына шығуымен және халықара-

лық деңгейде АӨСШК саммитін, Еуразиялық медиа-форумды, әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін шақыру сияқты ірі бастамаларды іске асырумен сипатталды.

Бесінші томда Н. Ә. Назарбаевтың 2006 жылдан басталатын, Қазақстанның Орталық Азия аймағында және ТМД кеңістігінде нақты жетекшілік орынға шығуымен белгілі болған кезеңдегі сөздері келтірілген.

Төртінші және бесінші томдарға енгізілген сөздердің көлемі елеулі екені ескеріліп, олардың әрқайсысы жеке-жеке екі бөлікке бөлінген.

Әрбір том құрылымдық жағынан алғысөзден, сөйленген сөздерден, қосымшалар мен кітаптың мазмұнынан тұрады.

Әр томға берілген алғысөзде нақты кезеңнің ерекшеліктері мен өзекті сатылары сипатталады және томның негізгі мазмұны баяндалады.

Негізгі бөлімде Н. Ә. Назарбаевтың сөйлеген сөзінің мәтіні беріліп, оның қалай аталатыны, қай жерде және қашан айтылғаны көрсетіледі.

Қосымшаларда қабылданған қысқартулардың тізбесі, сондай-ақ сөйлеген сөзде аталатын географиялық атаулардың, есімдердің, мекемелер мен ұйымдардың көрсеткіштері келтірілген. Бұл ретте топонимдер, жалқы есімдер, мемлекеттердің, қалалар мен ұйымдардың атаулары сөз сөйленген кезде қабылданған орфографиялық нормаларға сәйкес келтірілді.



## ТӘУЕЛСІЗДІК ТАБАЛДЫРЫҒЫНДА

«Н. Ә. Назарбаев. Таңдамалы сөздер» көп томдық басылымының беташары есепті бірінші том 1989–1991 жылдарды қамтиды және Н. Ә. Назарбаевтың республика басшысы қызметінің алғашқы жылдарын бейнелейді.

Бұл – елдің тағдыры мен халқының болашағы таразыға түскен алмағайып уақыт болатын.

КСРО-да 1980-ші жылдардың ортасында басталған қайта құру оған артылған орасан зор үмітті ақтамады. 1980-ші жылдардың соңына қарай экономикадағы дағдарыстық құбылыстар тез қарқынмен қанат жая берді. КОКП-ның идеологиялық дағдарысымен, этносаралық қатынастардың ширығуымен, қоғамдағы әлеуметтік шиеленістің өсуімен тереңдей түскен одақтық орталық пен республикалар арасындағы қайшылықтарға байланысты басқа да күрмеуі қиын бірталай проблемалар жапалақтаған қар сияқты үйіліп жинала берді.

1989 жылғы 22 маусымда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайланған Н. Ә. Назарбаев осындай күрделі әрі қайшылықты жағдайда республиканың бірінші басшысы ретінде сол кезде күн тәртібінде тұрған сындарлы экономикалық реформалар бағдарламасын іске асыру, одақтық орталық пен республика арасындағы өкілеттікті айқын саралау, әлеуметтік тұрақтылық пен

этносаралық келісімді нығайту сияқты ең басты түйінді проблемаларды шешуге жұмылды.

\* \* \*

Экономиканың күрт құлдырауы, Одақтың аймақтары арасындағы шаруашылық байланыстардың үзілуі, өндірісті ұйымдастыру мен олардың арасында бөлудің ересен сәйкессіздігінің сақталуы одақтық орталықтың іс-әрекетіндегі дәйексіздік аясында халықтың әбден қайыршылануына, тауар және азық-түлік тапшылығына соқтыру қаупімен қарқын алып бара жатқан берекесіздікті тоқтатуға дәрменсіз болды.

Осы халде Қазақстанның жағдайы КСРО халықшаруашылық кешенінің құрылымында оған шикізат рөлі берілгендіктен тіпті қиындай түсті.

1989 жылғы 27 маусымда шығармашыл және ғылыми интеллигенция өкілдерімен болған кездесуде сөз сөйлеп тұрып, Н. Ә. Назарбаев бұл туралы былай деді: «Республикада қоғамдық өндірістің тиімсіз құрылымы қалыптасты. Мәселен, өнеркәсіп үлесі Одақ бойынша орташа көрсеткіштен төмен. Оның үстіне, индустрияның өз ішінде ауыр өнеркәсіптің пайдасы мен халық тұтынатын тауарлар өндірісінің зиянына шығатын қиғаштық пайда болды, мұның соңғысын біз жыл сайын қажеттіліктің 40–60 % шамасында шеттен әкелеміз. Ал мейлінше көп табысты нақ солар ғой. Қалыптасқан тепе-теңсіздікке бізді саналы түрде мәжбүр етті, экономикалық саясат сондай болатын. Бізді: «Қазақстанның шаруасы – көмір, металл, мұнай, астық беру, ал халыққа керегін біз сіздерге Балтық маңынан, Белоруссиядан және т. б. жеткізіп береміз», деп иландырды».

Соның салдары ғой, республика өндірген астығының жартысындайын, еттің  $\frac{1}{3}$ -ін, шикі мұнайдың 90 %-дан артығын, көмір мен қара металдар рудасының  $\frac{3}{4}$ -ін, түсті металдар мен қорытпаның  $\frac{2}{3}$ -сін сыртқа шығарып, соның бәрін қисынсыз арзан бағамен өткізіп отырды. Сөйте тұра, Қазақстан жеңіл өнеркәсіп пен теміржол көлігіне арналған жабдықтың 95 %-ына дейінін, металл жонушы станоктардың  $\frac{2}{3}$ -сін, тоқыма мата мен мақта матасының 45 %-ын, автомобильдерді, ауылшаруашылық техникасын, тұрмыстық техниканы түгелдей, халық тұтынатын тауарлардың басым бөлігін сырттан әкелуге мәжбүр болды. Сөйтіп, баламасы тең емес айырбастың салдарынан Қазақстан демеуқаржылы республиканың қорлық күйіне түсті.

Қалыптасқан дағдарыс жағдайында Н. Ә. Назарбаев өндірісті тұрақтандыру, республика экономикасының шикізат бағыттылығын еңсеру, одақішілік деңгейлес экономикалық байланыстарды нығайту, біртұтас экономикалық кеңістікті сақтау жөнінде батыл шаралар қолданды.

Сонымен бір мезгілде республикада шаруашылық жүргізудің нарықтық тетіктерін енгізу жөнінде кең құлашты жұмыс жүргізіліп жатты. Нарықтық қатынастардың құқықтық негізін құруды көздейтін бірқатар маңызды заңдар нақ осы кезеңде қабылданды. Олар – «Меншік туралы», «Жұмыстылық туралы», «Сыртқы экономикалық қызметтің негізгі қағидаттары туралы», «Шетелдік инвестициялар туралы», «Экономикалық еркін аймақтар туралы» және т. б. заңдар.

Алайда орталықтың кейде тіпті ақылға сыйғысыз қыңырлықпен одақтық республикаларға азды-көпті болса да ырық бергісі келмейтін үстемдігі жағдайында

олармен екі арадағы өкілдікті айқын шектемейінше, экономиканы реформалаудың кез келген бастамасы, сәтсіздікке ұшырамағанның өзінде, ұзақ уақыт тығырлыққа тірелері сөзсіз еді. Кеңес Одағында жаңа Одақтық шарттың жобасы айналасында өрістеген дау-дамайдың шиеленістілігі көбінесе осы жағдайға байланысты болды.

Н. Ә. Назарбаевтың сол кезеңдегі сөйлеген сөздерінің бәрі дерлік осынау аса маңызды тақырыпқа арналды, соның ішінде он екінші сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің II сессиясындағы «Жаңа Одақтық шарттың жобасы туралы», КСРО халық депутаттарының IV съезінде, он екінші сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс III сессиясында, республикалық активтің КСРО Президенті М. С. Горбачевтің қатысуымен өткен жиналысында, «Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Одақтық шарттың жобасына көзқарасы туралы» Қазақстан Компартиясының IV Пленумында сөйлеген және т. б. сөздер бар.

Н. Ә. Назарбаев Одақтық шартқа тездетіп қол қою – тар өрісті мақсат емес, көптеген түйіндерді, ең алдымен экономикалық проблемаларды шешудің бірінші кезектегі шарты екенін талай мәрте атап айтқан болатын. Неге десеңіз, нақ сол одақтық орталықтың және одақтық ведомстволардың кінәсінен Қазақстан аумағында көптеген экологиялық апат ошақтары пайда болды, ал олардың ең ірілері – Арал мен Семей ядролық полигонының аймағы еді. Бұған себеп – Қазақстан өнеркәсібінің 90 %-ына дейінгі тікелей бағыныстылығында болған орталық министрліктер мен ведомстволардың жауапсыз, ал кейде тіпті қылмыспен барабар қарауы.

Әлбетте, бұл мәселеде Н. Ә. Назарбаев орталық партаппараттың, әскери-өнеркәсіптік кешен басшыларының, одақтық министрліктер мен ведомстволардың және т. б. бетке ұстарлары тарапынан болған пәрменді және аса қуатты қарсылыққа тап болды. Бірақ прагматик ретінде ол шегінер жолдың жоқ екенін түсінді.

Мәселенің мәнін жете бағалай білген Н. Ә. Назарбаев, Одақтық шарттың жобасын әзірлеудің орталық деңгейінде кешігуіне байланысты, 1990 жылы оның қазақстандық нұсқасының тұжырымдамасын ұсынды. Оған арқау болған өзекті идеялар Н. Ә. Назарбаевтың 1990 жылғы 10 қыркүйекте Қазақ теледидары арқылы Қазақстан халқына арнаған «Бірлік пен топтасқандық үшін» деп аталатын үндеуінде айқын таңбаланды. «Біз өмірді мүлдем жаңа негізде – Егемен мемлекеттердің одағында құруды бастадық. Оның мәні мейлінше айқын: республикалар өз аумақтарындағы барлық ұлттық байлықтарды иеленуге, пайдалануға және жұмсауға ерекше құқық алады. Бұған жер, оның қойнаулары, сулар, әуе кеңістігі және басқа да табиғи ресурстар, мемлекеттік егемендіктің материалдық негізі болып табылатын күллі экономикалық және ғылыми-техникалық әлеует кіреді. Одақтың өзі республикалардың еріктілігіне, өзара мүдделілігі мен терезесі тең серіктестігіне негізделеді. Әрине, республикалар өз қалаулары бойынша өкілеттіктерінің біраз бөлігін Одақтың жаңа, өздері құрған басқару органдарына береді. Бұл сөз болып отырған өзінің сипаты бойынша ел көлемінде біртұтас басшылықты қажет ететін қызмет салалары: іргелі зерттеулер, қорғаныс бағдарламалары, біртұтас энергетикалық жүйе, атом энергетикасы, ғарыштық жүйелер және т. б.»

Н. Ә. Назарбаевтың жіті назарында болған тағы бір аса маңызды мәселе – этносаралық қатынастар жайы.

1980-ші жылдардың соңы бұрынғы КСРО-ның барлық халықтары арасындағы этнизмнің дүмпуімен және ұлттық сана-сезімнің бұрын болмаған дәрежеде өсуімен ерекшеленгені белгілі. Ондаған жылдар бойғы тыйымнан соң адамдар ұлттық дамудың көкейкесті проблемалары: жалпыкеңестік бояма мәдениеттің біріздендіруші салдары, ұлттық ерекшеліктің, әдеп-ғұрыптар мен дәстүрлердің жойылуы, тілдердің құрып кету қаупі туралы ашық айта бастады.

Дегенмен 1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары мен оған ілесе қазақ халқына жасалған жазалау шараларынан кейін бұл үдеріс Қазақстанда қиын-қыстау моральдық-психологиялық ахуалда жүрді. 1987 жылғы шілдеде КОКП Орталық Комитетінің Қаулысымен қазақ халқы әділетсіз түрде «қазақ ұлтшылдығы» дейтінмен беталды айыпталды, ал басқаша ойлайтын өзекті жергілікті кадрларға әрі енді қазақтардан басқаларға да бедел түсіру мен пәле жабу науқаны өрістеді. Сондықтан көпұлтты республика азаматтарының арасындағы сенімді қалпына келтірмейінше, ондағы істің ойдағыдай жүруі тіпті мүмкін емес еді.

Сол кезеңде тілдер туралы заң жобасы этносаралық қатынастар саласындағы өзекті мәселеге айналды.

Барлық тараптардың құқықтарын теңестіретін және тілдердің бірде-біреуіне артықшылық жасалуына жол бермейтін салмақты, центристік көзқарасты жақтаушы ретінде Н. Ә. Назарбаев заң жобасын жасау мен өткізуде зор белсенділік танытты.

Сондықтан парламенттегі пікірталастар басталмай тұрып-ақ, «Республика партия комитеттерінің қайта құруды тереңдету жағдайындағы ұйымдастырушылық



және саяси жұмысы туралы» 1989 жылғы 18 тамызда сөйлеген сөзінде Н. Ә. Назарбаев заң жобасын былайша таныстырды: «Көп кешікпей баспасөзде ғалымдар мен мамандардың, республика мәдениет қайраткерлерінің үлкен тобы ұзақ уақыттан бері жұмыс істеп дайындаған тілдер туралы заңның жобасы жарияланады. Бұл құжатқа жан-жақты баға бермей-ақ қояйың, ол – осы құжат талқысына шығарылғалы отырған барлық қазақстандықтардың ісі. Тек атап айтарым: жобаның құқықтық пайымдамасы өзге республикаларда қабылданған осындай заңдардың пайымдамаларынан елеулі түрде әрі нақ оның интернационалдық мәнін күшейту мағынасында ерекшеленеді. Жаңа заңның авторлары басшылық алған негізгі өлшем республикаға аты берілген халықтың шынайы игілігіне басқа ұлт адамдарының құқықтары мен бостандықтарын шектеу арқылы жету мүмкін емес дейтін терең ой болды. Байырғы ұлттың тілін шынайы қорғау сындарлы шарадан – оның мемлекеттік мәртебесін заң жүзінде бекітуден көрінгенін қалың жұртшылық әділ мойындады. Дегенмен, осы қадамды жасай отырып, барлық халықтардың тілдерінің де еркін дамуына дәл осындай заң жолымен кепілдік беріледі. Бұл орайда орыс тілі өзінің ұлтаралық қатынас тілі ретіндегі қызметін, бұрынғысынша, абыроймен атқара береді, ол әрбір ұлттың, әр адамның қуатты зияткерлік әлеуеті рөлін сақтап қалады».

Салмақты көзқарастың арқасында Қазақ КСР-інің 1989 жылғы қыркүйекте қабылданған «Тілдер туралы» Заңы белгілі бір дәрежеде республикадағы этносаралық қатынастардың шиеленісін басып, тұрақтылықты нығайтуға көмектесті.

Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқын құрайтын барлық этностардың бір мезгілдегі ұдайы ұлттық-мәдени дамуы болғанда ғана қазақ ұлтының шынайы өркендеуі мүмкін болатынын үнемі атап көрсетеді.

Нәтижесінде 1989 жылдан бастап республикада 1995 жылы құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясының алғашқы үлгісі – ұлттық-мәдени орталықтар ашыла бастады. Көптеген этностық топтар, соның ішінде бір кезде Қазақстанға күштеп жер аударылған немістер, корейлер, поляктар, литвалықтар, Қырым татарлары, Месхетия түріктері, вайнахтар, қарашайлар мен балқарлар, гректер және басқалар өздерінің тарихи отандарымен әлдеқашан үзілген байланыстарын қалпына келтіре бастады. Қазақ тегінің табиғи және ежелгі ошағы болған Қазақстан дүниеге шашырап кеткен қазақ диаспорасының басын құрауға кірісті, ал 1992 жылы құрылған Қазақтардың дүниежүзілік қауымдастығы оның орталық ұйымына айналды.

Ұлт мәселесін әділ және ашық түрде шешу бағытын дәйектілікпен жүзеге асыра отырып, Н. Ә. Назарбаев бірінші кезектегі міндеттердің бірі етіп КОКП Орталық Комитеті 1987 жылғы шілдеде қабылдаған атышулы «қазақ ұлтшылдығы» туралы қаулының күшін жоюды мақсат етіп қойды. Мәселен, 1989 жылғы 19 қыркүйекте Мәскеуде болған КОКП Орталық Комитетінің пленумында сөйлеген сөзінде ол былай деп мәлімдеді: «Онда тек дәйексіз ғана емес, сонымен бірге, халықты қорлайтын тұжырымдарға да жол берілген. Мәселен, «қазақ ұлтшылдығы» деген ұғым айтылған. Бірақ тегінде қандай да болсын тұтас халықтың бойында адамгершілікке жат осындай қасиет болуы мүмкін бе? Мүмкін емес екеніне кәміл сенімдімін. Әрі ұлттық демократияның

болмайтыны сияқты, қазақ, орыс, өзбек, латыш және т. б. ұлтшылдығы да болуы мүмкін емес. Республика коммунистері мен жұртшылығының пікірін білдіре келіп, Орталық Комитеттен қазақ халқының ары мен намысына тиетін, оның интернационалдық мәніне көлеңке түсіретін қаулының осы қате қағидаларын қайта қарауды сұраймын». Ақыр соңында арға тиетін қаулының күші жойылды.

Сонымен бірге, одақтық орталықтың түсініксіз, қайшылықты саясаты, экономикалық реформа жүргізудегі оның көпе-көрнеу қателіктері, Одақтық шартқа қол қоюға барар жолдағы елеулі кедергілері Н. Ә. Назарбаевты республиканың мүддесін қорғау мен дербестігін нығайтуға бағытталған бірсыпыра алдын алу шараларын қолдануға мәжбүрледі.

Орталықтан шеттеу үрдістерінің үдей түсуі жағдайында ең әуелі республика ауқымында билік өкілеттіктерін шоғырландыру қажеттілігі барған сайын айқын сезілді. 1990 жылғы ақпанда Н. Ә. Назарбаевтың Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы болып сайлануы, содан кейін Қазақ КСР Президенті қызметі құрылып, сол жылдың 24 сәуірінде Жоғарғы Кеңестің шешімімен оған Н. Ә. Назарбаевтың сайлануы осындай қадам болды.

Қазақ КСР Президенті қызметінің құрылуы тәуелсіз мемлекеттің саяси жүйесі қалыптасуына шешуші ықпал жасаған және КСРО тарағаннан кейін мемлекеттік биліктің сабақтастығын қамтамасыз еткен аса маңызды оқиғаға айналды.

1990 жылғы 25 қазанда «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияның қабылдануы егемендену үдерісінің қисынды нәтижесі ретіндегі келесі бір

маңызды қадам болды. Декларация жас мемлекеттің ел Президенті мен Жоғарғы Кеңесі бастамашылық етіп қабылданған тұңғыш негіз қалаушы заңнамалық актісі болды, елдің мемлекеттік-құқықтық жүйесін толық мемлекеттік тәуелсіздікті ресімдеу жолымен одан әрі дамытудың дайындық кезеңі содан басталды.

Сондай-ақ мемлекеттік егемендікті нығайту, саяси және экономикалық жаңғыртуларды жүзеге асыру сол кезде жұмыс істеп тұрған мемлекеттік биліктің құрылымын дереу өзгертуді, мемлекеттік басқарудың оңтайлы үлгісін қалыптастыру мақсатында өкілеттікті қайта бөлуді қажет етті.

Осыған байланысты Қазақстан Президенті 1990 жылғы 20 қарашада «Қазақ КСР-індегі мемлекеттік билік құрылымы мен басқару ісін жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Жаңа заңға сәйкес Вице-президенттің, Премьер-министр мен мемлекеттік кеңесшілердің лауазымдары бекітілді; Министрлер Кеңесі таратылып, Министрлер Кабинеті құрылды; Президенттің жанынан консультативтік-кеңесші орган – Республика Кеңесі құрылды. Сондай-ақ халық депутаттарының Кеңестері түріндегі мемлекеттік биліктің жергілікті органдары қайта құрылды. Олардың өкілеттігі елеулі түрде кеңейтілді, соның ішінде ол нарықтық қатынастарды қалыптастыру мен коммуналдық меншікті басқару мәселелерін солардың құзыретіне беру арқылы жүзеге асырылды.

Елдің ең жоғарғы қызмет орнына сайлауымен байланысты Н. Ә. Назарбаев Қазақстанның халықаралық байланыстарын жолға қою жөнінде де белсенді қадамдар жасады. Бұл орайда ол сыртқы саясат қызметін одақтас

республиканың басшысы ретінде ғана емес, сонымен бірге, одақтық деңгейдегі сыртқы саясат қызметі шеңберінде де жүргізді.

Сыртқы саясатының құрылымын белгілей отырып, Президент Н. Ә. Назарбаев дүние жүзінің барлық мемлекеттерімен қатынасын тепе-теңдік, идеологиясыздандырылған тұрғыдан құруға бейілділігін батыл мәлімдеді.

Мұнымен бір мезгілде Одақтық шарттың жобасын әзірлеу мен келісу үдерісі аяқталуға жақындап келе жатты. Оған қол қою 1991 жылғы тамыздың соңына белгіленді.

Алайда 1991 жылғы 19–21 тамызда елде барлық жоспарлардың астан-кестенін шығарып, тарихқа «Тамыз бүлігі» дейтін атпен кірген оқиғалар бұрқ ете қалып, Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет (ТЖМК – ГКЧП) дейтін бүкіл билікті өз қолына алатынын жариялады. КОКП жетекшілері мен одақтық басшылықтың кертартпашыл тобы ұйымдастырған мемлекеттік төңкерістің бұл әрекеті одақтық орталықтың және біртұтас мемлекетті сақтап қалу болашағының саяси дәрменсіздігін түпкілікті растап береді.

Қазақ КСР-інің Президенті Н. Ә. Назарбаев іле-шала Қазақстан халқына сөз арнап, Одақ жұртшылығына мәлімдеме жасады да бүлікшілердің әрекетін батыл айыптады. Және өзінің реформалар мен демократия бағытына бейілдігін растады. Сонымен бірге, Н. Ә. Назарбаев КОКП қатарынан шығатынын мәлімдеді.

ТЖМК-нің (ГКЧП) тура Одақтық шартқа қол қояр алдында дүрліктірген антиконституциялық бүлігі Коммунистік партияны абыройдан біржола айырып,

КСРО-ның күйреуін тездетті. Осылайша КОКП мен кеңестік астам державаның тағдыры біржолата шешілді.

1989–1991 жылдарындағы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстанның егемендігін, аумақтық тұтастығын сақтау, халықаралық деңгейдегі беделін нығайту жөніндегі табанды қызметі елдің шынайы тәуелсіздікке ие болуының негізін қалап, қолайлы жағдай жасап берді.

Осы жолда өзіндік бір рәмізге айналған нышандық оқиғалар 1991 жылғы 2 қазанда тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтің ғарышқа ұшуы және 1991 жылдың 1 желтоқсанында Қазақстан Президентінің тұңғыш бүкілхалықтық сайлауы өтіп, оның нәтижелері бойынша сөзсіз басым дауыспен Н. Ә. Назарбаевтың сайлануы болды.

Бірақ бұл тек бастамасы ғана еді. Қазақстан халқы ерікті егемен ұлт ретінде әлі өзінің ең алғашқы, сондықтан да ең қиын, бірақ соншама асыға күткен қадамдарын жасауы тиіс болатын...





Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің  
XV пленумында Қазақстан Компартиясы  
Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып  
сайлануына байланысты «Іздену, іс-қимыл,  
жаңару уақыты» атты

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,  
1989 жылғы 22 маусым

### Жолдастар!

Ең әуелі маған жоғары сенім білдірген – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы етіп сайлаған Орталық Комитеттің мүшелеріне алғыс айтқым келеді. Біз сіздердің көбіңізбен талай жылдардан бері бірге жұмыс істеп келеміз. Мен сіздердің қолдауларыңызды ұдайы сезінетінмін, ал бүгін оны екі есе сезіндім және соны өте жоғары бағалаймын. Бұдан әрі де үйлесімді жұмыс істейтінімізге сенімдімін.

Біздің партиямыз бен республикамыздың тарихындағы мұндайлық бетбұрыс сәтінде Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетіне және маған жүктелген күллі жауапкершілікті түсінемін.

Адамдар көптеген өмірлік маңызы зор әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси проблемалардың, соның ішінде тоқырау кезінде көмескілендіріліп немесе айтылмай келген ұлтаралық қатынастар саласындағы проблемалардың шешілуін қайта құрумен байланыстырады. Олардың қаншалықты күрделі екенін соңғы жылдардың оқиғалары көрсетеді. Дегенмен оларды шешу жолдары айқындалды. Енді тек белгіленгенді неғұрлым белсенді түрде жүзеге асыру қажет.

Бұл мәселелердегі менің ұстанымым барлығыңызға аян. Ол КСРО халық депутаттарының I съезінде сөйлеген сөзімде айқын тұжырымдалған-ды. Мен қазақстандықтардың мүдделерін білдіруге тырыстым және ол біздің республикамыздан сайланған бір топ депутаттардың ортақ тұғырнамасы болатын. Сол бағдарламаны жүзеге асыру бағытын табандылықпен ұстанамын деп сіздерді сендіргім келеді. Республиканың бірінші басшысы үшін халық мүддесінен жоғары ештеңе жоқ деп есептеймін.

Қазір демократияландыру мен жариялылық арқылы қайта құрудың қамы үшін қоғамның барлық жіктерін топтастыру бұрынғы қай кездегіден де қажет. Біздің игілігіміз әркімнің ұйымшылдықпен, тәртіппен және заңдарды қатаң сақтау арқылы еткен еңбегімен жасалады. Қауіп-қатерді өршіту, тұрақтылықты бұзу тек революциялық жаңғырту ісіне кедергі жасағысы келетіндерге ғана пайдалы, сондықтан біз ондай

көріністерге батыл тойтарыс беріп отыруымыз керек. Біз қоғамдық бірлестіктердің бәрімен белсенді қатынас жүргізуге бармыз. Және олардың қайта құру мақсаттарына үйлесетін бастамаларын қолдаймыз. Бұл істе біз коммунистердің, жұмысшы табының, ауыл еңбеккерлерінің, интеллигенциясының, партия мен еңбек ардагерлерінің, жастардың, республиканың көпұлтты барша халқының қолдауына сенеміз.

Партия – қайта құрудың бастаушысы. КОКП – бүкіл халықты, барлық қоғамдық ағымдарды біріктіріп, олардың ынта-ықыласын біздің өмірімізді жақсартуға бағыттай алатын бірден-бір нақты күш екеніне сенімдімін. Партия – қайта құрудың кері айналмастығының кепілі. Қазіргі жағдайдағы біздің міндетіміз – қоғамның саяси авангарды ретіндегі партияның рөлі мен беделін арттыру. Бұл жұмыстың қиын екенін біз түсінеміз. Бірақ партияның әрбір мүшесі, партия ұйымдары мен комитеттері оны орындап шығулары керек. Қатардағы коммунистен бастап Орталық Комитеттің мүшесіне дейін – бәріміз халықпен бірге болып, оның еркін білдіруіміз керек.

КОКП Орталық Комитетіне, оның Саяси Бюросына сенімдері үшін алғыс айтқым келеді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшелері атынан республиканың коммунистері партияның социализмді жаңғырту жөніндегі сара бағытын бұлжытпастан жүзеге асырады деп сендіремін. Біз КСРО халықтарының бірлігін, ұлы Отанымыздың біртұтастығын, халықтар арасындағы шынайы достықты жақтаймыз. Бұл қазақ халқы сияқты, бүкіл қазақстандықтардың да, барлық кеңес адамдарының да түбегейлі мүдделеріне

сай келеді деп есептеймін. Өз ісімізде КОКП Орталық Комитетінің, ел үкіметінің қолдауы мен ілтипатына сенім артамыз.

Қайта құру республиканың егемендігін нығайтатынына, оны құқықтық және практикалық мағынамен толықтыратынына, қазақ халқының экономикасын көтеріп, ежелгі мәдениетін жаңдандыру үшін жағдай жасап, әрине, басқа тілдердің құқықтарын шектемей, оның ана тілінің толыққанды өмір сүруін қамтамасыз ететініне күмән жоқ.

Қазақстанның экономикасы, мәдениеті – тұтастай еліміздің байлығы мен құндылықтарының ажырағысыз бөлігі екенін баршамызға түсінікті болар деймін.

### **Жолдастар!**

Бүгінде барлық деңгейдегі партия комитеттері ынтымақтаса жүріп, қажырлы жұмыс атқарулары керек. Әрі бұл ретте партиялық жолдастықты бұрынғы қай кездегіден де нығайта түсу маңызды. Республика басшылығында да ынтымақты жұмыс болғаны қажет. Қазір ол бізде бар. Осының бәрі – алдымызда тұрған асқаралы міндеттерді ойдағыдай орындаудың кепілі.

Қазақстанның  
шығармашылық және ғылыми зиялы қауым  
өкілдерімен кездесуінде  
«Қайта құруға интеллектуалдық  
үлесті еселей түсейік» атты

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,  
1989 жылғы 27 маусым

### Жолдастар!

Республиканың шығармашыл және ғылыми интеллигенциясымен мұндай кездесулер дәстүрге айналды. Әрі бұл тіпті де кездейсоқ емес. Интеллигенцияның кез келген қоғамдық өзгерістерді еселенген әлеуметтік сезімталдықпен қабылдайтыны жөніндегі белгілі лениндік қағиданы уақыт растап берді. Қоғамның зияткерлік және рухани әлеуетін толық мәнінде қайта құрудың қызметіне жегу жөніндегі партияның шақыруына ол қызу үн қосты.



Интеллигенция КОКП XXVII съезі берген шындық ғибратын бар ниетімен қолдады және қазір ХІХ Бүкілодақтық партия конференциясының шешімдерін, КСРО халық депутаттарының I съезі белгілеп берген саяси және экономикалық бағдарлаудың бағыттарын іс жүзіне асыру жөнінде зор жұмыс атқарып жатыр.

Соңғы жылдары жұртшылықты қабылданған немесе қабылданбақшы шаралар жөнінде дер кезінде және егжей-тегжейлі хабардар ету бірталай мәселелердегі ширыққан жағдайды реттеуге көмектесетініне көз жетті. Бұл арада екіұдай пікір жоқ: интеллигенция – халықтың ар-ожданы, ол халықтың жан жарасын, оның қайғысы мен қасіретін қоғамның басқа жіктерінен гөрі күштірек сезініп, әсерлірек қабылдайды.

Дегенмен басшы органдардың қызметкерлері де – өз халқының, өз уақытының перзенттері. Өзекті проблемалардың шешуін олар да дәл осылай ойлайды. Сондықтан мынандай кездесулер қоғамды толғандырып жайларды неғұрлым терең түсінуге көмектеседі, әлдеқайда табанды әрекеттерге, неғұрлым мақсаткерлік жұмысқа серпін береді. Олар қосымша ойлар мен толғаныстарға мол азық болады, күш-жігерді жұмсау аясын дұрыс табуға көмектеседі.

Бұдан соң, шығармашыл және ғылыми интеллигенция – қоғамдық пікірдің мейлінше дәл өлшеуіші. Сондықтан біздің қалай бет алып, қоғамды қайда бастап бара жатқанымызды білу үшін, өз әрекеттерімізді салыстырып, түзетіп отыру үшін оның көрсеткіштерін білудің маңызы өте зор.

КСРО халық депутаттарының I съезі жұмысын аяқтағалы бері екі жарым апта болды. Бірақ ол жұмысын әлі жалғастырып жатқандай сезіледі. Ол ол ма, тіпті қарқын алып, ендеп те, дендеп те дамып бара жатқан секілді.

Бұл сезім не себепті пайда болды? Сірә, оның себебі – телевизиялық трансляцияның арқасында әрқайсымыз өз санамыздың барлық түкпірлерін қозғап, жанымыздың нәзік пернелерін басқан ғаламат оқиғаның куәсі ғана емес, тікелей қатысушы болғандай әсерленгенімізден шығар. Адамгершілік, шынайылық, пікірлер еркіндігі, жасанды ынтымақтық пен даңғаза бірауыздылықтың жоқтығы съездің нағыз іскерлік, халықтық және нәтижелік сипатта өтуіне мүмкіндік берді. Халқымыздың бұла күшін, ақыл-ойын және парасат жігерін дүр сілкіндірген оның қуаты депутаттар қабылдаған құжаттардың шеңберімен шектелмейді. Ол адамдардың нақты істерінен көрінбекке құлшына жол іздеуде.

Әсіресе, бұл съезде сөйлеген сөзіме байланысты маған әлі күнге дейін келіп жатқан көптеген жауапхаттардан айқын сезіледі. Оларда қолдау білдірген лебіздермен қоса еңбекшілердің ойға алынғанды тезірек іске асыру, сөзді іспен тиянақтау жөніндегі табанды талаптары айтылған.

Съезде айтылғандардың бәрі тек менің жеке ұстанымым емес екенін айрықша атап көрсеткім келеді. Съездің мәртебелі мінбесінен айтылған сөз күллі күш-жігерлерін қайта құруды дәйектеу мен дамыту үшін жұмсауға дейтін ортақ тиянақпен, бір құлшыныспен біріккен республика халық қалаулыларының ұжымдық ақыл-ойының жемісі болды. Ал бұл – белгіленген жоспарлардың бәрі жүзеге асатынының ең сенімді кепілі.

Съезд кеңестік қоғамның өміріндегі бетбұрыс кезең болғаны бүгіннің өзінде-ақ айқын сезіліп отыр. Қайта құру туғызған осынау шынайы демократиялық форум революциялық жаңғыру жылдарында қолымыз жеткен игіліктердің ең жақсыларын бойына жинап, бұдан әрі алға басуымызға қуатты серпін берді.

Оның ең басты мәнінің өзі осыдан көрінеді. Ал съезд шешімдерінен біз қандай практикалық қорытынды жасай аламыз, негізгі күш-жігерімізді жұмыстың қандай бағыттарына жұмылдырамыз?

Біздің ойымызша, алда өзара байланысты, өзара шартты екі міндет тұр, олар – экономиканы дәйектілікпен көтеру және қоғамдық өмірдің барлық жақтары мен басқару ісін демократияландыруды тереңдету. Оларды шешу басталып та кетті және ол қоғамның барлық ішкі күштерінің, қайта құруға қатысушы әрбір адамның белсенділігін арттыра түсуді талап етеді. Алда аса қауырт әрі ауқымды жұмыс тұр.

Дұрысы – кез келген қоғамдық-экономикалық формацияның базисі саналатын экономикадан бастау. Тұтастай айтсақ, Қазақстан экономикасындағы екі оң үрдісті байқауға болады, олар – қайта құру кезеңінің барлық қиыншылықтарына қарамастан, халық шаруашылығын дамытудың бірқатар аса маңызды көрсеткіштерінің жақсаруы және экономикадағы әлеуметтік бағдардың нақты күшеюі, әлеуметтік саланы қаржыландырудың қалдықтық принципінен бас тарта бастау.

1986–1988 жылдардағы сандық көрсеткіштердің өзгеруі, өткен бесжылдықтың осындай үш жылғысымен салыстырғанда, мына мәліметтерден айқын көрінеді. Осы мерзімдерде жалпы қоғамдық өнімнің өсуі тиісінше 9,4 % және 7,7 %, ұлттық табыстың өсуі 5,9 %

және 3,2 % болды. 1980–1983 жылдары республиканың халық шаруашылығында қоғамдық еңбектің өнімділігі тіпті 1,3 %-ға төмендеп кетті. Ал 1985–1988 жылдарда қолданылған шаралардың арқасында оны 4,1 %-ға көтеруге жағдай жасалды, бұл алынған пайданы 60 %-ға жуық арттыруға мүмкіндік берді. Өнеркәсіп (14,3 %), ауыл шаруашылығы (16 %) өнімі мен құрылыс-монтаж жұмыстарының (23,9 %) көлемі артты.

Ал халық шаруашылығын дамытудың әлеуметтік бағыттылығын мынадай цифрлардан көруге болады. 1986–1988 жылдары әлеуметтік салаға күрделі қаржы салу 1981–1983 жылдардағы 7 825 млн сомның орнына 10 978 млн сом болды. Бұл салыстырылып отырған кезеңдерде пайдалануға берілген тұрғын үйлерді – 33 %, ауруханаларды – 20 %, емханаларды 87 % арттыруға жағдай жасады, ал халық тұтынатын тауарлар өндіру төрттің біріндей өсті.

Мынадай мәліметтер де әлеуметтік салаға басым көңіл бөлінгендігін растай алады: соңғы үш жылда, өткен бесжылдықтың үш жылымен салыстырғанда, тұрғын үйлерді пайдалануға беру үштің біріндей, балабақшалар – 24 %, мектептер – 43 %, ауруханалар 46 % артты.

Республикада халыққа арнап тауар өндіруді ұлғайту жөнінде ұдайы табанды жұмыс жүргізілуде. Үш жыл ішінде оларды жоспардан тыс 1,3 млрд сомнан аса артық өндірді. Бұл өте маңызды: республикамыз «әкелуші» болғандықтан, біз тауар тапшылығын барынша өз өндірісіміздің есебінен жауып отыруға тиіспіз. Осы мақсатта жұмысшы қолы артық аудандарда халық тұтынатын тауарлар өндіру үшін цехтарды тез арада іске қосуға мүмкіндік беретін жиналмалы үлгі-үйлерді

пайдалану кеңінен қолданылды. Оларды өндіруге ауыр және қорғаныс өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындары да қарқынды түрде қосылып отырды.

Үстіміздегі бесжылдықта жеміс-жидек және көкөніс өнімдерін сақтаудың сенімді базасын жасау проблема-сын шешуге де аса көп көңіл бөліне бастады. Соңғы үш жылда жоспардағы 147,7 мың тоннаның және бүкіл XI бесжылдықтағы 80,6 мың тоннаның орнына бір мезгіл-дегі сыйымдылығы 348 мың тонналық қоймалар іске қосылды. Бұл өте маңызды, өйткені өнім сақтау жағдай-ларының нашарлығынан көкөніс пен картоп шығыны 30 %-ға дейін жетеді.

Бұл айтылғандардан экономикада түбегейлі бет-бұрыс басталған екен дейтін ұғым туа ма? Әрине, жоқ. Оңалуға бастайтын нақты өзгерістерге жету үшін, әлі тиянақты жұмыс істеу керек.

КСРО халық депутаттарының I съезінде сындарлы экономикалық реформаларға бастайтын бағыттың қажеттілігі мен дұрыстығына ешкім де күдіктенбегені белгілі. Тек әңгіме оларды жүргізу мерзіміне, тәсіліне, сындарлылық дәрежесінің өзіне ойысқанда ғана түр-ліше пікірлер айтылды. Дегенмен халық қалаулылары-ның көпшілігі: барлық шаруашылық буындарын толық шаруашылық есепке және өзін-өзі қаржыландыруға көшіру, жалгерлік пен кооперацияны кеңінен дамыту арқылы ғана экономикадағы тоқырау құбылыстарын еңсеруге болады дегенге ұйыды.

Реформаның партиялық құжаттарда айқындалған стратегиялық түпкі ойы, оның басты бағыттары, сөз жоқ, дұрыс белгіленген. Ал оны іс жүзіне асыруда, делінді съезде, барлық деңгейлерде толып жатқан тиянақсыздыққа, жалтақтыққа, әрі-сәрілікке, бұлта-

лақтыққа және тіпті шегіншектікке жол беріледі. Экономиканы басқарудың әміршілдік-әкімшілік жүйесі әлі сірі, басқарудың жаңа тетігі жасалған жоқ.

Реформа қайта құрудың пайдасына жұмыс істеуі үшін, жоспарлаудың әдістерін батыл өзгертіп, қаржы тетіктерін пайдаланып, көтерме бағаларды, салықтарды, еңбекке ақы төлеу жағдайын және шаруашылық құрылымның басқа да буындарын жетілдіру қажет. Сондай-ақ меншіктің әралуан формаларының неғұрлым тиімді үйлесімі, қоғамдық итілікті пайдаланудың икемдігі әрі пәрменді қатынастары болуы тиіс, толыққанды социалистік нарықтың қалыптасуы шарт.

Бұл талаптарды мансұқтау, жағдайды жадағайлау кері нәтижеге соқтырады. Бір ғана фактіні айтайық: КСРО Мемстаткомының мәліметтері бойынша елде өнім өндіру артып келе жатқан сияқты, ал дүкендердің сөрелері әлі күнге қаңырап бос тұр. Оның үстіне экономикалық реформа бойынша қабылданған шешімдер еңбекпен табылмаған ақшаның ағынын күрт арттырып жіберді. Арзан тауарлар барған сайын азайып барады.

Жоспарлар орындалып, ал экономиканың жайкүйі нашарлай түскен қисынсыз жағдай орнады. Ауыл шаруашылығында табыс арта түсуде, бірақ азық-түлік өндірісінің елеулі өсуі байқалмайды.

Неге? – дейтін сұрақ туады. Күллі қайта құрудың тағдыры осы сұраққа тез және, ең бастысы, ғылыми тұрғыдан дәл жауап беруге байланысты. Бүгінде экономика ғылымының терең талдамалары мен ұсыныстарына сүйенбейінше, экономикалық реформаны ойдағыдай жүзеге асыру мүмкін болмай қалды. Оларды ескермеудің немен аяқталатыны шаруашылық есепті дамыту мысалынан айқын көрінді. Оның бірінші, екінші және

үшінші үлгілері бар. Бәлкім, төртіншісі де болар. Бірақ, ең өкініштісі, шаруашылық есептің өзі күні бүгінге дейін көрінбейді.

XII бесжылдық, съезде дәл тауып айтылғандай, тоқыраудың ең нашар үлгісі бойынша жасалды. Ең болмаса сырт көрінісін боямалау үшін, барлық құжаттарға тауарлы өнімнің көрсеткіші аналитикалық мақсаттар үшін есептік көрсеткіш орнына қабылданады деп жазылған болды. Оған кім сенеді? Өсім қарқыны құлдырап барады, жалақы, бұрынғысынша, соммен есептелген шамаға байланған, ал қайталама есеппен баға арқылы жалпы өнімді «қомпитып», өнім өндірмей-ақ жалақы алуды біз әлдеқашан үйренгенбіз және қазір де жалғастырып келеміз.

Ең ғажабы, партияның XXVII съезінде және КОКП Орталық Комитетінің 1986 жылғы маусымдағы пленумында айыпталған осы көрсеткіш әлі қалмай келеді. Соммен өлшенетін жалпы өнім XII бесжылдықта тіпті қуаттанып, шырқау шегіне жетті. Ведомстволар көрсеткіштерінің қамын ойламай, адамдардың қажеттерін қанағаттандыруға деген ізгі ниет те жалаң ұран болумен қалды. Енді біз ең атам заманғы көрсеткішке – еңбек өнімділігі мен орташа жалақының арақатынасына қайта оралуға мәжбүрміз.

Бірақ бұл көрсеткіш дұрыс мағынасында экономиканы сауықтыруға жұмыс істей алмайды, өйткені еңбек өнімділігі баға деңгейіне елеулі түрде әсер етеді, яғни баға неғұрлым қымбат болса, еңбек өнімділігі де солғұрлым жоғары. Ал шынында, маркстік-лениндік саяси экономияның әліппесіне сәйкес, еңбек өнімділігінің артуы бағаны кемітуі керек қой, бірақ бізде әзірге керісінше. Мұның себебі – еңбек ұжымдары кәсіпорын

туралы заң берген құқықтарды өз қамдарына пайдаланады. Ендігі жерде осы көрсеткіштердің өсуі арасындағы жоспарлы арақатынастың рұқсат етілетін шегі енгізілетін болады.

Кәсіпорындардың жоспарды аз алып, одан арзан, бірақ елге және тұтынушыға қажетті бұйымдарды шығарып тастап, өздеріне пайдалы бұйымдармен алмастыруға деген құлшынысының да осындай ішкі астары бар. Бұл да пәрменді қарсы шара қолдануды қажет етеді.

Құқықты қоғамға зиянды теріс жолмен пайдалану тиісті орындарды қоғамдық, мемлекеттік, халықтық мүдделерді сақтаудың кепілдігі мақсатында қандай да болсын шектеулер енгізуге мәжбүрлейді. Содан соң оларды, негізсіз болмаса да, төрешілдік шаралар деп сынайтын адамдар табылады. Ал бірақ олардың түпкі себебі өндірістік ұжымдардың пісіп жетілмеген іс-әрекетінде ғой.

Бүкіл экономика өзін-өзі қаржыландыруға көшті, бірақ көтерме бағалар әлі қайта қаралған жоқ. Соның салдарынан халық ең ділгер болып отырған ет пен сүтке төмен рентабельділік белгіленеді. Ал ескі қарыз жалгердің мойнына ілінеді. Осының бәріне қоса республикада толық шаруашылық есеп пен өзін өзі қаржыландыруға көшуге байланысты халық шаруашылығында тіпті орын таппай қалған залалды кәсіпорындар мен шаруашылықтар көп.

Бүгінде өнеркәсіптегі залалды кәсіпорындардың саны 400-ден асады немесе әрбір бесінші кәсіпорын залалды. Олардың үшеуі – Қазанның 20 жылдығы атындағы Станок жасайтын зауыт, Ертіс полиметалл зауыты, Қостанайдағы «Гарант» өндірістік бірлестігі – үстіміздегі



жылы банкрот деп жарияланды. Құрылыста «Актюб-нефтегазстрой» тресі банкрот болды, АӨК жүйесінде 63 кәсіпорын мен шаруашылық, солардың ішінде 26 кеңшар мен 6 ұжымшар ілдебайлап күн көріп отыр.

Республикада залалды кәсіпорындар мен шаруашылықтардың қаржылық жағдайын сауықтырудың бағдарламасы жасалды. Ол әрі жүзеге асырылып та жатыр. Атап айтқанда, кей реттерде шағын кәсіпорындарды, жекелеген өндірістер мен цехтарды ұжымдарына жалға беру, солардың негізінде кооперативтер құру өзін өзі ақтайтын сияқты. Мәселен, Қарағандыда облыстың залал шегуші 44 сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорны бәсеке саудамен жалға берілді.

Жеке сектордың есебінен халықты ет-сүт өнімдерімен жабдықтауда елеулі дәрежедегі оң өзгерістерге қол жеткені белгілі. Мұнда мал саны, мал мен сүт сатып алу едәуір жоғары қарқынмен өсуде. Ал қоғамдық секторға қатысты айтатын болсақ, ондағы ілгерілеушілік айтарлықтай емес, оның икемділігі мен ептілігі шамалы болып шықты.

Бұл мына мәліметтерден көрінеді: соңғы үш жылда азаматтардың жеке меншігіндегі мал саны едәуір артты: мүйізді ірі қара – 390 мыңға, оның ішінде сиыр – 193 мыңға, қой – 980 мыңға, шошқа – 76 мыңға, жылқы 76 мыңға өсті. Осы мерзімде жеке секторда ет дайындау екі еседен аса, сүт 53 % ұлғайды. Қоғамдық секторға келсек, әлгіде айтылғандай, оның табысы тым шамалы: ет бойынша өсім небәрі 27 %, сүттен тіпті мардымсыз – 11 %.

Халықты ет-сүт өнімдерімен жабдықтауды одан әрі жақсарту үшін нақты міндеттер белгіленді. Олар әбден айқын және орындалуы кәміл, себебі жемшөп базасын елеулі түрде жақсарттық, жемазық бұрынғы қай кезде-

гіден де артық – 5 млн тонна мөлшерінде дайындалды. Жемшөппен қамтамасыз етуді жақсарту есебінен республика агроөнеркәсіп кешенінің еңбеккерлері мүйізді ірі қара малдың етке өткізердегі орташа салмағын 386-дан 400 килограмға дейін көтеріп, қосымша 28 мың тонна, ал қой шаруашылығында өткен жылғы қол жеткен нәтижеге қоса тағы 20 мың тонна ет алуды ұйғарып отыр.

Сондай-ақ жер-жердің бәрінде мегежіңдерге арнап шағын шошқа фермаларын салу көзделуде. Мұның өзі жетілдіру үшін жұртшылыққа сатылатын торайлар санын жарты миллионға арттыруға мүмкіндік береді, ал бұл шошқа етін тағы 50 мың тоннаға арттырумен барабар. Сөйтіп, 1988 жылғы 500 мың тоннаның орнына тағы 100–150 мың тонна ет артық сатып алынады.

Бір сөзбен айтқанда, міндеттер көп әрі маңызды, сондықтан қазір оларды орындаудың жаңа жолдары қарастырылуда. Айқындаушы дәрежеде мұндағы істің табысты болуы жаңа шаруашылық тетігімен, барлық салалардағы, әсіресе, ауыл шаруашылығындағы жалгерлік қатынастарды тереңдетумен, отбасылық мердігерлікпен және шаруашылық жүргізудің басқа да ілгерішіл пішіндерімен байланысты. Алға қойылған қоғамдық мақсаттарға жету мен қоғамдық қажеттерді қанағаттандыруға жағдай жасайтын жеке мүдденің өсуі тек осындай жағдайда ғана мүмкін.

Соңғы жылдары Қазақ КСР-інің атына табыстың одақтық инстанциялардағы бөлінуінен жәрдем ақша алып, масыл сияқты, өзгелердің есебінен күн көреді дейтін жазғырулар айтылатын болып жүр. Үстірт ойлаған адамға солай көрінетіні де рас. Қазақстанда өндірілетін ұлттық табыс пен оны дамытуға жұмсалатын ұлттық табыстың айырмасы

5 млрд сомды құрайды. Басқаша айтқанда, жұмсала-тыны өндірілетінінен артық, сондықтан жыл сайын одақтық бюджеттен республикаға демеу қаржы ретінде 2-2,5 млрд сом беріледі.

Бірақ дендей қазып қараса, қорытынды басқаша болып шығады. Бюджеттің теңдестірілмеуінің себебі, ең алдымен, Қазақстан шығарған өнімге белгіленетін бағаның қисынсыз төмендетілуіне байланысты оның басқа республикалармен барабар емес айырбасқа түсетінінде жатыр.

Қазіргі бағалар республикада жасалған еңбек және күрделі қаржы шығындарына сәйкес емес. Осының салдарынан Қазақстан еңбекшілері өндiрген табыстың бiр бөлiгi, сату бағаларының реттелмеуiне байланысты, басқа өңiрлерде кәдеге асырылады. Бұл, әсiресе, кен өндiрушi өнеркәсiп пен ауыл шаруашылығының өнiмiне қатысты.

Екiншiден, республикада қоғамдық өндiрiстiң тиiмсiз құрылымы қалыптасты. Мәселен, өнеркәсiп үлесi Одақ бойынша орташа көрсеткiштен төмен. Оның үстiне, индустрияның өз iшiнде ауыр өнеркәсiптiң пайдасы мен халық тұтынатын тауарлар өндiрiсiнiң зиянына шығатын қиғаштық пайда болды, мұның соңғысын бiз жыл сайын қажеттiлiктiң 40-60 % шамасында шеттен әкелемiз. Ал мейлiнше көп табысты нақ солар ғой, оның үстiне бiздiң астығымыз да тұтастай, шикiзат ретiнде кетедi.

Қалыптасқан тепе-теңсiздiкке бiздi саналы түрде мәжбүр еттi, экономикалық саясат сондай болатын. Бiздi: «Қазақстанның шаруасы – көмiр, металл, мұнай, астық беру, ал халыққа керегiн бiз сiздерге Балтық маңынан, Белоруссиядан және т. б. жерлерден жеткiзiп беремiз», деп иландырды.

Мұның ұлттық табыс үшін қандай салдары болғаны және болып отырғаны мынадай салыстырудан көрінеді. Бүгінде біз көмір өндіруде тауарлы өнімнің 1 сомына 38,8 тиын, жеңіл өнеркәсіпте – небәрі бір жарым тиын күрделі қаржы жұмсаймыз. Ал бұл салалардың салымы мынадай: көмір өнеркәсібінде өндірілген тауарлы өнімнің әрбір сомы республиканың ұлттық табысын 20,2 тиынға кемітсе, жеңіл өнеркәсіпте оны 32,5 тиынға ұлғайтады.

Егер тар шеңберде пайымдасақ, онда өткен жылы республика 144 млн тонна көмір қазып, өзінің ұлттық табысына залал келтірген болып шығады. Бірақ біз бүкіл ел мүддесінің биігінен ойлауымыз керек. Сондықтан елге көмір қажет екен, біз оны беруіміз керек дейтінге кәміл сенімдіміз. Басқаша көзқарас болуы мүмкін емес.

Өнеркәсіп құрылымындағы тағы бір елеулі кемшілік – ғылым мен табысты неғұрлым көп қажетсінетін машина жасау саласы үлесінің тым аз, одақтық дәрежеден екі есе кем болуы. Республикадан сыртқа шығарылатын өнімдердің 70 %-ын шикізат пен жартылай фабрикаттар құрайтыны осыдан, оның үстіне бұларға қисынсыз түрде төмендетілген бағалар белгіленген. Тым мардымсыз нәтижелер де осыдан шығады.

Экономика құрылымындағы қиғаштықтарды және түпкілікті өнім шығаруға бейімделген өңдеуші салаларды дамытудағы кенжелеушілікті еңсеру бір сәтте бола қоймайды. Ол үшін қыруар қаржы мен уақыт керек.

Сондықтан бұл міндеттің шешімі республиканың 2005 жылға дейінгі даму тұжырымдамасының жобасында көзделген. Сонымен бір мезгілде онда тағы бір маңызды міндет – экономиканың әлеуметтік бағдарлануын одан әрі тереңдету де белгіленген.

КСРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен ел үкіметінде мақұлдаудан өткен тұжырымдаманың негізгі параметрлері мынандай. Есептеудің басы деп 1985 жылды алсақ: машина жасаудың үлесі 16,8 %-дан 30,2 %-ға өседі, халыққа арналған азық-түлік емес тауарлар өндірісі 4-тен 15,4 млрд сомға дейін артады, оларға деген қажеттілікті республикалық өндіріс есебінен қамтамасыз ету 49,9 %-дан 63,4 %-ға дейін өседі.

Біздің республикада пайдаланылған ұлттық табыс 1985 жылы 30,5 млрд сомға тең болды. Аталған тұжырымдамаға сәйкес 2005 жылы ол 74 млрд болуы тиіс. Бұл ретте тұтыну қорын 21,4-тен 59,4 млрд сомға дейін арттыру көзделуде. Егер 1981–1985 жылдары өндірістік емес құрылысқа 13,5 млрд сом күрделі қаржы жұмсалған болса, 2001–2005 жылдардағы бесжылдықта бұл мақсатқа 36,7 млрд жұмсау көзделіп отыр.

2005 жылға қарай әр адамның тұрғын үй алаңымен қамтамасыз етілуін 20,3 шаршы метрге дейін, ал мектеп жасына дейінгі мекемелермен қамтамасыз етілуін қажеттіліктің 83,5 %-на дейін жеткізу көзделген. Басқаша айтқанда, біздегі осынау әлеуметтік зәру проблемалар іс жүзінде шешілетін болады.

Дегенмен қазіргі сәттің проблемаларына оралайық. Бүкілодақтық ХІХ партия конференциясы КСР Одағы мен одақтас республикалардың құзыреттілігін айыру, орталықсыздандыру, басқару функцияларының біразын жергілікті жерлерге беру, экономика, әлеуметтік және мәдени даму, табиғатты қорғау саласындағы дербестік пен жауапкершілікті арттыру жолымен одақтас республикалар мен автономиялық құрылымдардың құқықтарын кеңейту туралы мәселені ашық және төтесінен қойды.

Мәселені бұлайша қою неден туып отыр? Ең алдымен оған бүгінде республика өз аумағындағы өнеркәсіптің тек 7 %-ына ғана толық иелік ететіндігі себеп болды. Одақтық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдар Қазақ КСР бюджетінің табыстарын қалыптастыруға қатыспайды десе де болады, ал бірақ олардың қызметкерлері республиканың белгілі бір аймағындағы, нақты қаласындағы немесе елді мекеніндегі барлық жалпықалалық коммуникацияларды, жолдарды, автобустарды, ойын-сауық орындарын, еңбек ресурстарын пайдаланады.

Аграрлық-өнеркәсіптік кешен көбіне-көп республика халқының қажеттеріне жұмыс істейтін болса да, оның негізгі параметрлері іс жүзінде орталықтан беріледі. Әлеуметтік саланы дамытуға жұмсалатын күрделі қаржы оның тараулары бойынша КСРО Мемлекеттік жоспарлау комитетінде мұқият бөлінеді. Оның үстіне, құны 4 млн сомнан асатын өндірістік объектілер міндетті түрде Одақта мақұлдануы керек, ал ойын-сауық және спорт объектілері бойынша бұл деңгей одан да төмен – 2 млн сом.

Экологиялық зиянды кәсіпорындарды орналастыру, оларды дамыту көрсеткіштері іс жүзінде әуелі орталықта, одақтық ведомстволарда шешіледі. Бұл ретте Қазақстанның қалың жұртшылығы былай тұрсын, кеңес және партия органдарының да пікірі мансұқ етіледі. Осындай иек астынан арғыны көрмейтін саясаттың салдары – біздің тұтастай бір аймақтарымыз экологиялық апат шегінде тұр.

Немесе, мынадай жайды айтайық. «Байқоңыр» ғарыш айлағына қазақстандық журналистердің табаны тиіп көрген емес. Ал олардың шетелдердегі,

бұқаралық ақпарат құралдарының орталық органдарындағы талай ондаған әріптестері оған барды, тіпті базбіреулері бірнеше реттен болды. Мұны да республиканың құқықтары мен абыройын аяқтасты ету деп айтуға болады.

Айтпай кетуге болмайтын тағы бір жағдай: Қазақстанның шығындарды үнемдеу есебінен және жоспардан тыс табыстардан алатын қаржысы оның өз билігінде қалмай, орталықтандырылған жоспарлы түрде келесі шаруашылық жылының шығындарын жабуға есептеледі.

Мұнымен де бітпейді. Бірақ осы азын-аулақ тізбенің өзі-ақ одақтас республикалардың құқықтарына елеулі түрде шек қойылатынына, аймақтық органдарға нұқсан келтіру арқылы басқару функциялары жосықсыз орталықтандырылатынына иландыра алады. Сөйте тұра, республикалық органдар, атап айтқанда, республиканың Министрлер Кеңесі күллі аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін орталықтың алдында толық жауап береді. Бұл арада: осы жоғары жауапкершілікті іс жүзіне асырудың қажетті құқықтарына ие бола алмай отырып, бәрі үшін қалай жауап беруге болады? – дейтін қисынды сұрақ туады.

Республикалардың құқықтары мен дербестігі нақты қандай жолдармен өсуі керек? Бұл арада 7 басым бағыт ойға оралады:

Бірінші. Халыққа қызмет көрсетумен, оның материалдық және рухани қажеттерін қанағаттандырумен байланысты нәрсенің бәрі толығымен одақтас республикалардың қарамағына көшірілуі керек. Бұл – бүкіл дерлік өндірістік емес сала, агроөнеркәсіп кешені және халық тұтынатын тауарлар өндірісі.

Екінші. Одақтық бағыныста қалатын салалар мен кәсіпорындар өз табыстарынан аударылатын қаржының елеулі бөлігін республика бюджетіне беруі тиіс. Бүгінде олардың бұл іске қатысуын тек көз қылу үшін деп атауға болады.

Үшінші. Республиканың бюджеті тұрақты экономикалық нормативтермен құрылуы тиіс, ал үнемделген қаржының бәрі республикада қалып, оның өз қалауымен жұмсалуды қажет. Ол өз бюджетінің шегінде нені салу, нені өндіру керек және оны қандай сметалық құнмен істейтінін өзі білетін болсын.

Төртінші. Республикалар арасында я әлгіде айтылған әділетті баға белгілеудің көмегімен, я болмаса айрықша бөлу тетігі арқылы барабар айырбас орнатылуы шарт.

Бесінші. Қазақ КСР-інің валюталық құқықтары кеңейтілуі керек. Бүгінде, тұтастай алғанда, біздің кәсіпорындарымыз жыл сайын шет елдерге қыруар өнім сатады. Алайда алынған пайдадан республикаға тек болымсыз жұрнақтар ғана тиеді де өзгесінің бәрі одақтық ведомстволарда қалады. Мұндай жағдайда республиканың экспортты дамытуға ешқандай ынтасы жоқ. Өндірісті жедел дамытуға, қазақстандықтардың қажеттігін қанағаттандыруға шетелдік техника мен технологияның, тауарлардың импортын пайдалану мүмкіндігі де жоқ екені өзінен өзі түсінікті.

Алтыншы. Республиканың және жергілікті Кеңестердің экологияны, қоршаған ортаны қорғауда шешуші дауыс құқығы болуы керек. Табиғатты үнемі өршіп баратқан парқысыз тонауға, адамның мекендеген ортасын оның денсаулығына зарар келтірерліктей етіп бұзуға тек осылай тосқауыл қоюға болады.



Жетінші. Тұтастай алғанда, республикаларды шаруашылық есеп пен өзін өзі қаржыландыруға көшіру – пісуі жеткен және ілгерішіл шара. Бұл ретте проблеманың өзекті түйіні – республиканың әлеуметтік саласын дамытуға бөлінетін қаржының мұқият салыстырылған экономикалық нормативтері.

Тіпті мұнда да салғырт көзқарасқа жол беруге болмайды. Егер, айталық, бұл нормативтерді әр республиканың әлеуметтік саладағы шығындарының бұрын қалыптасқан серпініне қарай белгілесе, онда олар түрлі республикалардың даму деңгейлері арасындағы елеулі айырмашылықты тиянақтаған болар еді. Өйткені олардың біреулері екпіндеп алға кетсе, басқалары кенжелеп кейін қалғаны ешкімге құпия емес.

Біздің ойымызша, барлық республикалар өтіп, айталық, 10–15 жылдан кейін біркелкі шепке жететіндей есеппен белгілі бір нормативтер белгілесе, әділдік болар еді. Басқаша айтқанда, туысқан республикалардың әлеуметтік дамуын теңестірудің нақпа-нақ бағдарын бүгіннен бастап белгілеу қажет.

Ал бұл әділдік қағидаттары мен социалистік қоғамдық өмірдің рухына сай келген болар еді.

Қазақстанның басшылығы, ғалымдары мен мамандары одақтық органдардың, ел үкіметінің алдында одақтас республикалардың өзін өзі басқару және өзін өзі қаржыландыру тетігін қалыптастырудың осы аталған және басқа да жолдарын жақтап, қорғаумен келеді. Бұл ретте, біздің ойымызша, негізге алынатын екі жағдайдан ешқашан шегінбеу керек. Ең алдымен, одақтас республикалардың дербестігін кеңейте отырып: «Мықты республика – мықты орталық» қағидатын басшылыққа алу қажет. Сонымен бір мезгілде еліміздің федералдық

құрылымы босаңсымауы тиіс. Неге десеңіз, федерация – мемлекет тұтастығының тарихи қалыптасқан және бүгін бірден-бір мүмкін сақтаушысы, КСР Одағының халықшаруашылық кешені шеңберінде халықтардың өзара көмегі мен туысқандығы арқылы әрбір одақтас республиканы нығайтудың қайнар көзі.

КОКП-ның Бүкілодақтық XIX конференциясы қоғамдық өмірді батыл демократияландыру мен күллі басқару жүйесін реформалау бағдарламасын жүзеге асыру ғана біздің саяси институттарымыздың пәрменділігін түбегейлі арттырып, социалистік халық билігінің әлеуетін ашуға мүмкіндік беретінін сенімді түрде көрсетіп берді.

Демократияландыру – қайта құрудың жан-тәні. Болмыстың барлық қырларын қозғай отырып, ол еңбек ұжымдарының моральдық рухы мен шығармашылық қуатын арттырады, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардағы төрешілдік бөгесіндерді бұзады, әрбір кеңес адамының бойындағы елдің, республиканың, өз кәсіпорнының тағдырына деген саяси және шаруашылық жауапкершілік сезімін дамытады.

Нақ осы себепті демократиялық үдерістер КСРО халық депутаттарының I съезіндегі пікірталастарда басты орындардың бірінен көрінді.

КОКП біздің саяси жүйемізде өзекті орын алатындықтан, партияның басшылық қызметі мен ішкі өмірін демократияландыруға байланысты біраз мәселелерге тоқтала кеткен орынды болар.

Міндетті шарт – қазіргі өтпелі кезеңде КОКП қоғамның жетекші күші ретіндегі функциялары мен міндеттерін толық күшінде іске асыруы керек. Коммунистердің съезде сөйлеген кейбір сөздері партияның

беделін арттыруға деген қамқорлыққа толы болды. Республика, облыс, аудан жағдайында бұл міндетті қалай іске асыруға болады? Ең алдымен біздің бәріміз қайта құруды тереңдетудің аса маңызды шарты, оның кері қайтпайтынының бір кепілі партиялық ішкі өмірді кеңінен демократияландыру екенін жақсы түйсінуіміз керек. Партия ұйымдарының КОКП Орталық Комитетіне дейінгі барлық буындарындағы жұмыстың стилін, түрлері мен әдістерін түбегейлі түрде қайта қарау қажет.

Бастауыш партия ұйымдарының беделі мен жауынгерлігін арттыруға айрықша мән берілуі тиіс. Бұл үшін қалалық, аудандық партия комитеттері оларды өз аймақтарының ерекшелігіне қарай саралауы, олармен бірлесе отырып, тұрғын үй және азық-түлік проблемаларын шешу, экономикалық реформаларды жүргізу, денсаулық сақтауды, халыққа білім беруді, әлеуметтік қамсыздандыруды, табиғат қорғауды қайта құру жөніндегі нақты мақсаттар мен міндеттерді айқындауы керек. Егер әрбір бастауыш партия ұйымы қайта құрудағы өз орнын тауып, мақсатын айқындай алса, тек сонда ғана табысқа үміт артуға болады.

КСРО халық депутаттарын сайлаудың қорытындылары да көп-көп ойларға жетелейді. Сірә, талайлар байқаған болар, кейде біз сайлау алдындағы пікірталастарда партия қызметкерлерінің сенімді үнін ести қойған жоқпыз. Неге? Әлде жұмысшы қауыммен ашық-жарқын кездесуге олардың жүректері дауаламады ма, немесе талқыланған мәселелер бойынша өздерінің берік байламдары болмады ма? Жаңа сайлау науқанында, мейлі тіпті партия кадрларын іріктеу мен орналастыруда қателіктерге ұрынбас үшін осының бәрін мұқият

байыптап алу керек. Қайта құру жағдайында әрбір партия қызметкері ең алдымен партияның идеялары мен нұсқауларын біліктілікпен іске асыра алатын саяси жауынгер, жаңа және озық атаулының бәрінің жалынды жақтаушысы болуы тиіс.

Партияның демократияландыруға ұстаған бағыты қоғамдық бақылаудың аса маңызды түрлерінің бірі – кең жариялылықтан айқын көрініп, нақты бейнесін табады.

Осы бағытта, әсіресе, еңбек ұжымдарындағы, ведомстволардағы, баспасөздегі әлеуметтік ақпараттың жоғарыдан төмен құрылған жасанды бөгеттерінің бәрін тазалау қажет. Еңбекшілер партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары комитеттері мен бюроларының, халық депутаттары Кеңестері аткомдарының, халықтық бақылау органдарының жұмысы туралы ақпаратты бастапқы көздерден алулары керек. Жариялылықтың негізі – басшылардың қарамағындағы адамдармен ұдайы қатынаста болуы, жиналыстарда, азаматтардың бас қосуларында, жергілікті газеттердің беттерінде, телевизия мен радио арқылы өз жұмыстары туралы есеп беріп тұруында.

Қайта құрудың ерекше бір құбылысы – азаматтардың көптеген ерікті бірлестіктеріне көзқарас туралы айрықша айтсам деймін. Қазір бұл көзқарас тіпті де бірізді емес және бұл олардың ұстанымдарының жағымдылығынан бастап әлеуметтік шетін сипатына дейінгі үлкен айырмашылығына ғана емес, сонымен бірге, біздің қоғамдық құрылымдарды психологиялық тұрғыдан қабылдай қоймайтынымызға, тіпті олардың пайда болуына белгілі бір дәрежеде үрке қарайтынымызға да байланысты.

Дегенмен, риясыз қарайтын болсақ, бастамашыл топтар мен бірлестіктер, яғни бейресмилер дейтіндер, қайта құру барысының өзі толқтып шығарған қоғамдық қозғалыстың бір көрінісінен басқа ештеңе емес. Ол жаңғыртушы үдерістердің қарқын алғанын, халықтың бұрынғы енжар қалпынан оянғанын білдіреді. Сондықтан әралуан бейресми ағымдар – бұқараның бұрынғы әміршілдік-әкімшілдік тәртіп тұншықтырып келген белсенділігі еркіндікке шыққандығының тағы бір дәлелі. Дамуымыздың Лениннен кейінгі бүкіл кезеңінде биліктің бар тізгінін тұқыртып ұстау саясатының кесірінен біз көп ретте жасампаз адамнан, иегер адамнан айрылып қалдық. Тұрпайы төрешілдік оның еңсесін езіп, аяғынан шалып, одан бөгде жанның әрі ақ дегенін алғыс, қара дегенін қарғыс санайтын біреудің еркін орындаушыны тәрбиелеумен болды.

Осымен бір мезгілде ерікті қоғамдық құрылымдардағы жағымсыз көріністер әлеуметтік әділеттілікті аяқасты еткен өзімен кеткір кезеңде әлденеге бола көңілі қалған адамдардан шығатынын да ескермеуге болмайды. Оның үстіне, көптеген адамдар әдетте қоғам дамуының дағдарысалды және дағдарысты кезеңдеріне тән мейірімсіз сынау мен бұрынғының бәрін теріске шығару жағдайында дұрыс бағыттарынан адасып қалды. Адам естімеген, тіпті таңқаларлық жаңалықтарымен көрінгісі келетіндер де аз емес. Көп ретте баспасөз де аңғал оқырманмен сұхбаттасуда тым асыра сілтеп жіберетінін айту керек.

Партия және кеңес органдары бейресми ерікті бірлестіктерге қатынасатындардың «империализм десанты» емес, қайта құру қоғамдық проблемаларды шешуге көтерген кәдімгі кеңес адамдары екенін ескеру

қажет. Сондықтан олармен қоян-қолтық байланыста болып, тиісті жерінде теріс ыңғайлы, кейде тіпті экстремистік ниеттерін саяси әдістермен жадағайлап отырулары керек.

Сонымен бірге, демократия – мемлекеттің өмір сүру формасы екені есте болуы тиіс, сондықтан оны шексіз әрекет еркіндігі, жауапсыздықпен ұштасатын бәріне рұқсат етілгендік деп түсінбеу керек. Өкінішке қарай, тіпті базбір партия қызметкерлері де, маркстік-лениндік философия негіздерін жете білмейтіндіктен, әредік кәдімгі көпірме сөзділіктің, социалистік қоғамдық ортаның қарапайым нормаларын бұзушылықтың алдында дәрменсіздік танытып алады.

Мәселен, қоғамға жат топтық көріністер жаппай тәртіпсіздікке, ал содан соң Гурьев облысының басқа елді мекендеріндегі толқуларға ұласса, адам өліміне және толып жатқан материалдық шығындарға соқтырған Жаңаөзендегі оқиғалардан бүкіл республикалық партия ұйымы сабақ алуы тиіс.

Қалыптасқан жағдайды зерттеу мен талдау көрсеткеніндей, мұнда сауда-саттықты, қоғамдық тамақтандыруды, қызмет көрсету саласын ұйымдастырудағы проблемалар мен жетіспеушіліктер жыл өткен сайын ұлғайып, халықты, әсіресе, жастарды еңбекпен қамту ісіне қанағаттанбаушылық өсе берген. Осы қиындықтарды, әлеуметтік әділеттіліктің бұзылуын қайдағы бір пысықайлар мен қулар өз мүдделеріне пайдалана бастаған. Алыпсатарлық пен қиянатшылдық өрістеген.

Жағымсыз көріністер түрлі ұлт адамдарының өзара күдікшілдігін, сенімсіздігін туғызуға қолайлы жағдай жасап берді.

Бұл жайында қалалық партия комитеті мен қалааткомға, облысқа талай рет дабыл түскенімен, басшылар оларға құлақ аспай, селқостық танытқан, бұл құбылыстардың ұлтаралық қатынастарға әсерін талдамай, идеологиялық жұмыстың, интернационалдық тәрбиенің бетімен кетуіне шыдамдылықпен қараған. Қалалық партия комитеті шын мәнінде саяси басшылықты өз еркімен қолынан шығарып алып, бейтарап қалды, ал кейбір басшылар тұрақсыз элементтердің ықпалына өздері түсіп, зиянды желіктің өршуіне себепші болды. Рұқсатсыз ұйымдастырылған митингілерде коммунистердің, сайланбалы органдардың мүшелерінің, халық депутаттарының, кәсіподақ және комсомол жетекшілерінің байыпты үндері естілмеді. Талан-тараж бен одан әрі құрбандықтарға жол бермеу үшін, республика Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы төтенше шараға барып, комендант сағаты мен ішкі әскерлерді енгізді.

Алайда күні бүгін де адамдардың, әсіресе, жастардың санасы әпербақандық сипаттағы түрліше үндеулермен қозуда. Қоқан-лоқылар, шамадан тыс бұрмаланған сыбыстар, ақылға сыйғысыз пайымдаулар іске қосылуда. Және осындай жағдайда республикаға танымал бірсыпыра интеллигенция өкілдерінің 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан оқиғаларының бағасын қайта қарау жөніндегі мәлімдемесі мүлдем қисынсыз естіледі.

Бұл баға нақты жағдайды зерттеу нәтижесінде КОКП Орталық Комитетінің тиісті қаулысында берілгенін ұмытпау керек. Сондықтан бопсалау элементі мұндағы дұрыс жол емес. Әйтсе де, бұл мәселе күн тәртібінен түспейтіндіктен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі депутаттарынан арнайы комиссия құруға шешім қабылданды. Сонымен бірге, мына жайды да атап көрсетпеуіме бол-

майды: толып жатқан адамдардың жапа шеккені және тіпті хабар-ошарсыз жоғалып кеткені туралы қауесетті сан-саққа жүгірту басталды. Ал шынында сол желтоқсан күндерінде медициналық көмек сұраған адамдар саны – 772, олардың 365-і – тәртіпсіздіктерге қатысқандар, ал жапа шегушілердің өзгелері – құқық қорғау органдарының қызметкерлері.

Құрбандар жайына келетін болсақ, жасақшы, телеорталық қызметкері Савицкийдің күш қолданып өлтірілгені туралы баспасөзде хабарланған болатын. Одан кейінгі күндері денесіне түскен жарақаттардан азамат Сыпатаев қайтыс болды, басқа құрбандар болған емес.

Қылмыстық жауапкершілікке барлығы 99 адам тартылды, қазір олардың 13-і құқыққа қайшы нақты іс-әрекеттері үшін жазаларын өтеп жатыр. 182 студент жоғары оқу орындарынан шығарылған болатын, олардың көбі жұмыс орындарынан алған жақсы мінездемелері бойынша оқуға қайта қабылданды. Бұл үдеріс әлі жүріп жатыр.

Біздің күш-жігеріміз әртүрлі ұлт өкілдерін ажырататын нәрселерге емес, олардың қарым-қатынасына сына қағатын нәрселерге де емес, оларды біріктіретін және біздің көпұлтты одағымызды нығайтатын нәрселерге жұмылдырылуы тиіс.

Сондай-ақ ұлт мәселесін нақты экономикалық және әлеуметтік жағдайдан бөле-жарып қарауға болмайтынын есте ұстау керек. Бұл, әсіресе, съезде де атап көрсетілді.

Тіл проблемасы жөнінде бірер сөз айтсам деймін. Соңғы кезде бұл мәселе ерекше көкейкесті сипат алып отыр.



Тоқыраудың қысылтаяң шағындағы ұлт мүддесін бүркемелеу мен басып-шаншу жүйесі, өзара қарым-қатынастың толық үйлесімі туралы бірбеткей ләппай-тақсырлық ұрандар бұрын адамдардың ұлттық мәдениеті және әсіресе тілі туралы алаңдаушылығын терең тұқыртумен болатын. Қоғамымызды демократияландыру жағдайында бұл сезім қосымша серпін алды. Сөйтіп, сіздер мен біздердің бәріміз өзімізді, белгілі орыс мақалында айтылатындай, «жеті атасын білмейтін жетесіз Ивандарға», отаны мен тарихи жады жоқ мәңгірттерге айналдырмақшы болған ескі пиғылға қарсы осынау өрлеудің куәсі болып отырмыз.

Бірақ, сонымен бірге, өз мәдениеті мен тілінен, халқының ұлттық кейпінен айрылудың сананы сансыратқан қаупі кейде адамдарды басқа бір шекке шығарып, өзін әдейі немесе түйсіксіз түрде өзге ұлттарға қарсы қойғызады. Әрі мұндай шекке шығу әдетте рухани дүниесі жұтаң адамдарда болады. Мұндай «солшылдық» ауруынан арылу неғұрлым тез болса, біздің қоғамымыздағы парасаттану үдерісінің ұтысы солғұрлым көп болмақшы. Бізге В. И. Ленин мирас еткен ұлт саясатының түпкі мақсаты осыған саяды.

Тілге қатысты нақты қандай жағдайлар алаңдатады? Жинақталған ондай жағдайлар аз емес және олар бірінен бірі шығады.

Біріншіден, қазақ тілінің қоғамдық функцияларының тарылу үдерісі жүріп жатыр. Бұл үрдіс Қазақстанда тұратын басқа да кейбір ұлттардың тілдеріне қатысты.

Осы үдерісті тоқтату керек, неге десеңіз, қажеттілігі кеміген үстіне кеми беретін тілдің болашағы жас балаға да белгілі. Ғалымдардың мәліметтері бойынша, қазір қазақ тілі қоғамдық өмірдің тек 10 саласында ғана белсенді қызмет атқарады екен.

Тілін кемсіту мен ығыстыру – тарихи тұрғыдан да, аумақтық жағынан да заңды түрде республикаға атын берген ұлтты қадірлемеудің ең қорлық түрі. Ғалымдардың, соның ішінде ұлты орыс ғалымдардың да пікірі бойынша, республиканы мұндай жағдайға мәжбүрлеп, қазақ тілінің даму мүддесіне нұқсан келтіре отырып, орыс тілінің интернационалдандыру мен ұлтаралық қатынас құралы ретіндегі қолданыс аясын және міндеттілік дәрежесін арттыру арқылы жеткізді. Республикада саяси және, тұтастай алғанда, дүниетанымдық сана басым дәрежеде орыс тілі арқылы қалыптасады.

Бүгінде біздің ірі қоғамдық шаралардағы ілеспе аударма жасау әрекетіміз бос әурешілік: қазақтар орыс тілін білетіндіктен, аударманы тыңдамайды, ал басқалардың құлақ қоймайтыны – оларда қазақ тілін білуге деген алып бара жатқан қажеттілік жоқ.

Бұған кім кінәлі? Сірә, тоқырау кезеңі мен оның алдындағы жылдардың түйсіксіз саясаты ғана емес, қазақ тілді жұртшылықтың өзі кінәлі болар. Нақ сіздер мен біздер – байырғы ұлттың өкілдері – орыс тілді тұрғындарды қазақтың мәдениеті мен халықтық дәстүрлеріне тартуға талпыныс жасай білмейміз және жасамаймыз. Үнемі айтыс өтіп жатады, Наурыз тойланады, ал орыс тілді жұртшылық көлденең қала береді де, кілең қазақы шаралар тек қазақтар үшін жасалады. Сондықтан, кейін анықталғанындай, көпке танымал «Тамаша» концерт бағдарламасы өткен Целиноградтағы Тың игерушілер сарайынан шыққан қалың қазақты көрген облыстық партия комитеті кезекшісінің милиция жасағын шақырта қойған масқарасына таңдануға бола ма!

Әрі десе тілдің қоғамдық өтімсіздігі қазақтардың өз арасында да оның беделін түсіруге соқтырды. Көптеген отбасылар, әсіресе, қалаларда, шын мәнінде орыс тілді болып, ана тілін тіпті тұрмыстық қатынаста да мансұқ етті. Сондықтан қазақ қартының өз немересімен тілдесе алмайтын жағдайы жиі кездеседі.

Егер тіпті ашық айтатын болсақ, қазір қазақтың театр өнері мен кино өнері бастан кешіп отырған дағдарыс қазақша ойлап, жұмыс істейтін режиссерлердің жетіспейтіндігінен туған. Білімі мен ой өрісі кең қала балалары ана тілін білмейтіндей жағдай қалыптасты. Бірде мәдениет қайраткерлері бірінің: «Асфальтта өскен ақылды балалар қазақша түс көруден де қалды», деп мысқылдауы тегін емес. Ал ата-бабалардың тұрмысын, мәдениеті мен тілін бүге-шігесіне дейін білетін ауыл балаларына көбінесе таным-білімнің жалпы теңдігі мен кеңдігі және іс-әрекет сенімділігі жетіспейді.

Қазақ тілінің өскелең ұрпаққа білім берудегі қолданыс аясы да тым мардымсыз күйінде қалып отыр. Қазақ орта мектептерінің көптеген түлектері орыс тілін жеткілікті дәрежеде меңгеріп кете алмайтындығынан қиыншылық көретіні жасырын емес. Ең болмағанда оқушылар жалпы білім беретін пәндерді өтетін бірінші курстарда оларға бұл проблеманы қалай жеңілдету жайын ойластыру керек. Білім берудің үздіксіздігі қағидаты мұнда да сақталуы тиіс.

Барша өркениеттерде және барлық кезеңдерде тіл ұлттық мәдениеттің өзегі болған, сәулет өнері, кескіндеме өнері, музыка, тұтастай алғанда, ұлттың зияткерлік және рухани әлеуеті сонымен байланысты. Сондықтан көпұлтты шығармашыл интеллигенцияның қазақ тілі мен басқа да тілдердің тағдыры үшін алаңдаушылығы

орынды және түсінікті. Оның үстіне, ұлттық абырой сезімімен байланысты қисыннан басқа бұл проблеманың талайлар үшін таза прагматикалық қыры да бар. Ұлттық тілді пайдалану аясын кеңейту – сонымен бір мезгілде ұлттық мәдениетті иеленуші әрі жалғастырушы оқырмандардың, көрермендер мен тыңдармандардың қатарын көбейту деген сөз.

Тіл – қолданыста болғанда тірі, ұлт – қоғамдық қатынастарда белсенді түрде пайдаланылатын кемелді тілі болғанда тірі. Бұл – күллі адамзат тарихындағы даусыз аксиома.

Ал тіл проблемасын шешудің жолдары қандай?

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросы осы мәселені ғалымдардың, жазушылардың, жұртшылық өкілдерінің барынша кең қатысуымен талай мәрте талқылағанын өздеріңіз білесіздер. Оның барлық қиындығы жүзден аса ұлттар мен ұлыстар мекендейтін, әрі десе қазақ халқының саны көпшілікті құрамайтын біздің республикамыздың айрықша ерекшелігіне байланысты.

Осыған орай, мәселенің нақ осындай саяси жағын ескеріп, Орталық Комитеттің Бюросы талқылаудың бір кезеңінде Қазақстанда мемлекеттік қазақ-орыс қос тілділігін бекітуді жақтаған болатын. Әрі мәселе бұдан әрі де талқыланып, неғұрлым терең зерделенуді қажет ететіндіктен, бұл шешімнің тіпті де түпкілікті емес екені ескертілген-ді.

Қазір бұл үдеріс қарқын ала түсуде, оған жұртшылықтың неғұрлым қалың жіктері атсалысып жатыр. Атап айтқанда, кеше менің республика ғылымы мен мәдениетінің бір топ белгілі қайраткерлерімен болған кездесуім растап көрсеткеніндей, пікірлердің дені мем-

лекеттік мәртебені республикаға аты берілген халықтың тіліне беру жағына ойысатыны анықталды. Осындай шешімнің қисынды болары да әбден мүмкін.

Тек атап өткім келетіні: қандай нұсқада болсын, қандай заң қабылдансын, тілді үйренудің еріктілігі мен барлық тілдердің даму еркіндігін қамтамасыз ету қағида-даттарын табандылықпен қорғауға тура келеді. Бұған ешкімнің де зәредей күмәні болмауы тиіс.

Орталық Комитеттің Бюросы, республика үкіметі мемлекеттік тіл туралы заңның қабылдануының өзі әлі іс жүзінде ештеңені шешпейтінін жақсы түсінеді. Заң жұмыс істеп, нақты пайда келтіруі үшін, тілді дамытудың материалдық негізіне елеулі мөлшерде күрделі қаржы жұмсау да қажет және оған бүкіл халықтың белсенді түрдегі мүдделілікпен қатысуы да керек. Нақ осыған байланысты Қазақ КСР Министрлер Кеңесі республикада қазақ тілінің қоғамдық функцияларын одан әрі кеңейту жөнінде елеулі ұйымдық-практикалық шараларды әзірледі.

Енді жақын арада атқарылатын міндет – нақ осындай шараларды орыс тіліне қатысты да әзірлеу. Ана тілі туралы қамқорлықпен қоса, республикада қазақтардың талай ұрпағы қай жағынан да көп қарыздар болған орыс тілін дәл сондай ілтипатпен қамқорлыққа алу керек десем, күллі Қазақстан жұртшылығының пікірін білдірермін деймін.

Жақсылыққа жақсылықпен жауап беру – қазақ халқының қанында бар қасиет. Сондықтан нақ осы ұлтаралық қатынас тілі қазақтарды орыс мәдениеті мен әлемдік мәдениеттің биігіне тартып, баршасының алдынан жалпыадамзаттық игіліктердің, өркениет пен ілгерілеудің даңғыл жолын ашып бергенін ұдайы есте

ұстау керек. Мұндайды халық ұмытпайды. Қазақ және орыс тілдерін қатар дамыту мен өзара байыту мақсаты алға қойылып отырғаны осыдан. Тегі, басқа жол жоқ та. Басқа да кез келген тілге осындай диалектикалық тұрғыдан қарау керек.

Елді және республиканы одан әрі демократияландыру халық депутаттары Кеңестерінің қоғам өміріндегі рөлін арттырудан ажырағысыз. Саяси жүйені реформалау осыған бағытталған, ал ол сайлаушылардың сайлау мен бақылау, ал депутаттардың сайлаушылар мүддесін білдіріп, жалпы мемлекеттік өмірдің негізгі мәселелерін шешу құқығына демократиялық негізде кепілдік береді.

Өкінішке қарай, «Барлық билік Кеңестерге берілсін!» дейтін ұранды іске асыру тым ұзаққа созылып кеткенін мойындау керек. Іс жүзінде қазір Кеңестер өз аумағын кешенді түрде дамыту мәселелерін дербес шешетіндей халде емес, бұл үшін олардың құқықтық та, материалдық-техникалық та, қаржылық та, кадрлық та базасы жоқ. Сонда бүгін қандай билік туралы айтуға болады?

Рас, қазір «Жергілікті өзін-өзі басқару мен жергілікті шаруашылық туралы» КСРО заңнамасы негіздерінің жобасы бар. Өте қызықты бұл құжатта әрбір КСРО азаматының мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруға қатысуының конституциялық құқығын іске асыруына барынша жағдай жасау көзделген. Мәселен, көңіл аударарлық мынадай жәйт: жергілікті өзін-өзі басқаруды жұртшылық халық депутаттарының жергілікті Кеңестері, сондай-ақ қоғамдық аумақтық өзін-өзі басқару органдары – үй, көше, орам, мекен, поселкелік және ауылдық комитеттері, шағын аудандардың, тұрғын үй кешендерінің және басқа бірлестіктердің кеңестері

мен комитеттері, азаматтардың тұрғылықты жеріндегі жиналыстары мен бас қосулары, жергілікті референдумдар, тікелей демократияның басқа да пішіндері арқылы жүзеге асыратын болады.

Мұндай заңға деген ділгерлік күшті, оны тез арада қабылдау керек.

Облыстардағы, министрліктердегі басшылардың жергілікті жерлердегі халықтың тұрмысын жақсартуға деген жауапкершілігін шындап арттыру қажет. Өкінішке қарай, біз қайта құрудың барысы кейде нақ аудан, кеңшар, ұжымшар, нақты кәсіпорын деңгейінде тежеліп жүргенін байқамай келдік. Ол біздің істерімізді елеуді түрде жақсартудың көптеген мүмкіндіктерін беріп те үлгерді, тек оларды білгірлікпен пайдалана білу керек. Адамдар, ақыры, өздерін үкімет асырмайтынын, қайта, керісінше, елді олар асырайтынын түсінулері керек.

Кеңестік саяси жүйенің маңызды құрамдас бөліктері – қоғамның түрліше жіктерінің мүдделерін білдіретін кәсіподақтар, комсомол, басқа қоғамдық ұйымдар. Олар да қайта құрудағы өз орындарын табулары тиіс.

Біздің қоғамымызды жаңғыртуда жазушылар, журналистер, мәдениет қайраткерлері зор рөл атқарулары тиіс. Шығармашыл күштерді қайта құрудың тұғырнамасына топтастыру сәуірден соңғы кезеңде партияның практикалық міндетіне айналды. Біздің интеллигенциямыз – ұрпақтардың мәдени жалғастығы мен адамгершілік сабақтастығының сақтаушысы, ол адамның өз халқымен, оның тарихымен етене туыстығын сезінуіне, кез келген практикалық қызметін биік интернационалистік мораль мұраттарына негіздеуіне көмектеседі.

Қазақстан интеллигенциясы бұдан былай да республикалық партия ұйымының сенімді көмекшісі болатынына, қайта құрудың жер-жердің бәрінде дамып, кері қайтпайтын сипат алуын қамтамасыз ететініне, КСРО халық депутаттарының I съезі ел алдына қойған міндеттерді ойдағыдай шешу үшін қолдан келгеннің бәрін істейтініне кәміл сенімдімін.



**Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі  
он бірінші шақырылымының XIII сессиясында  
«Республика халық депутаттары кеңестерінің  
демократияландыру мен жариялылық  
жағдайында мемлекеттік және еңбек тәртібін  
нығайту жөніндегі міндеттері туралы»  
тақырыбында**

## **СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Алматы қаласы,  
1989 жылғы 27 шілде

**Құрметті депутат жолдастар!**

Аса маңызды қоғамдық-саяси оқиғаларға мейлінше қаныққан қазіргі уақыттың өлшемімен қарасақ, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бүгінгі сессиясындағы күн тәртібі әлдеқашан пісіп-жетілген болатын. Баспасөздегі хабарлардан өздеріңіз білетіндей, бұдан бірер ай бұрын біз Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің тәртіпті нығайту мәселелеріне арналған пленумын өткізбекші болғанбыз. Содан соң бұл тақырып қоғам

өмірінің барлық жақтарын қамтып, республикада жүзеге асырылып жатқан қайта құрудың ең жанды жерлеріне тиетіндіктен, таза партиялық әңгіменің шеңберіне сыймайтын болар деген қорытындыға келдік.

Мәселенің кең ауқымды сипатын, республикадағы саяси, экономикалық және адамгершілік ортаға оның ықпалын, сондай-ақ басталған өзгерістер барысында халық депутаттарының Кеңестері нақты күш пен билікке ие болып, партияның ұйымшылдықты, реттілік пен тәртіпті тынбастан нығайта беруді көздеген бағытына батыл қолдау көрсете алатынын ескеріп, өзекті жайларды Жоғарғы Кеңестің сессиясында қарауға шешім қабылданды.

Республикада қалыптасқан қоғамдық-саяси ахуалды бағалай келгенде, отандық тарихтың бәріміз жақында ғана куәсі болған теңдесі жоқ оқиғасымен оның тығыз байланысы бар екенін көрмеуге болмайды. КСРО халық депутаттарының I съезі жұмыс істеген екі апта кеңес қоғамының санасында терең із қалдырды. Шынайы халық билігінің бұл алқалы жиыны біздің шындығымыздағы қайшылықтардың ауқымы мен алуан қырын бейнелеп қана қойған жоқ, сонымен бірге бәрімізді өткендегі қателіктердің, жаңсақтықтар мен шешілмеген түйіндердің күйінішті салдарын толық мәнінде түйсінуге мәжбүрледі. Ал ең бастысы – социалистік құрылыстағы қиғаштықтар мен елеулі ауытқушылықтарды жоюдың сындарлы жолдарын белгілеуге мүмкіндік берді.

Съезд жұмысының ахуалы мен мазмұны саяси жүйені реформалаудың, тұтастай алғанда, қайта құру үдерістерінің алғашқы, бірақ аса мәнді нәтижелерін

паш етті. Олар жаңғырудың тарих өлшемімен алғандағы қысқа мерзімінің өзі халықты белсенді саяси және қоғамдық өмірге оятқанын, социализмнің, базбір батыстық советологтар айтатындай, тіпті де тоқыраулы емес, ішкі қуаты мол, зияткерлік әлеуеті жоғары және болашағы жарқын қоғамдық формация екенін көрсетті.

Осының бәрі бізге жұмыста күш пен сенімділік беріп, кеңес қоғамын революциялық жолмен қайта құрудың партия бастаған ісі табысты болатынына үмітімізді нығайтады.

Дегенмен халық депутаттарының I съезі белгілеген міндеттердің күллі кешенін жүзеге асыру адамдардың еңбекке жауапкершілікпен қарауы, баршаның және әркімнің өз жұмыс орнындағы, тапсырылған қызмет ауқымындағы жоғары тәртібі жағдайында ғана мүмкін болмақ. Тәртіп – қоғамның өркениеттілігінің, кез келген ұлт пен жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің аса маңызды көрсеткіші.

Егер қоғамдық өмірдің бүгінгі хал-ахуалын осы тұрғыдан бағалайтын болсақ, жауапкершілік деңгейінің күрт төмендеп кетуіне байланысты алаңдарлық белгілер бар екенін айтпасқа болмайды. Ойламаған құбылысқа тап болғанымызды адал мойындауымыз керек: демократия мен жариялылықтың орнығуындағы буырқанған үдерістер біртіндеп әдеппен көп сыйыса бермейтін теріс сипат алып, адамдардың назарын ұйымшылдық пен тәртіпті нығайтудың келелі міндеттерінен ауытқыта бастады. Тәртіп кез келген жасампаздық іс-әрекеттің сөзсіз құрамдасы екенін, ал тәртіп болмаған жерде демократия ерте ме, кеш пе

міндетті түрде азғындап, өзінің қарама-қарсылығына – қоғамдық аласапыран мен анархияға айналатынын түсіну біртіндеп, елеусіз түрде екінші кезекке ығысып барады.

Қай-қайсымыз да орын алған жолсыздықтардың зиянды салдарын күн асқан сайын айқын сезінудеміз. Сайлау алдындағы науқанның барысында халық депутаттығына кандидаттардың еңбек ұжымдарымен кездесулерінде де, съезд мінбесінен де осы салада тәртіп орнату керектігі табандылықпен талап етілуі тегін емес. Олардың мән-мағынасын жинақтап айтсақ: тәртіп бұзушыларға жауапкершілікті арттырудан жасқанбау керек дегенге саяды. Бұл, тегі, өмірдің қарапайым қисынынан туады – жеке адам да, тұтас қоғам да немқұрайдылықпен жұмыс істеп береке таптырмайды.

Экономиканың дағдарысты жағдайы бүгінде қайта құру ісінің өзі алмағайып күйде тұр деп бар дауыспен айтуға мәжбүрлеуде. Осыған байланысты: «Социалистік қоғамның берік іргетасын біртіндеп, бір-бір кесектен қалай беру, тәртіп пен өзіндік тәртіпті орнату, барлық жерде ұйымшылдықты, реттілікті, іскерлікті нығайту үшін тынбастан жұмыс істеу...» туралы белгілі лениндік үндеу қай кездегіден де маңызды бола түседі. Сондай-ақ кәсіподақтардың III Бүкілресейлік съезінде сөйлеген сөзінде де В. И. Ленин осы ойды одан әрі тереңдете түсіп, еңбек тәртібін күллі шаруашылық құрылыстың қазығы деп атағаны белгілі.

Қалыптасқан жағдайды түзеу үшін, біздің бәріміз шешуге тиісті нақты проблемалар қандай? Бірінші кезекте назарды не нәрсеге аударуымыз керек? Осы

сұрақтарға нақпа-нақ жауап алу үшін, тәртіпке лениндік көзқарас тұрғысынан қазіргі жағдайға байыпты, объективті талдау жасап алу керек.

Алдымен елеулі мәні бар бір жағдайға назар аударсам деймін. Өздеріңіз білесіздер, басқаруды орталықсыздандыру барысында бірқатар заңнамалық және нормативтік актілер қабылданды. Солардың ішінде КОКП Орталық Комитетінің, КСРО Министрлер Кеңесі мен КОБОК-тың (ВЦСПС) социалистік еңбек тәртібін нығайту жөніндегі жұмысты күшейту туралы қаулысы, еңбек ұжымдары және кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдарды басқарудағы олардың рөлін арттыру туралы, мемлекеттік кәсіпорын (бірлестік) туралы, КСРО-дағы кооперация туралы заңдар бар.

Осынау аса маңызды қайта құру құжаттарының бәрі еңбек ұжымдары мен олардың басшыларының өкілдіктерін ғана емес, сонымен бірге тәртіптің жоғары деңгейін қамтамасыз етудегі нақты жауапкершілігін барынша кеңейтуді көздейді. Атап айтқанда, еңбек тәртібінің бұзылуы КСРО Конституциясында белгіленген ерікті түрде еңбек ету міндеттілігін орындаудан жалтару ретінде қаралуы керектігі көзделген. Реттілік пен тәртіпті нығайту, кадрлар тұрақсыздығын қысқарту, жұмыс уақыты шығынының анық есептелуін ұйымдастыру мақсатындағы қажетті шараларды қолданбағаны үшін тиісті басшылар жұмыстың негізгі нәтижелері мен социалистік жарыс қорытындылары бойынша сыйлықтан қағылып, еңбек жауапкершілігі мен заңда белгіленген басқа да жауапкершілікке тартылады делінген. Басшының өзіне тапсырылған жұмыс саласында тиісті еңбек тәртібін қамтамасыз етуге дәрмен-

сiздiгi оның қызмет орнына лайық еместiгi ретiнде қаралуы керек.

Кәсiпорын туралы заңда ол мемлекет мүддесi мен азаматтардың құқықтарын сақтау, социалистiк меншiктi сақтап, көбейте беру, қабылданған мiндеттемелердi орындау, мемлекеттiк, өндiрiстiк және еңбек тәртiбiн нығайту үшiн бар жауапкершiлiктi атқаратыны айтылған. Оның қызметi басқа кәсiпорындардың қалыпты жұмыс iстеуiн бұзбауы және азаматтардың өмiр сүру жағдайын нашарлатпауы тиiс.

Осы қағидаларды ескерте отырып, базбiреулер күнi бүгiнге дейiн бiздiң барлық қырсықтарымызды қайта құрудан көретiнiн баса айтқым келедi. Халықтың «бұрандасын босатқан», қоғамның қажеттерiн қоя тұрып, әркiмнiң «көрпенi өзiне тартуын» туғызған сол деседi. Алайда соңғы жылдары қабылданған және осында мысалға келтiрiлген құжаттар тура керiсiнше жағдайды бұлтартпай дәлелдейдi: тәртiп пен ұйымшылдық мәселесi ұдайы партиялық назардың бел ортасында келедi, партия социалистiк шаруашылықтағы тәртiптi нығайтудың лениндiк қағидаттарынан бiр адым да шегiнген емес.

Еңбек ұжымдарының бәрi бiрдей өздерiне қайта құру сенiп тапсырған деңгейден табылмағаны – басқа әңгiме. Көп ретте жаңа заңдар мен шешiмдерден тар өрiстi топтық, өзiмшiлдiк мақсаттарға сәйкесетiн тұстары алынады да әлдеқайда өрелi мүдделер мүлдем ескерiлмейтiнi бар. Кей жерлерде тiптi басшылардың демократиялық таңдау құқығын ұжым басшылығына неғұрлым бiлiктi және қағидатшыл адамдарды емес, керiсiнше, ұжымдық өзiмшiлдiк жолына оңай көн-

діруге болатын жасық, көнгіш біреулерді қою үшін пайдаланатын болып алыпты. Әрі бұл тек өндірісте ғана емес, ғылым, мәдениет, білім беру салаларында да байқалады.

Тар өрісті топтық мүддеге бейілдік шаруашылық байланыстары мен қатынастарын өрескел бұзушылық сияқты кең тараған әрі зиянды құбылысты туғызды. Алғашқы жарты жылдықта республиканың 107 кәсіпорны, яғни жалпы санының 9 %-ы өнім жеткізу жоспарын орындай алмады. Әрі бұл зиянды үрдіс дендей түсуде. Мәселен, Ақтөбе облысында өнім жеткізуді орындай алмаған ұжымдардың үлесі өткен жылғы 8 % орнына 25 %-ға, Гурьев облысында 10 %-дан 17,5 %-ға жетті. Дәл осындай жағдай Жезқазған және Қарағанды облыстарында, Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті, Құрылыс және сәулетшілік істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, Монтаж және арнаулы құрылыс жұмыстарының министрлігі жүйелерінде қалыптасты.

Кейбір кәсіпорындар, өздерінің жеке-дара иелік жағдайын пайдаланып, тұтынушыларға жеткізілімнің тіпті лажсыз шарттарын күштеп таңып, оған заңға қайшы, жеке мәміле дерлік сипат береді. Мәселен, Алматы ауыр машина жасау зауыты, 1988 жылдың үш тоқсанында өзіне «қолайлы» көрсеткіштерді қамтамасыз ету үшін, жеткізілімнің 77 %-ын төртінші тоқсанға ауыстырып жіберген. Оның үстіне зауыт мемлекеттік тапсырыс бойынша шарт жасасудан жалтарып, сегіз илек орнағының үшеуін жеткізуден бас тартқан, ал тағы төртеуін жеткізуді соңғы тоқсанға аударған.

Осы лайықсыз ойынның бәрі тым қарадүрсін мақсатты – қалай болғанда да үздіксіз сыйлық алып отыруға кепілдік беретін жағдай жасауды көздейді.

Мұндай «тактика» сабақтас кәсіпорындардың ұжымдарын қиын жағдайға ұшыратады, өз кезегінде оларды да күнкөріс қамымен өзіндік «ұсақ-түйек қулықтарға» мәжбүрлейді деу жеткіліксіз. Осының салдарынан өз мүдделерін өзгелердің есебінен қорғап, «қулығын асырғандар» да көп нәрседен ұтылады. Неге дейсіз ғой? Күш-жігерді әдейілеп соңғы онкүндікке, соңғы тоқсанға жұмылдырған базбір бастықсымақтар өз қолдарымен әбігершілік туғызады. Тіпті осындай жағдайға деп жұмысшы күшінің резерві сақталатынын қайтерсіз. Жұрт бос сенделбайды дүрмекпен кезектестіріп, жұлып-жұлқып жұмыс істейтін болады. Ал бұл міндетті түрде қожыраушылық пен салғырттыққа, тәртіпсіздіктің басқа да көріністеріне, өнім сапасының төмендеуіне соқтырады.

Мұнымен де бітпейді. Өндірісте тиісті тәртіп болмауы себепті көптеген кәсіпорындардағы станоктар мен басқа да жабдықтар тәулігіне небәрі 10–11 сағат қана жұмыс істейді. Демек, біз жыл сайын 1 млрд сомның өнімін кем береміз. Әрі бұл ақша айналымындағы жағдай аса ушығып, тауар айналымының теңгерімсіздігі өршіп тұрғандағы көрініс.

Осындай жағдайда дүкендеріміздің сөрелері қаңырап бос тұрғанына таңдануға бола ма? Қайта, өтірік пен шындықты судай сапырып, өздерінің сыйлығын, еңбексіз тапқан тиын-тебенін алуға тырысып жүрген еңбек ұжымдарының толық экономикалық надандығына таңдану керек болар деймін. Неге десеңіз, түптеп келгенде, нақты тауармен қамтамасыз етілмеген бұл тиын-тебен ешбір жағдайда олардың дәулетін көтермейді, қайта, керісінше, оны құлдырата түседі.



Себебін түсінгенмен, ақтауға ешбір болмайтын жұмыс уақытының тікелей ысырабы біздің экономикамыздың аяғына ауыр тұсау болды. Республика бойынша жұмыс уақытының бір минут ысырабы 18 мың адамның күні бойы бос тұрғанымен тең. Ал бізде оның есебі минутпен өлшенбейді. Өткен жылы, көп ретте төмендетіліп көрсетілетін статистикалық мәліметтердің өзі бойынша, 65 мың жұмысшы мен қызметші еңбек тәртібін өрескел бұзған, өндірісте қыдырымпаздық пен маскүнемдікке жол берілген. Соның салдарынан тек өнеркәсіп пен құрылыста ғана 400 мыңнан аса адамкүн ысырап болған. Осы салалардағы еңбек тәртібінің бұзылуынан, ұйымдастырудағы оқшылықтардан, жұмыстың болмауынан, шикізатпен және материалдармен жабдықтаудағы іркілістерден жыл сайын 5200 адам жұмыс істемеді, жыл бойы аз дегенде 110 млн сомның өнімі кем берілді.

Демократияландыру үдерісін бұрмаланған түрде түсіну көп адамның бойында жұмысты қаласам – істеймін, қаламасам – істемеймін, немесе қалай істейтінімді өзім білемін дейтін немқұрайды пиғыл қалыптастырады. Бірақ бұл – «тәртіп» десе аза бойы қаза болып тұратын әлеуметтік жауапсыз және экономикалық сауатсыз адамдарға тән мінез-құлық.

Еңбек тәртібін бұзушылардың алдыңғы шебінде келе жатқан өндірістік ұжымдардың қатарында әрбір екінші жұмысшысы қыдырымпаздыққа жол берген «Алтайсвинецстрой» тресінің темір-бетон бұйымдары зауыты, «Востокпромстройдың» № 21 және № 2 ЖМК бар. «В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор зауыты» сияқты аса ірі бірлестікте 2 мың адам, яғни әрбір он

үшінші жұмысшы осыған жол беріп, 3,5 мың, яғни әрбір жетінші адам жұмысқа кешігіп келіп, 532 адам медициналық айықтырғышқа түскен және олардың әрбір оныншысы 10 күннен 15 күнге қамауға алынған.

Жақында Қазақстан Кәсіподақтар кеңесі мен Халықтық бақылау комитеті Алматы кәсіпорындарына тексеру жүргізген күні жұмыскерлердің тек 81 %-ы ғана өз орындарында болды. Мәселен, С. М. Киров атындағы зауытта 66 адам кешігіп келсе, 60 адам жұмыстан ерте кетіп қалғаны анықталды. Алматы облысының аграрлық-өнеркәсіптік комитетінде жетекші және аға мамандардан 8 адам орнында жоқ болып шықты.

Бірақ жұмыс орнында болғанның өзінде көп адамдар, әсіресе, басқару және ғылыми мекемелерде, бос сенделіп, уақыттарын сөзтізбе шешумен, шахмат ойнаумен және өндіріске қатысы жоқ басқа да ермектермен өткізеді. Мысалы, КСРО Аспап жасау министрлігі Жүйелер ҒЗИ қазақ бөлімшесінде тексерушілер таңғы сағат 9-дың өзінде-ақ қызметкерлердің бірінің туған күніне байланысты ұйымдастырылған дастарқан мәжілісінің үстінен түскен. Тексеруші комиссия бара қалмаса, көңілді топтың дәл сол жұмыс күні қалай «қарқынды» өтерін түсіну қиын емес.

Қысқасы, ауру әбден асқынып кетті. Ал бізде одан әрі асқындырып, есеп-қисапта шын жағдайды – қыдырымпаздық пен жұмыс уақытының басқа да ысырабын жасырып-жабу үшін түрліше айла-шарғыға баратын басшылар бар. Адамдардың өз орындарында болмауын олар көп жағдайда мерзімінен тыс жұмыспен, оған жұртты демалыс күндері қатыстырумен өтейді. Бұл құбылыс қаншалықты қарқын алып кеткеніне

көздеріңізді жеткізе түсу үшін, цифрлардан мысал келтірейін: өткен жылы республиканың өнеркәсіп және құрылыс кәсіпорындарының ұжымдары жұмыстан тыс уақытта 11 млн адам-сағаттан артық, ал демалыс күндерінде – 1 млн 425 мың адам-сағат жұмыс істеді.

Біз кімді алдаймыз, кімді еркінсітеміз? Бұлайша әрекет ету өзің отырған бұтақты шабумен бірдей. Еңбек ұжымын басқару, қоғамды басқару сияқты, мықты тәртіпті, реттіліктің нақпа-нақ сақталуын қажет етеді. Бұлар болмаған жердегі басқару – басқару емес, оның елесі ғана.

Былай қарағанда, бәрі айқын және әркімге түсінікті-ақ сияқты. Бірақ, олай болса, республика мен облыстардың прокуратурасын қоса есептегендегі құқық қорғау органдары тарапынан мемлекетте қабылданған заңдардың орындалуына пәрменді бақылау неге жоқ? Тіпті еңбек тәртібінің бұзылуын жасырғаны үшін бірде-бір басшы жауапқа тартылған емес қой! Өнім жеткізудің орындалмауы мемлекет ақшасын бір қалтадан екінші қалтаға ауыстырып салғанмен бірдей бола тұрып, оған кінәлі нақты адамның жағдайы мен қызметтік мансабына ешқандай әсер етпестен, тек көз үшін айып салумен шектелетіні қалай? Сайып келгенде, халық депутаттарының, партия ұйымдарының осындай берекесіздіктің бәріне селт етпейтіні несі?

Осы сұрақтарға әділ жауап беретін болсақ, біз, сірә, қайта құрудың өзіміз тез арада жоюға тиісті басты кедергілерінің сырын ұғатын боламыз.

Шынында, не болып жатыр өзі? Сөз жүзінде әкімшілік-тәрешілдік жүйені жоюды жақтай отырып, біз іс жүзінде оның бетін қайыру үшін бұрау басын

сындырмаймыз. Заңдарды, қатаң шешімдерді қабылдап жатамыз, сөйте тұра, қалыптасқан дағдымызбен олардың дербес күшіне сеніп отыра береміз. Тіпті құқық қорғау органдары белгілі бір шаруашылық ауытқушылықтары туралы бұлтартпас құжаттамаларды алға тартып отырғанның өзінде жергілікті билік фактіге көзжұмбайлық жасауға тырысады.

Міне, нақты мысал. Алматы үй құрылысы комбинатының құрылыс-монтаж басқармалары 1988 жылдың бірінші тоқсанында салған 18 тұрғын үйдің 14-ін сапасыз әрі толып жатқан кемшіліктерімен өткізген. Қала прокуратурасы кінәлі адамдарды жауапқа тартуды талап етіп, қалалық атқару комитетіне ұсыныс жіберген болатын. Содан бері жарты жыл өтті, бірақ қалаатком қызметкерлері болсын, халық депутаттары болсын ақау жасаушыларды жазалау үшін түк те істеген жоқ. Ал аналар болса, жарамсыз үйлерді пайдалануға беруді тоқтататын емес. Прокуратураның қайта жіберген ұсынысы да, бұрынғысынша, тартпаға сүңгітілуде.

Немесе, мәселен, жиһаз секілді тапшы тауар саудасындағы бұрмалаушылық фактілеріне байланысты құқық қорғау органдары жіберген ескерту хаттардың астында қалған республика Сауда министрлігінің басшыларын алайық. Бірақ олар да селт еткен жоқ. Ал қазір ИМ СМТСКБ (УБХСС МВД) «Алматытрансaгенттік» қызметкерлерімен ауыз жаласқан Алматы жиһаз дүкендерінің сатушылары соңғы екі жылда бар кезекті айналып өтіп, Шешен-Ингуш АКСР-інің, Алтай өлкесінің, Новосібір облысының және басқа да аймақтардың тұрғындарына 10,5 млн сомның импорттық және отан-

дық өндіріс жиһаздары жиынтығының 10 мыңнан аса жөнелтілімін жасағанын анықтады. Әлбетте, тегіннен тегін жасамаған.

Біздің бәріміз жаңа, қайта құру заңдарының бұлжымастан сақталуына депутаттық және партиялық талапты күшейтуіміз өте-мөте қажет. Әйтпеген жағдайда олар тек қағаз жүзінде қалады. Бірақ бұл ретте жалғыз жазалау шараларымен түйіннің бәрін шешу мүмкін емес екенін есте ұстау керек. Қазір кеңестік және партиялық органдардан талап етілетін басты нәрсе – біздің өмірімізде тәртіп пен ұйымшылдық мәселелері таяқтың сесімен емес, табиғи түрде, өз жөнімен шешілетіндей экономикалық үлгіні орнықтыруға табандылықпен, тынбастан ұмтылуымыз керек.

Бүгінде жалгерлік және отбасылық ұжымдар, кооперативтер мен шаруашылық жүргізудің пәрменді түрлерінің басқа да қатысушылары несімен ұтады? Ең әуелі саналы тәртібімен және еңбегінің жоғары қайтарымымен. Оларды қыстаудың, мәжбүрлеудің, айыппұлмен қорқытудың, партия комитетінің бюросына шақырудың қажеті жоқ – олар онсыз да жұмысты зормен емес, армен істейді.

Демек, мақсатқа жетудің нақты жолы табылғаны ғой! Бірақ, қабылданып жатқан заңдарға қарамастан, сол жалгерліктің өзі кібіртіктеп, баяу дамуда. Не себеп? Қандай кедергі бар? Базбіреулер мұның себебі іскерліктен, бейімділіктен айрылуымызда және тағысын тағыларда дегісі келеді. Ал мәселенің мәні тіпті оңай! Бригадирден бастап, әркілы ведомстволардың аппараттарына дейінгі аралықта жалгерлердің ісі оңға басқанын қалайтын ешкім жоқ. Неге десеңіз, шаруаның

мүддесі басталатын жерде төрешілдік қондырманың мүддесі аяқталады.

Халық депутаттары, партия қызметкерлері осы құбылыспен күресіп жүр ме? Қайта, керісінше. Өмірдің өзі көрсеткендей, нақ осы партия және кеңес органдары көбіне-көп жалгерлік қатынастарға тежеу болып жүр.

Өнеркәсіп саласында да жағдай осы. Мәселен, Қазақстанда металлургия, машина жасау кәсіпорында-рының қауымдастықтарын құру туралы идея туғанда, дағдылы көзқарастардың шеңберін бұзу қыруар күшке түсті. Қазір бұл қауымдастықтар құрылған және «жоғарыдан» ескертуді күтпей-ақ өз шаруаларын өздері шешуде. Басқарушылар құрамын өздері тағайындап, өздері ұстайды және олардың саны бұрынғы Түсті металлургия министрлігіндегіден 10 есе кем.

Жергілікті жерлердегі Кеңес өкіметі органдарының, партия комитеттерінің тәртіп пен ұйымшылдықты нығайту, тұтастай алғанда, экономиканы басқару тұрғысындағы бүгінгі кезек күттірмес қам-қарекеттерінің бірі экономикалық реформаның жолына қолдан қойылатын нақ осы бөгесіндерді бұзу екеніне сенімдімін. Өздерінің жан тыныштығы мен жағдайына бола оған қаскөйлік жасайтын, XIX партия конференциясы мен КСРО халық депутаттарының I съезі қабылдаған шешімдерді жоққа саятын басшы коммунистерден қатаң есеп талап ету – біздің құқығымыз бен міндетіміз. Мен мұны біздің ең басты, стратегиялық міндетіміз дер едім. Экономикалық реформаны баяу жүргізу қайта құру ісіне кесірлі болатынын барған сайын айқын түсініп келе жатқан еңбек ұжымдарының қолдауы бұл міндеттің түбегейлі шешілуіне пәрменді көмек көрсетуде.

Осы қолдаудың нақты көрінісі деп Қарағанды шахтерлерінің ереуілін айту керек. Сөз жоқ, шахтерлер экономикалық та, саяси тұрғыдан тым тәуекелді, тіпті қауіпті қадам жасауға дейін барды. Бірақ, сөйте тұра, ереуіл елеулі шығындарға ұрындырғанымен, оның көн болып қатқан әміршілдік-төрешілдік жүйеге қарсы бағытталған оң сипатты мәні, орасан зор моральдық серпіні баға жеткісіз. Бұл жұмысшы табының қайта құруды және оның жетістіктерін қолдаған салмақты үні, белгіленген өзгерістердің барысына әлі күнге дейін тежеу көрмей кедергі жасаумен келе жатқандарға деген қатал әрі пәрменді ескертуі болды. Шахтерлер: кәсіпорындардың заңмен бекітілген дербестігі неге жоқ? – деген сұрақты әділдікпен алға тартты.

Дегенмен, болған жайға осылай баға бере отырып, байыпты қорытындылар да жасау керек. Олардың ішіндегі кезек күттірмейтіні еңбекшілер істің қазіргі барысына риза емес, олар экономикалық тетікті қайта құру жөніндегі жоғарыдан басталған әрекеттерге сын көзімен қарайды дегенге саяды. Әрі бұл тағы бір, ең соңғы ескерту «қоңырауы» деуге болар, ал оның арты тежеусіз жағдайға ұласып кетуі ғажап емес.

Мені қара аспанды төндіріп тұр деп ешкім кінәлай қоймас деймін. Ақыры айтқан соң турасына көшейін: осы тектес ереуілдің тағы бір толқыны келсе, республиканың экономикасы оны көтере алмайды. Оның күнделікті көрсеткіштері ғана емес, адамдардың тұрмысын жақсарту жөніндегі міндеттердің орындалуы да қатерге ілінеді. Бір қуанарлығы, өз талаптары орындалысымен ереуіл комитетінің жұмысты қайта бастау туралы шешімін орындаған қарағандылық шахтерлер

де мұны жақсы түсінеді. Әрбір басшының мықтап есінде сақтайтын нәрсесі: адамдардың шыдамы шексіз емес. Сондықтан білекті түрініп, батыл іске кірісу керек. Экономикалық реформа нақты іске айналуы үшін.

Қарағандыдағы, сонымен бірге, Жаңаөзендегі де оқиғалардан шығатын ендігі бір қорытынды біз әлі халықпен бетпе-бет сөйлесуді, оның күнделікті тұрмыстық мұқтаждықтары мен, айта кететіні, оп-оңай шешілетін қажеттіліктеріне дер кезінде көңіл бөлуді шындап меңгерген жоқпыз дегенге саяды. Бүгінде партия мен Кеңестер ділгерлігін сезініп отырған халық сенімінің тапшылығы – біздің адамдарды тыңдай білмейтіндігіміздің, ал кейде өзіміздің төрешілдік машинамыз сондайлық шеберлікпен ойлап табатын әуре-сарсаңнан оларды қорғауға көрінеу салғырттығымыздың салдары.

Жақында Алматыда жүргізілген тексеру билікке ие болғандар адамдардың мұқтаждықтары мен арман-тілектеріне, әрі күнделікті өмірдің нақ өзін құрайтын «ұсақ-түйек» мәселелердегі зәруліктеріне мүлдем көңіл бөлмейтінін анықтады.

Қалалық көліктің немесе адамдардың жүйкесін тоздырып, бос уақытының, ал кейде тіпті жұмыс уақытының көбін зая кетіретін дүкендердің, тұрмыстық қызметтің, коммуналдық шаруашылықтың басқа да буындарының, үй басқармаларының, тұрғын үй-пайдалану кеңселерінің, паспорт үстелдерінің, әскери комиссариаттардың жұмысын лайықты түрде жолға қоюға болмай ма?

Өйткені, айталық, баланы бақшаға орналастыру үшін, ата-анасының ондаған әртүрлі нұсқауларды



орындап, қыруар анықтама толтырып, қилы-қилы бастықтарға куәландырғызуына тура келеді, ал олар болса, менің баламның басқа ешкімнің емес, өз балам екенін растап береді! Құдды бір осыны анықтау үшін төлқұжаттағы тиісті белгі аздық ететін сияқты.

Өкінішке қарай, бұл жайында алғаш рет айтуға тура келіп тұрған жоқ. Бұдан бірнеше жыл бұрын қызмет көрсету саласы кәсіпорындарының жұмыс тәртіптемесін реттеу туралы өктем түрде мәселе қойылғаны еске түседі. Біршама ілгерілеу болды да содан соң бәрі, былайша айтқанда, «таз қалпына» қайта келді. Саудада да осы жағдай қайталанды. Дүкендердің тек бестен бірі ғана үзіліссіз апта тәртіптемесімен жұмыс істейді. Бүкіл республика бойынша небәрі 216 кезекші дүкен бар. Олар Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Гурьев, Қарағанды, Жезқазған, Павлодар облыстарында табылмайды десе де болады.

Ал медициналық қызмет көрсетудегі кемшіліктердің кесірінен адамдар қаншама азап шегеді десеңізші! Емханаларда телефон арқылы дәрігердің қабылдауына жазылу дейтін атымен жоқ, ем-шара кабинеттерінің, лабораториялардың жұмыс уақыты өндірістегі жұмыс уақытымен сәйкес келеді. Жексенбіде емханалар жабық тұрады, ал сенбіде қысқартылған кесте бойынша жұмыс істейді.

Теміржол вокзалдары мен әуежайлардың жұмысы жұртшылықтың төтенше наразылығын туғызып жүр. Кассалардың алдындағы кезек шақырымдап созылады десе де болады, билеттерді тапсырыс бойынша сату, үйге жеткізіп беру нашар ұйымдастырылған, пойыздар мен ұшақтардың қозғалысы, бос орындардың бар-жоғы туралы ақпарат қанағаттанғысыз.

Мұның бәрі ашу-ызадан басқа ештеңе туғызуы мүмкін емес. Жергілікті билік қайда қарайды? – дейтін әбден мезі қылған сұрақты қойғың да келмейді. Ал істің түйіні түкке де тұрғысыз: тек билік орнындағылар адамдарға аяушылық танытып, сол іске жауап беретіндерден қатаң жауапкершілік талап етсе жетіп жатыр.

Бәлкім, базбіреулер: ұсақ-түйекті осынша сөз қылудың қажеті не еді? – деп ойлайтын да шығар. Егер сол ой туындаған болса, ондай жаңсақтықтан сақтандырғым келеді. Осы «ұсақ-түйектің» бәрі халықтың көңіл-күйін қалыптастырады және экономикалық тұрғыдан олар зиянсыз да емес. Статистика мәліметтері көрсеткендей, аяқ киім тігу мен жамап-жасқау жөніндегі ательеге бару үшін жұмыстан сұранғандардың 17 %-ы – 3 сағат, 52 %-ы – 3-тен 8 сағатқа дейін және 25 %-ы – 8 сағаттан аса уақытты ысырап қылған екен. Еңбекшілердің басқа тұрмыстық қызмет орындарына баруы да осы шамалас ысырапқа соқтырады.

Статистика органдары адамдардың жүйкесі қаншалықты тозатынын өлшей алмайтыны өкінішті. Егер олардың ширығыс қуатын жинақтай алатын аспап болса, онда сауда, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету, денсаулық сақтау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және басқа да біраз министрліктердің кәсіпорындары электр қуаты үшін шығындалмаса да болар еді.

Ақыр соңында халықтың сенімінен айрылып қалмауы үшін, әрбір депутат өзінің іс-әрекетін бұқараның бүгінгі талаптарымен тағы бір мәрте жақсылап салғастырып алғаны дұрыс болар деймін.

Тағы бір елеулі жағдай туралы. Еңбекшілердің заңды талаптарын құрметтей отырып, жекелеген ұжымдар

мен топтардың еңбекпен таппаған ақшаны талап ету жолына ашықтан-ашық тұратынын да көрмеуге болмайды. Оларды бұған көбінесе бетімен кетушілікпен елірме демократияны жақтайтын, көпе-көрнеу өздерінің сұғанақтық мүддесін көздейтін экстремистік біреулер итермелейді. Мұның тағы бір себебі – жұмыскер ортада осы заманғы экономикалық ойлау жүйесінің қалыптасуына кедергі келтіретін келеңсіздікке, экономикалық және өндірістік оқудың дұрыс жолға қойылмауына саяды.

Соңғы жағдай әсіресе алаңдатады. Жұмысты бағалау мен тарифті өсіру, қайткен күнде де сыйлық немесе он үшінші жалақы беру жөніндегі орынсыз талаптар нақ осы күнгі шаруашылық тетігінің қисынын білмеуден туады. Целиноградтың бір автопаркіндегі жүргізушілер айына кемінде 500 сомдық кепілдік жалақы талап етіп, абонементтерді сатудан және аялдамаларды хабарлаудан бас тартқан. Жезқазғандағы кеншілер бригадасы, өздері шығарған рудада металл деңгейі тиісті мөлшерден аз болғанына қарамастан, сыйлық алуға әрекеттенген. Өзге буындар мен сабақтас кәсіпорындар үзіліссіз технологиялық режимде жұмыс істеп жатқанда, бес күндік жұмыс аптасын талап етудің мысалдары да болды.

Шаруашылық есептің белгілі бір үлгісіне көшудің мәнін ұжымдардың бәрі бірдей ұғынып болған жоқ, өзін-өзі басқару өзін-өзі қаржыландыруды да, сондай-ақ өз қорланымының есебінен дамуға тиісті кәсіпорынның бүгіні үшін ғана емес, болашағы үшін жауапкершілікті де білдіретінін жұрттың бәрі түсініп үлгерген жоқ. Өзін-өзі қаржыландыру мен толық шаруашылық есеп кәсіпорынның өз дамуына да, әлеуметтік салаға

да, жалақыға да қажетті барлық қаржыны өзі табуын білдіреді ғой. Әрі жалақы көлемі толайым жұмыс нәтижесіне байланысты. Масылдық пиғылды, «Кеңес өкіметі жалақысыз қалдырмайды» деген сияқты пайымды қарапайым экономикалық надандық ретінде ұмытатын уақыт әлдеқашан жетті.

Кеңес және партия органдарының алдында жалпыға міндетті экономикалық оқуды тиімді түрде ұйымдастырудың маңызды міндеті тұр. Сірә, қазіргі жағдайда ол тек оқудың дәстүрлі сабақтары түрінде ғана өтпеуі керек сияқты. Халық депутаттары, партия қызметкерлері экономикалық реформа заңдарын дәйектеу жолындағы күрестің, шаруашылық есеп қатынастарын дамытуға кедергі жасайтын ведомстволардың үстемдігімен күрестің көрнекі сабағын да бере білулері керек.

Ал мұндай өмірлік мәні бар сабақтардың өте-мөте қажеттігі, мәселен, мынадай жайдан көрінеді. Талдықорған темір-бетон зауытының ұжымы 2,5 млн сом пайда алды. Бірақ республиканың Мемлекеттік құрылыс комитеті оның цехтарын жаңғыртуға, кеңейтуге және жарақтандыруға небәрі 13 мың сом қалдырған. Бұл сияқты әрекеттер адамдардың шаруашылық есепке, экономикалық реформаның табысты боларына деген сенімін түбірінен құртатынын дәлелдеп жатудың қажеті бола қояр ма екен! Алайда жергілікті Кеңес өкіметі де, партия органдары да осындай бассыздықты көріп отырып, еңбек ұжымының мүдделерін қорғауға жарамаған.

Мұндай жайлар бірлі-жарым ғана емес екенін атап айту керек. Әлі көптеген одақтық және республикалық ведомстволар әміршіл-қысымшыл әдістерден бас тар-

туға асығар емес, өздерінің кенжелеген буындарының жарамсыз жұмысын бүркемелеу мақсатымен озат ұжымдарды мүлдем тонаумен келеді. Сонысы арқылы олар абырой-беделден жұрдай болған теңгермешілікті тықпалап, қайта құруды тежейді. Міне, кеңес және партия органдарының ведомстволық өктемдікке қарсы бағытталған батыл іс-әрекеттерінің бүгінде аса маңызды болып отырғаны осыдан.

Партия мен мемлекеттің экономикалық реформа саласындағы саясатын ойдағыдай іске асыру үшін, халық шаруашылығының заң қызметін неғұрлым биік сапалы деңгейге көтерудің маңызы зор. Бұл мәселе жөніндегі жаңа ереженің жобасы қазір орталық құқық қорғау органдарында талқылану жағдайында. Алайда бұл – оның бекітілуін күтіп, қол қусырып қарап отыру керек деген сөз емес. Қазірден бастап-ақ әртүрлі аймақтар, салалар мен кәсіпорындар бойынша заңгер кадрлардың қажеттілігін анықтау керек, сондай-ақ жұмыс істеп жүрген заңгерлердің экономикалық реформа негіздері бойынша оқуын ұйымдастырып, республика кәсіпорындарының көбінде, естіген құлаққа ұят болса да, мейлінше құқықсыз жағдайда қалған осы санаттағы заң мамандарының қордаланған әлеуметтік мәселелерінің бәрін шешуге тырысу қажет.

Қоғамдық тәртіптің жаппай төмендеуі міндетті түрде қылмыстық көріністердің артуына, криминогендік жағдайдың күшеюіне ұласады. Ащы да болса ашық айтайық, партия және кеңес органдарының басшылары қылмыстың барған сайын өсе түсуіне көндігіп алды. Мұндай көзқарас қайта құрудың беделін түсіреді, өйткені «жоғарыдан» ешқандай әсердің болмауы, қаласаң

да, қаламасаң да, адамдарды қылмыстық әрекеттердің күшеюі – қайта құру мен қоғамды демократияландырудың табиғи серігі екен деген ойға қалдырады.

Өкініштісі сол, бүгінде көптеген партия, кеңес басшылары, депутаттар адамдардың парасаттылық жай-күйінен немесе азаматтардың жеке құқықтарын қамтамасыз ету деңгейінен гөрі өз аумақтарындағы әртүрлі шаруашылық мәселелерінің шешілуі жайынан жақсырақ хабардар. Қоғамдық пікірге жасалған талдау халықтың 70 %-ы заңдылық пен құқықтық тәртіптің жай-күйіне қанағаттанбайтынын, 60 %-ы демократиялық өзгерістер мен жариялылықтың даму барысына наразы екенін көрсетуі тегін емес.

Республиканың Жоғарғы Кеңесіне, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетіне келіп жатқан хаттарда құқық бұзушылықпен күрестің босаңсуына кінә арту барған сайын көбірек кездесетін болып жүр. Адамдар бетімен кетушіліктің белең алуына тосқауыл қоюды, қаскүнемдік пен экстремизмнің, шовинизм мен ұлтшылдықтың қай жерден қылаң бергеніне қарамастан, оларды тұқыртып отыруды талап етеді. Бұл талаптардың орынды екенін мойындамасқа болмайды. Өздеріңіз ойлап қараңыздаршы: үстіміздегі жылдың 6 айында республикада қылмыстың өсуі 32 % болды.

Сөз жоқ, қылмыстың, әсіресе, оның пайдақорлық және зорлық-пайдақорлық түрлерінің өсуі көбіне-көп қоғамда болып жатқан өзгерістердің теріс ықпалына, тоқырау жылдарында қордаланған көптеген проблемалардың күрт ашылуына байланысты. Экономиканың дағдарысты жағдайы, тұрмыстың төмен деңгейі,

баға индексінің өсуі, инфляция, тұрғын үй мен тұтыну тауарларының тапшылығы, халықтың мүлтік жеткендігінің күшеюі секілді құбылыстардың теріс ықпалы өте күшті. Адамдардың белгілі бір бөлігінде, әсіресе, жастардың арасында адамгершілік өлшемдерінің төмендеуі байқалады. Қысқасы, қоғам өмірінің жағымсыз жақтары қылмыстың жай-күйіне, серпіні мен құрылымына тікелей ықпал етуде.

Осы жағдайда құқық қорғау органдарында және, бірінші кезекте, жедел тергеу аппаратында абыржушылық ахуалы пайда болғаны тіпті айқын білінеді. Бұл қылмыспен күресте қолданылатын күш-жігердің, оларға қоғамдық баға берудің сәйкессіздігінен, қылмысты іздестіруді, СМТСКБ (ОБХСС) және тергеуді материалдық-техникалық қамтамасыз ету деңгейінің төмендігінен, милиция қызметкерлерінің құқықтық жағынан қорғалмауынан туып отыр. Бұл өзекті проблемаларды шешу үшін, кеңес және партия органдарының шұғыл түрдегі көмегі қажет.

Басқа жағынан қарағанда, милиция және тергеу қызметкерлерінің бойында пайда болған сенімсіздіктің маңызды бір себебі – олардың біліктілігінің жетімсіздігі, жариялылық пен қоғамдық және мемлекеттік бақылаудың неғұрлым қатаңырақ жағдайындағы пәрменді іс-әрекетке дәрменсіздігі. Кейде ойдағы нәтижелеріне заңсыз әдістермен жетуге дағдыланып қалған құқық қорғау органдарының көптеген қызметкерлеріне жұмыс ретін өзгерте қою қиынға түседі. Осыған байланысты бүгінде қылмыстардың ашылу көрсеткіші небәрі 66 % болып отырғаны түсінікті де.

Оқиганың орындалмауы және қылмыс құрамының жоқтығы, яғни, әдеттегідей, негізсіз қозғалуы себепті

прокуратура, ІІМ органдарының және соттардың қысқаруына ілінген істердің көптігі айрықша алаңдаушылық туғызады. Ал бұл кінәсіздік презумпциясы әлі де болса жер-жердің бәрінде орныға қоймағанын, айыптауға бейімділік, дәлелдерді жинау мен бағалауға біржақты қараушылық, оларды айыптау бабына «қиюластырушылық» жойылмағанын дәлелдейді.

Көп ретте алдын ала анықтау мен тергеу қызметкерлері өздеріне қажетті айғақты алу мақсатымен адамды ұстайды да, содан соң оның айыбының дәлелдерін жинай бастайды. Жарты жыл ішінде құқық қорғау органдарының, негізінен алғанда ІІМ қызметкерлері 19 мыңға жуық адамды уақытша қамаққа алды, ал біршама уақыттан соң олардың бестен бірі босатылды, себебі оларға білдірілген күдік негізсіз болып шықты.

Осы сияқты заңға қайшы әрекеттердің моральдық шығындарын есептеп шығу қиын. Бірақ, сонымен қатар, материалдық шығындары да бар ғой. 1988 жылы құқық қорғау органдарының заңсыз әрекеттерінен жапа шеккен азаматтарға жергілікті бюджеттен жарты миллион сомдай дерлік қаржы төленді.

Мені ешкім қылмыскерлерді бетімен жіберуді жақтап тұр деп кінәлай қоймас деймін. Бірақ адамды заңсыз түрде қылмыстық жауапқа тартып, ұстаудан, тұтқындаудан, нақақ соттаудан қорқынышты, одан қайғылы не болуы мүмкін. «Сот» сөзінің мағынасы «түрмеге қамау» емес, «төрелік айту» дегеннен шығады ғой. Құқық қорғау органдары жұмысының басты мәнін ұғымдағы осы айырмашылық айқындауы керек.

Республиканың Жоғарғы Кеңесі, үкіметі, партия органдары арнайы кесте бойынша аудандық деңгейден



республикалық деңгейге дейінгі барлық құқық қорғау органдары басшыларының өздері атқарған жұмыстары туралы еңбек ұжымдарында есеп беруін ұйымдастырулары қажет деп ойлаймын. Тәртіп пен азаматтардың тыныштығы үшін жауап беретіндер туралы халықтың пікірін білу керек. Ал егер бұл басшылар адамдардың сенімін ақтамайтын болса, оларды батыл түрде неғұрлым лайықты және қабілетті жандармен алмастыру керек. Есеп беру барысында ұжымдардың әрбір елді мекенде тәртіп орнатуға көмек беруін өтіну қажет. Менің жеке өзіме, мәселен, Қарағанды шахтерлерімен болған кездесу жұмысшы табы мұндай өтінішке түсіністікпен қарайды және оған лайықты үн қосады деген сенім ұялатты.

Сайып келгенде, учаскелік милиционердің рөлін арттырып, оның тиімді жұмыс істеуіне жағдай жасайтын, учаскесіндегі тұрғындардың жиынын ұйымдастыруға көмектесіп, адамдар өз қорғаушысын жүзбе-жүз танитындай, оның қиын-қыстау, ал кейде қауіпті жұмысына жәрдемдесетіндей мүмкіндік туғызатын уақыт жетті.

Мынадай ойды баса айту қажет деп есептеймін. Құқықтық мемлекет құру басталған кезеңде құқық қорғау органдары қылмыстың дәрежесіне жауап береді дейтін адасушылықтан арылудың өте зор маңызы бар. Ол – принципті түрде қате. Құқық қорғау органдары заңдылық дәрежесі үшін жауап беруі тиіс, ал қылмыс дәрежесі үшін бүкіл қоғам жауапты. Әрі бірінші кезекте оның алғы шебі – жергілікті Кеңестер, халық депутаттары, партия комитеттері жауапты. Түптеп келгенде, қылмыс – әлеуметтік, яғни қоғамдық кесепат, сондықтан

ол үшін жауапкершілікті қоғамның тек бір бөлігіне арта салуға болмайды.

Қазір қылмыспен күрестің біртұтас бағдарламасын жасау көкейкесті міндет болып отырғаны осыдан. Ал мұндағы неғұрлым басым бағыттар қандай?

Ұйымдасқан қылмыс айрықша қауіпті. Ол мемлекеттік аппарат пен оның органдарына қол салады, сыбайластық арқылы оны аздырады, экономикаға килігіп, кесірін тигізеді, тапшылықты ушықтырады, қылмыскер элементтерге жел береді. Осы құбылысты жоюға қоғамның барлық күш-жігері топтастырылуы тиіс.

Кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға жіті назар аудару қажет. Үстіміздегі жылдың 6 айында мұндай тәртіп бұзушылықтардың өсімі 26,2 % болды. Сөз бен істің арасындағы кереғарлық, догматтық «идеялардың» күйреуі жастарды ресми органдарға сенімсіздікпен қарауға итермелейді. Оның қарсылығы әртүрлі топтарды құруынан көрінеді, ал ондай топтардың басшылығына көбінесе қоғамға қарсы пиғылы орныққан, әдетте бұрын сотты болған жандар кіріп алады. Ойын-сауық мекемелерінің қара күш пен жүгенсіздікке табынуды насихаттауы да жастарды адамгершілікке тәрбиелеуге септесе қоймайды.

Көптеген қылмыстардың қайнар көзі – маскүнемдік, нашақорлық, арамтамақтық. Сөйте тұра осындай қоғамға жат құбылыстармен күрес соңғы жылдары бәсең тарта бастады. Тағы да ырду-дырду бас қосу, тағы да келімді-кетімді шенеунікті құшақ жая қарсы алу, дастарқанды қайыстырып, мөлдір шынылар мен көлгір шыныларды алдына сықап қою. Алкогольді ішімдік ішу де жұмыс орнына қайта орала бастағандай.

Өткен жылы республика бойынша спиртті ішімдікті өндіріс басында ішудің 6 мыңдай оқиғасы тіркелсе, соның 200-дейі басшылардың қатысуымен болған. Бұл бейбастақтық көрінісі, әсіресе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай және Целиноград облыстарындағы ұжымдарда жиі кездеседі. Ондағылар тіпті ішкілікке қарсы заң өздеріне арнап жазылмағандай сезінеді.

Ішкілікке қарсы заң күшінде, оны ешкім жойған емес. Демек, біздің міндетіміз – басталған жұмысты қарқындата түсіп, оған неғұрлым қатаң, пәрменді, немқұрайдылықтан таза мағына беру.

Еңбек ұжымдары мен тұрғылықты жерлердегі құқық бұзушылықтың алдын алумен айналысатын қоғамдық институттардың қызметін қайта құруды өмірдің өзі өктем түрде талап етуде.

Жолдастық соттардың, сақтандыру кеңестерінің, маскүнемдікпен күрес және социалистік меншікті сақтау жөніндегі комиссиялардың, ерікті халық жасақтарының, комсомолдық жедел жасақтардың, халықтық бақылау топтары мен күзеттерінің, сондай-ақ басқа да қоғамдық құрылымдардың тәртіпті, реттілік пен заңдылықты нығайтуға қосатын үлесін көбейтуге болады және ол көбейтілуі тиіс. Жергілікті Кеңестер қоғамдық қызметтің нақты мазмұнмен толығып, қажетсіз қайталаулар мен формализмнен арылуына қамқоршы болулары керек.

Нақ алдағы айдың ішінде кеңес және құқық қорғау органдарының осы проблемалардың барлығы бойынша бірлескен іс-әрекетінің үйлесімді бағдарламасын жасау керек. Бұл жұмысқа барлық депутаттарды, қалың жұрт-

шылықты қатыстырып, тәртіп пен реттілік үшін шын мәніндегі бүкілхалықтық қозғалыс өрістетілетін болсын.

Тәртіпті, ұйымшылдық пен реттілікті нығайту міндеті кең ауқымды проблемалар шеңберін қамтиды және байыпты әрі терең мән беруді қажет етеді. Мұнда жүйелі көзқарас қажет, КСРО халық депутаттарының I съезі мен XIX партия конференциясы ұсынған талаптарға дәлме-дәл сәйкес кеңес және партия органдары қызметінің стилі мен әдісін түбірінен қайта құру керек.

Әңгіме сөздің дағдылы мағынасындағы емес, әлдеқайда кең, лениндік пайымдау мағынасындағы тәртіп туралы болып отыр. Владимир Ильич былай деп жазған болатын: «Пролетариаттың революцияшыл партиясының тәртібін ұстап тұрған не? Ол немен тексеріледі? Неден қуат алады? Біріншіден, пролетарлық авангардтың саналылығы мен революцияға берілгендігі, төзімділігі, өзін құрбандыққа қиюы, қаһармандығы. Екіншіден, еңбекшілердің мейлінше қалың бұқарасымен байланыса, жақындаса білуі арқылы... Үшіншіден, саяси басшылығының дұрыстығынан...»

Бұл аталған бірлік үшемінен нақ осы саяси басшылықтың дұрыстығы жөніндегі лениндік тезиске Кеңестердің қызметіне қатысты айрықша назар аударғым келеді. Мемлекеттік және еңбек тәртібін нығайту тұрғысынан бүгін кеңес органдарынан нақты күтетіміз не?

Бірінші кезекте, жергілікті шаруашылықты өзін-өзі басқару мен аумақтық шаруашылық есепке көшіру жөніндегі жұмысты өрістету қажет. Жоспарлауға жаңаша көзқарас қалыптастырып, сонымен бір мезгілде мемлекеттік және жоспар тәртібін айнытпай сақтауды

қамтамасыз ету керек. Халық депутаттары Кеңестерінің аткомдары, тұрақты комиссиялары шарт бойынша өнім жеткізу жоспарларының орындалуын бақылауға алулары тиіс. Осы мақсатпен өндірістік депутат топтары мен күзеттері жұмысының пәрменділігін арттыру қажет.

Еңбек ұйымдастырудың, шаруашылық есеп қағида таттарының, жалгерлік және отбасылық мердігерліктің жаңа түрлерін енгізуге барынша көңіл бөлінуі тиіс. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының «Жалға беру және жалгерлік қатынастар туралы» Жарлығында тиісті халық депутаттары Кеңестерінің аткомдары жалға берушілер бола алатыны көзделген. Осыған сәйкес облаткомдар, аудаткомдар әрбір шаруашылықтағы жерді пайдаланудың жай-күйін мұқият зерттеп, оған тиімсіз тұрғыдан қараған жағдайда жер алқаптарын жалгерлерге беруді батыл түрде іске асырулары қажет.

Ауылда жалгерлік мердігерлікті енгізу еңбек ресурстарын елеулі түрде босатуға ықпал ететіндіктен, халық депутаттарының Кеңестері, сонымен бір мезгілде, босаған жұмыскерлерді еңбекке тартуға, әрбір шаруашылықта өнеркәсіп цехтарын, басқа да өндірістерді құруға қамқоршы болулары тиіс.

Жалгерлік қатынастар өнеркәсіпте, құрылыста, көлікте, халық шаруашылығының басқа да салаларында алғашқы қадамдарын жасап жатыр. Соларды өрістетіп отырып, кеңес органдары кәсіпорындар мен ұйымдардың еңбек ұжымдары кеңестерімен тығыз байланыс орнатулары, түсіндіру жұмыстарына өндірісте істейтін депутаттарды кеңінен тартулары керек. Кеңестердің тұрақты комиссиялары, әрқайсысы өз саласы бойынша,

жалгерлік қатынастардың енгізілуін бақылауға алып, бұл мәселелерді өз мәжілістерінде ұдайы талқылап, оларды шешуге ғылыми күштер мен маман-практиктерді кеңінен қатыстырып отыруы тиіс.

Халық депутаттарының Кеңестері мен олардың органдары ресурс сақтау, материалдық ресурстарды орынды әрі кешенді пайдалану мәселелеріндегі үйлестіруші қызметті іс жүзінде қамтамасыз етіп, шикізат пен материалдарды тиімсіз пайдалану фактілеріне жол беретін шаруашылық басшыларына талапты күшейтулері қажет. Бұл мақсатта аткомдардың жер-жерде құрылған материалдық және отын-энергетикалық ресурстарды орынды пайдалану жөніндегі комиссияларының жұмысын ширату міндеті алда тұр. Биылғы жылдың өзінде-ақ қалалар мен аудан орталықтарында құрылыс материалдарымен, бұйымдармен және іскерлік қалдықтармен кеңінен сауда жасайтын арнаулы дүкендер желісін ұйымдастыруды аяқтау керек.

Қоғамдық өндіріс тиімділігінің артуы, кәсіпорындардың көпауысымдық жұмыс тәртібіне көшуі жағдайында халық депутаттарының Кеңестері, жұртшылық ұсыныстарын ескере отырып, азаматтарға қызмет көрсетумен айналысатын кәсіпорындардың жұмыс тәртіптемесін қайта қараулары тиіс. Қызмет көрсету аясын тікелей жұмыс орындарына жақындатып, кәсіпорындардағы дүкендер желісін, тұрмыстық қызметті кеңейту қажет.

КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессиясында айтылған ұсыныстарды басшылыққа ала отырып, үстіміздегі жылы халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің сессияларын өткізіп, оларда тәртіпті нығайту, әлеуметтік проблемаларды шешу мәселелерін талқылау, сондай-ақ,

бәлкім, атқару комитеттерінің аймақтардағы жағдайды тұрақтандыру жөнінде қабылдап жатқан шаралары туралы есептерін тыңдау орынды болар еді.

Кеңес және шаруашылық органдарында демократияландыру үдерісі баяу қарқынмен жүріп жатқанын ескеріп, ең таяу уақытта барлық деңгейдегі ұжымдар мен халық депутаттары Кеңестері басшыларының өздері жүргізіп жатқан жұмыстары туралы еңбекшілер алдындағы есебін ұйымдастыру қажет. Әрі адамдар кімдерге (сайланбалы органдардың басшыларын қоса) сенімсіздік білдірсе, соларды жұмыстан босатқан жөн. Ал олардың орнына қайта құрудың шын жақтаушылары сайланатын болсын.

Қарағандыда дәл осылай болды. Шахтерлер бас директорға сенімсіздік білдірді де, ол қызметінен босатылды. Ендігі жерде облыстық партия комитеті еңбекшілердің қолайына жақпайтын облыстың басқа басшыларына да тиісті бағасын беруі керек. Елдің экономикалық жағдайы ушығып тұрған қазіргі кезде адамдар жергілікті төрешілдердің енжарлығына, менмендігіне әсіресе төзбейді, олармен бітісе алмайды. Сондықтан халықтың өзіне етене жақын, оның мүддесі үшін оттан-судан тайынбайтын басшыларды таңдау құқығы берілгені жөн.

Бұл сияқты есептерді партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарында да өткізу керек. Ондай акция қоғамдық өмірді демократияландыруға жаңа серпін береріне сенімдімін.

Орайы келіп тұрғанда, сессияның мінберін пайдаланып, бүгінгі әңгімеміздің тақырыбынан шығатын, партиялық міндеттерге сәл толығырақ тоқталып кетсем,

Жоғарғы Кеңестің құрметті депутаттары ренжи қоймас деймін, оның үстіне депутаттардың арасында КОКП мүшелері де көп.

Адал мойындау керек: бүгінде партия комитеттері жауапты қызметкерлерінің барлығы бірдей келелі мәселелерді, соның ішінде тәртіпті нығайту саласындағы мәселелерді де ойдағыдай шеше алатындай зияткерлік әлеует пен саяси басшылық машығына ие деп айта алмаймыз. Қанша жанға батса да, партиялық аппараттың басым бөлігі толық абыржуға түсіп, жаңаша ахуалда бағдар таппай, саяси шайқастарға беттей алмай, ерекше жағдайда дәрменсіздік танытып отыр деп берген «Правда» газетінің бағасымен келісуге тура келеді.

Мен бұған былай деп қосар едім: ескі қалыптың шеңберінен – алуан кейіпті өктемдіктен, проблемаларға шаруашылық-технологиялық тұрғыдан келушіліктен, ұсақ әрі күнделікті қамқорсушылықтан шыға алмайтын, ал базбіреулері тіпті шыққысы келмейтін партия және кеңес қызметкерлері бар.

Қайта құру басталғалы бері бірталай уақыт өтті, ойлаудың ескі сүрлеуіне бейілділіктің кесірінен жеген таяқ та аз емес, ол, әсіресе, халық депутаттарының сайлауы барысында қатты сезілді. Енді күш алып келе жатқан шынайы халық билігі мен «Барлық билік Кеңестерге берілсін!» дейтін ұранды іске асыруды ескере отырып, ең әуелі жер-жердің бәрінде идеологиялық жұмысты жаңаша қоюға, бұқараның бұрын-соңды болмаған белсенділігі мен пікір алуандығының артуы жағдайында саяси бағытты белгілеуге, ұйымдық-партиялық және кадрлық жұмысқа түзетулер енгізуге бет бұратын уақыт жетті.



Мен түсінемін: базбіреулердің осы уақытқа дейінгі сөзсіз биліктен, жан біткенді бетіне қаратпас өктемдіктен, өзгеге тізгін бермес үстемдіктен айрылуы, өкілдікті кеңес органдарымен және қоғамдық құрылымдармен бөлісе қоюы қиынға соғады. Бірақ бөлісуі керек болады және бұл үдеріс неғұрлым тез жүрсе, солғұрлым жақсы. Әйтпесе өмірдің серпінді дамуы дер кезінде сапқа басқаша тұрып, болып жатқан өзгерістерден өз орындарын таба алмаған миғұлаларды шетке шығарып тастамақшы. Қызмет бөлісу, билік тізгінін өзгеге беру – психологиялық тұрғыдан ауыр, бірақ болмай қоймайтын нәрсе.

Партиялық жұмыстың ұлтаралық қатынастар мәдениетін арттыру секілді саласы туралы бірер сөз айтсам деймін. Қайта құрудың кейбір қарсыластары осы бір нәзік әрі шетін саланы қоғамдық хал-ахуалды тұрақсыздандыру мақсатына пайдаланғысы келетіні жасырын сыр емес. Амал нешік, базбір жерлерде солай болып та жүр. Ұлтаралық алауыздық көріністеріне жол бермеу үшін шовинизм мен ұлтшылдықтың кез келген, тіпті зәредей «өскіндеріне» аса мұқияттылықпен, партиялық төзбеушілікпен қарап, қоғамның бос қуыстарынан әлі де орын тауып жүрген осы жұқпалы дертті түбірінен жойып отыру керек. Бүгінгі шынайы интернационализм осыдан көрінбек.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті республика аумағын мекендейтін барлық ұлттардың интернационалдық бірлігін бұлжытпастан іске асыра беретінін баса айтқым келеді. Адамдардың жүрегіне өзіміздің осы бағытқа адалдығымызға шүбә келтіретіндей күдік көлеңкесінің де түсуіне біз жол бермейміз.

Қазір тіл проблемалары төңірегінде алуан түрлі пікірлер айтылып жүр. Өсек-аяң өрістемеуі үшін бар жауапкершілікпен тағы да айтайын: қазір қоғамдық пікірдің көбірек ауып тұрғанындай, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру басқа тілдерді қалай болсын кемсітуге немесе қысым жасауға ешбір ұласпайды. Қазақстанды мекендейтін барлық ұлттардың тілдері тең дәрежелі қолдау мен ілтипатқа ие болады. Ал орыс тіліне келетін болсақ, менің ойымша, ол ұлтаралық қатынас тілі ретінде жаңа заңнан мәртебелі әрі лайықты орын алуға тиіс.

Партиялық басшылықтың бұқаралық ақпарат құралдарының қызметіне қатынасы мәселелерін де айтпай кетуге болмайды. Түптеп келгенде, біз өзіміз әміршілдік-төрешілдік жүйенің бойындағы ескі мерездерді батылырақ ашуға үндеген баспасөздің жұмысына кейде қисынсыз теріс баға берушіліктен арылатын уақыт жетті. Ал журналистер мұнымызға үн қосып, елеулі хирургиялық араласуын бастаулары мұң екен, өзіміз дереу «кері жүріске» салып, сыннан қорғайтын сенімді жайтартқыш іздей бастадық.

«Әлдекімдер қоқаңдамас үшін Салтыков-Щедриндер мен Гогольдер керек болған» заман өткен әрі келмеске кеткен деп сенейік. Партиялық басшылықтың мәні журналистерге әмір етуде, ұсақ-түйек қамқорсуда және сәл бір оқыс бұрылыстар болса, етекпен тартып, тежеуде емес. Әрине, бізде сынаудың жөні осы екен деп асыра сілтеушілік те, материалды беруде дақпыртшылдық та бар. Бұл құбылыстарды ешбір ақтамай-ақ, баспасөздің үніндегі тіпті «асып-төгілген» жайларға да байыппен қарау қажет дегім келеді, өйткені ол, менің

ойымша, журналистердің ұзақ жылдар бойғы амалсыз құмығуына берген жауабы іспетті болар деймін. Оны да түсіну керек.

Қалай болғанда да, бұқаралық ақпарат құралдары қоғамда болып жатқан әлеуметтік, экономикалық және парасаттылық үрдістердің объективті қайшылықтарын нақты бейнелейді әрі онымен санаспауға болмайды.

Бүгінде баспасөзді, телевизия мен радионы басқару – редакциялардың назарын жұртшылықтың айрықша көңіл бөлуін талап ететін проблемаларға аудару, журналистерді сын нысанасына қапысыз бағыттау және адал атқарған жұмысы үшін айыпталған жағдайда оларды батыл қорғау деген сөз.

Партия органдары жауапкершілікті саяси әдістермен сүзгіден өткізу үдерісін тоқтатуы керек. Әйтпесе бұл өзге де көптеген тапшылықтардың үстіне тәртіп пен нақты сындарлы қадамдар тапшылығының жамалуына әкеліп соқтырып отыр.

Халық депутаттарының біреуі съезде: «Партияның рөлін өз әрекеттері арқылы партияның өзі төмендетуі мүмкін» дегені бар. Меніңше, бұл – ауыр, бірақ әділ сөздер және олар әрбір коммунисті ойландыруы керек.

Халықтың қалың бұқарасымен, төменгі буындардағы мамандармен және халық шаруашылығының басшыларымен, бастауыш партия ұйымдарымен байланыс партия комитеттерінің нұсқаушылары арқылы жүзеге асырылатыны жасырын емес. Ал көп ретте олардың саяси және өмірлік тәжірибесі жеткілікті бола бермейді. Әрі бұл да түк емес. Өкініштісі, олардың арасында қалайда «өскісі келетіндері», айналасындағыларды «өзімен санасуға» мәжбүрлеуді ұнататындары бар.

Шынайы қадір-қасиеті жетіспейтін мұндай жағдайда олар бейбастақтықты, қысымшылықты, күнделікті ұсақ-түйек қамқорсушылықты қару етіп, бағыныштыларын ашықтан ашық аяққа басудан тайынбайды. Сөйтіп, көп ретте адамдар осындай қызметкерлерге қарап, тұтастай партия басшылығы туралы ой түйеді. Сондықтан партияның халық алдындағы беделін нығайту үшін комитет хатшысының ғана емес, нұсқаушының да кескін-кейпі қандай екендігі маңызды. Өкінішке қарай, күні бүгінге дейін партия аппаратында мұндай адамға лайықты көңіл бөлінбей келді. Қазір партияның атына айтылып жатқан әділ сын осы олқылықтан да болар деп ойлаймын.

Бүгінде ой өрісі тар, диалектикалық ойлау машығы мен ішкі мәдениеті пәс, рухы мен мақсат-мүддесінің ізгілік сипаты жоқ, интеллигенциямен жұмыс істей білмейтін, жұртпен қоян-қолтық байланыс жасап, ашық пікір таласын жүргізуге шорқақ адамдардың табысқа жете қоюы екіталай. Кез келген, тіптен ақылға сыйғысыз нұсқауды көзсіз орындай беретін, өмірден қол үзген кабинетшіл қызметкерлердің уақыты келмесе кетті.

Біз сондай-ақ КСРО халық депутаттарының сайлауы кезіндегі сөз жарысы гуманитарийлерге еш қиындық туғызбағанымен, партия комитеттерінің көптеген қызметкерлері үшін аса қолайсыз болғанынан да сындарлы қорытынды жасауымыз керек.

Бәріміз бірдей қазіргі сәттің жауапкершілігін жан-тәнімізбен сезінуге тиіспіз: егер біз қоғамдық үдерістерге партиялық басшылықты түбегейлі қайта құрмасақ, әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуды басқару жүйесін түпкілікті өзгертпесек, онда

партияның қоғамдағы беделін түсіреміз. Мұны ақырына дейін түсініп, соған сай әрекет етуіміз керек.

Іске деген жоғары құлшыныс – міне, қазір партия, кеңес және шаруашылық органдарының, еңбек ұжымдарының жұмысы осымен ерекшеленуі тиіс. Бірлескен күш-жігермен өндірістік әлеуетті тиімді пайдалануға жетіп, республика халық шаруашылығының барлық салаларының біркелкі, кідіріссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет.

Біз, жолдастар, бәріміз де өзгердік, енді ешқашан да бұрынғы қалпымызға қайтып оралмаймыз. Қоғамдағы мейлінше жаңа қатынастарды қалыптастырып жатқан қайта құрудың қайтымсыздығының кепілі – осында. Ол халық – қайта құру үдерістеріндегі басты және толыққан әлеуметтік күш, жетекші қозғалтқыш дегенге саяды.

Қайта құрудың күрделі, көп жағынан бетбұрысты кезеңі басталды. Ол еңбек ұжымдары мен күллі жұртшылықтың арасындағы нақты партиялық-саяси, шаруашылық және ұйымдастырушылық жұмысты кеңінен өрістетуді қажет етеді. Бұл арада ескірген рецептілер жарамсыз. Бәріміз бірдей белсенділік, шығарымпаздық танытып, халықтың зияткерлік әлеуетін қайта құру үдерісін қарқындатуға жұмылдырудың жолдарын іздестіріп, таба білуіміз керек.

Қазақстан Компартиясы қалалық және аудандық комитеттері бірінші хатшыларының республикалық кеңесінде «Республика партия комитеттерінің қайта құруды тереңдету жағдайындағы ұйымдастырушылық және саяси жұмысы туралы» тақырыбында

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,  
1989 жылғы 18 тамыз

### Жолдастар!

Өзіміз мақсат етіп жиналған ашық әңгімелесудің қажеттігін әркім-ақ өткір сезініп отыр ғой деп ойлаймын. Елде қалыптасқан жағдай кеңес адамдарының, әсіресе, коммунистердің алаңдаушылығын туғызбай қоймайды. Қоғам қайта құрудың қиын-қыстау нүктесінде тұрған бүгінгі күні партияның біріктіруші, жұмылдырушы рөлі қай кездегіден де маңызды болып отыр.

Бірден-ақ айтайын: мен негізінде партия өзінің жетекшілік шебінен айрылды, ол қоғамдық өмірдегі ілгерішіл өзгерістер мен үрдістерден «кенжелеп» қалды дейтін ойға қосылмаймын. Егер өткен төрт жылға қайрылып қарайтын болсақ, онда біз қайта құру жолындағы партия дем берушісі мен ұйымдастырушысы болмаған бірде-бір елеулі қадамды көре алмаймыз.

КОКП Орталық Комитетінің 1985 жылғы сәуір Пленумынан бастап Бүкілодақтық ХІХ партконференцияға, КСРО халық депутаттарының І съезіне дейін қоғамдық дамудың барысына ерекше оң ықпал еткен кең құлашты оқиғалардың әрқайсынан партиялық бастаманың жарқын да дәйекті әсері көрінумен болды. Қайта құрудың теориялық қағидаларын жасап берген партия болды, қоғамның саяси, экономикалық және рухани құрылымдарындағы осынау кең өрісті үдерістің негізгі бағыттарын нұсқаған да нақ соның өзі болды. Соның арқасында біз бүгін жариялылық, пікірлер алуандығы, социалистік демократияға батыл бетбұрыс ажырағысыз сипатына айналған жаңаша ойлаудың сындарлы тұғырнамасына ие болып отырмыз.

Әлбетте, қайта құрудың барысында адамдар өз өмірінің қожасы өздері екенін барған сайын айқын сезініп, ой-пікірлерімен өзгелердің де есептесуін қалайтыны түсінікті. Міне, сондықтан да партияға деген сезіммен қоса, оның активі мен аппаратына халық талабының деңгейі де артып келеді. Айтпақшы, КСРО халық депутаттарының І съезінде қалыптасқан жағдай осыны сенімді түрде растап берді. Бір жағынан, съездің, елдің Жоғарғы Кеңесінің құрамындағы коммунистердің

саны ешуақытта дәл мұндай көп болған емес, ал екінші жағынан, Кремльдің Съездер сарайының мінберінен партияның және оның нақты басшыларының атына ешқашан дәл осы жолғыдай өткір сын да айтылып көрген емес.

Бұдан тек бір ғана қорытынды шығаруға болады: қоғамның даусыз саяси авангарды болып қала отырып, КОКП тоқырау жылдарында көптеген партия қызметкерлерін әділ сыннан және қате, кейде тіпті адамгершілікке жатпайтын іс-әрекеттерінен бүркемелеп келген өзіндік бір қорғаныс өрісінен айрылды. Бүгінде партия қатарында болу коммунист үшін халықтың жалпы КОКП мүшесінің сөзі мен ісіне қоятын айрықша қатаң талаптарына бағынуға әзір екендігін білдіреді. Жасанды саяси жайбарлықтың уақыты келмесе кетті.

Осыған байланысты В. И. Лениннің өз қызметіне сыни тұрғыдан қарау революцияшыл партия үшін міндетті нәрсе, «дандайсыған» партияның қалпы ол үшін өліммен тең деген сөздерін еске алайық. Осыны ескеріп, КОКП жіберілген қателер туралы бірінші болып адал сөзін айтты, олар үшін жауапкершілікті батыл түрде өз мойнына алды. Сонымен бірге, партия өзін халықтан аластатуды, оған қарсы қоюды, адамдарды партияның бүкіл тарихы – партаппараттың тежеусіз билігінен туған қайдағы бір шарасыз қателіктер тізбегі дейтінге иландыруды көздейтін әралуан сынампаздық, арандатушылық сарындағы қилы-қилы айыптауларды үзілді-кесілді теріске шығарады.

Біріншіден, партия – тек партаппарат емес, тағы да 20 млн коммунист. Екіншіден, күрес көлеңкелі сипатта дейтін партаппаратпен емес, оның ескілікті қасаң қағидаларымен өмір сүріп жатқан қызметкерлерінің



төрешілдігімен, біліксіздігімен, салдыр-салақтығымен жүргізілуі тиіс. Яғни, әңгіме партияны жаңғырту, оның аппаратын сауықтыру жолындағы күрес туралы.

Даусыз кінәратсыздық пен ақиқатқа бір өзі иелік етуден үміттенбей-ақ, КОКП, сонда да, биліктегі партияның рөлінен бас тартпайды. Ол өзінің бұл құқығын нақты істерімен дәлелдеуге ұмтылады және қоғамның барлық жіктерін, күллі зияткерлік күштерін ел игілігі үшін ортақ іске жұмылуға шақырады.

Қазіргі басты нәрсе – өз жұмысымызда қандай басымдықтарды таңдап, алға қойылған міндеттерді қандай әдістермен шешетінімізді бекем айқындап алу. Осындай күрмеуі қиын мәселелерді көп болып ақылдасу үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросы бүгінгі кеңесті шақыруға шешім қабылдады. Оның үстіне, алда тұрған маңызды саяси оқиғалар да осындай әңгіме өткізу қажеттігіне себепші болды. Менің айтып тұрғаным партия ұйымдарындағы есеп беру-сайлау науқаны, Қазақ КСР халық депутаттары мен жергілікті кеңестердің сайлауына, сондай-ақ КОКП-ның кезекті XXVIII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVII съезіне әзірлік. Осының бәрі, өздеріңіз түсініп отырғандай, жан-жақты және терең талқылауды талап етеді.

### **Партия органдарының басты назары әлеуметтік-экономикалық проблемаларға аударылатын болсын**

Партияның атына айтылған сын-ескертпелердің мәнін байыптап, риясыз түрде талдайтын болсақ, әміршіл-әкімшіл жүйе жағдайында көптеген партия комитеттері бұқарамен екі арадағы нәрлі байланысын шынымен елеулі дәрежеде әлсіретіп, адамдармен сұх-

баттасудан, оларды иландырып, соңдарынан ертуден қалғаны туралы біздің оппоненттеріміздің айтып жүргені шындық екенін мойындамасқа болмайды. Қазіргі кезде де халықтың саясаттануының аясында жекелеген партия органдарының қасаң қағидалы ойлаудың «қорықтары» сияқты көрінетіні құпия емес.

Ал бүгінде адамдардың араласпайтын жері жоқ, соның ішінде оларды өздерін басқаратындардың ойлау салты да қызықтырмай қоймайды. Олар партия қызметкерлерінің бұрынғысынша кабинеттерін тарс жауып алып, ашық-жарқын әңгімеге барғысы келмейтіндерін, ал басқаша ойлайтындардың бәрін экстремистердің санатына қосатынын сезгенде, ешқандай сенім туралы айтудың да қажеті жоқ. Демек, партия органдарының жұмысын қайта құрудың басты әрі сөзсіз шарты томаға-тұйықтықтан біржола бас тартып, ақыры адамдардың ортасына барып, олармен емен-жарқын әңгіме барысында партияның басты мақсаты – еңбекшілердің мұқтаждары мен тілек-талаптарын барынша қанағаттандыру, олардың түбегейлі мүдделерін қорғау екенін дәлелдеу болмақшы. Адамдар осыны түсініп, осыған сенген кезде барып біз қоғамдық өмірді кеңінен демократияландыру жағдайында партиялық жұмысты жүргізуді үйрендік, саяси жетекші дейтін атымызға әбден сай келеміз деп толық сеніммен айта алатын боламыз.

Мұндай көзқарас бүгінде кез келген шептегі партиялық қызметтің мәнін, негізгі арқауын айқындайды. Ал егер партиялық күш-жігерді жұмсаудың неғұрлым басым нүктесін айтар болсақ, онда ол, сөз жоқ, әлеуметтік-экономикалық салада жатыр. Ең қиын-қыстау жағдай нақ осында қалыптасып отыр. Әрине, мұны

болар іс болды деп қабылдап, назарды тек орын алып отырған қиғаштықтарды түзетуге аударуға болар еді. Бірақ мұндай жағдай не себепті орын алғанын анықтап көрейікші. Біздің қауырт шешуге тура келетін кездейсоқ, тіпті ойламаған жағдайларға ұдайы тап бола беретініміз қалай?

Мұның негізгі себебі партия органдарының қоғамдық пікірді зерттеумен және талдаумен тым салғырт айналысатынында болар деп ойлаймын. Ал шынында бұл дегеніңіз – партиялық жұмыстың барлық бағыттары салыстырылуға тиісті бағдар емес пе. Адамдардың көңіл күйі мен талап-тілегіне немкетті қараушылық партия комитеттерінің бұқарадан қол үзуіне, еңбекшілердің басым көпшілігінің еркін білу міндеттілігі жөніндегі лениндік қағидатты бұзуына себепші болды.

Жаңаөзендегі, Қарағандыдағы және Қарағанды облысының басқа да шахтерлер қалаларындағы оқиғалар осы қорытындыны толығынан растайды. Өйткені еңбекшілердің заңды талаптарының көбі мейлінше тұрмыстық сипатта болды, ал партия және кеңес органдары тиісті көңіл бөлсе, оларды жұмысшылардың бір бөлігінің ашу-ызасын асқындырмай-ақ шешуге әбден болатын еді. Қарапайым адамдардың шағымдары мен өтініштеріне жылдап құлақ аспау үшін нақты билігі бар адамдардың немқұрайдылығы қандай дәрежеге дейін жетуі керек еді десеңізші!

Шығармашыл және ғылыми интеллигенция өкілдерімен жақында болған кездесуімде мен адамдар ұдайы және күн сайын қыруар жұмыс уақыты мен бос уақытын ысырап қылып қана қоймай, әлеуметтік әділеттілікке сенімін, төрешілдік озбырлықты ауыздықтауға болады дейтін үмітін жоғалтатын сауда,

халыққа тұрмыстық қызмет көрсету саласындағы көптеген кәсіпорындардың, әртүрлі кеңселердің жұмысында қарапайым тәртіптің жоқ екенін көрсететін небір сорақы фактілерді келтірген болатынмын.

Жақында мен Алматыдағы әртүрлі мекемелер, ведомстволар, милиция органдары қатардағы азаматтардан талап ететін анықтама қағаздардың тізімін көрсетуді сұрадым. Бұлар тіркелімге тұруға, баланы бақшаға немесе яслиге орналастыруға және басқа да тұрмыстық қажеттіліктерге керекті кәдімгі анықтамалар болатын. Бәлкім, сіздер сенбессіздер, ал олардың саны 150-ге жетті. Сол орнымнан тапжылмай, ақылға салып отырып-ақ тізімнен 50 анықтама атауын сызып тастадым. Содан соң: тым асыра сілтеп, шынымен-ақ қажетті бірденені сызып жіберген жоқпын ба? – деп құзыретті жолдастардан сұрайын. Олар байыптап қарап, әрі-бері ойланып барып: дұрыс сияқты, бұл анықтамаларсыз да таң атып, күн шығады дегенді айтты.

Бәрінізден сұрарым, жолдастар: осыдан қайтып барған соң бұл тәжірибені сіздер де жасап көріңіздерші. Дәл осындай көрініске тап болатындарыңызға сенімдімін, өйткені уақыт деген өтіп жатыр, ал бірақ адамдардың өмірін өксітетін қисынсыз жосықтарды жөндеуде батыл алға басушылық дейтін бұрынғысынша көрінбейді.

Материалдық шығынды да, әлдебір төтенше күш-жігерді де қажет етпейтін қарапайым ғана мәселелердің өзі адам айтқысыз баяулықпен шешілетінін, өзіміз ұсақ-түйек санап үйренген сансыз өмірлік түйткілдер тіпті де ұсақ-түйек емес кемшіліктерге соқтыратынын халық көріп-біліп отырса, партияның қандай абырой-беделі туралы айтуға болады? КОКП Орталық Комитеті бізді

күнбе-күнгі партиялық жұмыстың нақ осы жағына бағыттап отырғаны тегін болмаса керек.

Одақтас республикалар компартиялары Орталық комитеттері бірінші хатшыларының шілдеде өткен кеңесінде сөйлеген сөзінде М. С. Горбачев тура былай деді: «Қазір бізге өз беделімізді іспен нығайту керек, әр күн, әр апта, әр ай сайын тым болмаса кішігірім жеңістерге жетіп отыруға тиіспіз. Бізге күні ертең қандай да бір тапшылықтың «көбесі сөгіліп», ушыққан экологиялық мәселе шешіліп, көліктің жұмысы жолға қойылып отырғаны керек».

Бұдан шашырамау, әр істің басын бір шалмау керек деген қорытынды шығады. Күш-жігерді экономиканың 2–3 көкейкесті проблемасына жұмылдырып, бірінші кезекте солардың түбегейлі шешілуін қамтамасыз ету қажет. Сол проблемаларды таңдау – жергілікті партия органдарының ісі. «Әлеуметтік ағзаның» қай тұсы қаттырақ «ауыратынын» солар жақсы білуі тиіс. Тек даусыз нәрсе: таңдалған басымдық бірінші кезектегі адами қажеттерді қанағаттандыру тұрғысынан болсын, ал ол тұрғын үйге, азық-түлікке, халық тұтынатын тауарларға немесе денсаулық сақтауға қатысты ма – бәрібір.

Қайта құрудың қазіргі кезеңінде бұл жұмыстың айрықша маңызды екенін айта тұрып, сонымен бірге ол тек жақын арадағы минимум-бағдарлама екенін және экономика саласында партия органдарының алдында тұрған барлық міндеттер шеңберін тіпті де қамтымайтынын атап көрсеткім келеді. Қайта құру бұдан да кең әрі қарқынды адыммен жүруі үшін экономикалық реформаның өзекті мәнін құрайтын жаңа заңдардың нақты әрекетіне қол жеткізу керек.

Бүгінде кәсіпорындардың дербестігін нығайтуға, меншіктің тең құқықты әртүрлі формасын жасауға, мемлекеттік және өндірістік монополизмді жоюға, қаржы дағдарысын еңсеруге және т. б. бағытталған бірқатар заңнамалық актілер бар. Алайда олардың қайтарымы біз ойлағандай емес. Тегінде, осы жақсы заңдардың бәрі тек қағаз жүзінде қалып тұр.

Мұны, былайша айтқанда, экономиканың қыры мен сырына қанық мамандар ғана емес, бүкіл жұртшылық көріп отыр. Қарағандының шахтерлері, мәселен, өндіріс пен еңбекті ұйымдастыруды жақсарту мәселелерін көтеріп, жоспарлаудың ескірген әдістерін, материалдық-техникалық жабдықтаудың дәйексіздігін өткір сынға алды, сала кәсіпорындарын басқару жүйесін түбірінен өзгерту қажеттігін батыл жақтады. Басқаша айтқанда, олар экономика саласындағы қайта құрудың жаңа заңдары – және, бірінші кезекте, кәсіпорындардың дербестігіне кепілдік беретін заңдар – құрғақ сөзден нақты тиянаққа көшуін қалады.

Бізде көкейге қонымсыз жағдай қалыптасқан: өзін-өзі өтеу мен өзін-өзі қаржыландыру, аймақтық шаруашылық есеп дегенде үніміз жер жарады, ал осылардың бәрінің негізін – кәсіпорындардың экономикалық дербестігін – төрешілдік қондырғысымен тұмшалап тастағанбыз. Ауыл шаруашылығында да осындай жағдай: қаншама күш-жігер жұмсалғанымен, басқарушы аппарат шаруаның дербестігі мен береке-байлығына мүлдем мүдделі болмағандықтан, жалгерлік тым баяу, жүрдім-бардым дамуда.

Алғашқы жарты жылдықтың соңына қарай республикада жалгерлік мердігерлікпен жұмыс істейтін кәсіпорындар мен ұйымдардың саны өнеркәсіпте – 24,

құрылыста – 16, саудада – 62, тұрмыстық қызмет саласында 6 болды. Ал ауыл шаруашылығында небәрі 187 жалгерлік шаруа қожалығы құрылды.

Базбір жерлерде шаруашылық жүргізудің жаңа түрлерінің мүшкіл халін «жымысқы» цифрлармен көмкеріп, жұртты адастырғысы келетіндер бар. Статистика мәліметтері бойынша, мәселен, тек республиканың өнеркәсібінде ғана 710 мың жұмысшыны біріктіретін 46-дан аса шаруашылық есеп бригадалары құрылған болып шығады. Ал шындап келгенде, бригадалардың тек үштен бірі ғана шаруашылық есеппен жұмыс істейді және олардың тек 8 %-ы ғана мердігерлікке көшірілген.

Мұндай «Потемкин қыстақтарын» қауқитқаннан кімге пайда келеді? Көркі – әсем, астары – бәсең осындай алдамшы көріністерді жасауға кім мүдделі? Меніңше, айрықша бас қатырудың қажеті шамалы, жауабы айдан анық. Шаруашылық жүргізудің жаңа түрлеріне қарсы болатындар – шаруашылық есеп келіп, билігінен, лауазымынан, маңдай терлемей-ақ шылқымайға батып өмір сүру мүмкіндігінен айрылғандар. Қысқасы, әңгіме басқару аппаратының жалгерлік жағдайында іс басынан шеттеліп қалатын бөлігі туралы.

Осыдан шығатын стратегиялық міндет – партиялық ықпалдың барлық күшін халықтың бастамашылдығын тежеуін қоймай, қулығы мен сұмдығын асырып, адамдардың жаңаша өмір сүріп, еңбек етуге деген құлшынысына кесел келтірумен келе жатқан төрешілдіктің тассауытын талқандауға бағыттау. Біз шаруашылық жүргізудің ілгерішіл, өміршең түрлерін енгізу үшін күресіп жүрген жалгердің, кооператордың, жұмысшының жолына тосқауылды нақты кім қоятынын көре

білуіміз керек. Жаңа экономикалық үдерістердің табиғи даму арнасына қойылатын жасанды бөгеттерді көріп, батыл жойып отыруға тиіспіз. Менің ойымша, бүгінгі экономикаға партиялық басшылықтың басты мәні осында болса керек.

Ірғалып-жырғалатын уақыт жоқ, XIII бесжылдыққа жаңғырған экономикамызбен қадам басу үшін республиканы өзін-өзі басқару мен өзін-өзі қаржыландыруға, бұрын көзделгеніндей, 1991 жылдан емес, енді 1990 жылдан бастап көшіруге байлам жасалды. Ашығын айтқанда, бізге өзіндік бір сынақ полигоны қажет, сол жерде «жейтін таяғымызды жеп, көгеретін көзімізді көгертіп», есесіне жаңа бесжылдықты тиісті машығымызбен және тәжірибемізбен сақадай сай болып бастар едік.

Бірақ республика – облыстардан, облыстар – қалалар мен аудандардан тұрады ғой. Сондықтан да біз осы залда отырған партия комитеттерінің хатшыларынан: жергілікті шаруашылықты дербес жүргізу принципіндегі жұмысқа көшіру үшін қаланың, ауданның деңгейінде сіздер не тындырдыңыздар, жолдастар? – деп сұрауға қақылымыз.

Бұл – қызыл сөздің сұрағы емес. Шамалы уақыттан соң оны сіздерге өз коммунистеріңіз бен барша еңбекшілеріңіз қоятын болады, ал олар жалпылама сөздерге қанағаттана қоймасына күмәндарыңыз болмасын. Олар істелген істің толық есебін талап етеді, өйткені шаруашылық есеп дегеніміз – дерексіз ұғым емес, нақты өмірмен, адамдардың әл-ауқат деңгейімен тығыз байланысты категория. «Ұялмаған бұйырмағаннан татады» дейтін ескі ережені де, әртүрлі көмектен дәмепін



республикалық органдарға қол жаятын тілемсектікті де ұмытуға тура келеді. Қазірдің өзінде қалада немесе ауданда еңбекпен табылатын әрбір сомды есептеп, ескеріп отыру керек. Нақпа-нақ экономикалық есепке негізделген саяси иландыру әдісі арқылы жаңа жағдайда қалай және ненің есебінен өмір сүретінімізді, тұрмысымыз дәулеттірек, бақыттырақ, өркениеттірек бола түсу үшін не істеуіміз керектігін халыққа табандылықпен түсіндіре беру керек.

Кейбір аймақтар, нұсқаулар мен директиваларды күтпей-ақ, бұл жұмысқа кірісіп кеткендері ғанибет болды. Мәселен, Теміртау қалалық партия комитетінің қызметі қолдауға лайық. Мұнда қазірдің өзінде-ақ аумақтық-шаруашылықаралық бірлестік құрылып, қызмет органдарының міндеттері мен шарттары анықталды, жалпықалалық бағдарламалардың қаржылық көздері белгіленді. Бұдан басқа, кәсіпорындардың еңбек ресурстары үшін қалалық бюджетке салатын жарналарының, аумақтарды пайдалану үшін алынатын сараланған ақының нормативтері тұжырымдалып, қоршаған ортаны ластайтын заттарды тастау үшін төлемдер анықталды.

Өкінішке қарай, жағдай барлық жерде бұлай емес. Қалалар мен аудандарды айтпағанның өзінде, бірқатар облыстар әзірлік жұмыстарына тіпті кіріскен де жоқ, немесе оны тым баяу жүргізуде. Бәріңізден өтініп сұрайтыным: осы жұмысты өздеріңіздің жеке бақылауларыңызға алып, ұдайы қарқындата беріңіздер, экономикалық реформаны ойдағыдай іске асыру үшін, ал одан да жоғары алғанда – республиканың болашағы, қайта құрудың тағдыры үшін оның маңыздылығы мен қажеттілігін түсінетіндей жағдайға жетіңіздер.

## Партиялық басшылықтың саяси әдістерін табандылықпен орнықтыра берейік

Назар аударғым келген мәселелердің ендігі бір тобы жаңа қоғамдық-саяси жағдайдағы партия жұмысының стилі мен әдістеріне қатысты. Мұндағы өзекті орынды, сөз жоқ, партия, кеңес және шаруашылық органдары міндеттерінің ауқымын шектеу проблемасы алады.

Мәселенің теориялық қырларына бойламай-ақ айтар болсам, партия мен Кеңестердің өзара әрекеттестігінің жаңаша құрылымын жасау – елде жүзеге асырылып жатқан саяси реформаның аса маңызды құрамдас бөлігі, ал оның даму деңгейі көбіне-көп социализмді жаңғырту жөніндегі іс-әрекеттердің ақтық нәтижесін анықтайды.

Дегенмен міндеттерді шектеудің объективтік қажеттілігін түсінуден оны іске асыруға дейінгі екі аралық айшылық жол десе де болады. Талдау көрсетіп отырғандай, «Барлық билік Кеңестерге берілсін!» дейтін ұранның іске асуы жөнсіз созылып кетті, сөйтіп, Кеңестерді іс жүзінде партия органдарымен алмастыру тек жасырын, біршама бүркемелі түрде жалғасып жатыр. Қалалық және аудандық партия комитеттері бірінші хатшыларының басым көпшілігі тікелей шаруашылық мәселелерін шешумен айналысады да әртүрлі даулы жағдаяттарды қараған кезде басқарушылық-өкімшілік міндеттің тізгінін өз қолдарына алады.

Егер істің байыбына бармай, тек сыртқы көрініске көңіл аударатын болсақ, біз экономикаға партиялық басшылықты қайта құра алмаймыз. Таза шаруашылық мәселелерді тұжырымдау бюро мен партком мәжілістерінің күн тәртібінде әрдайым басшы коммунистердің көпірме есептерімен алмастырыла беретін болса, одан

шынымен-ақ оң нәтиже күтуге бола ма? Шынтуайтында олардың күні кеше тәжірибеде болған «сазайын беруден» айырмашылығы шамалы.

Партия органдарының өздеріне біржола қалдыратын жалғыз құқығы – Кеңестер мен халық шаруашылығында істейтін коммунистерден партиялық жауапкершілік талап ету болуы тиіс. Және тек оңаша жағдайда, айталық, аудандық немесе қалалық комитет бюросында ғана емес, сонымен бірге баспасөз, телевизия, радио арқылы оларға тиісті талап қойып, оның не мәселеге байланысты қойылып отырғанын бүкіл халықтың білуіне жағдай жасалуы керек.

Міндеттерді шектеу мәселелерімен тек экономикалық қана емес, қоғамдық, құқықтық, рухани өмірде қоян-қолтық (әрі дерексіз, теориялық түрде емес, мейлінше нақты түрде) айналысуға тура келетін уақыт та алыс емес. Алдымызда әлдеқайда күрделі қиындықтар күтіп тұрса да, бұл жайды ойлай бермейтініміз бар. Ал егер алғашқы сабақтарды игеріп алмасақ, бұдан әріде саяси басшылықтың күрделі ғылымын меңгеру тіпті қиынға айналуы мүмкін.

Қайта құрудың басты қуат көзі әлі де болса биліктің жоғарғы сатысында. Басқаша айтқанда, революциялық жаңғырудың негізгі толқындары төменнен жоғары емес, жоғарыдан төмен түседі. Демек, әзірге жергілікті жерлердегі демократиялық өзгерістердің жүзеге асырылуы да, орталыққа қарағанда, едәуір баяу екені заңды. Бұл жағдайда аудан, қала және облыс деңгейінде биліктің бір қолға шоғырлануы қайта құру үдерісінің қарқындауына септігін тигізе қоюы неғайбіл. Қайта керісінше әрі, сөз жоқ, ұнамсыз жағдайға тап боламыз.

Егер жергілікті Кеңестің төрағасы болып, партиялығына және қызмет орнына қарамай, абырой-беделі бар кез келген депутат отырса, әлдеқайда демократиялы болар еді. Мұндай көзқарас Конституцияға да, қайта құрудың қазіргі кезеңіне де толық сай келеді. Оның үстіне, билік туралы мәселе жақын арада өтетін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің сайлауында шешілетін болады.

Сайлау науқанының барысында партия комитеттері мен ұйымдарының алдында қандай негізгі міндеттер тұр? Бастысы – сайлаушылардың лайықты өкілдері болып, қайта құру жағдайында кеңес органдарында жауапкершілікпен жұмыс істей алатын депутаттар жасағын қалыптастыру. Халықтың мүддесін қорғай алатын, революциялық жаңғыртудың қажеттілігіне қалтқысыз сенген, қайта құруды жақтайтын адамдардың сайлауына қамқорлық жасау керек.

Өткен сайлаудың сабақтарын ескеріп, партия комитеттерінің іс-әрекетіндегі жалтақтық пен батылсыздықтан арылған жөн. Ұзақ жылдарғы даусыз саяси жайлылық жағымсыз «жаңғырығымен» қайтқаны жасырын емес. Талайлар тіпті саяси күрес жүргізуден шығып қалғаны белгілі болды. Әралуан мансапқорлар, көкмылжыңдар депутаттық мандат алуға жанталаса кіріскенде, оларға лайықты тойтарыс беруге партия органдарының бәрі бірдей қабілетті болмай шықты. Ал базбіреулер партия қызметкерлерінің демократиялық үдеріске араласу, оның барысына қалай да болсын ықпал жасау орынсыз болады деп, бұған өзіндік біртүрлі іздей бастады.

Бүкіл дүние жүзінде кез келген партияның басты мақсаты мен негізгі міндеті – билік үшін күрес. Партия

аппаратының сайлаудан сайлауға дейінгі күллі қызметі соған бағынады. Сонда біз неге келісімпаз қорғаныс шебінде қалуымыз керек? Сол туралы ашық әрі адал ниетпен, дауысымыз жеткенше айтудан неге жасқанамыз?

Партия мен Кеңестердің өзара қарым-қатынасы туралы айтқанда, Кеңес пен партия комитетінің қызметтерін бір адамның үйлестіруі жайындағы мәселені қозғамай кетуге болмайды. Бүкілодақтық XIX партконференция өкілетті органдардың рөлін арттыру мақсатымен осындай үйлестірудің пайдасына пікір білдіргені белгілі. Алайда конференцияның барысында да, одан кейін де бұған жұрттың бәрі бірдей түсіністік білдіре қойған жоқ.

Қоғамдық пікірге жүргізілген талдауды, елдегі әлеуметтік-саяси жағдайды ескере келіп, КОКП ОК Бас хатшысы М. С. Горбачев партия комитеттерінің бірінші хатшылары мен Кеңестер төрағаларының лауазымдарын үйлестіру туралы конференцияның саяси нұсқауы үзілді-кесілді сипатқа ие емес екенін атап көрсетті. Бұл мәселені нақты саяси жағдайды ескере отырып шешу керектігі ұсынылды.

Егер қайта құрудың барысын риясыз бағалайтын болсақ, онсыз да түсінікті нәрсе: өз кандидаттарымызды біз неге қорғауымыз керек? Қайта құруға, қалың бұқараның мүдделеріне шыңдап берілген коммунистер халық арасында қалтқысыз беделге ие емес пе?

Мұндай «ұялшақтықтан» батыл түрде бас тартып, үгіт-насихат жұмысының қазіргі жағдайда өзін ақтамаған енжар әдістерін түбегейлі алмастыру керек. Партия қызметкерлері өз кандидаттары үшін күресіп, олардың белсенді ұстанымын, партиялық кемелдігін,

халық мүддесін қорғай алатын біліктілігін көрсете білулері керек.

Сондай-ақ сайлау науқаны барысында толып жатқан әлеуметтік-шаруашылық өткір проблемалар, тұрмыстық, экологиялық тұрғыдағы толғағы жеткен мәселелер көтерілетіні де есте болғаны жөн. Демек, партия комитеттері насихаттық қызметпен қоса кеселді нүктелерге де көңіл аударып, кеңес, шаруашылық органдарынан оларды жоюдағы нәтижелі істерді талап етулері керек. Осындай нақтылы жұмыс болмайынша, халықтың қолдауынан, қайта құрудың алғы шебінде болу құқығыңды қорғап қалудан үміт етудің өзі қиын.

Басшылықтың саяси әдістері туралы әңгіме ауанында партияның кәсіподақ ұйымдарымен өзара қарым-қатынасы тақырыбын да қозғай кету орынды. Оларға өз ықпалымызды ең алдымен сонда істейтін коммунистер арқылы жүргізуіміз керек. Бірақ, әрине, бұрын талай болғанындай, олардың әр адымын бақылау түрінде емес, КОКП мүшелерінің жоғары саналылығы мен жауапкершілігіне сенім арту арқылы.

Бүгін жүріп жатқан қоғамдық-саяси үдерістерде кәсіподақтардың орны мен рөлі елеулі түрде өзгере бастағанын есте ұстау керек. Мәселен, олардың экономикалық реформаны жүзеге асыруға қатысуын алайық. Мұнда олардың алдына экономиканы басқару мен еңбекшілер мүддесін қорғаудың жаңа пішіндерін тарату міндеті қойылады. Бұлар, ең алдымен, еңбекке ақы төлеу, азық-түлікпен және халық тұтынатын тауарлармен қамтамасыз ету мәселелері. Бұлар – қауіпсіздік техникасы, әлеуметтік қамсыздандыру, адамдардың тұрмысы мен демалысын ұйымдастыру мәселелері. Яғни, әңгіме түп-тура ұжымдардағы моральдық-пси-

хологиялық ахуалға тікелей ықпал ететін және кейде, Қарағандыда болғаны сияқты, елеулі әлеуметтік қобалжушылық туғызатын проблемалар тобы туралы болып отыр.

Сол бір мазасыз күндерде мен шахтерлермен митингілерде де, кәсіпорындарда да, ереуіл комитетінде де ондаған кездесулер өткіздім. Шынымды айтайын: жергілікті кәсіподақ жетекшілерінің атына айтылған азын-аулақ бәрекелді дейтін сөздің бірде-біреуін естіген емеспін. Бұл нені білдіреді? Ең алдымен бұл біздің кадр таңдау және орналастыру тұрғысындағы жұмысымыздың түкке тұрмайтынын көрсетеді. Жасыратын несі бар, әдетте адамдарды кәсіподақ қызметіне жіберу «қалдық» принципі дейтінмен жүргізіледі. Партия, кеңес жұмысында өзіңді көрсете алмаған екенсің, кәсіподаққа барып, зейнеткерлікке шыққанша сонда жұмыс істе!

Бәлкім, мен тым артықтау айтып, біреулерді ренжіткен де шығармын, бірақ шындықтан ешқайда жалтара алмайсың. Қай жағынан қарасаң да, кадр мәселесіндегі ақаулар «менмұңдалап» тұрады. Осы мәселедегі көрсоқыр саясатымыздың ащы жемісін енді татып отырмыз.

Ал лайықты адамдар бар ғой және аз да емес. Сол әлгі Қарағандыда ереуіл комитетінің мүшелерін тыңдай отырып: міне, осындай жігерлі, пайымды, сөздің жақсы мағынасындағы «азулы», жалындаған жастарды кәсіподақ жұмысына жіберсе ғой! – деген ойға қалдым. Олар тау қопарар еді ғой! Тіпті болмағанда, төрешілдікке бой алдырған басшылардың бетін жұмысшы табының проблемаларына қарата алар еді. Кәсіподақтардың билігіне халық білетін және сенетін адамдар келуі үшін, кадрлар резервін солардың арасынан іздеу керек.

Ал біз ескі дағдымызбен номенклатуралық анкеталарды ақтарумен боламыз да кәсіподақ жетекшісінің, және басқалардың да, бет-бейнесін анкета емес, нағыз көсемдік қасиеттері айқындайтынын ұмыта береміз. Менің ойымша, қазір кәсіподақтарда өтіп жатқан есеп беру-сайлау науқанын бұрынғы қателіктерді түзетіп, жұмысшы қозғалысын жаңа күштермен толықтыру үшін барынша пайдаланып қалу керек сияқты. Неге десеңіз, В. И. Ленин кәсіподақтарды коммунизм мектебі деп тегін атамаған ғой.

Комсомолға партиялық басшылық тәжірибесіне де белгілі бір айқындық енгізу керек. Партия комитеттері комсомол ұйымдарына қатысты өктемдікке тіпті де жол бермеулері, олардың күнделікті жұмысына араласпаулары керек. Дегенмен жастар ұйымында жүріп жатқан үдерістерді талдау, онда жұмыс істейтін коммунистерден жауапкершілік талап ету, ығыр қылмайтын, ізгі ойлы тәлімгерлік – бәрі-бәрі біздің міндетімізде.

Дәл қазір, комсомолда есеп беру мен сайлау өтіп, оның басшы органдары қалыптасып жатқанда, БЛКЖО-ны ұйымдық-саяси жағынан нығайтуға көмектесуді аса маңызды міндет деп санауға тиіспіз. Комсомол комитеттерінде жұмыс істеуге беделді жас коммунистерді, революциялық қайта құруға құлшынған жастарды тартуға қамқоршы болу керек.

Бұқара арасында саяси жұмыстың аса өктем әрі мейлінше аз реттелген саласы – бейресми қозғалыстар. Қоғамдық мүдделердің саналуандығын бейнелейтін олардың қауырт өсуі, турасын айтайық, партия ұйымдарының өмірін елеулі түрде күрделендіріп жіберді және, сонымен бірге, көптеген адамдардың демократияландыру мен пікір алуандығы жағдайындағы жұмысқа мүлдем әзір еместігін аймандай етіп ашып берді.



Қылмыс әлеміндегі сыбайласқан элементтер мен арам ойлы пысықайлардың қолында жымысқы мақсаттарға жетудің қаруына айналатын саяси болжамсыз, идеялық дүмбілез адамдарды біріктірген «бейресми» топтардың мейлінше белгілі бөлігі жайында айтпай-ақ қойыын. Олар, былайша айтқанда, белгілі бекбикелер ғой.

Ал іс-әрекетін Конституция шеңберінде жүргізетін және кеңес қоғамының мүдделеріне қайшы келмейтін қоғамдық құрылымдарға келетін болсақ, мұнда бұқараның күш-қуаты мен азаматтық құлшынысын қайта құрудың мақсатына барынша пайдалану үшін қалыптасқан таптаурыннан шеттей тұрудың маңызы өте зор. Адамдардың еркіндікке деген ыстық ықыласын, қайта құру үдерістерін өздерінше, мейлінше дара түрде қабылдауға талпынысын түсіну керек.

Төменнен айтылған көптеген ұсыныстар қабыл алынып, табан аузында және жақсы қайтарымымен іске асырылуы мүмкін екенін тәжірибе көрсетті. Ал әуелде оларға, былайша айтқанда, өре түрегеліп қарсылық көрсеткендер, бейресмилерден жын көргендей үркіп, бойларын аулақ салғандар болды ғой. Тіпті қазір де олармен жұрттың арақатынасы керемет болып кете қойған жоқ.

Әрине, өзара түсіністікке жетудің жолы оңай емес. Бірақ ол неғұрлым қысқа болсын десек, әрекетшіл адамдарды тек тыныштықты бұзушылар деп санамай, дұрыс бағалай білуіміз керек. Қысқасы, халықтың үніне құлақ асу, оның жетекшілік міндеттерді батыл қолға алып, белгілі бір әлеуметтік топтардың еркін білдірушілерге айналатын бейресми өкілдеріне ризашылықпен қарай білу маңызды.

## Партиялық ішкі демократияны одан әрі дамыту үшін белсенділікпен күресейік

Қоғамды соңынан ертуге моральдық құқы болуы үшін партия, ең болмағанда, алға қойылған мақсатқа жету жолында одан бір адым болса да алда жүруі керек. Ал біз болсақ, кейде бір орынды шиырлап, кейін қалып, әлдеқашан-ақ қауырт өркендеген қоғамдық өмірдің жарқын белгісіне айналған үдерістердің соңында салпақтаймыз. Бұл ең алдымен партия комитеттерінің жұмысын демократияландыру мен жариялы ету мәселелеріне, олардың демократиялық централизм, сынға ашықтық шеңберіндегі дербестігіне қатысты.

Базбір партия қызметкерлерінің кертартпалығының тамырын іздеп, жаңалық атаулыға оралымсыздығын, әрекетінің марғаулығын түбірлей бастасаң, бәрінің себебі партиялық ортада жоғарыдан түскен кез келген нұсқауды бұлжытпай, дәлме-дәл, бірақ мүлдем ойланбастан орындауға әрқашан дайын тұратын тұлғаны жылдар бойы сомдауда екеніне көзің жетеді. Мұндай автомат-адам әкімшіл-әміршіл жүйенің үлгісі, былайша айтқанда, қол жетпес туындысы болды.

Бүгін ондайларды ешбір партия комитетінен таба алмайсың, олар әлдеқашан-ақ көзден ғайып болған деп дау айтатындар табылуы мүмкін. Шынында, қайта құру жылдарында кадрлар құрамы мұқият «қағып-сілкуден» өтті, тоқырау кезеңіне өлермендікпен жармасқандардан арылды, бірақ адамдар кететіні, ал дәстүрлер қалатыны белгілі. Мәселен, кадр іріктеудегі тізімдемелік-сауалнамалық көзқарастан түбегейлі құтылды деп айта аламыз ба? Немесе кабинеттік, қағазбастылық жұмысқа құштарлық дертінен ақи-тақи «сауығып» кете алдық па?

Міне, нақты мысал. КОКП Орталық Комитетінің 1985 жылғы сәуір пленумынан кейін басшылық қызметке ұсынылғандардан қазірдің өзінде қалалық және аудандық комитеттердің 9 бірінші хатшысы мен қалалық және аудандық аткомдардың да сонша төрағалары қызметтерінен алынды. Тек өткен жылдың өзінде обкомдардың тізімдемесіндегі 215, қалалық және аудандық партия комитеттеріндегі мыңнан аса басшы қызметкерлер босатылды. Олардың арасында партия тұрмысының нормаларын ашықтан-ашық аяқасты еткендер де бар.

Жақында партия ұйымдарындағы алда болатын есеп беру-сайлау науқанының шеңберін елеулі түрде кеңейтіп, оны жер-жердің бәрінде кеңес, комсомол, кәсіподақ органдары басшыларының еңбекшілер мен барша тұрғындар алдында есеп беруімен толықтыру туралы уақтылы әрі келелі шешім қабылданды. Халық өз жетекшілерін тыңдасын, олар туралы пікірлерін ашық айтсын және қажет болса, сенімін ақтамағандарды жұмысынан босатсын. Мұндай әрекет басшы кадрлардың жасағын елеулі түрде сауықтырып, билік басына адал, абыройлы, ниеті таза адамдарды қоюға мүмкіндік беретініне сенімдімін. Халықтың өз басшыларын сайлауға ғана емес, орнынан алуға да нақты құқығы болуы керек. Әйтпесе кейбір партия ұйымдарында жариялылық, демократияландыру туралы әңгіме көп те, оларды іске асыру жоқ сияқты көрінеді.

Партия басшыларының арасында: кадрларды жұртшылықтың көмегімен ашықтан ашық іріктененің – биліктен айрылғаның дейтін сенімнің мықтап тамыр жайғаны жасырын емес. Коммунистермен ақылдаспай-ақ біреуді қызметке қоюға немесе қызметінен босатуға дәрмені жетпесе, ондай партия комитетінде

не бедел болуы мүмкін? – дейді ғой баяғы. Мұндай пайымдаулардың нағыз бедел туралы қамқорлықпен ортақ ештеңесі жоқ екенін, партия органдарына абырой әпермейтінін, қайта оған нұқсан келтіретінін түсіндіріп жатудың қажеті бола қоймас.

Партияның ішкі тұрмысының тағы бір маңызы зор мәселесі – кадрларды жасарту. Бірақ олардың міндетті түрдегі айналымын қамтамасыз ету үшін, партия комитеттерін үнемі бүгінгіше ойлай білетін қабілетті жастар «айналсоқтап» жүруі тиіс. Яғни, жас коммунистерді ұдайы іске тартып, нақты партия жұмысына деген қызығушылықты оларға білгірлікпен дарытып отыру керек.

Бірақ жалғыз артықшылығы – жастығы болғандығына қарап, партия комитетін мүлдем дайындығы жоқ адамдармен жасақтау қалыпты жағдай деп саналуы мүмкін бе? Әйтсе де Талдықорған, Ақтөбе, Қостанай, Қарағанды, Павлодар, Гурьев, Семей облыстарының қалалық және аудандық партия комитеттерінде партиялық өтілі жылға да жетпейтін адамдар нұсқаушылыққа бекітілетін болып жүр. Ал Шығыс Қазақстан облысының Катонқарағай аудандық партия комитетінде асығыстықтың теңдессіз рекорды жасалған: партиялық билетін соның алдында ғана алған жігітті нұсқаушылыққа бекітіпті. Ал шындығында нұсқаушы – кез келген партия комитетіндегі орталық тұлға. Бірақ өзінің жеткілікті саяси тәжірибесі, партиялық жұмыстың амалдары мен әдістерінен білігі болмаса, ол несін үйретіп, кімге нұсқау бере алады?

Аппараттың хатшыдан нұсқаушыға дейінгі кез келген қызметкері аймақтағы белгілі адам болуы шарт. Тек коммунистердің ғана емес, бүкіл халықтың арасында.

Партия қызметкерлерінің сайлануы мен тағайындалуы қалың жұртшылықтың пікірін ескере отырып, жариялы түрде өтуінің маңыздылығы осында.

Әділдік үшін мойындау керек: жалақының төмен болуы себепті соңғы кезге дейін білікті қызметкерлерді іріктеу қиынға соғып келді. Бұл кедергі жойылған. Үстіміздегі жылдың 1 қазанынан бастап партия қызметкерлерінің лауазымдық қызметақылары елеулі түрде артатынын хабарлай аламын. Демек, партия аппараттарын істің жайын білетін адамдармен толықтыруға жағдай бар.

Осыған байланысты мына жайды атай кеткен орынды. Жаңа қызметақылар бұрынғыдай кесімді емес, «ашалы» деп аталатындай сипатта. Бұл қызметкерлердің жұмысын тәжірибесі мен біліктілігіне қарай саралау, бұрынғы теңгермешілікті жою мақсатымен істеліп отыр. Ендігі жерде жақсы жұмысты ынталандырудың нақты тетігі болады және оны барынша тиімді пайдалана білу керек.

Енді партиялық ішкі тәртіптің кейбір мәселелері туралы, онсыз кемелді партиялық ішкі демократияның болуы да мүмкін емес екені белгілі. Өкініштісі, бесенеден белгілі бұл ақиқаттың кейде ұмытыла беретіні өз алдына, сонымен бірге, әміршіл-әкімшіл жүйені бұзудың сылтауымен партия құрылысының негізгі арқауларының бірі – демократиялық централизм қағидатын күйреткісі келетіндер оны әдейі бүркелемекші болады. Мен базбір саяси әпербақандардың КОКП-ны дербес партиялардың одағына айналдырып, партиялық тәртіпті әлсіретуді барған сайын жанталаса жақтап жүргендерін айтамын.

Бұл арада принципті көзқарасқа табандап, қайсысы партияны демократияландыру туралы шынайы қамқорлық та, қайсысы оның бірлігін қаусату әрекеті екенін айқын сезіну керек.

Ашығын айтайын: партиялық қатынастарды тым орталықтандыра беру, менің ойымша, ескірген көзқарас болса керек, алайда осы жағымсыз құбылысты жоюдың, одақтас республикалардың компартияларына көбірек дербестік беру мәселелерін сындарлы талқылаудың КОКП-ны ірітуге үндеумен ешқандай ортақтығы жоқ. Кеңес Одағының Коммунистік партиясы – бөлінбейтін саяси организм, оның біртұтастығы – біздің көпұлтты социалистік мемлекетіміздің күші мен бірлігінің кепілі.

Партиялық тәртіп мәселесі бізді жаһандық деңгейде ғана толғандырады екен дейтін пікір туғанын қаламас едім. Өз проблемаларымыз да аз емес және оларды шешкен үстіне шеше беруіміз керек. Мәселен, кейбір партия комитеттері КОКП мүшесі дейтін атқа кір келтіретін белгілі бір қылықтарға жол берген коммунистерге талапты әлсіретіп жібергені алаңдатпай қоймайды.

КОКП құрамын жаңғыртуға байланысты оның қатарын нығайту жөніндегі жұмыста жағымсыз үрдістер байқалады. Кандидаттардың партия мүшелігіне өтуден бас тарту көріністері жиілеп кетті, КОКП қатарынан шығу туралы өтініштер саны көбейді. Тек өткен жарты жылда ғана 665 адам партиялық құжаттарын қайта тапсырды. Мұндай дабыл қағарлық құбылыстарды терең талдап, тиісті бағасын беру керек. Сірә, мұнда тоқырау жылдарындағы партия қатарын үдемелі қарқынмен өсірудің және оның сапалық құрамын қалыптастыруға принципті түрде қарамаудың салдарынан туған үдеріс байқалатын сияқты.

Қайта құру – тұтастай алғанда, социализм туралы, сондай-ақ партияның қоғамдық-саяси өмірдегі рөлі жайындағы қасаң көзқарасты түпкілікті өзгертетін революция. Сондықтан коммунистердің өздерінің өмірдегі орнын ой елегінен қайта өткізіп жатқандары заңды. Соның нәтижесінде біреулер қайта құру үдерістеріне белсене қосылып, енді біреулер әрі-сәрі болып, үшінші біреулер бұрынғы бағдарларының өз қажеттеріне, қалыптасқан өмірлік ұстанымдарына сай келмейтініне көздерін жеткізуде.

Әрине, белгілі бір аймақтың әлеуметтік құрамы оның партия ұйымынан лайықты көрінісін табуына қамқорлық жасау керек екені сөзсіз, бірақ ол осындай төрешілдік әдістермен істелмеуі тиіс қой! Орын бөлісу қағаздарының бәрін мұрағатқа тапсыру керек, ал мұндай күні өткен қасаңдықтарға бүйрегі бұрып тұратындардың бәрі жалғанның жорығына шығарылатын болсын.

Бүгінде партияға қабылдау ашық және жариялы түрде, ұсынылған кандидатураны еңбек ұжымдарында сөзсіз талқылау арқылы өтуі керек десе – ол басқа әңгіме. Жұрттың бәрі бірдей – партияда барлары да, жоқтары да – болашақ коммунист туралы, оның барлық жақсылы-жаманды қасиеттері жайындағы өз пікірлерін ашық айтатын болсын. Тек осындай жағдайда ғана КОКП қатары шын мәнінде кінәратсыз, мықты күштермен – партияның жолы мен мұраттары үшін тақ тұра алатын, жалғандыққа жаны қас, халықтың арман-мүдделерімен өмір сүретін нағыз жауынгерлермен толысады.

Қалалық және аудандық партия комитеттерінің бастауыш партия ұйымдарымен өзара тығыз ынтымақтастығын қамтамасыз ететін қызметі жайында бірер сөз.

КОКП Орталық Комитетінің 1985 жылғы сәуір Пленумынан бері бесінші жыл өтіп жатыр, бірақ кейде коммунистер мен партияда жоқтардың: бізде қайта құру әлі басталған жоқ дейтін сөздерін естуге тура келеді. Мұндай сөздерді айтқызатын күңкілге құмарлық, әлдебір сарыуайымшылдық емес қой. Қайта құрудың нақ осында, бастауыш партия ұйымдарының деңгейінде көбіне-көп тығырыққа тіреле беретінін мойындауымыз керек.

«Бастауыштардың» енжарлығы көбінесе жаппай тыйым салумен, жоғарғы партия комитеттерінің тарапынан болатын қатаң шектеумен түсіндірілетін. Дағдылы соқпақпен өткізіліп, өмірлік мәні бар өткір жайларды қозғамайтын партия жиналыстарын ұйымдастырудағы әсіре пысықтыққа адамдар өте-мөте наразы болатын. Көптеген сын-ескертпелер мен ұсыныстар қағаз жүзінде қалатын. Әкімшілік өктемдікке қыңқ дей алмайтын «қалтадағы» хатшылар дейтіндер қаптап кеткен-ді.

Бұл кемшіліктердің бәрі қазір де бар. Бірақ бұрынғы әсіре ұйымдастырушылықтың кесірі одан кем түспейтін кереғары – «құқықтардың сұранымсыздығы» дейтін пайда болды. Оның шығуына себепші көптеген аудандық және қалалық комитеттердің бастауыш партия ұйымдарына мейлінше мол дербестік беру керек дейтінді тым тура мағынасында түсініп, олармен айналысуды мүлдем қойып алғандығы болды.

Осының бәрі алаң етерлік нышандар. Сондықтан егер біз аса қысқа мерзімде қалалық және аудандық комитеттердің бастауыш партия ұйымдарымен өзара қарым-қатынасын өзгерте алмасақ, онда жұмыста да елеулі оң өзгерістерге жете алмаймыз. Сөйтіп, адамдар



қайта құруды ұшар биігі теңіздей толқып, саясында шөп басы да қимылдамайтын орманмен теңестіріп, мысқылдауын қоймайтын болады.

### **Ұлт саясатының лениндік қағидаттарын шығармашылықпен дамытып, батыл қорғайтын болайық**

Біз үлкен қоғамдық-саяси оқиғаның – өміріміздің қазіргі кезеңіндегі ең өзекті, ең зәру мәселесін – ұлттаралық қатынастар туралы мәселені қарайтын КОКП ОК Пленумының қарсаңында тұрмыз.

Бүгінде әрбір кеңес азаматы осы саладағы істің жай-күйіне жан-тәнімен қобалжып, алаңдаушылық білдіреді. Таулы Қарабақ пен Сумгаиттегі, Ферғана мен Абхазиядағы, Жаңаөзендегі, Балтық маңы республикаларындағы оқиғалардың, кейбір өзгешеліктері мен ерекшеліктеріне қарамастан, бәріне ортақ бір қасиеті бар. Атап айтсақ – олар кеңес адамдарының интернационалдық бірлікке деген сеніміне селкеу түсіреді, ұлтшылдық және шовинистік желігуді өршітеді, елдегі саяси жағдайды тұрақсыздандырады.

Қайта құру ісі үшін осындай қиын-қыстау және, мен айтар едім, қауіпті жағдайда республиканың партия комитеттері айрықша қырағылық танытып, тек коммунистер үшін ғана емес, барлық ұлттардың еңбекшілері үшін жұмылдырушы, біріктіруші орталық болулары керек. Мұның тағы бір айрықша маңызды болатын себебі – тар өрісті ұлтшылдық тұрғысындағы экстремистер партия комитеттеріне қысымын арттырып, олардың қалың бұқараға ықпалын бейтараптандыруға тырысуда.

Кей жерлерде соларын жүзеге асырып та жүргенін баспасөзден білесіздер. Балтық маңы республикала-

рында, мәселен, базбір партия комитеттері қаруларын тастап, саяси күрестен бас тартқан және тіпті интернационализм қағидаттарынан аулақ қоғамдық қозғалыстардың тұрғысына көшіп алған. Коммунистердің біразы әрі-сәрі күйде болса, енді біреулері ұлттық белгі бойынша ашықтан-ашық ірге ажыратуға кірісіп кеткен.

Бұл мәселелерде зәредей болса да жайбарақаттыққа жол берілмеуі тиіс, әсіресе, өздерінің эмиссарлары арқылы жеке «тәжірибелерін» тықпалағысы келетіндердің жауапсыз әрі өнегесіз үндеулеріне құлақ аспау керек. Ұлттар арасындағы шынайы тату көршілік, өзара түсіністік пен өзара құрмет сезімін көпұлтты республика тұрғындары – біз сақтап, қадірлемегенде кім қадірлемек! Сондықтан қай жерлерде ұлтаралық кикілжіңдердің қандай қаупі болатынын тым тез ұмытып кететін адамдардың кездесетінін сезіну қатты жанға батады, ал бүгінде оның шиеленіскен мысалдары еліміздің әртүрлі аймақтарында жетіп артылады. Әртүрлі ұлттардың өкілдері арасына сенімсіздік пен секемшілдік ұрығын себетіндей әрекеттерге ешбір жағдайда жол беруге болмайды деп есептеймін.

Қазақстанның шығармашыл, ғылыми интеллигенциясы, барша халқы қазіргі, аса мазалы деуге келмейтін жағдайда ойланбай, жауапсыздықпен істелген әрекеттердің өте қауіпті екенін сезінетініне, ақылдың, азаматтық ар-ожданның дегеніне бағынып, адамдарды ұлттық «пәтерлеріне» ыдыратпай, қайта біріктіре түсетін нәрсені жан-жақты қолдайтынына сенемін.

Бүгінде әрбір партия мүшесі, өз халқының абыройы мен жақсы атын қадірлейтін әрбір азамат осындай тұрғыда болуы тиіс. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті де соны жақтайды және алдағы уақытта

да жақтай береді, сонымен бір мезгілде, республиканың барлық партия комитеттерінен осынау бірден-бір дұрыс бағытты жүргізуді талап ететін болады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істейтін коммунистердің қызметін бағалауға да осы тұрғыдан қарау керек. Эфирден естілген, газеттер мен журналдардың беттеріне шыққан сөздің орасан зор күші мен мәні бар, бұл, әсіресе, әңгіме ұлтаралық проблемалар туралы болғанда солай. Осыған байланысты ұлтаралық қатынастар тақырыбын қолға алған әрбір журналист оны өзі қалай жазып шығатынын ғана емес, сонымен бірге, оның бәрін адамдар қалай оқитынын да ойлауға міндетті дейтін, өз ойымша, өте дәл айтылған пікірді еске сала кеткім келеді.

Партияның қазіргі жағдайдағы ұлт саясаты жөніндегі тұғырнамасының осы жақында ғана жарияланған жобасы ұлтаралық күрделі мәселелерді шешуді шеберлікпен әрі сарабдал қарастырудың тағылымды өнегесі болды. Алдын ала КОКП ОК Саяси бюросында қаралған бұл құжаттың негізіне бүгінгі қайшылықтарды барынша ықтимал жоюға да, көпұлтты кеңестік қоғамдық органның ұзақ мерзімдік проблемаларын іске асыруға да бағытталған сапалық жаңа, батыл әрі, сонымен бірге, терең ойластырылған мұраттар алынған.

Көп кешікпей баспасөзде ғалымдар мен мамандардың, республика мәдениет қайраткерлерінің үлкен тобы ұзақ уақыттан бері жұмыс істеп дайындаған тілдер туралы заңның жобасы жарияланады. Оған жан-жақты баға бермей-ақ қояйын. Ол – осы құжат талқысына шығарылғалы отырған барлық қазақстандықтардың ісі. Тек атап айтарым: жобаның құқықтық пайымдамасы өзге республикаларда қабылданған осындай заңдар-

дың пайымдамаларынан елеулі түрде, әрі нақ оның интернационалдық мәнін күшейту мағынасында ерекшеленеді. Жаңа заңның авторлары басшылыққа алған негізгі өлшем республикаға аты берілген халықтың шынайы игілігіне басқа ұлт адамдарының құқықтары мен бостандықтарын шектеу арқылы жету мүмкін емес дейтін терең ой болды.

Түпкілікті ұлттың тілін шынайы қорғау сындарлы шарадан – оның мемлекеттік мәртебесін заң жүзінде бекітуден көрінгенін қалың жұртшылық әділ мойындады. Дегенмен, осы қадамды жасай отырып, барлық ұлттар тілдерінің де еркін дамуына дәл осындай заң жолымен кепілдік беру керек. Бұл орайда орыс тілі өзінің ұлттаралық қатынас тілі ретіндегі қызметін атқара береді. Ол бұрынғысынша әр халықтың, әрбір адамның қуатты зияткерлік әлеуеті рөлін сақтап қалады.

Қысқасы, тілдер туралы заңның жобасын талқылау барысында қоғамдық пікір қандай қорытындыға келсе де, бұл мәселе тек қана интернационалистік тұрғыдан шешілетін болады. Республиканы мекендейтін қандай ұлттың болсын құқықтарына қысым жасауға, оның рухани игіліктерін және бәрінен бұрын тілін аяқасты етуге жол беруге болмайды. Мұнда біздің ұстанымымыз берік.

### **Жолдастар!**

Айтқандарымды қорытындылай келіп, қазір қайта құрудың бетбұрысты, мүмкін, ең күрделі кезеңі басталғанын тағы да баса көрсеткім келеді. Партия, демек, сіздер мен біздер бірлесіп, қоғамдық өмірдің жайбарақат деуге тіпті де келмейтін жаңа жағдайында

қиын сыннан өтіп жатырмыз. Ал бағамызды халық шығаратын болады.

Өмірдің өзі қайта құрудың мұраттарына берілгендігіміз туралы сөзімізді емес, оларды жүзеге асыру жөніндегі нақты ісімізді талап етіп отыр. Партия өзекті проблемаларды білетінін, қиыншылықтардан жалтармай, оларды шешуді сенімді түрде, батыл қолға алатынын адамдар шындап сезінетіндей болуы керек.

Қазақстан Компартиясы  
Орталық Комитетінің XVI пленумында  
Қазақ КСР өзін-өзі басқару және  
қаржыландыру тұжырымдамасының  
жобасы бойынша

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,  
1989 жылғы 13 қыркүйек

### Жолдастар!

Салтанатты сарынға түсіп, «асқақ» сөздер айтқым келмес еді, бірақ республиканы өзін-өзі басқару мен өзін-өзі қаржыландыру принциптеріне көшірудің бүгін талқыланып отырған жобасы – түбегейлі экономикалық реформаны одан әрі тереңдету үшін де, саяси жүйені қайта құру үшін де қоғамдық өміріміздегі іргелі мәні бар ірі оқиға.

Шын мәнінде біз жаңарғалы отырған социалистік қоғамның өзекті міндеттерінің бірін шешуге – аймақтар-

дың көбірек дербестік алуы үшін жағдайлар жасауға, әрбір республика өз игілігінің, кеңес мемлекетінің ортақ байлығы мен қуатын еселей түсудің негізі ретінде өзінің шаруашылық қызметінің түпкі нәтижелерін жақсартуға мүдделі болатындай ынтымақтастық түрлерін жүзеге асыруға жеткізетін алғашқы қадам жасап отырмыз.

Бұл біздің федерациямыз шеңберінде шынайы республикалық егемендікті орнықтыруға, толық экономикалық дербестікке жеткізетін қадам, бұл дербестікте «федерация» деген ұғымның өзі шынайы лениндік мәнге ие болады, ал біздің көп ұлтты социалистік қоғамымыз нағыз ерікті де тең құқықты қоғамға айналады.

Өткен аптада Украина әдебиеті мен өнерінің Қазақстандағы күндері аяқталды, оның барысында біз туысқан халықтың поэтикалық сөзінен, өзіндік ерекшелігі бар әуенінен, би ырғақтарынан сусындау шаттығына бөлендік. Бірақ республиканың көптеген облыстарында болған украин жолдастармен біздің кездесуіміз тек осымен ғана есте қалды ма? Сайып келгенде, қазақстандықтар телевизияның, радиохабарының бағдарламаларынан құр алақан қалып отырған жоқ, олардың көмегімен КСРО халықтарының әндері де, билері де әрбір отбасының, әрбір үйдің есігін қағады. Алайда біздің жерлестеріміз Шымкентте, Жезқазғанда, Шевченкодa, басқа да көптеген қалалар мен елді мекендерде Украина өкілдерін қандай шынайы достық сүйіспеншілікпен, қандай жүрекжарды жылы лебізбен қарсы алды десеңізші!

Қазақстандықтардың ерекше ақжарқындығы, ақкөңілділігі біздің достығымыздың мызғымастығын атап көрсету, біздің құрыштай берік бауырластығымыздың іргетасын ешқандай да ұлтаралық жанжалдардың

шайқалта алмайтындығын көрсету тілегінен туған деп ойлаймын.

Егер осы проблеманың түп-тамырына көз жіберетін болсақ, егер біздің социалистік федерациялық державамыздың ұлттары мен ұлыстарының желбуаз емес, шынайы достастығына ұмтылатын болсақ, онда экономикалық дамудың нақ осы жаңа принциптері өз төңірегінде күні бүгінгі кеңестік федерация қалыптасуға тиіс ең басты негіз болып табылатынын көрмеуге болмайды.

Республиканы өзін-өзі басқару мен өзін-өзі қаржыландыруға көшіру – сәнге әуестік емес, қайта біздің бүкіл қоғамдық өмірімізді өзгертудің кең ауқымды бағдарламасының аса маңызды буыны, ұлтаралық қатынастардың өткір проблемаларын шешуге бағытталған ірі саяси акт.

Белгіленген шараларды іске асыру толып жатқан қиындықтарға тап болатынын жасырудың қажеті жоқ. Бізде әлеуметтік-саяси, тарихи және экономикалық сипаттағы проблемалар тым көп қордаланып қалған. Егер одақтық министрліктердің республикамен қазіргі өзара қатынасын бағалайтын болсақ, оларды анахронизм дегеннен басқаша атай алмайсың. Орталық бізге тіпті нан-тоқаш тағамдарының ұлттық түрлерін дайындаудың жолдарын да бекітіп беруге дейін барады! Бұл арада еліміздің Мемлекеттік жоспарлау комитеті көбінесе республиканың қарсылығын құлаққа ілмей, біз үшін бәрін де түп-түгел жоспарлап келгенін айтып тұрған жоқпын.

Қазір салалық жоспарлаудың «билеп-төстеуі» жалғасуда. Ол бұрынғысынша аймақтардың ерекшеліктерін ескермейді және олардың кешенді даму проблемала-



рын шешумен айналыспайды. Мысалды алыстан іздеудің қажеті жоқ. Бірегей минерал-шикізат ресурстары бар Қазақстан талай оңдаған жылдар бойы үстем болып келген көзқарастар салдарынан көптеген әлеуметтік мәселелерді өз қаржысы есебінен шешуге қабілетсіз, дотация алушы республикаға айналды. Халық тұтынатын тауарлардың 44 %-ға жуығы сырттан әкелінеді, халықтың жан басына шаққанда ақылы қызмет көлемі нормативті деңгейдің 40 %-дай болып отыр.

Табиғи ресурстарды игеруге тар өрісті ведомстволық, дәлірек айтқанда, жыртқыштық көзқарас шикізаттың құнды компоненттерінің мүлдем жойылып кетуіне, едәуір жер көлемінің қалдықтар үюге, полигондарға алынуына әкеліп соқтырды және т. т. Қажетті табиғат қорғау шараларынсыз аймақтарды қарқынды игеру бірқатар жерлерде экологиялық жүйенің біржола бүлінуіне, экологиялық апат аймақтарының көбеюіне душар етті. Көптеген өзендер мен айдындардың суы ластанған.

Басқаруды тым орталықтандыру, одақтық министрліктер мен ведомстволардың өктемдігі халық шаруашылығы құрылымының елеулі түрде бұзылуына, өндіруші өнеркәсіптің басым дамып, өңдеуші салалардың елеулі артта қалуына әкеліп соқтырды. Ал ғылымды көп керек ететін және жоғары рентабельді салаларға – машина жасау, жеңіл және тамақ өнеркәсібіне келетін болсақ, республикада олардың үлес салмағы еліміздегі ең төмен деңгейде (КСРО бойынша 61 %-бен салыстырғанда 46 %).

Халықтың жан басына шаққандағы жеңіл өнеркәсіп бұйымдары КСРО бойынша орта есеппен алғандағыдан 2 есе дерлік, Белоруссиядағыдан – 3,4 есе, Литва мен

Латвиядағыдан – 4 есе дерлік және Эстониядағыдан 5 есе дерлік кем өндіріледі. Айта кетелік, бұл республикалар үшін ең қолайлы жағдай жасау режімі өз кезінде әбден орынды деп саналып келген болатын.

Республикадан сыртқа тасып әкетілетін өнімнің құрылымында шикізат 70 %, жартылай фабрикааттар 12 % болып отыр, ал әкелінетін дайын өнімнің көлемі ақшаға шаққанда сыртқа тасылатын өнімнен екі есе дерлік артық. Мәдени-тұрмыстық және шаруашылық тауарларын шығаруда басқа республикалардан елеулі артта қалып келеміз.

Аграрлық-өнеркәсіптік кешен салаларын дамытуда да сәйкессіздіктер тым зор. Жыл сайын республикадан өңделмеген күйінде 10 млн тоннаға дейін астық, дайындалатын былғары шикізатының 60 %-ға жуығы, жуылған жүннің үштен екі бөлігіне жуығы және т. б. сыртқа шығарылады. Ал осы шикізаттан 3 млрд сомның дерлік халық тұтынатын тауарларын өндіруге болар еді.

Экономикалық дербестік жалпы алғанда не үшін қажет? Ол не береді? Осының бәрі не үшін істеліп жатыр? – деген сұрақтар жиі қойылады.

Мақсат мейлінше айқын, ол – қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыру. Дербестікке жекелеген республикалар, соның ішінде біздің республика ғана емес, сондай-ақ жалпы еліміз де мүдделі. «Партияның қазіргі жағдайдағы ұлт саясаты» атты КОКП тұғырнамасының жобасында атап көрсетілгеніндей: «Кеңестік федерацияның негізіне алынған басты идея жалпы жұрт таныған: күшті Одақсыз күшті республикалар жоқ, күшті республикаларсыз күшті Одақ жоқ дейтін формуламен білдіріледі».

Экономикалық дербестік өндірістік және ғылыми-техникалық әлеуетті тиімді пайдалануға, республика аймақтарының әлеуметтік даму деңгейін теңестіру міндетін шешуде алға басуымызға, халық шаруашылығының оңтайлы құрылымын жасап, оның шикізаттық бағытынан айнуға мүмкіндік береді. Ал ең бастысы – әрбір еңбеккердің, әрбір кәсіпорынның, аудан мен облыстың еңбек нәтижесі үшін жауапкершілігін арттырады. Өйткені игілік тек нәтижеге ғана байланысты болмақ.

Бастапқы кезде жаңа жағдайда жұмыс істеуге XIII бесжылдықтың басынан бастап көшпекші болғанымыз мәлім. Алайда қоғамдық үдерістердің, әсіресе, халық депутаттарының бірінші съезінен кейін, серпінді дами бастағаны соншалық, бұл жұмысты жеделдетуді өмірдің өзі талап етті. Жаңа бесжылдыққа белгілі бір тәжірибемен қадам басу үшін, шаруашылықты жүргізудің жаңа принциптерін тіпті келесі жылдан бастап-ақ байқап көру қажеттігіне бүгін таңда ешқандай күмән болмай отыр.

Әрине, республиканы өзін-өзі басқару және өзін өзі қаржыландыру принциптеріне көшіру – «сиқырлы таяқша» емес. Дегенмен ол халық шаруашылығына басшылықты одан әрі демократияландыру, жалпыхалықтық және аймақтық мүдделерді неғұрлым икемді ұштастыру, ұлтаралық қатынастарды үйлесімді ету үшін барлық деңгейде кең мүмкіндіктер ашып береді. Экономикалық егемендіктің автаркияға, томаға-тұйықтыққа ұмтылумен үш қайнаса сорпасы қосылмайды, қайта ол экономикалық және құқықтық реттегіштердің Одақ көлемінде де, сондай-ақ әрбір жекелеген аймақта да пайдаланылуын көздейді.

Біздің тұжырымдаманың аса маңызды іргелі принципі – ол Қазақстанның экономикалық дербестігі мәселелерін еліміздің біртұтас халық шаруашылығы кешені шеңберінде алып қарайды.

Екінші принципті мәселе – кәсіпорындардың экономикалық дербестігін одан әрі тереңдету, министрліктер мен ведомстволарды шаруашылық істерді тікелей басқарудан босату. Бұдан да батыл қадам жасалып, бүгінгі өндірістік министрліктердің орнына ерікті негіздегі алуан түрлі бірлестіктердің, қауымдастықтардың, концерндердің, консорциумдардың және басқалардың кеңінен дамытылуы да мүмкін. Мұның одақтық бағыныстағы кәсіпорындарға да қатысы бар.

Өзін-өзі басқару және өзін-өзі қаржыландыру принциптерінде экономика мен әлеуметтік салаға басшылықты қайта құру көп ретте экономиканы дамытудың жалпы мәселелерін шешуге, оның тиімділігін арттыруға, қаржы жүйесін сауықтыруға, тауар-ақша қатынастарының теңдестірілуіне қол жеткізуге, аграрлық-өнеркәсіптік кешенді өрге бастыруға байланысты. Мұнда біз атқарар жұмыстың ұшы-қиыры жоқ!

Істің жайына жасалған талдау дереу шешуді талап етіп отырған елеулі проблемалардың бар екенін көрсетті. Өндіріс қарқынының өсуі, «Тұрғын үй-91» бағдарламасын шешудегі айтарлықтай ілгерілеу, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен сатып алудың ұлғайтылуы барысындағы оң өзгерістер бола тұра, тұтыну рыногындағы ахуал тым шиеленісіп кетіп отыр. Аса маңызды тауарлардың тапшылығы өсіп барады, тіпті таяу кездерде ғана жеткілікті болған бұйымдармен сауда жасауда іркілістер байқалып жүр.

Тек соңғы үш жылдың ішінде ғана бөлшек саудадағы тауар қоры 790 млн сомға азайып кетті. Синтетикалық жуу заттарының, кір сабын мен арзан иіс сабынның тапшылығы сақталып қалуда. Гурьев, Жамбыл, Семей облыстары және Алматы қаласы халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуде қол жеткен шептерінен айрылып қалды. Онсыз да «жұтаған» тұтыну рыногына ақшаның қысымы күшейе түсуде, «күйіп бара жатқан» ақшаның саны еселене түсуде.

Еңбек сіңірмей тапқан қаржының тасқынына мықты тосқауыл қоюдың, жалақы өсуінің есесін қажетті тауарлар өндіру көлемін ұлғайту арқылы толтырудың сәгі түспей отыр. Мұндай жағдайда шілде-тамыз айларында халық тұтынатын бұйымдар өндіретін қуаттарды салу қарқынының баяулап кеткенін қалай бағалауға болады? Басқарудың экономикалық әдістеріне және шаруашылық есептің екінші үлгісіне көшу, жалгерлік қатынастарды енгізу, ішкі шаруашылық есепті дамыту баяу жүзеге асырылуда.

Республиканы өзін-өзі басқару мен өзін-өзі қаржыландыруға көшіру жөніндегі міндетті, міне, осындай қиын жағдайда шешуге тура келеді. Бұған халық депутаттары жергілікті Кеңестері мен жоспарлау-экономикалық бас басқармаларының қолында аумақта шаруашылықты жүргізудің жаңа принциптеріне көшудің айқын бағдарламасы осы кезге дейін болмай отырғанын, олар қаржы жағынан сауықтыру, аймақтық экономиканың тиімділігін арттырудың ішкі резервтерін анықтау, облыстық деңгейдегі басқару жүйесін жетілдіру мәселелерін лайықты дәрежеде пысықтай алмай отырғанын қосу керек. Бұл жұмыс қалалар мен аудандарда да жүргізілмей отыр. Бәрі де жоғарыдан нұсқаулар, дайын ұсыныстар мен есептер күтуде.

Бұл жұмыспен сіздер үшін ешкім де айналыспайтынын түсінетін кез жетті, жолдастар. Оған дереу кірісіп, ғалымдарды, қалың жұртшылықты қоса тарту керек.

Республикалық экономика ғылымының аймақтық шаруашылық есептің әдіснамалық және теориялық мәселелерін талдап шешуге қосқан үлесі де мардымсыз. Қазіргі зерттеулер жеңіл-желпі сипатта болып отыр, сындарлы практикалық ұсыныстар аз, республиканың әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері толық дәрежеде ескерілмейді.

Орталық Комитет мүшелері қарсы болмаса, қаралып отырған тұжырымдаманың жобасын баспасөзде жариялаған жөн. Министрлер Кеңесінің айтылған ескертпелер мен ұсыныстарды, сондай-ақ кең көлемді талқылау нәтижелерін ескере отырып, оны жетілдіре түсуі және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің кезекті сессиясының қарауына енгізуі қажет. Сондай-ақ аймақтық басқаруды қайта құрудың мазмұнын, мақсаттары мен қағидаттарын түсіндірудің өрістетілуін, олардың еңбек ұжымдарында, шығармашылық одақтар мен ұйымдарда терең де жан-жақты талқылануын қамтамасыз ету керек.

Пысықталған құжатты КСРО Жоғарғы Кеңесіне енгізу керек. Тек КСРО заңы қабылданғаннан кейін ғана біздің тұжырымдамамыз күшіне енеді.

Партия комитеттері өрістетілген есеп беру-сайлау науқанын еңбек ұжымдарындағы істің жайына жан-жақты талдау жасау үшін толық дәрежеде пайдалануы, түбегейлі экономикалық реформаның нақты іске асырылуына объективті партиялық-саяси баға беруі, өндірістік қатынастарды қайта құруға бөгет жасап отырған себептердің бетін ашуы, аймақтарды аумақтық шаруашылық жүргізудің жаңа принциптеріне көшіру

жөніндегі жұмысты жандандырудың жолдары мен әдістерін белгілеуі керек.

Кеңестердің, олардың жоспарлау-экономикалық органдарының өз аумақтарындағы шаруашылықты басқарудағы, экономиканы әлеуметтік проблемаларды шешуге қайта бағдарлаудағы рөлін арттыру – маңызды міндет.

Республиканы өзін-өзі басқару мен өзін-өзі қаржыландыру принциптеріне көшіруді құқықтық жағынан қамтамасыз ету жөнінде үлкен жұмыс жүргізілуге тиіс. Одақ пен республиканың құзыретін және өзара міндеттемелерін айқын анықтау мақсатымен ғалымдар мен практиктерді, қалың жұртшылықты, соның ішінде қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың өкілдерін қатыстыра отырып, республика мен одақтық органдардың өзара қатынастарын реттеудің құқықтық тетігін қысқа мерзімнің ішінде әзірлеу қажет. Ұсынылып отырған тұжырымдама Қазақ КСР халық депутаттарының және халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің сайлауы жөніндегі республика Компартиясының саяси тұғырнамасының негізіне алынуға тиіс.

Депутаттыққа болашақ кандидаттарға сайлау алдындағы өз тұғырнамаларында аумақтық басқарудың жаңа жағдайларына көшуге байланысты пайда болатын экономикалық және әлеуметтік проблемаларды шешудің кең көлемді мүмкіндіктерін ескеруді ұсынған дұрыс болар еді. Жаңа тұжырымдама аймақтардың әлеуметтік даму деңгейлерін теңестіру, ұжымдарда тиісті еңбек және тұрмыс жағдайларын жасау міндеттерін жүзеге асыру ісінде оларға жақсы жәрдемші болатынына сенемін.

Республиканың экономикалық дербестігінің жаңа үлгісі орасан зор жауапкершілік жүктейді, жұмысты көбейтеді, бірақ сонымен бірге түпкі жоғары нәтижелерге жету үшін жағдайлар да жасайды. Міне, сол жағдайларды шебер әрі барынша толық пайдалану керек.

### **Жолдастар!**

Экономикалық қатынастарды өзгертудің басты мәні – оларға адамгершіл сипат беру. Алдағы жұмыстың түпкі қорытындысы – адамның игілігі, оған біз жол берілген қателіктерді түзей алғанда, социализмнің орасан зор әлеуетін миллиондаған адамдардың бақытты өмір сүруі үшін пайдалана алғанда ғана жете аламыз.

Осы үлкен, біз үшін принципті жаңа іске кірісе отырып, бастамалардың табысты болуы шешуші дәрежеде қоғамның моральдық көңіл-күйіне, өміріміздің экономикалық базисін өзгертуді адамдардың қандай оймен және қандай үмітпен қолға алатынына байланысты екенін түсінудің маңызы зор. Бүгінде бізге толық бірлік, рухани, адамгершілік күштерді толық топтастыру бұрынғы қай кездегіден де болсын қажет.

Міне, сондықтан да бүгінде коммунистердің негізгі міндеттерінің бірі – бар күш-жігерін, бар саналылығын адамдардың қалыпты өмір сүруі мен еңбек етуіне, өздерін туысқан халықтардың көпұлтты отбасының ажырамас бөлігі деп сезінуіне бөгет жасайтын кедергі атаулыны жоюға жұмылдыру.

Бүгінгі қауырт, турасын айтайын, мазасыз уақытта, адамдардың ұлттық белгісі бойынша жікке бөлінуіне, іргені ажыратуына жол бермеу үшін, ерекше қырағылық таныту керек.



Егер біз орасан зор жұмысқа кіріспей жатып, оны ұлтаралық жанжалдардың күл-қоқысы астына көміп тастайтын болсақ, ұрпақтар оны бізге ешқашан кешірмейді деп ойлаймын. Айтпақшы, Тәурат тарихында дәл солай болған деседі...

Қазір де кейбіреулердің қайта құру мұраттарын өздерінің өркөкірек пиғылдарына құрбан етуге әзір екені құпия емес. «Этностық тазалық» және «ұлттық басымдық» жайындағы лепірме сөздердің неге апарып соғатынын, кеңес халықтарының ұлттық «пәтерлер» бойынша ірге ажыратуын уағыздаушылардың адамдардың жан-дүниесіне көпке дейін жазылмайтын қандай жарақаттар салатынын айқын көріп отырмыз. Өздерінің не істеп жатқанын олар білмейді деп ойлау қиын. Керісінше болса керек. Сондықтан өз достығымыздың мөлдір бұлағын лайлаудың пасық әрекеттеріне батыл қарсы тұруымыз, өзімізді біріктіретін нәрселерді біртұтас майдан болып қорғап, аражігімізді ажырататын нәрселерді аулақ серпіп тастауымыз керек.

Сталиншілдіктің қылмыстары, жол берілген ауытқулар мен бұрмалаулар, ұлтаралық өзара қатынастардың лениндік қағидаттарының бұзылғаны туралы біз енді жақсы білеміз. Партия бастаған қайта құру кеселді проблемаларды айқындап қана қоймай, сонымен қатар оларды жоюдың жолдарын да көрсетіп берді. Ендеше, осы бағыттағы мақсатты жұмыстың орнына әр жерден бір өткір жанжалдар бұрқ ете қалып, ол аз болғандай, адамдар құрбан болатыны қалай? Жағдайға баға берудегі байыптылық, реализм қайда?

Осыған байланысты тілдер туралы заңның жарияланған жобасы жөніндегі өз көзқарасымды білдірмей тұра алмаймын. Оның үстіне, ол республикада қызу

талқылануда, баспасөз беттерінде әртүрлі пікірлер мен бағалаулар жарық көруде. Қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесін беру идеясына Қазақстанның көпұлтты бүкіл халқының іс жүзінде түсіністік пен қолдау көрсеткені ерекше қуантады. Бұл – біздің интернационалдық байланыстарымыздың құрыштай берік екендігінің тағы бір айғағы, көпұлтты Қазақстан жерінде туып-өскен кеңес адамдарының туысқан халықтың мұқтажы мен қам-қарекеттеріне терең ортақтасуының дәлелі. Бұл үшін үлкен рахмет, жолдастар! Қазақ ұлтының тілі өмір сүріп, дамуы үшін өмірлік маңызы бар осы мәселе жөнінде сіздер көрсеткен әдептілік пен түсіністікті қазақ халқы ешқашан ұмытпайды.

Заң жобасында орыс тілінің рөлі мен маңызы туралы нақ сондай жауапкершілікпен айтылған. Екінші бапта былай делінген: «Орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде Қазақ КСР-інің аумағында мемлекеттік тілмен қатар еркін қолданылады».

Сонымен қатар, талқылау барысында заң жобасының кейбір баптарына түрлі көзқарастар бар екені де анықталды. Атап айтқанда, 17-ші, 20-шы және 21-ші баптардың онша ойластырылмай тұжырымдалуы жұртшылықтың әділетті сын-ескертпесін туғызып отыр, онда, біздің ойымызша, оқу орындарын бітірушілердің, қызметкерлер мен басшылардың жекелеген санаттарының қазақ тілін білуі қажеттігі тым үзілді-кесілді айтылған. Өйткені В. И. Ленин тіл мәселесіне келгенде, ешқандай күштеудің болмауын және болуға тиіс еместігін ерекше атап көрсеткен еді ғой! Ал бізде қысым жасауға, аса күрделі проблеманы нақты жағдайды ескерместен бір сілтегенде шешіп тастауға ұмтылушылық айқын аңғарылуда. Тарих мұндай асығыстықты кешірмейтіні мәлім.

Мысалы, 17-ші баптағы «басшы... мемлекеттік тілді білуге тиіс» деген сөзді «ведомстволардың басшылары азаматтарды қабылдап, олармен ана тілінде сөйлесуді қамтамасыз етеді» деген сөздермен алмастыруға болмас па еді? Бұдан істің мәні өзгермейді, оның есесіне тұжырымның күштеушілік сарыны жойылады.

Оқу орындарын бітірушілер жөнінде де осыны айтуға болады. Бүгінде оныншы сыныпта немесе институттың бесінші курсында оқи бастағандардың аттестатына немесе дипломына қазақ тілінен баға қойылуы әділетті бола қояр ма екен? Әлбетте, әділетті болмайды. Егер бұл ереже қазіргі бірінші сынып оқушыларына немесе бірінші курстың студенттеріне қолданыла бастаса, онда бұл бір басқа. Олардың тілді оқып-үйренуі үшін уақыты жеткілікті болады.

Бір сөзбен айтқанда, жобаны әзірлеу жөніндегі комиссияның әлі де табандылықпен жұмыс істеуі, жұртшылық пікіріне сәйкес қажетті түзетулер енгізуі керек. Республика Жоғарғы Кеңесінің депутаттары да заңды бағалауға осындай жауапкершілікпен қарап, жетілдірілмеген, күмән туғызатын құжат қабылдануына жол бермейтін болады деп ойлаймын. Мұндағы басты өлшем тілді оқып-үйренуде күштеудің зәредей де емеуріні болмауы, ал оның үстіне – тіл белгісіне қарай адамдарға қандай да болсын кемсітушілік жасалмауы тиіс. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті осы талапты табандылықпен ұстанатын болады.

Қазақстанды мекендейтін халықтар отбасына жік салу немесе тіпті зәредей де болсын жатсыну белгісін туғызу ешкімнің қолынан келмейтінін турасынан ашық айту керек. Солақайлықпен асыра сілтеуге әуестенушілердің де, ашық консерваторлардың да, ал соларға

қосылып алып социализмге қарсылық тұрғысынан қайта құруға тиісіп жүргендердің бәріне де оны бүлдіріп, даттауына жол беріп қоймаймыз.

Сіздердің атыңыздан, жолдастар, республиканың партия ұйымы елімізде социализмді түбегейлі жаңартудың күрделі проблемаларын шешуге, ұлтаралық қатынастарды сауықтыруға барлық күшін жұмсайды деп партиямыздың Орталық Комитетін, оның Саяси Бюросын тағы да сендіруіме рұқсат етіңіздер. Осынау ғаламдық міндеттер партияның басшылығымен ғана, республикалардың КСР Одағы құрамындағы экономикалық және саяси егемендігі негізінде ғана іске асырылуы мүмкін екеніне сенімдіміз.

**КСРО Орталық Комитетінің пленумында  
«Қазіргі жағдайдағы партияның  
ұлттық саясаты туралы»  
тақырыбында**

## **СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Мәскеу қаласы,  
1989 жылғы 19 қыркүйек

### **Жолдастар!**

Партия тұғырнамасының жобасы біздің федерациямызда жаңа өзара қатынастар жасаудың жақсы негізі болып табылады, жанжалдардан жасампаздыққа қарай бет бұру жолдарын белгілейді, ал олар елімізде жүріп жатқан қайта құруға өте-мөте қажет.

Шешен-Ингушетиядан сайланған халық депутатының сөзі жүрегімізге қатты батқанын жасырмаймын, ол КСРО Жоғарғы Кеңесі сессиясының мінберінен бізден Жаңаөзендегі оқиғалар үшін кешірім сұрауды талап етті. Республиканың атынан мен кешірім сұраймын,

бірақ ол Қазақстаннан өз еркінен тыс кетуге мәжбүр болған адамдардың жан-жүрегіндегі өкініш сезімін баса алар ма екен.

Бірақ осы парызымды орындап, мынаны сұрағым келеді: қазақ халқының туған жері зорлықпен ЛАГББ (ГУЛАГ) филиалдарына айналдырылғаны үшін одан кім кешірім өтінеді? Күшпен басқа жаққа қоныс аударылған, өзіне және өзінің балаларына біздің даламыздан баспана іздеуге мәжбүр болған миллиондаған адамдардан кім кешірім өтінеді? Меймандостықтың ғасырлар бойғы дәстүрлерін қастерлеп құрметтейтін қазақ халқы сталиншілдік қаңғыртып жіберген осы адамдардың, оның ішінде шешендер мен ингуштардың Қазақстанда екінші отанын табуы үшін қолдан келгеннің бәрін істеді. Бірақ үйлесімді, алаңсыз өмір сүрудің негізі әуел бастан аяусыз зорлық-зомбылық, жантүршігерлік адам қасіреті болса, арада ондаған жылдар өткенімен, оған қол жеткізу мүмкін бе? Қазір де әлі бәрі бірдей келмеске кете қойған жоқ. Әрбір халық жеке алғанда және бәріміз бірге ортақ бір жауымыздан – төрешілдік ұлтшылдықтан туындап жатқан нақты қауіп-қатердің күйреткіш ықпалын бастан кешіріп отырмыз. Біздің барлық, ең алдымен, әлеуметтік проблемаларымыз нақ соның ықпалымен айқын ұлтшылдық сипатқа ие бола бастады. Басқарудың қатаң орталықтандырылуы, орталық министрліктер мен ведомстволардың құдіретті өктемдігі біздің Одақты іс жүзінде унитарлық мемлекетке айналдырып жіберді.

Осыған байланысты біздің федерациямызды жаңғырту жөніндегі кезек күттірмес шараларға тоқталсам деймін.

Қазақстанда әскери ведомстволар ғана миллиондаған гектар жерді шаруашылық айналымынан шығарып тастады. Біздің аумағымызда, міне, 40 жылдан бері ядролық қару толық ауқымда сыналып келеді. Жұртшылықтың оны тоқтату талаптары елеп-ескерілер емес. Уранның қарқынды түрде өндірілуі душар ететін зардаптар халыққа беймәлім. Әрине, мұның бәрі тұтастай еліміздің мүдделерін қорғау үшін қажет, бірақ адамдарға осы қажеттілікті түсіндіру, онымен байланысты шығындардың орнын толтыру керек қой. Алайда ондай ештеңе істеліп отырған жоқ. Өктем шешімдердің әй-шайсыз қабылдануы халықтың ұлттық ой-сезімін қозғамай тұра алмайды. Қысқасы, бізге жер және жер пайдалану туралы заң ауадай қажет.

Республикалардың экономикалық дербестігін халықаралық шаруашылық келісімдерін жасау құқығына дейін кеңейтетін заң актілері жайында да осыны айту керек. Ал әзірше сыртқы аренада біз сондай бейшара күйдеміз. Біздің халықаралық келісімдер жасау мүмкіндіктеріміз Остап Бендердің мүмкіндігінен кең емес, ал оның коммерция шеңбері «мүйізбен және тұяқпен» шектелгені белгілі. Бізде осы «ассортименттен» басқа тағы да стандартсыз шикізат пен қайталама ресурстардың жекелеген түрлері бар екені рас, бірақ оларға әзірше орталық ие. Пайдалы қазбалардың бірегей қазынасы бар республика үшін мұндай жағдай қорлық емей немене?

КОКП тұғырнамасында одақтас республикалардың өз жеріне, оның қойнауына, орман мен су және басқа да ресурстарға ие болу, оларды меншіктеу құқығын осы байлықтардың бәрін пайдалану құқығымен неге толықтырмасқа? Мұндай шешуші құқықсыз республи-

каның егемендігі декларациядан басқа түк емес. Аса ірі шикізат аймағы – Қазақстан үшін бұл принципті мәселе. КОКП тұғырнамасында жергілікті органдарға экономикасының теңдестірілмеуі үшін, олардың өзі кінәлі-міс деп айып тағылуы түсінбеушілік туғызады. Басқалар үшін айтпай-ақ қояйын, бірақ өндіруші салаларды басым дамытудың осы қатаң бағыты Қазақстанға әрқашан орталықтан күшпен таңылып келді.

Мұны бір-бірімізді күстәналау үшін емес, бүкілодақтық экономиканы дамытудың қазіргі күрделі кезеңінде жекелеген республикалардың «масылдығы» туралы ойдан шығарылған тезиспен қатар оларды қамтамасыз етуді әрқашан дерлік дұрыс түсіне бермейтінімізді, ал бұл саяси жағдайды тек қана шиеленістіре түсетінін атап көрсету үшін айтып тұрмын. Біздің баға белгілеуіміз сындарлы жүйеден гөрі қисық айналар патшалығын көбірек еске түсіретін жағдайда кімнің ұлттық табысын кім «жалмап» жатқанын талқылау, бері салғанда, үстірттік. Республикаларға федерация шеңберінде толық экономикалық дербестік беру қажет. Сонда «федерация» деген ұғымның өзі де шын лениндік мәнге ие болады.

Қазіргі кезеңде Одақтың меншігінде қорғаныс салалары, коммуникация құралдары қалуға тиіс, ал арқаулық салалардың кәсіпорындарына иелікті республикаларға беру керек әрі оларды республика және КСРО министрлігі бірлесіп басқаруы керек деп есептейміз.

Саяси дербестікке келетін болсақ, ол Конституцияда айқын белгіленген нақты шекте болуға тиіс. Мұнда асыра сілтеудің болмауы, елді орталықсыздандыруға, қиын-қыстау шекке дейін жеткізбеу маңызды, ал бұл шектен кейін анархия басталады. Қазіргі тауар



тапшылығының аса қиын жағдайында орталықтың үйлестірушілік рөлінен айрылуы қолда бар кооперативтік байланыстардың үзілуіне, өзара өкпе-реніштерге, республикалар арасындағы жанжалдарға апарып соқтырады.

Партиялық ішкі қатынастарды орталықсыздандырудың толғағы жеткен мәселелеріне де осындай сарабалдықпен, абайлап қарау керек. Іс жүзінде демократиялық централизм өзінің қосбірлікті диалектикалық мәнін әлдеқашан жоғалтқаны, демократияға нұқсан келтіріп, централизм жағына қарай күрт ауғаны құпия емес. Мысалы, партиялық бюджеттің әрбір сомын жұмсауға тек қана орталықтың қол қоятыны шынымен-ақ қалыпты жәйт пе? Ал партиялық ішкі өмірдің кадрларды іріктеу және орналастыру сияқты саласын алайық. Мұнда орталық аппарат тарапынан бұрынғысынша қатал өктемдік, сенімсіздік сезілуде. Баламалы сайлау жағдайында, мысалы, облыстық комитеттердің хатшыларының кандидатураларын Орталық Комитетте келісу практикасы анахронизмге айналғаны анық. Бірақ біз бұған үйреншікті әдет бойынша көз жұма қараймыз. Мұндай мәселелерді одақтас республикалар Компартияларының Орталық Комитеттеріне сенетін кез келді, олардың құқықтарын едәуір кеңейту қажет.

Алматыда 1986 жылғы желтоқсанда болған белгілі оқиғалардың себептеріне талдау жасағанда, біздің пікірімізше, экстремистік бас көтерулерге көп ретте арандатқан аса маңызды бір жағдай турасында осы кезге дейін ұялшақтап, жұмған аузымызды ашпаймыз. Мен Компартия Орталық Комитетінің осы оқиғаның алдында болған пленумын айтып тұрмын. Бұл пленум тоқырау кезеңінің нашар дәстүрлері үлгісімен

өткізілді, республика партия ұйымының аса маңызды мәселесіне – Орталық Комитеттің бірінші хатшысын сайлауға арналған ол тура 18 минутқа созылды. Геннадий Васильевич Колбиннің кандидатурасына ешкімнің ешқандай қарсылығы болмағанын, тек ең болмаса партия активінің пікірін де толық елемеушіліктің ашу-ыза туғызғанын айтуға тиіспін. Адамдармен ақылдасып-келіспестен, қол көтеру арқылы қабылданған шешімнің республикада теріс пікір туғызғаны табиғи жәйт. Оны ұлтшылдық пиғылдағы элементтер дереу пайдалана қойды.

Айтқандайын, мұндай волонтаризмге біз Қазақстанда талай рет тап болдық. 1979 жылы Целиноградтағы бұқаралық толқу да облыс аумағында неміс автономиясын құру туралы мүлдем әзірленбеген, жасырын қабылданған шешімге байланысты туды, сонан соң оның дереу күшін жоюға тура келді.

Қазақстан жөніндегі белгілі қаулыны да нақ осындай асығыс, ойластырылмаған іс-қимылдардың қатарына жатқызу керек. Онда тек дәйексіз тұжырымдарға ғана емес, сонымен бірге, халықты қорлайтын тұжырымдарға да жол берілген. Мысалы, «қазақ ұлтшылдығы» деген ұғым айтылған. Бірақ, тегінде, қандай да болсын тұтас халықтың бойында адамгершілікке жат осындай қасиет болуы мүмкін бе? Мүмкін емес екеніне кәміл сенімдімін. Әрі ұлттық демократияның болмайтыны сияқты, қазақ, орыс, өзбек, латыш және т. б. ұлтшылдығы да болуы мүмкін емес.

Республика коммунистері мен жұртшылығының пікірін білдіре отырып, Орталық Комитеттен қазақ халқының ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның интернационалистік мәніне көлеңке

түсіретін қаулының осы қате қағидаларын қайта қарауды өтінемін.

Мүлдем қисынсыз өктемдіктің мысалдарын шексіз келтіре беруге болар еді. Сонымен бірге, ол керемет түрде жігерсіздікпен және енжарлықпен ұштастырылып отырғанын атап өтпеуге болмайды. Коммунистер мынадай сұрақты әділ қойып отыр: КОКП Орталық Комитеті, еліміздің Жоғарғы Кеңесі, үкіметі кеңес республикаларының бірлігіне, интернационализм ісіне нақты қауіп төндіріп отырған оқиғаларға тұтас жыл бойына принципті баға бермегені неліктен? Кеңес Одағы Коммунистік партиясына соқтығушылыққа үнсіз төзуіне не себеп?

Кеңес Одағының Коммунистік партиясы – бөлінбейтін саяси организм, оның тұтастығы – біздің көпұлтты социалистік мемлекетіміз күш-қуатының кепілі.

Бүгіндері «этностық тазалық» дейтінді өрепкі жақтаушылардың, «ұлттық басымдықтың» идеясын уағыздаушылардың кейбіреулері белгілі бір ұлттардың барлық қырсықтарын оп-оңай аударып салатын ішкі жаудың тұрақты бейнесін адамдардың санасына сіңіруге бар күшімен тырысып отырғаны құпия емес. Сол бейнені орыс халқына телу, сталиншілдіктің барлық күнәсін нақ соған таңуға тырысу әрекеттері бізді алаңдатпай тұра алмайды. Ондай әрекеттердің астары айқын. Ол – орыс ұлтының топтастырушы маңызын кеміту, орыс халқын еліміздегі көптеген ұлттармен және ұлыстармен байланыстырып отырған достық пен туысқандықтың ғасырлардан келе жатқан дәнекерлерін әлсірету, біздің Одағымызды ыдырату. Біздің ұлы Отанымызды әлсіреткісі келетіндердің аңсаған арманы осы емес пе екен? Біз бұған келісе аламыз ба, оған жол бере аламыз ба?

Қазақ халқы он сегізінші ғасырда, өзіне толық құрып кету қатері төнген кезде Ресейден көмек сұрап, онымен өз тағдырын байланыстырды. Әннен сөзді алып тастауға болмайтыны сияқты, тарихтан да патша өкіметінің отаршылдық саясатынан туындаған жүз жылғы езгіні шығарып тастай алмайсың, біздің халық «ақтабан шұбырынды» кезінде, қазақ ұлты құрып кете ме, жоқ па деген мәселе тұрған кезде Ресейдің қолұ шын бергенін ұмытқан жоқ.

Ресеймен достық – біздің өткендегі тарихымыз ғана емес. Ол бүгінгі таңда да экономикалық дамудың ғана емес, сондай-ақ болашақта біздің жерімізге ықтимал (кім білсін) қол сұғылмауының кепілі болып отыр. Бұл туралы бәріміздің ойланғанымыз артық болмайды.

Баршамыз соншалықты ынтызар болып отырған демократия мен жариялылық халықтар арасында есе қайтару үшін негіз болмауға тиіс; ғасырлар бойғы дәнекерлерді үзбей, қайта оларды нығайтуға тиіс – қайта құру бізді осыған шақырады. Ал біз қазір «достық», «туысқандық», «отан», «патриотизм» деген сөздерді айтудың өзіне қысылатын болдық.

Сондай-ақ ұлттық тілдердің проблемасына тоқтала кетсем деймін. Халықтардың өз тілін құрдымға кеткелі тұрған жерінен құтқарып қалуға деген жалынды тілегін түсінбеске болмайды. Мұндай нақты қорғанысты адамдар түбегейлі шарадан – ұлт тілдеріне мемлекеттік мәртебе берілуін заң жүзінде бекітуден көріп отыр. Республикаға аты берілген халықтың тілін мемлекеттік тіл деп жариялай отырып, оның аумағында тұратын барлық басқа ұлттар тілдерінің еркін дамуына да заң жүзінде кепілдік беру қажет.

КСРО Конституциясының қайта қаралатынын ескере отырып, жаңа редакцияда орыс тілін кеңес мемлекеті халықтарының ұлтаралық қатынас тілі деп міндетті түрде жариялау керек.

Қорыта келе айтарым: бүгінгі таңда жағдай қаншалықты күрделі болса да, алға қойылған мақсатқа жету жолында бізге қандай қиыншылықтар кездесе де, адамдардың басым көпшілігі қайта құруға бізде балама жоқ екенін айқын түсінеді. Не біз оны, былайша айтқанда, жеңіске дейін жеткіземіз, немесе тоқырау тұйығына қайтып ораламыз. Сондықтан Қазақстан коммунистерінің КОКП Орталық Комитетіне, Саяси Бюроға аманаты – белгіленген жұмыстарды батылырақ жүргізе беру.

КСРО халық депутаттарының  
II съезінде

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Мәскеу қаласы,  
1989 жылғы 13 желтоқсан

### Құрметті депутат жолдастар!

Қайта құру барысында өмір бізді басым бағыттарды, күшімізді жұмсайтын басты орындарды іздеп, табуға мәжбүрлеуде. Бүгінгі таңда экономика – негізгі буын. Сондықтан қазір ең басты нәрсе – дамудың мейлінше түбегейлі, сонымен қатар, қазіргі өмір шындығына сай келетін неғұрлым оңтайлы жолын таңдау.

Экономикамызды жылдам теңдестіре алатын еркін нарыққа дереу көшу керек деген дауыстар естіліп жүр. Әрі бұл идеяны жақтаушылар өндірісті ұйымдастыруды капиталистерден үйренуге шақырған болатын

деп В. И. Ленинге сілтеме жасайды. Иә, оның бұған шақырғаны рас, алайда ол ескірген емес, озық тәжірибені айтқан болатын. Ал бізді еркін бәсеке дәуіріндегі капитализмге қарай тартуда. Бұл болған нәрсе, бірақ өндіріс күштер дамуының мүлдем басқа деңгейінде болды, ал кезінде оның немен тынғанын білеміз. Оның үстіне, біздегі астам монополия, тапшылық жағдайында бұл жол қалыптасқан өндірістік байланыстардың бұзылуына, бағаның шырқап өсуіне апарып соғатыны сөзсіз.

Осы тұрғыдан алғанда, КСРО үкіметі ұсынған экономиканы реформалау тұжырымдамасының жобасы негізінен қолдауға лайық деп ойлаймын. Алайда оның кейбір тұжырымдарын сынға алмай болмайды. Тым болмағанда біздің республиканың ерекшеліктеріне байланысты жерлерін сынауға тура келеді.

Естеріңізде болса, КСРО халық депутаттарының бірінші съезінде мен жалақы мен еңбек өнімділігі өсуінің арақатынасына бақылау жасаудың әкімшілік әдістерін қатты сынағанмын. Орталық ведомстволардың кейбір басшылары маған ренжіп те қалды, ал онысы бекер енді. Өйткені еңбексіз табылған ақшаның айналымға қосылуы азайған жоқ, қайта, керісінше, өсе түсті. Жалақы – өнімнің өзіндік құнының құрамдас бөлігі. Оны пайдамен шатастыруға, бірдей мөлшерде үдемелі салық салуға бола ма екен? Қазақстан кәсіпорындарының көптеген директорлары «Правда» газетіндегі «Іскерлік клубына» жиналып, бұл салықты жалақыға контрибуция деп өте дәл атады. Ал, ең бастысы, бізде жалақы қоры бұрынғысынша атышулы сом есебіндегі жалпы көлемге телініп отыр. Бағаның өсуі, өнімнің арзан түрлерінің азайып кетуі де осыдан. Нақты өнім шығарудың бұрынғы деңгейі сақталып

отырған жағдайда ғана емес, сонымен қатар, көбіне ол азайып отырған жағдайда жалақының көбеюі де осыдан.

Партияның XXVII съезінде экономиканың өсімі мен тиімділіктің артуының жалған қарқынымен еселене түсуінің құпиясы батыл әшкереленген еді. Содан бері төрт жыл өтті, ал біз не көріп отырмыз? Бізде тауардың жан төзгісіз жалпы көлемі қайтадан «атқа қонған». Ұлттық өнім көрсеткішін пайдалану жөніндегі шешім немқұрайды орындалуда. Турасын айтқанда, қайта құруға қарсы осындай жағдай XIII бесжылдықта да сақталар ма екен?

Экономикалық реформаның даусыз ережелерінің бірі мынада: өндірістің тиімділігін арттыру, халықтың әл-ауқатын жақсарту аймақтардың дербестігі мен ынта-ықыласын күшейтумен тығыз байланысты. Алайда КСРО халық депутаттарының бірінші және екінші съездері аралығындағы кезеңде бұл тұрғыдан алғанда өзгере қойған нәрсе шамалы, басқаруды орталықсыздандыру үдерісі бәсеңдеп қалды. КСРО үкіметінің баяндамасынан біз республикаларға үлкен құқықтар беру қажеттігі жайындағы жалаң сөздерді ғана естідік. Бірақ ұсынылып отырған нақты шаралар, керісінше, орталықтаңдыруды күшейте түсуде. Баяндаманың сыртқы рынокқа шығаруға болатын өнімдерді орталықтың лицензиялауы жайындағы тезисін осылай деп түсінуге болады. Бояуын тым қалыңдату болар деп қауіптенбей-ақ айтайын, мұндай көзқарас – бұрынғы әкімшілік әдістердің қорынан алынған және онымен келісуге болмайды. Мұны дәлелдеу үшін мысал келтірейін.

Ақтөбе облысындағы кен байыту комбинаты КСРО-да өндірілетін хром рудасының 95 % береді.



Оның 1 тоннасы үшін комбинатқа 27 сом төлейтін баға белгіленген. КСРО Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі руданың 1 тоннасын шет елдерге 100 инвалюталық сомға сатады, бұл – сомның сатып алу қабілетін ескергенде, алғашқы бағадан кемінде 23 есе артық. Ал Балқаш мысы жөніндегі айырмашылық 16 есеге жетеді. Әрі мұндай мысалдар аз емес. КСРО Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі бұдан түсетін валютадан кәсіпорынға да, аймаққа да ешнәрсе бермейді. Мұны тапа-тал түсте тонағандық деуден басқаша атай алмайсың. Осы министрлік, лицензиялау құқығын пайдаланып, енді тіпті біздің съездің атынан кәсіпорындардың сыртқы экономикалық аренаға шығуға тырысқан әрекетіне жол бермейтін болады. Республикаларды одақтық ведомстволардың қас-қабағына қарату әділдік пе? Бүгінде олар лицензия бере тұрар-ау, ал ертең – көңілі келсе көл, көңілі келмесе шөл, «маңғыт, аузыңа саңғыт» деп шыға келмей ме. Әріптестермен ұзақ мерзімдік келісім мұндай волонтаризмге төзбесе керек.

Бізде шығыстағы аудандарды шикізат базасы деп атау әдетке айналған. Бірақ осы базаны өз қолымен жасап отырған біздің шахтерлердің, кеншілердің, мұнайшылардың тұрмысына қарап көріңіздерші. Орталық ведомстволар басшыларының ішінде республикаларда әлеуметтік мәселелерді шешуді басым бағыт деп есептейтіндер бар ма екен? Ресурсқа соншалық бай өлкені ата-бабасынан мұра ретінде сақтап қалған халыққа оның тұрмыс деңгейі, еліміздің көптеген басқа аймақтарына қарағанда, неге төмен екенін қалай түсіндіруге болады?

Біз Қазақстанда түбегейлі экономикалық реформа жөніндегі өз тұжырымдамамызды әзірлеп жатырмыз. Ол жаңа және, біздің ойымызша, іргелі негіздерге сүйенеді. Осы тұжырымдама бойынша меншіктің әртүрлі пішіндерінің және нарықтық қатынастардың таралуына нарықтық жағдайға неғұрлым бейім өндірістік құрылымдар мен технологиялық концерндер құру көмектеспек. Бұлар әртүрлі министрліктердің кәсіпорындарынан құрылып, экономиканың берік негізін қалайды, ведомстволардың өктемдігі мен өндірушінің монополиясын күйретеді, ірі өнеркәсіп өндірісі жағдайында өндірушілердің өз еңбегінің нәтижелерінен шеттетілуін жоюға мүмкіндік береді. Одақтық министрліктердің қарсылығына қарамастан, олардың кәсіпорындары осындай концерндер құра бастады.

Ұсынылып отырған құрылым шеңберінде өндіріс көлемі мен өнім түрлерін белгілеген кезде, өнім өндіруші мен тұтынушының арасында байланыс орнатылған жағдайда ұжымдық меншік пен кәсіпорындардың толық дербестігіне көшу барынша ыңғайлы. Мемлекеттің де салық салуды реттеуіне ыңғайлырақ болады. Біздің тұжырымдамамыз өнімге емес, өндіргіш күштерді дамытуға орталықтандырылған басқаруды құруды көздейді, ол республикалық технологиялық кешеннің сапалық күйін жақсартуға бағытталған.

Мұндай жағдайда социалистік экономиканың өзекті проблемасы шешіледі – жоспар мен шаруашылық есептің бірігуіне қол жеткізіледі. Ойға алған ниетті жүзеге асыру үшін республикалардың федерация шеңберіндегі толық экономикалық дербестігі, өз аумағына меншік құқығы болуы керек, орталықпен, ведомстволармен, шетелдік әріптестермен өзара қатынасында кепілдік еркіндігі қажет.

Өз еңбегімен тапқан қаржыны одақтық ведомстволардан қолын жайып сұрау еңбек ұжымдарын әбден мезі қылғанын ашық айтқым келеді және де олар істі өз қолдарына алған соң бұл қаржыны тиісінше пайдалана алатынына сеніңіздер. Мысалы, бізде Батыс Қазақстанның мұнай және газ конденсатының орасан зор қорларын жергілікті жерде өңдеуге мүмкіндік жоқ. Егер аймақты өз күшімізбен дәстүрлі кесте бойынша игеретін болсақ, алға қойған міндетті үш мыңыншы жылы ғана орындай алмақпыз. Сондықтан біз Батыс Қазақстанда еркін экономикалық аймақ құру туралы мәселенің толғағы жетті деп есептейміз. Міне, 20 жылдан бері өнім алынып келе жатқан аса бай Жарма полиметалл кен орны де осылай деуге болады. Алайда бұл жерде көзге көрінерлік нәтиже әлі күнге дейін жоқ.

Ұсынылып отырған тұжырымдама жобасына сәйкес базалық салаларға көңіл бөлу бәсеңдейтіндіктен де мұндай көзқарастың көкейкесті сипаты бар. Біз халықтың тұрмысын жақсартуға бағдарланған осынау объективті қажет шараны түсінеміз. Дегенмен, бұл орайда базалық салалардың шоғырлануы барынша жоғары Қазақстанның экономикасы сөзсіз ақсайтынын да жақсы түсінеміз. Республикалардың шығындарын барынша азайту үшін, тым болмаса өндірістің жинақталып қалған сан миллиардтаған қалдықтарын өңдеуге шетел капиталын тарту, сондай-ақ мемлекеттік тапсырысты 70–80 %-ға дейін кеміту қажет. Қалған өнім ұжымдардың толық билігінде қалуға тиіс. Бұл жергілікті жерлерде әлеуметтік проблемаларды да тезірек шешуге мүмкіндік береді.

Белоруссияға, Литваға, Латвияға, Эстонияға шаруашылықты дербес жүргізу құқығының берілуі өзінің

қисынды жалғасын талап етеді. Елімізде экономикалық қатынастардың үйлесімділігі нақты шындыққа айналуы үшін, осындай көзқарасты барлық республикаларға тарату қажет.

Егер КСРО Жоғарғы Кеңесі таяудағы айлардың ішінде меншік, жер, салық және баға туралы заңдарды қабылдамайтын болса, егер баға қайта қаралмайтын болса, онда шаруашылық есеп, аймақтық өзін-өзі басқару, селодағы мердігерлік туралы әңгіме қозғап керегі не? Заңдардың бұл жиынтығынсыз тауар-ақша қатынастарын кеңейту, республикааралық өзара пайдалы байланыстарды қамтамасыз ету мүмкін емес, елімізде пәрменді нарық құру және жердің, фабрикалардың, зауыттардың шын мәніндегі қожайыны болу мүмкін емес.

Қайта құру – ұйымшылдыққа, аймақтық мүдде мен еліміздің ортақ мүдделерін ұштастыра білуге елеулі сын. Ол экономиканың құрылымында шұғыл өзгерістер жасауды талап етеді, ал бұған көп қаржы керек. Сондықтан да қайта құру – өте қымбат бастама. Ал біз еліміз үшін осы күрделі жағдайда не істеп жатырмыз? Ереуілдерге шақырамыз, мемлекеттік заңдарға қарсы дауыс береміз, ұжымдық өзімшілдікті ашықтан-ашық қолдаймыз, тіпті кейде ұлтаралық қақтығыстарға арандатамыз.

Осының бәрі қайта құруға ауыр соққы болып тиеді, миллиондаған қарапайым адамдардың ол табысты болады дейтін үмітін үзеді. Қызбалық кейде шындықты көруге кедергі жасайды, жағдай талап етіп отырған жерде орталықтың тиімді ықпалын қиындатады. Елімізде тәртіп нашарлап кетті, оған директорларды сайлап қоюдың әмсе дұрыс бола бермейтін практикасының тигізген салқыны аз емес.

Батыс елдерінде болып қайтқан халық депутаттарының онда демократия заңдар шеңберінде қатаң түрде жүзеге асырылатынына көздері жетті. Мемлекет басшыларына халық пен мемлекет мүдделері талап еткен кезде дереу қимыл жасау өкілдіктері берілген, КСРО халық депутаттары бұл жөнінде ойлануы керек. Егер біз тұйықталуды жойғымыз келсе, елімізді дүниежүзілік экономика жүйесіне қосқымыз келсе, одақтық ведомстволардың республикалар жөніндегі кертартпалығынан құтылғымыз келсе, бәрін орталықтан бөлу практикасын түбірінен өзгертіп, республиканың егемендігін практикалық мәнмен байыту қажет.

Алматы қаласының  
жастарымен кездесуінде

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,  
1990 жылғы 17 қаңтар

Бүгінгі әңгіме барысында мен Қазақстандағы қайта құрудың көкейкесті проблемаларына тоқталып, республикада және елде болып жатқан күрделі де алуан түрлі үдерістерге деген өз көзқарасымыз жайында сөз етіп, сіздерді толғандырып жүрген сұрақтарға жауап қайтарғым келеді.

Қазір бірінші кезекте атқарылар істерден бастайын. Бұл, әрине, экономика. Проблемалардың басты түйіні нақ осы салада шоғырланған, қайта құрудың табысты болуы да солардың ойдағыдай шешілуіне байланысты. КСРО халық депутаттарының ІІ съезінде үкіметтің экономикалық тұжырымдамасына мейлінше назар

аударылып, оған әртүрлі, кейде мүлде кереғар көзқарастар тұрғысынан егжей-тегжейлі талдау жасалғаны кездейсоқ емес.

Бүгінгі таңда нақ экономикалық мәселелердің бірінші кезекке шығып отырғаны неліктен? Әлде басқа қырсықтар, мәселен, мемлекеттің тұтастығына, адамдар өмірінің өзіне тікелей қатер төндіріп отырған ұлтаралық жанжалдар сияқтылар аз ба? Немесе қылмыстың көбейіп кеткенін алайық. Ол да ешкімді немқұрайды қалдыра алмайды.

Мынадай заңды сұрақ туады: біз қайта құрудың бесінші жылында экономикалық проблемаларды түбегейлі шеше алмайтындай, адамдарды тамақтандырып, киіндіре алмайтындай, оларға баспана бере алмайтындай жағдайға қалай тап болдық? 1985 жылдың сәуір айында көп нәрсе әлдеқайда оп-оңай болып көрінгенін, ол кезде тоқырау кезеңі бізді қандай шыңырауға әкеліп тірегенін, қайта құрудың қандай ғаламдық шараларды қажет ететінін біз ақырына дейін толық сезіне алмағанымызды жасырмаймын. Социалистік үйдің сыртын сылап-сипау емес, оған күрделі жөндеу қажет екенін өзгерістерге кіріскенде ғана түсіндік. Біз экономиканы және жалпы қоғамды дамытудың дәстүрлі жолдарынан батыл бас тартудың қатал қажеттігімен бетпе-бет келдік. Ал мұның өзі өте күрделі де ұзақ мерзімді міндет. Оны әп-сәтте шеше алмайсың.

Республика өнеркәсібінің ондаған жылдар бойы сиықсыз қалыптасып келген құрылымы Қазақстанның өнім өңдеу салалары өте-мөте кенжелеген мейлінше шикізат аймағына айналуына апарып соқтырды. Адамдардың күнделікті өміріне қажет нәрсенің бәрі іс жүзінде одан тысқары жерлерден әкелінді. Шикізат

бағасы нақты еңбек шығындарын бейнелеген жағдайда бұған белгілі бір дәрежеде көнуге болатын еді. Бірақ осы кезге дейін ол да болмай отыр.

Көптеген адамдар, әсіресе, жастар жағы «тоқырау кезеңі» дегенді үйреншікті ұғымға айналдырып, кең тараған сөз тіркесі ретінде қабылдайды. Ал оның белгілі бір нақты экономикалық өлшемдері бар. Мәселен, 1975–1985 жылдар аралығында экономика мен әлеуметтік саланың дамуы нашарлай түсті. Оныншы және он бірінші бесжылдықтарда пайда алу жоспарлары 17–18 % кем орындалды, қоғамдық еңбектің өнімділігі оныншы бесжылдықта небәрі 2,5 % артты, ал он бірінші бесжылдықта 0,4 % құлдырап кетті.

Әсіресе, ауыл шаруашылығының, ал оның ішінде – мал шаруашылығының іргесі қатты шайқалды. Мемлекетке миллиард пұт астық тапсыруға деген тағатсыз талпыныс мал шаруашылығының жемшөп базасын әлсіретті. 1980 жылмен салыстырғанда, әр сиырдан сүт сауудың орташа көрсеткіші 100 килограмм, ірі қараның орташа салмағы – 54 килограмм, қой 3 килограмм төмендеп кетті. Екі бесжылдықта халықтың жан басына шаққанда ет тұтынуы небәрі 2 килограмм артты, ал сүт – 270 килограмнан 260 килограмға дейін төмендеді. Күрделі құрылыстағы кемшіліктер көбейген үстіне көбейе берді. Егер оныншы бесжылдықта 1,6 млрд сом кем игерілсе, он бірінші бесжылдықта ол енді 2,6 млрд сомға жетті. Осының салдарынан тұрғын үйлерді пайдалануға беру он бірінші бесжылдықта оныншы бесжылдықпен салыстырғанда іс жүзінде көбейген жоқ.

Сөйтіп, әлеуметтік саланың дамуы республика халқының өсуінен артта қалып қойды. Жағдай барған сайын шиеленісе берді. Енді, міне, қазір тек қосымша



игіліктерді ғана талап етіп, өздерінің көпірме сөзге толысынын соған негіздейтін адамдар табылып отыр. Бірақ солардың өздерінің қатысуымен құрылған қоғамда енді осы талаптарды бірден қанағаттандыруға еш мүмкіндік жоқ. Өйткені ресурстарды тиімді де қажырлы еңбекпен жасау керек қой. Бұл – қандай да болсын саяси экономияның ақиқаты. Қоғам қалай еңбек етсе, ол солай өмір сүреді. Осынау айқын ақиқатты естен шығарып, кейбіреулер жаңадан пайда бола қалған халықшылдардың, солардың мүддесін «күйттеушілердің» қармағына түсіп қалады, «Қайта құру үшін мен не істедім?» – деп өзіне сауал қоюды ұмытып, ашықтан-ашық тұтынушылық тұрғысын ұстана бастайды.

Бізге: жалақыны, зейнетақыны көбейтіндер, азық-түлік, тауарлар беріндер, тұрғын үйлер салыңдар, денсаулық сақтауды, халыққа білім беруді жақсартыңдар, деседі. Және де мұны тезірек, ширағырақ істеңдер, тегін болса тіпті жақсы, дейді. Қараңызшы, бәрі де оп-оңай! Ұлттық табыстың төрттен үш бөлігі тұтынуға жұмсалып, жыл сайын небәрі 1 % ғана ұлғайып жатса, бұған қаржыны қайдан алмақпыз? Ал жаңағы 1 % өсіп келе жатқан халықтың қажеттерін ғана өтейді.

Батыстағылардың материалдық жағынан жақсы тұратыны неліктен? Өйткені, айталық, америкалық немесе канадалық фермер біздің бес колхозшымыз үшін жұмыс істейді, америкалық жұмысшы біздің үш жұмысшымыз бір күнде қанша өнім өндірсе, сонша өнім береді. Әрі гәп біздің адамдарымыздың жалқаулығында немесе біліктілігінің төмен болуында емес, біздің өміріміздің де, жалақымыздың да түпкі өніммен байланыстырылмағандығында. Бізде адам кәсіпорының да, жердің де қожайыны емес, ол өзінің материал-

дық деңгейіне ешқандай ықпал етпейтін «қазына» меншігіне немқұрайды қарайды. Сиырды саумай-ақ қоюға, ақаулы теледидар немесе ақаулы басқа өнім шығаруға болады – ол өзінің шекті жалақысын бәрібір ақшалай алып тұрады. Көптеген ғылыми-зерттеу институттарында, құрылыста, жеңіл өнеркәсіпте жалақыны өнім өндірудің көлемі мен оның сапасын көтеру есебінен емес, бағаны жасанды түрде арттыру есебінен көтеретіні кұпия емес.

Демек, ең алдымен қайта құрудың түбірлі мәселесін шешу – адамның өндіріс құрал-жабдықтары мен еңбек өнімдерінен шеттетілуінің зиянды практикасын жою, әрбір сом еңбекпен табылатындай жағдай жасау керек. Бұл үшін нақты не істелуде?

Сіздер білесіздер, басқарудың жаңа формалары, жалгерлік, шаруа, кооператив қожалықтары, шаруашылық есеп қарқынды енгізіле бастады. Соңғы жылдары үйлесімді экономикалық тұжырымдама жасаудың сәті түсті, оның өзегін республиканың шаруашылық дербестігі мен өзін-өзі қаржыландыруының ілгерішіл принциптері құрайды. Бұл оңайлықпен келді деп айта алмаймын. Жалаң ғылыми тұрғыдан алғанда да, саяси тұрғыдан алғанда да елеулі тосқауылдар болды. Бүгін де орталық органдарда біздің осы табанды іс-әрекеттерімізге бәрі бірдей оң қабақ танытып отырған жоқ. Бірақ уақыт пен қайта құру өз дегенін істеуде. Сіздер білесіздер, КСРО халық депутаттарының екінші съезі үстіміздегі жылдың бірінші тоқсаны ішінде КСРО Жоғарғы Кеңесі республикалардың, демек, олардың аумақтарында орналасқан кәсіпорындар мен бірлестіктердің шаруашылықты дербес жүргізу, өз ресурстары мен табиғи байлықтарын жұмсау құқықтарына кепілдік

беретін заң актілерінің жиынтығын қабылдауы керектігін жақтады.

Демек, таяу болашақта жағдай түбірінен өзгереді. Тіпті қазірдің өзінде ілгері басушылықтар бар. Үстіміздегі бесжылдықтың төрт жылының қорытындылары көп мәселеде бұрынғыдан жақсы жағына өзгерген.

Біріншіден, өндірілген ұлттық табыстың жылдық орташа өсу қарқыны 1981–1984 жылдардағы 0,7 %-бен салыстырғанда 2,1 % болды. Өнеркәсіп шапшаңырақ дамыды: жылдар жиынтығы бойынша өнім көлемі он бірінші бесжылдықтың төрт жылындағы көлемнен 22,4 % асып түсті. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің жылдық орташа көлемі 17 % артты. Мұның өзі халықтың жан басына шаққанда ет тұтынуының орта көрсеткішін 1985 жылмен салыстырғанда – 12 килограмм, сүтті 40 килограмм арттыруға мүмкіндік берді. Жалпы алғанда, соңғы төрт жыл ішінде азық-түлік өнімдерін өндіру республикада 36,4 % ұлғайды.

Екіншіден, экономиканың айқын әлеуметтік бағдары, адамның көкейкесті қажеттеріне бетбұрыс байқалды. 1981–1984 жылдары тұрғын үйлерді пайдалануға беру жалпы республика бойынша 23,5 млн шаршы метр болса, 1986–1989 жылдары 32,5 млн шаршы метр болды, яғни өсім 38 %-ға жетті. Осы кезеңде жалпы білім беретін мектептерді іске қосу 45 %, балабақшалар мен яслилер – 23, ауруханалар – 46, емханалар 62 % ұлғайды.

Алайда тыңдырылған іске мақтана алмаймыз. Себебі, ең алдымен, адамдар елеулі өзгерістерді сезінген жоқ. Мұның өзі сондай-ақ тоқырау кезеңіндегі ойсыраған олқылықтың тереңдігін, алдағы жұмыстың ауқымын

көрсетеді. Байқап қарасақ, өсімнің қол жеткен қарқыны – адамдар үшін лайықты тұрмыс жағдайын жасауға қажетті нәрсенің шағын бөлігі ғана екен. Бұл мақсатқа барар жолда әміршіл экономиканың толыққанды нарықтық жүйеге көшуінің қиын үдерісі жатыр.

Бізде меншіктің әртүрлі пішіндерін белсенді түрде дамытудан бастап бірлескен кәсіпорындар құруға, сыртқы рынокқа шығуға дейінгі аса кең ауқымды ой-жоспарлар бар. Жуырда мен Канада мен АҚШ-та болдым, сөйтіп, шетелдік фирмалармен өзара тиімді ірі келісімдер жасасу үшін Қазақстанның шын мәнінде қандай сарқылмас мүмкіндіктері бар екеніне тағы да көз жеткіздім. Егер біз өз экономикамызды өзіміз билей бастайтын болсақ, істің әлдеқайда тезірек жүретініне сенемін, ал мұның өзі қазақстандықтардың тұрмыс дәрежесіне оң әсерін тигізеді.

Тек Гогольдің Пацюгі сияқты құймақ ауызға өзінен өзі келіп түседі деп ойламау керек. Батыстың тең құқықты әріптестері болудан үмітіміз бар екен, онда батысша жұмыс істеу керек. Ал Батыста, өздеріңіз білесіздер, жұмыс істей біледі. Бір ғажабы, біз қай жерде болсақ та, қандай фирмалардың кәсіпорындарына барсақ та – барлық жерде жұмысқа жастар, жігерлі, тапқыр адамдар серпін беруде.

Бізде жастардың мұндай іскер құлшынысы онша сезілмейді. Әрине, бұған тоқырау заманын да, ол туғызған кежегесі кері кетушілікті де, жігіттер мен қыздардың қоғамдық істерге енжарлығын да кінәлауға болады. Бірақ қазір мәселе кінәлілерді іздеуде емес, жағдайды түзетуде болып отыр ғой.

Бізде түгелімен болашаққа бағдарланған, былайша айтқанда, бүкіл тұрмыс салтын түбірімен өзгертуге

бағытталған аса байыпты экономикалық тұжырымдама жасалып жатты. Ал жас экономистердің ғылыми көзқарастары қайда қалды? Олардың ешқайсысы өздерінің тұжырымдамалық талдамаларын ұсынбағаны неліктен? Мұның себебі шынымен-ақ тек ынталандырудың жоқтығында ғана ма? Тиісті біліктіліктің де жоқтығында деп ойлаймын.

Немесе ғылыми-техникалық прогресті алайық. Соңғы жылдары осы іске, аса көрнекті демей-ақ қояйың, айтарлықтай үлес қосқан қазақстандық жас ғалымдардың есімдерін сіздер көптеп атай аласыздар ма? Мәдениетте де, халыққа білім беруде де осындай. Жыл сайын жүздеген мұғалімдерді, ондаған журналистерді, заңгерлерді, экономистерді даярлап шығарамыз. Бірақ бәрі де Алматыда, облыс орталықтарында орналасуға тырысады, тіпті алған мамандығын да құрбандыққа шалып жібереді. Ал Қазақстанның негізінен жергілікті халқы тұратын шалғай түкпірінің мәдениеті мен экономикасын кім көтермек? Нақты халық өміріне кім бел шешіп араласпақ? Біздің медицина институттарымыз ондаған жылдар бойына білікті дәрігерлер жасақтарын айтарлықтай-ақ беріп келеді, ал есептей бастайықшы, бақсақ, денсаулық сақтау дәрежесі бойынша біз көптеген дамушы елдерден артта қалыппыз. Істің насырға шапқаны соншалық, алақандай Литва бізге дәрігерлер десанттарын жіберуде. Демек, антисанитарияға және індетке қарсы күресуге өзіміздің шамамыз жетпейтін болып шыққаны ғой.

Сонда қайсысы қиын болғаны – қалада, жайлы жағдайда халық мұқтаждары туралы мұң шағып, митингілерде аса қиын жағдайда тұратын адамдарды қорғап қызу сөз сөйлеген қиын ба, немесе мәдениетті

және халық тұрмысының материалдық деңгейін өз қолымен көтеру қиын ба? Мұның жауабы әркімге айқын деп ойлаймын. Сондықтан әркім, әрине, қайта құру мақсаттарына өзінің жан-жүрегімен бірден-бір ықтимал адамгершілік таңдауын жасауға тиіс.

Бізге тоқырау кезеңінің қиын мұрасы тек экономикада ғана қалған жоқ. Әсіресе, ғылым саласындағы ағайыншылдық шын мәнінде қаншалықты қатерлі ауқым алғаны, феодалдық өткен заманнан жеткен жүзге бөлінудің адамгершілікке және адамдардың мінез-құлқына қаншалықты зіл-батпан салмағын салғаны жұрттың бәрінің есінде. Республикалық деңгейге дейінгі барлық дәрежедегі басшылар әміршіл-әкімшіл жүйеге қызмет етті, оның жоғарыға сөзсіз бағынатын бұлжымас заңымен өмір сүрді. Ал жүйенің өзі тек үн-түнсіз орындаушыларды ғана бағалады. Ол келіспейтіндерді өзінің жолынан оп-оңай ысырып тастап отырды. Орынтақта отырғың келеді екен – араласпа. Мейлі, Арал құрып кетсін, мейлі, халқыңның тілі жойыла берсін, мейлі, жеріңнің қойнауындағы байлық талан-таражға түссін – жүйені барлық мінберден мақтауды білсең болғаны, сонда ер атанып, құрметке бөленесің. Солай болды да. Осыдан бес жыл бұрын әлдекім республиканың шаруашылық егемендігі үшін, өз ресурстарын дербес билеу, сыртқы экономикалық байланыстарды орнату құқығы үшін шынымен-ақ дауыс көтере алатын ба еді? Немесе, айталық, КОКП Орталық Комитеті асығыс қабылдаған қаулыдағы халықтың ұлттық сезімін қорлайтын тұжырымын қайта қарауды талап ете алар ма еді? Бұрынғы жағдайда тіпті мұны ойға алудың өзі мүмкін емес-ті. Және сіздер мен біздер бұл залға ашық әңгіме үшін жиналмаған да болар едік.

Бүгінде біз жай ғана ойланып қоймай, осы және басқа көптеген бағыттарда белсене әрекет етіп жатырмыз. Ал мұндай мүмкіндікті біздің алдымыздан қайта құру ашты. Ол сталиншілдіктің азабына түсіп, мерт болған қазақ жазушылары мен ақындарының тұтас бір шоғырының абзал есімдерін қайта оралтуға, қазақ халқының жүздеген адал ұлдарын ақтауға мүмкіндік берді. Ол Қазақстанды мекендейтін халықтардың күрделі тіл проблемаларын тиянақты демократиялық негізде түбегейлі шеше бастауға жағдай жасады.

Қайта құрудың жанға жайлы самалы сайлау туралы түбегейлі жаңа заң әкелді, ол әрбір азаматқа өзінің сайлау құқығын барынша еркін пайдалануға мүмкіндік берді, Олжас Сүлейменовтің «Аз и Я» кітабы қайтадан жарық көрді.

Мен жаңару нышандарының осы қатарын әдейілеп олардың саяси және әлеуметтік маңызына қарай құрған жоқпын. Олардың бәрі – кішісі де, үлкені де – бізге бірдей қымбат. Сіздердің әрқайсыңыз оны жалғастыра алатындарыңыз анық.

Қазір партия мен халықтың басты міндеті – қайта құрудың тежеліп қалуына жол бермеу, өйткені кез келген аялдаудың өзі елеулі қоғамдық қайшылықтар туғызып, біз бастан кешіргеннен де қатаң диктатураға қайтып оралу қаупін төндіреді. Сондықтан қоғамның белсенді бөлігі болып отырған жастар – жаңару үдерістерін қорғау жөніндегі қамқорлықты өз мойнына алуға тиіс, өйткені болашақ – жастардың еншісінде.

Меніңше, осыған байланысты, әсіресе, студенттер ортасында қызу айтыс пен өсек-аяң туғызып жүрген өткір мәселені бүгін назардан тыс қалдыруға болмайды. Әңгіме 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларына баға беру

жайында болып отыр. Сол бір ұмытылмас желтоқсан айы бізден алыстап бара жатқан сайын адамдарды алаңға шығуға мәжбүр еткен шын мәніндегі себептер қоғамдық санада солғұрлым бедерлене көрініп келеді. Оның үстіне жаңару үдерісіне қайта құрудың өзі нәр беріп отыр. Біздің бәріміз демократияландыру мен жариялылыққа үйреніп жатырмыз. Және де бұл тағылым ізсіз кетіп жатқан жоқ. Біз бүгін бұрынғыдай 1986 жылғы желтоқсан – бұзақы ұлтшылдықтың салдары деп кесіп айта аламыз ба? Меніңше, айта алмаймыз. Бұған бұлтартпас дәлелдер бар.

Біріншіден, ә дегеннен-ақ шеру таза бейбіт сипатта болғаны бүгін айдан анық. Ол бізді нағыз достық пен туысқандықтың ғасырлар бойғы дәстүрлері байланыстырған орыс халқын айтпаған күннің өзінде, ешбір жағдайда Қазақстанды мекендейтін басқа ұлттарға қарсы бағытталған емес.

Екіншіден, жастар Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің V пленумынан кейін республиканың көптеген коммунистерінің жанын қатты қинаған сезімді ашық және адалынан білдірді. Пленум тұп-тура 18 минутта өтіп, аппарат таңдап, тоқырау кезеңінің нашар дәстүрлері рухында дауыс беруге ұсынылған бірден-бір кандидатураның пайдасына үнсіз қол көтерумен аяқталса, қандай да бір «пленумның жұмысы» жайында айтуға бола ма, тіпті?

Үшіншіден, желтоқсан оқиғаларына итермелеген себептер туралы. Әрине, адамдарды ұлтшылдыққа бейім деп айыптап, мәселені жылы жауып қоя салу бәрінен оңай. Бірақ бұл ақиқатқа сай келе ме? Жағдайдың шиеленісе түсуіне шешуші дәрежеде тоқырау жылдары шешімін таппаған әлеуметтік проблемалар-



дың тұтас бір кешені түрткі болғаны қазір ешкімге де құпия емес. Азық-түлікке, тұрғын үйге, халық тұтынатын арзан тауарларға қатысты қиыншылықтар ең алдымен халықтың табысы аз жіктеріне соққы болып тиеді, олардың арасында студенттердің де шылқымайға батып отырмағаны белгілі. Оның үстіне, әлі есімізде, дәл желтоқсан оқиғаларының қарсаңында «еңбексіз табыс» дейтінге қарсы күрес басталған болатын. Ол бұрын студенттерге үйінің бір бұрышы мен бөлмелерін беріп келген көптеген үй иелерін бұдан бас тартуға мәжбүр етті, үш мыңдай студент баспанасыз қалды.

Шынтуайтына келгенде, жастардың алаңға шығуы қайта түлеп келе жатқан ұлттық сана-сезімнің стихиялық көрінісі болды. Сондықтан да «астыртын ұлтшылдық ұйымды» немесе оқиғалардың нақты ұйымдастырушысын іздестіру бос әурешілік болып шықты.

Жас интеллигенция өкілдерінің ұлттық сезімін өткір қозғаған басқа да себептер бар. Мен студенттердің ұлттық құрамын белгілеуде басталған «пайызқұмарлықты» айтып тұрмын, онымен кейбір басшылар ерекше құлшыныспен айналыса бастады. Бұл арада олар сол кезде жұмыс істеген республикалық дәрежедегі жоғары лауазымды идеологиялық бастықтардың мақұлдауына ие болғанын айта кеткен жөн. Айтпақшы, республика өмірінің объективті түрде қалыптасқан саяси, ұлттық, әлеуметтік және моральдық-адамгершілік жағдайларын ескермей жүргізілген осы таза формальды есептердің нәтижесі КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының бұрынғы мүшесі М. С. Соломенцев басқарған комиссияның мүшелеріне өте ұнап қалды. Олар бұл деректерді тарту-таралғы ретінде, атышулы «қазақ ұлтшылдығы» дейтіннің тікелей болғанына бұлтартпас айғақ ретінде қабылдады.

Ал Алматыда қазақ тілінде тәрбие беретін балабақшаның ашылуы төңірегінде қаншама әңгіме болды десеңізші. Осынау қарапайым, қазіргі өлшемдер бойынша тіпті қатардағы оқиға интернационализмді әлсірету, халықтардың достығына жойқын соққы беру деп те көрсетілді. Партиялық және мемлекеттік кемелділіктің нышанындай болып көрінетін дардай адамдарды қаншалықты әбігерге салғанын бүлдіршіндер білсе ғой, шіркін!

Ал, сонымен бірге, республикада қазақ мектептерінің ұдайы қысқаруы, қазақ тілінің тек қана тұрмыстық, екінші дәрежелі деңгейге құлдырап бара жатқаны партия және мемлекет басшыларының ешқайсысын ондаған жылдар бойы толғандырған емес.

Тоқырау жылдарынан бізге мұра болып қалған осы бір рухани қиғаштықтармен келіспейтінін батыл білдіру үшін алаңға шыққан жастардың құлшынысын айыптауға бола ма екен?

Енді алаңдағы оқиғалардың қалай өрбігені жайында. Қайғылы зардаптарға жол бермеуге болмас па еді деген сұрақ әркімнің ойына келген шығар. Сол кезде бізде демократияландыру мен жариялылықтың бүгінгі тәжірибесі болғанда, әпербақандық ықтималдығын тыйып тастайтын өз сезімдерін білдірудің жеткілікті мәдениеті болғанда, оған, сірә, жол бермеуге болатын да еді. Мұны Қарағанды шахтерлері ереуіл жасаған кезде шиеленіс одан артық болмаса кем түспей, жағдайдың өте өткір екеніне қарамастан, біз ортақ күш-жігермен сындарлы диалогты жолға қойып, бір-біріне кереғар шептерден үйлесімділік тауып, ақылға қонымды мәмілелер таба алған күндер айқын дәлелдеді.

1986 жылғы желтоқсанда бұлай болған жоқ. Сол кезде әрбір жақтың санасында сол бір әміршілдік жүйе жылдар бойы көкейімізге сіңіріп келген тұрақты, үйреншікті, сөзсіз жаншып тасталуға тиісті жаудың бейнесі басым түсіп жатты. Оның үстіне сол кездегі нақты жағдайды да түсіну қажет. Ал оның өзі тіпті де жақсы болған жоқ. Өздеріңіз ойлап көріңіздерші: бірінші басшының республикаға келгеніне екінші ғана күн, ол мұнда ешкімді білмейді, жағдаймен әлі таныс емес, ал Орталық Комитеттің үйі алдындағы алаңда аса қуатты қоздырғыш күш – бір топ халық, оның көңіл-күйі мен ұрандары да басшының пайдасына тиіп жатпаған еді. Ал оның қасында Мәскеуден келген, тек қана әміршіл-әкімшіл әдістермен іс-қимыл жасауға дағдыланған кеңесшілері болды. Олар жергілікті партия және кеңес басшыларын жағдайға бақылау жасаудан толық шеттетуге тырысты, шешімдерді аз ғана топ болып, шын мәнінде есікті жауып алып қабылдап жатты.

КОКП Орталық Комитеті республиканың партия ұжымы жөнінде қабылдаған қаулының әрбір жолын ақтау үшін идеологиялық шаралардың қалай боратылғанын еске түсіріңіздерші. Оғаштықтарға дейін жол берілді. Кейбір пысықай партиялық орындаушылар республика жұмысшы табының ұлт құрамындағы қиғаштықтарды шұғыл түрде «түзеу» үшін туа бітті шопандарды шахтерлерге немесе металлургтерге айналдырмақ болды. Ұлты славян адамның қаншасы республикадан тыс жерлерге кеткені тәптіштеп есептеліп, әрбір жағдайды тек қана «ұлтшылдардың тіміскі әрекеттері» деп түсіндіре бастады. Ал олар негізінен орыстілді халқы басым облыстардан, яғни ұлттық сипаттағы қандай да болсын себептер ешбір пайда бол-

майтын жерлерден кеткен еді ғой. Алайда бұл фактінің өзі де идеологиялық науқанды ұйымдастырушылардың ешқайсысын селт еткізген жоқ.

Қараңғы бөлмеден қара мысықты іздеу, әсіресе, ол онда жоқ болған кезде іздеу абырой әпермейтін іс екені бесенеден белгілі жәйт. Бірақ бұл оқиғаға орай ол тіптен де залалсыз емес-ті. Бүкіл осы идеологиялық дүрлікпе ұлтаралық қатынастарды тек шиеленістіре түсті, ұзақ жылдар бойы қалыпты, тату көршілік жағдайында тұрып келген адамдарды бір-біріне: осының өзі ұлтшыл емес пе екен, шовинист емес пе екен деп сезіктене, күдіктене қарауға мәжбүр етті деп бүгінде барынша айқын айтуға болады. Екі бала төбелесіп қалса, ұлты кім екенін бірден анықтай бастайтын болды. Балқаш пен Қазақстан Магниткасы, Жезқазған мен Түрксіб, тың мен Байқоңыр – біздің шынайы достығымыздың ондаған және жүздеген басқа да материалдық дәлелдері бейне бір болмағандай еді. Абай мен Пушкиннің, Достоевский мен Уәлихановтың, Жұмабаев пен Горькийдің, Әуезов пен Соболевтің, Қастеев пен Хлудовтың, Мүсірепов пен Брусиловскийдің есімдерімен байланысты біздің халықтарымыздың аса бай рухани бірлігі бейне бір болмағандай еді.

Мұның бәрі, әрине, болған және бола бермек те, сондықтан халықтың қаны мен тәніне сіңген, оның рухани және адамгершілік діліне айналған нәрселерді сызып тастауға қандай да болсын аппараттың шамасы жетуі екіталай. Дмитрий Снегин мен Иван Щеголихиннің, Герольд Бельгер мен Александр Гаркавецтің, басқа да көптеген жазушылар мен ғалымдардың, мейлінше әртүрлі ұлттар өкілдерінің қазақ тілін қандай асқақ адамгершілік, шынайы интернационалдық тұрғыдан қорғап сөйлегендерін естеріңізге алыңыздаршы!

Интернационализм біздің халқымыз ешқашан және ешбір жағдайда мансұқ етпейтін моральдық игіліктердің сапында тұрғанына мен кәміл сенемін. Сондықтан «қазақ ұлтшылдығы» деген жапсырмаға қарсы алғашқылардың бірі болып үн көтерген орыс ұлтының өкілдеріне бас иіп, тағзым етемін.

Алайда партия жариялаған демократиялық нормалардың аяққа басылу фактілеріне қарсы жастардың әділ ашу-ызасы негізінде көрінеу бұзақылық пен жүгенсіздіктің масыл өркендерінің тым тез, озық қарқынмен дерлік бой көрсетіп үлгергені де даусыз.

Айдан анық нәрсеге көзді жұмып қарамайықшы. Алаңға жиналғандармен ортақ тіл табысуға тырысқан үкімет мүшелері әлі мінберде тұрған кезде, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін милиция бөлімшелері әлі ешқандай әрекет жасамаған кезде, оларға тас лақтырылды. Күш қолдану туралы әлі сөз қозғалған жоқ-ты, бірақ «жедел жәрдем» машиналары жараланған милиционерлерді ауруханалар мен госпитальдарға таси бастады. Сол күндері келтірілген материалдық зиянның кейбір цифрларын да атап айтуға болады: 10 автомобиль өртеліп, 152 автомобиль зақымдалды, студенттердің 13 жатақханасына, 5 оқу корпусына, 6 сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорнына, 4 әкімшілік үйіне әртүрлі сипатта нұқсан келтірілді. Ойран мен қиратудан болған жиынтық шығын 302 мың 640 сом болды. Бұл ақиқат, одан ешқайда қашып құтыла алмайсың.

Қазір құқық қорғау органдарының сол күндердегі әрекеттері жөнінде: күш қолдану заңды ма еді? – деп ой жүгірткісі келетіндер аз емес. Қанеки, олай болса,

басқа сұрақтарға да жауап іздейік: егер құқық қорғау органдары адамдардың дүрлігуін тоқтатпаса не болар еді? Сірә, ешкімнің де: жағдайдың тізгіні уыстан шығып кетпес еді, оны экстремистер пайдалана алмас еді, құрбандар әлдеқайда көп болмас еді, ал тәртіпсіздіктер бүкіл қаланы, әйтпесе тіпті республиканы қамтып кетпес еді деп айтуға тәуекелі тұра қоймас. Солай болуы да мүмкін еді және тегінде, бейбіт демонстрацияның ұйымдастырушылары дүрліккен тобырға бақылауын уыстан шығарып алып, тізгін бұзақылар мен әпербақандардың қолына көше бастаған кезде солай бола бастады да. Сайып келгенде, құқық қорғау органдары өзінің негізгі міндетін орындады – миллион халық тұратын қалада тәртіпті қамтамасыз етті және оқиғаның етек алып, ушыға түсуіне мүмкіндік бермеді.

Арада уақыт өткеннен кейін көп адамдар сәуегейлік жасауға тырысып, сонау шиеленіскен күндерде де жанжалдан шығудың басқа, неғұрлым адамгершіл жолдарын табуға болатын еді деп мәлімдеуде. Біздің бәріміздің де, былайша айтқанда, ақылымыз «түстен кейін» кіреді. Сол күндері екі жақтың да сындарлы диалог жасау тәжірибесі болған жоқ, олар тоқырау жылдарының таптаурын әдістерімен қимылдады. Мұның салдары – біреулер тыйым салу мен айқайға көшті, екінші біреулер тас пен таяққа жармасты.

Иә, халық 1986 жылғы желтоқсанда халықтық өкіметпен өздерінің құқықтары мен проблемалары туралы сөйлескісі келді. Бірақ ол кезде бұл мәміленің сәті түспеді. Бүгінгі таңда жаңа демократиялық ойлау жүйесін басшылыққа ала отырып, бұл жағдай сұхбатқа жалпы әзір еместігімізден, сол кезде бір-бірімізді түсініп, халық пен биліктің табиғи бірлігін пайымдауға

жалпымыздың қабілетсіздігімізден болғанын ұғуымыз керек.

Қайта құру біздің бәрімізді саяси кемеңгерлікке, демократияға үйретуде, өткен және болып жатқан оқиғаларды дұрыс түсіну қабілетін тәрбиелеуде. Республикада өкімет пен халықтың өзара түсіністікке, ынта мен мақсаттың бірлігіне негізделген жаңа тұрпатты өзара қатынастары қалыптасып жатқанын ешкім де теріске шығара алмайды деп ойлаймын. Ендеше, осы бірлікті аялап сақтайық, оны нығайтайық, өйткені бұрынғы қателіктердің қайталанбауының, шын халықтық мақсаттарға қол жеткізудің кепілі тек сонда ғана жатыр.

Алайда оқиғалардың нақты көрінісін бұрмалауға тырысатын, өздеріне желбуаз танымалдық әкелетін митингілік тәсілдерді пайдаланып жүрген адамдар табылатынын барынша айқын айтуымыз керек. Олар күдікті даңғазалықпен, өткінші әсерге әдейі үміт артып, нақты адамдарға жазалау шараларын қолдануды талап етуде, ұлттық мүдделерге опасыздық жасаушыларды, зұлымдық иелерін және басқа кінәлілерді іздеуде. Бұл күні кешегі, абыройдан жұрдай болған өктемшіл көзқарас емей немене? Өзін сөз жүзінде халықтың жоғын жоқтаушы, қайта құрудың көш бастаушысы деп жариялап, іс жүзінде қоғамдық санаға «жанға – жан» дейтін жазалау психологиясын енгізуге, қызметтен алуды, шығаруды, отставкаға жіберуді, яғни жазалау шараларын, оның үстіне тиісінше анық-қанығына бармастан жазалау шараларын қолдануды талап етуге шынымен-ақ бола ма? Мұндай жағдай біздің тарихымызда болды және салынған жарақат осы кезге дейін сыздаумен келеді емес пе.

Ал экономикасы мен мәдениеті барлық халықтардың еңбегімен жасалатын көпұлтты Қазақстанның барша тұрғындары жайында кім ойламақ? Егер Қазақстанның 39 % байырғы халқының ғана мүддесін қорғай бастап, ал қалған 61 %-ының ұлттық сезімдерін естен шығарып алсақ, біздің кім болғанымыз? Астанамыздың халқы жайында да осылай деуге болады. Қысқасы, республиканың барлық тұрғындарының мүддесіне қамқорлық жасап, ұлттық белгісі бойынша ешкімді де кемсітпей, Қазақстан мен қазақ халқының ең өзекті проблемаларын басқа халықтармен бірлік, достық жағдайында ғана тиімді түрде шешуге болатынына кәміл сенімдімін.

Неліктен біз осы қайта-қайта желтоқсан оқиғаларына айналып соға береміз? Әлде жастардың басқа да экономикалық, әлеуметтік, саяси проблемалары аз ба? Республика өмірін демократиялық жағынан қайта құру жөнінде орасан зор жұмыс күтіп тұр.

Бастың бірікпеуі, топшылдық, екі жақты бір-біріне айдап салу, қоғамдық пікірді сыбыстармен, сүреңсіз перспективамен шошыту – жалған шындық іздеушілер үшін нәрлі орта екені айдан анық. Ең жексұрыны – популистер соншалық көп айтатын және сөздің майын тамызып айтатын халық олар үшін өздерінің қарақан басының мақсаттарына жету мен арам пиғылдарын қанағаттандырудың қосымша материалы ғана, құралы ғана болып табылатынында.

Сонымен бірге, қазақстандықтардың тыныштығы үшін, олардың қалыпты, қауіпсіз өмір сүруі үшін өкімет орындары осы тыныштық пен қауіпсіздікке қастандық жасаушыларға, демократия жағдайында өздеріне бәріне де рұқсат етілген деп ойлаушыларға заң



шенберінде шаралар қолдануға тиіс екенін барынша айқын айтпақпын. Иә, дәл солай! Біздің қоғамда заң тыйым салмаған, интернационалдық сенімдерге қайшы келмейтін нәрселерге ғана рұқсат етілген.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті интернационализм тұғырнамасында тұр және батыл тұратын болады. Қоғамдық өмір мен партия тұрмысының әртүрлі салаларындағы біздің нақты қызметіміздің көптеген мысалдары осыған дәлел бола алады. Бұл әрі тілдер туралы заңның қабылдануы, әрі Кеңестердің сайлауы, әрі кадр мәселелерінің шешілуі – барлық жерде, әрбір үлкенді-кішілі істе біз республика халқының көп ұлтты екенін асқан жауапкершілікпен ескеріп отырамыз.

Осындай көзқарас кез келген қоғамдық, оның ішінде бейресми ұйымның қызметінде айнымас ережеге айналуын қалаймын. Шын мәніндегі интернационализм не арқылы тексеріледі? Басқа халыққа, оның мұң-мұқтажы мен ой-арманына қалай қарайтыныңмен ғана тексеріледі. Белгілі бір қозғалыстың шын мәніндегі мақсаттарына қол жеткізу тәсілі басқа халықтың құқықтары мен мүдделерін аяққа басу болса, ұлттық ой-санаға сілтеме жасаудың ешқайсысы да бұл мақсаттарды бұркемелеуге көмектесе алмайды.

Сонымен бірге, мен желтоқсан оқиғаларына байланысты барлық мәселелердің толық, дәл және түсінікті етіп анықталуына екі қолымды бірдей көтеріп дауыс беремін. Оларға қатысқан адамдар жөніндегі көптеген қиғаштықтардың жойылғаны сіздерге мәлім: қазіргі кезде бас бостандығынан айырылып сотталған 82 адамның 70-тен астамы босатылды, жоғары оқу орындары мен техникумдардан шығарылған 228 студенттің 173-і

қайта алынды. Басқа да цифрлар бар, оларды мұқият тексеру керек.

Алайда жауапсыз қалып отырған сұрақтар бар, олардың көпшілігін республиканың қоғамдық және бейресми ұйымдары қойған болатын. Жуырда мен осы ұйымдардың өкілдерімен кездестім, біздің арамызда айтарлықтай ұзақ сындарлы әңгіме қозғалды. Және біз ортақ пікірге келгенімізді айтуға тиіспін.

Атап айтқанда, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросы қазақ халқы ұлтшыл деп орынсыз және намысқа тиетіндей айыпталды деген позицияға толық қосылады, бұл айыптау КОКП Орталық Комитетінің белгілі қаулысында айтылған болатын. Сіздер бұл туралы білесіздер, бірақ тағы да қайталап айтамын: республика Компартиясының Орталық Комитеті де, Жоғарғы Кеңесі де КОКП Орталық Комитетіне қаулының осы және басқа да кейбір қағидаларын қайта қарау жөнінде үзілді-кесілді өтініш айтты. КОКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросы біздің үнімізді естіп қана қоймай, сонымен қатар, оған қолдау білдірді, ол бұл мәселені өз мәжілісінің күн тәртібіне қояды.

Біз Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының тәуелсіз комиссиясын құруды, оған қоғамдық және бейресми ұйымдардың өкілдерін кіргізуді жақтаймыз. Оның үстіне осы комиссияда жұмыс істеу үшін өз іс-қимылдарына қандай да болсын қысым жасалмайтын тәуелсіз прокурор бөлу жөнінде КСРО Прокуратурасының басшылығымен уағдаластық бар.

Біз желтоқсандағы оқиғаларға белгілі бір адамдардың қатысқан фактілері бойынша қозғалған әрбір дерлік сот ісіне тағы да қайта оралуды жақтаймыз. Әркімнің қаншалықты кінәлі екеніне қайтадан, ендігі жерде

демократияның жеңіп алынған тұрғысынан баға беру қажет және егер ол кінә қайта құру ұғымдарына сай келмейтін болса, толық ақтау, сотталды деген масқара таңбаны олардан алып тастау қажет. Әлбетте, мұның қылмысты жаза қолданылатын қылмыс жасағандарға қатысы жоқ.

Біз Алматы азаматтарының демократиялық тілегін орындап, қаланың орталық бөлігінде митингілер мен жиналыстар үшін тұрақты орын бөлуді жақтаймыз. Мұның өзі қоғамдық сана-сезімнің бүгінгі деңгейіне сай келетін болады, бұқараның саясатқа неғұрлым кеңінен қамтылуына жәрдемдеседі деп ойлаймын. Бірақ тағы да атап көрсеткім келеді: бәрі қолданылып отырған заң аясында өткізілуге тиіс. Бұл мәселеде ешқандай екіұшты пікір болуы мүмкін емес. Митингілер мен жиналыстарды ұйымдастырушылар қоғамдық тәртіп үшін жауап беруге міндетті.

Демократияландыру – еш нәрсемен салыстыруға келмейтін орасан зор игілік. Бірақ, сонымен бірге, ол – орасан зор және еш нәрсемен салыстыруға болмайтын жауапкершілік те. Халық бәрінен де екі қырсықтан – анархия мен озбырлықтан қорқады деп тегін айтылмаса керек. Ал демократия сол екі қырсықтың нақ ортасында тұр. Солардың біріне қарай сырғып кетпеу үшін – ал қазір, біздің демократизміміздің алғашқы және пәлендей сенімді емес қадамдары кезінде, осылай болуы өте оңай – тексерілген, салмақталған, жауапкершілік пен тәртіпке негізделген іс-қимылдар ерекше керек.

Күшті саясаттың мұраты – мейірімсіздік пен егесу емес, келісім мен ынтымақ. Ал солай болса, оларды бірлесіп жақтап, бірлесіп қорғайтын болайық. Ең алдымен

– қоғамның және қайта құрудың игілігі үшін нақты, мүдделі және тәртіпті еңбекпен қорғайтын болайық.

Келіңіздер, ашық айтысайық, өз ұстанымдарымызды дәлелді түрде қорғайық. Сонымен бірге, қарсыластарымыздың дәлелдеріне мұқият құлақ асып, басқаның пікірін құрметтейтін болайық. Тек осылай еткенде ғана пікірлердің сан алуандығы өз жемісін беріп, қоғамның түрлі әлеуметтік жіктерінің мүдделері мен талпыныстарын ескеретін және біріктіретін бірыңғай тұғырнама әзірлеуге мүмкіндік туғызатын болады.

**Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі  
он бірінші шақырылымының  
XVI сессиясында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің  
төрағасы болып сайлануына байланысты**

## **СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Алматы қаласы,  
1990 жылғы 22 ақпан

### **Құрметті депутат жолдастар!**

Мені Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы етіп сайлағандарыңыз үшін алғыс сезімді білдіруге рұқсат етіңіздер. Бұл сенімді мен республика партия ұйымының қайта құруды тереңдетуге, демократияландыру мен жариялылықты дамытуға, біздің қоғамдық өмірімізде жемісті, жасампаз еңбекке мүмкіндік беретіндей жағдай туғызуға бастайтын бағытын депутаттардың бірауыздан қолдағаны деп бағалаймын.

Еліміз бен республикамыз үшін қиын-қыстау шақта – халық депутаттары Кеңестерінің алдына билікті

жеңіп алудың тарихи міндеті бар болмысымен қайта қойылған кезеңде өзіме аса жауапты міндет қабылдап отырғанымды айқын сезінемін. Дәл осылай: билікті жеңіп алу міндеті, өйткені Кеңестер «жоғарыдан» сыйға берілген іс-қимыл еркіндігін күтуден бас тартып, мемлекетті басқару тетігін өздері шындап әрі батыл қолға алғанда ғана «Барлық билік Кеңестерге берілсін!» дейтін лениндік ұран қайтадан нақты мазмұнмен толығын болады. Қазір нақ сондай сәт туған болар деп ойлаймын. Бұл сенімнің тиянағы неде? Ол ең әуелі тереңдеп бара жатқан қайта құру үдерістерімен байланысты қалыптасқан нақты саяси жағдайға негізделген.

Бәріміз партияның 1985 жылғы сәуірден бастап әміршіл-әкімшіл жүйемен табандатқан, дәйекті күресті қалай жүргізгенінің куәсіміз. Ол қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы дерлік билікті басып алған жүйе болатын. Саяси, экономикалық және рухани төрешілдіктің ондаған жылдар бойы тамыр жайған тірегін шайқалту оңай емес екен. Алайда өзі де антидемократиялық, авторитарлық өткеннің кіріптарлығына түскен КОКП-ның өз тарихындағы шұғыл бетбұрысты бастап берген батыл қадам жасауға тәуекелі жетті.

Ол қадам КОКП Орталық Комитетінің 1990 жылғы ақпан Пленумының шешімдері мен оның өзі партияның XXVIII съезіне арнап әзірлеген Тұғырнаманың жобасы болды. Партия саяси монополизмнен, өзінің айрықша жағдайын конституциялық жағынан бекітуден бас тартты және сонысы арқылы бізде сталиншілдіктің заманынан бері өмір сүріп келген биліктің партиялық-мемлекеттік формасына елеулі соққы берді.

Өз құзыретіне тек саяси басшылықты қалдырып, КОКП, сонысы арқылы, Кеңестерге даңғыл жол ашып

берді, бұлар болса, қазіргі сәттің қолайлы жағдайларын пайдаланып, белсенділік танытуы, шынайы халық билігін орнатуда партияға көмектесуі тиіс. Сөйтіп, өздеріне тән емес міндеттерден арылған партия органдары күш-жігерін маркстік-лениндік теорияны тұжырымдау мен тереңдетуге, қоғамдық дамудың тиімді бағдарламаларын әзірлеуге, ұйымдастырушылық және тәрбие жұмысына жұмылдыруға мүмкіндік алады. Экономикадағы нақты істерге, мемлекеттік және шаруашылық басқарудың тактикасы мен әдістеріне жауапкершілік толығымен Кеңестерге жүктеледі. Ал олар осыған дайын ба?

Республикадағы партия және кеңес органдарының міндеттерін саралау әзірге тым баяу жүріп жатқанын мойындамасқа болмайды. Тіпті Кеңестер билікті өз қолдарына алуға онша асыға қоймайтындай көрінуі мүмкін. Бірақ мұнда әңгіме оны қалауда немесе қаламауда емес, ең алдымен осы заманғы мемлекеттік басқарудың әдістерін меңгеріп, адамдарды соңынан ертіп, іс-қимылдың сындарлы бағдарламасын белгілей алатын тұлғалардың тапшылығында болып отыр. Бүгінгі басты міндет – кеңес органдарын кеңінен қарпып, осы заманға сай әрі дербес әрекет етіп, ойлай алатын кадрлармен нығайту болатыны осыдан.

Тіпті болмағанда біз жер-жердің бәрінде дерлік Кеңестердің басшылығына партия комитеттерінің бірінші хатшылары келгендіктен де ондағы жағдайдың тез өзгеретінін күтуге хақылымыз. Қызметтерді бұлайша үйлестіру – өзінен өзі бола қоятын үдеріс емес. Ақыры біз билікке ие болу туралы айтқан екенбіз, енді бұл жұмысқа билікке нақты ие болған, аймақтардың көкейкесті міндеттерін де, оларды дамытудың

болашағын да білетін адамдардың араласқаны керек. Жаңа салада жұмысты ұйымдастырудағы олардың жауапкершілігіне баға жетпейді. Кеңес органдарының қызметін жандандырып, оны жаңа, қайта құру мазмұнымен байытып, шешіліп жатқан проблемалардың бар салмағын осында ауыстыру керек. Олардың өздері де халыққа жаңа қырынан – қоғамды жаңғыртудың белсенді жақтаушысы тұрғысынан көрінулері тиіс.

Кеңестердің жаңа төрағаларының алдынан партия комитеттері аппаратының жұмысы туралы мәселе міндетті түрде шығады. Өйткені ол енді сайланбалы партия органдарына ғана емес, Кеңестерге де қызмет ететін болады ғой. «Қызмет ету» дейтін сөз біреулердің шамына тисе де, бұл өте маңызды екені рас. Партия комитеттері ойластырып, өмірге енгізетін идеялар, ұйымдастырушылық жаңалықтар халық билігі органдарына қызмет етуге қосылуы тиіс. Сонда партаппараттың өзіне өзі қызмет етуі дейтін халық мін тағып жүрген құбылыс өздігінен-ақ жойылатын болады.

Кеңестердің төрағалығына сайланған партия комитеттері бірінші хатшыларының көбі өздерінің алдында тұрған міндеттерді нақ осы тұрғыдан түсінгенін ризашылықпен атап өткім келеді. Тек кеңес органдары жұмысының қалыптасу үдерісін ұзаққа созбай, жайбарақаттанбай, батыл түрде іске кірісу керек.

Кеңестердің, соның ішінде Жоғарғы Кеңестің де жұмысындағы басым бағыт дегенде мен нені айтамын? Алдымен ол – республиканың саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани өміріндегі басталып кеткен жаңғыртуды жалғастыру мен қарқындалу. Біздің күллі қызметіміз адамдарға қамқорлық жасау, олардың өмір сүруі мен еңбек етуіне лайықты жағдай туғызу, әлеу-



меттік әділдік қағидаттарын орнықтыру, жеке тұлғаның жан-жақты даму мүмкіндіктерін кеңейту мақсатына бағынуы тиіс.

Барлық республикалық органдардың іс-әрекеті, соның ішінде Қазақстанның экономикалық егемендігіне жету жөніндегі іс-қимыл да осынау ізгі мақсаттарға қызмет ететін болады. Аумақтардың иелері ретінде Кеңестер бұл істе неғұрлым маңызды рөл атқармақшы. Әңгіме аймақтардың экономикалық құқықтарын елеулі түрде кеңейту қажеттігі туралы болып отыр, ал ол республиканың экономикалық қуатын арттырудың, орталық ведомстволардың өктемдігі жағдайында шешілуі қиын, күрделі проблемаларды ойдағыдай іске асырудың зор мүмкіндіктерін ашып береді.

Өкінішке қарай, бүгінде одақтық министрліктердің қас-қабағына қарап, тойымсыз «тәбеттерімен» санасуға тура келеді. Республика өз аумағындағы өнеркәсіп өндірісі көлемінің небәрі 7,5 %-ына ие болып отырғаны, өзгесінің бәрі орталықтың құзырында екені мәлім. Сондықтан мұндай әділетсіздіктен жақын арада арылуымыз керек.

Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстарын ұлғайту, шетелдік компаниялармен қарым-қатынасты орнату айрықша маңызға ие. Республикада еркін экономикалық аймақтарды құрудың мәселелерін шешу қажет. Осының бәрі Кеңестердің құзыретіне жатады.

Өзін-өзі басқару мен өзін-өзі қаржыландырудың жолына түсу республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуын тездетуге ғана емес, сонымен бірге, бүкіл елдің мүддесіне, онсыз дамуды елестетуіміздің өзі мүмкін емес кеңестік федерацияны нығайтуға қызмет етеді. Экономикалық дербестік одақтық республикалар

арасындағы өзара қарым-қатынасты сенімді құқықтық негізде, іскер әріптестік ынтымақтастықта нығайтуға көмектеседі. Сондай-ақ ол адамды өз еңбегінің нәтижесінен шеттетуді жоюға, әрбір егеменді мемлекеттік құрылымның, әр аймақтың, еңбек ұжымының, демек, әрбір жеке тұлғаның да шығармашылық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

КСРО Жоғарғы Кеңесінде меншік, жер, өзін-өзі басқару туралы аса маңызды заң жобалары талқыланып жатқан бүгінгі таңда көп нәрсе біздің жерлестеріміздің – КСРО халық депутаттарының ұстанымына байланысты. Олар республиканың ұсыныстарын қолдайды, жауапты шешімдер, тіпті мен айтар едім, Қазақстан үшін тағдыр-шешті шешімдер қабылдауда қайта құруға сай айқын шешті ұстайды деп сенім артамын.

Біріншіден, жерге, оның қойнауларына, ормандарына, жануарлар әлеміне және т. б. меншік болмаса, республиканың КСРО Конституциясы жариялаған егемендігі де болмайды. Мұндай жағдай КСРО үкіметіне ұнайды, сондықтан оның министрліктері қолдарындағы биліктен айырылғысы келмейді.

Екіншіден, КСРО-ны құру туралы 1922 жылғы Декларацияға сәйкес, Қазақстан өз аумағын меншіктену құқығын ешкімге берген емес. Онда республика өзінің жекелеген құқықтарын ерікті түрде орталыққа уәкілдікке беретіні айтылған болатын.

Әкімшілік жүйе бұл қағидаларды өзгертті, ал біз оларды естен шығарып алдық. Сондықтан республиканың Жоғарғы Кеңесі өз аумағындағы меншік иесі қағидасын басшылыққа ала отырып, дереу заң белгілеуге кірісуі керек. Жергілікті Кеңестер, заңгерлер тиісті ұсыныстарды тұжырымдап, оларды Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне енгізетін болсын.

Үшіншіден, біздің федерациямызды республиканың және тұтас елдің мүддесіне сай жетілдіру мақсатымен республика 1922 жылғы шартты қайта қарау және КСРО-ның мемлекеттік құрылымы туралы жаңа заң қабылдау туралы мәселе қоюы тиіс.

Кеңес органдарының жұмысында бұрынғысынша әлеуметтік саланы дамыту мәселелері басымдық алатын болады. Азық-түлік, халық тұтынатын тауарлар өндірісінің, тұрғын үй құрылысының қарқынын елеулі түрде күшейту міндеті тұр. XIII бесжылдыққа арнап жасалып жатқан жоспарлар осыған бағытталуда. Бүкіл халық шаруашылығында өнім өндіруді 2 есе ұлғайту көзделсе, әлеуметтік мақсаттағы өнім өндіру 4 есе өсетінін айтсақ та жеткілікті. Үстіміздегі жылдың өзінде-ақ 13,5 млрд сомның халық тұтынатын тауарларын шығару, яғни өткен жылғы деңгейден 11 % арттыру жоспарланды. Әрі десе, бұл көлем – халықтың ақшалай табысы мен шығынын теңгеру мақсатын көздеген ең аз шама.

Республиканың құрылысшылары осы жылдың алғашқы тоқсанында-ақ тұрғын үйлерді пайдалануға берудің бесжылдық жоспарын орындаулары керек. Сөйтіп, 41,7 млн шаршы метр тұрғын үй беріледі, бұл белгіленгенінен 7,5 млн-ға артық. 4 млн-ға жуық адам тұрғын үй жағдайын жақсартады. Әрбір қазақстандықтың тұрғын жайымен орташа қамтамасыз етілуінің жалпы алаңы 14 шаршы метр болады. Құрылыс индустриясын дамытуға ерекше көңіл бөлінген. Бұл мақсатқа 2 млрд сомдай күрделі қаржы жұмсалмақшы.

Жақында ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің республикалық кеңесінде азық-түлік өндірісін ұлғайту жөнінде байыпты әңгіме болды. Ауылдағы экономии-

калық қатынастарды қайта құру, агроөнеркәсіптік кешеннің материалдық-техникалық базасын нығайту үстіміздегі жылы халықтың жан басына шаққанда ет тұтынуды – 2 килограмға, сүтті – 31 килограмға, көкөніс пен бақша өнімдерін 13 килограмға арттыруға мүмкіндік беруі керек. Биыл ауыл шаруашылығына жұмсалатын 4 млрд сом күрделі қаржының үштен бірінен астамы ауылдың әлеуметтік саласын дамытуға бағытталатын болады.

Республикалық әлеуметтік бағдарламаның жалпы сұлбасы осындай. Оның іске асуы көбінесе жергілікті Кеңестер басқарудың әкімшілік әдістерінен экономикалық әдістеріне көшуде қандай орыннан табылатынына, шаруашылық қаржылық дербестікті кеңейтуде қандай белсенділік танытатынына байланысты. Қазір негізінен халық тұтынатын тауарлар өндірісін кеңейту есебінен қосымша пайда көздерін іздеуде оларға әлдеқайда мол мүмкіндіктер беріліп отырғанын айту керек. Кеңестер ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыруға, рынокты тауарлармен қанықтыруға, туризмді және қызмет көрсетудің басқа да табысты түрлерін дамытуға, сыртқы экономикалық байланыстарды кеңейтуге неғұрлым көп көңіл бөлсе, олардың иелік жағдайлары солғұрлым нақтылана түседі. Олар еңселерін көтеріп, іс-әрекетіне еркіндік алады, адамдар да оларды сүйеніш көретін болады – көрінген себеппен орталыққа шапқылау тыйылады.

Экологиялық проблемаларды шешуде де Кеңестер белсенді тұрғыдан көрінулері тиіс. Мұндағы мақсаттар мен міндеттер баршаға аян. Семейдегі 40 жылдан бері жұмыс істеп тұрған ядролық полигонды жабу жөніндегі жұмыс жалғасын табады. Осы уақыт ішінде ол адамдар

бауыр басқан аймақтың ортасында қалды, сондықтан біздің борышымыз – қалай болғанда да мұндай қауіпті көршіліктің көзін құрту. Сенім ұялататындай нәтижелер де бар: сіздер мен біздердің әскерилермен табан тірескен әңгімеміздің арқасында төрт айдан бері Семей маңында сынақ өткізілген жоқ.

Сондай-ақ Кеңестер Арал мен Балқашты аман алып қалу, Алматыдағы, Қарағандыдағы, Жамбылдағы, Шымкенттегі, Шығыс Қазақстандағы, басқа да аймақтардағы экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі шараларға барынша дәйектілікпен қатысатын болады. Тегі, бұл мәселеде жергілікті Кеңестерден басқа күшке сенім артудың жөні де жоқ. Мүдделі адамдардың іс бастағыштығына да батыл сүйеніп, халықтың қалың бұқарасының арасынан одақтастарды іздеп, тауып, республикадағы экологиялық жағдайды сауықтыру үшін қыруар жұмыс тындырып жүрген бейресми бірлестіктерді де ортақ іске тарта білу керек.

Кеңес органдары адамдардың қам-қарекеті мен мұқтаждықтарына шұғыл жауап қайтарып, солардың үмітімен және сенімімен өмір сүрулері керек. Бүгінде халықтың өз балаларына ешбір қауіп төнбейтін, ал белгілі бір ұлтқа қатыстылығы секемшілдік пен араздыққа себеп болмайтын жайбарақат, бейбіт жағдайда өмір сүруден асқан толғақты қажеттілігі жоқ. Кавказ сырты, Орталық Азия өңірлеріндегі оқиғалар қазақстандықтардың да белгілі қауіптенуін туғызғаны жасырын емес. Республиканың партия және кеңес органдары біздің көпұлтты ортақ шаңырағымызда ізгі көршілік, достық қатынастарды сақтау үшін барлық күш-жігерлерін жұмсап келді және жұмсай беретін болады. Ұлтшылдық пен шовинизм қайта құрудың тағдырына, адамдар-

дың амандығына айрықша қатерлі екенін сезіне отырып, біз барлық ұлттарды қамтитын қазақстандықтардың өзара түсіністігін нығайтуға, әрбір ұлттың тіліне, мәдениетіне және талап-тілектеріне қарай теңдігіне қатысты бағытымызда қайтпас табандылық танытуымыз керек. Бұл жұмыста жергілікті Кеңестер басқа органдардың қай-қайсысынан да асқан ұйымшылдық танытып, адамдардың жанына халықаралық алауыздықтың улы дәндерін себудің кез келген әрекеттеріне батыл қарсы тұруға қабілетті болулары тиіс.

Сондай-ақ ұйымшылдық пен тәртіпті нығайтпайынша, қатаң құқық тәртібін орнатпайынша, қоғамдық өмірде тұрақтылық жағдайын туғызу мүмкін емес. Бұл мағынада қылмыстың өсуін тоқтату, құқық қорғау органдарының беделі мен мүмкіндіктерін арттыру үшін Кеңестер көп жұмыс атқарулары керек.

Дегенмен әлеуметтік қорғалғандықты жеке адамның қандай да бір қылмыстық әрекеттен сенімді қорғалуы деп қана ұқпау керек. Тегі, билік адамдарды күнделікті өмірдегі сан түрлі төрешілдік бұрмалаушылықтардан, көргенсіздіктерден және сол сияқты көріністерден қорғап отыруға тиісті емес пе? Біздің өз өмірімізді улайтын жағымсыз жайларға көңдігіп кеткеніміз сонша, өзімізде қалыптасқан адами өзара қатынастардың күйкілігін байқамаймыз, мәдениетті астық сияқты шеттен тиеп әкелуге болмайтынын түсінуді қойдық. Оны тек өзіміз жасауымыз керек.

Сондай-ақ адамдар төрешілдік көріністерімен көбінесе нақ осы кеңес органдарында, яғни оралымсыздықтың, созбұйдашылдықтың, адамның қадір-қасиетін аяқасты етушіліктің кез келген көрінісімен аяусыз күрес жүргізуге тиісті құрылымдардың өзінде

бетпе-бет келетінін де айту керек. Адамдар үшін өмірлік маңызы бар мәселелерді шешу жүйесінің өзін өзгертпейінше, кеңес қызметкерлерінің – депутаттардан бастап аткомдардың қызметшілеріне дейін – әл-ауқаты халықтың талап-тілегін қанағаттандыру дәрежесіне байланысты болатындай қатаң тәртіп орнатпайынша, қолымыздан пәлендей ештеңе келе қоймайды.

Өміріміздің қай саласына көз салсақ та, бүгін жер-жердің бәрінде іскерліктің, ойға алған ниет пен іс-әрекеттің, ынта-ықыластың құны мейлінше шарықтап тұрғанын көреміз. Осыған байланысты республика халық депутаттарының алдағы сайлауы туралы айтпай кете алмаймын. Қазір сайлау науқаны нағыз қызу шағында тұр: тіркеу аяқталып, депутаттыққа кандидаттармен кездесулер өтіп, адамдар олардың бағдарламаларымен танысып жатыр. Бұл – аса жауапты сәт.

Сайлаушыларға былайша сөз арнауды өзімнің борышым санаймын: республиканың болашағы, оның қайта құру жолымен ойдағыдай алға басуы көп ретте сіздердің таңдауларыңызға байланысты. Депутаттар корпусы қандай болса, Жоғарғы Кеңес қалай қалыптасса, Қазақстандағы жоғары билік органының іскерлік қабілеті де сондай болады. Болашақ депутаттардың айқын ұстанымдарына, олардың мемлекеттік тұрғыдан біліктілікпен, жауапкершілікпен, дербес ойлай білуіне көп нәрсе, өте көп нәрсе байланысты болмақшы. Сондықтан сайлаушылар кандидаттардың қайсысы халықтың қам-қарекеті үшін жаны ашып, нақты істі ұйымдастыра алатынын, ал қайсысы жел сөзді жайдақ мініп, әйтеуір, билікке жету үшін жауапсыз уәдені оңды-солды үйіп беретінін ажырата білулері керек.

Жергілікті Кеңестердің өткен сайлауы негізінен алғанда сайлаушылардың дұрыс таңдау жасағанын көрсетті. Жергілікті Кеңестердің құрамында республикада тұратын барлық ұлттардың дерлік өкілдері бар, депутаттардың жартысынан астамы – коммунистер. Ал, ең бастысы, мұнда белсенді, іскер жандар іріктелген. Оларға арқа сүйеп, небір күрделі жоспарларды іске асыруға батыл түрде кірісуге болады. Қазір де сайлаушылар өз борыштарын орындауға ең бір биік өлшемдермен қарағанын қалар едім.

Ақыр соңында өзімнің жаңа сападағы – республика Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы ретіндегі жұмысымды қалай түсінетінім жайында бірер сөз. Ашық айтайын: осы қызметті Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметімен үйлестіре алып жүру туралы ұсыныс менде белгілі бір күдік-күмән туғызып, елеулі ойларға жетеледі, сондықтан шешім іштейгі күрессіз қабылданды деп айта алмаймын. Ал менің бұл ұсынысты қабылдауыма түрткі болған не?

Өздеріңіз білесіздер, елде және республикада дүбірлі өзгерістер болып жатыр, жергілікті Кеңестерде жаңа құрылымдар пайда болды. Осындай өтпелі кезеңде абдырап қалмаудың, аса мәнді мемлекеттік шешімдерді жүзеге асырудың сәтін өткізіп алмаудың маңызы зор. Өмірдің өзі бүгін ырғалып-жырғалуға мұрша бермейді. Бүгін талап етіліп отырған жұмысты ертең істеу кеш болады. Ал бізде билікті Кеңестерге беру үдерісі біршама кешеуілдеп те қалды. Сондықтан да әрісі мен берісін түгел таразылай келіп, мен республика Жоғарғы Кеңесінің жаңа құрылымының сайлауын күтпей-ақ оның билігін қолыма алуға келістім, қоғамдық-саяси өмірдің даму қисыны да осыны қалайды ғой деп ойлаймын.



Жаңа қызметте жаңғырту саясатын іске асыру, республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету, Кеңестердің рөлі мен беделін арттыру, қазақстандықтардың тұрмысын жақсарту үшін барлық күш-жігерімді аямай жұмсаймын деп сендіргім келеді. Жоғарғы Кеңеспен өзара түсінушілік тауып және соның көмегімен, сіздермен бірге, жолдас депутаттар, әрі көпұлтты республикамыздың барша халқының қолдауымен практикалық істерде нақты алға басушылыққа жетеміз деп үміттенемін.

КСРО халық депутаттарының III съезінде  
КСРО Президентінің қызметін  
тағайындау жөнінде

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Мәскеу қаласы,  
1990 жылғы 14 наурыз

### Құрметті депутат жолдастар!

КСРО Президентінің қызметін тағайындау төңірегіндегі айтыс осы мәселе бойынша пікірлердің аражігін барынша айқындап берді. Сайып келгенде, осында айтылғанындай, бүгінгі кем-кетіктерді, бәлкім, осы қызметті тағайындамай-ақ жамап-жасқауға болар еді, дәл сондай-ақ, ол құрылғаннан кейін де біздің көкейкесті міндеттерімізді шешу оңай бола қоймас.

Біз өкімет билігінің жаңа тетігін тек жеке адам мен қоғам қауіпсіздігінің қазір өткір қойылып отырған про-

блемаларын еңсеру, туындаған әлеуметтік шиеленісті жою үшін ғана іске қосуға тиіс емеспіз деп ойлаймын, әйткенмен, бұл да өзінен өзі төтенше маңызды. Басқарудың президенттік формасынан еліміздің болашағының бейнесін, заң шығарушы және атқарушы өкіметтің парасатты арақатынасының белгілерін көру жүз есе маңыздырақ. Қоғамның әділетті, ізгілікті, демократиялық құрылымын іздестіру (ал өмірдің барлық салаларындағы сан алуан жаңалықтар ең алдымен өзінің демократиялық мәнімен көрінуде) оларды қорғау кепілдіктері туралы мәселені сөзсіз алға қояды.

Президенттік өкімет билігі, біздің кәміл сенімімізше, осындай кепілдік бола алады, өйткені оның негізінде мемлекеттік өкімет билігінің барлық түрлеріне жарасымды тұтастық бере алатын реттеуші қайнар-бастаулар бар.

Енді КСРО Президенті қызметін тағайындау туралы біздің қарауымызға ұсынылған заң жобасының кейбір даулы сәттері туралы. Ашығын айтайын: Президент өзінің міндеттерін орындай алмайтындай жағдайда оның өкілеттігінің неліктен Жоғарғы Кеңестің Төрағасына, шын мәнінде спикерге көшетіні онша түсінікті емес. Біздің көзқарасымызша, еліміздің вице-президенті қызметін тағайындау әлдеқайда қисындырақ болар еді. Одақтас республикалардан сайланған депутаттар, әлбетте, КСРО Президенті қызметін тағайындауға байланысты мәселелерге жергілікті проблемалар, аймақтардағы қоғамдық-саяси жағдай тұрғысынан қарайды.

Осы қырынан келгенде, көптеген проблемалар орталықтың көзқарасы тұрғысынан алғандағыдан мүлдем басқа белгілерге ие болады. Иә, президенттік

өкімет билігін біздің федерацияның бірлігінің, әсіресе, қазіргі шиеленісті кезеңдегі бірлігінің маңызды кепілі деп білеміз, бірақ дағдарысты құбылыстар мәңгі-бақи жалғаса бермейді ғой. Ерте ме, кеш пе, біз қиын кезеңді міндетті түрде артқа тастаймыз. Міне, сол кезде басқа проблемалар бар сұлбасымен бой көрсетеді. Мен бірінші кезекте республикалардың егемендігін меңзеп тұрмын.

Біз өзіміз кеңестік федерация шеңберінен тыс бола алмайтынымызды атап көрсеткім келеді. Біз ұмтылып отырған өзін-өзі басқару мен өзін-өзі қаржыландыру тек республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуына ғана емес, сонымен бірге, бүкіл Кеңес Одағының мүдделеріне де қызмет етеді. Алайда мұндай жағдайда еліміздегі президенттік өкімет билігі біршама басқа сипатқа ие болып, әрбір республикада осындай президенттік өкімет билігінің міндетті түрде болуын ескеруге тиіс. Бұл арада мәселе, әлбетте, қоғамдық құрылымдарды көз жұмып көшіре салуда емес, еліктеушілікте емес немесе өкілеттікті әлдекімен бөлісу тілегінде емес, мемлекеттік егемендіктің табиғатының мәнінде, біздің Одақты егеменді кеңестік социалистік мемлекеттердің бірлестігі ретінде түсіндіретін КСРО Конституциясының мәнінде. Ортақ міндеттермен қатар, олардың әрқайсысы өзіндік міндеттерін де, кейде көршілеріндегіге қарағанда мүлдем қарама-қайшы міндеттерді де шешуге мәжбүр болатыны сөзсіз. Ал мұндай жағдайда аймаққа мемлекеттік тәртіпті нығайту, заңдардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін қайта құруды қорғау тетігі де қажет болады. Еліміздің Президентінің билігін толып жатқан жергілікті проблемаларды шешу үшін пайдалану, оны жалпыодақтық стратегиялық мәселелерден алаңдату тиімсіз, оның үстіне орынсыз да болар еді.

Екінші жағынан, республикаларда президенттік өкімет билігі институтын құру президенттік идеясы мен республикалардың өз дербестігін кеңейтуге ұмтылуының арасындағы қазірдің өзінде байқалып отырған қарама-қайшылықты жоюға мүмкіндік берер еді. Әйтпеген күнде централизмді күрт күшейтуді республикалық егемендікті кеңейту үрдісімен ұштастыру қиын болады. Сонымен бірге, Президент кеңесін құру айқын мәнге ие болар еді, айтқандай, Федерация кеңесі сияқты, оның функциялары да ұсынылып отырған жобада мүлдем күңгірт. Осынау қондырмалық құрылымдардың таза консультациялық рөлі олардың пайда болу фактілерін ақтай алуы екіталай. Егер Президент кеңесі нақты мемлекеттік құрылымның өкілі болып табылатын нақты билік берілген адамдардан құралатын болса, онда олардың алдында тұрған міндеттер де мүлде басқаша қойылмақ. Осыған байланысты, біздіңше, ұсынылып отырған Президент кеңесінің қызметін реттейтін арнайы заңға деген қажеттілік бар.

Сөз жоқ, КСРО Президенті қызметін тағайындау заң шығарушы билікті едәуір нығайтуды талап етеді. КСРО халық депутаттарының өткен екі съезінің қорытындыларын ой елегінен өткізгенде, съезд, біз қаласақ та, қаламасақ та, КСРО Жоғарғы Кеңесі жауапкершілігінің едәуір бөлігін өзінің мойнына алатынына барған сайын көбірек көз жеткізесің. Жолдастар, депутаттарда, әсіресе, күрделі жағдайда, түбегейлі шешімдер қабылдаудан жалтару мүмкіндігі пайда болғанына келісерсіздер. Кейбіреулер өзін өзі жұбатып: егер мәселені КСРО Жоғарғы Кеңесінде шешпесек, оны съезге береміз деп арқасын кеңге салады. Соның салдарынан осындай екі сатылы билік, дәлірек айтсақ, кез келген нақты, бүгін

таңда қажетті іс тежеліп отырған кеселді шеңбер пайда болды. КСРО Жоғарғы Кеңесі сессиясының КСРО-дағы меншік туралы заң жобасын әзірлеу жұмысы осының айқын мысалы, оған енгізілетін түзетулерді де біз бүгін қабылдамақпыз. Қаншама уақыт сарп етілді, қаншама қызыл кеңірдек болдық, ал түбегейлі шешім, біздің ойымызша, қабылданбай-ақ қойды! Қорытындысында осы съездің бекітуіне ұсынылған заңда біз келісе алмайтын ережелер бар болып шықты.

Жерге, табиғат байлығына меншік туралы мәселенің Қазақстан үшін шешуші маңызы бар, өйткені жалпы қоғамдық өнімнің жартысын республика жерді және оның қазыналы қойнауларын пайдаланудан алады. Әлбетте, өзін-өзі басқару мен өзін-өзі қаржыландырудың республикалық тұжырымдамасын әзірлеу кезінде біз осыны ескермей тұра алмадық, сөйтіп, жерді, табиғат байлықтарын Қазақ КСР-інің ерекше меншігі деп жариялауды ұсындық. Сонда не болды дейсіздер ғой? Одақтық министрліктердің барлығы дерлік қарсы шықты. Мұның өзі әкімшілік-ведомстволық өктемдік тіреуіштерінің қайта құру басталғаннан кейін бес жыл өткен соң да, өздеріне сенімді күйде қалып отырғанын дәлелдейді.

Айтқандайын, егер тарихқа жүгінетін болсақ, онда 1922 жылы қабылданған КСРО-ны құру туралы Декларацияға сәйкес республика өз аумағын меншіктеу құқығын ешкімге берген жоқ, ол тек өзінің кейбір құқықтарына ғана ерікті түрде орталыққа өкілдік берді. Бірақ әкімшілік жүйенің осындай заң жүзіндегі шетін мәселелерде шаруасы қанша! Бұл жаңа Одақтық шарттың көкейкесті қажеттілігін тағы да дәлелдейді. Ал сессияда қабылданған заң не ұсынып отыр? Онда жер

және басқа табиғат ресурстары бүкіл кеңес халқына және, сонымен бірге, одақтас республиканың аумағында тұратын халыққа тиесілі болуға тиіс делінген. Осы тұжырымның авторы, мысалы, Қазақстанның ерекшелігін, көп ұлтты сипатын ескерген бе? Өйткені заң жобасында негізі қаланған екіұшты қисынға жүгінетін болсақ, бір жағынан, бізде тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың жерге меншік құқығы бар. Екінші жағынан, тек республикаға аты берілген халықтың ғана (осындай түсініктеме де әбден орынды болғандықтан) жерді меншіктену құқығы бар, ал қалған ұлыстар жалшы болып жүре берсең де мейлің. Қанеки, ойластырып көрелікші, біз сенімсіздіктің, ұлттық күдікшілдіктің тууы үшін желеу беріп отырған жоқпыз ба, біз болашақ ұлтаралық жанжалдардың негізін өз қолымызбен қалап отырған жоқпыз ба?

Бірақ мәселе мұнымен де бітпейді. Былайша ізгі сияқтанған, бірақ мүлдем күңгірт «қоғамдық меншік» деген ұғымның тасасында орталық ведомстволар өздерінің жеке мүдделерін бүркемелеуге тырысуда. Оларға республиканың егеменді саясатында тым көп нәрсе тиімсіз. Тағы да ведомстволардың шырмауына түспеу үшін біз жерді, табиғат ресурстарын иемдену құқығының субъектісі халықтар емес, қай ұлтқа жататынына қарамастан, өзінің барлық азаматтарының ерік-жігерін білдіретін, орталық ведомстволардың өктемдігі алдында олардың мүдделерін қорғай алатын егеменді мемлекеттік құрылым ретіндегі республика болуы керек екенін мойындауға тиіспіз.

Жер мен оның қойнауларын қорғаныс және басқа одақтық мақсаттар үшін пайдалануға келетін болсақ, онда ол шарттық және өтемді негізде, өз аумағының

жеке-дара меншіктенушісі болып табылатын республикалардың келісімімен пайдаланылуға тиіс. Республиканың сыртқы экономикалық байланыстары саласындағы құқығы да, әлбетте, меншік құқығын танудан туындайды. Әзірге мұнда да, турасын айтсақ, жағдай баяу өзгеруде. Үкімет бірде есігін айқара ашады, енді бірде тағы да тарс жауып алады. КСРО Министрлер Кеңесіне деген құрметімді білдіре тұрсам да, ол қабылдайтын шаралардың жартыкештігін атап өтпей қала алмаймын. Реформа жүргізуге тырыса отырып, үкімет, сонымен бірге, ведомстволардың табаны астында тапталып, олардың мүдделерін қорғауға, өзгерістердің қалыпты барысын тежеуге мәжбүр болып отыр. Үкімет қай құдайға сыйынады, кімге қызмет етеді – ведомстволық астамшылдыққа ма немесе кеңес халқына ма, оның осыны бекем айқындайтын кезі келді.

Сыртқы байланыстар саласындағы бұғауды лақтырып тастау керек, әйтпесе Қазақстан мүмкіндіктері тұсалған республика болып қала береді, әлеуметтік-экономикалық дамудағы апатты артта қалушылықтан арыла алмайды. Назарды тек шикізат базасына ғана шоғырландырып, көпшілік қолды тауарлар мен әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық сала сияқты ұсақ-түйек мәселелерге мән бермеуді талап еткен орталықтың өзімшіл саясатының құны тым қымбатқа түсіп отыр. Орталық сіздерді жетімсіретпейді деседі! Ал оның қазір бізбен айналысуға мұршасы жоқ. Республикааралық жеткізілім тәртібі сақталмайды, атқарушы билік дәрменсіз болып шықты. Ал адамдар: ескі стратегиялық қателіктерді олар қайтсін! – деп, зығырданы қайнауда. Айтпақшы, экономикадағы қателіктерден біз бүгін де сақтандырылған жоқпыз. Бүкіл дүниежүзілік прак-



тика халықаралық еңбек бөлісіне қатыспайынша, кең көлемді кооперация болмайынша, дамудың да болмайтынын әлдеқашан-ақ дәлелдеді. Соған қарамастан, біздің экономикалық саясатымыз бұрынғысынша томаға-тұйықтық, аймақтардың өзін өзі қамтамасыз етуі арнасына қарай көрінеу ойысуда. Сөйтіп, бізді тығырыққа итермелеуде.

КСРО Жоғарғы Кеңесінің жайбарақаттығы республика Жоғарғы Кеңесінің жуырда өткен сессиясында ол жерді, оның қойнауларын, суды, орманды және басқа табиғат ресурстарын республиканың меншігі деп жариялау құқығын өзінде қалдырады, оларды иелену және пайдалану құқықтарына өкілдікті халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің қарамағына береді деп мәлімдеуге мәжбүр етті. Жолдастар, біреулердің бір мәлімдемені үзілді-кесілді талап ретінде немесе өз бетімен билеп-төстеушілік әрекет деп бағалауын, әсіресе, қаламас едік. Жоқ, мәселе бүгінгі таңда былай қойылып отыр: не біз осылай істейміз, не халық сенімін едәуір дәрежеде жоғалтамыз.

Біздің мұндай шиеленіске жеткізуге хақымыз бар ма? КСРО Жоғарғы Кеңесінің көптеген республикалардың пікіріне таскерен күйінде қалғанын, міндеттерді орындай алмағанын ашық мойындаған, сөйтіп, оған меншік туралы заңды жетілдіруге қайтарған жөн болмас па? Бүгінгі таңда біз осыдан бір жыл немесе екі жыл бұрынғы сияқты орталықтың оралымсыздығын, мейлі әділ болса да, мүлдем нәтижесіз сынаумен шектеле алмаймыз. Басқа, неғұрлым батыл шешімдер қажет. Ендеше, бізге берілген Президент бейнесіндегі атқарушы өкімет билігін түбегейлі нығайту мүмкіндігін уыстан шығарып алмайық. Біз Президенттің бірінші

кезектегі іс-қимылы Одақтық шартты жаңартуға, республикалардың егемендігін нығайтуға бағытталады деп қатты үміт артамыз, өйткені біз бұрынғысынша: күшті республикалар – күшті держава, күшті Одақ дейтін тұжырымның дұрыстығына кәміл сенеміз.

**Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі  
он екінші шақырылымының I сессиясында  
Қазақ КСР Президенті болып  
сайлануына байланысты**

## **СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Алматы қаласы,  
1990 жылғы 24 сәуір

**Құрметті халық депутаттары!  
Қазақ Кеңестік Социалистік  
Республикасының азаматтары!**

Жаңа ғана аса бір айрықша оқиға болды. Республиканың Жоғарғы Кеңесі Қазақстанның тарихында тұңғыш рет Қазақ КСР Президентінің лауазымын тағайындады. Осы биік мансап пен айрықша жауапты міндет маған жүктелді.

Маған көрсеткен зор сенімдеріңіз бен құрметтеріңіз үшін көптен-көп рахмет. Осында айтылған жүрекжарды сөздеріңіз бен ақ тілеулеріңіз үшін шын жүректен

шыққан алғысымды білдіремін. Дауыс берудің қорытындысын мен бүгінде өздеріңізбен бірге жүргізіп келе жатқан саяси бағытты – қайта құрудың, жаңғырудың, демократиялық, адамгершіл социализмнің бағытын шын ниетпен қолдау деп бағалаймын.

Ең алдымен сіздерді принципті тұрғыдан мынаған сендіргім келеді – өзіме берілген республика Президентінің билігін мен көпұлтты Қазақстанымыздың жұмысшы табының, шаруаларының, интеллигенциясының, барша халқының игілігіне, оның экономикалық, әлеуметтік және рухани гүлденуіне пайдаланамын.

Мен президент институтын енгізу – жалпыодақтық құрылымдарды көзсіз көшіріп алу емес екенін бұрын да айтқанмын. Атқарушы биліктің жұмылдырушы бастауларын, қазіргі күллі мемлекет тетігінің тепе-тең және тиімді қызметін өмір қисынының өзі талап етіп отыр.

Қазақ КСР-інің ұлттық мемлекеттігін, саяси егемендігін нығайту, оны кеңестік социалистік федерация шеңберіндегі жаңа, нақты мазмұнмен байыту, КСР Одағы мен республиканың өкілеттіктерін неғұрлым айқын межелеу жөніндегі шараларды қабылдау президент билігінің айрықша қамқорлығы болады деп ойлаймын.

Ұлттық-мемлекеттік құрылыс саласындағы авторитарлық әдістер кеңестік федерализм қағидаттарының соңғы кезге дейін тек бұрмаланып қана қоймай, жалаң сөзге, жалған нәрсеге айналуына әкеліп соқтырды. Республикалардың өмірлік мүдделерін қозғайтын мәнді мәселелер көрінеу ескерілмеді, бәрі орталық ведомстволардың мүддесіне бағындырылды, ал олардың өктемдігі көбіне-көп аймақтардың экономикалық және әлеуметтік дамуына кедергі болды, кеңестік мемлекетті

федерациялық құрудың лениндік тұжырымдамасына тікелей қайшы келді.

Қазіргі жағдайдың шындығы – сталиндік «автономдандырудың» кесірлі салдарын еңсеруге деген қуатты құлшыныстар бар пәрменімен көрінуде. Нақ солардың ықпал етуі арқылы елдің Жоғарғы Кеңесінде КСРО Президенті М. С. Горбачевтің тапсыруымен 1922 жылғы КСР Одағын құру туралы Декларацияны жаңарту және республикалар арасындағы жаңа шартты әзірлеу жөніндегі жұмыс басталып кетті. Үстіміздегі жылғы наурыздың соңына қарай Федерация Кеңесінің алғашқы мәжілісінде бұл мәселе кеңінен және мүдделілікпен талқыланды. Сонда сөйлеген сөзімде мен республиканың атынан қазіргі ғана емес, сірә, алдағы ғасырдың да ең парасатты, неғұрлым тиімді мемлекеттік құрылымы – толыққанды федерацияны жақтап шықтым.

Менің қазіргі, турасын айтсақ, тұрақтылығы тіпті де мәз емес жағдайда сабырлылық сақтап, мемлекеттік даналық таныту керек дейтін пікірімді сіздер қолдайсыздар деп сенемін. Бір шектен екінші шекке ауытқып, конфедерацияға да, біртұтас мемлекетке де алаңдап, шөре-шөре болуды қою керек. Бірақ федерацияны да жаңа, осы заманғы қағидағтар негізінде құру қажет. Атап айтқанда, жалпыодақтық және республикалық мүдделерді үйлестіретін, кез келген ұлт азаматтарының құқықтарын сенімді түрде қорғайтын, әр республика өмірінің нақты жағдайларына және әлеуметтік-экономикалық әлеуетіне қарай сараланған федерациялық байланыстарды ескеретін заңдарды қабылдау тездетілуі тиіс.

Одаққа кіретін басқа да республикалар сияқты егемен әрі тең құқықты социалистік мемлекет болып табылатын Қазақ КСР-і өзі ерікті түрде, шарт негізінде мемлекеттік биліктің және елді басқарудың орталық органдарына берген өкілдіктерінен басқа өз аумағындағы мемлекеттік биліктің барлық толықтығына ие болуы керек. Бұл ретте одақтық органдар мен республиканың арасында пайда болатын қақтығыстарды шешуге мүмкіндік беретін тетік жасалуы тиіс: бірде ол – актінің күшін кідірту, тағы бірде – Конституцияға және республиканың мүдделеріне қайшы келетін актіні жоюды талап етіп, одақтық үкіметке жүгіну болуы мүмкін.

Республиканың КСР Одағының қарауына берілген мәселелерді шешуге қатысуындағы конституциялық құқығын іске асырудың да тетігі болуы тиіс. Өйткені, егер біз құқықтық мемлекет туралы айтатын болсақ, онда тек республика ғана Одақтың алдында жауапты болып қоймай, Одақ та республика алдында жауапты болуы керек.

Жақында ғана қабылданған «Одақтас республиканың КСРО-дан шығуына байланысты мәселелерді шешудің тәртібі туралы» Заң республикалардың егемендігі мен олардың өзін-өзі билеу құқығын растайтын аса маңызды құқықтық акт болды. Ол күшіне енді де. Әрине, оның белгілі бір баптары, жекелеген ережелері туралы дауласуға да болар еді. Әрі бұл арада осыған қатысты айтылған: бостандықты білмеген бір жұтым таза ауаға да тұншығуы мүмкін дейтін шығыстың ежелгі даналығын еске алудың да жөні бар. Бұл жерде эмоцияға берілу орынсыз, республикалық заңнаманы жәй ғана осы заңға сәйкестендіру қажет.

Бұл тіптен де оның қабылдануымен күні ертең Одақтан шығу құқығын іске асыру туралы мәселе қойылады дегенді білдірмейді. Біз өз туымыздың қызыл болғанын және солай болып қалатынын, мақсатымыз – сөздің лениндік мағынасындағы адамгершіл социализм екенін және КОКП Орталық Комитетінің партияның XXVIII съезіне Тұғырнамасының жобасындағы: «алуан түрлі әрі бір-біріне кіріккен өзара байланыстарды әлсірету және, әсіресе, ұзу біздің еліміздің барлық халықтары үшін болжап болмайтын жағымсыз жағдайларға соқтырар еді» дейтін тезисті толық қолдайтынымызды барынша батылдықпен және жауапкершілікпен тағы да қайталаймыз.

Президент ретінде былай деп есептеймін: Қазақ КСР-і, республиканың жергілікті Кеңестері жерге, оның қойнауларына, суларына, ормандарына және басқа табиғи ресурстарына меншік иесі құқығының субъектілері болулары керек. Өндірістік және шаруашылық объектілерін орналастыру мен жұмыс істету олардың қатыстылығына, соның ішінде әскери ведомствоға да қатыстылығына қарамастан, тек республиканың және жергілікті Кеңестердің рұқсатымен немесе олармен шарт жасасу негізінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Еңбек ресурстарын тиімді пайдаланумен, еңбектің қауіпсіз жағдайларын жасаумен, қоршаған ортаны қорғаумен, сыртқы экономикалық қызметті қоса алғанда, халық мүдделері мен қажеттерінің күллі ауқымын қанағаттандырумен байланысты мәселелерді шешу республиканың толық құзырында болуы қажет.

1991 жылғы 1 қаңтардан бастап «КСР Одағының, одақтас және автономиялы республикалардың эко-

номикалық қатынастарының негіздері туралы» КСРО Заңы іске қосылды. КСРО Министрлер Кеңесі екі ай ішінде заңның іске асуын қамтамасыз ететін, сонымен бірге, өзінің қабылданған заңнамаға қайшы келетін актілерінің бәрін жоятын тиісті шешімдерді ұсынады дейтін келісім бар.

Сірә, бұл жерде шиеленіскен күрес болатын шығар, неге десеңіздер, КСРО Министрлер Кеңесі республикаларды анау-мынау емес, 1920-шы жылдардан бері басқарды және осы жылдар ішінде республикалардың құқықтарын қырқумен, құртумен болған мыңдаған түрлі құжаттар қабылдады. Орталық ведомстволар соларды, әсіресе, өздерінің негізгі, түбегейлі мүдделерін қозғайтындарын оп-оңай және тез жоя салады деп ойламаймын.

Ал ведомстволық өктемдік біздің Қазақстанда неге соқтырғанын біз жақсы білеміз. Күштеп ұжымдастыру жылдарындағы адамдардың жаппай қырылуы, халықты өз жерінің байлығынан айыру, негізінен байырғы халық мекендейтін ондаған аудандардың мүшкіл жағдайы, ауруханалар мен мектептерді, балалар бақшалары мен жоғары оқу орындарын қайыршылық күйде ұстау, өздерінің сасық ауасына тұншыққан қалалар – Қазақстанның жер қойнауларын пайдаланғаны үшін орталық ведомстволардың бізге өтеу орнына берген жағымсыз құбылыстарының қысқаша тізімдемесі осындай. Енді бұлай жалғаса беруі мүмкін емес. Мен мынаған кәміл сенемін: Қазақстан егемен мемлекет ретінде КСР Одағымен және басқа республикалармен өзінің қарым-қатынасын келісім-шарт принципімен орнатады және, дербес мықты саясатын жасап, қарқынды түрде қайта жаңғыра бастайды.



Экономикалық дербестікті нығайту, республиканы өзін-өзі басқару мен өзін-өзі қаржыландыру принципіне көшіру туралы әңгіме еткенде, біз әсте де өнім алмасуға жасалған келісімдерімізден бас тартуды айтпаймыз. Ал бұл айырбас құн заңына негізделген бағалар бойынша, реттелмелі нарықтық экономика шарттарына сәйкес жүргізілуі тиіс десек, әңгіме басқа. Біздің ұстанымымыз: қалыптасқан деңгейлес байланыстарды сақтау, бірақ республика кәсіпорындары сататын өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасын қайта қарау. Әрине, шаруашылық жүргізудің жаңа формаларына және реттелмелі нарықтық экономикаға көшуге байланысты бұл үлгі жетілдіріле береді.

Нарықтық қатынастардың өмірлік қажеттігін дәлелдеп жатудың керегі болмас деймін. Бізді бұған экономикалық реформаның қисыны және, оны аз десеңіз, социалистік қоғам орнатудың лениндік тұжырымдамасына негізделген қайта құрудың бүкіл қисыны әкеліп тіреді. Базбіреулерге біз социализмнен ауытқып, нарықтық экономиканы енгізу арқылы капиталистік даму жолына қайта түскендей көрінетініміз жасырын емес. Теориялық толғамдарға бармай-ақ қояйын: біздің бұл тақырыпқа көзқарасымыз В. И. Лениннің туғанына 120 жыл толуына арналған салтанатты мәжілістегі баяндамада айқын тұжырымдалған. Тек айтарым: социализм туралы нағыз лениндік ілімді қайта жаңғыртып, лениндік жаңа экономикалық саясат – социалистік мұраттардан амалсыз шегіну емес, капитализмнен басқа бір, әлдеқайда кемелді қоғамдық құрылысқа өту кезеңінің объективтік заңдылығы екенін ақырына дейін ұғынудың абыройы нақ осы біздің ұрпаққа бұйырыпты.

Ақиқат жолы қашанда ауыр. Сталиннің лениндік бағытты қасақана бұрмалауы, жеке басының шексіз билігіне жету үшін «әскери коммунизм» қағидаттарын аспанға көтеруі біздің халқымыз үшін қымбатқа түсті. Қазір соның бәрінен арылып болған жоқпыз. Социалистік дамудың даңғыл жолына қайта түсу толып жатқан экономикалық, әлеуметтік және саяси қиыншылықтармен бірге жүреді. Жоспарлы-нарықты экономикаға көшудің бастапқы кезеңінде, алғашқы 1,5–2 жылда бізді елеулі шығындар, халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуі мен басқа да келеңсіз сәттер күтетініне дайын болуымыз керек. Дегенмен бізде экономиканы шұғыл өркендетудің, өктемдік пен монополизм құрылымын өзгертудің басқа жолы жоқ екенін түсінуіміз керек. Біз қоғамдық санада күрт бетбұрыс жасауға әдейілеп барып, адамдарға мәселенің мәнін кеңінен түсіндіре отырып, жалпыға бірдей мүдделілік пен белсеңділік ахуалын туғызуға тиіспіз.

Адамдардың нарық идеясына қырғи қабақ қатынасын барынша бейтараптау үшін бізге жан-жақты шаралар қолдану парыз. Президент ретінде мен осынау қиын-қыстау кезеңде республика халқының, әсіресе, оның неғұрлым қолайсыз жағдайда қалған топтары мен жіктерінің әлеуметтік қорғалуын нығайту үшін барлық қолжетімді және мүмкін тетіктердің бәрін пайдаланатын боламын.

Біздің баршамыздың алдымызда күрделі шешімдер тұр, солар үшін Қазақстан халқының алдында бәріміз жауап береміз.

Үкімет құрылған соң депутаттарға оның экономикадағы дағдарысты құбылыстарды еңсеру, Қазақ КСР-інің

болашақтағы дамуының негізгі бағыттары жөніндегі бағдарламасын бекіту қажет болады. Сіздерді жағдайға баға беруде және кейін біздің жоспарларымызды қалыптастырудың негізі болатын практикалық шараларды белгілеуде сарабдалдық пен кемелдік танытуға шақырамын. Егер ең қағидатты және аса өткір проблемалар туралы айтсақ, онда мен оларды шешу жолдарын мынадай басым бағыттарға біріктіреп едім.

Біріншіден, бұл – республиканың экономикалық дербестігіне көшу үшін берік база жасау, қарапайым жалгерліктен, өндірістік кооперативтерді дамытудан, еңбекшілердің өзін-өзі басқаруына негізделген басқа да меншік формаларынан бастап мемлекеттік кәсіпорындар және олардың қызметкерлері де қатысатын әралуан қауымдастықтарға, акционерлік қоғамдар мен бірлестіктерге дейінгі жаңа экономикалық қатынастарды батыл енгізу. Біз кәсіпкерлік рухын қайта жандандырып, іс жүзінде меншік, жер, жалгерлік туралы заңдардың, сондай-ақ, бәлкім, осы сессияда қабылданатын Қазақ КСР-індегі шаруа қожалығы туралы Заңның және осы пакеттегі басқа да заңнамалық актілердің орасан зор жасампаздық әлеуетін ашуымыз керек.

Аса маңызды ұстанымымыз – орталық пен республиканың сыртқы экономикалық қызмет саласындағы қатынастарын қайта қарау. Сыртқы экономикалық, валюталық егемендік болмайынша, «ішкі» егемендіктің толыққанды емес, жартыкеш болатыны бүгінде айдан анық. Халықаралық рынокқа шығу, шетелдік серіктестердің қатынасуымен бірлескен кәсіпорындар құру – бұл да экономикалық дербестіктің маңызды бір жолы. Осындай саясатты іске асырудан өзімнің кезек күттірмес міндеттерімнің бірін көремін.

Екіншіден, республиканың халық шаруашылығын ең жаңа технологиялар мен техниканың базасында құрылымдық жағынан қайта құру, тиімділігі нашар өндірістерді қысқартып, ғылыми ауқымды өндірістер ұйымдастыру, экономиканы халық тұтынатын тауарлар өндіру мен қызмет көрсету жағына қайта бағдарлау, толыққанды ішкі рынок құру.

Әдетте, өңдеуші өндірістерді дамытудың болашағы талқыланған сайын орталық ауданаралық еңбек бөлісу жөніндегі міндеттемелерді, еуропалық бөліктегі кәсіпорындардың мамандандырылуын және оларды шикізатпен қамтамасыз ету қажеттігін алға тартып шыға келеді. Бұл орайда қалыптасып қалған экономикалық байланыстарды бұзу мүмкін еместігін, әйтпесе ол қуаттардың бос қарап тұруына, жұмыссыздыққа соқтыратынын айтады. Мұндай пайымдаулар салмақты және түсінікті. Бірақ ондай жағдайда әңгіме шикізатқа, әсіресе, өндіруші өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының өніміне баламалы айырбас орнату туралы болуы тиіс. Мұны не әділетті баға белгілеу арқылы немесе айрықша бөлу тетігінің көмегімен жасау қажет. Республика өмір бойы шикізат шылауы болып, артық өнім шығарған жағдайда өз пайдасына түсетін жыл сайынғы жүз миллиондаған сомның шығынына батып жүре алмайды.

Осыған байланысты республика Мемлекеттік жоспарлау комитетінің қызметінде жаңа қағидалар мен бағыттар пайда болуы керек. Мемлекеттік жоспарлау комитетін ғылыми-техникалық штабқа айналдыру жөніндегі лениндік нұсқауларды шындап іске асыруымыз қажет. Ол шаруашылық тетігін жетілдірудегі рөлін

арттырып, өз өкілеттігі шеңберінде әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан күшті егемен республиканың дамуына жағдай жасап, тауар-ақша принциптерін үнемі дамытып, шаруашылық қызметінің барлық салаларында өзін-өзі ақтау мен өзін-өзі қаржыландыру принциптерін сақтауға қамқорлық жасап, экономиканың ілгерінді құрылымын ескере отырып, барлық деңгейде инновациялық саясат жүргізуі тиіс. Республиканың өткен шақырылымындағы Жоғарғы Кеңесінің соңғы, XVI сессиясында құрылған Экономикалық кеңес осы жұмыстың бәрін үйлестіріп отыруға міндетті.

Ақырында, үшіншіден, еңбек, жоспар, келісім-шарт тәртібін жан-жақты арттырып, өмірдің барлық саласында реттілік орнату керек. Бұл арада жұмысшы табының, шаруалардың қолдауына, жоғары саналылығына өте-мөте сенемін және олардың өздері де осыны қалап отырғанын білемін. Біз, жолдастар, қоғамдық көңіл-күйдегі осы өзгерісті есепке алмай тұра алмаймыз. Әл-ауқат өсуінің кепілі – экономикалық өсу екенін, ал айқын да саналы тәртіпсіз оған жете алмайтынымызды бәріміз түсінуіміз керек. Тәртіпті нығайту жөніндегі батыл қадамдар барша қазақстандықтардың шынайы, белсенді қолдауына ие боларына сенімдімін.

Жағдайды бағалай келгенде, әлеуметтік проблемалардың барған сайын жанға батып бара жатқанын көрмеуге болмайды. Қазір олар бірінші орынға шығып, шұғыл шешімін талап етіп отыр. Экономиканы халықтың әлеуметтік қажеттеріне қайта бағдарлау үдерісі басталып та кеткенін айтуға біздің хақымыз бар. Алайда жағдайды түбегейлі жақсарту үшін, тіпті төтенше дерлік күш-әрекет керек. Ал оның нақты мүмкіндіктері бізде бар.

Қазақстанның кейбір аймақтарындағы еңбекке жарамды халықты жұмыспен қамтамасыз ету сияқты аса маңызды әлеуметтік-экономикалық проблеманы шешуге байланысты алаңдаушылыққа толық қосыламын. Жұмыс орнының жетіспеуі, жалақының төмен болуы көбінесе байырғы халық мекендейтін шалғай аудандарда тіптен өткір сезілуде.

Әрине, қалай болғанда да, бұл проблема шешілуде, осыған байланысты Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен республика үкіметінің бірқатар қаулылары да қабылданды. Әйтсе де, сірә, бұл жерде аймақтардың тарихи және ұлттық ерекшеліктерін, халқының психологиясы мен тұрмыс салтын ескерген неғұрлым кешенді көзқарас қажет болатын шығар. Бәлкім, Жоғарғы Кеңестің тиісті тұрақты комиссиялары еңбекпен қамту туралы арнайы заң жобасын әзірлеуді де ойластырулары керек болар.

Әлеуметтік саясаттағы басымдықтарды қарастыра келіп, Жоғарғы Кеңес сондай-ақ халықтың жеткілікті қамтамасыз етілмеген бөлігінің – зейнеткерлердің, көп балалы отбасылардың, жетімдер мен мүгедектердің тұрмыс деңгейін арттыру мәселесін алғашқы орындардың біріне қоятынына күмәнданбаймын. Биылғы мамырда еліміз Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 45 жылдығын атап өтеді. Ардагерлерге қамқорлық жасау, оларды моральдық та, материалдық та жағынан қолдау – біздің қасиетті борышымыз.

Өздеріңіз білесіздер, М. С. Горбачевтің тапсыруымен КСРО Жоғарғы Кеңесі «Әйелдердің жағдайын жақсартудың, ана мен баланы қорғаудың, отбасын нығайтудың кезек күттірмейтін шаралары туралы» қаулы

кабылдады. Онда белгіленген проблемаларды шешу де – біздің кезек күтгірмес қамқорлығымыз. Егер біз бүгін отбасын, ана мен баланы қорғауды қамтамасыз етпесек, біздің болашаққа деген мақсаттарымыз үлкен күмән туғызатын болады.

Тұрғын үй проблемасын шешу тіпті де оңай міндет емес. Республика тұрғын үйге қатысты бес жылдық жоспарын орындады, енді жыл соңына дейін тағы бір жылдық жоспарды орындауға мүмкіндігі бар. Бірақ қаладағы және ауылдағы мың-мыңдаған адамдар үшін жағдай әлі өткір қалпында қалып отыр. Сондықтан жаңа мүмкіндіктерді табандап іздеп, тұрғын үй құрылысын және бірінші кезекте жалпы көлеміндегі үлесі әзірге бар болғаны 14 %-ды құрап отырған жеке құрылысты кеңейту үшін барлық көздерді пайдалану міндеті тұр.

Осы және басқа да шараларды нақты іске асыру жолындағы жауапкершіліктің негізгі салмағы ең алдымен жергілікті басқару органдарына және, әлбетте, үкіметке түседі. Бірақ өзекті мәселелерге Президенттің тікелей араласуынсыз да болмайтыны даусыз. Сірә, міндеттерді айқын қойып, мерзімдері мен орындаушыларының жеке жауапкершілігін нақпа-нақ белгілейтін жарлықтар да керек болар.

Экономиканы әлеуметтік саланы дамытуға қайта бағыттау туралы айтқанда, біз бетбұрыс тек адамға ғана емес, табиғатқа да қатысты болуы керегін есте ұстаймыз, өйткені тұратын орта саламатты болмайынша, қайта құрудың экономикалық та, әлеуметтік те мақсаты қамтамасыз етілмек емес.

Арал тек Қазақстанның, Орталық Азияның ғана емес, сонымен бірге, бүкіл елдің нағыз экономикалық апатына

айналды. Қазір бұл қасірет әлемдік ауқымға шықты деп негізсіз айтылып жүрген жоқ. Бұған ядролық қондырғыларды сынауды, ғарыш кемелерін ұшыруды, кен орындарын ашық әдіспен қазуды, алқаптардың оңды-солды жыртылуын, өнеркәсіп алыптарының құрылысын және т. б. қосыңыз. Бір өңірлерде топырақтың су астында қалуы, батпақтануы, сортаңдануы, өзге өңірлердің шөлге айналуы, тау-кен кәсіпорындарының тау-төбе үйінділері, су және жел эрозиясымен басқа да жойқын үдерістердің таралуы, ауаның күкірт сутегімен және күкіртті ангидридпен ластануы – осының салдары. Әрі бұл мұнымен шектелмейді. Артымызға тасталқан болған табиғатты қалдыратын болсақ, болашақ ұрпақтар бізді кешірмейді.

Қазір республикалық экологиялық бағдарлама жасалды. Дегенмен оны жүзеге асыру барысында шиеленіскен қақтығыстар болатынын көремін, өйткені бізге одақтық министрліктер, көбінесе өнеркәсіпке қатысы барлары елеулі түрде қасарыса қарсы болады.

Табиғатқа араша бола жүріп, сонымен қатарластыра қалалар мен ауылдарды абаттандыру, олардың тазалық жағдайын жақсарту жөнінде жұмыс жүргізу керек. Әбден ластанып, бетімен жіберілген, күллі қала шаруашылығын қайта құруды қажет етіп тұрған Алматыға қараңыздаршы!

### **Жолдастар!**

Біздің сессиямыз саяси реформаның екінші кезеңі шеңберінде республика халық депутаттары Кеңестерінің жаңа, біртұтас құрылымын жасауды аяқтап келеді. Өкілетті органдарды қайта құру, олардың



құқықтары мен өкілеттігін кеңейту, оларға аппаратты міндетті түрде бағындыру – Кеңестерге билік пен басқару тетігін қайтарып берудің бірінші шарты осы. Біз бұл қадамды жасадық. Өздеріңіз білесіздер, облыстарда Кеңестердің қызметіне бағыт беріп, реттеп отыратын төралқалар құрылды.

Мұнымен де бітпейді, Кеңестер тек толық мағыналы заңдық өкілдіктерге ғана емес, биліктің нақты тетігіне ие болуы тиіс. «КСРО-дағы жергілікті өзін-өзі басқару мен жергілікті шаруашылықтың ортақ бастаулары туралы» жаңа Заң жаңарған Кеңестердің өз бағытын анықтаудың сенімді бағдарын береді. Бірақ, сонымен бірге, Жоғарғы Кеңес мүмкіндігінше тез арада республикадағы өзін-өзі басқаруды реттейтін заңнамалық актілерді, сондай-ақ меншік туралы, жер туралы республикалық заңдарды жасап, қабылдауы керек, ал Министрлер Кеңесі жергілікті шаруашылықты, материалдық-қаржы базасын өзін-өзі басқару, жаңа экономикалық және құқықтық қатынастар жағдайында жұмыс істеуге әзірлеу бойынша кешенді шараларды жүзеге асыруы тиіс.

Сірә, депутаттық комиссиялар мен комитеттердің жұмысын осы маңызды құжаттар республика Жоғарғы Кеңесінің II сессиясында-ақ талқыланып, қабылданып, осындай етіп құру керек шығар. Жергілікті Кеңестермен бірлесіп, әртүрлі аумақтық деңгейдегі коммуналдық меншіктің құрамына тегін берілетін мүліктің тізбесін анықтау, бір тұрғынға есептелген бюджеттік қамтама-сыз ету нормативтерін белгілеу қажет болады.

Сонымен бір мезгілде, партия комитеттерінің Кеңестерге қамқорсушылығын, олардың нақты мемлекеттік және шаруашылық мәселелерді шешуге килігуін

біржолата жою қажет. Ал бұл жағдайда мен, Президент ретінде, өзімнің міндетім халықтың өзін өзі басқаруының толық билікті органдары ретіндегі Кеңестердің өз өкілеттіктерін орнымен пайдалана білуді үйренуінде, бар күшімен жұмыс істеп кетуінде деп білемін. Оны аз десеңіз, өзіне жүктелген міндеттерді орындай отырып, Президенттің арқа сүйейтін тетігінің өзі нақ осы Кеңестердің жаңа жүйесі болмақ. Жақсы даярлығы бар кадрлар туралы мәселе өзінен өзі туады. Кеңестердің міндеті – қолынан ұйымдастыру жұмыстары келетін таланттарды тауып, өсіріп, ынталандырып отыру, олардан басқару ісінің кәнігі білгірлерін қалыптастыру. Рас, бізде бүгін аппаратты сынап-мінеу көп. Бірақ, қай заманда болсын, қандай өркениетті елде болсын, өзін қадірлейтін билік органы аппараттың беделін ұдайы қолдап, оның жұмыс жағдайына қамқоршы болып отырған. Өйткені мемлекетте сауатты және білікті басқару қызметкерлерінсіз ешқандай жұмыс бітуі мүмкін емес. Сондықтан қазір мәселе осы буын қайта құрудың күрделі міндеттеріне сай болуы тиіс деп қойылып отыр. Бүгін өз міндеттерін біліктілікпен атқарып, Кеңестерге, кәсіпорындарға, ұйымдарға жан-жақты көмек көрсететін, аумақтардың тұрлаулы және тиімді дамуын қамтамасыз етерлік шешімдерді жүзеге асыра алатын аппарат қажет. Риясыз әрбір адам, республикада болсын, елде болсын, жүріп жатқан өзгерістерді көрмей тұра алмайды. Бүгін біз кешегімізден, әсіресе, бұрнағы күнгімізден мүлдем басқамыз: бес жыл ішінде бәріміз қыруар сабақ алған жолдан өттік. Соның бірі: біз, әйтеуір, демократияны бетімен кетушілікпен және қоғамға қарсы жүгенсіздікпен шатастырудан арылған сияқты-

мыз. Өйткені экстремистік осы өрісте өркен жайып, сенімсіздік, үрейленушілік пен сарыуайымшылдық өршиді.

Байыптап қарасаңыздар, біреулер жұмыс істеп, ал енді біреулер күн сайын аласұрып, митингілер, шерулер мен демонстрациялар ұйымдастырып, өшпенділікті өршітіп, қалай болғанда да қайта құруға деген сенімге селкеу түсіруге жанталасып жүргенін көресіздер. Мемлекеттік және қоғамдық органдарға алуан түрлі үзілді-кесілді талаптармен қысым жасалуда.

Митингілерді, шерулер мен демонстрацияларды өткізудің тәртібін қатаң сақтап, кез келген әпербақандық көріністерге дер кезінде тойтарыс жасап отырудың соншама маңызды болатыны осыдан. Демократияны тәртіп пен ұйымшылдықтан, заңды қатаң сақтаудан ажыратуға болмайтынын ешкімнің ұмытуға хақысы жоқ. Құқық қорғау органдары антиконституциялық әрекеттерді батыл тойтарып, қылмысқа табанды қарсылық көрсетуі, азаматтардың өмірін, ар-ожданын және мүлкін сенімді түрде қорғау қажеттігіне сай қоғамдық тәртіп пен заңдылықты нығайтуға бағытталған пәрменді шараларды қолдануы тиіс. Саудагерліктің және сауда ережесін бұзушылықтың жолын кесу жөніндегі шаралар кешенін кідірмей жүзеге асыру керек.

Егемендігін нығайтып, дербестікке қол жеткізген сайын республика кеңестік және халықаралық заңдарға сәйкес өз аумағындағы барлық ұлт адамдарының азаматтық құқықтарын қамтамасыз ету жауапкершілігін де өз мойнына алуы керек.

Ұлттық өшпенділікті насихаттау, алауыздыққа, діни төзбеушілікке шақырған сепаратистік ұрандар мен

үндеулерді тарату аяусыз тойтарылып отыруы керек. Еліміздің заңдарының барлық күш-құдіреті осыған бағытталатын болсын.

Жоғарғы Кеңес республикалық заңнаманы КСРО-ның «Азаматтардың ұлттық тең құқықтығына қол сұғушылық пен КСР Одағы аумағының тұтастығын күштеп бұзушылық әрекеттері үшін жауапкершілікті күшейту туралы» Заңына сәйкестендіруі керек.

Сөйте тұра өзгелерге түсінікті болуымды қалаймын: біз тіпті болып жатқан үдерістерге бізден басқаша, өз көзқарастары болғанымен, қайта құру ұстанымында тұрған және адамгершіл құндылықтарын уағыздайтын барлық қоғамдық қозғалыстармен ынтымақтасуға, күш біріктіруге ұмтыламыз. Тұрақсыздандырушы, қоздырмалы қаупі күшті үдерістер адамдардың моральдық жағдайына ауыр салмақ түсіреді, ал оны бәсеңдету әралуан қоғамдық күштердің сан түрлі мүдделерін жұмылдырып, республиканың дамуын тұрақтандыра алатын берік, дәйекті, сенімді және пәрменді билікті талап етеді. Қолайлы әдістердің бәрімен, практикалық батыл әрекеттермен азаматтық тыныштық пен ұлттық келісімді сақтау керек. Неге десеңіз, Қазақстанның тағдыры көбінесе осыған байланысты. Республика халқының: қазақтар мен орыстардың, немістер мен украиндардың, ұйғырлар мен татарлардың, корейлер мен дүнгендердің – өздері туып-өскен жерін қадірлейтіндердің бәрінің күш-жігерін қосса, кез келген «тауды» қопаруға болады.

Республиканың басшысы ретінде мен, қай ұлтқа жататынына қарамастан, кез келген адам Қазақстанда өзін еркін сезініп, ертеңгі күніне деген сеніммен өмір

сүріп, жұмыс істеуі үшін, ұлтаралық қатынастарды одан әрі үйлестіре беруге тынбастан ұмтылатын боламын. Мен мұны жаңа құрылып жатқан Президент кеңесінің де ең басты міндеттерінің бірі санаймын. Бұл орган республика өмірінің тағдыршешті мәселелері бойынша ақыл-кеңестер айту, неғұрлым күрделі жағдайларда жедел шешімдер шығару үшін ұсыныстар беру міндетін жүктейтін өзіндік бір ақыл-ой орталығы іспетті көрінеді.

Президенттің қызметі – өзінің мәні бойынша бүкіл халық мүддесінің жиынтық көрінісі деуге болады. Ал халықтың жасампаз еңбегі – пәрменді президенттік биліктің негіздерінің негізі. Сонымен бірге, жолдастар, онсыз қалыпты қоғамдық орта өмір сүре алмайтын адамгершілік негіздерін ешқандай билік алмастыра алмайтынына сіздер келісетін боларсыздар деймін. Біз көпке дейін мәдениеттен үнемдеумен келдік, руханилыққа мән бермедік, енді қымбат бағамен соның сазайын тартып жатырмыз. Ақыр соңында, тарихтың осы ащы тәжірибесін мойындайтын кезіміз келді; басқаша, сындарлы шешімдер қабылдап, ғылымға, білімге, өнерге, яғни сөздің мейлінше кең мағынасында мәдениетке ұқыпты көзқарас таныту керегін түсінетін уақытымыз болды. Өзіміздің барлық әлеуметтік, экономикалық және саяси жоспарларымызда қоғамдық өмірдің осы жағына барынша басымдық беріп, сол арқылы адами қарым-қатынастар ахуалын үнемі ізгілендіре беруіміз керек.

Халықтың зияткерлік және рухани әлеуетін байытуда, Лениннің белгілі сөзімен айтқанда, кез келген қоғамдық өзгерістерге әлеуметтік сезімталдығы өткір

көрінетін біздің интеллигенциямызға зор үміт артылады.

Шығармашыл және ғылыми интеллигенция өкілдерімен кездесулерімде мен олардың қоғамды жұмылдыруға айрықша жауапты екенін әдейілеп айтып, адамдар өздерінің рухани ұстаздары санайтын жандардың борышы туралы естеріне саламын.

Бүгін соған қайта айналып соғып, сонымен бірге, республиканың кеңес және шаруашылық органдары ғылым мен мәдениеттің материалдық-техникалық базасына, шығармашыл және ғылыми кадрларға, олардың бәрінің жемісті еңбек етуіне жасауға тиісті қамқорлығы туралы айтсам деймін.

Әр халыққа тән ерекшелікті, оның мәдени өзгешелігін бала кезден, тіпті мектепке дейінгі кезеңнен бастау керек. Мектептің мәдени-шығармашылық борышы, білім берудің мәдени-қалыптастырушы жүйесі туралы мәселенің қабырғасынан қойылып отырғаны тегін емес. Мектеп пен мәдениет – жуыспайтын ұғымдар емес, тұтас бір ұғымның ажырағысыз бөліктері. Сондықтан педагогиканың қоғамнан, ұлттық дәстүрлер мен ерекшеліктерден, белгілі бір аймақтағы нақты өмір жағдайларынан өгейсуін тезірек еңсеріп, тұрмыстың, қатынастың және еңбектің нақты әлемімен табиғи кірігуіне жетуіміз керек. Менің кәміл сенімім бойынша, мектеп қашанда айналасындағы мәдени ортадан биік тұрып, оның дамуына себепші болып отыруы керек. Ұлттық-мәдени дербестіктің жалпыадамзаттық мәдениетпен келісті үйлесімділігі – мектебіміздің жолы бізге осылай елестейді. Ал шынайы мәдениет бар жерде ұлттық алауыздықтың, бір халықты екіншісіне қарсы қоюшылықтың болуы мүмкін емес қой.

Кеңестік Қазақстанның еліміздегі туысқан халықтармен, әсіресе, арамызды терең тамырлы мәдени және рухани дәстүрлер ғана емес, сонымен бірге, тарихи тағдырларымыздың ортақтығы байланыстырып келе жатқан ең жақын көршілеріміз – Ресей Федерациясымен, Орталық Азия республикаларымен достық ғылыми және мәдени байланыстарды одан әрі нығайтып, дамыта беру үшін мен Президенттің өкілеттігін толық күшінде пайдаланатын боламын.

### **Жолдастар!**

Президенттік міндеттерді атқарумен байланысты нәрсенің бәрі Қазақстанның Коммунистік партиясына, оның Орталық Комитетіне, жергілікті жерлердегі партия комитеттері мен партия ұйымдарына сүйенбей жүзеге асады деп мен тіпті де ойламаймын.

Қазақ КСР Конституциясының 6-ші және 7-ші баптарына енгізілген өзгерістер біздің қоғамымыздың демократиясын дамытудағы шұғыл бетбұрысқа айналада. Қазақстан Компартиясы басқа да саяси ұйымдармен қатар сайлауға қатысып, республиканың үкіметі мен жергілікті жерлердегі Кеңестерді қалыптастыру құқығына демократиялық жолмен қол жеткізетін болады.

Бұл ұсынысты заң шығарушылық белсенділік ретінде Жоғарғы Кеңеске Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті енгізгенін ерекше атап өткен жөн. Біз бұдан былай да партиялық бұқараны іс жүзінде билікпен қамтамасыз етуге, бастауыш партия ұйымдарының құқықтарын кеңейтуге, сайланбалы органдардың рөлі мен беделін арттыруға, көзқарастарды еркін салыстыру,

ұжымдық талқылау мен шешім қабылдау, азшылықтың және әрбір коммунистің пікірін құрметтеу үшін жағдай жасауға ұмтыла беретін боламыз.

Алайда партияны қоғамдағы басшылық рөлінен тайдыру жөніндегі әңгімелерімен қазіргі әлеуметтік көкмылжындар, жұмсартып айтқанда, жұртты адастырып жүр. Әңгіме енді жеке адамдардың жәй кеудемсоқтығы жайында емес, билік кімнің қолына тиетіні және, соған байланысты, саяси үдерістің алдағы дамуы қандай болатыны жайында екені бүгін әркімге айқын болуы керек. Ашығын айтайын: социалистік құрылыстың өмір сүруінің өзі, халқымыздың болашағы бәске тігіліп тұр. Осындай жағдайда қазір тек партия ғана қайта құру үдерістерін басқаратын да, өзі бұдан тура 5 жыл бұрын тарихи сәуір Пленумында жариялаған игі мұраттарға жетуді қамтамасыз ететін де бірден-бір жұмылдырушы және ұйымдастырушы күш бола алады дейтін түсінікпайым барған сайын көп адамдардың санасын билеуде. Басқаның бәрі – саяси қысыр әңгіме.

Өкілдері қанша жерден даурықпа, шақпа тілді болса да, басқа топтардың ешқайсысы іс-қимылдың бірде-бір азын-аулақ сындарлы бағдарламасын ұсынбағанын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. КОКП Орталық Комитетінің «Принциптік негізде топтасу үшін» дейтін ел коммунистеріне ашық хатында бұл жөнінде мейлінше әділетті түрде айтылған.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы ретінде республиканың партия ұйымдары өткеннің қателіктері мен бұрмалаушылықтарынан батыл түрде тазарып, өздерінің қызметін түбегейлі қайта құрады деп Жоғарғы Кеңесті және барлық еңбекшілерді сендіргім келеді. Әсіресе, қазір, съезд



алдындағы кезеңде, бұл жұмыс тіпті қарқын алды. Партия комитеттері мен ұйымдарынан түсіп жатқан ұсыныстарды ескеріп, Орталық Комитеттің қызметін демократияландыру жүзеге асырылып, оның құрылымы, жұмысының стилі, түрлері мен әдістері жетілдірілуде.

КОКП Орталық Комитетінің XXVIII съезге Тұғырнамасының, партияның жаңа Жарғысының, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің партияның XVII съезіне Тұғырнамасының жобаларын талқылау және партия съезіне делегаттар сайлау барысында өміріміздің ең бір толғақты мәселелері бойынша кең пікірсайыс өтіп, іс жүзінде өз тарихының жаңа кезеңіне аяқ басқалы тұрған партияның қызметінде түбегейлі жаңғырған нормалар қалыпқа түсуде. Артықшылықтарға ие томаға-тұйық топ емес, өзінің бойында қан мен сөлін қайта жүгіртуге – кең көлемді ішкіпартиялық демократияны, шынайы алғы шепте жүретін қоғамдық-саяси ұйымның белгілерін қайтаруға ұмтылып, бұл жұмысты бастаған оның өзі болатын.

Сөзімнің соңын қоғамның ең белсенді, ең ширақ және қайта құруды өзгелерден гөрі шын ниетімен қабылдаған бөлігі – жастарға арнасам деймін. Бүгін қаланып жатқан демократиялық негіздерді дамытып, нығайтатын сендерсіңдер, достар, бүгінгі барынша ширыққан, қиын да қызу бүкілхалықтық жұмыстың жемісін жейтін де сендер боласыңдар. Сендерде қоғамдық жаңарудың тамаша мектебінен өтудің, баға жетпес саяси және әлеуметтік тәжірибені ертеңгі күнге өздеріңмен бірге ала барудың мүмкіндігі бар, ал ол тәжірибе болашақ ұрпақтардың өмірін күрт өзгертіп, нағыз құқықтық, сөздің толық мағынасындағы социалистік мемлекетті құрудың іргетасы болатынына күмән жоқ. Осы мектепті

өткізіп алмаңдар, оның сабақтарын барынша тиімді пайдалануға тырысыңдар. Алда тұрған істердің бәрінде жастардың қолдауына, олардың қайта құруға белсене қатысып, өзара түсіністік танытатынына қатты сенемін.

Құрметті халық депутаттары, сіздер арқылы барлық қазақ халқының атынан өзімнің биік мәртебемді ешқашан да республикаға және демократияның жеңістеріне зиян келтіруге жұмсамаймын, бар күш-жігерімді, тәжірибем мен біліктілігімді өз Қазақстанымның одан әрі гүлденуіне, КСР Одағы туысқан халықтарының отбасында экономикалық, әлеуметтік және ұлттық жаңғыру жолымен алға баса беруіне арнаймын деп сендіруіме рұқсат етіңіздер.

Қазақстан Компартиясы XVII съезінде  
«Партияның бірлігі мен социалистік таңдау  
жолында, жаңарған КСР Одағындағы  
Қазақстанның нақты егемендігі жолында» атты

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,  
1990 жылғы 8 маусым

### Жолдастар!

Менің алдымда, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы ретінде, күрделі де жауапты міндет тұр. Есепті баяндамада XVI съезден кейінгі жылдарда болып өткен сан мағыналы оқиғаларға партиялық баға беру, Компартияны, біздің көп ұлтты республикамыз өмірінің барлық жақтарын жаңартудың түбірлі проблемаларын қозғайтын өзекті теориялық және практикалық мәселелердің бірқатарына Орталық Комитеттің көзқарасын білдіру қажет, саяси,

идеологиялық, мәдени, әлеуметтік және экономикалық салалардағы қайта құру қызметінің принципті стратегиялық бағыттары сіздердің қарауыңызға ұсынылуға тиіс.

Осы сәттің жоғары жауапкершілігі елде болып жатқан саяси үдерістердің шапшаңдығымен тереңдей түсуде. Қоғамды жаңартуды жеделдетуге деген адамдардың күштар тілегімен сабақтас оң құбылыстармен қатар, халықтың, Коммунистік партияның тағдыры үшін, біздің Одағымыз бен социализмнің болашағы үшін терең алаңдау мен мазасыздану тудырып келе жатқан құбылыстар да бар. Нақ сондықтан да КОКП XXVIII съезі мерзімінен бұрын шақырылып отыр, коммунистердің республикалық форумы да өз жұмысын Жарғыда көзделгендегіден едәуір ерте бастады.

Партияның дағдарысты жай-күйі біздің алдымызға қиын таңдаудың қажеттігін қойып отыр. КОКП-ның ішінде түрлі тұғырнамалардың пайда болуы, орталықтан тепкіш үдерістердің күшеюі, билік үшін саяси күрестің ашық түрлері – мұның бәрі партияны сілкіндіріп, оның идеялық және саяси шептерінің әлсіреуіне әкеліп соғуда.

Біз, Қазақстан коммунистері, әңгіме КОКП-ның бірлігін сақтау туралы, ленинизмнің негіз қалаушы идеяларына адалдық туралы болып отырған кезде, сырттай бақылаушылар рөлінде қала алмаймыз. Біз таразының басына партияның беделі мен абыройы қойылып отырған кезде «бұта түбінде» бой тасалап отыра алмаймыз. Партия қолдауға ділгер және жалдаптық айыптаулардан қорғауға, біздің ізашарларымыз – миллиондаған коммунистер күрескен мұраттарды аяққа таптаудан

қорғауға осыншалықты мұқтаж болып отырған кезде, біз үнсіз қала алмаймыз және үнсіз қалуға тиіс емеспіз. КОКП XXVIII съезінің қарсаңында біз өз сөзімізді айтуға міндеттіміз, бұл сөз, мен бұған сенімдімін, партияның бұдан арғы тағдырын анықтау кезінде үлкен салмаққа ие болмақ.

Сөз жоқ, өткен бес жыл ішінде ілгері қарай зор қадам жасалды, ол қадам дүние туралы және өзіміз туралы, жалпыадамзаттық құндылықтардың шын өлшемі туралы түсінігімізді түбірімен өзгертті. Өткеннің қателіктерін тайсалмай мойындаған біздің партияның Орталық Комитеті, оның басшылығы 1985 жылғы сәуірде партиялық саясат бағытын күрт өзгертті, кеңес қоғамын демократияландыру жағына қарай батыл қадам жасады. Партия қайта құруды жүзеге асыру үшін халық алдында жауапкершілікті өз мойнына алды. Соның нәтижесінде біз саяси жүйенің терең өзгерістерінің куәлары болдық, бұл өзгерістердің барысында шын мәнінде жаңа Кеңестер құрылды, заң шығарушылық және атқарушылық өкімет билігі ажыратылды.

Сталинизм мен тоқырау кезеңінің қылмыстары әшкереленді. Түбегейлі экономикалық реформаны жүзеге асыру үшін заң шығарушылық негіздер әзірленді. Біздің еліміз халықаралық аренада сапалық жаңа келбетімен танылды, мұның өзі қазіргі дүниенің ең күрделі проблемаларын ойдағыдай шешуге мүмкіндік береді. Мұны, әсіресе, еліміздің Президенті М. С. Горбачевтің Америка Құрама Штаттарына жаңа ғана аяқталған сапары жарқын паш етті. Қысқасы, жаңаша ойлау жүйесі қағидаттары негізінде қоғамның дамуы тұрлаулы сипат алып отыр. Ал мұның бәрі тарихи өлшем бойынша қысқа мерзім ішінде жүзеге асты.

Алайда біз сәуір кезеңінен кейін жіберген ағаттықтар да, қайта құрумен қатар жүріп, бүгінгі күні біздің саяси оппоненттеріміз шебер пайдаланып отырған келеңсіз құбылыстар да бар екені даусыз. Партия өз қызметінің мазмұны мен әдістерінде әлі де оза шауып жаңаруға қол жеткізбегенін, партиялық ішкі қатынастарды кеңінен демократияландыру үшін жағдайлар жасай алмағанын біз жұрттың бәрінен де жақсырақ көріп отырмыз.

Бірі қайта құрудың даусыз табыстарын дәлелдейтін, екіншісі қайта өзгерістердің барысына алаңдаушылық туғызып, партияны және оның жетекшілерін «оңнан» да, «солдан» да қатты сынға алуды тудырып отырған біздің өміріміздің қарама-қарсы кереғар екі полюсін қалай сыйыстыруға болады? Бұл сұраққа жауап беру үшін өткен жолды егжей-тегжейлі, риясыз талдау қажет.

Қазақстан Компартиясының XVI съезін біз қандай көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алғанымыз естеріңізде болар. Коммунистердің бірнеше ұрпағының біздің қоғамымызды демократияландыруға және түбірінен қайта құруға деген ең көкейкесті, азаптан өткен ұмтылысын білдіретін кінәратсыз, өмірлік идеяларды орнықтыруға енді ештеңе де кедергі жасай алмайтын сияқты көрінген еді. Ол шын мәнінде үміт пен батыл жоспарлар съезі болды. Осы мінберден бұрын әдет бойынша өмірдің сыннан тыс болып келген жақтарын тұңғыш рет қозғаған, ішкі есепті көздейтін ойлардан ада ашық сөздер естілді.

Сол сөйленген сөздерде көбірек болған не – жаңа бағытқа көзсіз сену ме, әлде сол кезде бар күштердің арасалмағын талдауға негізделген байсалды есеп пе? Қалай болғанда да, сенім басым болды деп ойлаймын.

Біз қайта құрудың алғашқы өскіндерін көп күш жұмсамай-ақ тұншықтырып тастауға, істі бұрынғы тығырыққа тірейтін арнасына бұруға қабілетті әміршіл-әкімшіл жүйенің қуаты мен «көлеңкелі» мүмкіндіктерін әлі де шамалап қана ұғынған болатынбыз.

Тегінде, солай болды да. XVI съезде сайланған Орталық Комитеттің басшылығы өз қызметін сын тұрғысынан бағалауға қабілетсіз болып шықты. Шешуші қызметтерде бұрынғы жұмыс стилі мен әдістерін ұстанған адамдар отырды, олар республиканың саяси аренасынан басқаша ойлаушыларды, сындарлы идеялар таратушыларды қандай жолмен болса да кетіру үшін қолдан келгеннің бәрін істеуге тырысып бақты. Өсек-аяң тарату мен тікелей қоқан-лоқы жасау іске қосылды. Іргесі шайқалған билікті сақтап қалу үшін жанталасқан күрес жүріп жатты. 1986 жыл салиқалы, прогресшіл көңіл-күйдегі күштер үшін қуғындау жылы, іс жүзінде қандай да бір қорғалудан ада жыл болды. Мұның бәрі демократиялық өзгерістерге зиянын тигізбей, республикадағы жаңару үдерістеріне кедергі жасамай қалған жоқ.

Алайда бәрін де бұрынғысынша қалдыруға, КОКП Орталық Комитетінің 1985 жылғы сәуір Пленумында белгіленгендерді кезекті қысқа мерзімді науқанға айналдыруға жанталасқан әрекеттер сәтсіз болды. Қайта құру идеясы халық ішіне тым кең тарап кеткен еді. Бірақ басшылықты ауыстыру туралы мәселе пісіп-жетілген кезде тоқыраудың дәріптеушілері өздері үшін зиянды зардаптарды барынша жеңілдету, басшылыққа жергілікті жағдайлармен таныс емес «сырт адамды» әкелу үшін қолдарынан келген нәрсенің бәрін істеп бақты. Мұның бәрі немен тынғанын сіздер жақсы білесіздер. Орталық

Комитеттің дәл 18 минутқа созылған бесінші пленумы коммунистердің және Қазақстанның бүкіл халқының арасында кең құлашты жағымсыз сілкініс туғызған тағы бір антидемократиялық актімен аяқталды.

Біз бүгін бұл жайында өткенді тағы да қопарыстыру үшін айтпаймыз. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті болған оқиға өктемшілдіктің, республикада саяси басшылық сабақтастығының табиғи үдерісін бұрмалаған неше түрлі «культтер» мен «культсымақтардың» етек алуының тікелей салдары еді деп есептейді. Билік басында тұрған адамдар өздерінің санасында мықтап тамыр жайған «көсемшілдікке» байланысты лайықты ізбасарлар даярлау туралы ойлап бастарын қатырмады, керісінше, қарымды бәсекелестердің, өзіннің жеке-дара басқаруыма қатер төндіреді деп білген адамдардың беделінің артуына барынша бөгет жасады. Бұл біз үшін болашаққа деген елеулі сабақ болуға тиіс.

V пленумнан кейінгі кезеңде біз кез келген бөгде ойлылықты, бірінші басшының пікірінен өзгеше кез келген пайымдауды қатал тежеп отырған әкімшіл-әміршіл жүйенің жандана түскен түріне тап болдық. Өктемшіл өкіметтің алдында бас иіп, тағзым етудің жылдар бойы тәрбиеленген әдеті де салқынын тигізді, КОКП Орталық Комитеті аппаратының бұрынғы құрамы дағды бойынша осындай әдеттің желеп-жебеушісі болып қалды. Мұндай жағдайда біздің кейбір «идеологиялық бастықтарымыз» өздері жақсы игерген казармалық басшылық әдістерін рухани салаға көшіруге болатын сәт келді деп есептеді. Нақ солардың құтыртуымен, мысалы, студенттердің, жұмысшы табының, т. б. ұлттық құрамын айқындаудағы пайыз қуушылық етек



алды. Республикада қоғамдық-саяси ұйымдардың туу мүмкіндігінің өзі қалай еленбегені, баспасөзде оларға қарсы қандай өршеленген науқан жүргізілгені, ұлттық интеллигенция өкілдерінің қазақ тілінің мемлекеттігі туралы мәселені көтеру жөніндегі әрекеттерінің қандай қарсылыққа тап болғаны бәріміздің есімізде. Бұл адамдар кадрларды қудалаудан да, адал қызметкерлерге күйе жағудан да, шын мәнінде – жазалау саясатынан да айылын жиған жоқ. Ал мұның бәрі жеке бастың пайдасы үшін істелді. Істі ақсатқан көптеген облыстық партия комитеттері хатшыларының атқарып отырған қызметтерінен құрметпен, барынша жоғары дербес зейнетақымен кеткені кездейсоқ емес, олар тіпті қандай да болсын моральдық жауапкершіліктен де құтқарылды.

Экономикалық салада да қайта құру көріністері аз байқалды. Қазір кейбіреулер экономикалық сәтсіздіктер үшін қайта құруды кінәлауға бейім, бірақ олар біздің нақ тоқырау кезеңі өсірген ащы «жемістерді» татып жатқанымызды ескергісі келмейді. Жалаң сөз болмас үшін нақты фактілер келтірейін. 1985 жылы республикада өндірілген және пайдаланылған ұлттық табыстың арасындағы айырмашылық өзінің шыңына – 7,2 млрд сомға жетті. Қазақстанның өнеркәсіп өнімін беру жөніндегі берешегі 591 млн сом болды, кәсіпорындар мен ұйымдардың 30 %-на жуығы залалмен жұмыс істейтін болып шықты. Мәселе мынаған дейін барды: халық тұтынатын бұйымдардың 60 %-ын біз республикадан тыс жерлерден әкелдік, ал әлеуметтік проблемалар тек қана қалдық принципі бойынша шешіліп келді.

Әсіресе, ауыл шаруашылығы тым құлдырап кетті. Сый-сияпат көру мен көбінесе бір ғана астық жинау маусымы үшін берілген «Еңбек Ері» атағын алуға бола мемлекетке атышулы миллиард пұт астық тапсыруға ұмтылыс мал шаруашылығының жемшөп базасын, былайша айтқанда, әбден қу тақырға отырғызды. 1980 жылмен салыстырғанда республикада бір сиырдан сауылатын сүттің орташа көрсеткіші – 100 килограмға, ірі қараның орташа салмағы – 54, қойдың салмағы 3 килограмға төмендеп кетті. Соның салдарынан 1975 жылдан 1985 жылға дейінгі он жылдың ішінде халықтың жан басына шаққанда ет тұтынуы іс жүзінде өскен жоқ. Оның үстіне біздің қолымызда болған қоғамдық ірі қараның 10 %-дайы туберкулез бен бруцеллезге шалдыққан болып шықты.

Күрделі құрылыстағы істің жайы да мәз болмады. Егер оныншы бесжылдықта 1,6 млрд сом игерілмей қалған болса, он бірінші бесжылдықта 2,6 млрд сом игерілмей қалды. Тұрғын үйді іске қосу қарқыны іс жүзінде тоқырауға ұшырады. Балалар мекемелері, ауруханалар, емханалар, мектептер туралы да осыны айтуға болады.

Біз қайта құруды, міне, осындай жағдайда бастадық. Әділдік үшін мынаны айту керек: 1987 жылдың алғашқы айларынан бастап Орталық Комитет, жергілікті жерлердегі партия ұйымдары халық шаруашылығы салаларындағы тоқырау құбылыстарын жоюға назар аударуын күшейтті. Атап айтқанда, тұрғын үй құрылысында, азық-түлікпен қамтамасыз етуде ілгерілеушілік басталды. Бірақ тағы да әлдеқашан күні өткен көзқарастар есебінен ілгеріледі. Партия комитеттері бұрынғысынша кеңес және шаруашылық органдарын

алмастыра берді, күшпен қысым жасау экономикалық әдістерден басым түсіп жатты. Сонымен бірге, адамдармен нақты жұмыс жүргізу, олардың мұқтаждарына деген қамқорлық әлсіреді, мұның өзі бірден сезілмей қалған жоқ. Қарағанды шахтерлерінің ереуілдері, Жаңаөзендегі толқулар, Өскемендегі, Павлодардағы жаппай наразылық оқиғалары партия комитеттері қатардағы коммунистердің, еңбекшілердің мүдделерінен қол үзгендігін көрсетті.

Еліміздегі сияқты, республикада қайта құру үдерістерінің малтығуы көп ретте орталықтан тасқын болып түсіп жатқан волонтаристік сарындағы ойластырылмаған, асығыс шешімдерге және көбінесе жергілікті жерлерде бұлардың ойланбастан орындалуына байланысты болды. Бұл орайда сәтсіздікке ұшыраған алкогольге қарсы заңды немесе сол бойы іске асырылмай қалған кәсіпорын туралы заңды, аренадан үн-түнсіз кеткен мемлекеттік қабылдауды, табыстардың бақылаусыз өсуін туғызған заң актілерін және тағы басқаларды еске алсақ та жеткілікті. Ал өткен бес жыл ішінде Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитет қанша рет қайта құрылды десеңізші. Мұның бәрі күш-қуатты, уақытты алды, бірақ ойдағыдай нәтиже берген жоқ, тек адамдардың жүйкесін жұқартып, қайта құрудың ұтымдылығына деген олардың үміт-сенімін одан әрі кейінге шегеріп тастады.

Бәлкім, тұрмыстың аса күрделі проблемаларын қолды бір сілтеп шешеміз деуден, оларды өз санамызда жасанды түрде жеңілдету дағдысынан әлі ұзақ уақыт бойы арыла алмаспыз. 1985 жылғы сәуірде осыған ұқсас әлденелер болды, «қайта құру» және «жеделдету» сөздері синоним сөздерге айналуға аз-ақ қалып, бір-екі

жылдың ішінде, ең көп дегенде үш жылда елімізді тоқырау дағдарысынан алып шығуға болады деп ойладық. Ақиқат шындық әлдеқайда қаталырақ, ал жарияланған міндеттер – әлдеқайда мәнділеу және күрделірек болып шықты. Бірақ мұның өзі жол дұрыс таңдап алынды ма және алға қойылған міндеттер орындалатын міндеттер ме дегенді білдіре ме? Әрине, білдірмейді. Егер біз жол берілген қателіктер мен ағаттықтар туралы ашық айтатын болсақ, онда олардың кейбіреулерінің белгілі бір мағынада объективті түрде орын алуға тиісті болғанын ашық мойындауымыз керек. Тек нақты жұмысқа кіріскенде ғана, тиісінше «сүрініп, жығылып барып» қана қажетті тәжірибе жинақтау, басталған істің бүкіл ауқымы мен қиындығын түсіну мүмкін еді.

Біз мұндай тәжірибені жинап, неғұрлым ақылды, сақ, ұқыпты бола түстік деп ойлаймын. Сөйтіп, сөз жоқ қазір біздің қорымызда тек теріс нәтиже ғана жинақталып отырған жоқ, әрі оның өз құндылығы бар екені де белгілі. Өткен жылдар ішінде саяси дамуда да, экономикалық дамуда да елеулі түрде ілгері қадам жасалды. Қазақстан Компартиясының жаңарған федерацияда республиканың егемендігіне қол жеткізуге және КОКП шеңберінде республикалық партия ұйымының дербестігін орнықтыруға бағытталған бастамалары бүкіл халықтың кең қолдауына ие болды. Республиканың біз ұсынған өзін-өзі басқару мен өзін-өзі қаржыландыруға көшу тұжырымдамасы кеңінен танылды. Сайлау қорытындылары осының айғағы: Қазақстаннан сайланған КСРО халық депутаттарының, Қазақ КСР халық депутаттары мен жергілікті Кеңес депутаттарының арасында коммунистер басым көпшілік болып отыр.

Айтқандайын, сайлау науқанының өзі де демократияны дамыту ісінде және саяси реформаны жүзеге асыруда шешуші кезеңге айналып, қоғамдық өмірді саясаттандыру үдерістерінің қуатты жеделдетушісі болды. Бұлай болған себебі: партия өктем биліктен және сайлауды әзірлеп, ұйымдастырудағы пайыз қуушылықтан бас тартты, бәсекелестік пен баламалылық рухын батыл қолдады. Сайлау науқаны бұқараның қайта құру саясатына деген сенімін қуаттаған өзінше бір халықтық референдумға айналды. Соның нәтижесінде республикадағы істің жағдайына пәрменді түрде ықпал ете алатын, жұмыс істей білетін, талапшыл депутаттық корпусқа ие болдық. Мұны Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің үкіметті құрған бірінші сессиясының өзі көрсетіп берді, ал үкімет нашар жұмыс істеген жағдайда өзінің ықпалы мен беделін сақтауға үміт артуы екіталай.

Партия ұйымдарында КОКП Орталық Комитетінің 1990 жылғы ақпан Пленумы ұсынған ізгілікті, демократиялық социализмнің жаңа тұжырымдамасы төңірегінде кең көлемді пікірсайыс өткізілді. Орталық Комитеттің КОКП XXVIII съезіне арналған Тұғырнама-сының жобасын қазақстандықтар толайым мақұлдады. «Қазақстан Компартиясын жаңартуға, жаңа федерацияда республика егемендігіне қол жеткізейік» деген Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Тұғырнама жобасы да коммунистердің, еңбек ұжымдарының қолдауына ие болды. Бүгінде бізде қоғамдық-саяси жағдай жалпы алғанда тұрақты, республика Компартиясы нақты саяси салмаққа, халықтың қолдауына ие болып отыр.

Сөйтіп, есепті кезеңнің басты саяси қорытындысын шығара келіп, біз былай деп айтуға хақылымыз: КОКП

XXVII съезінің, Қазақстан Компартиясы XVI съезінің, Бүкілодақтық XIX партия конференциясының шешімдерін жүзеге асыра отырып, республика партия ұйымы күрделі жағдайда топтастырушы қоғамдық күш ретіндегі өзінің шептерін сақтап қалды.

### Жаңарған партияға – жаңарған идеология

Қазақстан Компартиясының алдында тұрған міндеттерді талқылай отырып, біз оны жаңартудың, партия қызметінің түрлері мен әдістерін жетілдірудің түбегейлі проблемаларына баса көңіл бөлуге тиіспіз. Өзіміздің «партиялық үйімізде» не болып жатқанын, біздің одан әрі қандай жолмен, қандай жалау астында ілгері басатынымызды егжей-тегжейлі анықтап алатын мезгіл жетті. Адамдар бізден айқын саяси баға берілуін күтіп отыр.

Өктемшіл-төрешіл бұрмалаулардан, біртекті қасаң ой-пікірден қол үзе отырып, Қазақстан коммунистері КОКП-ны өз саясатын Маркстің, Энгельстің, Лениннің мұрасын қазіргі заманға лайықты талдау мен шығарымпаздық дамытудың негізінде құрып отырған социалистік таңдаудың және коммунистік болашақтың партиясы ретінде жаңартуды батыл түрде жақтайды. Біз үшін бүгін таңда марксизм-ленинизм несімен құнды?

Ол бізге социализмге жаңаша қарау үшін сенімді теориялық негіз береді, меншік түрлерінің сан алуан болуын, тауар-ақша қатынастарын, кооперацияны, жұмысшылардың өзін-өзі басқаруын дамытуды көздейтін социалистік экономиканың мәніне терең үңілуімізге мүмкіндік туғызады. Яғни, жоғалған қожайын сезімін іс жүзінде қалпына келтіріп, оны адамның бойында орнықтыруға, оның өндіріс құралдарынан және өз қыз-

метінің нәтижелерінен шеттетілуін тыюға мүмкіндік береді.

Демократия мен жариялылықты дамыту, төрешілдікке қарсы күресу, ұлтаралық қатынастарды үйлесімді ету жолдарын іздестіру жөніндегі лениндік көзқарастар біз үшін бүгін де аса өзекті.

Біз халықтың саяси авангарды болуға қабілетті партия туралы лениндік ілімге, жалпыадамзаттық игіліктердің басымдығы туралы, қоғамдық құрылысы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі туралы және басқа да көптеген лениндік идеяларға сүйеніп отырмыз.

Батыстың саясат зерттеушілері, сондай-ақ ленинизмнің қолтума сыншылары да қоғамның дағдарысты жағдайын: коммунистік мұраттың жеткізген жері, міне, осы! – деп, социализмнің атына кір келтіру үшін жанталаса пайдалануда. Қасақана бұрмалау айдан анық. Өйткені біз социализм орнатқандықтан емес, қайта оны орната алмағандықтан нашар өмір сүріп отырмыз. КОКП Орталық Комитеті Тұғырнамасының жобасын талқылау барысында да кейбіреулер әміршіл-әкімшіл жүйе марксизм-ленинизм классиктерінен бастау алды, социалистік ауқым қайта құру үшін тарлық етеді десіп, осыған біздің көзімізді жеткізуге тырысып бағуда. Кейбір «идеологтар» партияның атынан «коммунистік» деген сөзді алып тастау қажет деген ой тастауда. Ал бұл сөз коммунистердің барлық ұрпақтары күресінің ең жоғары стратегиялық мақсатын айқындап келді және, сөз жоқ, айқындай беретін болады.

Осының бәрі не үшін жасалып жатыр? Және Ленин мен ленинизмге күшейе түскен шабуылды саяси тұрғыдан алғанда зияны жоқ ғылыми-теориялық пікірсайыс деп бағалауға бола ма? Бұған берілетін жауап әзір:

біздің қарсыластарымыз әсте де шындықты іздегісі келіп отырған жоқ, олардың міндеті – партияның идеялық негіздеріне соққы беру, оны іштен ыдырату, саяси аренадан тайдыру.

Лениннің ілімі қорғауды қажет етпейді деседі. Жалпы алғанда, бұл, тегі, осылай шығар. Өйткені бұл ғылым бүкіл Жер шарындағы миллиондаған адамдардың ақыл-ойын билеп алып, олардың жан дүниесін адамгершілік жағынан байытты. Социализм орнату идеясын әлі күнге дейін ешкім теріске шығара алмады, керек десеңіз, бұл идеядан асып түсе алған жоқ. Бірақ қазіргі нақты саяси жағдайда іріткі салуға тырысқан арам ойлы адамдардың белсене шығып, ленинизмге жабылуына көз жұма қарау қате болар еді. В. И. Лениннің сөзімен айтқанда, олармен «сөзсіз шайқасу» керек.

Осыған байланысты біз КОКП Орталық Комитетінің еліміздің коммунистеріне ашық хатын толық қолдаймыз, онда әңгіме, қазір біздің саяси қарсыластарымыз көрсеткісі келетіндей, әсте де дербес көзқарасы бар адамдардан арылу туралы болып отырған жоқ. Белгілі бір проблемалар, оларды шешу жолдары жөніндегі пікірлер әртүрлі болуы мүмкін, бірақ біздің бәрімізді – бір партияның мүшелерін – социалистік таңдау біріктіруге тиіс. Міне, бүгінгі таңдағы бірліктің мәні осында.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті былай деп есептейді: егер коммунистер КОКП Орталық Комитеті мен республика Компартиясы Орталық Комитетінің Тұғырнамаларында нық және дәйекті тұратын болса, онда біздің қатарымызда ешқандай жікке бөлінушілікке, фракцияшылдыққа, екіжүзділікке



орын болмауға тиіс. Біз төрешілдікке қарсы күрес дейтін желеумен партиялық тәртіпті әлсіретуге үзілді-кесілді қарсымыз.

Еліміздің кейбір ірі-ірі қалаларында, Балтық маңы республикаларында, Кавказ елдерінде, Молдавияда шексіз-шетсіз саяси плюрализм мен Конституцияға жатпайтын күрес түрлері қаншалықты елеулі ушыққан үдерістерге бастап отырғаны белгілі. Мұндай күйінішті тағылымның тәжірибесі кей ретте Қазақстанда да бар. Міне, сондықтан да біз қайта құру мақсаттарын, партия мен еліміздің тағдырын, ізгілікті, демократиялық социализм мұраттарын қымбат тұтатын барлық күштерді берік топтастыруды жақтаймыз.

КОКП-ға сол жақ беттен төніп тұрған қауіпті де айтпауға болмайды. Бізде әлі де кергартпа пиғылдағы коммунистердің жетерлік екені құпия емес, олар «күшті қол» қажет деседі, яғни партия батыл айыптаған бұрынғы, әкімшіл-әміршіл әдістерге қайта оралу керектігін айтады. Бұл жол да жарамсыз, ол бізді тағы да сол тұйыққа, біз жаңа ғана шыға бастаған тұйыққа апарып тіремек.

Қысқасы, біз әпербақан көңіл-күйдегі «демократтар» да, нағыз демократия мен партиялық ішкі тұрмысты сауықтыруды ұнатпайтындар да қандай мақсат көздейтінін жақсы білуіміз керек. Біздің республикалық партиялық форум, белгілі мақалға сай, шалшық судан балық аулап қалудан, КОКП XXVIII съезі қарсаңында жікшілдікке арандатудан кет әрі емес адамдардың шамшыл, ашықтан-ашық пайдакүнемдік ой-ниеттеріне айқын әрі анық пікірін білдіреді деп үміттенемін. Қазір жағдай мынадай: қайта құрудың жетекші күші – партиядағы ауа жайылушылық пен бұлталақтау қоғамды

жаңарту үдерістерін тоқтатуды білдірер еді. Бұған жол беруге болмайды.

Сонымен бірге, енді тыйым салу әдістерімен жұмыс істеуге, басқадай пайымдаулардан идеологиялық тосқауыл арқылы оқшаулануға болмайтынын да айқын түсіну керек. Бұл жерде басқадай әдістер қажет, саяси пікірталастағы өз көзқарасыңды дәлелді түрде қорғай білуің керек. Бізге әзірше мұндай шеберлік жетіспей жатыр. Бұрынғы қатып-семген қағидалар мен таптаурын болған жайларды уағыздайтын кейбір идеология қызметкерлерінің саяси, экономикалық, экологиялық және әдеттен тыс әрі көбіне болжап білу қиын плюрализмнің кең қанат жаюымен бетпе-бет келіп, қатты абыржып қалғаны осыдан емес пе екен?

Әділдік үшін айта кеткен жөн: абыржушылық тек жергілікті жерлерде ғана емес, сонымен бірге, жоғары идеологиялық буындарда да байқалды. Біз КОКП Орталық Комитетінің, оның Идеологиялық бөлімінің атына елеулі реніш айтуға хақылымыз, олар әлеуметтік және ұлтаралық шиеленістің ең өткір сәттерінде айнала қорғанысқа көшіп, байсалды кеңестің, ұсыныстардың орнына: «жағдайға қарап қимылдаңдар» деген үлгідегі таптаурын сөздермен шығарып салып отырды. КОКП Орталық Комитетінің идеологиялық қызметкерлерінің іс-қимылдарына талдау жасағанда олардың бастамашылдықты жоғалтып алуы, лениндік идеяларға көрінеу күйе жағушылар жөніндегі ымырашылдығы партияның күштерін елеулі түрде қожыратты деген қорытындыға келмеске болмайды.

Сірә, бүгін таңда өзіміздің саяси-гәрбие арсеналымызда партиялық идеялар мен ұрандарды тиянақты сенімге көшіре алатын нанымды әдістер бар ма, жоқ

па, жалпы біздің идеологтарымыз жаңа жағдайдағы жұмысқа әзір ме, жоқ па дейтін мәселеге шындап назар аударуымыз керек болар. Бұл сұрақтардың, сөз жоқ, түсініспестік туғызуы мүмкін: таяуда ғана насихатшылардың, үгітшілердің, саяси хабаршылардың, бейне бір саяси ағарту мен білім жүйесінде белсенді әрекет етіп жүрген идеологиялық қызметкерлердің басқа да категорияларының қисапсыз сандарын оңды-солды келтірмейтін бе едік. Егер мұны «идеологиялық жасақ» деп атайтын болсақ, солардың бәрі қазір қайда жүр?

Олар ешқайда кеткен жоқ. Барлық кадрлар орнында. Бірақ олардың қазір елеулі қайтарым бермей отырғаны өздерінің кінәсінен гөрі, біздің ортақ сорымыз. Жалпы алғанда, партия сияқты, идеологиялық корпус ұзақ жылдар бойына, ашығын айтсақ, саяси жылыжай жағдайында жұмыс істеп келді. Лениндік идеяларды қорғау, партияның саясатын бұқара арасында жақтау, ол үшін митингілерде, жиналыстарда, демонстрацияларда шайқасу қажеттігі болды ма? Митингілер де, демонстрациялар да, көрінеу саяси оппоненттер де мүлдем болған жоқ. Идеологиялық жұмыстың бүкіл рөлі кітаптық-ағартушылық және қызмет көрсету міндеттеріне сайды. Тіпті осыдан шамалы уақыт бұрын «идеологиялық жағынан қамтамасыз ету» деген термин де болды. Партия қызметкерлері астық жинауды, егіс науқанын, мал төлдетуді, басқа да шаруашылық науқандарын дүркін-дүркін «қамтамасыз етті». Егер бұл жұмыс адамдарды таптаурын іс-қимылдарға, өткір мәселелерден орағытып өтуге, есептерде тиімді жағдайда көрінуге үйретпеген болса, бәлкім, ол пайдалы болар ма еді.

Кадрлар да нақты міндеттерді басшылыққа ала отырып іріктелді. Бүгін таңда республиканың партия комитеттерінде идеологиялық жұмысты негізінен әйелдер жүргізуде. Олар аудандық, қалалық және облыстық партия комитеттері хатшыларының арасында 80 %-ға жуық. Олардың көбі – білімі жағынан педагогтар және мүлдем болмашы бөлігі ғана заңгерлер, әлеуметтанушылар, философтар, экономистер. Оның есесіне әйел адамды және бұған қоса гуманитарлық білімі бар әйелді партия комитетінің жетекшісі ретінде тым сирек кездестіресің. Әдетте, қалаларда өнеркәсіп мамандығының өкілдері, ал селода агрономдар, зоотехниктер бірінші хатшылар болып табылады.

Әлбетте, әңгіме идеологиялық кадрларды әлдебір тазалау немесе өмірін ізгі іске арнаған адамдарға сенімсіздік көрсету туралы болып отырған жоқ. Мұндай көзқарас партияны жаңартудың түбегейлі идеяларына қайшы келер еді. Әңгіме басқа мәселе жайында – идеологиялық жұмыстың мәні мен мақсатына көзқарасымызды өзгертудің көкейкесті қажеттігі жайында, адамның ойы мен сезімін бұрынғыдай қалыпқа салудан бас тарту жайында, идеологиялық қызметкерлердің сұхбат жүргізуге, адамдардың көзін жеткізуге әзірлігі мен іскерлігі жайында болып отыр.

Қазіргі кезеңдегі партиялық жұмыстың қисынының өзі әрбір коммунистің және ең алдымен – партия комитеттері басшыларының идеологиялық жауынгер болуын талап етеді. Идеологиялық-саяси тәрбиенің негізгі бағыттарын айқындай отырып, идеологиялық масылдық дағдарысынан табанды түрде арылуымыз қажет. Бұл тұрғыдан алғанда Орталық Комитет Идеологиялық комиссиясының ең алдымен тіл саясаты мен

тіл құрылысы, жастарға адамгершілік-эстетикалық тәрбие беру, мәдениеттің, бұқаралық ақпарат құралдарының жұмыс істеуі саласындағы бірінші кезектегі міндеттеріне байланысты идеологиялық қызметтің өз тұжырымдамасын әзірлеу әрекеті үміттендіріп отыр.

Белгіленген міндетті жүзеге асыру үшін қоғамдық ғылымдарға соны күштердің келіп қосылуы қажет, өйткені іргелі теориялық талдамаларсыз жаңару жолымен қараңғыда қармалап жүргендей боламыз. Әлеуметтану мен саясаттану сияқты бағыттарды дамытуға ерекше назар аудару керек. Қоғамдық ғылымдар практиктерге негізделген ұсыныстар беруге, әлеуметтік-саяси зерттеулер жүргізуге, қоғамдық үдерістердің дамуына болжам жасауға тиіс.

Бүгінде идеялық-тәрбие жұмысының әмбебап түрлерін іздеу мағынасыз. Кез келген қадамды жасай отырып, нақты экономикалық және әлеуметтік жағдайларды, моральдық-психологиялық ахуалды, басқа да объективті факторларды негізге алу керек. Мұның өзі ұлтаралық қатынастар сияқты нәзік те шетін саладағы идеологиялық қызметті ұйымдастыру кезінде ерекше маңызды. Жоғары мәдениет, баға берудегі салмақтылық пен парасаттылық нақ осы ұлт саясатында айрықша болуға тиіс.

Осы проблема тұрғысынан 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына тоқталып өтпеу мүмкін емес. Бұрынғы партиялық басшылар ұлтаралық мәселелерге мүлдем байланысты емес нәзік саяси жағдайда адамдардың пікіріне құлақ асуға ешқандай құлқы жоқ екенін көрсетті. Керісінше, олар адамның сезімдерін идеологиялық жүгенмен ауыздықтауға жан-тәнімен ұмтылды, мұның өзі қызбалық сезімдердің өршуіне, құқық тәртібінің

бұзылуына, жүгенсіздіктерге сөзсіз душар етті. Соның ізінше идеологиялық бүркеме үшін «қазақ ұлтшылығының» картасын ойынға ебедейсіз қосты да жіберді.

Республика басшылығы мен әуел баста тек бейбіт сипатта болған демонстрацияға қатысушылар арасында бір-біріне сенім сұхбаты туады деп үміттенуге болатын ба еді? Бір жағынан – демократияландыру мен қайта құруға шақырған үндеулерді естіген, ал екінші жағынан – тоқырау заманының ең нашар дәстүріндегі үзіді-кесілді өктемдікке тап болған жастардың барлық тұрғыдан бірдей орынды болмаса да, шын ықыласты ашу-ызасын орасан зор өкілеттіктерді арқалай келген «орталықтың адамдары» түсінуге ұмтылады деп үміттенуге болатын ба еді? Әлбетте, болмайтын еді.

КОКП Орталық Комитетінің Қазақ республикалық партия ұйымы бойынша қабылданған қаулысының әрбір жолын ақтау үшін қандай идеологиялық дүрбелең көтерілгені бәріміздің есімізде. Алматыда қазақ тілінде тәрбие беретін балабақшаның ашылуы төңірегінде қаншама дау-дамай болды десеңізші! Әбден қалыпты, тіпті қазіргі өлшемдер бойынша қатардағы оқиға интернационализмді бүлдіру деп көрсетілді. Ұлтаралық қатынастар жөніндегі әртүрлі комиссиялар, бөлімдер мен секторлар шұғыл түрде құрыла бастады, олар, ыдыс-аяқ дүкеніндегі піл сияқты, ұлтаралық өмірдің шетін саласына өрескел түрде кимелей кірісті.

Сөз жоқ, қазақтардың орыс халқына, сондай-ақ орыстардың қазақтарға деген ғасырлар бойына қалыптасып келген сенім негіздерін осы тәрізді ойластырылмаған, нағыз бақай есепке құрылған әрекеттер де шайқалта алған жоқ. Адамдардың басым көпшілігі ол әрекеттердің науқаншылдық мәнін түсінді, кейбір функционерлер қоздырып отырған желікке берілген жоқ.

Олар сол әрекеттің шын құнын партиядағы шенді-шекпенділерге қарағанда әлдеқайда тезірек ұқты. Осы жылдардың бәрінде Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетіне, сондай-ақ КОКП Орталық Комитетіне қазақ халқын ұлтшыл, менмен, ал республиканы масыл деп айыптаумен келіспеушілігін білдірген еңбекшілерден, жастардан, мәдениет және ғылым қайраткерлерінен хаттар ұдайы келіп жатты. Мынадай бір мысал. Шымкент облысындағы Ленгір ұйық-тоқыма фабрикасының слесары Алексей Степанович Шачнев былай деп жазған: «Тұтас бір халықтың атына әділетсіздікпен тағылған айыпты заңсыз және тіпті ұлты орыс адам – мен үшін өкінішті деп санаймын... Қазақтардың арасында 30 жылдан астам уақыт бойы тұрып келе жатып және олардың достық қатынасын күн сайын дерлік сезіне жүріп, тұтас бір халықтың табан астынан ұлтшыл атанып шыға келгенін таңданыспен естіп-білдім. Қазақты ұлтшыл деп атайтын адам, сонымен бірге, орыс адамы – менің де жанымды терең жаралайды». Және де мұндай мәлімдемелер бірен-саран емес.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті, республиканың Жоғарғы Кеңесі КОКП Орталық Комитетінің белгілі қаулысына өз көзқарасын айқын білдірді. Қорытындысында әділет салтанат құрып, қазақ халқынан масқара жапсырма алып тасталды. Бұл фактіні қазақстандықтардың бәрі орасан зор қанағат сезімімен қабыл алды. Оқиғаларға қатысқаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке заңсыз тартылған адамдарды ақтау жөнінде де соңғы кезде үлкен жұмыс жүргізілді.

Біз Қазақстан аумағының тұтастығына күмән келтіру әрекеттеріне де селқос қарай алмаймыз. Соңғы кезде

пайда болған ондай пайымдаулар республиканың бүкіл халқының ерекше теріс көзқарасын туғызып отыр. Біліксіз деп күдік келтірудің өзі қиындау соға-тын, ғылыми атағы бар ғалымдардың осындай аранда-тушылық тақырыптағы жарияланымдары ерекше ашу-ыза сезімімен қабылдануда. Мәселен, салиқалы да құр-метті «История СССР» журналы тарих ғылымдарының докторы, академиялық институт қызметкерінің респу-блика аумағының бір бөлігі, соның ішінде Жетісу да... Сібір казактарының иелігінде болған деп шімірікпестен мәлімдеген мақаласын басты. Тарихты білу тарихшы үшін қалайда міндетті болса да, бұл жерде ғасырлар бойы тұрып келе жатқан халық бұған не дейтіні оны онша ойландырмайтын сияқты. Бүгін біз съезд мін-берінен қазіргі шекаралармен белгіленген республиканың бүкіл аумағы көп ұлтты Кеңестік Қазақстанның тарихи меншігі болып табылады және оның келісімінсіз өзгертіле алмайды деп тағы да мәлімдейміз.

Республика коммунистері, партия комитеттері, халық депутаттарының Кеңестері, КОКП Орталық Комитетінің «Партияның қазіргі жағдайдағы ұлт сая-саты» тұғырнамасын қолдай отырып, республикада тұратын барлық ұлттар өкілдерінің бір-біріне құрмет-пен және қамқорлықпен қарауына күш салатын болады. Біз барлық ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің мүдделері толық ескерілуі, олардың мәдениетін, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын дамытуға көмектесу үшін бәрін де істеп келдік және істей беретін боламыз.

Ұлтаралық қатынастардағы мәселенің мәселесі – тіл құрылысы. Мұнда есеп беріліп отырған кезең ішінде зор жұмыс атқарылды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі қабыл-даған Тілдер туралы Заңға сәйкес қазақ тіліне мемлекет-



тік мәртебе берілді. Орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі деп танылып, оның республиканың бүкіл аумағында мемлекеттік тілмен бірдей еркін қолданылуы қамтамасыз етілді. Заң сондай-ақ әрбір ұлт өкілдерінің тіл саласындағы өз мүдделерін қорғау принциптерін де көздейді.

Өздерінің мемлекеттік құрылымдарынан тыс жерде тұратын немесе КСРО аумағында ондай құрылымдары жоқ азаматтардың құқықтары туралы заң, сондай-ақ тіл туралы одақтық заң және басқа құқықтық актілер, сөз жоқ, ұлтаралық жағдайды жақсартуға ықпал етеді. Осыған байланысты құқықтық мемлекет құруға кірісе отырып, біз өз бойымызда заңның әрпі мен рухын құрметтеу және мүлтіксіз сақтау сезімін тәрбиелеуге тиіс екенімізді атап айтқым келеді.

Оны орындау ісінде қолпаштауға да, қандай да болсын асыра сілтеуге де жол беруге болмайды. Өкінішке қарай, кейбір лауазымды адамдар осындай айқын шекті ажырата алмай, құқықтық актілерді өзіне қолайлы болатындай етіп бұра тартып түсіндіруге тырысады. Атап айтқанда, бізді байырғы ұлттың тілін үйренуге мәжбүр ету фактілері алаңдатпай тұра алмайды, мұның өзі мүлдем жол беруге болмайтын іс және тілдер туралы қабылданған заңға қайшы келеді.

Мұнда өткен ғасырда-ақ Ресейдің орталық аудандарынан келіп ірге тепкен қоныс аударушыларды қазақ тілін үйренуге мәжбүр еткен біреу болды ма? Бірақ аға ұрпақ өкілдері Қазақстанда ежелден тұратын орыстар да, украиндар да, басқа ұлттардың өкілдері де тілді тамаша меңгергенін жақсы біледі. Тың және тыңайған жерлер жедел қарқынмен игеріле бастаған кезде, осыдан 30–35 жыл бұрын, осыған кері үдеріс басталды.

Республика экономикасын күрт алға бастырған ұлы істің ең алдымен халықтың тілін дамытуға теріс ықпал еткен салқыны болмай қойған жоқ. Тың игеруші жастарға қандай өлкеге бара жатқанын, онда қандай адамдар тұратынын, бұл халықтың мәдениеті мен тұрмысының ерекшеліктері қандай екенін түсіндірген адам болды ма! Керісінше, олар – алғашқы ізашарлар, адам қоныстанбаған, жабайы деуге боларлық жерлерді алғаш ашушылар деген сөз баса айтылды. Жергілікті халықтың тілін үйреніп әуре болудың керегі жоқ дейтін психологиялық қағида осыдан келіп шықты. Мәселе, әрине, шамшылдықта, әсіресе, Қазақстанның астыққа аса бай өңірін түлеткен адамдарға қандай да болсын реніште немесе кінә қоюда емес. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті біздің көп ұлтты ортақ үйімізге айналған республиканың дамуы мен гүлденіп-көркеюіне еңбек үлесін қосқан қазақстандықтардың барлық ұрпақтарына үлкен алғыс білдіруді, орыс халқымен, барлық туысқан халықтармен достықтың бағасы жоғары екенін тағы да атап көрсетуді өзінің борышы деп санайды. Нақ осы достықты сақтау мен нығайту мақсатында, біздің бірлескен өміріміздің жүздеген жылдары ішінде қалыптасқан бай рухани байланыстарды тереңдету үшін біз бүгін өткенде жіберілген қатені түзеуге тиіспіз. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті республиканың мемлекеттік тілін оқып-үйреніп, толығырақ меңгеруге тырысқан басқа ұлттың өкілдеріне ізгі тілекпен, мен айтар едім, мейірімділікпен қарауға барлық күш-жігерін жұмсау – барша қазақтың борышы деп санайды. Сондықтан, әрине, бұл үшін барлық қажетті жағдайды жасау керек.

Қабылданған заң, сөз жоқ, тілдерге қоғамдық көзқарасты өзгертуге мүмкіндік береді, олардың еркін дамуының кепіліне айналады. Алайда ана тіліне қамқорлық ең алдымен осы тілге ие болып отырған халыққа жүктеледі. Демек, біздің ең басты мақсатымыз әрбір халықтың өз тілін өзі сақтауы жөніндегі өте қиын жұмыстың адамгершіл мәнін терең сезініп, сонымен бірге, әрине, көрші халықтың тілі мен мәдениетін құрметтеуді ұмытпауында болып отыр.

Біз ерекше көңіл бөлуіміз қажет болып отырған тағы бір мәселе. Республика жұртшылығы көптеген жігіттер мен қыздардың саяси мәдениетінің төмендігіне, дүниетанымдық ұстанымдарының тұрақсыздығына, өнегелік бағыттарынан адасқандығына алаңдаулы. Осыған байланысты Орталық Комитет жастар туралы заң қабылдау, олардың жарқын рухани өмірі үшін жағдай жасауға бағытталған бағдарлама әзірлеу жөн деп есептейді. Бұған жас ұрпақтың мүддесін неғұрлым толық білдіретін серпінді саяси ұйым болуға тиісті комсомол белсене араласуы керек.

Партия комсомол ұйымдарына жұмыстың түрлері мен әдістерін танудан біржолата бас тартты. Алайда идеялық-саяси салада бірлесіп шешетін проблемаларымыз баршылық. Олардың көбі социалистік игіліктер мен мұраттарға деген көзқарастарға байланысты. Атап айтқанда, бізді Қарулы Күштердің, мемлекет қауіпсіздігі органдарының рөлі мен мәнін кемсітушілік әрекеттері алаңдатууда. Біз халық пен армияның қаһармандық дәстүрлерін қастерлеп аялауды, әскери қызметтің беделін көтеруді, ардагерлердің, интернационалист-жауынгерлердің, әскери қызметшілердің тұрғын үй-тұрмыстық жағдайына нақтырақ қамқорлық көрсетуді өзіміздің борышымыз деп есептейміз. Сондай-ақ

жігіттер мен қыздарды бойында мемлекеттік рәміз атрибуттарына – республиканың Әнұранына, Туына, Елтаңбасына құрметпен қараушылықты тәрбиелеу қажеттігі де туып отыр.

Соңғы уақытта Орталық Комитеттің атына ардагерлерден, интернационалист-жауынгерлерден көптеген хаттар келіп түсуде, оларда Отанымыздың тарихи өткенін кемсітіп көрсеткен, кезінде жол берілген саяси және экономикалық қателіктер үшін кінәні барлық аға ұрпақтың коммунистеріне аударған жарияланымдардың қатты алаңдататыны айтылған. Ал мұның өзі нақты тарихи тұрғыдан талдау жасалмастан әдейі істелуде, шын мәнінде кеңес халқының мақтанышы болып табылатын нәрселердің бәрін есептен шығарып тастамақшы. Біз мұндай көзқарастарға ортақ бола алмайтынымызды, қайта, керісінше, аға ұрпақтардан лениндік партияның мұраттарына адалдық, тапсырылған іске берілгендік, ұжымшылдық және жолдастық сияқты қасиеттерді қабылдауымыз қажет деп есептейтінімізді бұлталақсыз мәлімдеуге тиіспіз. Олардың аса бай тәжірибесі қайта құру практикасында, еңбекшілерге, әсіресе, жастарға патриоттық және интернационалдық тәрбие беру, идеялық және адамгершілік жағынан шыңдау ісінде толық пайдаланылуы үшін қажет нәрсенің бәрін істеу керек.

Жастарға білім беру мәселелері партияда ерекше орында тұр. Мұнда орта және жоғары мектептің педагогикалық практикасының мазмұнын жаңартуға, оның материалдық-техникалық базасын нығайтуға жана көзқарастар байқалды. Соңғы төрт жылдың ішінде 667 мектеп іске қосылды, осы мақсаттарға бөлінген 776 млн-нан астам сом игерілді, мұның өзі одан бұрынғы бесжылдықтағыдан 1,4 есе көп. Алайда бұрынғы жыл-

дарда осы салада жол берілген сәтсіздіктердің терең болғаны соншалық, қолданылып жатқан шараларға қарамастан, проблеманың түбегейлі шешімі әлі де болса алыс жатыр. Мысалы, мектептерде оқушы орындарының тапшылығы 1 млн 300 мың болып отыр. Республикада бір студентке шаққанда 1,4 мың сомның жабдығы келеді, ал жалпы еліміз бойынша бұл көрсеткіш – 2,4 мың сом. Оның үстіне жас мамандардың бір бөлігі жұмысқа орналаса алмай жүр. Өткен жылы Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитет, Сауда министрлігі, Автомобиль көлігі министрлігі және басқа бірқатар министрліктер мен ведомстволар жоғары оқу орындарының 400-ден астам түлегін жұмысқа қабылдаған. Ал бізде кәсіпорындармен және ведомстволармен тікелей шарттар бойынша мамандар даярлаудың тамаша тәжірибесі бар ғой, мұның өзі олардың «артық даярлануына» жол бермейді. Егер сол тәжірибе кеңінен таратылмай отырған болса, бұл тек қана лауазымды адамдардың, былайша айтқанда, артық жұмыспен басын қатырғысы, жұмыстың үйреншікті ескірген тәсілінен қол үзгісі келмеуінен болып отыр.

Қоғам өмірін жаңартуда адамды ізгілендірудің ең пәрменді құралы – мәдениет зор рөл атқарады. Қазақстан Компартиясы қазақ халқы мен республикадағы басқа да ұлттар мәдениетінің өзіндік ерекшелігін сақтау, өнер мен әдебиетті дамыту бағытын дәйекті түрде жүргізіп, рухани салаға деген коммерциялық көзқарастарға, ұлттық мәдени мұраға деген нигилизм көріністеріне қарсы шығатын болады. Бұл істе біз өз интеллигенциямызға ұдайы сүйеніп, оның пікірі мен кеңестерін ескеріп отырамыз. Және де шығармашылық еркіндігін ала отырып, интеллигенция өкілдері халықты

лайықты шығармалармен, ғылыми жаңалықтармен байытып қана қоймай, қайта құрудың жарқын мұраттарын жүзеге асыруда, туған жердің гүлденуін мақсат тұтқан жұмыста әрқашанда бізбен бірге болатынына сенеміз.

Халыққа Ш. Құдайбердиевтің, М. Жұмабаевтың, А. Байтұрсыновтың, Ж. Аймауытовтың, М. Дулатовтың шығармалары қайтарылды. Қазақ ауыз әдебиетінің ірі өкілдерінің мұрасын зерттеп-үйрену басталды. Драматургия мен кинематографияда соны шығармалар пайда болды. Ақындар айтысы кеңінен таралып, көркем кәсіпшіліктер, ежелгі халық мерекелері қалпына келтірілуде.

Алайда біз рухани жұтаңдықтың қоғамдық өмірімізде қандай қатерлі өркен жая бастағанын көріп отырмыз. Парықсыздыққа, әдепсіздікке және жадағайлыққа бас ұру тым айқын көріне бастады.

Қазақ КСР Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитетіндегі коммунистердің мәдениет саясатын мемлекеттік тұрғыдан жүргізуге, республиканың шығармашыл күштерін топтастыруға үйренетін мезгілі жетті.

Партияның топтастырушы рөлін нығайтуда партиялық баспасөзге маңызды орын беріледі, ол демократияландыру мен жариялылық үдерістерін дамытуға орасан зор ықпал етуде. Алайда баспасөздің өз үніне ие болуы оп-оңай өтіп жатқан жоқ. Көптеген редакциялардың жұмысында белгілі бір көпірмелік те, маңызды экономикалық проблемалардың үстірт қойылуы да айқын көрінеді. Баспасөздің, телевизия мен радионың қызметінде топтық мүдделерді қорғау фактілері, дүрлікпе оқиғалардың соңына түсу әлі де жойылмаған.

Партиялық баспасөзді нығайту жөніндегі шұғыл шараларды әзірлеуге ерекше қамқорлық жасалуға тиіс. Бұл жерде не жайында айтылып отыр? Ең алдымен – біздің партиялық басылымдарымыздың және ең алдымен «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттерінің жұмысын батыл түрде қайта құру керек.

Партия органдары баспасөздің адамдарға, еңбек ұжымдарына, партия ұйымдарына бәрінен де жақын тұрған топтарын ұдайы нығайтуға тиіс. Әңгіме ең алдымен сол басылымдардың кәсіптік деңгейін едәуір арттыру, олардың құрылымын жетілдіру жайында болып отыр. Бізде жергілікті баспасөз шығынмен жұмыс істейді. Ендеше, мысалы, облыстық газеттер мен баспалар негізінде облыстық газеттердің аудандық партия ұйымдарына арналған ауыспалы беттерін шығаратын, кітап басу қызметімен айналысатын шаруашылық есептегі аймақтық партиялық баспасөз концерндерін неге құрмасқа? Бұл – жергілікті баспасөздің тиімділігін арттыру жолдарының бірі ғана.

Біз партия сөзінің беделін ұдайы арттыруға, бұқаралық ақпарат құралдарын партияны даттау үшін, экстремистік, Конституцияға қарсы мақсатта пайдалану әрекеттерін батыл тыюға тиіспіз.

Соңғы кезде бұқараның күрт саясаттануының нәтижесінде әуесқой қоғамдық ұйымдардың белсенділігі едәуір өсті. Біздің көз алдымызда бейресми қозғалыстардың жаңа құрылымдары ғана емес, сондай-ақ олардың идеологиясы да қалыптасуда деп ашық айтуға болады. Осыған байланысты партия ұйымдарының алдында бейресми ұйымдарға неғұрлым сындарлы жол табу, қазақстандықтардың көпшілігінің мүдделеріне

сай келетін мақсаттар жолында өзара түсіністік пен бірлескен іс-қимылдарды жолға қою міндеті тұр. Өйткені бейресми қозғалыстардың негізінен алғанда қайта құру шебінде тұрғаны айқын ғой.

Даму үстіндегі жұмысшы қозғалысына да ықпал ету керек. Біз оның күші – әлеуметтік әділеттілікке ұмтылуда, еңбек адамының қорғалуы үшін күресте деп білеміз. Ал бұл жерде ол, өкінішке қарай, бүгінгі күні еңбекшілердің көкейкесті мүдделерін қорғаудағы енжарлықтың салдарынан елеулі сенім дағдарысын бастан кешіріп отырған кәсіподақтардың мақсаттарымен тығыз бірігеді. Партия комитеттері кәсіподақтарға қиын жағдайда өз орнын табуға көмектесуге, олардың жұмысшы қозғалысымен топтасуына күш салуға және осының негізінде республикада қайта құру үдерістерін тереңдетуге көмектесуі тиіс.

Партия соңғы сөзді айтушы бір өзі ғана болудан бас тартатынын анық мәлімдеді. Ол қайта құруды тереңдетуге ұмтылатын, адамдардың тұрмысын жақсартуды мақсат етегін кез келген саяси ағымдардың өкілдерімен сұхбат жүргізуге әзір. Алайда бірлескен жұмысқа шақыра отырып, біз өз саясатымыздың принципті мәселелерінде шегініс жасай алмаймыз. Бүгінгі таңда, мысалы, көппартиялық туралы жиі айтылады, оның үстіне көбінесе бұл ұғым терең ой елегінен өткізілмей, кейде тіпті ынталы қоғамдық қозғалыстардың барлығына бірдей талғамай телінеді.

Қарабайыр санаға есептелген даңғойлық сөздерде «көппартиялылық» терминінің өзі сан-саққа жүгіртілуде және оның сыртында озбырлық режим де, қоғам мен нағыз халық билігі мүдделерінен алшақ жатқан халыққа жат кез келген саясат та болуы мүм-



кін екені әдейі еске алынбайды. Ұлттық қозғалыстарға арналған демократиялық және маркстік тұғырнамалардың тым болмағанда бір ғана жалпы көрінісін алайықшы. Олардың екеуі де халықтардың өзінің ұлттық-мәдени жаңаруына қатысты заңды талаптары мен тек конфедерацияны және тіпті лаңкестік пен қантөгіс жолымен болса да билікке қол жеткізуді мақсат ететін барып тұрған ұлтшыл және шовинистік топтар қызметінің арасына айырым қоюға әрекет жасамайды. Ал бұлайша аражігін ажыратпайынша, мейлі ол Одақ немесе нақты аймақ деңгейінде болсын бәрібір, қоғамда ұлттық проблемаларды шешуге кірісуге болмайды ғой.

Әрі көппартиялылықты біз күресуімізге тиісті барлық әлеуметтік кеселдердің емі ретінде қабылдауға ешбір болмайды. «Партия» деген түсініктің өзінің тасасында, бүгінде кейбіреулер ойлайтындай, ұрандар мен декларациялар ғана емес, қоғамның әртүрлі жіктерінің мүдделері, оларды қорғай білу және қорғауға әзірлік, оларды саяси және экономикалық әдістермен жүзеге асыру тұр. Партияның рөліне үміткер көптеген қозғалыстар бұл жұмыстың қиын екендігін біле берер ме екен.

Қалай болғанда да, біз әртүрлі саяси тұғырнамалар мен қозғалыстардың мақсаттары мен міндеттерін жақсы білуге, олардың көсемдерімен дәлелді түрде айтыса білуге тиіспіз. Бірақ олармен өзара қатынасты құрғанда және көппартиялылыққа көзқарас жөніндегі өз ұстанымымызды белгілегенде, басқа аймақтарға жалтақтау немесе өмірдің барлық жағдайында молынан пайда болған ақыл-кеңес бергіш «мамандарға» құлақ асу бізге жараса қояр ма екен. Сайып келгенде, республикадағы оқиғалар бір сценарий бойынша дамымайды, бізде өзімізге тән ерекшеліктер бар, сондықтан бөтен, оның

үстіне әрқашанда бірдей сәтті бола бермейтін тәжірибені көшіріп арудың жөні жоқ.

Біз қазақстандықтардың бойында КОКП-дағы кінәратсыз күштерге деген терең үміттің, партиямызға деген сенімнің сақталғанын ескеруге тиіспіз. Осыны басшылыққа ала отырып, өз саясатымыз бен іс-қимыл бағдарламамызды белгілеуіміз керек. Атап айтқанда, коммунистер саяси плюрализмді әлеуметтік шиеленісті ушықтыру және жағдайды тұрақсыздандыру мақсатында пайдалану әрекеттеріне көз жұмып қарай алмайды. Осыған байланысты республиканың Жоғарғы Кеңесіне заң шығарушылық бастамамен шығу және Қазақ КСР Конституциясында жаңа саяси құрылымдарды құру ережелері мен республикамыздың ақиқат шындықтарын ескере отырып, олардың жұмыс істеу тәртібін бейнелеу қажеттігі туған сияқты. Бұл құқықтық мемлекетке барар жолда қажет.

Еліміз бен республика бастан кешіріп отырған жағдайда саяси-тәрбие жұмысы көп ретте құқық тәртібін, заңдылықты, қоғамдық және еңбек тәртібін нығайту жөніндегі іс-қимылдармен ұштастырылуда. Құқық қорғау органдарының беделін барынша көтеру, бұқаралық ақпарат құралдарымен белсенді ынтымақтастық арқылы олардың жұмысындағы жариялылықты кеңейту маңызды. Партия органдары тәрбие жұмысын күшейтуге, адамдардың бойына құқық тәртібін құрметтеушілікті дарытуға міндетті. Егер қаласаңыздар, баршаның бойында заңды құрметтеу сезімін тәрбиелеу – біздің тікелей борышымыз. Демократияны шектен шыққан жүгенсіздікпен шатастырмау керек.

Заң шығарушылықты дамытып әрі жетілдіре отырып, біз әрбір құқықтық актінің белсенді жұмыс істеуіне

күш салуға тиіспіз. Ал бізде жақсы заңдар болғанымен, олардың, әсіресе, еңбек және тұрғын үй заңдарының, сауда мен тұрмыстық қызмет көрсетуді реттейтін актілердің орындалуына байланысты әлеуметтік салада іске асырылуы прокурорлық қадағалаумен қамтамасыз етілген жоқ. Азаматтардың құқықтық тұрғыдан қорғалуы да жеткілікті дәрежеде қадағаланбай отыр.

Республика өмірінің барлық салаларында заңның сөзсіз үстем болуына қол жеткізу, құқықтық нормалардан шегіну фактілерінің, сот процестеріндегі сыңар-жақтық көріністерінің, сөзбұйдалықтың, еңбекшілердің арыздарына немқұрайды қараудың жолын батыл кесу – құқық қорғау органдарында жұмыс істейтін коммунистердің борышы.

Идеялық-саяси арсеналдарды жаңарта, рухани-адамгершілік саладағы шығармашылық пен бастамашылыққа кең өріс аша отырып, Қазақстан Компартиясы адамдардың өз болашағына сенімді болуына, қазір бізге соншалықты қажет болып табылатын мұраттардың бірлігін сақтауға мүмкіндік беретін жағдайларды жасауға ұмтылады. Біз еркін еңбекке, мәдени және ғылыми-техникалық прогреске, әлеуметтік әділеттілікке негізделген ізгілікті, демократиялық социализмді жақтаймыз. Бүгінгі таңда ең басты өзек болып отырған нәрсе, міне, осы, көп қырлы идеологиялық жұмыс та осының төңірегінде жүргізілуге тиіс.

### **Экономикалық егемендік – республика әл-ауқатының негізі**

Лениндік социалистік идеяны іске асыру көп ретте экономикалық реформаның қаншалықты тез әрі тиімді

жүзеге асырылатынына байланысты. Бұл салада қоғам өмірінің тереңде жатқан қатпарларын қозғайтын ең қажырлы жұмыс өрістетілуде. Нақ сондықтан да бұл проблема Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің съезге арналған Тұғырнамасының жобасында соншалықты айқын белгіленді.

Экономикада қалыптасып келе жатқан жағдай қазір адамдарды жай ғана толғандырып отырған жоқ, тіпті қатты мазасыздандыруда. Өндіріс қарқынының басылып, тиімділігінің кемуіне шаруашылық саясатындағы қиғаштықтар себеп болды – инвестициялардың негізгі бөлігі ондаған жылдар бойы «А» тобының қайтарымы баяу және төмен, қаржы мен қорды көп қажет ететін салаларына жұмсалып келді. Республикаға еліміздің шикізат шылауының рөлі, осыдан туындайтын барлық зардаптарымен қоса, мақсатты түрде беріліп келді. Біз жекелеген салаларға ғана назар аударып, көпшілік қолды бұйымдар мен әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық «ұсақ-түйектерді» ойламауды талап еткен орталықтың өзімшілдік бағыты үшін тым қымбат құн төледік. Ал енді, республикааралық өнім беру тәртібі бұзылған кезде, орталық атқарушы билік бізге көмектесуге дәрменсіз болып шықты. Мұның өзі біздің экономикамызды және тұтыну саласын өте ауыр жағдайға душар етті.

Әлбетте, республикалық органдар іс үстінде түзетулер енгізуге тырысты. Тіпті халық шаруашылығында кейбір оң үрдістерге жете алдық. Олардың арасындағы бастысы – экономиканы әлеуметтік қажеттерге қарай бұру. Бесжылдықтың өткен төрт жылы ішінде тұтыну заттарын өндіретін өнеркәсіп 23,7 % өсім берген болса, «А» тобы 14,2 % ғана өсім берді. Тауар

шығару 35,7 %-дай артты. Инвестициялық саясатта да әлеуметтік саланың пайдасына қарай елеулі өзгерістер болды. Халық шаруашылығына бөлінген мемлекеттік күрделі қаржы жалпы алғанда үштің біріндей өскен жағдайда тұрғын үй құрылысындағы оның көлемі 1,5 есе дерлік артты. Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында тұрғын үйлерді іске қосудың бесжылдық жоспары орындалды.

Мектептер, емханалар, ауруханалар салудың қарқыны едәуір артты. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді ұлғайтудың байқалған үрдісі арқасында азық-түлікпен жабдықтау жақсара түсті. Өткен бесжылдықтың орташа жылдық деңгейімен салыстырғанда ет өндіру 285 мың тоннадан астам, сүт 649 мың тонна ұлғайды. Үстем өнімнің үштен бір бөлігі жеке секторды озық қарқынмен дамыту есебінен алынды. Республика бұл саладағы шектеулерді елімізде алғашқылардың бірі болып алып тастады, соның нәтижесінде халықта ірі қараның саны 500 мыңға, қой мен ешкі – 1,5 млн-ға, шошқа 100 мыңға көбейді. Халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуде белсенді түрде дамып келе жатқан бау-бақша, үй маңы шаруашылығы жақсы демеу болып отыр: баулы саяжай учаскелері бар отбасылардың саны төрт жылдың ішінде 302 мыңға, үй маңы бақша учаскелері барлар 82 мыңға көбейді. Кооперативтік қозғалыс нығайып келеді: қазір осы саланың кәсіпорындары бір жыл ішінде 1,5 млрд-тан астам сомның бұйымдарын өндіріп, түрлі қызметтер көрсетуде.

Алайда бұл нәтижелер бізді ешқандай жайбарақаттандыра алмайды, өйткені ол туып отырған қажеттіктерге тіпті де сай келмейді. Әрі десе оларға әміршіл-әкімшіл және экономикалық әдістерді болашағы

жоқ, жасанды түрде ұштастыру тәртібімен қол жетті. Тұрақты да теңдестірілген экономикадан біз әлі де болса алыстамыз. Еліміздегі һәм республикадағы қазіргі экономикалық және әлеуметтік-саяси жағдай жоғары өнімді еңбек, бастамашылдық пен тапқырлық ынталандырыла, қажетті құрылымдық өзгерістерді жүзеге асыруға бағыттайтын шаруашылық орта қалыптастыру жөніндегі батыл шараларды қажет етуде.

Оны қалай жүзеге асыруға болады? Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті дағдарысты жағдайдан шығудың жолы республиканың экономикалық егемендігі қағидаттарын орнықтыруда деп біледі. Бірақ экономикада жаңа бағыттармен шұғылдану мүмкіндігіне ие болу үшін саяси және құқықтық нормалардың кешенін жүзеге асыру қажет. Олардың арасында КСР Одағымен және басқа республикалармен өз қатынастарын шарттық негізде құратын егемен мемлекет ретінде Қазақстанның мәртебесін заңды түрде баянды ету өзекті орын алады. Біз федерациялық одақты жақтаймыз, бірақ республика орталыққа өз құқықтарының бір бөлігін ғана, әрі өзінің қалауы бойынша беруі керек деп санаймыз. Мәселенің мәні осында. В. И. Лениннің сөзімен айтқанда, «біз ұлттардың ерікті одағы болуын... мейлінше толық сенімге, туысқандық бірлікті айқын түсінушілікке, толық ерікті ынтымаққа негізделген одақ болуын қалаймыз...».

Ал әзірше Қазақстан үшін сенім де, келісім де, сондай-ақ, айтпақшы, әрбір одақтас республика дербес мемлекеттік құрылым болып табылады деп, еліміздің Негізгі заңында жазылған декларация да – бос сөз. Шынында да, өз аумағы мен жер қойнауының толық иесі емес мемлекетті егемен деп атауға бола ма? Ал

бізде одақтық басқару Қазақстан индустриясының 93 %-ын қамтып отыр. Экономикаға бақылау болмаса, егемендіктің де болмайтыны кез келген парасатты адамға түсінікті.

Тоқырау кезеңінде Қазақстанның ұшан-теңіз байлықтары туралы лепірме сөздер кітаптан кітапқа, мақаладан мақалаға көшіп жүрді. Бірақ осыншалық орасан зор әлеуеті бола тұрып, қыруар қазыналар өндіре отырып, республика неліктен нашар дамыған мемлекет жағдайында қалып қойғанын талдауға бірде-бір мәрте әрекет жасалған емес. Ал оған жауапты алыстан іздеудің керегі жоқ, өйткені еңбек ұжымдары өз еңбегінің нәтижелерін өз еркімен жұмсай алмады, қолдағы байлықтан республикаға, оның халқына ең мықтағанда болар-болмас бірдеңе ғана қалды. Бәрі де көзге көрінбейтін ведомстволық ұраларға тасып әкетілді.

Қазақстаннан жыл сайын 1,3–1,5 млрд доллардың әртүрлі шикізат түрлері экспортқа шығарылады, жалпыодақтық қорға 10–12 млн тонна астық, 300 мың тоннадан астам ет, 270 мың тонна сүт беріледі. Бірақ тамақ өнімдерін тұтыну жөнінен біз елімізде 9-шы орын, тұрғын үймен қамтамасыз етілу деңгейі жөнінен 10-шы орын аламыз. Ал аса кедей жіктердің болуын біздің құрылыстың табиғатымен қалайша үйлестіресіз? Бізде 2,5 млн-нан астам адам, яғни әрбір алтыншы тұрғын айына 75 сомнан төмен табыс табады. Балтық бойы республикаларында, мысалы, халықтың 4 %-ының ғана осындай болымсыз табысы бар.

Міне, бізге қалған мұра осындай. Ал біз өзіміздің күшіміз бен мүмкіндіктерімізді біле отырып, бұдан әрі бұлайша өмір сүрмек емеспіз. Республикада президенттік билік идеясының соншалық қуатты қолдауға

ие болғаны тегін емес. Халықтың барлық жіктері дерлік президенттік билікті тағайындауды жақтап шықты. Бізден бұл қадамды жасауды өмір қисынының өзі талап етті, өйткені басқарудың бұрынғы құрылымдарымен ұлттық-мемлекеттік құрылыс саласындағы авторитарлық әдістерге, экономикадағы ведомстволық өктемдікке қарсы тұру мүмкін болмады. Атқарушылық және заң шығарушылық негіздерді ұштастыратын президенттік билік қана мемлекет тетігінің тиімді қызметін қамтамасыз ете алады, экономиканың қатаң орталықтандыруын жойып, республика мен оның азаматтарының мүдделерін қорғай алады.

КОКП Орталық Комитеті мен одақтық үкіметтің кейбір басшылары ведомстволардың ықпалынан шыға алмай, біздің осы принципті ұстанымымызды ешбір түсінгісі келмейді. Байыпты дәлелдерге қарамастан, республикаға егемендік беру ұзаққа созылуда. Ол ол ма, соңғы кездері орталық органдар сыртқы экономикалық байланыстар еркіндігіне тыйым сала отырып, өз «айбарын» көрсететін болып жүр. Ал Одақты ыдыратуды көздейтін сепаратистік күштер мұндай шолақ ойлылықты тура өз мүдделеріне пайдаланады да. Егемендік туралы мәселені шешудің нақ осы ұзаққа созылуы жекелеген республикалардың орталықтан безуге ұмтылу себептерінің бірі болды.

Қазір, экономикалық реформа өзінің шешуші кезеңіне аяқ басып отырған кезде, біздің Одақтың барлық республикаларының тығыз бірлесуі, берік те тұрақты ұлттық келісімі ерекше қажет, онсыз ең ғылыми, ең сенімді экономикалық тұжырымдама қағаз үй сияқты жалп ете түседі. Барлық кеңес адамдарының РКФСР халық депутаттарының I съезінің бары-



сын соншалықты үмітпен және алаңдаушылықпен қадағалап отырғаны кездейсоқ емес. Өйткені бүкіл еліміздің болашағы Ресейдің – біздің федерациямыздың тұлғалы жотасының қай жаққа бет бұруына байланысты. Қазақстан коммунистері атынан, біздің съездің атынан ресейліктердің өз егемендігі жолындағы бізге таныс та жақын күресі сепаратизмге, ұлы орыс халқы басын қосып, топтастырған халықтар жөніндегі жауапсыздыққа апарып соқтырмайды деген қызу сенім білдіремін. Қазақстан – кеңес халықтарының отбасындағы «кедей туысқан» болмаса да, оның жалпыодақтық еңбек бөлісіндегі орны мен мәні жалпы жұртқа мәлім болса да, біз республикалардың, коммуналдық ас үйде ұрысқан көрші әйелдер сияқты, бірге тұрған кезінде кім кімге және қанша қарыз болғанын есептей бастауына жол берілмейді деп ойлаймыз.

Экономикалық дербестік – әлдебір сәндік жаңа леп емес, қоғамдық дамудың сөзсіз қажеттілігі, шын мемлекеттік егемендіктің құрамдас бөлігі. Сондықтан біз де өзіміз тапқан нәрсені қазақстандықтар үшін дотация деген жәбірлеушілік таңбамен алу үшін Мәскеу кабинеттерін «алақан жайып» аралағымыз келмейді.

Бірақ мұның мәні әсте оқшаулану мен томағатұйықтыққа ұмтылу деген сөз емес. Экономикалық дербестікті біз еліміздің ішінде де, шетелде де алуан түрлі шаруашылық байланыстарды жолға қоюдың құралы деп білеміз. Қазақстанда ұзақ мерзімді өзара тиімді сыртқы экономикалық байланыстар орнату, шетелдік фирмалармен бірлескен кәсіпорындар ашу, еркін экономикалық аймақтар құру үшін шын ғаламат мүмкіндіктер бар. Мұның бәрі өмірлік қажеттілік, өйткені шетелдік капиталды тартпайынша, республиканың

экономикасын тез көтере алмайсың. Мәселе мұнда тек жалаң прагматизмде ғана емес. Бүкпесіздік, халықаралық байланыстарды кеңейту кезеңінде дүниежүзілік тәжірибеден үйренуге болады және солай ету қажет.

Бұл бағытта қазірдің өзінде едәуір нәрселер тындырылды. Республика аумағында сыртқы экономикалық үш қауымдастық және 19 бірлескен кәсіпорын, «Казахинторг» сыртқы сауда бірлестігі жұмыс істейді. Өздеріңіз білесіздер, осы таяуда ғана Вашингтонда Батыс Қазақстан қойнауын бірлесіп игеру жөнінде америкалық сауда консорциумымен келісімге қол қойылды. Мұның өзі республиканың басым және тікелей қатысуымен жүзеге асырылып, ең алдымен қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға қызмет ететін болады. Қазір өндіріс қалдықтарын ұқсату жөніндегі байланыстарды нығайтып, кеңейту маңызды: біздің кәсіпорындарда жиналып қалған қайталама ресурстар миллиардтаған тонналармен есептеледі. Егер шетелдік технологияны жөнімен пайдалансақ, табиғи байлықты үнемдеп қана қоймай, қомақты валюта қаржысын да аламыз. Сондай-ақ электроника, күрделі тұрмыстық техника, құрылыс материалдарын шығаратын бірлескен кәсіпорындар құру керек. Шекара өңірінде Қытаймен, Азия құрлығының басқа да елдерімен сауда-экономикалық қатынастарды кеңейту үшін қолайлы мүмкіндіктерді барынша пайдалану керек. Болашақта республиканың халық шаруашылығының барлық салалары түгелдей сыртқы экономикалық-техникалық байланыстарға тартылатындай жағдайға қол жеткізу қажет.

Бірақ біздің мүмкіндіктерімізді іске асыруымыз тағы да орталық ведомстволар тарапынан тыйым салудың, үлестер мен лицензиялардың бітеу қорғанына

тірелуде. Олар қойып отырған төрешілдік кедергілер тек біздің ғана емес, сонымен бірге, Батыстың көптеген іскер адамдарының да төзімін тоздыруда, олар одақтық министрліктермен істес болғысы келмейді, қайта республикалармен тікелей экономикалық және сауда қатынастарын жолға қойғысы келеді. Сыртқы байланыстарды қатал орталықтандыру, айтпақшы, нақ сол орталықтың өзі айналымға қосқан экономикалық егемендік туралы қызыл сөзбен бүркемеленген орталықтандыру күлкілі архаизмге айналуға. Қазақстанның еңбек ұжымдары мұндай жағдайға бұдан әрі төзгісі келмейді.

Нарықтық қатынастарға көшуге келетін болсақ, онда осынау түбегейлі экономикалық актінің өзектілігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Алайда соңғы уақытта «нарық» деген кәдімгі сөз мазасыздану мазмұнымен толығып, адамдардың бойында көптеген қауіптенушілік туғызуда. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті осы көкейкесті мәселе бойынша өз көзқарасын айтуды қажет деп санайды.

Біріншіден, Кеңес мемлекетінің бүкіл тарихы ішінде өндіріске және айналым саласына ықпал етудің нарықтық қатынастарға тән бәсекелестік пен кәсіпкерлік белсенділікке тең келерлік ынталандыру шараларын табу мүмкін болмағаны айқын.

Екіншіден, экономиканы дамытудың идеологияға бағынбайтын объективті заңдылықтары бар. Тауар-ақша қатынастарымен қоса, нарық солардың қатарына жатады. В. И. Ленин де нақ осындай түсінікке келген еді, бірақ мемлекеттік билік басында оның ісін жалғастырушылар елді басқа, әміршіл-әкімшіл жолмен бастап әкетті. Демек, белгіленген нарыққа көшу экономиканың қазіргі дағдарысты жағдайынан ғана

емес, сондай-ақ оны дамытудың бүкіл объективті барысынан туындап отыр. Ерте ме, кеш пе, қандай жағдайда болсын, біз сондай қадам жасауға мәжбүр болар едік. Қазіргі кезең жағдайды тек қиындатып, қоғамнан шұғыл таңдау жасауды талап етіп отыр.

Нарықтың басты заңы – сұраныс пен ұсыныс заңы. Қай жерде сұраныс бар болса, күрделі қаржы, іскер адамдардың күш-жігері, басшылардың назары сонда жұмылдырылады. Әміршіл экономика ондай бетбұрыс жасауға дәрменсіз. Халықта орасан көп бос ақша жинақталды, ал әміршіл экономиканың ауыр, икемі аз, төрешілденген құрамы қанағаттандырылмаған сұранысқа қарай ешбір бұрыла алмай отыр, ал ол нарықтық қатынас кезінде өндірісте және қызмет көрсету саласында орасан зор дүрбелең туғызуға қабілетті. Бұдан әрі бұлай болуы мүмкін емес. Сондықтан біз қазір не нарықтық жүйеге бел буамыз, не ұзақ жылдар бойы оған азапты қадамдар жасап жететін боламыз. Еліміз әрбір адамнан таяу болашақтағы игілік үшін уақытша шығындарға баруға азаматтық ерлік қажет етіліп отырған шепке жетті.

Елімізді және республиканы нарықтық экономика арнасына көшіру зор әлеуметтік-экономикалық қана емес, сондай-ақ идеологиялық қиыншылықтармен ұштасуда. Тауарлы-ақша қатынастарының, көп сатылы экономиканың зиянды екені туралы ой ондаған жылдар бойы біздің санамызға құйылып келді. Біз меншік плюрализмінің қажет екенін түсінгенімізбен, казармалық социализм идеологиясы бізді қолымыздан мықтап ұстап, артқа тартқылап отыр. Ал нарық өзінің аса маңызды компоненті – ұсақ жеке меншіксіз толыққанды бола ала ма деген сұраққа жауап қайтарудан біздің осы

кезге дейін түрлі желеулермен жалтарып келгеніміз, сірә, сондықтан болар. Іс жүзінде біз оған дара меншік түрінде қазірдің өзінде жол бердік, бірақ әр затты өз атымен атаудан қорқамыз. Өкінішке қарай, мұндай «кеш түсіну» елімізде идеологиялық, сондай-ақ басқару органдарының айықпас ауруына айналса керек.

Шаруашылық есеп идеяларының қалай арсыздықпен бұрмаланып жатқанын, жалгерліктің, шаруашылық есептің басқа да озық әдістерінің енгізілуі қалай тежеліп жүргенін біз көріп отырмыз. Жалгерлік деген сөз жұрттың бәрінің аузында жүрсе де, онымен өнеркәсіпте кәсіпорындардың 3,9 %-ы, құрылыста – 9,7 %-ы, саудада және тұрмыс қажетін өтеу саласында 1 %-дан азы қамтылып отыр. Республикада небәрі 1 концерн, бұйым өндірушілердің 6 ерікті қауымдастығы құрылған. Орталық ведомстволардан оқта-текте: қандай да болсын дербестік туралы ойларыңа кіріп те шықпасын дейтін ескерту жасалады. Осының бәрі қайта құруға елеулі тосқауыл болуға қабілетті өткен кездің белгілерінен басқа ешнәрсе де емес. Міне, сондықтан да тоқтауға, оның үстіне белгіленген жолдан тіпті де шығуға болмайды. Нарықтық экономика толық күшімен жұмыс істеп, қоғамда жаппай мүдделілік ахуалын орнықтыруға, жоғары өнімді еңбек, бастамашылық пен іскерлік үшін ынталандыру қадамдарын жасауға тиіс. Өйтпеген жағдайда біз өркениеттің дамуынан тысқары қалып қоюымыз мүмкін.

Бағаның қымбаттауына да, сонымен байланысты тұрмыс дәрежесінің уақытша төмендеуіне де, жұмыссыздыққа да әзір болу керек. Бұл құбылыстардың пайда болу ықтималдығын айтпай өту қылмыс болар еді. Бірақ біз экономиканы жаңғырту кезеңінде адамдар-

дың, әсіресе, халықтың табысы аз топтарының әлеуметтік қорғалуы жөнінде елеулі жұмыс жүргізілетінін атап көрсеткіміз келеді. Осы мақсатта кең көлемді шаралардың тұтас кешені әзірленді, олар нарыққа деген келеңсіз көзқарасты жоюға көмектеседі. Олардың арасында бірқатар маңызды заңдар – монополияға қарсы, кәсіпкерлік туралы, жұмыссыздық туралы, халыққа бағаның өсуінің өтемін қайтару туралы заңдар бар. Ақыр аяғында, біз осы түбегейлі қадамға бармай тұрып халықтың келісімі мен қолдауына ие болуға тиіспіз. Осыған байланысты экономиканы өрге бастырудың нарықтық қатынастарды дамытудан басқа тиімді жолы жоқ екенін адамдарға табанды түрде түсіндіру қажет.

Еңбекшілерді нарық жағдайындағы өмірге материалдық және психологиялық жағынан дайындау жөніндегі шаралар кешенінде еңбек тәртібін нығайту әсте де соңғы орында болмауға тиіс. Жұмысты өзіміз қазіргідей істей отырып, жаңа экономикалық тетіктен жоғары қайтарым алудан дәмелену – бос қиял. Айтпақшы, бұл тетіктің өзі жалқауларды, қыдырымпаздарды, алыпсатарларды, басқа да әлеуметтік арамтамақтарды қатаң жазалайтын болады. Сондықтан қазірдің өзінде қатардағы қызметкерлердің де, басшылардың да еңбекпен өндірістік тәртіптің деңгейі үшін жауапкершілігін едәуір күшейтуге бағытталған бірқатар құқықтық актілер әзірленуде.

Съезд экономикалық реформаны түбегейлі етуге бағытталған шараларды қолдайды, ал республика коммунистері осы қауырт кезеңде барынша іскерлік, жинақылық, байыпты әрекеттер мен іс-қимыл көрсетеді деп үміттенеміз.

Нарықтық қатынастар жағдайында республиканың өзін-өзі басқару принципін берік қолдай отырып, біз өзімізге аса зор жауапкершілік алып отырғанымызды есте ұстау керек. Өйткені, жоғарыдан қандай да болсын нұсқау күтпестен, біздің индустриямыздың шикізат беруге бағдарлануын батыл өзгертуіміз, ғылымды көп қажет ететін жоғары технологиялы өндірістерді жедел қарқынмен дамытуымыз, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің деңгейін қажеттілікке сай келтіруіміз керек. Аса маңызды әлеуметтік бағдарламаларды – тұрғын үй, азық-түлік, халық тұтынатын бұйымдар өндіру, экологиялық және басқа бағдарламаларды шешу басым маңызы бар іс болып қала береді.

Егер нақты айтатын болсақ, үстіміздегі жылдың өзінде 9 млн шаршы метрге таяу тұрғын үйді іске қосуымыз керек, оның үстіне бұл шеп тұрғын үй құрылысының бұдан да гөрі қарқынды кезеңіне өту сәті болуға тиіс. Кооперативтік және жеке құрылыстың көлемін кем дегенде 40 %-ға жеткізу үшін оларды дәйекті түрде дамыту қажет.

Экономиканы дамыту тұжырымдамасында елеулі құрылымдық ілгерілеу белгіленіп отыр. Халық тұтынатын бұйымдар өндіру күрт ұлғаяды. Биылғы жылдың өзінде оларды әдеттегі орташа жылдық көрсеткіштен бір жарым есеге жуық көп шығаруымыз, яғни тұтыну рыногына жұмыс істейтін салалардың материалдық-техникалық базасын қайта құруда елеулі секіріс жасауымыз керек.

Кооперативтік және кәсіпкерлік қызметке кеңінен сүйену, шағын кәсіпорындар, жұмыс қолы мол аудандарда ірі өндірістердің филиалдарын, сондай-ақ шетелдік фирмалармен бірлескен өндірістер құруға ерекше

көңіл бөлу керек. Конверсия мен қорғаныс өнеркәсібін қайта құрылымдау есебінен қысқа мерзім ішінде күрделі тұрмыстық техника шығаруды жолға қою керек.

Қаржы жағдайын сауықтыру бүгін таңдағы кезек күттірмейтін міндет болып отыр. Ақша басатын станоктың қызу жұмысы әзірше өндіріс ауқымдарының тиісінше өсуімен баянды етілмеуде. Мәселен, өткен жылы орташа айлық жалақы – 8,9%, ал жалпы қоғамдық өнім небәрі 1,2% өсті. Кәсіпорындар үшін республикалық мақсатты заемдар шығару, облигациялар, акциялар және басқа бағалы қағаздар сату қаржы дағдарысынан шығу жөніндегі шұғыл шаралардың қатарына жатады. Сомды нығайту үшін күрделі қаржының көлемін күрт қысқарту қажет. Ал бізде аяқталмаған құрылыста ғана 11 млрд сомға жуық қаржы игерілмей жатыр. Бұдан былайғы жерде шаруашылықты бұлай жүргізуге болмайды.

Халыққа ақылы қызмет көрсетуге байланысты жағдай да түбегейлі өзгерістерді талап етуде. Өсімнің қол жеткен қарқыны ешкімді де шатастырмауға тиіс, өйткені осы кезге дейін біз бұл салада тұрпайы жайлылық деңгейімен қанағаттанып келдік. Оның бер жағында республиканың туризм мен экскурсиялық істі дамытуда, мәдениет мекемелерінің, тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарының қызметінде іске асырылмаған орасан зор мүмкіндіктері бар. Мұнда сондай-ақ кәсіпкерлік қызметтің әртүрлі пішіндерін дамыту үшін де ұланғайыр өріс бар.

Нарықтық қатынастарға жеткізетін жол қаншалықты күрделі болса да, саудада және жалпы тұрмыстық, коммуналдық, көлік қызметі саласында тәртіпті жолға қоюды батыл қолға алу қажет. Өйткені адамдардың



қайта құру мен социализмге көзқарасы нақ осында қалыптасады. Бүгінгі таңда осы салаларда кінәратсыз күштерді барынша қолдаудың, жоғары сапалы еңбектің, қызмет көрсетудің шынайы мәдениетінің сенімді ынталандырылуына көмек көрсетудің соншалықты қажет болып отырғаны да, міне, сондықтан.

Адамдардың денсаулығын сақтауға көзқарас пен тәсілді түбірімен өзгерту, аурулардың әлеуметтік себептерін жоюға – теңгерімді тамақты, қалыпты ауыз суды, жайлы тұрмысты қамтамасыз етуге баса назар аудару қажет. Республикада туберкулезбен және бруцеллезбен сырқаттану деңгейі жоғары, ана мен баланы қорғауда шешілмеген мәселелер көп. Аурухана және емхана мекемелерінің 65 %-дан астамы бейімделген не ескірген үйлерде орналасқан, олардың үштен біріне жуығында қажетті жағдай жоқ. Медициналық қызмет көрсетуді жақсарту жөнінде соңғы уақытта қолданылған шаралар дене шынықтырумен, спортпен айналысу мүмкіндіктерін кеңейтумен ұштастырылуға тиіс.

Қартайған және еңбекке жарамсыз адамдарға назар аудармайынша, қоғамды ізгілендіру мұраттары ақылға қонбайды. Республикада олардың тұрмыс жағдайын жақсарту жөнінде маңызды қадамдар жасалды. Сондай-ақ кәсіпорындардың зейнетақыға үстеме белгілеу жөніндегі мүмкіндіктерін толығырақ пайдалану, мүгедектер мен зейнеткерлерді қолынан келетін еңбекке және қоғамдық қызметке белсендірек тарту қажет.

Экологиялық проблемалар аса көкейкесті. Бұл проблемалар бүгін таңда тек адамдардың көңіл күйін ғана айқындап қоймайды, мұның маңыздылығы өзінен өзі белгілі, сонымен бірге, болашақ жөніндегі, бізге де, болашақ ұрпаққа да тұрмыс жағдайын қамтамасыз

ету жөніндегі қамқорлықты да білдіреді. Бүгінгі таңда Аралдың, Балқаштың, Семей өңірінің, Шымкент, Жамбыл, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Орал облыстарының бірқатар аудандарының қасіреті нағыз халықтық қайғыға айналды. Біз қазақстандықтардың ядролық сынақты дереу тоқтату жөніндегі талаптарын толық қолдаймыз және Орталық Азия халықтарын Арал теңізін құтқару жөніндегі игі іске қатысуға шақырамыз.

Бүгін таңда республика жұртшылығы Қазақстан жерінің миллиондаған гектарының әртүрлі полигондар мен әскери объектілерге берілуінің заңдылығы туралы мәселені өте әділетті түрде көтеруде. Біздің державаның қорғанысты нығайтудағы көкейкесті қажеттіліктеріне ешқандай күмән келтірместен, біз КСРО үкіметінен, әскери ведомстволардан алынған аумақтарды бізбен бірге түбегейлі тексеруден өткізуді, олардың бір бөлігін халықшаруашылық айналымына қайтаруды және, ең бастысы, жердің қорғаныс мұқтаждарына пайдаланылуына байланысты оған келтірілген барлық материалдық, экологиялық және моральдық шығынның республика халқына өтелуін талап етеміз.

Өндіріс мүдделерін бірінші орынға қойған кеселді практика, табиғат ресурстарын жыртқыштықпен пайдаланған орталық ведомстволардың өресіз саясаты республиканы ауыр экологиялық зардаптарға апарып соқтырды. Партия ұйымдарының қазіргі міндеті кеңес органдарының, қалың жұртшылықтың күш-жігерін үйлестіре білуде, қоршаған ортаға жөнсіз ықпал етуге қарсы біртұтас күрес майданын құруда, адамды табиғатқа ұқышты қарау рухында тәрбиелеу мақсатын қоя білуде болып отыр.

Күнделікті істерді шешу кезінде біз экономикада стратегиялық сипаттағы шараларды жүргізу жайын ешбір жағдайда ұмытпауға тиіспіз. Халық шаруашылығын әлеуметтік басым бағыттарға барынша бағдарлай отырып, өндірісті интенсификациялаудың және оның тиімділігін арттырудың ең алдымен ғылыми-техникалық прогрестің жеделдетілуімен байланысты аса маңызды мәселелерін назардан тыс қалдыруға болмайды. Өнім сапасының төмен болуы, қор мен материалдың барған сайын көп қажет етілуі бұрынғысынша шешілмеген түйін күйінде қалып отыр.

Өзін-өзі қаржыландыру интенсивті факторлардың өсімін өздігінен қамтамасыз етуге қабілетті деп санап, біз жаңа шаруашылық есеп қатынастарына нұқсан келтіруіміз мүмкін. Алынатын пайданың өсімі қазіргі кезде шаруашылық қызметінің қорытындылаушы көрсеткіші болып отырғандықтан, республика Министрлер Кеңесінің, Мемлекеттік жоспарлау комитетінің, өнеркәсіп орындарының коммунистері бұл көрсеткіштің жаңа техниканың енгізілуімен және өндіріс тиімділігінің артуымен тығыз өзара байланысына қол жеткізуі керек. Экономикада бірыңғай ғылыми-техникалық саясаттың, жаңалықтарды өндіріске енгізу саласын басқарудың, зияткерлік меншікті құқықтық тұрғыдан қорғаудың, ғылыми-техникалық жетістіктерді пайдалану үшін жауапкершілікті арттырудың түрлері мен әдістері айқын белгіленіп, заңдандырылуға тиіс.

Басқару құрылымдары үнемі жаңару үстінде болуы керек. Егер одақтық, сондай-ақ республикалық министрліктер мен ведомстволар тек маңдайшаларын ауыстырып, жұмыс сапасын өзгертпейтін болса, онда жаңа жағдайда олардың болашағы айтарлықтай

күмәнді болмақшы, өйткені нарықтық экономика әлдебір «саусақпен түртіп көрсетуді» қажет етпейді. Ведомстволық бағыныстан тыс көп салалы, экономикалық жағынан күшті концерндерді, қауымдастықтар мен консорциумдарды құруға батылырақ бару керек. Өндірісті шоғырландыру дәрежесі жоғары жерлерде оны монополиялық және мемлекеттенген сипатынан айыру, ғылыми-техникалық жаңалықтарға бейім шағын кәсіпорындар жүйесінің жасалуы ерекше өзекті бола түсуде.

Шаруашылықты нарық заңдары негізінде жүргізу қалыптасқан басқару органдарының жүйесін бұзады, «тігінен» жасалатын байланыстарды әлсіретеді және көлбеу байланыстарды күшейтеді. Сондықтан республиканың халықшаруашылық кешенінің ұйымдық-экономикалық және технологиялық құрылымдарының қайта құрылуы сөзсіз. Бірақ бұл үдерісті бетімен жіберіп, ол экономиканың принципті жаңа тұрпатына өзінен өзі жеткізеді деп енжар күтіп отыра алмаймыз. Озық экономикалық ақыл-ой мен дүниежүзілік практика негізінде жаңа құрылымдарды күні бұрын болжап отыру және олардың қалыптасуын жеделдету керек. Орталық Комитеттің және республика үкіметінің бастамасы бойынша құрылған, құрамына Мәскеудің де жетекші ғалымдары енген арнаулы комиссия қазір осы іспен шұғылдануда.

«Базалық» деп аталатын салалардың (айтпақшы, термин ведомстволардың өктемдігін мәңгілік ету үшін ойлап табылған) кәсіпорындарында жұмыс істейтін коммунистер де осы үдеріске белсенді түрде қатысуға, өз кәсіпорындарының шынайы дербестігіне қол жеткізуге тиіс. Өйткені министрліктер бүгінде материалдық

ресурстар мен жабдықты бөлу ісін өз қолында ұстап отырғандықтан ғана оларға билік жүргізіп келеді. Ал егер тұрақты көлбеу байланыстар жолға қойылғанға дейін сол міндеттерді республиканың Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті өзіне алатын болса, онда министрліктер жөніндегі қажеттілік өзінен өзі болмай қалады да, олар құрылған күнде де тек кәсіпорындар қоятын шарттар негізінде құрылатын болады. Атап айтқанда, бүкіл пайда, нақты салықтан басқалары, еңбек ұжымдарының қарамағында қалуға тиіс. Ал мұның өзі адамдар өз еңбегінің саны мен сапасының және тұрмыс жағдайының жақсаруы арасындағы байланысты нақты сезінеді деген сөз.

Экономикада масылдық психологиядан, жұмыс нәтижелерін өмір шындықтары бойынша емес, әміршіл-әкімшіл жүйе бекіткен «қол жеткен деңгей» өлшемдерімен бағалау әдетінен батыл арылу қажет. Мұның, әсіресе, ауылшаруашылық өндірісі саласына қатысы бар. Азық-түлік проблемаларының түйіні барған сайын ширыға түсуде, ал жұрт күнделікті өмірде бізде қазірдің өзінде әдет бойынша ештеп мақтан тұта бастаған ілгерілеулерді нашар сезінуде. Дүкен сөрелері мольқпайынша, біз ауылшаруашылық өндірісінің өсуі туралы ешқандай, тіпті ең көз жеткізер статистикалық деректердің өзімен халықты табысқа жеттік деп сендіре алмаймыз.

Алайда бізде ауылда жаңаның нышандары қазірдің өзінде баршылық екенін байқамау мүмкін емес. Адамдардың мүдделерін экономикалық өзгерістердің өзегі ете отырып, біз көрнекі нәтижелерге қол жеткізе алдық. Жалгерліктің өзін де елімізде алғашқылардың бірі болып қазақстандықтар игере бастады. Сөйтіп,

ол өзінің тиімділігін жылдам дәлелдеді. Мәселен, 1987 жылдан бері жалгерлікті игере бастаған елуден астам кеңшар мен ұжымдарда өндіріс рентабельділігі 19 %-дан 41 %-ға дейін өсті.

Бірақ біздің кемшілігіміз жекелеген табыстар барлық ауылшаруашылық кәсіпорындарының игілігіне айналмай отырғанында болса керек. Азық-түлік проблемасын түбегейлі түрде шешуге, КОКП Орталық Комитетінің 1989 жылғы наурыз Пленумы белгілеген міндеттерді жүзеге асыруға не кедергі болып отыр? – деген сұраққа партиялық принциптілікпен анық жауап қайтаруымыз керек.

Ең алдымен, селода жаңа шаруашылық тетігі, біздің пікірімізше, әлі де тиісінше жұмыс істемей отыр. Көптеген партия комитеттері шаруашылықты жүргізудің ескі әдістерінің шырмауында қалуда, күні өткен экономикалық қатынастарды өзгерте алмай отыр, ал кейде тіпті өзгерткісі келмейді. Шаруашылық басшылары жалгерлікке, кооперацияға, интеграцияға кедергі жасауда, ал кейбір жерде ойындағы нәрсені шындыққа балауда. Тіпті жалгерлік мердігерлікке көшкен азын-аулақ ауылдық ұжымдардың өзі – 35 %-ы – істің шын жайына сай келмейді. Кейбір басшылар жеке адамдардың кәдімгі кесімді ақы алып істейтін жұмысын қулықпен жалгерлік етіп көрсеткісі келеді немесе ескі мазмұнды жаңа қалыпқа салуға тырысады.

Бұл орайда базбіреу шаруашылықты жүргізудің дәстүрлі жүйесіне тыйым салғандай-ақ, соған сілтеме жасайтыны, кеңшар-ұжымшар жүйесінің жақтастары мен қарсыластарының таусылып бітпейтін таластары таңқалдырады. Керісінше, ауыл шаруашылығында меншіктің барлық түрлері тең құқықты жағдайда дамуға

тиіс екені талай рет атап көрсетілді. Кеңшарлар мен ұжымшарлар, сөз жоқ, бұл орайда агроөнеркәсіптік өндірістің негізі болып қалады. Бірақ реттелетін нарықтық экономика жағдайында шаруа қожалықтарының болмайды. Еңбекшілерді кәсіпорындар иелігіне қатысуға белсенді тартуға мүмкіндік беретін акционерлік меншік түрлері де ерекше назар аударуға тұрарлық.

Нарықтық экономика жағдайында мемлекеттік тапсырыс іс жүзінде болмайды. Көлемі қажетті материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етілетін және мемлекеттік бағалар бойынша, ал қалған өнім нарықтық бағалар бойынша сатып алынатын азық-түлік салығын енгізу шаруашылықтарға да, мердігерлерге де, кооператорлар одақтарына да іс-қимылдың оңтайлы нұсқаларын іздестіруге мүмкіндік береді. Қайтарылмайтын қарыздар алу, сондай-ақ зиянмен жұмыс істейтін шаруашылықтарды рентабельді жұмыс істейтіндердің есебінен қолдау практикасын доғару қажет.

Бұл мәселелердің бәрі агроөнеркәсіптік кешен қызметкерлерінің республикалық кеңесінде егжей-тегжейлі қаралды. Ауыл еңбеккерлері он үшінші бесжылдықтың аяғына қарай шығуға тиіс бірінші кезектегі шептер де сонда белгіленді. Оларды съезд мінберінен қайталап айтқым келеді. Біз халықтың жан басына шаққанда ет өнімдерін тұтынуды жылына 85–90 килограмға, сүтті – 358, ал көкөніс пен бақша дақылдарын 130 килограмға жеткізуге тиіспіз.

Дегенмен, біз азық-түлік проблемасын шешудің қандай жолын таңдап алсақ та, Қазақстан тауарлы астық өндіретін аса ірі өңір болғанын және болып қала беретінін ұмытуға болмайды. Республиканың жер байлығын ұтымды пайдалануын осы міндеттердің

шешіміне бағындыру, интенсивті технологияларды игеруге жұмсалатын ірі қаржының қайтарымын көбейту қажет.

Ұқсатушы кәсіпорындардың қуаттарын еселей түсу жөніндегі тұрақты жұмысты жалғастыру қажет. Бұл проблеманың шиеленісті жайы баяу тарқатылып келеді, оның ысырабы орасан зор күйінде қалып отыр. Ұқсату салаларының артта қалуының салдарынан, қолайлы табиғат-климат жағдайы бола тұрып, республика жемісті, картопты, өсімдік майын, кондитер және макарон тағамдарын, маргаринді және басқа өнімдерді сырттан әкелуді жалғастыруда. Ал ысырапты барынша азайтудың өзі ет тұтынуды жылына 6 килограмға, сүт тұтынуды 26 килограмға, көкөніс және бақша дақылдарын тұтынуды 29 килограмға арттыруға мүмкіндік берер еді.

Іс жүзінде ауылшаруашылық ғылымы көмегінің сезілмеуі елеулі кемшілік болып отыр. Мұнда «зерттеу – өндіріс – енгізу» циклы тым ұзаққа созылған, қаржыландыру ғылыми ізденіс бағыттары бойынша емес, институттар бойынша жүргізіледі.

Аграрлық-өнеркәсіптік кешен қызметкерлеріне азық-түлік өндіру көлемін баяу ұлғайтқаны үшін әділ талап қоя отырып, біздің бүкіл қоғамымыз, әсіресе, әлеуметтік мәселелерді шешуде ауылдың алдында орасан зор қарыздар екенін ұмытуға болмайды. Бұл жөнінде не істелінбекші? Он үшінші бесжылдықта қазіргі бесжылдықпен салыстырғанда ауылдың өндірістік емес саласына инвестицияны бір жарым есе көбейту, газдандыру және сумен жабдықтауға 2,2 есе көбейту көзделді. Құрылыс индустриясының базасы



едәуір нығайтылып, жергілікті құрылыс материалдарын өндіру көлемі ұлғая түседі.

Әлеуметтік жағынан артта қалған аудандарды, әсіресе, негізінен жергілікті халық тұратын шалғайдағы ауылдарды дамыту бірінші кезектегі проблема болып отыр.

Айтылған жәйттерді қорытындылай келіп, біз елеулі өзгерістер табалдырығында тұрғанымызды атап көрсеткім келеді. Реттелетін нарықтық экономикаға көшу материалдық-қаржылық теңдестірілуге объективті түрде қол жеткізеді. Алайда мұның өзі орасан зор ұйымдастырушылық-практикалық жұмысты, күн сайынғы практикалық міндеттерді іске асыруға деген батыл көзқарастарды іздестіруді қажет етеді. Бұл кезеңде партияға, коммунистерге қиын жауапкершілік жүктеледі. Абыржуға жол бермей, реформаның әрбір кезеңінде айқын бағдарламаның болуы, өзіңе, өзіңнің әрбір іс-қимылыңа талап қоя білу маңызды.

### **Ішкі партиялық тұрмысты қайта құру – уақыт талабы**

Бүкіл ішкі партиялық тұрмысты түбірімен қайта құру – бүгінгі күннің шұғыл міндеті. Оны шешуге біз қазірдің өзінде кірістік. Қазақ КСР Конституциясына тиісті түзетулер енгіздік және съезд алдындағы Тұғырнамада тек нақты істермен, адамдардың өмірін жақсарту жөніндегі күнделікті жұмыспен ғана саяси көш бастаушылық құқығын жеңіп алып, орнықтыру ниетін ұсындық.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті өзінің назарын есепті кезеңде партия комитеттері мен ұйымдарының қызметіне басшылық жасауды қайта

құруға аударды. Партиялық және мемлекеттік, шаруашылық органдардың міндеттерін ажырату, нақты өкімет билігін Кеңестерге беру, ішкі партиялық тұрмысты демократияландыру, өктемшілдік әдістердің түп-тамырына балта шабу, республикалық партия ұйымының дербестігін арттыру жөнінде батыл бағыт ұсталды. Партиялық жұмыстың басым бағыттары бойынша бірқатар тұжырымдамалық құжаттар, нақты бағдарламалар мен ұсыныстар қабылданды. Осының арқасында республикалық партия ұйымы қоғамдық-саяси ахуалға орасан зор ықпал ететін көптеген аса маңызды мәселелерде бастамашылдықты уыстан шығарған жоқ. Коммунистер іс жүзінде өздерінің ұйымдарында қожайынға айналып, партиялық саясатты әзірлеп, жүзеге асыруға нақты ықпал жасауда.

Есеп беру-сайлау науқанын съезд қарсаңында және оған қоса партия комитеттерінің мүшелері мен хатшыларын, конференциялар мен съездердің делегаттарын сайлау баламалы түрде, төте және жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылатын принципті жаңа негізде өткізу туралы Орталық Комитеттің ұсынысына алғашқы кезде көптеген партия комитеттері бірден тулап түскенін жасырмаймын. Алайда қатардағы коммунистердің арасында бұл идея толық қолдау тауып, биылғы науқан бұдан бұрынғыға қарағанда өзінің бүкпесіздігімен, кең көлемді жариялылығымен, партия мүшелерінің жоғары белсенділігімен елеулі түрде ерекшеленді. Қалалық және аудандық комитеттердің 141 хатшысы, оның ішінде 59 бірінші хатшы екі және одан көп кандидатурадан сайланды. Гурьев, Қарағанды, Көкшетау және Шымкент облыстық пар-

тия комитеттерінің бірінші хатшылары да баламалы негізде сайланды.

Сонымен бірге, сайлаудағы баламалылық біз бірден тура жолға шыға қоятындай әлдебір керемет әдіс болып табылмайтынын да атап көрсету керек. Егер коммунистер өзінің басшысына сенсе, оның іс-қимыл бағдарламасын қолдаса, жұмыс әдістерін жарамды деп санаса, онда оның жолына жасанды кедергілер қою, қызбалық сезімдерін қоздыру орынды бола қояр ма екен.

Есеп беру мен сайлаудың қорытындыларына талдау жасай келіп, біз өзімізге мынадай сұрақ қоюға тиіспіз: көп жылдық еңбек өтілі бар, тәжірибелі деп саналып келген партиялық басшылар неліктен көп ауыстырылды? Сірә, олардың көбі үшін қайта құрудың бес жылынан кейін де партиялық басшылық – саяси басшылық екені жөніндегі сөзсіз ақиқат қиынға соқса керек. Әміршілдік үрдіс, әкімшілдік ету, тыйым салу, сынға дұрыс құлақ аспау әдістерінен тістей қатып айырылмау деген, міне, содан. Яғни, адамдар бүгінгі таңда төзгісі келмей отырған нәрселерге елең етпеу дегеніміз осы.

Сірә, Қарағанды, Көкшетау, Шымкент және Талдықорған облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшылары кенет қайта сайланбай қалғаны тек көрер көзге ойламаған жағдай сияқты көрінер. Шынтуайтында, адамдар өздері шынында сенетін – демократиялық көңіл күйдегі, партия бұқарасының пікіріне құлақ асатын, жоғары беделі мен саяси тәжірибесі бар қайта құрудың жақтаушыларын қалады. Бүгінгі таңда облыстық партия комитеттері – 70 %, қалалық және аудандық партия комитеттері 80 % жаңарды. Бұл табиғи әрі заңды да. Компартияның Орталық Комитеті коммунистердің демократиялық таңдауын қолдайды. Айтқандайын,

оның өз құрамының да төрттен үш бөлігінен астамы жаңарды.

Партия комитеттерінде салалық бөлімдерді жою, пленумдар мен бюролардың күн тәртібінен олардың құзыретіне жатпайтын мәселелерді алып тастау да партияға тән емес міндеттерді Кеңестерге берудің нақты қадамы болмақ. Мұның өзі, әлбетте, әлеуметтік және экономикалық бағдарламалардың жүзеге асырылуынан партияның шет қалатынын білдірмейді. Тәжірибе мынаны көрсетіп отыр: олардың жүзеге асырылуына партиялық ықпал әлсіресе болғаны, іркілістер сөзсіз шыға келеді. Бірақ ол ықпалдың түрлері мен әдістері саяси болуға тиіс.

XVI съезден кейінгі жылдарда Қазақстан Компартиясы 31,6 мың адамға көбейіп, қазіргі кезде 842,4 мың КОКП мүшелері мен мүшелігіне кандидаттарды қамтиды. Жаңадан қабылданған 104 мың партия мүшелігіне кандидаттардың төрттен үш бөлігі дерлік материалдық өндіріс саласында еңбек етуде. Республика Компартиясының құрамында 91 ұлттың өкілдері бар.

Осы оңды деректерге қарамастан, Орталық Комитет партия қатарын қалыптастыру практикасы жетілдіруді қажет етеді деп санайды. Бізді, әсіресе, Алматы, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан облыстық партия ұйымдарында КОКП-ға жұмысшыларды қабылдаудың азайғаны алаңдатпай тұра алмайды. Көптеген лайықты еңбеккерлер, әсіресе, жастар партия ұйымдарының назарынан тыс қалуда және көбінесе саяси белсенділігін неше түрлі бейресми бірлестіктерде көрсетіп жүр.

КОКП мүшелерінің бір бөлігінің арасында күйреушілік көңіл күй, басталған өзгерістердің қажеттілігіне

сенімсіздік пайда болғанын көріп отырмыз. Олардың қатарында еңсесі түскендер, асып-сасқандар да бар. Партияның жолы олардан бөлек болып шықты. Ал бұл жағдайды, сірә, тым торығып көрсетудің керегі жоқ болар. Партиядан шығу тәртібі – басқа мәселе. Бізде КОКП Жарғысы жобасының партиядан коммунистің еркін қол үзуі туралы ережесі елеулі қарсылық туғызады. Коммунистердің көптеген ұсыныстарына қарағанда, кез келген жағдайда шығу туралы арыз бастауыш партия ұйымдарында қаралуға, ал шығудың өзі партиядан шығару ретінде хатталуға тиіс. Бұл орайда әңгіме адамдарды жазалау, қудалау практикасына қайтып оралу туралы емес, мұндай жағдайда қажет принципті шешім туралы болып отыр. Партияны біреу келіп, біреу кетіп жататын орынға айналдыруға, ал қабылдауды формальды актіге апарып сауға жол беруге болмайды.

Партиядағы қайта құру туралы айтқанда, оның бастауыш буындарының қызметі жайындағы мәселені де қозғамауға болмайды. Олардың дербестігін арттыру, бастауыш ұйымдардың бастамашылдығын тежеуді тоқтату міндеті алда тұр. Біз бастауыш партия ұйымдары хатшыларының республикалық кеңесін құрып, мұның қажеттігіне көз жеткіздік. Оның мүшелерінің пленумдардың мәжілістеріне материалдар дайындауға, Орталық Комитеттің қызметіне қатысуы бастауыш және орталық партия органдарының арасындағы тікелей байланысты жолға қоюға көмектеседі. Ал бұл бағытты біз жалғастыра бермекпіз.

Партия комитеттеріне бастауыш ұйымдарды, әсіресе, олардың хатшыларын толық қолдауды табанды түрде

ұсынамыз. Бұл моральдық көмек, ал керек болған кезде материалдық сипаттағы да көмек болуға тиіс. Бастауыш ұйымның хатшысы – біздің жұмысымыздағы негізгі тұлға. Тұтас алғанда, партия комитеттерінің аппараты өз қызметтерін ең алдымен бастауыш ұйымдар жетекшілерінің, барлық деңгейдегі хатшылар кеңестерінің талап-тілектерін басшылыққа ала отырып құруы керек.

Кадрлармен жұмыс қайта құру үдерістерінің қарқыны мен тереңдігіне тура ықпал етеді. Соңғы кезде партия комитеттерінің номенклатурасына көзқарас елеулі түрде өзгерді. 1985 жылмен салыстырғанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіндегі қызметтер номенклатурасы үштің екісіндей, облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері қызметтерінің номенклатурасы тең жартысына қысқарды. Өкілеттіктерді жергілікті жерлерге, сондай-ақ «көлбеу бойынша» – тиісті мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарға беру кадр саясатын қайта құрудың сара бағытына айналуға.

Номенклатуралық тетікті бұзу жөніндегі жұмыс, сөз жоқ, жалғастырылуға тиіс. Оның мәні Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Тұғынамасының жобасында баяндалған. Бұл – қандай да болсын өктемдікті, кандидатураларды күштеп тануды, кадрларды орналастырудағы әкімшілдікті болдырмау – бұл кадр мәселелерін шешудегі өкілеттіктерді жоғарыдан төменге – жоғары тұрған партия комитеттерінен төменгі партия комитеттеріне беру, сондай-ақ мәселелерді мемлекеттік билік пен басқару органдарының, қоғамдық ұйымдардың өз өкілеттіктерін дәйекті түрде жүзеге асыруын қамтамасыз ету. Оның үстіне, партия комитеттері өздерінің кадр жөніндегі ұстанымдарын негізінен ұсыныстар түрінде білдіреді.

Кадрлармен жұмысты жаңарта отырып, партиялық жолдастық ұғымын қайтадан жандандыру, принципті биікке көтеру қажет. Оның мәні – іске, коммунистік мұраттарға деген адалдықта, бір-біріне деген терең сенімде жатыр, бұл сенімнің өзі, сонымен бірге, құқықтар мен міндеттердің толық теңдігін де білдіреді. Тек партиялық жолдастықты тереңдету бағытын жүргізе отырып, партия мүшелеріне қойылатын талапты арттыра түсіп қана біз коммунистерді топтастыра аламыз, оларды қайта құру алға қойған орасан зор міндеттерді шешуге біріктіре аламыз.

Партиялық жолдастық ардагер-коммунистер жөнінде де өзінің нақты көрінісін табуға тиіс. Өйткені бізде былай болып жүр: ондаған жылдарын партияға және партиялық жұмысқа арнаған адам зейнетке шыққаннан кейін өз ұжымының өмірінен мүлдем қол үзеді, былайша айтқанда, «екінші сортты» КОКП мүшесіне айналады. Өз партия ұйымынан жырақ қалу, тұрғын үй-пайдалану кеңсесінде немесе басқа бір «зейнеткерлер» мекемесінде есепке тұру оның бойында күйініш пен түсінбеушіліктен басқа қандай сезім туғызуы мүмкін! Ардагерлерге мұндай безбүйректік-төрешілдік көзқарас тек жәбірлеушілік қана емес, сонымен бірге, өресіздік деп ойлаймын. Біз орасан зор өмір мектебінен өтіп, өзінің партияға, оның коммунистік мұраттарына адалдығын дәлелдеген адамдардың қолдауы мен тәжірибесінен айрылып, өзімізді өзіміз тонап жүрміз. Қазақстан Компартиясының 70 жылдығы қарсаңында біз барлық аға жолдастарымызды еске алуға, біздің қатарымыздан олардың лайықты орын алуына көмектесуге тиіспіз.

Партиялық аппарат туралы бірер сөз айтқым келеді. Бұл тақырып бүгін таңда баспасөз беттерінен түспейді, телехабарлар мен радиобахарларда да көтерілуде. Бүгінгі таңда аппаратқа және аппаратшыларға кім тиіспей жүр дейсіз... Бірақ, кәнеки, өзімізге мынадай сұрақты ашық қоялық: қоғамдық негіздерде, штаттағы басқару аппаратынсыз өндірісті, мемлекетті, саяси ұйымды басқару мүмкін бе? Жауап түсінікті деп ойлаймын: аппарат керек, бірақ жаңарған, өз міндеттерін шеберлікпен атқара алатын аппарат керек. Біз партиялық аппаратты қысқартып, оның құрылымын өзгертуге бардық. Сонымен бірге, оны едәуір жаңартып, күшейттік те.

Қазақстан Компартиясы XVII съезінің және КОКП XXVIII съезінің қарсаңындағы жалпыпартиялық пікірсайыс ең басты оқиғаға айналды. Бұл пікірсайыс кезінде КОКП-ның жаңа Жарғысының сипаты, партияның бағдарламалық ережелері туралы барынша әртүрлі пікірлер айтылып, қызу қорғалды. Искер, мүдделі әңгіме қозғалып, оған Қазақстан коммунистерінің басым көпшілігі қатысты. Соның қорытындыларына сүйене отырып, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті республикалық партия ұйымының, біздің пікірімізше, партияның бұдан былайғы тағдырын айқындайтын бірқатар принципті мәселелер бойынша ұстанымын білдіруді қажет деп есептейді.

Біріншіден, партия ұйымдарының құрылымы мен міндеттеріндегі түбегейлі өзгерістер социализм қағидаттарына адал партияның идеялық бағытына ешбір жағдайда қарама-қайшы келуге тиіс емес. Сондықтан коммунистердің негізгі міндеттерінен туындайтын



біздің мақсатымызды Жарғыда айқын бейнелеуіміз керек. Оның үстіне біз XXVIII съезд Орталық Комитеттің Саяси Бюросын, Бас хатшысын және хатшыларын сайлауға тиіс деп санаймыз.

Екіншіден, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті демократиялық централизм қағидатын, партияның идеялық және ұйымдық бірлігінің негіздерін баянды етудің шынайы лениндік пайымдамасын дамыту туралы көптеген ұсыныстарды қолдайды. Біздің бұл ұстанымымыз неғұрлым егжей-тегжейлі түсіндіруді талап етеді деп ойлаймын.

Жұртқа мәлім, В. И. Ленин демократиялық централизмнің мәні пікірсайыстың барынша кең бостандығын, пікірлердің күресін, мәселелерді талқылау сатысында кез келген баламалы ұсыныстарды енгізу мүмкіндігін, бірақ шешім көпшілік дауыспен қабылданғаннан кейін іс-қимылдардың бірлігін қамтамасыз етуде деп білді. Біз осы қағидатты, оның демократиялық мәнін жүрдай етіп, бояма бірауыздылыққа салынып, зор шығынға ұшырадық, соның салдарынан толып жатқан асығыс, ойластырылмаған, кейде өзінің зардаптары жағынан қайғылы болған шешімдер қабылданды. Алайда тек оларды орашолақ пайдаланудың салдарынан ғана принциптің өзін жоққа шығаруға және баланы шомылған суымен бірге лықсыта салуға бола ма? Жаңарған партия демократиялық централизмге оның бастапқы лениндік түсінігін қайтаруға тиіс. Әйтпеген күнде біз өзіміздің ең басты ұйымдық негізімізден айрылу қаупіне ұшыраймыз.

Үшіншіден, партиялық ішкі тұрмысты демократияландыру одақтас республикалар Компартияларының мәртебесін өзгертпейінше мүмкін емес. Осыған бай-

ланысты біз Қазақстан Компартиясы КОКП-дан тыс деп көз алдымызға елестете алмайтынымызды, бірақ республикалық Компартиялар мен КОКП арасындағы қатынастар қайта ойластыруды қажет етіп отырғанын тағы да атап көрсеткім келеді.

Өздеріңіз білесіздер, Қазақстан Компартиясының КОКП Тұғынамасы мен Жарғысы шеңберінде жеке бағдарламалық құжаттарын қабылдауына, ұйымдық, кадрлық және қаржы мәселелерін өзінің шешуіне, баспагерлік және басқа кәсіпкерлік қызметті жүргізуіне мүмкіндігі болады. Осы съезде Қазақстан Компартиясы Тұғынамасының қабылдануы – бұл бағыттағы елеулі қадам.

Республика Компартиясының жаңартылған мәртебесі, ішкі және сыртқы саясат мәселелерін шешуде оның дербестігінің ұлғайтылуы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жаңа органын – Саяси Бюроны сайлауды қажет етеді. Біз бұл қадамды партиялық және мемлекеттік органдар міндеттерінің аражігін нақты ажыратудың және басшылықтың саяси әдістеріне көшудің факторы деп санаймыз.

Партиялық бюджетті қалыптастыру мен жұмсаудың, атап айтқанда, қаржының қай бөлігін бастауыш партия ұйымдарының қажеттеріне қалдыру, қай бөлігін – жалпыпартиялық қассаға бөлу қажет екені туралы мәселелер конференцияларда қызу талқыланды. Айтыстың себебі жариялылықтың жетіспеуінде деп білеміз: партия ақшасының қайда, қандай мақсаттарға жұмсалып жатқаны жайында әдетте қатардағы коммунистердің ұғымы жоқ. Содан барып партия ақшасының көп бөлігі бейне бір орталық аппаратты ұстауға пайдаланылады

деген негізсіз пайымдаулар айтылуда. Теріс түсініктердің болмауы үшін мынаны айтайын: Орталық Комитеттің және Орталық Комитет жанындағы Партия тарихы институты қызметкерлерінің жалақысына бюджеттің 4 %-ы ғана жұмсалады, қалғаны төменгі партия ұйымдарына, соның ішінде бастауыш партия ұйымдарына беріледі. Әрине, партиялық жарналардың қандай бөлігі бастауыш ұйымдардың қарамағында қалуға тиіс екенін съезд шешеді, алайда Орталық Комитеттің осы проблема жөніндегі көзқарасын айтпауыма болмайды.

Алғаш қарағанда, Жарғы жобасында көрсетілгеніндей, жарнаның 50 %-ын бөлу әділ сияқты. Бірақ ойластырып көрелік, республиканың барлық бастауыш ұйымдары бірдей жағдайда бола ма? Коммунистердің сан құрамы жағынан да, жалақысының деңгейі жағынан да олардың көбі, былайша айтқанда, түрлі «салмақ категорияларында». Мысалы, Қарағанды металлургия комбинаты мен кеңшардың, мекеменің, мектептің бастауыш ұйымдарының бюджетін салыстыруға бола ма? Партияның көкейкесті қажеттері тұрғысынан, партиялық жолдастық тұрғысынан да қаржыны орталықтан қайта бөлу қажет. Мұнсыз партияның құрылымы да, оның іскерлік қабілеті де сақталмайды.

Бүгінде жұрттың бәрін – коммунистерді де, партияда жоқтарды да, социалистік жаңару ісін қымбат тұта-тындарды да партияның, оның ұйымдарының беделін нығайтудың жайы ойландыруда. Мұның өзі түсінікті, өйткені ел жүріп өткен жол, оның қиын-қыстау барлық кезеңдері коммунистердің жасампаздық қызметімен байланысты. Адамдар зор үмітін партиямен байланыс-

тыруда және оны әрбір партия ұйымында мазмұнды, толыққанды партиялық ішкі тұрмыс, іскерлік, шығарымпаздық ахуал қамтамасыз етілген, бұқарамен байланыс барынша нығайтылып, идеялық ықпал ұлғайтылған жағдайда ғана ақтауға болады.

### Жолдастар!

Айтылғанның бәрін қорытындылай келіп, былай деп атап көрсеткім келеді: біз қазір бастан кешіп отырған тарихи даму кезеңінің ерекшелігі – қайта құру қарқын ала бастай ма, өзін нақты нәтижелермен баянды ете ме, социализмді дамыту үшін жаңа перспективалар аша ала ма, әлде миллиондаған адамның үмітін ақтамай, доғарылатын бола ма деген сауал саяси күн тәртібінен іс жүзінде әлі де алып тасталған жоқ. Біздің съезімізде республикалық партия ұйымының Тұғынамасын қабылдай отырып және КОКП Орталық Комитеті Тұғынамасының жобасын жалпы қолдай отырып, біз өзімізге еш нәрсемен салыстыруға болмайтын жауапкершілік алып отырмыз. Сондықтан әрбір коммунист, әрбір партия ұйымы қоғамдағы өзінің рөлі мен орнына талапшылдықпен қарауға тиіс. Әркімнің өзіне мынадай қарапайым сұрақ қоюы керек: біз кіміз – Лениннің сөзімен айтқанда, «бұқара бар жерде жұмыс істеуге», қайта құрудың алдыңғы сапында болуға тиісті шын мәніндегі күрескерлерміз бе әлде оның қатарында ғана саналып жүрміз бе? Жауап – нақты істерде, адамдар өмірінің нақты жақсаруында.

Алда КОКП-ның XXVIII съезі күтіп тұр. Үстіміздегі жылы біз Қазақ КСР-і мен Қазақстан Компартиясы құрылуының 70 жылдығын да атап өтеміз. Бұл оқиғалар

қайта құрудың барысына, қоғамдық-саяси жағдайға игілікті ынталандырушы ықпал ететіні сөзсіз. Оларға әзірлікті қоғамның барлық озық күштерін топтастыру, халықтың партияға деген сенімін нығайту жөніндегі белсенді іс-қимылдармен барынша ұштастыру қажет.

Адамдардың алдына олардың ақыл-ойы мен жан-жүрегін баурай алып, рухтандыра білетін асқақ мақсаттарды қойғанымызда ғана қоғамдық бірлікке қол жеткізуге болатынын жақсы түсінеміз. Мұндай мақсаттар бізде бар, олар Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Тұғынамасының ең басты өзегін құрайды.

Ең алдымен біз халықтың тұрмысын жақсарту үшін Қазақ КСР-інің саяси және экономикалық егемендігін орнықтыру жолында күресеміз. Республиканың аса бай ресурстары, қуатты шаруашылық әлеуеті қазақстандықтардың қазіргі және болашақтағы ұрпақтарының қажетіне жаратылуға тиіс, әрбір адамның еркін шығарымпаздық еңбегі мен әл-ауқатының негізі болуға тиіс.

Біз Одағымыздың бірлігін қорғаймыз, өйткені біздің федерация нығайған сайын, кеңес халқы топтаса түскен сайын еліміздің, оның үстіне әрбір республиканың беделі дүниежүзілік қоғамдастықтың көз алдында биіктей түсетініне кәміл сенемін.

Интернационализм, халықтардың туысқандық достығы бұрынғысынша біздің туымыз болып қала береді. Өзінің бүкіл беделімен Қазақстан Компартиясы республика азаматтарының қай ұлтқа жататынына қарамастан, тең құқықтарын қорғайды, заңдылық пен құқық тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Біз қайта құрудың ең басты топтастырушы күші, халықтың қам-қарекетімен және арман-тілегімен

тыныстаушы, ізгілікті демократиялық социализмнің мүдделерін орнықтырушы – КОКП-ның бірлігін жақтаймыз.

Республикалық партия ұйымының абдырауға және дағдаруға жол бермеуі үшін, біздің ұрпағымыздың үлесіне тиген ауыр сындардан ар-абыроймен шығу үшін, біздер үшін жалғыз ғана мүмкін социалистік таңдауға адалдықты дәлелдеу үшін жеткілікті шығарымпаздық және идеялық әлеуеті бар екенін съезд мінберінен мәлімдеп, жалпы жұрттың пікірін білдіремін деген үміттемін!

**«Бірлік пен топтасқандық үшін» атты  
Қазақ теледидары арқылы Қазақстан халқына**

## **ҮНДЕУІ**

Алматы қаласы,  
1990 жылғы 10 қыркүйек

### **БІРЛІК ПЕН ТОПТАСҚАНДЫҚ ҮШІН**

#### **Қымбатты жолдастар, жерлестер!**

Мен республиканың өз дамуындағы жауапты кезеңге аяқ басуына байланысты сіздерге сөз арнап отырмын. Біз саяси және экономикалық егемендікке қол жеткізу мен оны іске асыруға тікелей кіріскелі тұрмыз. Қазақстан тұрғындары үшін бұл идеяның қаншалықты тартымды екенін біле тұрып, жаңа Одақтық шарттың әзірленіп жатқан жобасына өзіміз ұсынған қағидалардың мән-мағынасын сіздерге түсіндіре кетсем деп едім.

Оның үстіне, нарықтық қатынастарға көшу және соған байланысты туатын әрбір еңбек ұжымының, әрбір қазақстандықтың өз еңбегінің нәтижесіне, саламатты моральдық-психологиялық және қоғамдық-саяси ахуалды сақтауға деген биік жауапкершілігі сияқты аса маңызды мәселеге тоқталсам деймін.

Қайта құру барысында біз ұлттық-мемлекеттік құрылымымыздың қағидаттарын қайта қарауға, аса терең экономикалық реформаларды жүзеге асыру қажеттігіне келіп тірелдік. Біз орталық пен ведомстволардың рахымсыз өктемдігі, идеологиялық қасаңдық, іс-әрекет пен ой-пікірдің қалыпқа салынуы, ұлттық мәдениеттердің бірсарындылығы меңдеген әміршіл-әкімшіл жүйенің бұғауларынан арылып жатырмыз.

Біз өмірді мүлдем жаңа негізде – егемен мемлекеттердің одағында құруды бастадық. Шарттың кейбір қағидалары әлі пысықталу үстінде, бірақ оның мәні мейлінше айқын: республикалар өз аумақтарындағы барлық ұлттық байлықтарды иеленуге, пайдалануға және жұмсауға ерекше құқық алады. Бұған жер, оның қойнаулары, сулар, әуе кеңістігі және басқа да табиғи ресурстар, мемлекеттік егемендіктің материалдық негізі болып табылатын күллі экономикалық және ғылыми-техникалық әлеует кіреді. Одақтың өзі республикалардың еріктілігіне, өзара мүдделілігі мен терезесі тең серіктестігіне негізделеді. Әрине, республикалар өз қалаулары бойынша өкілеттіктерінің біраз бөлігін Одақтың жаңа, өздері құрған басқару органдарына береді. Бұл сөз болып отырған өзінің сипаты бойынша ел көлемінде біртұтас басшылықты қажет ететін қызмет салалары: іргелі зерттеулер, қорғаныс бағдарламалары, бірыңғай энергетикалық жүйе, атом энергетикасы, ғарыштық жүйелер, т. б.



Жаңа Одақтық шарттың негізіне айналмақшы экономикалық келісімге салынған идеялар қысқаша айтқанда осындай. Республика басшылығы бұл проблемаларды барлық деңгейлерден, барлық мінберлерден дәйектілікпен және табанды түрде айтып келе жатқанын қазақстандықтар біледі. Ал олардың шешілуі созалаңданып кетсе, ол біздің кінәміз емес. Егер біздің Одағымыздың негіздерін түбегейлі қайта қарау қажеттігін ертерек түсінгенімізде, еліміз көптеген шиеленісті жанжалдарды, экономикалық шығындарды, республикааралық шаруашылық байланыстарының ыдырауын, орталықтан жеріну үрдістерінің күшеюін басынан өткермеген болар еді.

Бүгінде іс-әрекет шындығы саясатта, экономикада, рухани салада біртабандап өз шебін ала түсуде.

Біздің республикамызда экономика аса маңызды бірталай көрсеткіштер бойынша елдің біраз өзге өңірлеріндегіден едәуір жақсы екенін біз қанағат сезімімен атап көрсетеміз. Бұған ең алдымен байсалды, жасампаздық жағдай туғызудың арқасында қол жетті. Әрі алдағы уақытта да азаматтық келісімді қадірлей білуіміз керек, онсыз нарықтық экономикаға ойдағыдай өту мүмкін емес. Біз нарыққа әлдебір тәжірибе үшін емес, адамға лайықты тұрмыс жағдайын жасау, жеке адамды асқақтау, өркениетті қоғамда, жалпыадамзаттық құндылықтар әлемінде тереземіз тең өмір сүру үшін бара жатырмыз. Адамдардың санасын нарықтық экономиканың алдындағы үрейден арылтып, біліктілігі жоғары, іскер, жұмыскер адам жалпыға бірдей теңгермешілік жағдайындағыдан әлдеқайда жақсы өмір сүретінін түсінетіндей жағдай туғызу керек. Бұл – үлкен саяси маңызы бар міндет. Бірақ қазіргі қиындықтарға қоғамдағы

жағдайдың тұрлаусыздығына байланысты жаңа қиындықтар жамалатын болса, ол міндетті ешқашан орындай алмаймыз. Соңғы кездері мен еңбек ұжымдарынан, жекелеген азаматтардан ашық үрей арқалаған хаттарды көптеп алатын болып жүрмін. Оның авторлары елдің біраз аймақтарында орын алған ұлтаралық қасіретті күйзелістер бізге де қатер төндіріп тұрған жоқ па деп сұрайды.

Турасын айту керек, біздің республикада да қайта құрудың, демократияландыру мен жариялылықтың мұраттарын үстірт және мейлінше қате пайымдайтын адамдар пайда болды. Біліктілігінің кемдігіне немесе, тіпті қатты айтпағанның өзінде, саяси болжамсыздығына байланысты олардың мәлімдемелері мен талаптары өмір шындығынан және біздің алдымызда тұрған міндеттерден тым алшақ. Менің айтып отырғаным республиканың шекарасын қайта құруды аңсаушылыққа да, оның аумақтық тұтастығына қол сұғушылыққа да және, екінші жағынан, бірқатар бейресми қозғалыстардың ұлтшылдық мақсаттарына да қатысты. Әрі олар бейбіт жағдайда өмір сүруді, балаларын өсіріп, жақсы табыс табуды қалайтын адамдардан өздерінің мұндай үндеулері мен әрекеттерін қолдайтын-қолдамайтынын да сұрамайды.

Қазақстан көпұлтты, оның бірегейлігінің өзі де осында. Біз тек бірге болғанда ғана, тығыз топтасқанда ғана барлық проблемаларымызды ойдағыдай шеше аламыз. Басқа жол жоқ. Өшпенділік пен алауыздықтың қым-қиғаш сызаттары тек тұйыққа тірейді, ал одан ауыр шығындарсыз және адамдардың өлшеусіз қайғы-қасіретінсіз қайта шығу жоқ.

Қауіптісі – кейбір популистер өздерінің лайықсыз мақсаттарын демократия, пікір алуандығы туралы сөздермен бүркемелеген болады. Дегенмен ақылға салып көрейікші: жүз, мейлі тіпті мың адамның менмендігін қанағаттандыру үшін миллиондаған қазақстандықтардың мүдделерін жығып беруіміз керек пе? Жоқ, ондай «демократияға» батыл тосқауыл қою керек. Өздеріңіз ойлап қараңыздаршы: әлдебіреулер республиканың егемендігі туралы езулеп көп айтады, сөйте тұра, бәріміз тікелей қолға алғалы тұрған нақты қайта өзгертулерді жүзеге асыруымызға кедергі болады. Адам құқықтарын қорғау туралы айтады да, сол арада бір ұлттың мүдделерін екіншісінікінен жоғары қояды, бір кезде онсыз да жапа шеккен халықты көшіруді талап етеді. Әлеуметтік әділеттілік туралы мәлімдейді де, жерді ұлттық белгі бойынша бөлуге ұмтылады. Мен тіпті ондай пікірлердің жекелеген, намысқа тиетін сарыны туралы айтып та отырған жоқпын.

Онда біздің жетер жеріміз қандай болмақ? Сондайлық бір керемет болашақтың келбетін болжай қоймасымызды білу үшін әулиеліктің қажеті жоқ. Оның үстіне, ұлтаралық текетірестің өкінішті мысалдары жетіп артылады. Республикада ұлттық белгісі бойынша тайталасқан қоғамдық қозғалыстар құру ниеті пісіп-жетіліп келе жатқаны құпия емес. Егер соған жол берсек, онда біз қоғамның екіге жарылуы сияқты нақты қауіппен бетпе-бет келеміз, құркеуделіктің құрбанына айналамыз.

Республиканың Президенті ретінде айтайын: конституциялық нормаларға қайшы келетін талаптардың, үндеулер мен іс-әрекеттердің бәрі құқық қорғау органдарының тарапынан тойтарыс алатын болады.

Ұлтаралық қырқысты ұйымдастырғандар, мейлі олар кім болса да, заң бойынша жауапқа тартылады.

Мен мынаны адамдардың ақыл-парасатына саламын: алдымызда алапат істер тұр, тұрмыс дәрежесін күрт көтерудің, жеке адамның жан-жақты дамуы үшін толыққанды жағдай туғызудың кең мүмкіндіктері ашылып тұр. Сонда осының бәрін болмашы саяси даңғойлық пен менменшіл мүдделерді қанағаттандыру үшін бәске қоюымыз керек пе?

Осыған байланысты тағы бір маңызды көзқарас бар. Өздеріңіз білесіздер, күрделі экономикалық проблемаларды шешу үшін біз шетелдік капиталды белсенді түрде тарта бастадық. Бұл шараның қажеттілігін жұрттың бәрі түсінеді. Алғашқы қадамдар жасалды да, атап айтқанда, бірлескен кәсіпорындар жұмыс істей бастады, жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарында тауар өндіру жөніндегі шетелдік желілер қондырылып жатыр. Батыс елдерінің іскер топтарымен ынтымақтасудың кең перспективалары ашылуда.

Біз Азияға есік ашып жатырмыз. Жақын күндерде Кеңес Одағы мен Қытай Халық Республикасының темір жолдары түйіседі. Бұл – үлкен халықаралық ауқымдағы оқиға, өйткені жаңа, неғұрлым қысқа еуразиялық көпір ашылмақшы. Қысқасы, қазір Қазақстанға көптеген елдердің іскерлік топтарының назары ауған. Өрі әңгіме өзара тиімді ынтымақтастық туралы болып отыр, ал ол біздің көптеген әлеуметтік, экологиялық қырсықтарымыздың бетін қайтаруға септесетін болады.

Ал Батыс пен Шығыстың бизнесмендерін Қазақстан несімен қызықтырады? Әлбетте, зор экономикалық мүмкіндіктерімен, орасан ұлттық байлығымен, елеулі ғылыми, зияткерлік әлеуетімен. Бірақ тек онымен ғана

емес. Бірінші кезекте – тыныш ахуалымен. Республикадағы қоғамдық-саяси жағдаят тұрлаусыз болса, бірде-бір фирма, бірде-бір компания жалғыз центін де, сынық йенін де іске қоспайды.

Осының өзі-ақ бейбіт жасанды еңбекке мүмкіндік беретін тұрақтылықты сақтау жолындағы күрестің маңыздылығын білдірмей ме?

Экономикалық салада болсын, адамгершілік салада болсын, әсіресе, нарыққа өтудің аса жауапты кезеңінде жоғары тәртіп болмайынша, бірде-бір қоғам нарықтық қатынастар жағдайында өмір сүре алмайды. Саяси және қоғамдық тұрақтылықтың маңыздылығына қатысты өзінің салмақты сөзін біздің ең мәртебелі заң шығарушы органымыз – республиканың Жоғарғы Кеңесі де айтар деймін. Ол қоғамдық тыныштық жандарына жақпайтындардан, ұлттық сезіммен ойнап көргісі келетін әртүрлі әуесқойлардан халықты сенімді түрде қорғайтын қаулылар қабылдауға құзыретті.

Турасын айтайын: кімде-кім азаматтық тыныштықтың жолына кесе-көлденең тұратын болса, сол республиканың болашағына қастандық ойлағаны, біздің ұрпақтар алдындағы ортақ борышымызға – Қазақстанды гүлденген, ерікті, жемісті халықаралық ынтымақтастық үшін ашық-жарқын елге айналдыруға кедергі жасағаны.

Мен нақ осындай болашаққа сенемін және республиканың күллі тұрғындарын саяси да, экономикалық та, ұлтаралық та проблемалардың баршасын өркениетті, демократиялық жолмен шешудің үлгісін көрсетуге шақырамын.

«Республиканың болашағы жолында» атты  
Қазақ теледидары арқылы

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,  
1990 жылғы 6 қазан

### РЕСПУБЛИКАНЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖОЛЫНДА

**Қадірлі достар, жерлестер!**

Қазір мен де, өздеріңіз сияқты, өзгеше қуаныш үстіндемін. Өйткені бүгін біз тарихымызда тұңғыш рет Республика күнін атап өтіп отырмыз.

Бұл саяси және экономикалық өміріміздегі, Кеңестік федерацияны жайластыру жөніндегі зор өзгерістер алдында болашақтың есігін ашып, жаңа жолға шығумен бірдей. Сонау бастауларымызды жете танып-біліп, өрі де, ылдиды да мол өткен кезеңдер сабағын есте ұтсасақ

қана, осы жолдан лайықты өтетінімізге сенімдімін. Қазақ КСР-і мен Қазақстан Компартиясының 70 жылдық тойына тұспа-тұс келген Республика күні мейрамы өткенге көз жіберіп, болашағымыз қандай болмақ деген сауал төңірегінде ой өрбітуге мүмкіндік береді деп білемін.

Өздеріңізге белгілі, осыдан тура жетпіс жыл бұрын – 1920 жылғы қазанда Қазақстан Кеңестерінің I құрылтай съезі Қазақ АКСР-інің құрылғанын жариялады, ол кейін, 1936 жылы, одақтас республикаға айналды. Бұл күн, сөз жоқ, қазақ халқының көп ғасырлық тарихындағы аса ірі белес еді. Мемлекеттікке қол жеткізу халықтың әділетті әлеуметтік құрылыс жайлы арманының орындалуы болатын. Бірақ басқа халықтармен терезесі тең жағдайға жету құқығы әлдебіреудің жоғарыдан ұсынған сыйы емес-тін, ол күрделі саяси және әлеуметтік күресте жеңіп алынды.

Республика өміріндегі елеулі өзгерістер – қазақстандықтардың бірнеше ұрпағының, әртүрлі ұлт өкілдерінің ынтымақты іс-қимылының жемісі. Біз бір жеңнен – қол, бір жағадан бас шығара отырып, Түркісіб пен Қазақстан Магниткасын, Балқаш пен Жезқазғанды, тың шаруашылықтарын қаз тұрғыздық. Республикамыздың тарихы көптеген халықтардың ортақ тағдырына айналды. Уақыт сынынан мүдірмей өткен достық дәнекерлерін той күндері ғана емес, күнделікті қат-қабат қарбалас тіршілігімізде де ұмытпағанымыз жөн.

Кеңес өкіметі жылдары қазақстандықтар өздерінің ұйымшылдығын, биік интернационалдық сезімін талай танытты. Елімізде қалыптасқан экономикалық, мәдени және рухани байланыстарға қатер төне бастаған қазіргі күрделі жағдайдың өзінде тұрақты қоғамдық-саяси ахуал бар күш-жігерімізді адамдардың әл-ауқатын жақ-

сартуға, олардың жемісті еңбек етуіне жағдай жасауға жұмылуымызға мүмкіндік беріп отыр. Осындай жағдайдың арқасында былтыр ұлттық табыстың 80 %-ы әлеуметтік мәселелерді шешуге жұмсалды. Халық тұтынатын тауарлар өндіру 1,6 есе өсті.

Биылғы жылдың бірінші тоқсанында тұрғын үйді пайдалануға беру жөніндегі бесжылдық жоспар орындалды. Республикамыздың әртүрлі аймақтарын экологиялық сауықтыру жұмыстары кең қанат жайып келеді. Қазақстанда тұратын халықтың рухани өміріне қатысты проблемаларды шешумен мақсатты түрде айналысатын болдық.

Қазір де еңбек ұжымдарындағы жұмыс ахуалы жақсы. Биыл республика диқандары бітік егін өсірді. Көптеген қиыншылықтарға қарамастан, астық, көкөніс, картоп жинау аяқталып қалды. Өнімнің негізгі бөлігі қоймаға құйып алынды. Мал шаруашылығындағы жағдай да біршама түзеліп келеді, сүт өндіру былтырғыдан тәуір, ет дайындау да межелі мөлшерде.

Әрине, мұның бәрі республиканың нарыққа, егеменді социалистік мемлекеттің жаңа сатысына көшуіне қолайлы жағдай туғызып отыр. Мемлекеттік, экономикалық, қоғамдық өмірді құруда біз неге ұмтыламыз, республикамыздың болашағы қандай болғанын қалаймыз?

Бұл сауалдарға жауап беру онша қиын да емес сияқты: біз Қазақстан әр адамның, әрбір ұлттың және әлеуметтік топтың рухани дамуына, жеке адам құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік бере алатын қуатты, ерікті республикаға айналса екен дейміз. Бірақ бұл мақсатқа жету оңай емес. Ол үшін басқару жүйелерін өзгертіп қана қоймай, адамдардың жанын жегідей жеп, дербес қасиеттерін тұқырта беретін идеологиялық қасаң қағидалар мен қиыстырылған аңыздардан арылу қажет.



Біз адамдардың еркін дамуын қамтамасыз ету үшін, оларды жерге, жұмыс орнына, бүкіл қоршаған ортасына жатбауыр ететін мемлекеттік езгіден бас тартамыз. Сұлбасы айқындала бастаған жаңа Одақтық шартты қолдай отырып, бар байлығы мен жасалған әлеуетіне халықтың өзі иелік етуін талап етеміз. Біз Қазақстанды Одақтан тыс санамаймыз, бірақ оны әртүрлі ведомстволардың емес, өзара экономикалық және рухани мүдделер ортақтастығы арқылы топтасқан тең құқықты егеменді республикалардың одағы деп білеміз.

Біз осы уақытқа шейін «бүкілхалықтық» деп әшейін аталып келген, ал шын мәнінде ешқашан да халықтікі болып көрмеген ұсқынсыз меншік түрінен бас тартамыз. Қалыпты экономикалық – нарықтық қатынастарға қайта оралу арқылы адамдарға өздерінің іскерлік қабілеттерін барынша жарқырата танытып, өз жерлеріне өздері қожа болу құқын қайтарғымыз келеді.

Біз адамдардың дара қасиеттерін басып-жаншудан, оларды жаттанды ойлауға итермелеуден, жасанды бірауыздылықтан үзілді-кесілді бас тартамыз. Адамды ойыншық етіп, халықтың мәдениетін, дәстүрін, тілі мен жадын біріздендіру әрекеттерін тоқтатамыз, өйткені ол адамдар бойында сенімсіздік туғызып, оларды бір-бірінен ажырата түседі. Ғасырлар бойғы тарихта өркениет туғызған жалпыадамзаттық игіліктер, ар-ождан еркіндігі, қоғамдық өмірді демократияландыру – міне, біз сүйеніш ететін және алда да солай ете беретін басымдықтар осылар.

Біз өзара тиімді экономикалық байланыстарға, озық идеялар мен технологияларға, жоғары мәдениетке есігі ашық қоғамды жақтаймыз.

Бірақ біз әлі бұл үлкен жолдың басында ғана тұрмыз, оны толық сеніммен социалистік жол деп атаймыз, өйткені бұған дейін социализмнің шынайы мұраттары казармалық, бөліп таратушылық қатынастармен шатастырылып келді ғой. Біз алдағы уақытта заң шығарушылық та, атқарушылық та, тәртіпті нығайтушылық та, ағартушылық та бағыттарда қыруар жұмыс тындыруымыз керек. Біздің борышымыз – адамдарға жаңа экономикалық қатынастарға көшу кезінде кездесетін қиындықтарды жеңуге көмектесу, әр адамның өз қадір-қасиетін білуін, істеген ісіне, әрбір әрекетіне жауапкершілік сезімін ояту.

Біз күрделі де қиын демократия мектебінен өтуіміз керек, өйткені бұрыннан бойға сіңген әдет бойынша кейде шынайы еркіндік пен демократияны ойға не келсе соны істеу деп қабылдаймыз, өз пікірімізді ғана әспеттейміз, ал құқық тәртібін өктемдікке саямыз.

Осы айтылғанның бәрін жүзеге асыру үшін қазір бізге ұлтаралық татулық, азаматтық келісім мен тыныштық қажет – таяуда республикадағы барлық қоғамдық-саяси күштердің өкілдері осындай байламға келді. Біз республиканың күрделі тарихи кезеңдерде қалыптасқан аумақтық тұтастығына – егемендігіміздің негізіне қол сұғушылардың қай-қайсысына да батыл тойтарыс береміз.

Мен республиканың жарқын болашағына, булыққан күшіміз бен іске қосылмаған мүмкіндіктеріміз әлі мол екеніне кәміл сенемін. Қазақстандықтардың отаншылдығы мен жасампаздық қуатына сенемін.

Қымбатты отандастарым! Сіздердің барлығыңызды үлкен мереке – Республика күнімен шын жүректен құттықтап, қазақстандықтар уақыт биігінен көрініп,

республиканың гүлденуі мен жалпыұлттық татулықты сақтау үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды деп сенім білдіруіме рұқсат етіңіздер.

Бейбітшілік пен бақыт тілеймін, қадірлі достар! Әр ошақта, әр шаңырақта қызық пен қуаныш мол болсын!

Қазақ КСР мен Қазақстан Компартиясының  
70 жылдығына арналған Қазақ КСР Жоғарғы  
Кеңесі, Қазақстан Компартиясы Орталық  
Комитеті мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің  
бірлескен отырысында «Тарих тағылымы.  
Болашақты бағдарлау» атты

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,  
1990 жылғы 12 қазан

### Жолдастар!

Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы мен  
Қазақстан Коммунистік партиясына 70 жыл толып  
отыр.

Әдеттегі өлшем бойынша бір ұрпақтың өміріне  
тең келер уақыттың осы бір бөлігі қазақ халқының сан  
ғасырлық тарихынан ерекше орын алады. Бұл жыл-  
дарда атқарылған істер баға жеткізгісіз. Республика  
мешеу, отарлық өлкеден экономикалық, ғылыми

және мәдени әлеуеті дамыған аймаққа айналды. Бірақ халықтың осы аршынды қадамы үшін төлеген құны да өлшеусіз қымбат болып шықты.

Бұл мерейтойды атап өте отырып, біз өткен жолды, Лениннің сөзімен айтқанда, «теориялық шындық тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ практикалық жағынан да» бағалауға, оны салмақтап және объективті түрде ой елегінен өткізуге тиіспіз.

70 жылдыққа әзірлік барысында кейбір жолдастардың қазіргі қиын кезеңде мерекелі даталарды атап өтудің қажеті бола қояр ма екен деген күдік білдіргенін жасырмаймын. Базбіреулер бұл мерекені біздің зердемізден мүлдем шығарып тастауымыз керек, өйткені ол әкімшіл-әміршіл жүйенің, тоталитарлық мемлекеттіктің салтанат құруын бейнелейді және халыққа мүлдем жат дейтін сөздер де айтты. Әрине, пікір алуандығы мен жариялылық жағдайында кез келген ой айтылуға тиіс. Алайда мынаны ескерткім келіп еді: тарих дегеніміз – халықтың өмірі, ол қандай болса да, оны біз енді қайтадан жаза алмаймыз. Оның жақсылығын да, кемшілігін де шынайы бағалау керек. Сондықтан бір сәттік, көбінесе бақай есептік оймен «тегін білмейтін құлға» ұқсап, өзіңнің өткеніңді ұмытудың, халық зердесінің қайнар бұлағын таптап тастаудың ешбір жөні жоқ. Оның үстіне, біздің алдымыздағы ұрпақтардың өмірін жаппай қателікке саю, біздің бүгінгіміз бен болашағымыз жолында тындырған олардың ұлы еңбегі үшін перзенттік алғыс айтудан бас тартуымыз мүлдем әділетсіздік болар еді.

Бұл күндері біз барлық одақтас республикалардан, Кеңес Одағының түпкір-түпкіріндегі еңбек ұжымдары

мен тұрғындарынан көптеген құттықтаулар алудамыз. Интернационалдық туысқандықтың ыстық сезіміне, шынайы адамзаттық туыстыққа толы бұл құттықтаулар бізге өте қымбат. Жаңа, жаңарған қоғам зор еңбекпен және азаппен келіп жатқан біздің үлесімізге тиіп отырған осынау қиын уақытта біз партия, соғыс және еңбек ардагерлеріне, барлық қазақстандықтарға жолданған игі тілектерді ерекше алғыс сезіммен қабылдаймыз.

КСРО Президенті М. С. Горбачевтің Қазақстан коммунистері мен еңбекшілерін құттықтауы және республикамызда Кеңес өкіметін орнату мен нығайтуға белсене қатысушылардың бір тобын КСРО ордендерімен наградтау туралы Жарлығы зор үндестік туғызды.

Бірақ қазіргі мерейтой қаншалық ауқымды және маңызды болғанымен, біз оны бұрынғы сән-салтанатсыз атап өтіп отырмыз. Мұндай көзқарас дұрыс деп ойлаймын. Республика ірі-ірі саяси және экономикалық өзгерістер табалдырығында тұр. Бізде шешімін таппаған проблемалар, әлсіз буындар көп. Мұндай жағдайда ең дұрысы – алдағы жұмысқа ден қою, өткеннің тағылымдары негізінде республиканың болашағына көз жүгірту, оның перспективаларын, біздің бұдан былайғы дамуымыздың саяси бағытын анықтау.

1920 жылғы қазанда Қазақстан Кеңестерінің құрылтай съезі Қазақ КСР еңбекшілері құқықтарының декларациясын қабылдады. Бұл оқиға біздің мемлекетіміздің негізін қалап берді, ол революциялық үдерістермен, Кеңес өкіметінің орнауымен ажырағысыз байланысты орнықты. Қазақ халқы терезесі тең халық атанудың тарихи құқығына ие болып, оны қиын саяси және әлеуметтік күресте жеңіп алды.

Арада жетпіс жыл өткеннен кейін біздің былай деп айтуға толық хақымыз бар: халықтың таңдап алған жолы, дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекет шеңберінде Қазақ республикасының құрылуы Қазақстанды саяси, экономикалық және әлеуметтік жағынан қайта құрудың сара бағытын белгілеп берді. Бүкіл еліміз сияқты республика халқының үлесіне тиген барлық тар жол, тайғақ кешуге қарамастан, біз өлкемізді өркендетудің іргетасын қалаған, өз тағдырын Қазан мұраттарын жүзеге асырумен байланыстырған адамдарға бүгін ризашылық сезімімізді білдіреміз. Бірақ социализмнің алғаш жол салушыларына, олардың әділеттілікке, жарқын болашаққа деген қасиетті сеніміне құрмет білдіре отырып, біз кеңес адамдарының барлық ұрпақтарының мойнына ауыр жүк болған, коммунистік идеяның адамгершілік, ізгілікті мән-мағынасын бұрмалаған, бізді терең экономикалық және идеологиялық тұйыққа тіреген қайғылы қателіктерге, теріс шешімдерге көз жұмып қарай алмаймыз. Ал бұл арада қайшылықтар жоқ, өйткені диалектикалық көзқарас қана қоғамдық даму үдерістерін объективті түрде ой елегінен өткізуді қамтамасыз ете алады.

Дәуірлік датаға – жұмысшылардың, шаруалардың, жас қазақ интеллигенциясының өкілдері, өлкенің қоғамдық ұйымдары мен барлық ұлттарының аманаткерлері «қоғамның социалистік ұйымын орнатуға» бір кісідей дауыс берген 1920 жылғы қазанның 6-сына ойша оралып, сол күні біздің республикамыз үшін капитализм немесе социализм деген басты әлеуметтік таңдаудың іс жүзінде шешілгенін мойындамасқа болмайды. Және де қазақ халқының ұлттық мемлекеттілігін құру әуел бастан өлкенің барлық ұлттары еңбекшілерінің тығыз

бірлікте болуын көздеді. Қазақ халқы өзінің екі бірдей езгіден – патша самодержавиесінің және өз феодалдары мен байларының езгісінен азат етілуін Қазан революциясымен байланыстырды.

Кеңес өкіметінің алғашқы қадамдарынан бұқараны революцияға алып келген ұрандар жүзеге асырыла бастады – жер шаруаларға, фабрикалар мен зауыттар – жұмысшылардың бақылауына берілді, сословиелік және ұлттық артықшылықтар жойылды, халықтардың өзін-өзі билеу принципі негізінде жаңа мемлекеттік құрылыс жүргізіле бастады.

Бүгінде 1920 жылы негізі қаланған мемлекеттік принциптеріне күмән келтіру әрекеттері жасалуда. Осыған байланысты мынаны айтқым келеді: қай заманда болсын қоғам әрқашан кері шегінбей, ілгері жылжу жағына қарай таңдау жасап келді. Біз есімдерін бүгін ризашылықпен еске алып отырған Қазақстандағы революциялық өзгерістерді ұйымдастырушылардың істері мен ой-армандары нақ әлеуметтік прогреске бағытталған болатын. Олар – Т. Рысқұлов, П. Кобозев, Ә. Жангелдин, Ә. Әйтиев, С. Сейфуллин, М. Фрунзе, Ә. Майкөтов, В. Куйбышев, Т. Бокин, И. Ружейников, Н. Ералин, П. Виноградов, А. Кочаровская, жүздеген және мыңдаған басқа да қайраткерлер.

Кеңестік құрылыстың жеңісі, барлық қазақ жерлерін біріктірген ұлттық социалистік мемлекеттіктің нығаюы бұқараның бұрын-соңды болып көрмеген шығармашылық белсенділігін туғызды. Жаңа экономикалық саясат меншіктің әртүрлі сипаттарына өріс ашты, еркін шаруашылық бәсекесін туғызды, қиын азық-түлік проблемасын ойдағыдай шешуге мүмкіндік берді, рынокты қажетті бұйымдармен толтырды. Өлкені жаңартуға



қазақ интеллигенциясы атсалысып, жаңа кадрлар өсіп, қалыптасты. Мектептер, техникумдар, жоғары оқу орындары, клубтар, театрлар ашылды. Кооперацияның дамуына серпін берген жер реформасы жүргізілді. Шаруалар кооперативтерге кіріп, қосшы және жарлы одақтарына бірікті. Шаруашылықтардың бір бөлігінің ұжымдық шаруашылықтар қатарына: мойынсеріктерге, артельдерге, коммуналарға, ұжымшарларға көшуі үрдісі де байқалды. Сөйтіп, ауыл мен селоны түбірімен қайта құрудың әлеуметтік базасы бірте-бірте нығайтыла бастады. Сол кезеңде тауар-ақша қатынастары көтермеленді, меншіктің сан алуан түрі орнықты, әлеуметтік-саяси институттар демократияландырылды, социалистік нарық қалыптасты. Басқаша айтқанда, сол кезеңдегі қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық жағдайына неғұрлым толық сай келетін социализм үлгісі құрылып жатты.

Алайда, 1920-шы жылдардың екінші жартысынан бастап, социалистік дамудың табиғи және жарасымды барысы үзілді. Волюнтаристік шешімдердің, саясаттағы, қоғамдық және партиялық өмірдегі өрескел ағаттықтардың, басқарудың әкімшіл-әміршіл әдістерінің, жеке адамға табынушылықтың халыққа қарсы ауыр қылмысқа ұласқан аса келеңсіз, сыйықсыз көріністерінің кезеңі басталды.

В. И. Лениннің қайтыс болуына байланысты қабырғаны қайыстырған қайғы-қасірет сейілмей жатып-ақ, партияда Сталиннің, Троцкийдің, Зиновьевтің жеке бақталастығымен ушыққан идеялық-саяси күрес күрт шиеленісіп кетті. Партия ұйымдарында тазарту, лениндік шыңдалудан өткен коммунистерді қудалау басталды. Іс жүзінде партия бұқарасының билігін нысаналы түрде

жою жүзеге асырылып, партиялық ішкі демократияны тұқырту үдерісі толық қарқынмен жүріп жатты. БК(б)П қатарында партиялық конформист-функционалдерлер жігі пайда болды, олардың бүкіл бағалы қасиеті «халықтар көсеміне» жеке басының адалдығында еді. 1925 жылғы қыркүйектен 1933 жылғы қаңтарға дейін БК(б)П Қазақ өлкелік комитетін басқарған Голощекин осындай функционалдердің бірі болатын.

«Қазан дауылын қазақ ауылына жеткізуге» шақырған адам баласына өшпенді ұранның авторы әрі оның орындаушысы да нақ сол болды, ал мұның өзі қазақ халқы үшін нағыз қайғы-қасіретке айналды. Егер 1926 жылғы Бүкілодақтық санақтың мәліметтері бойынша республикада қазақ халқының саны тіпті шамалап алынған деректердің өзімен 3 млн 628 мың адам болса, 1939 жылғы санақ бойынша ол 2 млн-ға әзер жетті. Тек аштықтың өзі талай жүздеген мың адамның өмірін қиды. Қазақстаннан сырт жерлерге 1,5 млн адам көшіп кетті, оның ішінде 400 мыңға жуығы қайтып оралған жоқ.

Республикада ұжымдастыруды жедел жүргізу үшін теориялық негіз де, экономикалық жағдай да болған жоқ. Дәрекі әкімшілдік, жергілікті кадрлардың бір бөлігінің жеке бастың пайдасы үшін таптық күресті ушықтыруға, онсыз да нақты емес «халықты жедел отырықшыландыру» қарқынын ширықтыруға тырысуы жағдайды шиеленістіре түсті. Ал В. И. Ленин РК(б)П-ның VIII съезінде сөйлеген сөзінде шығыс халықтарына таптық тайталасты Ресей орталығының үлгісі бойынша таңуға ешбір болмайтынын кейбір тағатсыз солшылдарға түсіндірген болатын. «Біз осы халықтарға барып: «Біз сіздердің қанаушыларыңызды

лақтырып тастаймыз!» – деп айта аламыз ба? Біз мұны істей алмаймыз... Бұл арада осы ұлттың дамып-жетілуін күтуіміз керек...» Алайда әсіре революционерлер күткісі келмеді.

Қоғамдық дамудың әлеуметтік астарларын бұлайша елемеу индустрияландыру майданында да болды. Сөз жоқ, біз нақ сол кезеңде Қазақстанда үшінші көмір-металлургия базасы – Қарағандының құрылғанын, Балқаш комбинатының корпустары бой көтергенін, қазақстандық Алтайдың кеніштері мен зауыттары қуат ала бастағанын есептен шығарып тастай алмаймыз. Бірақ өнеркәсіптің дамуы негізінен орталық мұқтаж болып отырған бағытта жүрді. Республиканың индустриялық инфрақұрылымында бүгінгі күнге дейін шикізат өндіруші салалар басым. Соның салдарынан өлкеде индустрия ошақтары дейтіндерді жасау мен әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы арасында орасан үлкен сәйкессіздік қалыптасты, мұның өзі қазір де барынша теріс ықпал егіп келеді. Өйткені орталық ведомстволардың республика халқының әлеуметтік қажеттеріне деген немқұрайлы көзқарасы бүгінгі күні де сақталып отыр.

1930–1940-шы жылдары мектеп жасындағы барлық балалар партаға отырғанын, ересек халықтың арасында сауатсыздық жойылғанын әділдік үшін айту керек болса да, мәдени революция барысында көптеген жөнсіздіктерге жол берілді. Кеше ғана қоғамдық-мәдени өмірдің ең төменгі сатысында тұрған миллиондаған адамдар әлеуметтік шығармашылық аясына тартылды. Бірақ мәселенің екінші жағы да болды, оны да айту қажет. Мәдени революцияның идеологиялық бағыты материалдық мәдениет саласын біріздендіруге, адамдардың өмір салтын, психологиясы мен ойлау жүйесін, шығар-

машылық қызметтің барынша әртүрлі бағыттарының бастау алар қағидаттарын бір қалыпқа салуға ықпал етті. Қатал қолмен жүргізілген ол халықтың тарихи зердесіздігіне, ғасырлар бойы жасалған тарихи-мәдени мұраның жойылуына апарып соқтырды.

Қазақ халқы соғыстың алдындағы 12 жыл ішінде жазба мәдениетінің екі реформасын бастан кешірді. Алдымен 1928–1930 жылдары латын алфавиті енгізіліп, ол сан ғасырлық дәстүрі бар араб графикасы негізінде аса көрнекті тілші-ғалым А. Байтұрсынов жасаған алфавитті ауыстырды, одан кейін 1940 жылы жазу кириллицаға көшірілді. Әртүрлі деңгейдегі партия және кеңес органдарының көптеген қаулылары мен шешімдері шығармашылық одақтардың, мектептердің, оқу орындарының, ғылыми мекемелердің қызметін қатаң тәпшіштеп отырды. БК(б)П Орталық Комитетінің «Әдеби-көркем ұйымдарды қайта құру туралы» өзек өртерлік белгілі қаулысы (1932 жылғы сәуір), Қазақстан Компартиясы I съезінің республикадағы діни көріністерге қарсы күрес туралы қаулысы (1937 жыл) және тағы басқалар осылай пайда болды. Олар қоғамның мәдени және саяси өмірінің әртүрлі салаларында, ғылым мен мәдениеттің жекелеген қайраткерлерінің тағдырында қасіретті рөл атқарды.

Еш жазығы жоқ көптеген адамдардың өмірі нақ осы кезде қайғылы жағдайда үзілді. Олардың арасында қазақ мәдениетінің дамуындағы ірі табыстар өздерінің есімдеріне байланысты Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Павел Васильев, Бейімбет Майлин, Ахмет Байтұрсынов, Шәкәрім Құдайбердиев, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов сияқты Қазақстан ғылымы мен мәдениетінің аса көрнекті қайраткерлері болды.

1930-шы жылдары республиканың қоғамдық өмірі мен экономикалық дамуының барлық жақтарын қамтыған бұрмалау үдерістері Қазақстан Компартиясына да барынша жайсыз ықпал етті. Сталин мен оның жандайшаптарының партияны сілтегені қияс кетпейтін «семсершілер тобына» айналдыру ниеті оның сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйеге байланып қана қоймай, оған негізгі буын ретінде тастай бекіп орнығып қалуына апарып соқтырды.

1936–1937 жылдары ғана Қазақстан коммунистерінің тең жартысы партиядан шығарылды және де олардың арасында «халық жаулары» ретіндегі 9 мыңдай адам, яки барлық коммунистердің 17 %, әртүрлі ұлттардың өкілдері болды. 1938 жылы 11 облыстық партия комитетінің 10-ы талқандауға ұшырады. Бұл деректерді біз сталиншілдіктің қылмыстары үшін бүкіл партияны айыптап, оны жаппай райдан қайтуға шақырушылар үшін де келтіріп отырмыз. Бүгінде біз 1930-шы жылдардағы және 1940-шы жылдардың бас кезіндегі жаппай жазалаулар кезеңінде 40 мыңға жуық адам – республиканың көрнекті партия және мемлекет қайраткерлері, интеллигенция өкілдері, коммунистер мен партияда жоқтар зардап шеккенін білеміз.

Сталиндік зұлмат социализм ісіне өлшеусіз зиян келтірді, еңбекшілердің партияға деген сенімін қатты шайқалтты. Қызыл армияның қуаты әбден әлсіреді, экономикада терең құлдырау байқалды, адамдар арасында ақылға сыймайтын үрей мен күдікшілдік ахуалы қалыптасты.

Қазір Қазақстанда заңсыздық пен зорлық-зомбылық құрбандарын ақтау жөнінде шаралар қолданылды. Республика тарихындағы «ақтаңдақтарды» жою, жеке

басқа табыну құрбандарын мәңгі есте қалдыру жөніндегі жұмыс одан әрі жүргізілуде. Сол өткенді еске алу бізді тарихымыздың басқа кезеңдерін де, атап айтқанда, қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы кезіндегі сұрапыл сыннан өткен жылдарын басқаша бағалауға мәжбүр етеді. 1 млн 870 мың адам, яки республиканың әрбір төртінші тұрғыны кеңес Қарулы Күштері мен еңбек армиясының қатарында болды. Қазақстанның партия және комсомол ұйымдары құрамының үштен екісі майдандарда шайқасты, жүздеген мың адам ерлікпен қаза тапты.

Соғыс жылдарында республикаға еліміздің еуропалық бөлігінен көптеген кәсіпорындар, жабдықтар, материалдық және мәдени игіліктер көшірілді. Ол жүздеген мың эвакуацияланған адамдарды, сталиншілдік жылдары заңсыз қоныс аударылған тұтас халықтарды: кеңес немістерін, қарашайларды, қалмақтарды, шешендерді, ингуштерді, балқарларды, месхеттік түріктерді – жалпы саны 2 млн-дай адамды қабылдады.

Тылда да адамдардың титығына жеткен майдандағыдай шайқас жүріп жатты. Ақыр соңында жеңістің шын құны бізге енді ғана белгілі болып отыр. Арада 45 бейбіт жыл өткеннен кейін де соғыстың ауыр жаралары әлі жазылмай келеді. Сол бір жантүршігерлік уақыттың қайғы-қасіретін біз күні бүгінге дейін сезініп келеміз, қазақ жері өзінің аясына алған халықтар жоғалтқан отанын әлі тапқан жоқ. Бірақ Ұлы Отан соғысы біздің есімізде қайғысымен және қатыгездігімен ғана қалған жоқ. Кеңес адамдарын жауға қарсылық көрсетуге топтастырған ұйытқы күш нақ лениндік партия болғанын, фашизммен бүкілхалықтық күрестің алдыңғы шебінде нақ коммунистер жүргенін ұмытуға біздің хақымыз

жоқ. Сол қиын-қыстау кезең біздің интернационалдық бірлігімізді, кеңестік ынтымақтың құрыштай берік күшін көз жеткізе паш етті. Ал бұл шындықты бізден ешкім тартып ала алмайды.

Елуінші жылдар біздің қазақстандықтардың жадында тың жерлерді игеру жылдары ретінде қалды, ол республиканы сапалық жағынан жаңа экономикалық және әлеуметтік деңгейге шығарды. Еліміздің астық, азық-түлік балансындағы Қазақстанның рөлі өлшеусіз артты. Алайда тың игерудің нәтижелері тіпті де бір мәнде емес. Барлық оң нәтижелеріне қарамастан, бұл акцияның жеткілікті дәрежеде әзірленбегенін, көбінесе волонтаристік сипатта болғанын, республиканың ұлттық ерекшелігін ескермегенін мойындау керек. Ол ол ма, дәстүрлі мал шаруашылығына зиян келтіре отырып, ұлан-байтақ жерді жыртқанда, астық проблемасын шешудің экстенсивті жолы үстем болды, тек қазір ғана біз жерлердің бір бөлігін жайылымдық мақсат үшін қайтара алдық. Қисапсыз көп адамдарды Қазақстанға көшіру жөніндегі ұланғайыр науқан бастапқыда рухани, адамгершілік тұрғыдан алғанда нұқсанды болатын. Тұңғыш тың игерушілерге көп ретте сендер жабайы және құлазыған аудандарға бара жатырсыңдар деген бағдар берілді. Мұндай көзқарас кезінде қазақ халқының дәстүріне, әдет-ғұрпына, мәдениетіне, тарихи ескерткіштеріне оң қабақ танытылуын күту қиын еді. Жергілікті жерлерде оқу қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің саны күрт қысқарып, ұлттық әдебиет пен мерзімдік баспасөздің таралымы азайып кетті. Нақ сол кезде тілдік және демографиялық проблемалар шиеленісе бастады.

Әкімшіл-әміршіл жүйе біздің қоғамды 1960-шы жылдардың аяғында өмірдің барлық салаларында дерлік қатал тоқырауға ұшыратты. Еліміздің және республиканың партия және кеңес ұйымдарының практикалық қызметінде формализм, сөз бен істің алшақтығы үстем болып, төрешілдік, билікті теріс пайдалану, принципсіздік пен шенге бас июшілік күшейіп кетті.

Социализмге жат осынау құбылыстар экономикаға, мәдениетке, қоғамның ілгері дамуына кесірін тигізді. Ең жаманы – рухани-адамгершілік ауытқушылық әлеуметтік әділеттілік принципіне нұқсан келтірді, ал бұл өз кезегінде адамдардың бұрынғы мұраттардан түңілуін, өмірге деген немқұрайдылығы мен енжарлығын туғызды.

Халық шаруашылығындағы тоқырау құбылыстары әміршіл-төрешіл жүйенің өндіргіш күштерді жоспарлау мен орналастырудағы қарама-қайшылығы мен кемшіліктерін ашып берді. Қазақстан еліміздің шикізат шылауына айналды, мұнда табиғат ресурстарын жыртқыштықпен пайдалану барған сайын күшті сезілді, баяу әрекет ететін экологиялық «миналар» қойылды. Соның салдарынан бір кездегі жүздеген мың гектар құнарлы жер құлазып, сортаңданды, оның үстіне Қазақстан егінжайы топырағының құнарлы қабаты 15–20 %-ға кеміп кетті. Арал теңізі қасіретке тап болды. Республиканың ұлан-байтақ аумағы халықтың келісімінсіз ядролық және тағы басқа әскери полигондарға бөліп берілді.

Халық шаруашылығының салалық құрылымы сыйықсыз кейіпке ие болды. Мысалы, Орта машина жасау министрлігі, Қара металлургия министрлігі, Түсті металлургия министрлігі, Энергетика және электрлен-



діру министрлігі, Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, осылар сияқты тағы-тағылар экономиканың шын алпауыттары пайда болды. Мемлекеттік жоспарлау комитетімен, Материалдық-техникалық жабдықтау бас басқармасымен және басқа монополистермен бірге 100-ден астам министрлік қай жерде және қашан тұқым себу, жер жырту, егін жинау, нені тасып, нені балқыту керек екенін және т. б. белгілеп отырды. Барлық қаржының үштен бір бөлігінен астамы өндіруші салаларға жұмсалды, «А» тобы өнімінің үлесі индустриялық өндірістің бүкіл көлемінің төрттен үш бөлігіне жетті. Ал халыққа қажет бұйымдардың 60 % республикадан тыс жерлерден тасып әкелінді. Дамыған елдердің бірде-біреуінде экономиканың мұншалық бұрмаланған, отарлық құрылымы жоқ.

Идеологиялық тоталитаризм мен қаржыландырудың атышулы «қалдықтық» принципі ғылым мен мәдениеттің дамуына қатерлі ықпал етті. Қоғамдық ғылымдар, соның ішінде тарих ресми саясаттың «құлақ кесті құлына» айналды, ал мәдениет ұлттық тамыр мен байланысынан айрылып, кескінсіз әрі сүреңсіз бола түсті. Марксизм-ленинизм классиктерінің идеяларын догмалық тұрғыдан түсіндіру тұтас халықтардың ассимиляцияға ұшырауына, тіл мен дәстүрлерін жоғалтуына апарып соқты. Бұл Қазақстанды да шарпыды.

Сол кезде барлық билік құрылымдарын, соның ішінде партиялық құрылымдарды да түп-тура езіп-жаныптаған орталық ведомстволардың ерекше күшейген өктемдігі туралы айтпасақ, тоқырау кезеңінің сипаттамасы толық болмай шығады. Іс жүзінде КОКП өзі өмірге әкелген әміршіл-төрешіл жүйенің аманатына айналды, бұл жүйе өз кезегінде елдің, республиканың

бірінші басшыларын және тағы басқаларды өлшеусіз асқақтатуға мүдделі болды. Сөйтіп, барлық жерде жоғарыдан тағайындалатын, жұрт табынатын үлкенді-кішілі жергілікті көсемдер пайда болды, ал орталық өзінің өктемдік шеңгелін «Мәскеуден бастап шалғай аймақтарға дейін» батыра берді.

Бұл жүйе бүкіл елде қалыптасты, ол орталықтың өзін Қазақстанда да толық билік жүргізетін қожайын ретінде сезінуіне мүмкіндік берді, сын үшін жабық аймақтар, орталық «өзімдікі» деп санаған жергілікті басшылардың кез келген әрекеті мен қылығы күнәсіз саналып, жазаланбайтын жағдай туғызды. Халық іс жүзінде басшыларды таңдауға ықпал ете алмады, ал өкіметтің өкілетті органдарының заты емес, аты ғана болатын. Іс жүзінде өмірдің барлық салаларына басшылық жасап отырған республика Компартиясының Орталық Комитеті Мәскеудің бұйрықтарын екі етпей және сөзсіз орындаумен болды, сөйтіп, ол жергілікті жерлердегі партия ұйымдарынан да соны талап етті. Миллиондаған гектар жайылымдарды жырту керек – құлдық, астықты бір дәнін қалдырмай сыпырып алу керек – құп болады! Орындалған әрбір «тапсырмаға» жеңілдіктер мен марапаттар жұлдыз болып жауса, халықтың қажетіне қарайтын жай бар ма, ал бірақ елдің тұрмысы барған сайын төмендей берді.

Қазіргі дағдарысты жағдайдың негіздері нақ сол жылдары қалыптасқан болатын. 2,6 млн-дай адам немесе Қазақстан тұрғындарының іс жүзінде әрбір алтыншысы ресми түрде белгіленген өмір сүруге қажетті ең төменгі дәрежеден де нашар тұратынын айтсақ та жеткілікті. Бізді басқа республикалармен салыстыруға әсте де болмайды. Мысалы, мұндай аз

табыс табатындар Балтық маңында халықтың 4 %-ы ғана, ал Белоруссияда, РКФСР-да, Украинада 5 %-дан 8 %-ға дейін-ақ. Республикамыздың селоларында, әсіресе, негізінен жергілікті халық тұратын шалғайдағы және халық аз қоныстанған мекендерде өмір сүру жағдайы ешқандай салыстыруға келмейді. Бірақ демократия мен жариялылық келмей тұрып, бұл туралы тіпті ауыз ашуға да болмайтын.

Адамгершілік және саяси азғындау үдерісі бізді ғана қозғап қойған жоқ, ол барлық одақтас республикаларға және ең алдымен Ресейге қатты тиді. Мәскеу ведомстволары өктемдігінің Ресейге және тоқыраудың зардабын басқалардан көп болмаса аз тартпаған орыс халқына еш қатысы жоқ екенін тағы да атап көрсету керек. Әкімшіл-әміршіл жүйенің мадақтаушылары мен жоғын жоқтаушыларға бүкіл еліміздің қарсы көтерілгені тегін емес.

Бүгін біз социализм жөніндегі өз көзқарасымызды түбірінен өзгертуге шақырған лениндік үндеудің бүкіл терең мәнін түсіндік. Еліміз өз дамуының жаңа кезеңіне қадам басты. Оған күні өткен саяси және экономикалық құрылымдарды, идеологиялық жорамалдарды үзілді-кесілді теріске шығару, бұқараның нәрлі шығармашылығына еркіндік беру, халықтың рухани өмірін қалпына келтіру тән. Оның тарихи, практикалық және болжамдық мәнмәтіндері әдеттен тыс терең және ауқымды. Қайта құру Ұлы Қазан революциясының тікелей жалғасы екенін мәлімдеп, біз сол арқылы қоғамдық дамуымыздың сабақтастығын, жаңа құрылыстың негіз қалаушы мұраттарына – ізгілікке, халықтардың теңдігіне, достығы мен туысқандығына адалдықты қуаттап отырмыз.

Алайда тарихи күрт бетбұрыстар оңайға түсіп отырған жоқ. Қайта құру үдерісі Қазақстанда, еліміздің басқа да аймақтарындағыдай, объективті, сондай-ақ субъективті сипаттағы көптеген қиыншылықтар мен бөгеттерге тап болды. Жаңару өздеріне ұнамай отырғандар өте қуатты қарсылық көрсетті және одан әрі көрсетуде. Ескіше ойлау мен жаңаша ойлау жүйесі қақтығысының, өткір күресінің жарқын мысалы Алматыдағы 1986 жылғы желтоқсандағы белгілі оқиғалар болды. Алаңға шыққан жастар әміршіл-әкімшіл жүйенің сыннан өткен әдістеріне деген жалпыхалықтық наразылықты білдірді, ол жүйе, бұрынғы кездегідей, республика халқы мен қалың партия бұқарасының пікірін мүлдем елемей отырғанын көрсетті.

Бүкіл қазақ халқына тағылған ұлтшыл деген асығыс әрі беталды айыптаулардың жөнсіз екенін өмірдің өзі дәлелдеді. КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының бұрынғы қате бағалардың күшін жою туралы шешімін біз әділетті қалпына келтіру, қайта құру күштерінің ауыр, бірақ әбден қисынды жеңісі деп қабылдап отырмыз. Қазіргі саяси жағдай біздің өмірімізді қайта құру бағытының дұрыс таңдап алынғанын тағы да қуаттай түсуде.

Кездескен барлық қиыншылықтарға, жол берілген қателіктерге қарамастан, қайта құру жылдарында біз өткен кездің үйінділерін тазарту жөнінде орасан зор жұмыс жүргізгенімізді ескеруіміз керек. Қоғамда демократияландыру мен жариялылық жағдайы орнықты, адамдар өз қадір-қасиетін сезіне бастады. Халықтық билік идеялары барған сайын мол мазмұнмен толыға түсуде, халық депутаттарды, басшыларды өз ой-ниетін емін-еркін білдіре отырып сайлауда. Экономикада, көп

жағынан алғанда әлі де жеткіліксіз болғанымен, бірақ нақты өзгерістер болып жатыр. Республика дербестікке бірте-бірте қадам басып, өзінің сыртқы экономикалық байланыстарын нығайтып келеді. КОКП-да партиялық ішкі өмірді демократияландыру, партия бұқарасы билігінің басымдығын орнату жағына қарай үлкен өзгерістер болып жатыр. Осының бәрі – қайта құрудың нақты жемістері.

Қоғам мен партиядағы түбегейлі өзгерістердің қажет екені түсініліп, ол республика коммунистерінің «Қазақстан Компартиясын жаңғыртуға және республиканың жаңа федерациядағы егемендігіне қадам» деп аталған, XVII съезд мақұлдаған Тұғырнамасында іске асты. Оның қағидалары мен мақсаттары қазақстандықтарға белгілі. Сондықтан ең бастысына тоқталып өтейін.

Халық шаруашылығын құрылымдық жағынан қайта құру, ғылыми-техникалық прогресті жеделдете, жалпыодақтық және халықаралық еңбек бөлісі мен кооперациясына кеңінен қатыса отырып, нарық қатынастарына көшу әлеуметтік-экономикалық даму проблемаларын шешудің негізі болуға тиіс деп есептейміз. Мұның өзі республика тап болып отырған бейшара экономикалық жағдайдан арылуға, жоғары дамыған сан-салалы халық шаруашылығын қалыптастыруға көмектеседі.

Үстіміздегі бесжылдықта экономикалық тұрғыдан кейбір оң үрдістер байқалғанын айту керек.

Экономика әлі баяу болса да, адамдардың мұң-мұқтажына батыл бет бұра бастады.

Инвестициялық саясатта да әлеуметтік саланы дамыту жағына қарай өзгерістер болып жатыр. Респу-

бликаның халық шаруашылығына бөлінетін мемлекеттік күрделі қаржы жалпы алғанда шамамен үштің біріндей ұлғайса, оның тұрғын үй құрылысына жұмсалған көлемі 1,5 есе, мәдени-ағарту мекемелеріне жұмсалған көлемі екі есе ұлғайды. Сіздер биыл бірінші тоқсанда тұрғын үй жөніндегі бесжылдық жоспар орындалғанын білесіздер.

Ауылда да елеулі өзгерістер болып жатыр. Жеке қожалықтарды дамытуға бағыт алып, біз еңбекшілер дастарқанына түсетін елеулі үстемеге қол жеткіздік. Өткен бесжылдықтың орташа жылдық деңгейімен салыстырғанда, ет өндіру 285 мың тоннадан астам, сүт 650 мың тонна артқанын еске салып өтейін. Сонымен бірге, үстеменің үштен бірі жеке секторды жедел дамыту есебінен ғана алынды. Кеңінен дамып келе жатқан бау-бақша өсіру ісі адамдарды азық-түлікпен қамтамасыз етуде үлкен қолғабысқа айналды.

Биылғы ауылшаруашылық жылының қорытындылары жайында ерекше айтқым келеді. Масақты дақылдарды ору әлі жүріп жатыр, бірақ қазірдің өзінде 31 млн тонна астық жиналды, бұл – Қазақстан үшін болып көрмеген көрсеткіш. Сонымен бірге, 2,4 млн тонна картоп, 1,4 млн тонна көкөніс дайындалды, мұның өзі республика халқының сұранысын толық қанағаттандырады. Және де бүкіл осы аса мол өнім айтарлықтай тыныш жағдайда, асып-саспай және бір кездегі күйгелектікке салынатын ахуалсыз, «жоғары жақтың» тиісті нұсқауларынсыз жинап алынды.

Қиын міндетті ойдағыдай орындап шығуда бізге көмектескен не? Біріншіден, біздің диқандарымыздың асқан жауапкершілігі, олар ғажап өнімді сақтап қалу үшін күш-жігерін аяп қалған жоқ. Оларға тағзым етіп,

барлық қазақстандықтардың атынан шын жүректен алғыс айтамыз!

Республикада шаруашылықты жүргізудің барған сайын алуан түрлі сипат алып отыруы да өнім жинауды нәтижелі өткізуде маңызды рөл атқарды. Кооперативтік, жалгерлік, фермерлік шаруашылықтар, яғни шаруа өзінің іс-әрекетінде еркіндік алған, өз еңбегі нәтижелерінің қожайыны болатын шаруашылықтар дамуда. Әлбетте, Ресей Федерациясының, Украинаның, Молдованың, Орталық Азия республикаларының механизаторларына – Қазақстанда өсірілген Отан астығын жинап алу үшін бізге қол ұшын берген жұрттың бәріне зор алғысымызды айтамыз. Өйткені біздің республика – бидайды өзінен тысқары жерлерге шығаратын еліміздегі бірден-бір республика. Біз қазір соншалық табандылықпен жолға қойып жатқан республикааралық көлбеу байланыстар нақты жемісін беруде. Егін орағы – осының айқын дәлелі.

Біз тоқырау жылдары осындай рекордты өнім жинасақ, Қазақстан төңірегінде, жолдастар, қандай жеңіс кернейлері ойналып, қандай насихаттық даурықпа көтерілер еді. Сол бір даңғаза уақыт келмесе кетті. Қазір біз үшін басты награда сол – біздің астығымыз бар. Демек, қайта құру жоспарларын ойдағыдай жүзеге асыру үшін, адамдарға нарықтық экономикаға көшудің неғұрлым тыныш жағдайын қамтамасыз ету үшін жақсы негіз бар.

Біздің диқандарымыздың еңбегіне лайықты баға бере отырып, біз, сонымен бір мезгілде, қол жеткізілген деңгейдің ділгер болып отырған қажеттіліктерді тіпті де қанағаттандырмайтынын айтуымыз керек. Бұл қазіргі экономикалық жағдайда лайықты қайтарым

бере алмай отырған бүкіл республика халық шаруашылығына қатысты. Республиканың экономикалық егемендігі принциптерін нақты іске асырып, экономикалық және әлеуметтік дамудың барлық мәселелерін дербес шешу ғана бірден-бір нақты жол болмақ.

Бұл – өзінің ауқымы жағынан зор үдеріс. Ал оның бүкіл күрделі сипаты, қарама-қайшылығы соңғы уақытта еліміздегі өткір жанжалдардан, әлеуметтік күйзелістерден айқын байқала бастады. Біз ұлттық-мемлекеттік құрылыс саласындағы өктемшіл әдістердің кеңестік федерализмнің лениндік принциптерін қалай өрескел бұрмалауға апарып соқтырғанын көрдік. Көптеген халықтардың мүдделері, республикалардың мүдделері мүлдем еленбей, бәріне де орталық ведомстволардың өктемдігі жүріп келді.

Адал сөйлеп, ашығын айтайық. Бұл өктемдік аймақтардың дамуын жай ғана тежеп қойған жоқ, оларды, бүкіл елімізді тығырыққа әкеліп тіреді. Ал тығырықтан шығар жол біреу – кері қарай жүру. Сондықтан бәрін өз орнына қою үшін біз талай ондаған жылдар бойы жүріп келген ақиқатты кері қарай оқыған жөн: республикалардың қалай өмір сүретінін орталық айқындамайды, қайта орталықтың қандай болу керек екенін, оның қандай өкілеттіктері болуға тиіс екенін республикалар айқындайды.

Әңгіме Кеңестік Социалистік Федерацияны принципті түрде жаңғырту, КСР Одағы мен республикалар өкілеттіктерінің ара жігін жіті ажырату туралы болып отыр.

Бұл арадағы біздің көзқарасымыз қандай? Одаққа кіретін және егеменді, тең құқықты социалистік мемлекеттер болып табылатын басқа республикалар сияқты,



Қазақстан да өзі ерікті түрде, шарт негізінде еліміздің орталық мемлекеттік өкімет және басқару органдарына беретін өкілеттіктерінен басқа өз аумағындағы бүкіл мемлекеттік өкімет билігін толық иемденуге тиіс. Егемен республикалардың жаңа шартына үстіміздегі жылы қол қойылады деген үміттеміз.

Біз РКФСР-мен, Украинамен, Белоруссиямен және, әсіресе, біздің Орталық Азия аймағындағы жақын көршілерімізбен қарқынды түрде көлбеу байланыстарды кеңейтуге ерекше көңіл бөлеміз. Сыртқы экономикалық қызметте дербестікке қол жеткізу де біз үшін басым бағыт болып табылады. Қорытып айтқанда, біз мұның бәрін, өз пікірімізше, республикалар мүдделерінің басымдығын баянды етуге, Одақ пен республикалар міндеттерінің аражігін жіті ажыратуға тиіс жаңа Одақтық шартқа көзқарас деп білеміз.

Бірақ Одақтық шарт – жалаң мақсат емес, ол ең маңызды мәселені – халықтың тұрмысын едәуір жақсартуды қамтамасыз етуге бағытталған. Осыны басшылыққа ала отырып, азық-түлік, жайлы тұрғын үй құрылысы, халық тұтынатын бұйымдар өндіру және халыққа ақылы қызмет көрсету, экологиялық, сондай-ақ көлік пен байланысты дамыту, денсаулық сақтаудың, халыққа білім берудің, ғылым мен мәдениеттің материалдық базасының, қала мен ауыл инфрақұрылымының артта қалуын жою бағдарламаларын әлеуметтік-экономикалық саясаттың басым бағыттары деп қараймыз.

Осыншама ірі шараларды іске асыру қыруар қаржы мен материалдық ресурстарды қажет етеді. Ал оларды тиімді жұмыс істейтін халық шаруашылығы, еңбек ұжымдарының дербестігі негізінде, яғни нарық қатынастарына көшу арқылы ғана алуға болады. Орталықтың ешқандай әрекеттері шаруашылық өміріне қатысушы-

ларды экономикалық жағынан ақталған іс-қимылға дәл нарықша, нарықтық мәжбүрлеу сияқты ынталандыруға қабілетті емес. Бұл – күрделі іс. Алғашында өндірістің құлдырауы да, тұрмыс дәрежесінің уақытша төмендеуі де, жұмыссыздық та сөзсіз болады. Осының бәрі нарық қатынастарының объективті жақтары, оған саналы түрде бару керек.

Нарыққа көшудің мәселелерін біз ойластыра, барынша салмақтай отырып шешетін боламыз. Қажетті заң актілері, монополияға қарсы шаралар, халықты, әсіресе, табысы аз топтарды әлеуметтік жағынан қорғау жүйесі іске қосылатын болады.

Республиканың экономикалық егемендігін және реттелетін нарыққа көшуді біз жаңа өндірістік қатынастардың қалыптасуымен, экономиканың басты буыны – кәсіпорынның рөлін арттырумен байланыстырып отырмыз. Өйткені одақтық орталықтың міндеттерін республикалық және аймақтық орталықтарға беріп қойып, басқа ештеңені өзгертпей қарап отырса, онда одақтық өктемдікті республикалық, жергілікті өктемдік алмастырады да, төрешілдіктің бір қабатының орнын екіншісі басады.

Сондықтан біз кәсіпорындардың экономикалық дербестігі мен жауапкершілігін арттырудан, орынды жерлерінде оларды мемлекет меншігінен алудан, орталықсыздандырудан, ықшамдаудан терең мән-мағына көріп отырмыз. Министрліктік байланыстардан көлбеу байланыстарға көшу, өзара тиімді негізде жаңа құрылымдар – қауымдастықтар, концерндер құру керек. Ұсақ кәсіпорындар құруға батылырақ бару керек, оларды, әсіресе, ауылшаруашылық өнімі өндірісінде және ғылыми-техникалық прогресс саласында көбейткен жөн.

Шаруашылық есеп кез келген өндірісте қажеттілікке айналатындай, ол оның барлық буындарын жалғастыратындай, әрі оларға өзек болатындай, адамды тиімділігі жоғары және сапалы жұмыс істеуге ынталандыратындай етуіміз өте маңызды. Мердігерлікті, жалгерлікті, шаруашылықты жүргізудің басқа да озық түрлерін сөз бен қағаз жүзінде ғана емес, іс жүзінде дамыту, барынша көтермелеп отыру керек. Тек осы жолмен ғана адамдардың қожалық сезімін қайта оятып, өз еңбегінің нәтижелеріне деген мүдделілігін арттыра аламыз.

Біз нарыққа қарай адам өмірінің лайықты жағдайларына жету үшін, жеке адамды асқақтату, шын мәнінде өркениетті қоғам орнату үшін бара жатырмыз. Еркін нарық қатынастары алдындағы үрейден арылуымыз, қалыпты, дүниежүзілік практикада жалпы жұрт қабылдаған экономика жағдайында біздің әрқайсымыз бәрін бірдей бөліп беретін сыйықсыз принциптер үстем болып отырған қоғамдағыдан әлдеқайда ауқатты әрі толымды өмір сүретін болатынымызды жұрттың дұрыс түсінуіне қол жеткізуіміз керек.

Нашар экономика адамдардың арасына от жағады деген сөз де бар. Шынында да солай. Біздің тұрмысымыздағы жұпынылық пен жоқшылық, дүкендердің бос сөрелері, ең қажет нәрсенің үнемі жетіспеуі әлеуметтік шиеленістер туғызып, оның өзі қылмыс жасаудың көбеюінен, моральдық азғындаудан, еңбек тәртібі мен қоғамдық тәртіптің төмендеуінен көрініс тауып отыр. Және ең қорқыныштысы, мұның ұлтаралық қатынастардың шиеленісуіне әкеліп соғуында жатыр. Кейбіреулер өздерінің қазіргі барлық қырсықтарына көршілер ғана кінәлі, сөйтіп, ұлттық дуал қойылса, немесе керісінше, басқа жердегі шаңырақ астына қуылса

болғаны, проблемалардың бәрі өзінен өзі шешіледі деп ойлайды. Бұл – қауіпті түрде қателесу. Еліміздің басқа аймақтарындағы ұлтаралық жанжалдардың адамдарды қандай қайғы-қасіретке душар еткенін бәріміз білеміз. Әйтсе де, ұлтаралық алауыздықтар негізінде болатын күйзелістерден құтқаратын кепілдік жоқ екенін дәлелдейтін үрейлі нышандар бізде де пайда болып отыр. Өзінікі дұрыс екенін қызылөңештене дәлелдеп, өзара талаптар қойып отырған тайталасушы жақтар адам қырсықтары мен бақытсыздықтарының тізбектері сөзсіз басталатын қауіпті шепке таяп қалғанын тіпті байқар да емес. Егер ақылға келмесек, арнасынан асқалы тұрған қызбалықты дер кезінде басып тастамасақ, көкейкесті әлеуметтік проблемаларды шешетіндей жағдайда бола алармыз ба!

Бізде қадір тұтар құндылықтар баршылық. Қазақстанда тұрып жатқан халықтың достығы тіпті де бос сөз емес. Бүгін атап өтіліп отырған 70 жылдық мерейтой шеңберінен де асып кететін біздің бүкіл тарихымыз ғасырлар бойы қоян-қолтық өмір сүріп, ауыр сәттерде өзара көмек пен қолдау тауып келген ұлттардың шынайы достық одағының мысалдарына бай. Интернационализм қазақ халқының қанында, ол республиканы өз үйі деп санайтын барлық ұлттардың ажырағысыз ерекшелігіне айналды. Бәлкім, ол нақ қазір, ауыр да мазасыз уақытта барлық қиыншылықтарды жеңуімізге, өз алдымызда тұрған ауыр проблемаларды шешуімізге көмектесетін ең бағалы игілігіміз болар.

Мұны айтып тұрған себебім: ұлттық пәтерлерге бытырап, ол проблемаларды жеке-дара шеше алмайтынымызға кәміл сенемін. Егер біз ішкі ғана емес, сондай-ақ халықаралық орасан зор маңызы бар саяси

тұрақтылықты сақтай алмайтын болсақ, оған үміт артуға тіпті де болмайды. Қазіргі кезде республика Батыс пен Шығыстың жоғары дамыған елдерімен сыртқы экономикалық байланыстарын елеулі түрде кеңейтуге, өзара тиімді ынтымақтастығын тереңдетуге қадам басып отыр. Бұл жағдайда қоғамдық тыныштық халықаралық байланыстарды нығайтудың, демек, экономиканы және, сайып келгенде, халықтың тұрмыс дәрежесін көтерудің аса маңызды кепілі болуда. Сөйтіп, азаматтық татулыққа бізде балама жоқ! Мұны түрлі қоғамдық-саяси және ұлттық қозғалыстардың өкілдері де түсіне бастаған сияқты.

Республика Президенті ретінде мен соңғы кезде осындай әртүрлі құрылымдардың басшыларымен кездесіп келемін. Жалпы алғанда, бұл кездесулердің сындарлы және пайдалы екенін атап өткен жөн. Республиканың Жоғарғы Кеңесі де, халық депутаттары да азаматтық татулықты қорғап, салмақты сөзін айтып, жалпыұлттық келісімді қамтамасыз ететін заң актілерін қабылдайды деп ойлаймын. Ашығын айтайын: бүгінде кемені шайқалтып жатқандар халықтың игілігін бәрінен де аз ойлайтындар, олар тек жеке басының пайдасын, билікке ие болуды басшылыққа алатындар.

### **Жолдастар!**

Республикадағы қалыптасқан жағдайға Орталық Комитеттің мүшелері, депутаттар, барлық қазақстандықтар дұрыс баға береді деп үміттенемін. Өз мақсаттарымыз бен алдымызда тұрған проблемалар бізге айқын. Олардың шешімі тек бізге, барлық қоғамдық күштердің іс-қимыл бірлігі мен топтасуына байланысты.

Социализм – «адамзатты жарылқайтын» дайын жүйе емес екені туралы айтқан Лениннің ойын біз терең түсінуге тиіспіз. Жоқ, ол ұдайы ізденістің аса күрделі, өте ауыр үдерісі болды және болып отыр, онда «бірден-бір дұрыс» тәсілдер мен заң үлгілерінің болуы мүмкін емес және тиіс те емес. Керісінше, социализм – бұқараның үздіксіз әлеуметтік шығармашылығы.

Біз сол ізденістің күрделі кезеңінде тұрмыз. Бірақ өткен ондаған жылдардың тәжірибесіне сүйене отырып, халықтың өмірін жақсартудың дұрыс шешімдерін, дұрыс жолдарын табуға қабілеттіміз және міндеттіміз.

Ортақ мақсаттар, интернационализм мен туысқандық және достық дәстүрлері, болашақ ұрпақтар алдындағы жауапкершілік топтастырған республика еңбекшілері, коммунистері, барлық қазақстандықтар тарих биігінен табылып, республиканың болашағы, оның экономикалық қуатының нығайтылуы және гүлденуі үшін барлық күш-жігерін, қажыр-қайратын, тәжірибесін жұмсайды деп сенім білдіремін.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші  
шақырылымының II сессиясында  
«Жаңа Одақтық шарттың жобасы туралы»  
тақырыбында

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,  
1990 жылғы 16 қазан

**Құрметті депутаттар, жолдастар!**

Бүгін сіздер мен біздер қарап жатқан мәселе, жалпы алғанда, бүкіл қайта құру үшін өзекті болып табылады десем, шындыққа қиянат жасамаспын деп ойлаймын. Оның үстіне, ол кеңес адамдарының қазіргі және болашақ ұрпақтарының тағдырын көп жағынан айқындайды, өйткені қоғам өмірінің аса маңызды саласына – біздің көп ұлтты мемлекетіміздің құрылысына қатысты.

Біздің көз алдымызда дәуірлер ауысып жатыр. Бір жағынан осы екі бірдей үдеріске әміршіл-әкімшіл жү-

йенің күйреуі мен саяси аренадан кетуі, екінші жағынан адам ең жоғары қазынаға, ал әрбір азаматтың, әрбір жеке адамның мүдделерін қорғау басты мақсатқа айналып келе жатқан жаңа азаматтық қоғамның дүниеге келуі тән.

Әлбетте, біз тыныстап отырған проблемалар шеңбері әдеттен тыс сан алуан. Алайда барлық уақытта адамдардың ең күшті талпынысы бостандыққа деген талпыныс болды. Ол тіпті ондаған жылдар бойы ең қатал унитаризмнің езгісі астында болып келсе де, ешқашан семіп қалмайды. Бүгін біз қазақстандықтардың республикалық егемендікті орнықтыруға бағытталған өзінің азаматтық еркін қуатты түрде білдіруін барынша толық сезініп отырмыз. Республиканың экономикалық және әлеуметтік қарыштап қадам басуы, ол шынайы бостандық алмайынша, орталық ведомстволардың көп жылғы өктемдігін жоймайынша, мүмкін емес екені жөніндегі ақиқат шындыққа ешкім де дау айтпайды.

Бірақ мынадай сұрақ пайда болып отыр: халықтар егемендігінің, ұлттар дәуірлеуінің, олардың дербестігі мен өзін-өзі басқаруының сөз жоқ көкейге қонымды идеяларын еліміздің өміріндегі нақты жағдайда қалай жүзеге асыруға болады? Бір-бірін теріске шығаратын, бір-біріне қарсы сияқты ағымдарды бір арнаға қалай тоғыстыруға болады? Ұлты әртүрлі кеңес адамдары бірлесе өмір сүрген жылдар ішінде олардың арасында қалыптасқан экономикалық, мәдени, демографиялық және басқа байланыстарды зиянды түрде үзуден бізді сақтандыратын, алаңдаған үндерді біздің барған сайын жиі естіп отырғанымыз кездейсоқ емес. Бұл жөнінде не айтуға болады?



Иә, біз орталықтың күшті «құшағын» жазғымыз, республиканың адамды қорғайтын бағыныштылығын, тәуелділігін жойғымыз келеді. Бірақ мұның өзі Қазақстанның «есікті тарс жауып», сонымен бірге, ауыр сындарға төтеп беруімізге көмектескен, біздің Одағымызды нығайтатын негізге айналған туысқандық төл дәнекерлерден арылғысы келіп отырғанын тіпті де білдірмейді.

Егемендікке өмір сүріп отырған мемлекеттік құрылымды түбірінен реформалау жолымен жетуге, сонымен бірге, өшпес қазыналарды – бірлік пен топтасқандықты сақтауға болады деп санаймыз. Сайып келгенде, кез келген халықтың, кез келген мемлекеттің прогресі олардың оқшаулануы жағдайында мүмкін емес. Мұның өзі – дүниежүзілік тарихтың әмбеге ортақ азын-аулақ ережелерінің бірі. Міне, сондықтан да біз республикалар Одағының сенімі нық жақтаушылары болып келдік және бола береміз. Бұл қағидалы ұстанымымызды біз бірқатар құжаттарда және сөздерде білдірген болатынбыз.

Атап айтқанда, Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның талқыланып жатқан жобасында Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы өз халқының емін-еркін өзін-өзі билеуі негізінде «басқа республикалармен егеменді республикалардың жаңарған Одағына бірігетіні» атап көрсетілген. Басқаша айтқанда, Қазақстан федерацияның, бірақ сапалық жағынан жаңарған, осы заманғы және нақты шындықтарға сай келетін Одақтық шартқа негізделген федерацияның мүшесі болып келді және бола береді.

Республика Президенті бекіткен, жетекші заңгер-ғалымдар, республика халық депутаттары, практик-ма-

мандар құрамындағы Қазақ КСР-інің арнайы комиссиясы осы ұстанымды негізге ала отырып, Одақтық шарт жобасының қазақстандық нұсқасын әзірледі. Оның негізгі ежелерін қысқаша баяндап беруіме рұқсат етіңіздер.

Біз одақтас республикалар деп аталатын кеңестік егеменді мемлекеттер, сондай-ақ барлық ұлттық-мемлекеттік, соның ішінде автономиялы құрылымдар Одақтық шартқа қатысушылар болып табылады деп санаймыз. Қазақ КСР-інде ондай құрылымдар жоқ, сондықтан барлық ұлттық-мемлекеттік құрылымдардың Одақтық шартқа тең құқықты қатысуын нақты қалай қамтамасыз ету керек екені жөнінде қандай да болсын кеңес беру біз үшін қиын әрі әдепке жатпайды. Алайда барлық ұлттар мен ұлыстардың теңдігі қағидаты, мемлекеттіліктің көлемі мен сипаттарына қарамастан, сақталуға тиіс екені біз үшін әбден айқын.

Бұрын бізде әміршіл-әкімшіл басқару жүйесінің қалыптасуы мен орнықтырылуына және социализмнің демократиялық, адамгершілік табиғатын лениндік түсіну мен жүзеге асырудан ауытқуға тікелей байланысты орынсыз қатаң, көп жағынан төрешіл, одақтас республикалардың егемендігін шектейтін, олардың бастамашылығы мен белсенділігіне тұсау болатын орталықтандыру қалыптасты. Одақтық мемлекетті нығайту жолының негізінен орталықтандыруды барған сайын күшейту, одақтық органдардың өкілеттіктерін ұлғайту арқылы өтетіні туралы жаңсақ ұғымдар теория мен практикада барған сайын терең тамыр жая бастады. Соның салдарынан 1980-ші жылдардың орта тұсында бізде республикалардың өлшеусіз арта түскен экономикалық, мәдени, кадр әлеуеті, олардың өз про-

блемаларын дербес шешуінің нақты қабілеті мен тамыр жайған шамадан тыс орталықтандыру арасында күшті сәйкессіздік, өткір қайшылық қалыптасты.

Сондықтан да әңгіме қоғам өмірінің барлық салаларында республикалардың рөлін едәуір аттыру мен құқықтарын ұлғайту туралы ғана болуға тиіс. Тек одақтық органдар «маңызды» немесе «жалпыодақтық» маңызы бар деп санайтын «кез келген мәселені» өзінің қалауынша қарайтыны жөніндегі олардың құқықтарын заң жүзінде қамтамасыз ету арқылы ғана Одақты нығайтуға болатыны туралы талай ондаған жылдар ішінде қалыптасқан пікірді жою маңызды. Нақты жұмыс істейтін федерациялық мемлекетте: «Республика КСР Одағының қарамағына жатқызылмаған нәрсенің бәрін істеуге қақылы», дейтін басқа принцип қолданылуы тиіс.

Құқықтық көзқарас тұрғысынан Одақтық шарт одақтық Конституция мен одақтас республикалардың конституцияларына өз ережелері негіз етіп алынатын заң жүйесіндегі бірегей заң актісіне айналуға тиіс. Бірігу тең құқықтық, еріктілік және Одақтан еркін шығу принциптеріне, Одақ пен одақтас республикалар, сондай-ақ олардың әрқайсысы өкілеттіктерінің аражігінің нақты ажыратылуы негізінде жүзеге асатын болады.

Сонымен қатар, жаңарған Одақ жалпы алғанда мемлекеттік институттар мен қоғамның терең демократияландырылуын, шартқа қатысушылардың экономикалық, саяси және құқықтық егемендігін, конституциялық нормаларға және халықаралық құқық деңгейіндегі нормаларға сәйкес адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, КСР Одағында тұратын барлық халықтардың әл-ауқатын арттырудың,

ұлттық мәдениеттер мен жалпыадамзаттық қазыналарды дамытудың және байытудың мүдделеріне сай экономикалық интеграцияның жаңа жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті.

Одақтық шарттың мазмұнын айқындайтын негізгі бастапқы принциптерді біз қандай деп білеміз?

Біріншіден, барлық ұлттар мен халықтар өзара қатынастарда заң мен билік алдында тең болуға тиіс. Олардың бостандығы мен еркін дамуы, мүдделері мен тілі, мәдениеті, дәстүрлері республикалар одағы шеңберінде де, сондай-ақ әрбір одақтас республика шеңберінде де заңдармен қорғалып, бұл үдерістерді мемлекет пен оның барлық органдары, қоғамдық ұйымдары қамтамасыз етуге тиіс.

Екіншіден, билік халықтан басталып, халықта болуға тиіс, ол мұны тікелей және өзінің өкілетті органдары арқылы жүзеге асырады.

Үшіншіден, одақтас республика осы сөздің толық мағынасында егемен болуға және өз аумағында бүкіл билікке толық ие болуға тиіс.

Төртіншіден, одақтас республикалардың егемен мемлекеттер Одағына бірігуі еріктілік негізінде болуға тиіс, мемлекеттік құрылыс мәселелерін шешуде одақтас республикалардың, сондай-ақ жалпы Одақтың құзыры осы принцип негізінде айқындалады. Сонымен бірге, республиканың егемендік құқықтарын шектеудің кез келген түрі заңсыз болып табылатынын және Одақтық шарт пен халықаралық құқық нормаларына сәйкес тоқтатылып, келтірілген нұқсан туралы мәселелер қаралуға тиіс екенін ескеру керек.

Шарт жобасының кіріспесінде барлық әлеуметтік құндылықтардың өлшемі – адам басты орын алған. Оған

экономикалық және саяси бостандық, лайықты өмір сүру қамтамасыз етілетін болады. Нақ сонда егеменді мемлекеттердің құрылып жатқан Одағының жалпы-адамзаттық құндылықтарға, халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған қағидаттарына адалдығы, оның барлық елдермен және халықтармен тату әрі келісімде тұруға, халықаралық, республикааралық және ұлт-аралық қатынастарда егесуге жол бермеу үшін барлық шаралар қолдануға әзірлігі ерекше атап көрсетілген.

Біз ұсынып отырған жобаның 7 және 17 баптарында Егемен мемлекеттер одағына берілетін құқықтар нақты аталған. Олардың ұзын саны – 14. Сіздер, сірә, олармен өздеріңізге берілген мәтін бойынша танысқан боларсыздар. Тек сіздердің назарларыңызды Одақтың кейбір құқықтарына аударғым келеді.

Олар – одақтас республикалардың ұсыныстары негізінде елдің экономикалық және әлеуметтік дамуының перспективаларын әзірлеу; одақтас республикалармен бірге жалпыодақтық бағдарламалар әзірлеу мен жүзеге асыру; жалпыодақтық рыноктың ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуінің принциптерін белгілеу; одақтық бюджетті жасау, бекіту және орындау; еліміздің қорғанысын, ғарыштық зерттеулерін, сондай-ақ жалпыодақтық мемлекеттік меншікке жататын объектілерді басқару немесе басқалармен шарт бойынша бірлесе басқару; елдің сыртқы саясатын белгілеу; халықаралық шарттар жасасу; одақтас республикалармен келісім бойынша одақтық бюджеттің қаражатынан шетелдік мемлекеттерге мемлекеттік қарыздар беру мен экономикалық көмек көрсету, Одақ алатын мемлекеттік қарыздар мен несиелер туралы келісімдер жасасу; Одақтың егемендігі мен аумақтық тұтастығын

қорғау, ел қорғанысын ұйымдастыру, Одақтың Қарулы Күштеріне басшылық жасау және басқалары.

Сөйтіп, Егемен мемлекеттер одағына жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу үшін қажетті өкілеттіктер беріліп отыр. Осы құқықтардың жиынтығы мен олардың тиімді пайдаланылуы оған ел ішінде жоғары билікті жүзеге асырушы және шетелдік мемлекеттермен арадағы қатынастарда тәуелсіздікті қамтамасыз етуші егеменді мемлекет мәртебесін береді. Одақ аталған құқықтар мен өкілеттіктер шеңберінде мемлекеттік толық билік жүргізетін федерациялық мемлекет күйінде қалып отыр.

Біз барлық құқықтардың бастапқы көзі одақтас республикалар екенін негізге алып отырмыз. Олар бүкіл Одақ үшін мүдделі болып табылатын міндеттерді пәрменді түрде шешу үшін одақтық мемлекетке өз өкілеттіктерінің бір бөлігін ерікті түрде береді. Сондықтан, біздің ойымызша, одақтас республикалардың өкілеттіктерін анықтау жөніндегі республикалардың құқықтары бейне бір КСРО құзырына жатпайтын одақтық мемлекет құқықтарының қалдықтарынан қалыптасатыны туралы зиянды көзқарастан бас тарту қажет.

Біз республикалардың өзара және жалпы Одақпен байланыстарының саяси және құқықтық көп нұсқалығының КОКП XXVIII съезінің «Ізгілікті, демократиялық социализмге жетейік» деген бағдарламалық мәлімдемесінде баянды етілген идеясын мақұлдаймыз. Осыны негізге ала отырып, Одақтың қарамағындағы мәселелерді анықтаудың ұсынылып отырған нұсқасын біз өзіміздің қазақстандық нұсқамыз деп санаймыз. Егер басқа одақтас республикалар онымен келісетін болса, біз Шартқа тұтастай қол қоямыз. Ал егер біздің нұсқа-

мыздың белгілі бір тұстары жалпы түсіністік таппайтын болса, біз оларды Одақтық шартқа қосымша ерекше хаттамаларда тіркеуге әзірміз.

Біздің республикамыз үшін өзіміз одақтық мемлекетке беріп отырған құқықтардың өмірлік зор маңызы бар. Сондықтан жалпыодақтық және республикалық мүдделердің үйлесімді ұштастырылуын қамтамасыз ететін кепілдіктердің бірі сол құқықтарды жүзеге асыру тетігіне республиканың қатысуы болып табылады. Кең тұрғыдан алғанда, бұған одақтас республикалар депутаттары қатысатын мемлекеттік биліктің ең жоғары органдарының жүйесі арқылы қол жетеді.

Мәселен, қорғаныс объектілерін, ғарыштық зерттеулерді, жалпыодақтық мемлекеттік меншік объектілерін басқару біздің өкілдеріміздің қатысуымен жүзеге асырылуға тиіс, ал ыдырайтын материалдарды өндіруге, сақтауға және пайдалануға одақтас республикалардың келісімінсіз рұқсат етуге болмайды. Сондай-ақ олардың келісімі одақтық бюджет қаражаттарынан шетелдік мемлекеттерге қарыз бен экономикалық көмек көрсету және шетелдік мемлекеттерден сондай қарыз бен көмек алу кезінде де қажет.

Бірнеше одақтас республикалар мен жалпы Одақ үшін маңызы бар кедендік қызмет мәселелерін, көлік, энергетика жүйелерін, байланыс құралдары мен коммуникацияларды басқаруды, сондай-ақ ішкі және теміржол әскерлеріне басшылық етуді одақтас республикалармен бірлесе және келісе отырып Одақ жүзеге асыруға тиіс. Белгілі бір одақтас республика азаматтарының әскери қызметін өтеуінің тәртібін де дәл осылай, келісе отырып белгілеу керек. Бірыңғай жалпымемлекеттік көзқарасты қамтамасыз ету үшін,

мемлекеттік статистика мен стандарттау мәселелерін осы ретпен шешкен жөн.

Біздің жобамыздың барлық осы ережелері жүзеге асырудың белгілі бір тегігін қажет етеді. Біздің пікіріміз бойынша, Одақ үкіметі одақтас республикалардың өкілдерінен құрылуға тиіс, олар ерекше көкейкесті жергілікті экономикалық, әлеуметтік-мәдени проблемаларды одақтық органдарға жеткізіп, оларды шешудің тиімді жолдарын ұсына алар еді.

Одақтық мемлекетке берілген құқықтарды жүзеге асыруға одақтас республикалардың қатысуы – ұлттық-мемлекеттік құрылысты демократияландыру үдерісінің формальды шылауына айналдыруға болмайтын жаңа қағидат. Оны Одақтық шартқа қатысушылардың бәрінің мүдделерін келісіп алудың нақты, пәрменді тұтқасы ретінде пайдалану өте маңызды.

Ұсынылған жобада біз Одақтық мемлекетке берілетін нақты құқықтардың жабық тізімін бердік және Одақ Конституциясының 73-бабында баянды етілген ашық тізімнің пайдаланылуына жол беруге болмайды деп санаймыз, онда Одақтың қарамағына жатқызылған 11 құқықтан кейін «жалпыодақтық маңызы бар басқа да мәселелерді шешу» туралы айтылған, сондықтан қалаған жағдайда бәрін бірдей сондай мәселелер қатарына жатқызуға болады. Іс жүзінде мұның өзі орталықтың жаппай өктемдігіне апарып соқты. Сонымен бірге, құқықтардың жабық тізімі оның өзгермейтінін білдірмейді, өйткені өмір өз түзетулерін енгізуі мүмкін. Оның, әлбетте, жеке топтың немесе барлық республикалардың Одақтық мемлекетпен келісімі негізінде ұлғайтылуы әбден мүмкін.



Шарт жобасында Одақтың жекелеген өкілеттіктерін одақтас республикаға кері беру мүмкіндігі көзделіп отырғанын атап айтқым келеді. Сол арқылы біз Одақтың өкілеттіктерін дәл орнықтыруды ғана емес, сондай-ақ объективті қажеттіліктен туындауы мүмкін икемді өзгерістердің мүмкіндігін де көздеп отырмыз.

Шарт жобасында одақтық басқару органдарының қызметіне ерекше көңіл бөлінген. Одақтас республикалардың егеменді құқықтарын нақ сол ведомстволардың өз еркімен иемденгені құпия емес. Жан-жақты түгел қамтитын орталықтандыруға және «жоғарыдан» басқаруға ұмтылған нақ солар.

Шарт жобасында Одақтың барлық салалық және орталық басқару органдарының түрлері айқындалмаған. Оларды еліміздің ең жоғары өкімет органдары, мәселен, КСРО Министрлер Кеңесі туралы заң белгілейді. Алайда Одақтық шартта одақтық министрліктер мен ведомстволардың, соның ішінде одақтас республикалардың аумақтарында құрылуы мен жұмыс істеуінің принциптері мен шептері белгіленген.

Мәселен, одақтық мемлекет өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті министрліктер мен ведомстволарды ғана құра алады және шартта Одақтың қарамағына жатқызылмаған салаларды басқару ісіне араласуға құқығы жоқ. Сонымен бірге, біз нарықтық экономикаға көшкеннен кейін халық шаруашылығын басқарудың салалық министрліктер мен ведомстволар сияқты органдары мүлдем қажет болмай қалатынын ескеріп отырмыз. Сондықтан одақтас республикаларда шаруашылықты реттеу ісін жүзеге асырып отырған одақтық министрліктер мен ведомстволар таратылғаннан кейін болашақта тиісті республикалық министрліктер мен ведомстволар да таратылады.

Одақ жүйесінде сақталатын министрліктердің ішінде одақтас республикалар аумақтарында өз міндеттерін тек Қорғаныс министрлігі, Мемлекет қауіпсіздігі комитеті, Атом энергетикасы мен өнеркәсібі министрлігі ғана жүзеге асыратын болады.

Енді Одақтың ең жоғары мемлекеттік билік пен басқару органдарының түрлері мен мәртебесі туралы.

Біз жаңа жүйеде КСРО халық депутаттарының съезін сақтаудың қажеті жоқ деп санаймыз. Біздің ойымызша, ол заң шығару қызметінде өзінің тиімділігін дәлелдеген жоқ. Одақтың бір палаталы және саны жағынан ықшам Жоғарғы Кеңесі мемлекеттің заң шығарушы ең жоғары органы, оның парламенті бола алады. Болашақта біздің де тұрақты жұмыс істейтін кәсіби ықшам парламентке көшуіміз керек деп ойлаймын. Жоғарғы Кеңестегі халық депутаттары өкілділігінің қазіргі жүйесін де өзгерту керек деп санаймыз. Ол барлық одақтас республикалардан бірдей болуға тиіс.

Шарт жобасында Егемен мемлекеттер одағының Президентін сайлаудың тәртібі белгіленіп, оның негізгі міндеттері көрсетілген. Президенттің жоғарыда аталған мәселелерден басқа басты қам-қарекеті, сыртқы саяси істермен қатар, Одақтық шарттың сақталуын қамтамасыз ету және одақтас республикалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қажетті шаралар қолдану деп санаймыз.

Сіздер, сірә, байқаған боларсыздар, біз Одақтық шарт ережелерінің сақталуына бақылау жасау туралы мәселені бөліп көрсеттік. Бұл үшін одақтық мемлекет жүйесіне кірмейтін ерекше тәуелсіз орган қажет деп ойлаймыз. Құрамында одақтас республикалардың президенттері, Министрлер Кеңестерінің төрағалары

немесе Жоғарғы Кеңестерінің төрағалары болатын одақтас республикалар өкілдерінің кеңесі сондай орган бола алады.

Шартта, ал содан соң конституцияларда, одақтық және республикалық заңдарда одақтас республикалардың жерге, жер қойнауларына және басқа табиғи байлықтарға ерекше меншік құқығы баянды етілуге тиіс деп санаймыз. Сірә, мұны аймақшылдық, жершілдік көзқарас деп санауға болмайды, өйткені меншіктің басқаша түсінігін республика халқы қабылдамайды. Жер, жер қойнауы және басқа табиғи байлықтар жөніндегі құқық әрқашанда және барлық жерде халықтың әуелгі құқығы болып табылады, оны одан алуға да, сондай-ақ басқаға беруге де болмайды. Сонымен бірге, бұл құқықтың орнатылуы оның жергілікті Кеңестерге берілуін көздейді, олар өз аумағында табиғат байлығына иелік етеді. Мұның өзі бұл жалпыодақтық ведомстволар мен ұйымдардың ортақ жалпыхалықтық мүдделер үшін, бірақ, сөз жоқ, шарттар негізінде пайдаланылуын жоққа шығармайды.

Біздің жобамызда республиканың аумағын оның келісімінсіз өзгертуге болмайтыны атап көрсетілген. Ондай келісімдер Одақтық мемлекет тарапынан бекітуді талап етпейді деп санаймыз, өйткені республикалар арасындағы шекараларды өзгертудің орынды-орынсыздығын ешкім олардың өздерінен жақсы білмейді. Сонымен қатар, олардың бұл саладағы құқықтарына шек қоюға болмайды, олардың шешімін басқа республикалардың және Одақтың ұйғарымына тәуелді етуге болмайды.

Республикалардың өздері келісімге жете алмаған аумақтық дауларды шешу – басқа мәселе. Бұл мәсе-

лелерді Одақтың Жоғарғы Кеңесінің қарауына беруге болады, бірақ бұл тіпті де міндетті емес.

Одақтық және республикалық заңдардың қалыпты өзара қатынасын қамтамасыз ететін басты қағидат – олардың өз құзыры шеңберінде, өзара егеменді құқықтарды ескере және сақтай отырып заңдар шығаруы.

Егер Одақтың Министрлер Кеңесінің актілері Одақтың және одақтас республиканың заңын бұзатын болса, одақтас республикаларға тиісті одақтық органдарды міндетті түрде хабардар ете отырып, олардың күшін тоқтату құқығы беріледі. Сол арқылы ведомстволық өктемдік әрекеттеріне құқықтық тосқауыл қойылады, одақтас республикалардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделері қамтамасыз етіледі.

Біз Одақ пен одақтас республикалардың органдары арасында акт заңдылықтарының мәселелері бойынша болатын алауыздықтарды шешу тетігінің пәрменді жұмыс істейтініне үлкен үміт артып отырмыз.

Көзделіп отырғанындай, одақтас республикалардың құқықтары мен дербестігінің ұлғайтылуы олардың шет мемлекеттермен қатынастарын, соның ішінде халықаралық шарттар жасасу және бұрын жасалған шарттарға қосылу жолымен, жеделдете түсуге тиіс.

Егер қолданылып отырған КСРО Конституциясына зер салар болсақ (73-ші бап, 10-шы тармақ), онда жалпы тәртіп орнатудың және одақтас республикалардың шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарын үйлестірудің Одақ қарамағына жататыны айтылған. Біздің пікірімізше, бұл тұжырым сыртқы саяси қызмет саласында одақтас республикалардың өкілеттіктерін күрт шектейді. Жаңарған Одақ шең-

берінде одақтас республикалар егеменді мемлекеттер ретінде халықаралық қатынастардың дербес объектісі болуға, шет мемлекеттермен кең көлемді дипломатиялық және консулдық байланыстар орнатуға, олармен Одақтың халықаралық міндеттеріне қайшы келмейтін шарттар жасасуға, дипломатиялық және консулдық өкілеттіктер алмасуға, сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға, Біріккен Ұлттар Ұйымында, мамандандырылған мекемелерде және басқа халықаралық ұйымдарда өкілеттік етуге құқылы болуға тиіс.

Одақтың қарамағына біз сыртқы саяси қызметтің мынадай өкілеттіктерін жатқызуды ұсынамыз: Одақтың сыртқы саясатын белгілеу, Одақтың халықаралық шарттарын жасасу, халықаралық қатынастарда Одақтың өкілі болу. Әрі Одақ жасасатын, одақтас республикалардың мүдделеріне қатысты болатын халықаралық шарттар мен міндеттемелерді солар бекітуге тиіс.

Сөз жоқ, жаңарған егемен мемлекеттердің одағының өмір сүруінің аса маңызды шарты, өзара мүдделерді құрметтеудің басты кепілі Одақтық шарттың ережелерін шартқа қатысушы жақтардың бұлжытпай сақтауы болуға тиіс. Сондықтан жобада Кеңестік егемен мемлекеттер одағының құрылтайшылары ретінде одақтас республикалар одақтық мемлекеттің қалыпты жұмыс істеуі үшін жауапкершілік алуға міндеттенетіні, ал Одақ жалпыодақтық органдар атынан осы шарт ережелерінің бұлжымай сақталуы үшін жауапты екені ерекше атап көрсетілген.

Сіздердің қарауыңызға беріліп отырған Одақтық шарт жобасының негізгі ережелері, міне, осындай. Оның басты мақсаты – біздің көпұлтты мемлекетімізді осы заманғы интеграция, кеңес халықтарының бір-

лігін, саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани тұтастығын сақтау жолдарында батыл түрде жаңарту екенін тағы да атап көрсеткім келеді. Халық депутаттары ұсынылған құжат жөніндегі өз көзқарастарын білдіреді, онымен жемісті жұмыс істейді және республиканың, сондай-ақ еліміздің одан әрі дамуының басты перспективасын белгілейтін негіз етіп қабылдайды деп ойлаймын.

### **Жолдастар!**

Енді тағы бір аса маңызды құжатқа – Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның жобасына тоқталсам деп едім.

Оның баламалы нұсқасының пайда болуын жақсы нышан деп санау керек. Егер ол болмаса, қашанғыдай, жалғыз жобаны талқылауға тура келген болар еді. Осы нұсқаны әзірлеуге қатысқан алуан ұлттардың депутаттары ең алдымен тұрақтылықтың сақталуы мен біздің көпұлтты мемлекетіміздің топтасуының қамын ойлағанына сенімдімін. Бәріміз де парламенттік жұмыстағы пікір алуандығына бой үйретуіміз керек – бұл оны тек байыта түседі.

Сіздер менің көпұлтты Қазақстанның барлық халықтарының құқықтарына бірдей қарайтын ұстанымымды білесіздер. Мұны өзім үшін принципті нәрсе деп есептеймін. Халықтар достығын нығайта беру қажеттігін ұдайы есте ұстау керек. Тегі, біз «ұлтаралық қатынастар» дейтін жаттанды сөздермен өзімізге аса қастерлі осы ұғымның қадірін кетіріп жүрген жоқпыз ба?

Біздің кеңестік еліміз ұлттық-мемлекеттік құрылымдардың достастығы ретінде құрылды және

солай құрыла бермекші. Айтпақшы, дүние жүзіндегі басқа мемлекеттерге қарағанда КСРО-ның бірегей сипаты осында. Әрі оның барлық республикаларында жүріп жатқан үдерістер осы ақиқатты сенімді түрде дәлелдейді.

Сондықтан ұлтты атамастан азаматтық қоғам құру біз мәдениет пен халықтың әл-ауқатының қазіргіден әлдеқайда жоғары деңгейіне жеткенде болатын ертеңгі күннің міндеті ретінде қойылуы мүмкін. Кез келген саяси іс-әрекет ізгі ниеттерге емес, нақты шындыққа негізделуі тиіс. Осыған байланысты Декларациядан республикадағы ұлттық мемлекеттілік туралы мәселені ғана емес, тіпті қазақ халқы жайындағы сөздерді де алып тастау керек дейтіндермен келісуге болмайды.

Бұл ретте КСРО-ның басқа ұлттарына қарағанда теңсіз жағдайда қалуы ықтимал қазақ халқы бізді дұрыс түсінбеуі мүмкін. Одақтас республикалардың осындай декларацияларының кез келгенін алып қараңыздар – олардың бәрінде ұлттық мемлекеттілік туралы қағида бар.

Республика аумағындағы қазақ жұртының саны басым емес дегенге сүйеніп қана, бұл тезисті біздің құжаттан алып тастау саяси қателік болар еді. Өз тарихының өн бойында интернационализм мұраттарына адалдығын дәлелдеген қазақ халқы өзіне бұлайша қарауға тіпті де лайық емес. Айтпақшы, кез келген басқа халықтар да солай.

Біз жөнсіз қызбалыққа салынбауымыз керек. Осы мінберден сөйлеген базбіреулердің тек өздерін ғана тыңдап, қарсыласының көзқарасын түсінуге ықылас білдірмегендері де болды. Ал медальдың қашанда екі жағы бар ғой. Егер біз қателесейік демесек және респу-

бликаның барлық халықтарына теңдіктің толық кепілдігін бергіміз келсе, мұны әрқашан есте ұстауымыз керек.

Жасырмай айтайын, маған, мысалы, баламалы Декларацияның 4-ші тармағындағы мына сөздер ұнайды: «Қазақ КСР-і барлық азаматтарының және республика аумағында тұратын азаматтығы жоқ адамдардың, олардың этностық, ұлттық және партиялық қатыстылығына, тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, дін ұстануына, кәсіп түріне, тұрғын орнына қарамастан, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында, Қазақ КСР Конституциясы мен КСРО Конституциясында көзделген барлық құқықтар мен бостандықтарына кепілдік береді. Азаматтық және ұлттық құқық теңдігіне қол сұғушылық заң бойынша жазаға бұйырылады». Егер Декларацияны кемеліне жеткізу жөніндегі комиссия осы тармақты қосатын болса, халық оны мақұлдап, қабыл алатын шығар деймін.

Қабылданып, жұмыс істей бастаған тілдер туралы заңды сан саққа жүгіртуді қолайсыз деп есептеймін, бірақ одақтық заңнамаға сәйкес түзетулер енгізілуі керек. Орыс тілді жұртшылықтың өз тілін пайдалану құқығына қысым жасалады-мыс дейтін күдіктерді арылту керек. Кәнеки, бір пәтуаға келейік те, мәселенің дұрыс түсінігін табайық.

Енді Одақта мемлекеттік бір тіл болуы керек дейтін мәселе жайында. Ол сіздер мен біздердің құзыретіміздегі нәрсе емес. Бұл мәселе одақтық деңгейде сөз болсын. Мен КСРО Жоғарғы Кеңесіндегі тиісті талқылауға қатысып көрдім. Онда көп күнгі дауласудан кейін орыс тілін ресми тіл деп мойындауға шешім қабылданды. Сөйтіп, ол мемлекеттік тілден де жоғары болып шықты.



Келіңіздер, қашан болсын және қай мәселеде болсын заңды негізге алатын болайық. Өз сөздеріңізден бір-біріңізге деген күдікшілдік сарынын алып тастауды сіздерден тағы бір өтінемін, бұл залдың сыртында республика халқы бар екені әрдайым естеріңізде болсын. Ол мына мінберден айтылған әр сөзді, әрбір сөйлеушіні мұқият қадағалап отыр. Жағдайды өздеріңіз білесіздер, сондықтан оны одан әрі ушықтыра беруге болмайды.

Біздің Декларациямыздың жобасында прокуратура туралы бөлім бар. Тиісті комиссияның оны тағы бір қарап шыққаны жөн. Армия, кеден, Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті, прокуратура дегенде, адал, ашығын айтайықшы: біз федерацияны, бірақ жаңартылған федерацияны қалаймыз. Біз экономикадағы, саясаттағы толық егемендік жағындамыз. Бірақ біз елді қорғау құқығын өз еркімізбен орталыққа береміз. Біздің басқа шаруамыз да жетіп артылады. Әуелі солармен шұғылданып алайық.

Осында кеден туралы мәселе көтерілді. Егер нарыққа көшетін болсақ, бізге бүкілодақтық кеден кеңістігі қажет болады, айтпесе батыс бизнесмендері бізге жұмыс істеуге келмейді. Ал меншік кеден деген не? Ондайда біз, айталық, Өзбекстанмен шекарада бақылау орнатып, баж салығын жинап, квота, лицензия енгізуге мәжбүр боламыз. Егер шеттен әкелу мен шетке шығарудың арақатынасында Қазақстан теріс сальдоға ие болса, онда бұл жағдайда ұтылатын кім?

Енді сыртқы экономикалық көзқарасқа келейік. Халықаралық рынокқа шықпас бұрын, бізді валюта қорына, Халықаралық банк қауымдастығына кіргізу үшін біз көптеген миллион доллар төлеуіміз керек. Мұны әрбір республика жеке-дара істей алмайды.

Сондықтан орталықтандырылған көмексіз шетелдік рынокқа шыққан әр республика, әрбір кәсіпорын өздеріне өздері бәсекелес тауып алады. Сонда осындай жағдайда бізге кеденнің не керегі бар?

Егемендік пен демократия туралы айтқанда, біз абсолютті егемендік, абсолютті еркіндік пен демократия болмайтынын ұдайы есте ұстауымыз керек. Дүниедегі барлық мемлекеттер бір-біріне тәуелді, қарызға ақша алады, сауда жасайды және сондықтан реттеуіш тетіктерді қолданады. Сондықтан масайраудан аулақ болайық. Барлық нәрсе өзара байланысты. Соны ұмытпаған жөн.

**Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі  
он екінші шақырылымының II сессиясында  
«Республикадағы мемлекеттік өкімет және  
халық шаруашылығын басқару органдарының  
құрылымы туралы» тақырыбында**

## **СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Алматы қаласы,  
1990 жылғы 25 қазан

### **Құрметті депутат жолдастар!**

Бүкіл еліміз сияқты, республика өз дамуының аса күрделі кезеңіне аяқ басты. Қазақ КСР үкіметі нарыққа көшу бағдарламасының жобасын республика Жоғарғы Кеңесі сессиясының қарауына ұсынды, бұл жобада Қазақстанның халық шаруашылығының өзіндік ерекшеліктері, жаңарған Одақ жағдайында республиканың мемлекеттік егемендігін жүзеге асыру мүмкіндігі, сондай-ақ КСРО Жоғарғы Кеңесі мақұлдаған «Халық шаруашылығын тұрақтандырудың және нарықтық

экономикаға көшудің негізгі бағыттарының» ережелері де ескерілген.

Сөйтіп, біз әлеуметтік жағынан бағдарланған тиімді экономика жасауға, азаматтардың құқықтары мен бостандығының сенімді қорғалуын қамтамасыз ететін демократиялық үрдістерді одан әрі дамытуға бағытталған революциялық шешімдер қабылдаудың табалдырығында тұрмыз. Өзін одақтық және республикалық деңгейде қасарыса сақтап, нарықтық қатынастарға көшу жұмысына бөгет жасап, кәсіпорындарға еркіндік бермей отырған әміршіл-әкімшіл жүйенің ескі шеңберіндегі экономика мен реформаны жүргізуге болмайтынын өткен жылдар көрсетіп берді. Экономиканың тапшылығы, инфляциялық үдерістердің үдей түсуі, қаржы мен ақша айналымының теңдестірілмеуі айдан анық.

Өкімет билігі мен басқарудың қазіргі құрылымы қоғамды дағдарысты жағдайдан шығаруды, қолда бар өндірістік, экономикалық және зияткерлік әлеуетті тиімді пайдалануды, халықтың тұрмыс дәрежесін көтеруді қамтамасыз ете алмайды. Олар болып жатқан үдерістерге ықпал ету тұтқасынан айрылған, істің одан әрі нашарлауын тоқтатуға дәрменсіз және нарықтық қатынастарды енгізіп, дамыту үшін жағдай жасауға, жоғары өнімді еңбекке ұмтылдыруға, кәсіпкерлік пен бәсекені ынталандыруға қабілетсіз. Ол былай тұрсын, ғылыми-техникалық прогрестің, өндірісті интенсивтендірудің, ресурстарды үнемдеудің, еңбек және әлеуметтік белсенділіктің жолындағы кедергіге айналды.

Басқару органдары жұмысының түрлері мен әдістері кертартпа және әлеуметтік-психологиялық фактор-

ларды ескермейді. Мемлекеттік басқару мен шаруашылықты тікелей жүргізу принциптерінің ықпал етуі орын алған. Министрліктер мен ведомстволардың жұмысында бөлу функциялары, кәсіпорындардың жұмысын тәптіштеу мен оларға араласу, экономикалық дербестігіне қысым жасау үстем болып отыр. Қабылданатын басқарушылық шешімдер үшін жауапкершілік жоқ.

Республикалық басқару органдары ескірген ережелер мен нормативтік құжаттарды басшылыққа алуда, ал еңбек ұжымдары мемлекеттік кәсіпорын туралы заңға сүйенеді. Ақиқат мынадай: бүгінгі таңда әңгіме экономикалық тұтқаларды пайдалану тиімділігінің төмендігі жағдайында басқару тізгінінен нақты айрылып қалу туралы, жалақының негізсіз көбеюі мен ақша эмиссиясын тоқтату, бюджет тапшылығын қысқарту мүмкіндіктерінің жоқтығы жайында болып отыр. Өз кезегінде ақша мөлшерінің бақылаусыз өсуі, қаржы бақылаудың әлсіреуі жағдайында баға белгілеу жүйесінің реттелмеуі өнім беру тәртібінің құлдырауына, алып-сатарлықтың, заттай айырбастың етек алуына, ақша қатынастарының жалпы қожырауына апарып соқтырды.

Басқарудағы салалық көзқарастың басым болуы жергілікті Кеңестер құқықтарының шектелуіне әкеліп тіреді. Олар аумақтарды кешенді экономикалық және әлеуметтік дамыту, ұтымды аймақаралық және республикааралық көлбеу экономикалық байланыстарды қалыптастыру жөніндегі толыққанды қызметті жүзеге асыру мүмкіндігінен іс жүзінде айырылған, ол байланыстар біржақты дамытылуда, ведомстволық және салалық мамандандырудың мүдделеріне ғана бағындырылған.

Қазіргі кезде жергілікті өзін-өзі басқарудың, сондай-ақ жергілікті Кеңестердің қызмет саласының нақты құқықтық негізі жоқ. Түрлі деңгейдегі Кеңестер арасындағы тік байланыстардың бұзылуы, аймақтық өзімшілдік, жекелеген жергілікті Кеңестердің өз билік өкілеттіктерін абсолюттендіруі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тұрақсыздануына, кінәратты саяси үдерістердің өршуіне апарып соғуы мүмкін. Облысаралық азық-түлік, тауар жеткізілімі орындалмай, одан адамдар зардап шегуде. Мұның өзі көпұлтты республика жағдайында болжап болмайтын зардаптарға душар етуі мүмкін.

Жергілікті Кеңестерде билікті төралқаларға шоғырландыруға, атқарушы органдардың қызметіне ұсақтүйек қамқоршылық жасауға, аумақтарды басқару мен шаруашылық міндеттерін тікелей атқаруға ұмтылушылық үдеп келеді. Соның салдарынан атқару комитеттерінің белсенділігі айтарлықтай төмендеді, олар өздерінің тікелей құзырына жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдаудан жиі жалтаруда. Мұның өзі аса мәнді емес, жанжалды проблемаларды шешу кезінде ерекше байқалуда.

Жергілікті Кеңестердің төралқалары мен атқару комитеттерінің қызметінде үйлесімсіздік, қайталаушылық пен қосарланушылық қана емес, тіпті олардың текетіресуі, істің мүддесінен гөрі жеке бастың шамшылдығы мен субъективизм басым түсетін фактілер де мәлім.

Поселкелік, селолық, ауылдық және қалалық (ауданға бағынатын) Кеңестер деңгейінде бұдан да бетер қайшылықты жағдай қалыптасқан. Оларда, әдетте, қоғамдық негіздегі төраға басқаратын, аппаратсыз

Кеңес және штаттағы төраға мен хатшы бастаған, депутаттар корпусының қызметіне бағыт беруге хақысыз шағын аппараты бар атқару комитеті жұмыс істейді. Көптеген жағдайларда Кеңестердің төрағалары болып шаруашылық басшылары немесе басқа басшылар сайланған, бұл Кеңестер билігі идеясының өзіне нұқсан келтіреді әрі кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың өкімет органына есеп беретіні және соның бақылауында болатыны туралы конституциялық негіздерге қайшы келеді.

Бірқатар жерлерде билік пен басқару органдарын қайта құруды өмірдің өзі талап еткен стихиялық үдеріс жүріп жатыр. Ондайда қалыптасқан құрылымдардың жұмыс түрлері мен әдістері қолданыстағы заңға жиі қайшы келеді. Осының бәрі жергілікті жерлердегі өкімет органдарының беделін құлдыратып, мемлекеттік тәртіп пен атқарушылық тәртіптің төмендеуіне әкеліп соқты.

Экономиканың тұрақтануын қамтамасыз ету және нарықты қалыптастыру жөніндегі мақсатты, үйлестірілген шараларды жүзеге асыру міндеттері мемлекеттік өкімет пен халық шаруашылығын басқару органдарының құрылымын түбегейлі қайта құруды объективті түрде қажет етіп отыр.

Бұл барлық деңгейдегі жергілікті Кеңестердің және Мемлекет басшысының азаматтық келісімге, барлық қоғамдық күштерді топтастыруға негізделген күшті, беделді және пәрменді іс-қимылын қажет етеді.

Мемлекеттік билік пен басқару органдарын түбегейлі қайта құруға бару қажет және бұл орайда формализмге, ескі құрылымдарды атүсті өзгертуге жол беруге болмайды.

Нарық пен басқару құрылымдарының өзара іс-қимылының даму диалектикасы нарықтық қатынастарды қалыптастыруға белсенді түрде ықпал ететін қажетті басқару органдарын дер кезінде құруды талап етеді. Өзгерістер тактикасы нарықтың жұмыс істеуіне қажетті жағдайлар мен факторлардың пайда болуын енжар күтуге емес, керісінше, жаңадан құрылған басқару органдарының оны іске қосу тетігін қалыптастыруына бағдарлануы тиіс.

Нарықтық экономикаға көшу жағдайында басқару құрылымын қайта құрудың ұсынылып отырған тәртібі мынандай негізгі қағидаттарға сүйенеді:

– заң шығарушы, атқарушы билік пен сот билігін ажырату;

– республика мемлекеттік және шаруашылықты басқару органдарының құрылымын жасақтауда дербес;

– одақтық органдармен және басқа республикалармен өзара іс-қимыл шарттық қатынастар негізінде және жаңа Одақтық шарт ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады;

– мемлекеттік меншікті республикалық және жергілікті органдар арасындағы басқару деңгейі бойынша айқын ажырату. Бұл орайда жергілікті Кеңестердің экономикалық негізін нығайту үшін мүлкті мүмкіндігінше солардың қарамағына беру көзделеді;

– экономиканы мемлекеттік басқару мен шаруашылықты тікелей жүргізу функцияларының аражігін ажырату;

– шаруашылық қызметті демократияландыру және орталықсыздандыру, кәсіпкерлік еркіндік және шаруашылық айналымға қатысушылардың меншік түрлері



кандай екеніне қарамастан, экономикалық дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту, кәсіпорындардың ведомстволық бағыныштылығын кең ауқымда жою.

Жоғарыда аталған қағидаттарды жүзеге асыру және барлық деңгейде күшті атқарушы өкімет билігінің құқықтық негізін жасау ең алдымен жергілікті өкімет пен басқару органдарын қайта құрудың жеделдетілуін талап етеді. Бұл орайда аймақтардың және жалпы республиканың мүдделерін ұштастыру жоғары тұрған органдар шешімдерінің төменгі органдар үшін міндеттілік принципін енгізуді талап ететінін атап айтқан жөн. Бұл нарық тетіктерін және халықтың әлеуметтік жағынан қорғалу жүйесін енгізуді үйлестіру үшін өте-мөте қажет.

Жергілікті мемлекеттік билік пен басқару органдарының құрылымын жетілдіру жөніндегі ұсынылып отырған шаралар Кеңестердің толық билігі принципін нақты қамтамасыз етуге, олардың органдарының (төралқалары мен атқару комитеттерінің) құқықтық жағдайының екіұштылығын жоюға, атқарушы билікті нығайтуға, қабылданатын шешімдер үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған.

Облыс, қала, аудан, поселке, село, ауыл деңгейінде халық депутаттарының тиісті Кеңесі жоғары мемлекеттік билік органы болуға тиіс, ол жергілікті заң шығарушылық (құқық қолданушылық) және атқарушы қызмет функцияларын етене ұштастырады.

Кеңестің сессиясы төралқаны, Кеңес төрағасы мен әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасарларын сайлайды. Кеңестердің атқару комитеттері таратылады.

Кеңес төралқасы ұжымдық орган бола отырып, Кеңестің төрағасына аймақтың өкілетті және атқарушы өкімет билігі органдарының басшысы міндеті жүктеліп отырған жағдайда басшылықтың демократиялық қағидаларының сақталуын қамтамасыз етуге тиіс. Оның құрамына Кеңестің төрағасы, оның орынбасарлары, тұрақты комиссиялардың төрағалары, сондай-ақ Кеңестің шешімі бойынша басқа да депутаттар кіреді. Сессиялар аралығындағы кезеңде төралқа Кеңестің қарамағына жатқызылған кез келген мәселелерді, тек қана сессияларда шешілетіндерінен басқаларын, шешуге құқылы; Кеңес сессияларының шешімдерін, КСРО Жоғарғы Кеңесі мен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің заңдары мен қаулыларын, КСРО Президенті мен Қазақ КСР Президентінің жарлықтарын жүзеге асыру жөнінде және оперативті мәселелер бойынша қаулылар шығарады.

Облыстық Кеңес төрағасының қызметіне кандидатураны Қазақ КСР Президенті сол Кеңестің депутаттары қатарынан ұсынады. Кандидат Кеңес депутаттарының көпшілігі өзін сайлағаннан кейін қызметіне кіріседі. Аудандық, қалалық, қаладағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Кеңестер төрағаларының қызметіне кандидатураларды халық депутаттарының жоғары тұрған Кеңесінің төрағасы ұсынады. Мұндай тәртіп өтпелі кезеңде қажет. Болашақта оған өзгертулер енгізілуі мүмкін.

Атқарушылық биліктің барлық буындарының қызметін үйлестіру, Кеңес пен аймақтың халық шаруашылығы салаларын мемлекеттік басқару органдарына басшылық ету және олардың арасындағы өзара байланыстарды ұйымдастыру жөніндегі жалпы функциялық

міндеттерді жүзеге асыру үшін Кеңестің бірыңғай аппараты құрылады. Құрылымды, аппарат штаттарын, оның міндеттерін Кеңес белгілейді. Нарықтық үлгідегі экономикаға көшу және оның тиімді түрде жұмыс істеуі тек жергілікті және республикалық органдар арасындағы өзара іс-қимыл мінсіз ұйымдастырылған жағдайда ғана мүмкін. Түрлі деңгейдегі атқару органдарының бір-біріне бағынуының жоғалып кеткен тік байланыстарын қалпына келтіру, сондай-ақ Мемлекет басшысы мен жергілікті Кеңестердің жаңа өзара қарым-қатынастарын орнату керек. Қазір республика Президентінің өте шектеулі құқықтары бар, күшті атқарушылық билікті қалыптастыру үшін қажетті жеткілікті құқықтық негізі жоқ. Егеменді Мемлекет басшысының құзыры болып табылатын өкілеттіктерді жүзеге асыру қиын, Президенттің халық депутаттары облыстық Кеңестерімен байланыстары реттелмеген.

Президенттің іс жүзінде үкімет құзырындағы мәселелермен, күнделікті мәселелермен, жедел міндеттермен шұғылдануына тура келіп отыр. Үкімет, өз тарапынан, жоғары органдарға жалтақтай жұмыс істеуде.

Осыған байланысты республиканың жоғары лауазымды адамына қосымша өкілеттіктер беру объективті түрде қажет. Ол өкілеттіктердің құрамы «Қазақ КСР-інің Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ КСР Заңының сіздерге ұсынылып отырған жобасында келтірілген.

Республика Президентінің мемлекет пен ең жоғары атқарушылық билік басшысы міндеттерін ұштастыруы ұсынылып отыр. Жаңа жағдайларда ол экономиканы тікелей реттеу және нарыққа тән жаңа атқарушы-жарлықшы органдар құру мүмкіндігіне ие болады.

Жоғары мемлекеттік билік пен басқару органдарын қайта құру қажет. Президенттің орынбасары лауазымы вице-президент лауазымы етіп өзгертілуге тиіс. Қазақ КСР Министрлер Кеңесін Президенттің ұсынуымен республиканың Жоғарғы Кеңесі бекітетін Премьер-министр басқаратын Министрлер Кабинеті етіп қайта құрған жөн. Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасарлары лауазымдары жойылады.

Министрлер Кабинетінде жаңа нарықтық құрылымдарды ескере отырып, 31 министрлік қалады, 16 министрлік пен ведомство таратылады, ал қалғандары концерндер, қауымдастықтар және басқа қызмет нысандары етіліп қайта құрылады. Олардың аппараттарын мекемелердің өздері ұстайды.

Осындай жағдайда Қазақ КСР Президентінің аппараты мен республика Министрлер Кеңесінің Іс басқармасын қосып, Президент кеңесін құрған ұтымды сияқты. Бұл орайда аталған орган жұмысты атқарушылық қағида бойынша құруға тиісті.

Қазақ КСР Конституциясына сәйкес республика Президентінің жанынан Президенттік кеңес жұмыс істейді, оның міндеттері ішкі және сыртқы саясат қызметінің негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі шараларды әзірлеу болмақшы. Негізгі заңға сәйкес Президенттік кеңестің қызметі кеңес беруші сипатта болады және оның тікелей мемлекеттік басшылыққа қатысуы көзделмейді. Өмір бұл орган жұмысының тиімсіздігін көрсетті.

Республика Президенті өкілеттігінің кеңейтілуіне, сондай-ақ саяси плюрализм мен көппартиялылықтың дамуына байланысты Президенттік кеңестің құрамын жасақтау принциптерін өзгертудің объективті

қажеттілігі туып отыр. Халық депутаттары облыстық Кеңестерінің төрағалары қазір неғұрлым маңызды мемлекеттік шешімдерді әзірлеп, қабылдауға тікелей қатыспайтынын да атап өту қажет. Олардың саяси бағыттың жүргізілуіне және республиканың жоғары лауазымды адамының шешімдерінің орындалуына ықпал етуінің қолда бар мүмкіндіктері де жеткілікті дәрежеде пайдаланылмайды.

Республиканың алдында тұрған міндеттер, барлық қоғамдық күштерді топтастыру мен басқарудың аймақтық көзқарасын күшейту қажеттігі Президенттік кеңестің құрамына халық депутаттары облыстық Кеңестері төрағаларының енгізілуін талап етеді. Вице-президент пен Премьер-министр аталған кеңеске лауазымы бойынша кіреді. Президент кеңестің құрамына өзінің қалауы бойынша басқа адамдарды да енгізуге хақылы.

Нарық тетіктерін әзірлеу және халық шаруашылығының салаларын жаңа жағдайға жан-жақты дайындау жеткілікті дәрежеде белсенді түрде жүргізілмей отырғанын атап өту керек. Республикалық органдарда бұл жұмыстың кейбір бытыраңқылығы мен қосарлануы орын алып отыр.

Нарық қатынастарына көшу саясатын әзірлеп, жүзеге асыру Қазақ КСР Президенті үйлестіретін мемлекеттік басқарудың арнаулы міндеттері болуға тиісті.

Бірыңғай экономикалық саясатты іске асыру, барлық мемлекеттік басқару органдарының нарыққа көшу жөніндегі қызметін үйлестіру жарлықтар мен басқа да нормативтік сипаттағы құжаттардың жобаларын әзірлеу мақсатымен Қазақ КСР Президентінің жанынан арнаулы орган – Нарықтық қатынастарды енгізу жөніндегі жоғары экономикалық кеңес құру қажет. Ол мен-

шік қатынастары, бюджет-қаржы жүйесі, баға белгілеу, әлеуметтік жағынан қорғау проблемалары мен басқа да мәселелерді шешудегі көзқарастардың бірлігін қамтамасыз етуге тиіс. Іс-қимылдарды үйлестіру үшін кеңеске облыстардың өкілдері кіруі мүмкін. Нарық тетіктерінің енгізілуі барысын талдап, ұдайы бақылап отыру оның аса маңызды міндеттері болуға тиіс.

Жоғары экономикалық кеңес Қазақ КСР Президентінің Федерация Кеңесі жанындағы республикааралық экономикалық комитетпен, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың республикалық және облыстық органдарымен байланысын жүзеге асырады.

Министрліктер мен ведомстволардың, өзін-өзі басқаратын құрылымдардың қызметін үйлестіру үшін, сондай-ақ нарықтық қатынастарды дамытудың әзірленген стратегиясын жүзеге асыру үшін мемлекеттік кеңесшілер институты құрылады.

Белгіленіп отырған түбегейлі өзгерістердің басты мақсаты – әрбір тауар өндірушіге, меншік түрлеріне қарамастан, заң кепілдік еткен шаруашылық қызметінің бостандығын, толық экономикалық дербестік беру. Мұның өзі қазіргі кезде министрліктер мен ведомстволар атқаратын шаруашылықты жүргізу міндеттерінің көпшілігін тікелей өндірістік буынға беруді талап етеді.

Сонымен қатар, кәсіпорындар мен ұйымдарды министрліктер мен ведомстволардың тікелей бағыныстылығынан барынша шығарып, оларды коммуналдық меншікке тапсыру және оларға ведомстводан тыс мәртебе беру керек. Сонымен бірге, өндірісті ұйымдастырудың жаңа ілгерішіл формаларын: концерндерді, қауымдастықтарды, консорциумдарды, фирмаларды, салааралық және аумақтық бірлестіктерді ерікті негізінде құру үшін қажетті жағдайлар жасалауда.

Газ шаруашылығы, құрылыс материалдары индустриясы, мұнай өткізетін ұйымдар сияқты және басқа да кейбір салалардың әлеуметтік мәнділігін, оларды қаржыландырудың ерекше тәртібін және дамуын аумақтық тұрғыдан үйлестіру қажеттігін ескере отырып, тиісті министрліктер мен ведомстволар негізінде мемлекеттік концерндер құру белгіленіп отыр.

Республикада бірқатар салалардағы өндірістің шоғырлану деңгейі біршама жоғары болып отырған жағдайда жаңа ұйымдық нысандар, сондай-ақ шағын кәсіпкерлік пен кооперативтік қозғалысты мемлекеттің қолдауы өндірісті монополиясыздандыру жөніндегі маңызды шараға айналуға тиіс.

Нарыққа көшу жағдайында республикалық министрліктер мен ведомстволардың рөлі принципті түрде өзгеруде. Олар әміршілдік-бөлушілдік міндеттерден қол үзіп, өз қызметін өндірісті реттеудің экономикалық әдістерін әзірлеуге, оған ғылыми-техникалық, ақпараттық, коммерциялық және құқықтық қызмет көрсетуге, кадрлармен қамтамасыз етуге, нарық сыйымдылығына және бағаның өсуіне талдау жасауға, әділетті бәсекелестік үшін жағдайлар туғызуға жұмылдырып отыр.

Басқару органдарын түбегейлі қайта құру жөніндегі ұсыныстар министрліктерден, ведомстволардан, облыстардан келіп түскен пікірлер мен ұсыныстарды ескере отырып жүзеге асырылды. Бұл мәселелер Президенттік кеңесте, республика Жоғарғы Кеңесі комитеттерінің, Министрлер Кеңесінің, Мемлекеттік жоспарлау комитетінің, Мемлекеттік материалдық-техникалық жабдықтау бас басқармасының басшылары қатысқан жұмыс тобының мәжілістерінде талқыланды.

Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Баға жөніндегі мемлекеттік комитеті негізінде Экономика жөніндегі мемлекеттік комитет құру көзделуде. Оның негізгі міндеті республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуын жалпы болжау мен кеңінен жоспарлау, перспективалар мен халықшаруашылық басым бағыттарды, ұлғаймалы ұдайы өндірістің қарқынды мен тепе-теңдігін, жинақтау қоры мен тұтыну қорының арақатынасын, ғылыми-техникалық, инвестициялық саясаттың, халық шаруашылығын құрылымдық жағынан қайта құрудың басты бағыттарын анықтау болмақ. Комитет республикалық бағдарламалар, экономикалық нормативтер, баға белгілеу мен бағаны реттеудің бірыңғай принциптерінің әзірленуін қоғамды ақпараттандыру бағдарламаларының енгізілуі жүзеге асыруға тиіс болады.

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитет құру көзделіп отыр, оның негізгі міндеті мемлекет иелігінен алу мен жекешелеңдіру, мемлекеттік кәсіпорындарды меншіктің өзге түрлеріне негізделген акционерлік қоғамдар мен кәсіпорындарға айналдыру, оларды жалға беру бағдарламасын әзірлеп, іске асыру болмақ. Комитетке республиканың мүліктік құқықтары мен мүдделерін қорғау, мемлекеттік мүліктің құнын бағалау және оның пайдаланылу тиімділігін бақылау, сондай-ақ мемлекетке тиесілі акциялармен және басқа бағалы қағаздармен жасалатын барлық операцияларды орындау міндеттері жүктеледі.

Монополияға қарсы саясат жөніндегі комитет – мемлекеттік басқарудың жаңа органдарының бірі. Монополистік қызметке жол бермеу, оны шектеу және адалдықтан айныған бәсекені тыю жөніндегі шара-



ларды әзірлеу оның негізгі міндеттеріне жатады. Ол сондай-ақ монополияға қарсы заңдардың сақталуын және тауар рыноктарында үстем жағдайда болатын немесе сондай жағдайда болуы мүмкін шаруашылық жүргізуші субъектілердің құрылуына, таралуына және қайта құрылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

Комитет тиісті билік пен басқару органдарына тауар рыноктарын, кәсіпкерлік пен бәсекені дамытуға жәрдемдесу жөніндегі ұсыныстар, сондай-ақ монополияға қарсы заңдардың бұзылуын жою туралы орындалуы міндетті үкімдер енгізеді. Ол рыноктардың құрылымына, жай-күйіне және олардағы бәсекеге талдау жасаумен айналысуға, өндіріс пен айналымды монополиясыздандыру, жоғары дәрежеде монополияландырылған шаруашылық жүргізуші субъектілерді бөлу, қосарлас құрылымдар мен шағын кәсіпорындарды құрып, қолдау жөніндегі шараларды әзірлеуге тиіс. Комитет қызметінің бағыттарының бірі – шаруашылық жүргізуші субъектілердің тауар рыноктарындағы үстем жағдайына жол бермеу мақсатымен акцияларды сатуды және сатып алуды бақылау.

Оған заң шығару бастамашылығы және шаруашылық жүргізуші субъектілердің монополиялық қызмет немесе арам ниетті бәсеке нәтижесінде негізсіз алған кірісін қайтып алу туралы шешімдер қабылдау құқығы беріледі. Комитет монополияға қарсы заңдардың бұзылғаны үшін айып сала алады.

Қаржы министрлігі жаңа жағдайда республикалық бюджеттің құрылуы мен орындалуы, бюджеттік реттеудің бірыңғай принциптерін айқындау, одақтық және жергілікті бюджеттермен өзара іс-қимыл жасау мін-

деттерін орындайды. Бірыңғай бақылау-тексеру және аудиторлық қызмет одан әрі дамытылуға тиіс. Министрлік салық инспекциясының жұмысын ұйымдастырады, сондай-ақ Қазақ КСР Мемлекеттік банкімен бірлесіп құнды қағаздар нарығын қалыптастырады.

Келісім-шарттар, аймақаралық және республикааралық байланыстар жөніндегі комитет Қазақ КСР Материалдық-техникалық жабдықтау бас басқармасының, Аграрлық-өнеркәсіптік кешенді материалдық-техникалық жабдықтау бас басқармасының, Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеттің, Жеңіл өнеркәсіп министрлігінің Қазақ жеңіл өнеркәсіп жабдықтау-өткізу бас басқармасының негізінде өндіріс пен шаруашылық байланыстарды қолдау, мемлекеттік тапсырыстарды шарттық негізде орналастыру, олар бойынша берілетін өнімді бөлу және оның бағасын реттеу үшін құрылады.

Комитет мемлекеттік мұқтаждар үшін өнімге берілетін тапсырыстарды қалыптастыруда мемлекеттік делдал рөлін атқаруға, орындаушыларды таңдауға, мемлекеттік шарттарды әзірлеп, жасауға, сондай-ақ олардың орындалуын және нақты шарттар орындалмағанда санкциялар қолданылуын бақылауға тиіс. Оған республика атынан Одақтың және одақтас республикалардың осындай органдарымен, Қазақ КСР-інде орналасқан кәсіпорындармен оның мемлекеттік мұқтаждары үшін өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдер, жабдықтар мен машиналар, ауылшаруашылық өнімін беру және алу жөніндегі бас шарттар жасасу құқығы беріледі.

Мұндай басты шарттардың (келісім-шарттардың) мемлекеттік тапсырысты белгілеудің орын алып отырған әкімшіл-әміршіл жүйесінен түбегейлі айырмашылығы мынада: ондай шарттарды, әдетте, конкурстық негізде, ашық немесе жабық (шектелген номенкла-

тура бойынша) сауда-саттық өткізу, бағаның барлық түрлерін кеңінен қолдану жолымен жасасу көзделген.

Қазіргі кезде де жұмыс істеп тұрған Қазақ КСР-інің Сыртқы экономикалық байланыстар жөніндегі мемлекеттік комитеті оларды дамыту стратегиясын әзірлеуге, дүниежүзілік рынокта республика мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етуге, сыртқы экономикалық байланыстарға қатысушыларды тіркеуді жүзеге асыруға тиіс. Өтпелі кезеңде оған тауарлар экспорты мен импортына лицензиялар беру мен квоталар белгілеу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу жүктеледі. Ол республика аумағында жұмыс істейтін сыртқы экономикалық байланыстарға қатысушылардың бәрінің қызметін үйлестіруді күшейтуге, сондай-ақ шетелдік әріптестермен сауда-саттық, валюта-қаржы, ғылыми-техникалық ынтымақтастық орнату ісінде оларға көмек көрсетуге, қажет болған реттерде дүниежүзілік рыноктағы жағдай мен бағалар туралы хабар беруге тиіс.

Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеттің қызметі нарық талаптарын ескере отырып, одақтық және дүниежүзілік статистиканың бірыңғай әдіснамасы негізінде құрылуға тиіс. Сонымен бірге, республика халық шаруашылығы жұмысының жалпы нәтижелерін есепке алудың және атап көрсетудің жалпылама сипатынан арылу, арнаулы тексерулер жүргізуді, қоғамдық пікірді зерттеуді, әлеуметтік-экономикалық салада болып жатқан құбылыстар мен үдерістерді талдау мен бағалауды едәуір кеңейту қажет. Берілетін хабардың объективтілігі, бүкпесіздігі және түсініктілігі комитет қызметінің негізін қалаушы қағидасы болуға тиіс.

Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігін таратылатын Қазақ КСР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті мен Астық өнімдері министрлігінің негізінде ұйымдастыру ұсынылып отыр. Министрліктің міндеттері ауылшаруашылық және ұқсату кәсіпорындарының едәуір бөлігінің коммуналдық меншікке берілуін ескере отырып анықталуда.

Республикалық меншік құрамында өз өнімімен облысаралық және республикааралық қажеттерді қамтамасыз ететін кәсіпорындардың шектеулі тобын (жүнді алғашқы өңдеу фабрикаларын, қант зауыттарын, жекелеген ет комбинаттарын, құрамажем өнеркәсібі орындарын және басқаларын) қалдыру орынды деп саналды.

Бұл министрлікке жер пайдалану мен жерге орналастыру жөніндегі заңның сақталуына бақылау жасау; жер кадастрын әзірлеу; малдәрігерлік, карантин қызметтері жұмысының қажетті деңгейін қамтамасыз ету; ауылшаруашылық өнімінің сапасын бақылау міндеттерін жүктеу қажет. Министрліктің негізгі міндеттері ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін болжау және оны аграрлық-өнеркәсіптік салаларға енгізу, ауылшаруашылық өніміне баға белгілеудің икемді тетігін әзірлеу, ауылшаруашылық дақылдарының, мал мен құстың селекциясын жақсарту жөніндегі жұмысты үйлестіру; азық-түлік ресурстарының құрама баланстарын әзірлеу; ауылшаруашылық өнімін өткізудің сыртқы және ішкі рыноктарын зерттеу болып табылады.

Министрлік азық-түліктік астықтың мемлекеттік резервтерін қалыптастыруды, орналастыруды және сақтауды жүзеге асырады. Оның қызметінің маңызды бағыты ауылдың өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымының дамуын реттеу.

Өнеркәсіп министрлігі өнеркәсіптің барлық салаларын, соның ішінде базалық салаларды, мемлекеттік концерндерді және басқа да құрылымдық ұйымдарды дамыту саясатын жүзеге асырушы принциптік тұрғыдан жаңа мемлекеттік басқару органы ретінде құрылады.

Оның негізгі міндеттеріне республиканың «шикізат шылауы» ретіндегі жағдайын өзгертуді ескере отырып, облыстардың индустриялық дамуын реттеу және соған жәрдемдесу, өнеркәсіп өндірісінің құрылымын жетілдіру жатады. Шикізатты кешенді пайдалану, айналадағы ортаны қорғау, қорғаныс кәсіпорындарын конверсиялау бағдарламаларын әзірлеу мен жүзеге асыру министрлік қызметінің басты бағыты болады.

Осы орган қызметінің жаңа бағыты бәсекелестік пен іскерлік жағдайларын ынталандыру міндеттерін орындау, жұмыс күші мол аймақтарда қосымша жұмыс орындарының ашылуын, сондай-ақ баға белгіленуі мен сыртқы экономикалық байланыстардың дамытылуын ескере отырып, кәсіпорындарды қаржыландыру, несие-леуді, оларға салық салуды жетілдіру жөніндегі шаруаларды үйлестіру болады.

Көлік министрлігі республиканың теміржол, авиация, өзен және автомобиль көлігінің дамытылуын мемлекеттік үйлестіру; тиісті одақтық органдармен бірге бірыңғай нормалар мен ережелерді бірлесіп әзірлеу; жүк және жолаушылар тасымалдары мен көліктің барлық түрлерінің жұмысын үйлестіру; ғылыми-техникалық прогресс бағыттарын дамытуды болжау; саланың тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті ақпараттық қамтамасыз ету, салалық заңнаманы талдау, құқықтық және экономикалық режімдер жасау міндеттерін орындауға тиіс.

Сонымен бірге, темір жолдар мен азаматтық авиация басқармасы республикалық меншікке беріліп, дербес шаруашылық кешендері мәртебесін сақтайды деп көзделуде, мұның өзі оларды одақтық органдармен бірлесіп басқаруды жоққа шығармайды. Автомобиль және қалалық электр көлігі, оларға күтім жасайтын кәсіпорындар коммуналдық меншікке беріледі.

Сәулет және құрылыстағы техникалық саясат жөніндегі мемлекеттік комитет сәулет өнері мен қала құрылысында, құрылыс индустриясында бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асыруға, салынуы белгіленген кәсіпорындар жобаларының сараптамасына қатысуға, барлық құрылыс ұйымдары үшін міндетті ортақ нормалар мен ережелер әзірлеуге тиісті. Қалалар мен елді мекендерді дамытудың басты тәсілдерін әзірлеу соның құзырында болады. Сонымен қатар, комитетке құрылыс өндірісіндегі инвестициялардың тиімді бағыттарын үйлестіру мен анықтау міндеттері жүктеледі.

Жаңадан құрылған Геология және жер қойнауын қорғау жөніндегі мемлекеттік комитет саланы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыруға және жер қойнауын жан-жақты зерттеуді, оны ұтымды пайдалану мен қорғауды; пайдалы қазбалар кеніштерін, гидроминералдық ресурстарды қоса, техникалық жағынан негізделген түрде қазып алуды, жерлерді баптау мен қалпына келтіру жөніндегі жұмыстың жүргізілуін бақылауды қамтамасыз етуге тиіс. Комитетке пайдалы қазбалардың мемлекеттік қорларын есепке алу, оларды тиімді пайдалану жүктеледі. Оған республика аумағында орналасқан барлық геологиялық кәсіпорындар мен ұйымдар беріледі.

Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитет құру ұсынылады. Республиканың көптеген аймақтарында халық шаруашылығын одан әрі дамыту қазірдің өзінде судың тапшылығынан тежелуде. Жер бетіндегі ағын суды пайдалануды молайту мүмкіндігі іс жүзінде сарқылды. Комитеттің негізгі міндеттеріне мемлекеттік су қорын тиімді басқару; суды сарқылу мен ластанудан қорғауды жүзеге асыру; су шаруашылығын дамытудың бірыңғай стратегиясы мен ұзақ мерзімді бағдарламаларын әзірлеу, экономика салалары мен халықтың мүдделері үшін ресурстарды нормалаудың, пайдаланудың және суды бөлудің жіті тәртібін белгілеу жатады.

Таратылатын Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мемлекеттік комитеттің негізінде Еңбек министрлігін құру қажет. Жұмыс күші рыногын қалыптастыру және реттеу, халықтың көшіп-қонуы үдерісін мемлекеттік басқару, кадрларды даярлауды ұйымдастыру оның негізгі міндеттері болмақ.

Министрлікке еңбекпен қамтудың мемлекеттік қызметін қалыптастыру және басқару, жұмысқа орналастыру, әсіресе, жастарды, әйелдерді, мүгедектерді жұмысқа орналастыру проблемаларын шешу; қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру; еңбекке төленетін ақынның ең төмен деңгейін айқындау; халықтың әлеуметтік қорғалуы жөніндегі шараларды әзірлеу міндеттері жүктеледі.

Әділет министрлігіне жаңа міндеттер жүктеледі. Республика Жоғарғы Кеңесінің, Қазақ КСР Президентінің тапсыруы бойынша заң жобаларын әзірлеу, әлеуметтік-құқықтық жағдайға талдау жасау және оны болжау, ведомстволық нормативтік актілерді сараптау, заң жобаларын жүйелеу және кодтау, сот-сарап меке-

мелерін басқару оның басты міндеттері болмақ. Министрлікті сот қызметін ұйымдық жағынан басқарудан босату көзделіп отыр.

Министрлер Кабинетінің құрамында төтенше жағдай жөніндегі комиссия құрылады.

Халықтық бақылау комитеті қазіргі түрінде өзінің жұмысын тоқтатады, Қазақ КСР Мемлекеттік бақылауы құрылады. Қазақ КСР заңдарының, Жоғарғы Кеңес қаулыларының және республика Президенті Жарлықтарының орындалуын тексеру; бюджет қаржысының жұмсалуын, сондай-ақ басқару органдары қызметінің тиімділігін бақылау жаңа органның негізгі міндеттері болуға тиіс. Мемлекеттік бақылауға заңды тәртіппен тиісті өкілеттіктер мен құқықтар беру қажет. Ол Қазақ КСР Президенті мен Жоғарғы Кеңесіне жүргізілген тексерулер мен зерттеулердің нәтижелері бойынша өз қорытындылары мен ұсыныстарын, сондай-ақ жарты жылдық есептерін табыс етеді.

Жұмыс істеп тұрған Әлеуметтік қамсыздандыру, Халыққа білім беру, Денсаулық сақтау, Сыртқы істер, Автомобиль жолдары, Сауда, Ішкі істер министрліктерін, Дене тәрбиесі және спорт жөніндегі мемлекеттік комитетті, Мемлекет қауіпсіздігі комитетін сақтау ұсынылады. Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитет нарықтық экономика жағдайында мемлекеттік басқару мен реттеу жөніндегі міндеттерді тиісінше қайта қарай отырып, Мәдениет министрлігі болып қайта құрылады. Сонымен бірге, Мемлекет қауіпсіздігі комитеті мен Ішкі істер министрлігін біріктіріп, республиканың Мемлекет және қоғам қауіпсіздігі комитетін құру жөнінде ұсыныс бар.



Сонымен қатар, Министрлер Кабинетіне кірмейтін бірқатар республикалық мемлекеттік басқару органдарын сақтау ұсынылып отыр. Бұл органдардың міндеттері де өзгертілуге тиіс.

«Ар-ұждан бостандығы мен діни ұйымдар туралы» КСРО Заңының қабылдануына сәйкес мемлекет пен діннің өзара қатынастарын қайта қарауымыз керек. Бұрын жол берілген қателіктер жалпы жұртқа мәлім. Сондықтан КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі кеңестің Қазақ КСР-індегі уәкілі ретінде жұмыс істеп тұрған мемлекеттік органның мәртебесін арттыру мақсатымен республика Президентінің аппаратында тиісті құрылымдық бөлімше құру ұсынылады. Адамды адамгершілік жағынан жаңарту, халықты өзінің сан ғасырлық мәдениеті мен тарихына баулу ісінде атқарып отырған діннің рөлімен біз санаспай отыра алмаймыз. Діннің бітімгершілік әлеуетін, оның қоғамдық келісім мен топтасуға жетудегі мүмкіндіктерін ескеру керек.

Осы ұсыныстарда министрліктер мен ведомстволардың құрылымы мен міндеттеріндегі ең елеулі деген өзгерістер бейнеленген, халық шаруашылығының нарықтық қатынастарға кіруіне қарай олардың анықтала түсуі де мүмкін. Олардың міндеттеріне белгілі бір түзету одақтық, республикалық және коммуналдық меншікті бөлу мәселесінің шешілуі мен республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастырудың ретін анықтаумен тығыз байланыста жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттік билік пен халық шаруашылығын басқару органдарын қайта құру, тіпті басқарудың жаңа ерекше нарықтық органдарының құрылуын ескергеннің

өзінде, оларды ұстауға жұмсалатын республикалық және жергілікті шығындарды шамамен төрттің біріндей қысқартуға мүмкіндік береді.

Кадрлармен қамтамасыз ету проблемасын шешпейінше, қызметкерлердің психологиясы мен сана-сезімін түбірінен өзгертпейінше, халық шаруашылығын тұрақтандыру және нарықтық экономикаға көшу жөнінде республика алдында тұрған міндеттерді орындау мүмкін емес. Басшының беделін, мемлекеттік қызметшілердің мәртебесі мен жауапкершілігін қалпына келтіру, ең бастысы – билік пен басқару органдарының аппаратын нарықтық экономика жағдайында шығармашылықпен және ынталы жұмыс істеуге қабілетті, жоғары білікті кадрлармен толықтыру қажет. Оларға баға берудің негізгі өлшемі түпкі практикалық нәтижелер болмақ.

### **Депутат жолдастар!**

Осыншалықты ауқымды өзгерістерді жүзеге асыру үшін Қазақ КСР-інің Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет, өйткені біз республикадағы билік пен басқару органдарының қазіргі өкілеттіктерін түбірінен қайта қарап жатырмыз.

Сіздерде бұл мәселе бойынша заң жобасымен танысу мүмкіндігі бар. Мен оның түйінді жақтарына тоқтала кетейін.

Қазақ КСР Президенті Мемлекет басшысы ғана емес, сондай-ақ оның ең жоғары атқарушы билігінің басшысы болып табылады деп көзделген. Мұның өзі оның Министрлер кабинетінің қызметіне тікелей басшылық етіп, бақылайтынын білдіреді. Президенттің өкілеттіктеріне

Премьер-министр мен кабинет мүшелерін тағайындау және босату, комитеттер мен ведомстволарды құру және тарату енгізілген.

Әрине, барлық осы мәселелердің шешімі бақылаусыз болмауға тиіс. Заң жобасында Президенттің маңызды мәселелер бойынша Жарлықтарын республика Жоғарғы Кеңесі бекітуге тиіс деп көзделген.

Президенттің қосымша өкілеттіктері арасында заң жобасында Жоғарғы Кеңестің сессиялары аралығындағы кезеңде Қазақ КСР-інің заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы жарлықтар шығарылып, оларды Жоғарғы Кеңестің бекітуіне беру құқығы көзделген.

Бұл құқық меншік қатынастары, халық шаруашылығын басқаруды ұйымдастыру, еңбекке ақы төлеу мен баға белгілеу, құқық тәртібін нығайту мәселелері бойынша нормативті актілерді шұғыл түрде шығаруға байланысты қажет болып отыр.

Өтпелі кезеңде республикалық және жергілікті биліктің өзара байланыстарын күшейту мақсатымен, бұл жайында бұрын да айтылған болатын, заң жобасында Президентке облыстық Кеңестің төрағасы қызметіне кандидатура ұсыну құқығы, сондай-ақ төраға өзінің қызмет бабындағы міндеттерін тиісінше орындамаған немесе беделін түсіретін теріс қылықтар жасаған жағдайда оны атқарып отырған қызметінен мерзімінен бұрын босату туралы ұсыныс жасау құқығы беріледі. Әрине, мәселенің түпкілікті шешімі Кеңестің өзінде болып келді және солай болып қала береді.

Бүгінгі таңда Кеңестердің басшылығына жаңаша ойлайтын, өзіне жауапкершілік алудан қорықпайтын, бірақ бұл орайда тек өз аумағының ғана емес, сонымен

бірге, бүкіл республиканың игілігі үшін іс-қимыл жасайтын адамдар келуге тиіс десем, халық депутаттары менімен келіседі ғой деп ойлаймын. Орталық органдар шешімдерінің, оның ішінде Жоғарғы Кеңес қабылдайтын заңдардың орындалмауына бұдан былайғы жерде төзуге болмайды.

Министрлер Кабинетінің құзыреті, оның ұйымдастырылуы мен қызметінің тәртібі «Қазақ КСР Министрлер Кабинеті туралы» Заңда айқындалуға тиіс, оны әзірлеуге дереу кірісу қажет.

Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарын түбегейлі түрде қайта құру жөніндегі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне ұсынылып отырған шараларды жүзеге асыру республика экономикасының бұдан былайғы жерде тұрақсыз саяси ахуал, құқықтық нигилизм және митингілік демократия жағдайында қалыпты жұмыс істеп, дами алмайтынына тікелей байланысты. Экономиканың жітілік пен тәртіпті, билік пен басқару органдарының іс-қимылдарындағы жауапкершілік пен жүйелілікті талап ететін өз заңдары мен қағидалары бар.

Қалыптасқан жағдай қайта құру үдерістерін кешелдетуге мүмкіндік бермейді, жауапты шешімдер қабылдауды талап етеді. Қазіргі кезең қиын, серпінді кезең, ол ырғалып-жырғалуды көтермейді. Осыған байланысты Жоғарғы Кеңестен Президенттің Жарлығымен қараша айының басында-ақ жекелеген жаңа ведомстволардың басшыларын тағайындауға өкілеттілік берілуін сұраймын. Әңгіме монополияға қарсы, мемлекеттік мүлікті басқару, келісім-шарттар жөніндегі комитеттер, өнеркәсіп министрлігі туралы болып отыр.

Біз Қазақстанда билік пен басқарудың соншалықты түбегейлі реформаларын тұңғыш рет жүргізбек болып

отырмыз. Алда жан баспаған жолдар, біздің баршамыз үшін көп ретте таныс емес жұмыс күтіп тұр. Бірақ біз республика халқының тұрмысын жақсарту үшін оған кірісуге белді бекем будық. Сөйтіп, біз халық алдында аса зор жауапкершілікті мойнымызға аламыз. Сіздердің қолдауыңыз бен көмегіңізге үміт артамын, құрметті депутат жолдастар.

КСРО халық депутаттарының  
IV съезінде

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Мәскеу қаласы,  
1990 жылғы 18 желтоқсан

**Құрметті халық депутаттары!**  
**Құрметті Президент!**

Көптеген парламент тілшілеріне соншалықты ұнап қалған астарлы сөзді тағы да бір қолданып қалмақпын. Иә, біздер айтарлықтай кең, бәлкім, сондықтан да болар, тым шабан әрі икемсіз кемемізде осымен төртінші рет жиналып отырмыз. Егер бұрын саяси теңіз сәл ғана толқып жатқан болса, қазір өте қатты буырқанып, тіпті шамырқанып тұр. Жол бастаушының сенімсіздігін көрген команданың бір бөлігі басқару тізгінін қолына алып, бағытты өзгертуге тырысып отырғанына таңдануға бола

қояр ма екен? Екінші бір бөлігі жүзу сапарын дербес жалғастыруға үміттеніп, құтқару қайықтарына мінуге асығып жатыр. Ал үшінші бөлігі біз әлі де болса оншалықты ұзай қоймаған ескі жағалауға қайтып оралуға көп үміт артып отыр.

Бұған Брежневтің бұрынғы серіктері арасындағы жандану дәлел бола алады. Біз 6 жылдан бері табан тіресе күресіп келе жатқан әміршіл-әкімшіл жүйенің қанаты қайырылғаны тек елес қана ғой. Ол әлі де сынған емес. Орталық аппараттың қатаң уысы босаңсып, республикалардың жария етілген егемендігі ведомстволардың тастүйін айқындамаларын шайқалта алды ма? Ашығын айтайын, біздің егемендігімізге олар түкірмейді де. Сыртқы экономикалық қызмет бұрынғысынша солардың қолында, біздің валюта табу әрекеттерімізге үкімет әзірлеген экономикалық заңдар, күштейтін Президент Жарлықтары бұрынғысынша тосқауыл болуда. Заңдастырылған тонауға көніп, өзі тапқан валютаның 95 %-ын мемлекетке беретін аңғал атымтайды қайдан табуға болатынын айтыңыздаршы? Нарыққа көшудің жалпы ешқандай бағдарламасын қабылдамай, нақты жоспарды ешқандай міндет жүктемейтін негізгі бағыттармен ауыстырып, біз жеңіліске ұшыраған жоқпыз ба?

КСРО Министрлер Кеңесінің соңғы әрекеттерін жалпы алғанда еліміздің бірыңғай экономикалық кеңістігін бүлдіруге бағытталған ашықтан-ашық диверсиямен ғана салыстыруға болады. Мен шикізат ресурстарына нақты көтерме сауда бағаларын енгізу, ауылшаруашылық өнімін сатып алу бағасын арттыру және салық салудың жаңа тәртібі туралы айтып тұрмын, сол бойынша кәсіпорындар (бәлкім, кейбіреулер

білмейтін шығар) келесі жылы пайдадан 98 % салық төлеуге тиіс болады.

Гәп тіпті барлық осы актілердің республикаларға елеулі экономикалық нұқсан келтіріп отырғанында да емес. Басқа бір нәрсе – үкіметтің бөлшек сауда бағаларын аймақтардың қарауына беруі әлдеқайда қауіпті. Мұның неліктен істеліп отырғаны түсінікті: қақпақыл ойнаудың қандайы болсын халық арасында абырой әпермейді. Міне, сондықтан да үкімет жауапкершілікті республикаларға жүктеуге тырысуда. Бірақ, айталық, Өзбекстанда бір баға, Қазақстанда басқа баға, ал Ресейде үшінші баға болса, елде қандай алыпсатарлықтың басталатынын, халықтың иығына қандай қосымша ауыртпалық түсетінін көз алдыға елестету оңай.

Мүлдем ашық айтатын мезгіл жетті: экономикалық реформаны жүзеге асырудағы қателіктер елді оның тарихында болып көрмеген, келесі жылы басталатын дағдарыс шебіне жеткізді. Біз өз Президентіміздің дипломатиялық дарынын бағалаймыз, бірақ сол дарынды батыл іс-қимылдарға нұқсан келтіре отырып үсті-үстіне пайдалану ащы жемісін бере бастағанға ұқсайды. Үкіметтің нарыққа көшу жөніндегі өлі туған бағдарламасына үкіметтің беделін сақтау үшін жасанды түрде жан бітіру – тіпті де мәз боларлық мәміле емес. Жабы ат пен сұлу құралайды бір арбаға жегуге болмайтыны белгілі ғой. Ал біз болсақ, бүкіл болмысы бір-біріне қарама-қайшы екі жақты «құдаластырып», енді табиғатқа қайшы некенің салдарынан, былайша айтқанда, қандай құбыжықтың пайда болатынын күтіп отырмыз.

Саяси ептеп-септеушілік біздің нарықтық экономикаға қарай алға басуымызды құр елеске айналды-



рып отыр. Еліміз миллиардтаған несие алып жатыр, ал олардың орынды пайдаланылатынына ешқандай кепілдік жоқ. Біз нарыққа даярлығы мол, нарықтық қатынастарды бүге-шігесіне дейін білетін адамдарсыз нарыққа қадам басып отырмыз. Экономикадағы мұндай жауапсыздыққа тіпті тоталитарлық жүйе де бара алмас еді. Естеріңізге түсіріңіздерші, индустрияландыру қарсаңында жүздеген кеңес инженерлері тағылым алу үшін батыс елдеріне жіберіліп, біздің өнеркәсіп орындарымызда соншама шетелдік мамандар жұмыс істеген еді ғой. Ұзақ мерзімді іскер перспективаға емес, қайта әп-сәттік экономикалық сұғанақтыққа бағдарланған отандық кәсіпкерліктің тым тұрпайылануына таңдану қажет пе?

Өзімді жұрттың дұрыс түсінгенін қалаймын және анық болуы үшін айтайын: стратегиялық тұрғыдан мен М. С. Горбачевтің бағытына қосыламын, бұл жөнінде өзімді оның серігі деп санаймын және осы ұстанымда нық тұрмын. Алайда қайта құру саясаты, менің ойымша, ел ішінде тактиканы өзгертуді, аса маңызды бағыттарда батыл іс-қимылдар жасауды талап етеді. Демократияландыру туралы әсем сөздердің сірнесіне қақалған еліміздің ырзық іздеп, Еуропаның бай «дастарқандарына» телміре бастаған саясатпен келісе алмаймын.

Жәбір шегіп, қорлық көрген халық мынаны сұрауға хақылы: біздің машина жасау саламызды жаңғырту жөніндегі уәденің және соншалықты кеңінен жарнамаланған конверсияның жемісі қайда? Ғылыми-техникалық прогрестің өз кезінде белгіленген бағдарламасының нақты нәтижелері қайда? Қаулы арқылы бөлінген және ұқсату өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын дамытуға жұмсалады дейтін 77 млрд сом қайда? Біз қайта құруды

бастаған осы практикалық қадамдар әбден дұрыс болатын. Алайда ізгі ниеттер, құмға сіңгендей, саяси көпірме сөздің астында қалды.

Бүгінгі таңда қорғаныс кәсіпорындарының таңдаулы инженерлері, ең білікті жұмысшылары қарапайым кәстрөлдерді қалай шығарамыз деп бас қатыруда. КСРО Мемлекет қауіпсіздігі комитеті Батыста шығарылатын қарапайым халық тұтынатын бұйымдар көрмесін әзірлегенін айтсам, мемлекеттің үлкен құпиясын ашпаспын деп ойлаймын! Көрме шынында да көз тартады. Мемлекет қауіпсіздігі органдары осындай істермен шұғылдана бастаған болса, бізге Министрлер Кеңесінің аппараты не үшін керек? Бұл туралы айту ұят әрі жанға батады.

Осыған байланысты мынаны сұрағым келеді: жіберілген қателерді нәтижесіз сынаумен және өзімізді өзіміз кінәлаумен біз әлі қашанғы айналыса бермекпіз? Мына съезде біз осы сұрақтарға жауап алуымыз керек. Егер баға қымбаттайтын болса, өтем бола ма? 1991 жылға Одақ пен республикалардың бюджеті қандай болмақ? Біз нарықтық экономикаға жалпы алғанда көшеміз бе? Әзірше жауаптар жоқ. Нарыққа көшуді қазіргі үкіметке сеніп тапсыру – істі күні бұрын «көрге тығу» деген сөз. Нарықтық қатынастарды жасау – оған мүлдем жат міндет.

Сондықтан батыл қадам жасап, ақыл-парасатқа және Шаталин-Явлинский бағдарламасының тұжырымдамасына қайтып оралып, оны қабылдауға шақырамын. Әлбетте, пысықтау арқылы ғана: жағдай қыркүйектен желтоқсанға дейін өзгерді. Айтпақшы, Явлинский жолдастың орнынан түсу жөніндегі өтінішін ақыр соңында біздің үкіметімізге мүлдем сөз өтпейтініне жұртшылықтың назарын аударудың жанкешті әрекеті деп бағалау керек.

Соңғы кезде «егемендіктер шеруі» дейтіндер жөнінде көптеген мысқылдар айтылып жүр. Иә, шеру болып өтті, бірақ одан тек жершілдіктің, тек қана шамшылдық мүдделер белгісін көріп, сол үдерісті туғызған терең себептерді байқамай отырғандар қатты қателеседі. Ал себептер орталық биліктің дәрменсіздігінде, өздерінің өктемшіл құқықтарынан айрылғысы келмей отырған ведомстволардың менмендігінде жатыр. Экономиканың қожырауы да, қылмыстың өсуі де, ұлтаралық жанжалдар да, қан төгілуі де содан. Өздерін орталықтың тұрақсыздандырушы саясатынан аздап болса да шектеуге тырысып отырған республикаларға тас лақтыруға бола ма? Төніп келе жатқан аласапыран кезінде өзін өзі сақтаудың қалыпты сезімдерін көрсетіп отырғаны үшін ғана оларды жікшілдер деп айыптауға бола ма?

Одан да зорын айтайын: өткен ондаған жылдардың ішінде орталықтың ұйымдастырушылық рөліне үйренген біздер егемендік туралы декларациялар барынша тиімді бола алатын, көлбеу байланыстар бұзылуының қар көшкініндей екпінді үдерісін тоқтата алатын сәтті өткізіп алдық. Республикалар ендігі жерде одан әрі күте алмайды, олар дербес іс-қимыл жасап, Одақ үшін жауапкершілікті өзіне алып отыр. Олардың саяси және экономикалық дербестігі – әрбір республиканың жеке-жеке және барлық республикалардың бірге қалыпты дамуының бірден-бір ықтимал жолы.

Мен, мысалы, біздің Одақ ыдырай бастады дегенді естіген кезімде үрейге берілуге бейім емеспін. Бұл үшін орталықты тым қатты кінәлауға да бейім емеспін. Неліктен? Өйткені ерте ме, кеш пе, мұндай нәрсе болуға тиіс еді. Іргетасы дұрыс қаланбаған ғимарат ұзақ тұра алмайды және 1985 жылғы сәуірдегі қисынды ойдың алғашқы самалы бізге осыны көрсетіп берді.

Біздің ортақ үйіміздің дұрыс, іс жүзіндегі лениндік жобасын қолынан ештеңе келмейтін прорабтар жүзеге асырып келді. Өйткені орталықтың төңірегіне республикалар бірікпей, қайта республикаларды өзіне орталық байлаған болатын. Міне, сондықтан да қазір ыдыраудың объективті үдерісі өтіп жатыр. Және, сонымен бірге, жаңа Одақ пайда болып келеді, бұл, сірә, біздің күнделікті күйкі өміріміздегі ең жарқын оқиға болар. Мен бір-бірінің егемендігі танылған, қалыптасқан шекаралары қуатталған, ең тиімді тікелей экономикалық байланыстар орнатылып, әрбір жақтың мүдделері үйлестіріліп жатқан республикалар арасындағы шарттарға қол қойылуын айтып тұрмын. Жаңа Одақтық шарттың негізі, біздің жаңарған Федерациямыздың іргетасы, негізгі құрылымдары нақ сол құжаттар екеніне кәміл сенемін, Қазақстан осындай Федерацияны жақтайды.

Республикалар екіжақты, көпжақты шарттармен өздерін орталыққа қарсы қойып отыр деген сөздер бар. Ал біз бұған дау айтпаймыз: шынында да қарсы қойып отыр. Бірақ нақ тоталитарлық, бәрін де, барлығын да басып-жаныштайтын, әміршіл-әкімшіл жүйенің бейнесі болып табылатын, елді терең тұйыққа тіреген орталыққа қарсы қойып отыр. Ал тұйықтан шығатын жол біреу – артқа қарай жүру. Сондықтан біз талай ондаған жылдар бойы көз жұмып сеніп келген, соңғы уақытқа дейін мызғымай тұрған шындықты кері қарай оқу керек. Сонда бәрі де орын-орнына келеді: республикалардың қалай өмір сүруі керегін орталық айқындамайды, қайта орталықтың қандай болатынын, оған қандай өкілеттіктер беру керек екенін республикалар шешеді.

Біз Одақтық шарттың нақты мазмұнын бірлесіп анықтауымыз керек. Бірақ жарыссөздің қай кезінде болсын, түпкілікті шешім әзірлеудің қай сәтінде болсын оның басты мақсатын ұмытпайық. Ол, меніңше, былай тұжырымдалуға тиіс: біздің көпұлтты елімізді, егемен мемлекеттер одағын интеграция, рухани бірлік, біздің барлық халықтарымыздың саяси, әлеуметтік-экономикалық топтасуы жолында батыл түрде жаңарту керек.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің  
ІІІ пленумында

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,  
1991 жылғы 9 ақпан

### Жолдастар!

Бүгін таңда әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандырудан асқан маңызды міндет жоқ. Жағдайға нақты баға бере отырып, еліміздің бірқатар аймақтарында қоғамдық-саяси жағдайдың ушығуынан экономикадағы дағдарысты құбылыстардың күшейе түскенін және осы келеңсіз үдерістің табиғи салдары ретінде еңбек және өндірістік тәртіптің құлдырағанын атап көрсетуге тура келеді.

Экономикалық өзара байланыстардың бұзылуы, шарттық міндеттемелердің ұдайы орындалмауы респу-

бликаның халықшаруашылық кешенін елеулі шығынға ұшыратты. Өткен жылы бізде ұлттық табыстың, өнеркәсіп өндірісі көлемінің, қоғамдық еңбек өнімділігінің, алынған пайданың көптеген жылдар ішінде тұңғыш рет кемуіне жол берілді. Күрделі қаржының көлемі, негізгі қорлардың, оның ішінде тұрғын үйлердің, жалпы білім беретін мектептердің, ауруханалардың іске қосылуы қысқарды. 1989 жылғымен салыстырғанда ет пен жұмыртқа аз өндіріліп, мал мен құс кем сатып алынды.

Қабылданып жатқан басқару шешімдерінің жартыкештігі, көрінеу дәйексіздігі де жағдайды ушықтырып отыр. Олар жағдайды жақсартудың орнына халық шаруашылығындағы үйлесімсіздіктің одан әрі күшеюіне, нарық пен ақша айналысының теңдестірілмеуіне, жаппай жайлаған тапшылыққа апарып соқтыруда. Мұның бәрін республиканың әрбір облысы, қаласы мен ауданы, әрбір тұрғыны қатты сезініп отыр. Билік құрылымдары, әсіресе, атқарушы билік қызметінің деңгейі осы кезге дейін төмен болып отырғаны да адамдардың назарынан тыс қалмайды. Республикада да, жалпы елімізде де экономиканың теңдестірілмеуінің ең басты себебін мен нақ соның әлсіреуінен деп білемін.

Жершілдік, жауапсыздық біздің өміріміздің сипатты құбылыстарына айналды. Бәрі де өнімді, тауарларды, материалдарды және басқаларды дер кезінде және толық көлемде тек өздеріне берілуін ғана талап етеді, ал олар өз өнімін өндіруге, өз өнімінің жеткізілуін қатаң орындауға мүлдем қамқорлық жасайтын емес. Турасын айтсам, бүгінгі таңда, шаруашылық кешені аласапыран жағдайға душар болып отырған кезде өзіңнің қарекетсіздігіңді ақтау өте оңай. Өзінің жақсы жұмыс істеуіне бөгет жасап отырған «объективті проблемалар» дей-

тіннің толып жатқан дәлелдерін «тоғыту» кез келген басшыға түкке тұрмайды. Проблемалардың, оның үстіне аса өткір проблемалардың бар екеніне дау жоқ. Бірақ билік берілген басшылардың міндеті осы проблемаларды жеңе білуінде емес пе? Әйтпесе олардың тіпті қажеті не?

Барлық мәселе кейбір адамдардың өз күш-жігерін өзінің қанағаттанғысыз қызметін ақтайтын себептерді іздестіруге жұмсауында, ал басқа біреулердің қиындықтарды жою жолдарын тауып, табысқа қол жеткізуінде болып отыр. Жұмыстың осындай екінші, нағыз сындарлы үрдісін ұстанған адамдар бүгін таңда бізге жетіспей жатыр.

Айтпақшы, республика Жоғарғы Кеңесінің кезекті мәжілісінде осы жайында риясыз әңгіме қозғалды. Біз жергілікті жерлерде атқарушы өкімет билігін батыл күшейтуіміз, сонымен бірге, жергілікті коммунист басшылардың жауапкершілігін де арттыруымыз керек. Осыған байланысты Жоғарғы Кеңестің алдағы сессиясының күн тәртібінде жергілікті өзін-өзі басқару туралы мәселе тұр. Егер біз осы салада тиісті тәртіпті жолға қоймасақ, онда өзіміздің азық-түлік рыногымызды да біржолата қожыратамыз, қазақстандықтардың тамақтануын нашарлатамыз. Оның неге апарып соғатынын сіздер жақсы түсінесіздер. Сондықтан республика Президентінің мемлекеттік тапсырысты әрбір шаруашылыққа жеткізу және азық-түлік беру жоспарын орындамайтындарға қатаң айып санкцияларын қолдану туралы арнаулы қаулысы әзірленді. Бүгінде көкейкесті қажеттілік болып табылатын бұл шараларды партия органдары қолдауға тиіс деп ойлаймын.



Сонымен қатар, бүкіл билікті халық депутаттарының Кеңестеріне беру үдерісінің қаншалықты қиыншылықпен өтіп жатқанын көрмеуге болмайды. Бұл жағдайда барлық деңгейдегі партия комитеттерінің экономиканың көкейкесті проблемаларын шешуден шет қалуға ешқандай да хақысы жоқ. Орталық Комитеттің, облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының басты назарында халық шаруашылығы салаларының құрылымын жетілдіру, шикізаттық бағытты түпкі өнім шығаруға қайта бағдарлау есебінен сенімді экономикалық база жасауға байланысты мәселелер, еңбек өнімділігін түбегейлі арттыру мен өнім сапасын жақсарту, ғылыми-техникалық прогресті енгізу, шарттарды дер кезінде жасасу мен орындау болуға тиіс.

Әлбетте, біз мұны әміршіл-әкімшіл жүйеге қайтып оралу немесе партия комитеттерін өкімші-шаруашылық міндеттеріне «тартудың» кері үдерісінің басталуы деп түсінбеуге тиіспіз. Әңгіме экономикалық қатынастарды кешенді тұрғыдан жаңартудың және оларды жергілікті нақты жағдайды негізге ала отырып жетілдірудің пәрменді жолдарын іздестіру жайында болып отыр. Меншіктің сан алуан және тең құқылы түрлерін қалыптастыру, адамдардың тапқырлығы мен іскерлік белсенділігін дамыту үшін барлық жағдайларды жасап, түпкілікті нәтижелер үшін олардың жауапкершілігі мен материалдық мүдделілігін арттыру қажет.

Әрбір партия комитеті, барлық коммунистер мен бүкіл актив партияның экономикалық саясатын нақты жүзеге асырумен тікелей шұғылдануы керек, дағдарыстан шығудың бірден-бір дұрыс жолы – нарықтық қатынастарға адамдарды әзірлеу мақсатымен кең көлемді

түсіндіру жұмысын жүргізуі керек. Мұның өзі КОКП XXVIII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVII съезінің шешімдерінен туындайтын біздің тікелей міндетіміз. Сол шешімдерде нарықтық экономикаға көшу жөніндегі басты бағыттың айқын қолдау тапқаны, елімізде және республикада нарыққа көшудің бағдарламасы бекітілгені мәлім. Бұл бағыттағы алғашқы қадамдар қазірдің өзінде жасалды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі түбегейлі экономикалық реформаға жол ашқан бірқатар аса маңызды заңдар қабылдады. Демек, коммунистердің, барлық еңбекшілердің белсенді қызмет етуі үшін негіз қаланған. Түпқазық бар, соған сүйене отырып, өнімді жұмыс істеуге, адамның бойында өз тағдыры мен әл-ауқатының қожайыны сезімін тәрбиелеуге, экономикадағы монополизмге және біркелкілікке қарсы белсенді түрде күресуге болады.

Бастапқы жақсы жағдайлар жасалғанына қарамастан, біз бір орында бұрынғысынша неліктен тапжылмай тұрмыз? Тұрғын үйлерді, ұсақ кәсіпорындарды жеке меншікке беру туралы айтпағанның өзінде, нағыз жалгерлік, кооперативтік, шаруа қозғалысы және басқалары неліктен тежеліп отыр? Кейбір партия, шаруашылық басшыларын тыңдап көрсең – оларды тіпті «қайта құру бұлбұлдары» деп қаласың, реформаларды сөз жүзінде бәрі де жақтап, оларға бірде-біреуі қарсы шығып отырған жоқ. Адамдар оларға сеніп, жақсы өзгерістер болатынына үміттенеді. Іс жүзінде ешқандай нақты қадамдар жасамастан, сол сенімді қашанғы сынап беруге болады! Ұлтарақтай жерді, паштаразды, дүкенді, кәсіпорынды жалға алғысы келген қатардағы еңбеккер толып жатқан бюрократтық сергелдеңнен және кемсітуден неліктен өтуге тиіс? Егер партия орган-

дары, коммунистер нарықты жақтап отырған болса, олардың нақты қолдауы қане?

Соңғы жылдар бізге көп нәрсені, әсіресе, келеңсіз оқиғалардың алдын алу тұрғысынан көп нәрсені үйретуге тиіс сияқты еді. Партия нақ айқын шешімдерді қабылдауға байланысты жиі кешеуілдеп, қоғамды демократияландыру үдерістерінің соңынан салпақтап отырудың салдарынан адамдардың көз алдында көп нәрседен айрылды. Және біз тағы да артта қалып отырмыз, өз атымызға әділ сын айтылуы үшін тағы да өз қолымызбен негіз әзірлеп, атышулы «партиялық аппараттың» және «партократияның» ту сыртынан тағы бір зіл батпан тас лақтырудан кет әрі емес адамдардың қолына барлық мүмкіндіктерді беріп отырмыз. Дербестік пен іс-қимылдар бостандығын жақтаған облыстардың, қалалар мен аудандардың басшылары бүгінгі таңда нақ соның өзін еңбек ұжымдарына бергісі келмей отыр.

Кеңшарлар мен ұжымшарлардың басшылары, естеріңізде болар, жоғары тұрған ведомстволардан бостандықты бәрінен де қатты талап еткен еді ғой. Олардың айтқаны дұрыс болатын, өйткені ауыл объективті түрде, онда қалыптасқан өндірістік қатынастардың сипатына байланысты нарықтық экономикаға жақсы бейімделген еді. Мұны дүниежүзілік практика да, атап айтқанда, Қытайдың, Вьетнамның мысалдары да көз жеткізе дәлелдеуде. Бірақ таңқаларлық оғаш жәйт мынада болып отыр: төрағалар мен директорлардың қолына еркіндік тізгіні тиген бойда-ақ, олар жалгерлердің, фермерлер мен кооператорлардың жолындағы берік тосқауылға айналды. Кез келген адамнан сұрап көрсеңіз, мал шаруашылығында, егіншілікте шару-

ашылықты жүргізудің бұл нысандарының тиімділігіне еш күмәнсіз келіседі. Бірақ, былайша айтқанда, өз дегенім болсын дейтіндер енді, міне, осы үдерістің одан әрі қалыпты дамуына мүмкіндік бермей отыр. Қазір енді олардың көбі тың жағдайында, оның ұлан-байтақ алқабына байланысты, фермерлік жұмыс тәсілінің болашағы жоқ дегенді дәлелдеуде. Тіпті де олай емес! Тыңда да 5–8 гектардан егістік жерді жалға ойдағыдай алуға болатынын ондаған мысалдар дәлелдеуде.

Қысқасы, партия және шаруашылық басшылары сөз жүзінде бір нәрсені, ал іс жүзінде мүлде қарама-қарсы нәрсені қорғайтын, экономиканы басқарудың ескі әдістерінен айрылмай отырғанын көрсететін көптен белгілі құбылыстарға қайта-қайта тап болып отырмыз. Мұндай екіге жарылушылықтан арылатын кез жетті. Және де ең алдымен партия ұйымдастырушылары уақыт талабынан қалғысы келмесе, осылай етуге тиіс.

Мені дұрыс түсінулеріңізді өтінемін: біз жұмыс онсыз да жеткілікті дәрежеде тиімді жүргізіліп жатқан, ұжымдары көп пайда алып отырған кәсіпорындар мен шаруашылықтарда шаруашылықты жүргізудің жаңа әдістерін күштеп енгізуді жақтаушылар емеспіз. Бірақ банкротқа алдымен ұшырайтын дотациялы, рентабельділігі төмен шаруашылықтар бізде толып жатыр ғой. Олар жайында ойлану керек! Ал бүгінгі таңда нарық жағдайында жападан-жалғыз өзімен өзі қалатын еңбеккерлердің болашағына партия қалай қамқорлық жасап отыр? Міне, жолдастар, әңгіме не жайында! Біз үшін ең бастысы – экономикаға деген атүсті көзқарас емес, адамдардың болашағы.

Кейбір өресіз басшылардың нарыққа қарсы көңіл-күйінің себептері олардың тек қарапайым еңбек-

керлердің мүдделерімен ғана тыныстамауында емес, оларға жүргізетін өз билігін кез келген тәсілмен сақтап қалуға тырысып отырғанында екеніне кәміл сенемін. Кейбіреулер «пәлсапалық жасауға», өз айқындамасын қорғау үшін уәждеме келтіруге, біз шынымен-ақ нашар тұрамыз ба, шынымен-ақ қайырымдылықтан қайырымдылық іздей ме екен деуге әлі де тырысуда! Бұл адам тұрмысының дәрежесі туралы дәстүрлі, дүниежүзілік өлшем бойынша тым төмен түсініктерге негізделген шірік пайымдаулар. Біздің идеологиямыз ең ізгілікті және озық идеология, біздің өмір салтымыз ең жақсы салт деп ондаған жылдар бойы адамдардың миына құйып келдік. Және де, сонымен бірге, еңбекшілердің өздерінің жеке тұрмысын, қазір айтылып жүргеніндей, «арғы бетте» орнатылған тұрмыспен салыстыру мүмкіндігіне жол бермедік. Адамдар онда не болып жатқанын білген жоқ және біздің сөзімізге сенді.

Нарықтық экономиканың нәтижелерін сол жылдарда-ақ өз көзімен көрген болса, олардың не айтатынын елестетіп көріңіздерші! Жалаң насихаттың бұрынғы әдістері ендігі жерде жарамайтынын олар қазір жұқалап болса да біледі. Сондықтан, егер өз атымызға біржолата кір келтіруді қаламайтын болсақ, шөп өсіп кеткен окоптардан батыл түрде шығуымыз керек. Бірақ нарықтық қатынастарға ескі дәлелдермен шабуылдау үшін емес, қайта, керісінше, оларды қорғау үшін шығуымыз керек. Кеңес халқының мүлдем басым көпшілігінің ең көкейкесті ой-тілектерін қорғау үшін шығуымыз керек.

Мемлекеттік және шаруашылық органдарында жұмыс істейтін коммунистерден халықтың табысы ең аз топтарын, нарықтық экономика жағдайында оның ауыртпалықтарының қыспағында қалатындарды әлеу-

меттік жағынан қорғау шараларын барынша тез әзірлеуді талап ету қажет.

Қазақстанның экономикалық тұйықтан өз бетінше шыға алмайтынын айқын түсіну керек. Біз одақтас республикалармен, шетелдік фирмалармен жолға қойып жатқан көлбеу байланыстарды күшейту керек. Бірақ бұл жерде де дәл есеп қажет. Партия комитеттерінің міндеті – бір сәттік пайда табуды ұнататындарға бекем қарсы тұру, тұрақты және ұзақ мерзімді экономикалық байланыстардың қалыптасуына жәрдемдесу.

Ағымдағы кезең КОКП қатарын ұйымдық-саяси жағынан нығайтуды қажет етеді. Қазақстан Компартиясы Жарғысының, КОКП-ның бірқатар нормативтік-әдістемелік құжаттарының бекітілуімен партия ұйымдарында республикадағы істің жайына олардың ықпалын күшейту үшін жақсы жағдайлар жасалған. Алайда саяси және әлеуметтік тұрақсыздықтың күрделі жағдайында, сарыуайымның, кейбір бұқаралық ақпарат құралдары жомарттық жасап отырған болашақ жөніндегі көңілсіз болжамдардың үнемі үдетілуінің ықпалымен жекелеген коммунистер абыржып және, турасын айтайын, сақтықта қорлық жоқ дегендей, партиядан шыққанын, «демократтар» шекпенін кигенін, алайда, сонымен бірге, іс-қимылдың реакцияшыл нысандарын қолданудан тайынбай отырғанын мойындамауға болмайды. Ал шынайы коммунистер саяси бұлталақтың мұндай тактикасын ашық қабылдамайды. Олар өз ар-ожданын аяқасты ету ешқашан және ешкімді жақсылыққа жеткізбегенін айқын түсіне отырып, моральдық және саяси азғындауды ашықтан-ашық айыптауда.

Біз саяси өзін-өзі билеудің бүгінде болып жатқан үдерістеріне жайбарақат және селқос қарай алмаймыз.

Олардың бәрі бірдей ізгі бастаудан туып отырған жоқ. Партиясыз, коммунистердің сол үдерістерге белсенді түрде қатысуынсыз Одақтың бүліну қаупі өлшеусіз арта түсетіні айқын. Бұл жөнінде ешқандай қиял мен қарабайырлық болмауға тиіс. КОКП Орталық Комитеті мен Орталық бақылау комиссиясының біріккен Пленумының саяси мәлімдемесінде саяси аренада социалистік таңдауды жақтаушыларды биліктен шеттетуге, болып жатқан өзгерістерге халыққа жат сипат беруге тырысушы күштер пайда болып, іс-әрекет жасап жатқаны ашық айтылған.

Қазақстан Компартиясы XVII съезде өзінің саяси бағытын белгілеп, ол республика тұрғындарының жан-жақты қолдауын тапты, сондықтан бүгін Орталық Комитеттің пленумы елде шиеленісіп келе жатқан жағдайды ескере отырып, Егемендік туралы қабылданған декларация негізінде Одақты жаңарту идеясына біздің берік адалдығымызды тағы да мәлімдеуге, коммунистерді біздің одақтық мемлекетіміздің ыдырауына жол бермеуге бағытталған батыл іс-қимылдарға шақыруға хақылы.

Өздеріңіз білесіздер, КОКП Орталық Комитеті мен Орталық бақылау комиссиясының біріккен Пленумы өзінің саяси мәлімдемесінде одақтас республикалардың егемендігін орнықтыру үдерісін қолдады, оны біздің мемлекетімізді республикалар мен халықтардың шынайы дербес одағы етіп өзгертудің шарты деп санайды. Тіпті басқаша бола алмайды да, өйткені партия жалпыодақтық қоғамдық бірлестік болып табылады, ал оның ұйымдары КСРО-ның бүкіл аумағында өмір сүріп отыр. Оның үстіне, олардың бәрі бірыңғай іргелі бағдарламалық және жарғылық қағидаттар

негізінде жұмыс істеуде. Осынау идеялық қуатты әлеует конституциялық құрылысқа дұшпандықпен қарайтын дараға, социалистік таңдау мен КСРО халықтары достығының мүмкіндіктерін жіті бағаламайтын дараға қарсы пәрменді түрде пайдаланылуға тиіс. Біздің Одақтың болашағы туралы референдумға әзірлік кезеңінде коммунистер КСР Одағының болу-болмауы нақ өзінің ұстанымына байланысты екені туралы пікірді республиканың әрбір тұрғынына жеткізу үшін өздеріне байланысты нәрсенің бәрін істеуге міндетті. Осы кезеңдегі бүкіл партиялық-саяси жұмыс Қазақстан халқының өз ықтиярын еркін білдіруінің қалыптасуына, шын демократизмнің орнығуына және тең құқықты егемен республикалардың жаңарған федерациясы ретіндегі Одақты нығайтуға бағытталуға тиіс. Әрбір коммунистің аса мәртебелі патриоттық борышы осында. Мен бүгінгі пленумда Қазақстан аумағында өткізілетін референдум туралы арнайы қаулы қабылдаған дұрыс болар еді деп ойлаймын.

Республиканың партия комитеттері «қоршаудағы қамал» дүрбелеңінен, қоғамда ішкі қожырауды туғызып отырған күштердің қыспағынан туындап отырған белгілі бір абыржу мен қожыраудан тезірек арылуы керек. Көбінесе партияны сатып кеткен адамдар бағыттап отырған коммунизмге және партияға қарсы қызметтің күшейтілген тасқыны шын коммунистердің рухын жасыта алмайды. Олар осы шүйлігудің қайнар көздерін де, олардың шын мақсатын да танып-білуді үйренуге тиіс. Жаңа демократтардың плюрализм ұранымен тек өз бағытын ғана, мәселелерді өздерінің қоюын ғана танытуға деген ұмтылысын бүркемелеп жүргенін түсіну керек. Ал мұның өзі саясаттағы бұрынғы монополизмге



қайтып оралудан, кез келген бөгде пікірді басып-жаныштаудан басқа ештеңе емес. Біз идеялардың өркениетті, демократияланған жарысын, оның үстіне тек сөз жүзінде ғана емес, сонымен бірге, нақты іс-қимылдар бағдарламасы деңгейіндегі жарысын жақтаймыз.

Шешіліп қойған мәселелер бойынша шексіз, титықтататын және жеміссіз пікірсайысқа уақытты зая жібермей, коммунистердің толғағы жеткен проблемаларды озық тәртіппен көтеріп, шешу қабілетін қайта түлету керек және әлеуметтік қорғау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, шынайы интернационализмі, Кеңестік Қазақстан халықтарының ұлттық өзіндік ерекшеліктерін өзара құрметтеуінің жақсы дәстүрлері жолындағы күрестегі басымдықты ешкімге бермеу керек. Республика Компартиясы өзінің осынау принципті ұстанымымен сөзсіз күшті болып келді және азаматтық татулық пен жалпыұлттық келісімді қамтамасыз етуді алдағы уақытта да өзінің ең бірінші міндеті деп есептеуге міндетті.

Сындарлы тұрғыда іс-қимыл жасаушы күштерге сүйене отырып, қоғамдық ұйымдармен және қозғалыстармен ынтымақтастықты кеңейтіп, тереңдету, кәсіпорындармен, комсомолмен, жұмысшылар, әйелдер, ардагерлер қозғалыстарының өкілдерімен қатынасты уақыт рухына сай құру керек.

Қазіргі жағдайда парламенттік қызмет, коммунистердің Кеңестердегі және олардың атқарушы органдарындағы жұмысы Компартияның аса маңызды саяси міндеттерінің біріне айналып келеді. Оны саяси күштердің нақты орналасуына орай, қоғамдық мүдделер мен нақты әлеуметтік-экономикалық міндеттердің сан алуандығын ескере отырып қарау керек.

Бүгінде барлық деңгейдегі Кеңестерде депутаттардың көпшілігі – коммунистер. Көптеген Кеңестерде фракциялар, дербес бастауыш партия ұйымдары құрылған. Кеңестердің, тұрақты комиссиялардың төрағалары да көбінесе – КОКП мүшелері. Енді мынадай сұрақ туады: олардың парламенттік мінберді бастамашылықпен пайдалануына, партияның бағытын бұлжытпай жүргізуіне не және кім бөгет болып отыр? Әрине, бізде парламентаризм тәжірибесі әлі де болса жоқ, бірақ партия органдарын ұйымдық-функциялық жағынан қайта құру барысында жұмыстың парламенттік әдістерін тезірек игеру, Кеңестердегі партия қызметінің практикасын қорыту солғұрлым маңызды.

Біздің қызметімізде бастауыш партия ұйымдарының проблемаларын шешу басты орын алуға тиіс. Турасын айттайық, соңғы жылдарда біз сынмен, «өзімізді жетідей жеумен» тым әуестеніп кетіп, партиялық жұмыстың озық тәжірибесі бар екенін, оның күннен-күнге жинақталып жатқанын мүлдем ескермейтін болдық. Коммунистердің экономикалық, әлеуметтік, саяси мәселелерді шешудегі, ұжымдарда тұрақты моральдық-психологиялық ахуал орнатудағы табанды да дәйекті күш-жігерлері әрқашан да өз жемісін беріп, партия беделінің артуына қызмет етіп келеді.

Әлбетте, бастауыш партия ұйымдары өздерінің әлеуметтік елеулі істерімен, өмірлік маңызы бар проблемаларды шешу жөніндегі жаңа көзқарастарымен, ұжымдағы жағдайға, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді жүзеге асыруға, кадрларды орналастыруға, партиялық жолдастық, қолдау мен өзара көмек рухын қалпына келтіруге саяси әдістермен ықпал ету шеберлігімен өзін неғұрлым нақты көрсетуі тиіс. Коммунистерді орналастыруда, партияға қабылдау практика-

сын жетілдіруде оң өзгерістер болғанын дәлелдейтін мысалдар бізде жеткілікті. Ондай мысалдар Гурьев, Жамбыл, Қызылорда, Талдықорған және Шымкент облыстық партия ұйымдарында бар. Солардың үлгісі бойынша біздің бәріміз партияға өз мүдделерін қоғам мүдделеріне бағындыруға әзір жұмысшылардың, шаруалардың, интеллигенцияның, халықтың басқа да әлеуметтік санаттары өкілдерінің, қайта құруды белсенді жақтаушылардың қабылдануына қамқорлық жасауымыз керек. Және оны партияға қабылдауға байланысты істің жайы партия ұйымдарының пәрменді жұмысы мен беделінің негізгі белгілерінің бірі болатындай етіп істеу керек.

Қазір партияға қабылдау мәселелерінде, сондай-ақ партиядан шығу мәселелерінде жеке жұмыс түрлері мен әдістерін қайта қарауымыз қажет. Ол қатаң түрде сараланған сипатта, терең ойластырылған және байсалды болуға тиіс. Ол жөнінде жеңіл-желпі көзқарас болмауы керек. Біздің ойымызша, коммунистермен алдын ала әңгімелесу практикасын қалпына келтіру артық болмас еді. Бұл партиялық ішкі тәртіпті нығайтуда баға жетпес көмек көрсетері айқын. КОКП ардагерлері де өздеріне назар аударуды талап етіп отыр. Олардың партия ұйымының өміріндегі рөлі баға жеткісіз.

Ақыр соңында, бастауыш партия ұйымы хатшысының жеке тұлғасы туралы мәселе партиялық ішкі өмір үшін бұрынғысынша көкейкесті және өте елеулі күйінде. Бүгінгі таңда бұл адамдар, партиялық жетекшілер аса қиын жағдайда қалып отыр, көбінесе көбейе түскен проблемалармен жападан-жалғыз қалуда. КОКП Орталық Комитеті мен Орталық бақылау комиссиясының жуырдағы пленумында қабылданған құжаттардың арасында хатшының мәртебесі туралы ереже

бар. Мұндай мәртебе, өздеріңіз білесіздер, Қазақстан Компартиясында қазірдің өзінде бар. Әрине, біздің съезімізден кейін бастауыш партия ұйымдары өзіне деген ықыластың күшейтілгенін сезінді. Бірақ бұл аз. Жағдай жігерлі іс-қимылдарды талап етіп отыр. Мұнда көп нәрсе партия комитеттеріне де байланысты. Сондықтан осы пленумға қатысушылардың бәрі бастауыш партия ұйымдарында жиі болуы, практикалық көмек көрсетуі қажет. Партиялық ішкі жұмыстың мазмұнына мұқият талдау жасау, партия жиналыстарында абырой, ар-ождан, борыш, партиялық жолдастық туралы әңгімелесу, ұжымдарда бар ізгі дәстүрлерді барынша пайдалану керек.

Сөзімді аяқтай келе, адамдардың бізден белсенді іс-қимылдар күтіп отырғанын тағы да атап көрсетуді қажет деп есептеймін. Дағдарыстың барынша тереңдігіне және өткірлігіне, кейде болып жатқан оқиғалардың шиеленісті сипатына қарамастан, еліміздегі жағдай, оның үстіне біздің республикадағы жағдай үмітсіз емес. Біз партия ұйымдарының жұмылдырушы қуатын қайта түлетуіміз, қазір сөз бен істің арасындағы алшақтыққа, басталған істі нақты аяқтау талап етіліп отырған кезде орта жолда тоқтап қалуға қаншалықты жол беруге болмайтынын түсінуіміз қажет. Келеңсіз фактілердің төңірегінде шексіз «аһылап-үһілеуден» оларды батыл жоюға көшетін кез жетті.

Қазіргі жағдайда тек ұйымдасқан және идеялық жағынан топтасып, жаңарған Коммунистік партия демократиялану жолына түсе және өз жұмысында адамға қарай бет бұра отырып, халықтың көз алдында өзінің беделін сақтай алады. Оның қолында сенім атты қуатты қаруы бар. Тек оны толық тиімділікпен пайдалана білу керек.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі  
он екінші шақырылымының кезектен тыс  
III сессиясында

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,  
1991 жылғы 11 ақпан

### Депутат жолдастар!

Бүгінгі сөйленетін сөзге күні бұрын әзірлене отырып, мен оны республиканың нарықтық экономикаға көшуіне байланысты экономикалық сипаттағы проблемаларға арнағым келді. Алайда саяси оқиғалардың өрбуі өзінің түзетулерін енгізіп, назарды басқа, қазір өмірлік зор маңызы бар неғұрлым көкейкесті мәселеге шоғырландыруға мәжбүр етті. Әңгіме елдің тағдыры, біздің одақтық мемлекетіміздің болашағы туралы болып отыр, ол кеңес адамдарының өткір алаңдаушылық сезімін туғызуда.

Бояуды қалыңдатпай-ақ, қиын жағдайдың қалыптасқанын айтпақпын. Біз соңғы шекте тұрмыз, оның ар жағында КСР Одағының толық күйреуі мүмкін.

Осынау ауыр шаққа жеткізген себептерге егжей-тегжейлі талдау жасамай-ақ қояйын, оларды сіздер жақсы білесіздер. Шектен тыс экономикалық құлдырау, тұтыну рыногындағы, қаржы және ақша айналысы саласындағы дағдарысты құбылыстар елді дүрліктірген саяси және ұлтаралық жанжалдарға, қылмыстың жүгенсіз кетуіне байланысты ушыға түсті. Мұндай жағдайда, жай-күйді тұрақтандыру үшін, келеңсіз құбылыстардың үсті-үстіне түйдектелуін тежеу үшін төтенше шаралар қажет болып отырған кезде, орталық басқарушы органдар жол беруге болмайтын сылбырлық көрсетуде, бастамашылдықты уыстан шығаруда, біздің Одағымыздың онсыз да шайқалған іргетасының астына өресіз күштердің барған сайын жаңа «қопарғыштар» қоюына мүмкіндік беруде.

Негізгі проблеманың – жаңа Одақтық шарғқа қол қоюдың тым баяу шешілуі ерекше алаңдаушылық туғызып отыр. Мұның өзі жай ғана акт емес, қайта біздің бүкіл болашақ өміріміздің негізгі іргетасын, егер қаласаңыздар – қайта құрудың табысты болуын немесе жеңіліске ұшырауын айқындайтын құжат екенін түсіндірудің қажеті жоқ. Сондықтан шартқа жеткізетін жолдағы әрбір кешеуілдеген күн кеңес халықтарының ұлтаралық достығының баяндылығын ауыр сынақтан өткізіп қана қоймай, сонымен бірге, республикалар арасындағы сындарлы сұхбат жүргізу мүмкіндігінің өзіне де күдік туғызады. Өйткені мәселе біздің бір-бірімізге сенуден қалуымызға, көршілердің мүдделерін елемей, тек өз пайдамызды күйттей бастауымызға дейін асқынды. Мұның өзі республикааралық шаруашылық

байланыстардың апатты дәрежеде күйреуінің, шарттық тәртіптің күрт нашарлауының мысалдарынан айқын көрініп отыр. Егер бұдан былай да осылай жүре беретін болса, біздің өзара алақөздігіміз үшін себептер тек қана көбейе түспек.

Тек саясат пен экономиканы үстірт түсінетіндер ғана мұның ақыры немен тынатынын байыптамауы мүмкін. Одақтың күйреуі республикалардың шаруашылық әлеуетінің қожырауына апарып соқтырады, бізді экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуда көптеген жылдарға кейін серпіп тастайды, шетелдік әріптестердің бізге деген сеніміне, дүниежүзілік қоғамдастық елдерімен айқындала бастаған ынтымақтастыққа біржолата селкеу түсіреді. Және де таяудағы болашақта біздің адамдарымыздың лайықты, өркениетті, дәулетті өмірі үшін жағдай жасалады деген үміт-сенімді мүлдем үзеді.

Қазір әрбір күн, әрбір сағат қымбат. Еліміздің бірлігін аман алып қалып, сақтаудың уыстан шығып бара жатқан мүмкіндігінен айрылуға болмайды. Біздің балаларымыз оны кешірмейді. Орталық ұсынып отырған референдум қалай дегенмен Одақтық шартқа жеткізетін орағытпа жол екеніне сенемін. Барлық республикалар түгел Одаққа деген өзінің көзқарасын белгілеп, өзі үшін қолайлы ұстаным таңдайтынын күтіп отыруға болмайды. Өз таңдауын қазірдің өзінде жасап, жаңарған одақтық мемлекет идеясын ашық қолдап отырғандармен дереу келіссөз жүргізу керек. Бұл жөнінде бізбен Белоруссия, Ресей, Украина, Орталық Азия республикаларының бәрі келісіп отыр. Басқаша айтқанда, еліміздің өнеркәсіп әлеуетінің 90%-дан астамы болып табылатын федерация субъектілері Одақтық шартқа қол қоюға әзір. Бұл аз ба екен! Сайып келгенде, Одаққа

кірер есік келешекте бізге қосылғысы келгендер үшін ешқашан да жабық болмайды.

Тағы да атап көрсетемін: бүгінде уақыт факторы маңызды. Жаңарған Одақты қалыптастыру үдерісін жеделдету үшін бізді батыл шаралар қолдануға мәжбүр етіп отырған басқа ешнәрсе де емес, нақ соның өзі. Бұл қадам М. С. Горбачевтің де, КСРО Жоғарғы Кеңесінің де, орталық үкіметтің де тарапынан түсіністік табады деп шын жүректен үміттенемін. Бірлікті сақтауға өте-мөте мүдделі егемен республикалар өз ортақ мүдделерін қорғау үшін өздеріне байланысты нәрсенің бәрін істеуге хақылы. Сондықтан мұның өзін ешбір жағдайда да қазіргі бар мемлекеттік билікті елемеу немесе өзінің «қосарланған орталығын» құру әрекеті деп бағалауға болмайды. Керісінше, біз «заңдар соғысын» біржолата және мәңгілік тыйғымыз, ақыр соңында тыныш саяси жағдайда экономикалық және әлеуметтік қиын проблемаларды шешу ісімен шұғылдану үшін федерация субъектілері мен орталық өкімет билігі арасында толық келісімге қол жеткізгіміз келеді.

Осыған байланысты сіздердің қарауыңызға Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің барлық басқа республикалардың Жоғарғы Кеңестеріне арналған үндеуінің мәтінін ұсынамын. Ел үшін қазіргі бетбұрысты, шын мәніндегі ауыр кезеңде бұл құжат кеңес халқының шын ықыласты мақұлдауына ие болып, маңызды топтастырушы рөл атқарады, республикамыздың Парламентін құрметке бөлейді деп ойлаймын. Ол қазақстандықтардың басым көпшілігінің ең көкейкесті тілегі мен көңіл-күйіне сай келеді. Сонымен қатар, үндеудің мәтінінен көрініп отырғандай, онда Қазақстан Белоруссиямен, Ресеймен және Украинамен бірге орталықты орағыта отырып,



жікшілдік келіссөз жүргізіп жатыр-мыс деген тәрізді елімізде және шетелдерде таралып кеткен қауесеттерге нақты да айқын жауап қайтарылған. Барынша ашық айтайын: мен де, басқа республикалардың басшылары да ешқандай жасырын іс-әрекеттер жасаған жоқпыз және жасамақ емеспіз де. Одақтық шартқа қарай баяу ілгерілеуімізге мазасызданған және алаңдаған сезімімізді біз КСРО Президентіне ашық айттық. Сонымен қатар, қандай да болсын мемлекетаралық келісімдердің және оның үстіне біздің еліміз болашағының мәселесіне қатысты келісімдердің тек республикалық парламенттердің мақұлдауымен ғана талқылана алатынын ерекше атап көрсеткім келеді.

КСР Одағындағы республикалардың Жоғарғы Кеңестеріне үндеу, егер ол сіздердің тарапыңыздан қолдау табатын болса, жаңарған одақтық мемлекетті қалыптастыру үдерісін жеделдетуге көмектеседі деп үміттенемін. Сіздердің қолдауыңызға сүйене отырып, мен, республика Президенті ретінде, елде қалыптасқан жағдайға біз берген бағаға қосылатын республикалардың басшыларымен сындарлы үнқатысу ұйымдастыру жөнінде нақты қадамдар жасайтын боламын.

## КОКП Орталық Комитетінің XXIV пленумында СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Мәскеу қаласы,  
1991 жылғы 25 сәуір

### Жолдастар!

Шынымды айтайын: меніңше, елдегі қазіргі саяси, экономикалық жағдайға қарағанда, біз тым жақын күндердің өзінде көп жылғы созылмалы тұралаушылықтың, шектен тыс инфляцияның жаңа айналымына түсіп, қайта құрудың соңғы 6 жылда өсіріп үлгерген әлсіз өскіндерін де өз қолымызбен өлтіріп тынатын сияқтымыз. Бұл – сарыуайымшылдық емес. Бұл – өріс алған саяси күрестің беталысына жасалған байыпты талдау, ал ол күрестің мақсаты, менің ойымша, халықтың шынайы мұң-мұқтажы мен қам-қарекетінен тым алшақ

секілді. КОКП үшін сын сағаты туды. Қазір өмірдің өзі біздің Жарғымыздың басты тармағы бойынша: Кеңес Одағының Коммунистік партиясы еңбекшілердің мүдделерін білдіретін авангарды екені рас па? – деп коммунистерден емтихан алып жатыр. Әрі уақыт есебі айлармен емес, осында дұрыс айтылғандай, апталармен, күндермен өлшенуде. Түбегейлі шарасын істемесе, бұдан әрі оқиға тасқынды сипат алады. Айтпақшы, ол бүгін-ақ ереуілдердің, стачкалар мен митингілердің жойқын күшінен көрінуде. Ал енді алдағы уақытта бізді бұдан да ауыр күндер күтіп тұр және оны жасырмай айтуымыз керек.

Осындай жағдайда саяси текетіресті жалғастыра беру елді күл-қоқысқа айналдырумен бірдей. «Оңшылдардың», «солшылдардың» күресін енді саяси күрес деуге болмайды, өйткені оған еңбекшілердің алапат бұқарасы тартылған, жұмысшылар еріксізден еріксіз саясаткерлердің, дәлірек айтсақ – саясатқорлардың өршеленген төбелесінің шылауына айналды, олай дейтініміз – саясаткер деп іс-әрекеті болжалды, өзінің не істеп, не қоятынын нақты білетін адамды айтады. Бұдан шығатын қорытынды біреу-ақ. Әртүрлі айдап салулардан елірген саяси ұйымдардың, қоғамдар мен қозғалыстардың жойқын егесін дереу тоқтату керек. Өкінішке қарай, оған біздің партиямыз да килігіп кетті. Аман қалудың жалғыз жолы – ымыраға келу, өзара ырыққа көну, келісу мен уағдаласу. Коммунистер осыған дайын ба? Жақында болған оқиғалар, сондай-ақ бүгінгі Пленум көрсеткендей, тіпті ымыраға көнбейтіндердің өздері де мәмілеге бара алатын сияқты. Бұл, менің ойымша, мейлінше әртүрлі көзқарас пен сенімдегі миллиондаған отандастар тарапынан дереу қолдау табатынға ұқсайды.

Бізге өз қағидаттарымызға бейілділіктен гөрі, келісімге келу жүз есе қиынға түсетініне барған сайын көзім жете түсуде. Ал сонда біздің табандап жақтайтынымыз қандай қағидаттар? Елімізді тығырыққа тіреп, өркениеттен шетқақпай етіп тастаған қағидаттар ма? Мен, мәселен, Президентті кері шақырып алуды жақтап, жаңа Одақтық шартқа қарсы болып жүрген «Союз» тобындағы халық депутаттарының (ондағылардың басым көпшілігі – коммунистер) ұстанымын тек бір мағынадан – елдегі қазіргі жағдай үшін жауапкершілікті КСРО Жоғарғы Кеңесінен алып, бар айыпты бір ғана адамға артудың әрекеті деп бағалаймын. Ал сонда қайта құрудың барлық экономикалық заңдарына Жоғарғы Кеңесте кесе-көлденең тұрған кім еді?

Бір өкініштісі, іргені аулақ салуға, өздерін сүттен ақ, судан таза етіп көрсетуге тырысуда «Союз» тобының өкілдері жалғыз емес. Базбір бұрынғы, керек десеңіз, бүгінгі де партиялық функционерлер өре түрегеліп: жіберілген қателерге, соның ішінде баға белгілеудегі қателіктерге де партияның қатысы жоқ деп өзеурейді. Сонда қалай? Президент, үкімет басшылары коммунист емес пе екен? Біздегі биліктің биік сатыларында КОКП мүшелері отырған жоқ па? Әлде біздің партия оппозицияға кетпекші ме еді? Бас хатшыны орнынан кетіруге үндеп жүргендердің ішкі есебінде не жатқанын білу үшін асқан дана болудың қажеті шамалы.

Біздің көріп жүргеніміз – кәдімгі ревизионизм, қоғам мен мемлекетті жаңғырту идеясын көрге тығудың, бізді қайтадан әміршіл жүйеге, тоталитарлық құрылысқа қайтарудың әрекеті. Әлбетте, өте елеулі қателіктер болды, ол жайында бәріміз айтып жүрміз, мен де айттым, бірақ солар үшін бар мақсатымызды күмәнге

айналдыруға бола ма? Нақ осы жолда біз жалпыадамзаттық құндылықтардың басымдығын сезініп, идеологияландырылған әміршіл экономика тұйыққа тірейтінін, нарықтың өркениетті баламасы жоқ екенін түсінбеп пе едік. Халықты әлеуметтік қорғау үшін күресу – сіздер мен біздердің борышымыз. Бірақ нарықтық экономикаға өтудің барлық бағыттарына қарсы шығатын коммунистерді қалай түсінуге болады? Әлде біз XXVIII съездің шешімдерінен бас тартатын болдық па? Онда, кәне, басқа бағдарлама ұсынайық, бірақ, менің білуімше, бізде ондай ештеңе жоқ. Бұл арада, жолдастар, әңгіме партияның өз кінәраты жайында болуы керек. КОКП көп ретте қоғамның алдында емес, барша жұрттың артында жүретін болып тұр. Біз Конституцияның 6-шы бабын алып тастауды талап еткендерді қалай масқаралап, таңба басқанымызды, артынша өзіміз сол идеяны қорғаушы болып шыға келгенімізді еске алайықшы. Ал партияның нарыққа қатысты құбылуы ше? Мұндай мысалдар жетіп артылады. Бірақ сабақ бола қоймайтынын көріп отырмыз.

Мәселе былай: біздің арамызда аты әйгілі «Ұлттық құтқару комитеттері» үлгісіндегі билік нысандарын жанындай көретін, мен айтар едім, жауынгер коммунистер аз емес. Сонда қалай болғаны, жолдастар? Айтар уәжің жетпесе, идеялық ізбасарларын болмаса, демек, Конституцияға қарсы әрекеттер жолына түсуің керек пе? Базбір демократтарды біз сонысы үшін масқаралап жүрген жоқпыз ба? Саған бұл парламент пен оның басшысы ұнай ма, жоқ па – бірақ бұл халық сайлаған заңды өкімет, сондықтан оған қарсы болғаның – өз халқыңа қарсы шыққаның. Осыған байланысты: партияның беделі неге түсіп барады? – деген сұрақ, ең

бері салғанда, аңғалдық сияқты естіледі. Шынында, біз неге «оқпаналардан» шығып жатырмыз? Сонда қалай, біз адамгершіл қоғамның ғимаратын қалақты күректің емес, сапер күрегінің көмегімен тұрғызбақшымыз ба? Тұрғыза алмаймыз!

Егер біз шынымен халықтың мүддесін білдіретін болсақ, онда қоғамды экономикалық дағдарыстың мибатпағынан шығаруымыз керек. Қазіргі басты міндет – халыққа нарықтық қатынастарға көшуді түсіндіру, оған қолдау жасау, оны тікелей ұйымдастыру. Кәне, қайта құрудың барлық уақытында тым болмаса бір рет алға шығайықшы, әйтпесе біз көбіне-көп кешігумен жүреміз. Адамдар желбуаз саяси айтыстардан шаршады, қиыншылықтан шығудың жолын іздеуді «оңшылдар» мен «солшылдардың», демократтар мен консерваторлардың арасынан жарамсыздарды таппақшы болған тіміскілеумен алмастырып, олардың шыдамын тауыса бермейік. Біз одан өткенбіз, құнын да оңдырмай төлегенбіз.

Бұдан әрісін айтайын. Егер біз бүгін экономикалық қаңғалақты тоқтатпасақ, ертең көтерілетін әлеуметтік дауыл күллі саяси қондырғыны: оңдағыларды да, солдағыларды да, ортадағыларды да тып-типыл етеді. Бірақ онда тек саясатқорлар ғана емес, халықтың адамға лайық қалыпты өмірге деген үміті де қиратындының астында қалады.

Жаңа Министрлер Кабинеті ұсынған дағдарысқа қарсы бағдарлама біртекті қабылдана қоймағанын біз білеміз. Онда ұсынылған шаралар, егер тыңғылықты жетілдіруден өткізілмесе, күнделікті болып жатқан оқиғаларға қызбалықпен үн қату сипатында ғана қалады. Нақты, халыққа түсінікті бағдарлама қажет.

Негізгі бағыттар түріндегі декларация бізде бар. Іс-қимылдың айқын жоспары керек. Министрлер Кабинеті, жетілдіре түсіп, елге сондай бағдарлама ұсынар деп үміттенемін.

Экономикалық қайта құрулардың кез келген кідірісі біздің қиыншылықтарымызды тереңдете түседі. Егер біз халықтың басым бөлігі қолдаған нақты тұжырымдамаларды жалма-жан жүзеге асыруға кіріспесек, нарықтық қатынастарға қарай батыл қадамдар жасамасақ, бірер айдан кейін-ақ өзіміз бастаған демократиялық өзгерістер жолы шорт үзілуі әбден мүмкін. Тарихи заңдылық бойынша еліміз нарыққа бәрібір бет алады, бірақ онда, сірә, басқа, әлдеқайда қатаң желімен жүретін болар. Әлемдік тәжірибеде оның мың сан мысалдары бар.

Мықтап есте ұстайтын нәрсе: бәсекесіз нарық – жансыз және ол емдік нәрден улы зәрге айналады. Тек ішкі шаралар арқылы тез арада бәсеке жүйесін жасауға үміттену – бос қиялшылық. Экономиканы шетелдік тауарларға ашу керек. Бағаны босату керек. Соның негізінде тым болмағанда валютаның ішкі айырбасталымдылығына көшу керек. Шетелдік капиталды тартпайынша, рынокты шетелдік және отандық тауарлармен қанықтырмайынша, томаға-тұйық экономикамен елдің терең дағдарыстан шыға қоюы қиынға түседі, күллі әлемдік тәжірибе осыны айтады.

Меніңше, жеке бір аймақта немесе республикада жұмақ орнату мүмкін емес екенін бәріміздің түсінетін уақытымыз жетті. Бұл тығырықтан біз бәріміз бірлесіп қана шыға аламыз.

КСРО Президенті М. С. Горбачевтің  
қатысуымен өткен республикалық  
актив жиналысында

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,  
1991 жылғы 30 мамыр

**Құрметті Михаил Сергеевич!  
Жолдастар!**

КСРО Президентіне біздің республикамызға сапармен келгені үшін шын жүректен алғыс айтсам, осы залда қатысып отырғандардың, сондай-ақ көпұлтты Қазақстанның барлық халықтарының ортақ пікірін білдірермін деп ойлаймын. Шұғыл мемлекеттік істер Сіздің, Михаил Сергеевич, қазақстандықтардың өмірімен, қам-қарекеттерімен және проблемаларымен неғұрлым толығырақ та тереңірек танысуыңызға мүмкіндік бермегеніне біз қатты өкінеміз. Алайда Сіз осы



қысқа уақыттың өзінде-ақ біздің адамдарымыздың дәстүрлі меймандостығы мен шын ықыластылығын сезіндіңіз деп үміттенемін, олар қазіргі бетбұрысты, қарама-қайшы уақыттың көптеген қиыншылықтары мен ауыртпалықтарына қарамастан, қайта құруға шын ниетімен сенеді, қоғамымызды түбегейлі жаңартудың Сіз жүргізіп жатқан саяси бағытын қолдайды.

Қазақ халқының өз тарихы, ұлттық дәуірлеуі, мемлекеттік егемендігі, ана тілін аман сақтап қалу туралы, қазақтарды құрып кету немесе толық ассимиляциялану шегіне қойған көптеген бәлекеттер туралы тек 1985 жылғы сәуірде басталған қайта құру үдерістерінің арқасында ғана бар дауысымен айта алғанын біз түсінеміз. Өткеннің қайғылы қателіктерін түзей отырып, біз көпұлтты Қазақстанның барлық дерлік азаматтарының құқықтары мен бостандықтары туралы олардың ұлтына, тіліне, дініне, партиялар мен қоғамдық қозғалыстарға қатыстылығына қарамастан, бірдей дәрежеде қамқорлық жасап келеміз.

Мұндай саясат қазақстандықтарға түсінікті, олар оған сенеді әрі бүгінде жүргізіліп жатқан саяси және экономикалық реформалар, сайып келгенде, өз жемісін беріп, еліміздің барлық халықтарымен бірге өздері мен өз балалары үшін адамға лайық өмір орнатуына мүмкіндік туғызады деп үміттенеді. Бұл сенім елеулі әлеуметтік және экономикалық қиыншылықтарға қарсы тұруға, республикада тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты сақтауға көмектесіп отыр. Социологиялық сауалнаманың мәліметтері бойынша, республика халқының басым көпшілігі – 85 %-ға жуығы – қазірдің өзінде жасалған нақты қадамдарды, сондай-ақ Қазақстан басшылығының нарыққа көшу, дүниежүзілік экономикаға

кіру жөніндегі жалпы бағытын қолдап отыр. Ол бағытты әзірлеуге еліміздің белгілі экономистері, шет елдердің көрнекті ғалымдары қатыстырылды.

Саяси тұрақтылықты сақтай отырып, біз бұрынғы экономикалық құрылымдарды, ал әсіресе экономикалық және саяси ойлау жүйесін сақтап қалуға тіпті де ұмтылып отырған жоқпыз. Егер республикада болып жатқан экономикалық өзгерістер үдерістеріне мұқият зер салатын болсақ, серпінді қақтығыстардан және шұғыл дамудан толып жатқан күрделі де қарама-қайшы құбылыстарды байқауға болады. Біз ескі сұлбалардың, өзара байланыстарды басқару құрылымдарының ыдырап жатқанын көреміз. Мұның өзі өтпелі кезеңнің сөзсіз және біршама шетін объективті сәті. Бұл кейбіреулердің бойында – республикада ғана емес, сондай-ақ елімізде де – аласапыран сезімін, ал оның ізінше ескі тәртіптерге қайтып оралу ниетін туғызуда. Бұған орай не айтуға болады? «Жоспарлы экономика» дейтінді аңсап, көз жасын көлдетіп жүргендер ол жоспарлардың іс жүзінде қандай болғанын еске түсіріп көрсін! Олар қағаз жүзінде ғана болды. Ал іс жүзінде – жаппай алдау, теңдестіру деген атымен жоқ, алуан түрлі түзетулерден, қайталама есептерден және орасан зор, күйзелтерлік шығындардан аяқ алып жүргісіз алдамшы нәрселер болатын.

Ескіге қайта оралу жоқ қой деп ойлаймын. Мұны республиканың экономикалық, әлеуметтік және саяси өмірінің жаңа тұрпатының елеулі өсуі, тіпті мен айтар едім, қызу тазалана түсуі қуаттайды. Жылы жауыннан кейінгі саңырауқұлақтардай акционерлік қоғамдар мен коммерциялық фирмалар, тауар және қор биржалары, бірлескен банктер мен кәсіпорындар пайда болуда. Әрине, «арамқұлақтар да» жоқ емес, бірақ соған қара-

мастан, басым көпшілігінде, әсіресе, аграрлық секторда жаңа құрылымдар ескілерінен сан есе тиімді екендігін тәжірибе көрсетіп отыр.

Жаңалық әлеуметтік, саяси салаларға да белсенді енуде. Халықтың әртүрлі топтары мен жіктерінің мүдделерін білдіретін қоғамдық қозғалыстар, ұлттық мәдени орталықтар, діни ұйымдар, экологиялық қоғамдар, шығармашылық одақтар пайда болып, жұмыс істеуде. Рас, бұл жерде де іркілістер бар. Бірақ біз: пайда болып және нығайып келе жатқан полицентризм, өмірдің сан алуан қырлары, жанасу, мен айтар едім – әртүрлі ұлт адамдары мүдделерінің, көзқарастарының, сенімдерінің, экономикалық ынта-ықыластарының бірін бірі толықтыруы бәріне және барлығына партиялық-мемлекеттік монополия жүргізуден гөрі қоғамды жүз есе күштірек орнықтырады деген объективті тұжырымнан бас тарта алмаймыз.

Ал біз Қазақстанда жаңаның жасампаз толысуы, жаңа экономикалық және қоғамдық құрылымдардың өздігінен құрылуының сан қырлы және көп күрделі үдерісі жүріп жатыр деп айта аламыз. Сондықтан республика мемлекеттік басқару органдарының міндеті – өзінің қызметінде осының барлығын неғұрлым жете ескеру. Әрине, жаңа ғана құлаш жайып келе жатқан құрылымның құқықтық іргетасы қаланса қуанышты, мысалы, республикада шетел инвестициясы мен капиталын қатыстыру және қорғау, еркін экономикалық аймақтар туралы, көптеген басқа заңнамалық актілерге қатысты осылай болды. Ал таяуда біздің басты нарықтық құжатымыз – мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы заң қаралмақ. Оны орындауға біз бірден кірісуге дайындалып жатырмыз.

Алайда оңды өзгерістердің жолында көптеген бөгеттер бар. Еліміздегі жағдай күрделі бола бастаған сайын, ол да республикада көбейе түсуде. Бұл түсінікті де: Қазақстан оқшау кеңістікте өмір сүріп, дамып отырған жоқ, ал экономикалық және әлеуметтік таралу-жайылулар шекараны білмейді. Біз қазір экономикадағы тоталитаризм мен әкімшілдіктің «жемісін» айқын көріп отырмыз. Орталық жергілікті жерлердегі көнгіш «көсемдердің» көмегімен республиканы елдегі шикізат шылауына табан аудартпай айналдырып отырған өндірістің салаларын ғана күшті дамытып келді, қалпына келмейтін табиғат ресурстарын парықсыз әрі сүтегін тонаумен болды. Ал бізге: көмір қазыңдар, кен шығарыңдар, металл балқытыңдар, қалғанына қам жемеңдер, қазақстандықтарға қажеттің барлығын басқа жерден жеткізіп береміз деді. Мен, тегі, осындай саясатпен ілесіп жататын экологиялық апаттар туралы айтып та тұрған жоқпын. Аралдың тақсіреті, Семей полигоны ауданындағы табиғатқа жасалған ядролық зорлық біздің ата-бабаларымыздың жеріне деген тағылық қатынастың түгесілмейтін үлгілерінің ең көрнектілері ғана.

Міне, енді, бұрынғы экономикалық байланыстар үзілісімен, жеткізілімдер бұзылысымен Қазақстан мен барлық Орталық Азия республикалары кедей жамағайын кейпінде қалып отыр. Халық тұтынатын тауарлардан бастап, технологиялық жабдықтар мен бюджет қаржысына дейін – осының бәрін бізге енді жалынып сұрауға тура келуде. Егер біз де өз тұтынушыларымызды – ал бұл анау-мынау емес, Кеңес Одағының барлық аймағы – бізден шикізат жеткізілімін сұрауға мәжбүр ете бастасақ не болмақ? Онда елімізді толық күйреу күтіп тұр. Бұған жол бермеу үшін, біздің экономикамызды топтастыруға қабілетті шаралар керек.

Бетімен кетушілік пен босбелбеулікке бұдан әрі шыдаудың ешқандай реті жоқ.

Қазақстан өткен бесжылдықтың міндеттерін табысты орындап шықты. Бірақ 1990 жылдың ортасынан бастап республикада қоғамдық өндірістің өсу қарқыны құлдырай бастады. Бұл үрдіс оның алдындағы жылмен салыстырғандағы өзінің абсолютті төмендеуіне ұласты. Сірә, біз дағдарыстың төтенше нүктесінен әлі өтпеген болармыз, ал оның ауқымы туралы біз тек қана жобалай аламыз. Өкінішке қарай, ол экономиканың барлық өрісі мен саласында ұзаққа созылған сипат алды.

Осының барлығы әлеуметтік-саяси жағдайға өте теріс әсер етіп, халықтың, әсіресе, тұрмыс деңгейі күрт төмендеген металлургтердің, шахтерлердің орынды наразылығын тудырып отыр. Қарағанды шахтерлері парасаттылық пен ұстамдылық көрсетті, өздерінің проблемаларының шешілетініне сеніп, ереуілден бас тартты. Бірақ КСРО мен республика үкіметтері берген уәделерінде тұрулары керек. Әрі, ең бастысы, шахтерлер ұжымдарының өндірілген өнімге иелік етуіне шынайы дербестік беру керек.

Біз өндірілген өнімнің бір бөлігін республика кәсіпорындарының қарамағына беру туралы, оның кәсіпорындарға экспорттық жеткізілімдер үшін лицензия беру құқығы жайында мәселені бірнеше дүркін қойдық. Алайда ол осы уақытқа дейін шешімін таппай отыр.

Арқаулық салалардағы ауыр жағдай кәсіпорындар арасындағы шаруашылық байланыстардың үзілуінен, кооперациялық жеткізілімдердің іркілісінен, шикізаттың жоқтығынан, негізгі қорлардың белсенді бөлігінің мейлінше тозуынан, еңбек тәртібінің нашарлауынан туған. Мысалы, Ақтөбе хром қосындылары зауытының

кальциленген сода жеткізіліміндегі олқылық еліміздегі тапшы өнімді шығаруды төмендетуге әкеліп соқты. «Қазстройполимер» бірлестігі жұмысының толығымен берекесі кетті, ал оның қуаты тек Қазақстанның ғана емес, сондай-ақ бүкіл Орталық Азияның қажетін қамтамасыз ете алар еді. Алайда импорт бойынша шикізаттың кем жеткізілімінің салдарынан бірлестік 1,6 млн шаршы метр линолеум берген жоқ. Осы себептен, сондай-ақ Ресейден ағаштың кем жеткізілімінен мыңдаған қоныстанушылар іс жүзінде дайын тұрған үйлерге кіре алмай отыр.

Сізге, Михаил Сергеевич, Шымкенттің бірқатар кәсіпорындарының басшылары мәлімдегеніндей, ызылған талшық жіптің жоқтығынан «Шымкентшина» өндірістік бірлестігі шарттық міндеттемелерін тек 79 %-ға орындап отыр. «Карбид», «Фосфор», «Химпром» сияқты ірі өндірістік бірлестіктер тоқтап қалды немесе тоқтау шегіне жетті – бұларға Ресей Федерациясының зауыттары кокс жеткізілімін қамтамасыз етпей отыр. Сондай-ақ шикізаттың кем жеткізілімінен халыққа тауар шығаратын кәсіпорындар да ауыр жағдайда қалды.

Біз аграрлық секторда күшті қиыншылықтарға тап болдық. Байқап қарасақ, биылғы ауылшаруашылық жылы күрделі болғалы отыр. Көктем ылғалсыз болды, жемшөптің қажетті көлемін жинай алмайтындай қауіп бар. Мамырдағы үсік қант қызылшасы мен көкөніс-бақша дақылдарының төрттен бір бөлігін жойып, баулар және жүзімдіктер зиян шекті.

Күрделі құрылыстағы жағдай алаңдатулы. Құрылыс көлемі азайып, тұрғын үй және әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық объектілер салу қарқыны төмендеп кетті,

өндірістік қуаттарды енгізу толығымен дерлік тоқтады. Тұрғын үйлер, мысалы, 4 айдың ішінде өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, біршама аз тапсырылды. Басты себебі құрылыс-монтаж жұмыстары бағдарламасының материалдық ресурстармен теңдестірілмеуінде, оларды жүзеге асырудағы ұдайы олқылықтарда, сондай-ақ технологиялық жабдықтардың біршама кем жеткізілімінде болып отыр. Жеткізілім берушілер автомашина, азық-түлік және тағы басқаларын талап етеді. Қазір бірде-бір күрделі объектіні толық жабдықтау мүмкін емес.

Әрине, біз қолды қусырып қарап отырған жоқпыз. Проблемалардың біршама бөлігін республикааралық байланыстарды пайдалана отырып, өнім және басқаларын айырбастау негізінде, басқаша айтқанда, «жаңа» жолдармен шешудеміз. Негізінде, бірінші жарты жылдықтың қорытындысы бойынша тұрғын үй салудың жылдық бағдарламасының кем дегенде 50 % жүзеге асыра аламыз деген сенімдеміз. Басқа объектілер бойынша да, әсіресе, тауар шығару, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу және сақтау қуаттары бойынша да белгілі бір айқындық бар.

Инвестициялық саясатты өзгерту туралы айта отырып, Қазақстанға тән проблема – минералдық шикізатты шығару проблемасына тоқталғым келеді. Бұл салалардың қорды көп қажетсінетін өндірістері зор әрі күрделі тау-кен жұмыстарын талап етіп отыр. Қажетті қаржының жоқтығынан олар жүргізіліп жатқан жоқ немесе шағын көлемде жүргізілуде, ал ол таяудағы болашақтың өзінде-ақ өнім шығаруды кеміту қаупін төндіріп отыр, олай болса, бүкіл еліміздің экономикасына да теріс әсер етпек. Мұның шығар жолы арқаулық

салаларда, ал ол қалай болғанда да экономиканың негізі ғой, едәуір күш пен уақытты қажет етеді.

Жекелеген республикалардың тайталасты қаржы саясаты мен баға белгілеу реформасы бізді қаржы жөніндегі қиыншылықтың шегіне жеткізді. Экономикалық келісімге сәйкес республика 1991 жылы одақтық бюджеттен 6 млрд сом мөлшерінде субвенция және бөлшек сауда бағасының қымбаттауына байланысты халыққа өтем төлеу үшін бірыңғай одақтық-республикалық әлеуметтік қолдау қорынан 2,8 млрд сом алуға тиіс екені мәлім. Алайда дотациялардың осы жалпы сомасынан қазіргі кезге дейін бірде-бір сом алынған жоқ. Бізге жыл басында несие ретінде берілген 815 млн сом көрінеу жеткіліксіз, оның үстіне оны қайтару керек. Өнеркәсіп өнімінің көтерме сауда бағасының және ауылшаруашылық өнімінің сатып алу бағасының тең емес қымбаттауына байланысты өтелмейтін шығын 8,4 млрд сом болып отыр. Сонымен бірге, бөлшек сауда бағасының қымбаттауына байланысты шығынды өтеу үшін ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне тағы да қосымша 2 млрд сом қажет. Қорытындысында республика бюджетінің тапшылығы 14,4 млрд сомға жетті, бұл орайда шығынның 47 % өз табысымен өтелмейді.

Бұл жағдайдан шығатын екі жол бар. Тұтынушыларға еліміздің ішінде шикізат берудің тұрақтылығын сақтау үшін, біз не есептік көлемде субвенция алуымыз керек, не саудаға еркін немесе халықаралық баға бойынша көшуіміз керек. Екінші нұсқа бойынша біз республиканың тауарлар, материалдар және жабдық жөніндегі қажеттерін импорт есебінен қанағаттандыра аламыз. Мұны да шешу керек әрі шұғыл шешу керек.



Біз қаржы ресурстарын іздестіру жөніндегі барлық шараларды қолданып жатырмыз. Қаржының түсуі кәсіпорындар мен ұйымдардың пайдасы, құнды қағаздарды сату, халықтың жинақ банкіндегі салым ақшасының артуы және басқалар есебінен көбейді. Бірақ әлеуметтік және өндірістік бағдарламаларды қаржыландыру үшін бұл жеткіліксіз.

Қазақстанда КСРО Министрлер Кабинеті мен егемен республикалар үкіметтерінің нарыққа көшу жағдайында еліміздің экономикасын дағдарыстан шығару жөніндегі бірлескен іс-қимылдар бағдарламасын ескере отырып, тиісті республикалық бағдарлама, сондай-ақ мемлекет иелігінен алу және меншікті жекешелендіру бағдарламасы әзірленді, олар республика Жоғарғы Кеңесінің сессиясына енгізіледі.

Біздің негізгі міндеттеріміздің бірі – халықты азық-түлікпен жабдықтаудың нашарлауына жол бермеу ғана емес, сонымен бірге, тұтыну рыногындағы жағдайды дәйектілікпен жақсарту түсу. Бұл үшін кез келген мүмкіндік пайдаланылып келеді. Мысалы, барлық азаматтардың бау-бақшаға жер алуына рұқсат етілді. Осы мақсат үшін қазірдің өзінде 65 мың гектар жер бөлінді. Сонымен бірге, біз мемлекеттік тапсырысты, негізгі азық-түлік дақылдарының танаптарын бұрынғы көлемде сақтай отырып, әдеттен тыс шараларға да бардық. Сонымен қатар, ауыл еңбеккерлерінің майлы және жармалық дақылдарды өндіру көлемін ұлғайтуға мүдделілігі арттырылды.

Республиканың негізгі астықты өңірі – тың еңбеккерлерінің көңіл-күйі Сізге, Михаил Сергеевич, белгілі. Сіз Көкшетау облысында болып, күдік келтірушілердің болжамдарына қарамастан, Қазақстан қазірдің өзінде дәнді дақылдар егуді аяқтап қалғанына көз жеткіздіңіз.

Ауылда меншік пен шаруашылықты жүргізудің алуан түрлі тұрпатын дамытып, нығайту жөнінде қыруар іс тындырылуда. Жалгерлік бағыттағы ұжымдарда қазір 1 млн-нан астам адам еңбек етеді. Аграрлық-өнеркәсіптік кешен жүйесінде 2 мыңға жуық кооператив, 640-тан астам шаруа қожалығы және 46 акционерлік қоғам жұмыс істеуде. Ал мұның өзі бір сән қуалау емес. Біз мынаны есептеп шығардық: жеке сектордың қарамағындағы жер көлемінің 1 % ғана бізге өндірілетін ауылшаруашылық өнімінің 30 %-ға жуығын береді екен және мұның үстіне бұл өнімнің өзіндік құны кеңшардағылардан 2–3 есе төмен.

Бірақ та республиканың ауыл шаруашылығына пәрменді көмек керек-ақ, әсіресе, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөнінен көмек көрсету аса қажет. Болашақтағы егінді жинау бізді қазірдің өзінде алаңдатып отыр. Қазақстан – еліміз валютаға сатып алып жүрген азық-түлік астығын басқаларға шығаратын және беретін жалғыз республика. Оны сомға сата отырып, біз өзімізден астық алатын республикалар мен облыстар тракторларды, комбайндарды, автомобильдерді, қосалқы бөлшектерді жүз пайыз беруді қамтамасыз етеді деп үміт артуға хақылымыз. Тракторлар мен көп жүк көтеретін автомобильдер үшін аккумуляторларды, пестицидтерді, азот тыңайтқыштарын беру мәселелерін дереу шешу керек. Жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз етуде айқындық жоқ, оған арналған қор бөлінген емес. Сонымен бірге, картоп пен көкөністі, жеміс пен жүзімді сақтап, ұқсататын жабдықты, технологияларды шет елден сатып алу мәселелерін шешу керек. Біз мал шаруашылығын материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлуді өтінеміз.

Жаппай тапшылық жағдайы шаруашылықтардың басшыларын ысырапшыл бартерлік мәміле жасасуға мәжбүр етуде. Соның салдарынан республиканың ет ресурстары талан-таражға түсіп, одақтық қорға ет-сүт өнімін беру күрт қысқаруда.

Біз қалай дегенмен де өткен жылғы егін жинау науқанынан қорытынды жасауға тиіспіз. Ауыл еңбеккерін оның проблемаларымен және қиындықтарымен бетпе-бет жападан жалғыз қалдыруға болмайды. Бұл проблемаларды шешуді одан әрі кешеуілдету ысырапқа апарып соқтырады, сөйтіп, азық-түлікпен жабдықтаудың орнына еліміз аштық шегіне қойылары сөзсіз.

Ақыр соңында, тәртіпті жолға қою және ауылшаруашылық өнімінің және ауылға берілетін техникалық жабдық пен механизмдердің баламалы бағасына қол жеткізу керек. Ауылды тонауды тоқтататын кез келді. Бұл жөнінде бірнеше мысал. Ленинград трактор зауыты «К-701» тракторының 35 мың сом деп тіркелген көтерме сауда бағасының орнына шартты баға – 48,4 мың сом белгіледі. Астық жинайтын бір «Дон-1200» комбайнын 38 мың сом бағамен сатып алу үшін 100 тоннадан астам астық немесе 60 тонна сүт не 9 тонна ет сату керек. Тіпті өткен жылғы рекордты егін түсімі жағдайының өзінде республиканың көптеген шаруашылықтары өз еңбеккерлеріне есептелген жалақыны төлей алмай отыр.

Жалпы алғанда, өндіріс құрал-жабдығы мен қызметтердің жаңа сатып алу бағасында көзделмеген қымбаттауы 11,5 млрд сомға жуық болып отыр! Сондықтан біз аграрлық-өнеркәсіптік кешенге берілетін өндіріс құрал-жабдығының және оған көрсетілетін өндірістік қызметтердің дәйектелген көтерме сауда бағасы мен тарифтерін белгілеуді табанды түрде талап етеміз.

Әйтпесе біздің одақтық қорға берілетін ет пен астық бағасын арттыруымызға тура келеді.

Президенттің «Халық шаруашылығы базалық салаларының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі шұғыл шаралар туралы» Жарлығы республикада қанағаттанғандықпен қабыл алынды. Ол қазірдің өзінде нақты іске асырылуда. Халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің, олардың атқарушы органдарының базалық сала кәсіпорындарының үздіксіз әрі сенімді жұмыс істеуі үшін жауапкершілігі де арта түсуде. Сонымен бірге, біз Одақ пен республика арасындағы меншіктің бөлінуін жеделдету, маңдайшасындағы жазу өзгертілгенімен, ескі әдістермен іс-қимыл жасап отырған салалық одақтық басқару органдарының оны мемлекет иелігінен өздеріне алуын тоқтату қажет деп есептейміз. Халық депутаттарының облыстық Кеңестері мұндай тонауға жол бермеуге тиіс. Базалық салалар объектілерінің Қазақ КСР құзыретіне көшірілуі кезінде біз барынша сарабдалдық көрсететінімізге және өндірістің үйлестірілуі мен басқарылуын сақтау тұрғысынан абай болатынымызға сендіргім келеді.

Ең маңызды мәселе – шамадан тыс қожыраған қаржыны тұрақтандыру. Біз орталықтан халық шаруашылығы қаржы жағдайының қалыпқа келтірілуін, бюджет тапшылығының жойылуын, ақша жиыны мен эмиссиясына бақылау орнатылуын қамтамасыз ететін пәрменді де ойластырылған шараларды күтеміз. Бюджеттердің қаржы тепе-теңдігінің проблемасын шешпейінше, нарықтық қатынастар жағына қарай басты қадам жасау – меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруге кірісу мүмкін емес.

Бұған батыл әрі табанды түрде бару, бір орында айналшықтамау керек екеніне біз кәміл сенеміз. Экономикалық дамудың стратегиясы мен тактикасындағы ірі олқылықтар мен қателіктердің себебі қайта құрудың маңызды шешімдерінің үнемі кешігіп қабылдануында екені, меніңше, қазір жұрттың бәріне айқын. Мұның өзі орталықтың, сондай-ақ республикалардың, жергілікті өкімет органдарының ортақ тақсіреті мен қырсығы. Тегінде біз экономиканы басқарудың тиімділігі төмен, өзінің әбден беделін түсірген әкімшіл-әміршіл жүйесіне жан бітіруге үнемі әрекет жасап келдік. Ендеше, өкініштің ащы дәмін татпау үшін, таптаурын соқпаққа қайтадан түспейтін болайық.

Елімізде ұлтаралық қатынастардың барған сайын шиеленісуін біз басталған игі өзгерістерге төніп отырған тағы бір нақты қауіп деп білеміз. Республикада осы келеңсіз үрдістердің алдын алуға, оларға қарсы әрекет жасауға қаншалықты уақыт, күш-жігер жұмсалып отырғанын қазақстандықтар біледі. Бірқатар аймақтарда аса шегін шиеленісті сақтау әлдебіреулерге өте тиімді, әлдебіреулер осы үдерістерді саналы түрде немесе, жұмсартып айтқанда, алысты болжай алмайтындығына байланысты қоздырып отыр деген сенім қалыптасуда.

Фактілерді Кавказ елдеріндегі азамат соғысынан бастап, Ресейдің кейбір облыстарындағы шовинистік және тіпті монархистік көңіл-күйлердің күшеюіне дейін көптеп келтіруге болады. Михаил Сергеевич, айтыңызшы, Сіздің орынбасарыңыз, ел вице-президенті Янаевтың казактар өкілдерін қабылдауын қалай бағалауға болады? Әңгіме не жайында болғаны бізге беймәлім, бірақ оның өзі Орал облысында жікшілдік қозғалыстардың жаңа толқынына себеп болды. Ал оған жауап

ретінде жергілікті халықтың тиісті қимылы өршіді. Халықтарды осылайша қақтығыстыру кімге тиімді екенін мен білмеймін, бірақ ол көпұлтты Қазақстанға, сондай-ақ бүкіл елімізге зиян келтіретініне сенемін.

Казактардың жекелеген бөлімдерінің құрылуы туралы әңгімелер де бізді алаңдататынын жасырмаймын. Олар кімнен қорғанбақшы? Бәлкім, бұрынғы патшалық империяның аз ұлттарының есіне қарусыз көшпенділерді отарлау кезеңін салғысы келетін болар? Сол кезеңдегі алдауды, кемсітуді және қаталдықты халық осы уақытқа дейін ұмытқан жоқ. Жалпы алғанда, кейбіреулердің нақты уақыт пен кеңістік туралы ұғымы өзгерген-ау деген әсер қалыптасып отыр.

Мені дұрыс түсінсеңіздер екен деймін. Біз барлық халықтардың теңдігін, лайықсыз ұмыт қалдырылған ізгі дәстүрлердің, әдет-ғұрыптар мен мәдени қазыналардың қалпына келтірілуін, республикадағы барлық халықтар тілдерінің дамытылуын жақтаймыз. Біз еңбексүйгіш казактардың ұрпақтары да қазақ жерінде өзін туған үйіндегідей сезінуін қалаймыз. Ал проблемаларды туғызып отырған тіпті де олар емес, қайта тар өрісті жеке мүдделері мен шамшылдығын қанағаттандыру үшін адамдар арасында іріткі салуды аса қажет етіп отырғандар. Егер бізге өзіміздің бейбіт өміріміз, балаларымыз бен немерелеріміздің болашағы қымбат болса, осындай отпен ойнауды тоқтатуды ұсынамын. Шыдамдылық пен жүйкені әлсін-әлі сынаудың керегі жоқ. Тұрлауы жоқ өткен кезді аңсап жүрген желікбастарға ашық ескертемін және сақтандырамын: республикааралық шарттарда және мемлекеттік егемендік туралы декларацияларда қол сұғылмайды деп танылған республикалар арасындағы шекаралардың өзгертілуіне ешқашан жол

бермейміз. Оның үстіне Қазақстан аумағында казактардың патша режіміне қызмет етуінің жылдығын мерекелеу әрекеттеріне, әсіресе, казак бөлімдерінің құрылуына жол бермейміз. Республика Жоғарғы Кеңесінің мені қолдайтынына сенемін.

Ұлыдержавалық шовинизм өркендерін шет елдердегі «әулиелердің» әдепсіз кеңестерін шаттана қабылдап отырған кейбір интеллигенция өкілдері де қолпаштауда. Мысалы, өз Отаныңды көркейту жөніндегі қамқорлығың басқа халықтардың қам-қарекеті мен проблемаларын көлегейлеп отырса, осы сөздің толық және биік мағынасында өзіңді интеллигентпін деп қалай санауыңа болады! Ал елімізде кеңінен таратылған даңғазатрактаттың авторы белорустар мен украиндар орыс екенін ұмытты-мыс; қазақтардың жерлері олардың жерлері емес сияқты, деп жар сала жариялаудан қымсынған жоқ қой... Бірақ өмірді сталиндік лагерьлердің тікенек сым темірінің ар жағынан ғана көрген адам Қазақстанның өмірі мен шынайы тарихы жайында не білуші еді, тәйірі? Адамның сезімін тәлкекке салу, бір халықты екіншісіне айдап салу – кем дегенде адамгершілікке жатпайды, ал осының бәрі, түптеп келгенде, біздің біртұтас мемлекетіміздің негізін әлсіретеді.

Михаил Сергеевич, қазақстандықтардың жаңарған Одаққа адал екеніне Сіз көз жеткіздіңіз. Олар осы мақсатқа бағытталған қандай да болсын қадамды құптайды. Орталық пен республикалар айқындамаларының жақындасуы байқалған кезде, «9+1» келісіміне қол қойылған кезде келісімнің нәзік өркені жанында «окоптан шыққандардың» гранаталары бірінен соң бірі жарыла бастады. Егер олар өздерінің окоптық дертінен осындай әдіспен сауыққысы келіп отырса, онда мен білмеймін...

Алайда шындықтың аты шындық: бірбеткей, желіккен коммунистер – КОКП-ның қатардағы мүшелері емес, қайта басым көпшілігі аппаратшылар – «Әміршіл социализмге кері қайтайық!» деген ұран тастап, ашықтан-ашық шабуылға шықты. Екінші жағынан, осы келісімге Ресей Жоғарғы Кеңесі басшысының қатысуы демократтарға ұнамады. Бұл жерде КСРО Жоғарғы Кеңесі де ел Президенті мен тоғыз республика басшыларының өз рұқсатынсыз кездескеніне наразылық білдірді...

Бір-біріне жұлдызы қарсы саяси күштердің осындай «бірауыздылығы» ойлануға мәжбүр етеді. Бүгінгі басты мәселе – жаңа Одақ. Соңдықтан халық оны жақтайтындардың да, қулық жасап отырғандардың да аты-жөндерін жеке-жеке білуге хақылы.

Сіз, Михаил Сергеевич, Орталық Комитеттің соңғы Пленумында КОКП-да байқалған жікке жол бермеу үшін мүмкін болған нәрсенің бәрін істегенімізді және оған формальды түрде қол жеткізгенімізді кімнен де болсын жақсы білесіз. Ал шын мәнінде ше? Қазір, ел тағдыры таразыға түскен кезде, партия әлі де болса маңызды қоғамдық күш күйінде қалып отырған кезде біздер, реформалық үдерістерді кәміл жақтаушылар, біздің партиялық бірлігіміздің елесін қорғай аламыз ба? Сол елес үшін бізбен бірге партия қатарында жүріп, қайта құру үдерістеріне қарсы шығып отырғандардың саяси бағыты үшін жауапкершілікті өзімізге ала аламыз ба? Ала алмаймыз деп ойлаймын. Қалыптасқан жағдайда қандай да болсын ішкіпартиялық істер бүкіл халықтың түбегейлі мүдделеріне қатысты. Сол мүдделерді лайықты түрде қорғай алуымыз үшін, бізді өктемшілдіктің батпағына қасарыса тартқылап отырған «партиялас жолдастарымыздан» іргені аулақ салуымыз қажет.



Коммунист ретінде мен бостандықтың, демократияның, адамдардың теңдігі мен туысқандығының социалистік ұлы идеясынан, «Әркімге – еңбегіне қарай, әркімнен – қабілетіне қарай» деген қағидаттан бас тартпаймын. Біздің республикалық партия ұйымының жүздеген мың мүшесі де осыны мәлімдей алады және мәлімдеп отыр. Осы мәртебелі, ізгілікті идея ешқашан өшпейді, ол халықтың бақыты үшін күрескендердің жаңа ұрпақтарын өзіне тартатын болады. Алайда біз «таза» социализмді қызғыштай қорғаушы кейбіреулердің халық өмірін жақсартуды тіпті де ойламайтынын бүгінде көріп отырмыз. Идеологиялық догмалармен қаруланған олар жеке билігі үшін, өз артықшылықтарын сақтау үшін күресуде.

Осыған байланысты қазір елдегі жағдайды саяси күштердің бірінің ғана дара басшылығын орнату арқылы тұрақтандыру мүмкін емес екенін айтқым келеді, өйткені олардың бірде-біреуі дағдарыстан шығу үшін жауапкершілікті әзірше түгелдей өзіне ала алмайды. Билікті, әсіресе, армия мен құқық қорғау органдарын пайдалана отырып, басып алудың қандай да болсын әрекеттері зорлық-зомбылықтың жаңадан өршітілуіне түрткі болады, бірақ жағдайды тұрақтандыруға тіптен де септеспейді. Керісінше, бұл жағдайда біз бұқаралық толқулардың қанат жаюына, халық тарапынан саяси күрестің әсіре формаларына, саяси пікір алуандығы практикасының толық доғарылуына тап боламыз. Ал мұның өзі, сайып келгенде, мемлекетті басқарудың қазіргі кезде қолданылып отырған жүйесінің жойылуын, кең ауқымды жазалау шараларының басталуын, дүниежүзілік қоғамдастық санасындағы еліміздің оң бейнесінің түпкілікті өзгеруін білдіретін болады.

Мемлекет басшысы ретінде Сіз, Михаил Сергеевич, мұны көрмеуіңіз мүмкін емес. Бүгін таңда, меніңше, түпкілікті таңдау жасайтын мезгіл жеткен сияқты. Қай жаққа қарай жүру керек екенін Сіз айқындап алдыңыз: Президент ретінде КСРО халық депутаттарының съезінде және КОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы ретінде партияның XXVIII съезінде – өзгерістер жолымен ілгері басу керек, ал экономика нарыққа қарай ілгерілеу керек, дедіңіз. Енді, сірә, екінші қадамды жасау – осы ілгерілеуге бөгет болатын нәрседен іргені ажырату керек болар.

Біз ымыраға келу жағындамыз. Алайда адамдардың арасында белгілі бір ортақ мақсат болып, тек оларға қол жеткізудегі тактикада айырмашылық кездескенде ғана мәмілеге келу мүмкін. Оң қапталдан бізді артқа, «жарқын тоталитарлық өткенге» шақырып отырғандармен, әсіре сол қанаттан қайдағы бір жалған елесті «мамыражай болашақ» үшін саяси лаңкестікке шақырып отырғандармен ымыраласу туралы қандай әңгіме болуы мүмкін! Мысалы, Таулы Қарабақтағы армян-әзірбайжан жанжалының отына май құйып отырғандармен қандай да болсын келісімге қол жеткізіледі деп шынымен-ақ үміттенуге бола ма? Олар мәселені нағыз азамат соғысына дейін ушықтырып отыр ғой.

Батыл іс-қимылдар жасайтын мезгіл жетті. Барлық нәрселерде – нарыққа көшуде де, қантөгісті жанжалдардың жолын кесуде де, көптеген басқа істерде де батыл іс-қимылдар жасайтын кез келді. Оның бер жағында ымыраға қол жеткізуде де батылдық керек. Мұнда жақсы өнегелер қазірдің өзінде бар, мен сәуірдің 23-інде қол жеткізілген «9+1» келісімін, сондай-ақ Одақтық шарттың жобасы жөніндегі әзірлік комитеті мүше-

лерінің жуырдағы кездесуін айтып тұрмын. Мұны саяси қоғамдық келісімнің – қазіргі қиын жағдайда еліміз үшін бірден-бір дұрыс өркениетті де парасатты жолдың бастауы деп есептеуіміз керек.

Осыған байланысты біз осы саясатқа өзінің адалдығын көрсетіп отырған қазіргі саяси күштердің кез келгенін қолдайтынымызды атап көрсеткім келеді. Алайда қабылданған шешімдердің мәнге ие болуы және практикада жүзеге асырылуы үшін келіссөз үдерісін ұйымдастырудағы бастамашылық биліктің ресми құрылымдарының, тікелей Сіздің, Михаил Сергеевич, қолыңызда міндетті түрде болуға тиіс деп есептейміз! Қазақстан топтастырушылық бастамаларды дамытуда еліміздің басшылығына барынша көмектесуге әзір.

Сонымен бірге, бізді кейбір одақтық құрылымдардың, атап айтқанда, КСРО Жоғарғы Кеңесінің жекелеген депутаттарының болашақ Одақтық шартты қалыптастыру үдерісіне килігуі, оның субъектілеріне өз еркін тану жөніндегі жосықсыз талап-тілегі қатты алаңдатады. Бұл мәселедегі біздің ұстанымымыз бір мәнді: басқа республикалар сияқты, Қазақстан да біреудің ақыл айтуына, сондай-ақ өз іс-қимылдарын мақұлдауына немесе мақұлдамауына ділгер емес. Одақтық шарттың мәні мен мазмұнын түзетуге, осы тұрғыда республикалардың және олардың парламенттерінің еркіне күш көрсетуге тырысқан кез келген әрекеттер мүлдем орынсыз. Олар тек соншалықты қиындықпен қол жеткізілген келісімді біржолата бұлдіруі ғана мүмкін.

Өзге де біріктіру сәтін пайдалану өте маңызды болып көрінеді. Оның үстіне, бұл елімізді ауыр дағдарыстан шығаруға қарай жасалған тағы бір қадамға айналуы мүмкін. Мен дүниежүзілік экономикаға ұйымдасқан

түрде қайтып оралу идеясын айтып тұрмын. Сіздің тапсыруыңыз бойынша, Михаил Сергеевич, оны әзірлеумен қазір Г. Явлинский, Е. Примаков айналысуда. Оның «500 күн» бағдарламасының кебін кимеуін шын жүректен тілер едік. Әрине, оған да балама табуға болады, айталық, біздің «тарихи таңдау» және «бірегей» даму шеңберінде халықаралық экономикалық ынтымақтастық жөнінде қандай да болсын негізгі бағыттарды қабылдауға болады. Бірақ қателіктерді қайталауға, объективті экономикалық заңдарға, тіпті ақыл-парасатқа апатты идеологиялық күштеуді қолдануды одан әрі жалғастыруға біздің хақымыз жоқ деп ойлаймын. Ақыр соңында, біз дүние жүзінің ажырағысыз бөлігі екенімізді, сондықтан ықпалдасу болмай қоймайтынын түсінуге тиіспіз. Ал осы жолмен біз неғұрлым ертерек жүретін болсақ, солғұрлым шығынға аз ұшыраймыз.

Одан арғысын айтайын. Еліміз бен дүниежүзілік қоғамдастықтың бірлескен мақсатты іс-қимылы бізге дағдарыстан шығуға, қомақты техникалық және қаржы көмегін алуға, жалпыадамзаттық игіліктерді ұстанатын шын мәніндегі демократиялық мемлекет құруға көмектесіп қана қоймай, сондай-ақ бүкіл адамзаттың көптеген болашақ ұрпағы үшін шын мәніндегі экономикалық және саяси қауіпсіздікті қамтамасыз етуге де көмектесе алар еді. Сондықтан біз өз еліміздің дүниежүзілік экономикалық қоғамдастыққа мүше болу идеясын құптаймыз және Кеңес Одағының батыс елдерімен келіссөзге баратын нақты ұсыныстарды талдап жасауына өз үлесімізді қосуға әзірміз.

Құрметті Михаил Сергеевич, қазақстандықтар халықтың өмірін жақсартуға бағытталған батыл және нақты іс-әрекеттерді қолдайды, өйткені қайта құруға

сенеді. 1985 жылдың сәуірінен бері республикада көптеген өзгерістер болды. Ауыр күндер де кездесті. Бірақ та жаңарудың жемісті нәтижесі біздің көз алдымызда. Ең алдымен, бұл – нақты қоғамдық келісім, экономикада нақты және айқын бағдарлар таңдау, ақыр соңында, осындай буырқанған жылдарда көне қазақ жерінің тірегі – оның ежелгі дәстүрін сақтау. Отбасында үлкенді сыйлау, кішіпейілділік пен қонақжайлылық, көмекке мұқтаждардың барлығына риясыз қол ұшын беру біздің халқымыз үшін қасиетті болып қалып отыр.

Қазақстан жаңарған федерацияны жақтайды. Оның қалай аталатынын бірлесіп шешу керек. Бірақ бір нәрсе айқын: бұл ортақ экономикалық кеңістігі бар егеменді ұлттық мемлекеттердің одағы болуы тиіс. Шекараны ашып, кеденді алып тастап, бірыңғай ақша бірлігін енгізе отырып, өз мүшелері арасында кооперация деңгейін көтере түсу ниетімен Еуропа қоғамдастығы, міне, осыған ұмтылып отырған жоқ па! Егер де өз елімізде барлығын тиісті орнына қоюға шындығында бірегей мүмкіндік болып отырғанда, біз өзіміздің ұлттық шаңырақтарымызға бөлініп алып, халықтар арасына қолдан жасалған бөгет қоймақпыз ба? Ол парасатқа қайшы келер еді.

Тек қоғамдық келісім саясатына бірлесіп қолдау көрсету, нарықтық қатынастарға, өмірдің барлық саласын одан әрі демократияландыруға деген ортақ бағыт пен дүниежүзілік қоғамдастыққа ортақ кірігу ғана біздің барлық күрделі проблемаларымызды шешуге нақты мүмкіндік бере алады. Көпшіліктің мұндай таңдауды жақтайтынына мен сенімдімін. Ал біз бұл бағытта шындап қадам жасаған кезде біздің серіктестеріміздің едәуір көбейе түсетіні сөзсіз.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі  
он екінші шақырылымының IV сессиясында  
республиканың ішкі және  
сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы  
жыл сайынғы баяндаумен

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,  
1991 жылғы 27 маусым

### Құрметті жолдастар!

Жоғарғы Кеңестің осы сессиясының айқын байқалған сындарлы сипатта өтіп жатқанын қанағатпен атап көрсеткім келеді. Республиканың экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірінің салаларын қамтитын заңдар топтамасы қабылданды. Мемлекеттік құрылыс проблемаларының кең көлемді шеңбері бойынша жемісті пікір алысылды. Мен нарықтық бағытты, басқа да маңызды бастамаларды батыл қолдағаны үшін депутаттарға рахмет айтамын. Түбірлі экономикалық және саяси мәсе-

лелерді талқылауда парламент прогресшіл көзқарасты паш етті, депутаттар біздің тарихымызда тұңғыш рет заңдардың шынайы жасампаздары болды, бүгінгі таңда аса қиын проблемаларды шешуде соншалықты қажет өзара түсіністік пен келісушілікке қол жеткізе білді деп батыл айтуға болады. Бұл, сөз жоқ, парламентте де, жалпы қоғамда да топтастырушы негіздерді нығайтуға, республиканың болашағы үшін жоғары жауапкершілік ахуалын жасауға септігін тигізеді.

Қазақстанда өзінің мәні жағынан жаңа саяси өкімет институттарының жұмыс істей бастағанына небәрі бір жыл ғана өтті. Алайда осынау біршама қысқа кезеңде де республикада байсалды талдау жасап, барынша мұқият назар аударатын көптеген сапалық өзгерістер болды. Сондықтан осы сөзімді мен республика Президенті ретінде Қазақ КСР Конституциясының 114-ші бабына сәйкес депутаттарға Қазақ КСР-інің ішкі және сыртқы саясатының неғұрлым маңызды мәселелері туралы хабарлау мақсатымен Жоғарғы Кеңестің алдында жасауға міндетті жыл сайынғы баяндама деп есептеулеріңізді өтінемін.

Өткен кезеңде өзім қабылдаған толып жатқан өкімдер мен жарлықтарды санамалап жатпаймын, олар сіздерге мәлім. Ең негізгісінен бастайын. Бізде Жоғарғы Кеңес демократиялық жолмен сайланды, Қазақ КСР Президентінің қызметі тағайындалды, Министрлер Кабинеті құрылды. Бүгінгі таңда біз өмірдің өзі талап еткен бұл өзгерістер өзінің жемістерін беріп жатқанын көріп отырмыз. Республиканың экономикалық және саяси беделі ұдайы арта түсуде. Үкіметтің міндеттерін сапа тұрғысынан өзгертудің оң үдерісі басталды. Республиканың халық шаруашылығын басқарудың барлық деңгейінде түгелдей түбегейлі өзгерістер болып жатыр.

Соның нәтижесінде тіпті еліміз душар болған ауыр экономикалық және саяси жағдайға да Қазақстан қалай дегенмен төтеп берді, өзінің тұрақтылығын сақтады.

Рас, бұл бізге оңайға түскен жоқ. Егер бүкпесіз айтатын болсақ, бүкіл өткен жыл республиканың егемендігін орнықтыру жолындағы, әміршіл-әкімшіл жүйенің әлі де сақталып отырған құрылымдарына қарсы күрес белгісімен өтті. Сонымен бірге, біз еліміздің әлеуметтік-экономикалық өмірінде де, қоғамдық-саяси өмірінде де мүлде болжап білуге болмайтын, стихиялық даму үдерістерінің ұдайы қыспағында болдық. Бірақ, саясатшылардың жанжалдарына, экономикада бір жақтан екінші жаққа ауытқуға, реформаларды жүргізудегі орталықтың дәйексіздігіне қарамастан, республика әрқашанда принципті айқындама ұстауға тырысып келді.

Егер ішкі саясат туралы айтатын болсақ, біздің алдымызға азаматтық татулық пен ұлттық келісімді, халық шаруашылығының қалыпты ырғағын сақтау, нарықтық ұстанымдарды құқықтық жағынан нығайту міндеті қойылды. Мұнда біз белгілі бір оң нәтижелерге қол жеткіздік деп ойлаймын. Ең бастысы – республикада қаржы саласында да, өнеркәсіптің, құрылыстың және, әсіресе, ауыл шаруашылығының көптеген салаларында да бой көрсеткен экономиканың жаңа мемлекеттік емес секторы нақты өмір сүріп, әрекет етуде. Олар – акционерлік қоғамдар, кооперативтер, жалгерлік және ұжымдық кәсіпорындар, шаруа қожалықтары, фермерлер, шетелдік әріптестермен бірлескен кәсіпорындар, әртүрлі қауымдастықтар мен бірлестіктер. Олар қазір-ақ нарықтық қатынастарға кәсіптік және психологиялық жағынан әзір жүздеген мың адамның



еңбек және парасат күш-жігерін өздеріне шоғырландыруда. Оған мемлекеттік және шаруашылық басқару құрылымының едәуір өзгергенін қосу керек, қиындықпен болса да біз нарыққа жетер жолдағы көптеген әкімшілік кедергілерді жоя алдық, еңбекшілердің іскерлік бастамашылығына кеңістікті қамтамасыз ете алдық.

Одақтық деңгейде республика Одақтың сақталуын, жаңарған негіздегі федерация құруды ұдайы жақтап келді. Қазір, Одақтық шартқа қол қою нақты шындыққа айналып отырған кезде, еліміздің үкіметі ақыр соңында республикалармен бірлескен іс-қимылдардың бағдарламасын әзірлеген кезде, біз оң өзгерістер көп ретте Қазақ КСР-інің бекем бағытының нәтижесі, республика парламенті мен үкіметі тындырған ұланғайыр топтастырушы жұмыстың қорытындысы болып табылады деп айтуға хақылымыз.

Көлбеу бағыттағы байланыстарды тереңдетіп, дамытуға қыруар күш-жігер жұмсалды. Біздің Орталық Азия республикаларымен, Ресеймен, Украинамен, Белоруссиямен шарт жасасқанымыз мәлім, бұл шарттар өзара міндеттемелерді орындауға, аймақтық проблемаларды шешудегі дербестігімізді орнықтыруға игі ықпалын тигізді. Ал шарттарды іске асыру тетігі әлі де едәуір жетілдіруді қажет ететіні де даусыз. Біздің борышымыз – еліміздің барлық республикаларымен дәстүрлі достық қатынастарды сақтау, бірақ турасын айтуға тиіспін, біздің ең жақын көршілерімізбен – бізді ортақ тарихи тағдыр біріктіретін Орта Азия халықтарымен бірлікті нығайтуға біз барынша мұқият назар аударамыз.

Республикааралық ынтымақтастыққа деген жаңа көзқараста терең саяси мән бар деп білемін. «9+1» келісіміне қол қою, Одақтық шартты әзірлеу жұмысын

жеделдету көп ретте республикалар арасындағы байланыстарды нығайтудың, олардың өзара іс-қимылдарының нәтижесінде болғанына кәміл сенемін. Сонымен бірге, жаңа Одаққа кіруге әзір емес республикалар халықтарының ерік-тілегін құрметтей отырып, біз, соған қарамастан, оларды экономикаға, нарыққа көшуге байланысты проблемаларды бірлесіп шешуге шақырамыз. Оларды жеке-дара шешуге шама жетпейді.

Қазақстан халықаралық аренада өзін белсенді түрде көрсетті, мұнда біздің қызметіміз ең алдымен сыртқы экономикалық байланыстарды жақсартуға бағытталды. Бүгінгі таңда республиканың 876 кәсіпорны мен ұйымы сыртқы экономикалық байланыстарға қатысуда. Бізде 35 бірлескен кәсіпорын тіркелді, 16 сыртқы экономикалық қауымдастық жұмыс істеуде, бірлескен халықаралық коммерциялық «Әл-Барака-Қазақстан банкі» ашылды. Республикада әртүрлі шетелдік фирмалардың өкілдіктері тіркелді, олар шетелдік және республикалық ұйымдардың арасындағы іскерлік белсенділіктің артуына оң ықпалын тигізуде. Мысалы, шетелдік әріптестердің қатысуымен ғылымды көп қажет ететін өнімнің бірнеше түрін өндіру, былғары-мех және ауылшаруашылық шикізатының басқа да түрлерін ұқсату, құрылыс материалдары мен санитарлық-фаянс бұйымдарын шығару ұйымдастырылды, экологиялық апат аймақтарына азық-түлік өнімдері, балалар тамағы және дәрі-дәрмектік препараттар жеткізілуде.

Өнеркәсіп өндірісі, маркетинг және туризм салаларында Кореяның, Ұлыбританияның, Францияның, Италияның, Испанияның және басқа елдердің фирмаларымен ынтымақтастықтың кең ауқымды перспективалары көзделіп отыр. Азия-Тынық мұхит өңірінің

елдерімен байланыстарды нығайтуға үлкен үміт артып отырмыз, оған біз, сөз жоқ, Азия құрлығында орналасқандықтан да мүдделіміз және Шығыспен бізді ғасырлар тереңіне тамыр тартқан тарихи және мәдени дәстүрлер байланыстырып отыр. «Достық-Алашаңқой» учаскесінде теміржол магистралінің пайдалануға берілуі «Жібек жолын» қайтадан қалпына келтірудегі нақты қадам болды. Жуырда Орталық Азия республикаларының үкіметтері мен Иран үкіметі арасында осы магистральді Анкараға дейін ұзарту туралы келіссөз жүргізілді. Таяудағы уақытқа белгіленген менің Қытай мен Түркияға ресми сапарым Қазақстанның шығыс аймақ елдерімен ынтымақтастығының одан әрі дамытылуына жәрдемдеседі деп үміттенемін.

Сыртқы экономикалық байланыстарды мемлекеттік-құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету, Жоғарғы Кеңестің «Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендегі туралы» декларацияны, «Қазақ КСР-інің сыртқы экономикалық қызметінің негізгі қағидаттары туралы», «Еркін экономикалық аймақтар туралы» заңдарды қабылдауы өте маңызды рөл атқарды. Министрлер Кабинеті әзірлеген тұжырымдама мен сыртқы экономикалық қызметті дамытудың тиісті бағдарламасының, республикалық валюта комитеті құрылуының маңызы зор болды. Алайда бұрынғысынша орталықтың қарамағында болып отырған квоталау мен лицензиялау мәселелерінің шешімін өз қолымызға ала алған болсақ, біздің табыстарымыз едәуір қомақтырақ болуы мүмкін екенін атап өтпей тұра алмаймын.

Республика басшылығы табиғи ресурстарға толық бақылау жасауға табанды түрде күш салмақ. Қазақстан халқына тиесілі төл меншігімізді сұрап жалбарынғы-

мыз келмейді, жаңа орталыққа қандай өкілеттіктер беру керектігін өзіміз шешуге хақылымыз. Біздің талаптарымыздың әділ екенін мәскеудегілер түсіне бастаған сияқты. Одақтық министрліктердің көмір және металлургия өнеркәсіп орындарын Қазақстанның қарамағына беру туралы Теміртау қаласында шартқа қол қоюы – соның ізгі мысалы. Мұның өзі алғашқы қадам ғана деп ойлаймын. Әзірше өзімізге көмірді лицензиялауды алып отырмыз, оны сатудан түсетін валютаның 30 % республика бюджетіне және 10 % жергілікті Кеңестердің бюджетіне беріледі.

Шетелдік инвестицияларға байланысты мәселелерді шеше отырып, біз тең құқықты әріптестер болуға ұмтылды, іскерлік ынтымақтастықтың республика үшін неғұрлым ұтымды, пайдалы нұсқаларын табанды түрде іздедік. Сонымен бірге, бизнес дүниесіндегі жұмыстың өзімізге ең қажетті тәжірибесін жинақтадық. Америка Құрама Штаттарына іскерлік сапар, Түркия президенті Тұрғыт Өзалмен, Корея Республикасының президенті Ро Дэ Умен кездесулер, Қазақстанға келген көрнекті шетелдік бизнесмендермен келіссөздер менің өзім үшін үлкен мектеп болды. Осыған байланысты мынаны атап көрсеткім келеді: шетелдік инвесторлар – өз капиталымен қалай болса солай тәуекел етуге әзір отырған ашықауыздар емес. Оған қоса, дағдарысқа ұшырап отырған олардың экономикасы емес, шұғыл көмекті қажет етіп отырған олар емес, қайта бәрі де керісінше. Сондықтан Батыс пен Шығыстағы іскер адамдардың бүгінде сақ, аңысын аңдаған ұстанымда отырғанына таңданарлық ешнәрсе жоқ, өйткені оларды еліміздегі тұрақсыз жағдай қатты алаңдатууда. Олардың біртұтас, берік одақтық мемлекетпен істес болғысы

келеді. Бір ғажабы, біздің қазіргі және ықтимал шетелдік әріптестеріміз Одақтық шартты кейбір қолтума саясаткерлерге қарағанда әлдеқайда көбірек жақтауда.

### **Жолдастар!**

Мен республика басшылығы өткен кезеңде күш-жігерін жұмылдырған негізгі бағыттарды тізіп шықтым. Парламентке, сіздердің мүдделіліктеріңізге сүйенбесе, оның мұндай жұмыс көлемін атқаруы қиын болар еді. Әлбетте, біз барлық істе бірдей табысқа кенеліп отырған жоқпыз. Алайда ілгері басу бар және де аз емес. Экология, әскери ведомстволармен өзара қатынас сияқты күрделі мәселелерді мысалға алайық. Республиканың өскелең беделін мен көп жағынан алғанда осы мәселелерде біз ұстаған дәлелді, терең дәйекті және салмақты ұстаныммен байланыстырамын. Кез келген ведомствоның қазақ жерінде жауапсыз, қалай болса солай қожалық етуін тоқтатуына шектен шыққан қызба сезімсіз қол жеткізіп отырмыз. Қазақстанда Арал теңізі тартылып бара жатқан, Семей полигоны түпкілікті жабылмаған, индустриялық алыптар айналадағы ортаны әзірше ластап отырған кезде біз тынышталмаймыз. Мұны орталық ведомстводағылар жеткілікті дәрежеде жақсы түсінді. Экология проблемаларын шешуде бізді ессіз егес емес, тең құқықты өзара тиімді әріптестік біріктіруге тиіс екенін қосып айтқым келеді. Нақ осындай сындарлы, ізгі ниетті көзқарас республиканың Атом өнеркәсібі министрлігімен, ғарыш саласында жұмыс істейтін ведомстволармен өзара тиімді ынтымақтастықта жемісін берді.

Әлбетте, кейбір мәселелерді біз орталықтың құзырына беретін боламыз, алайда жергілікті билік орында-

рына енді ешкім де «әкелік ақыл-кеңес» беріп отырған жоқ және бермейтін болар деп үміттенемін. Біздің кадрларымыз үшін нағыз дербес жұмыс басталды. Бұл жұрттың бәрін қанағаттандырып отыр деп айта алмаймын. Кейде біз таратылған министрліктерді қалпына келтіруге және ескі әміршіл экономиканы еске түсіруге шақырған үндеулер де естиміз. Бұл жерде не деуге болады? Ескі тәртіпке қайта оралу бұйрық беріп үйренгендерге орасан зор жеңілдік әкелетініне күмәнданбаймын. Бірақ экономикалық және рухани дағдарыстан шығуға ол көмектеспейді. Керісінше, ел тұйыққа түпкілікті тіреліп, одан енді қайта шыға алмайтын болады.

Міне, сондықтан да біз жаңа экономикалық құрылымдардың – концерндердің, қауымдастықтардың, консорциумдардың қалыптасуын соншалықты ықылас қоя қадағалау дамыз. Олар бізге нарықтық қатынастарды қалыптастырудың алғашқы және, тегінде, ең бағалы практикалық тәжірибесін беріп отыр. Олардың жұмысы әзірше әрдайым бірдей тұрақты емес. Бірақ осы икемді құрылымдар мемлекет пен кәсіпорындардың өзара қатынастарының күрделі үдерісінде өз орнын қазірдің өзінде тапқаны өте маңызды. Олардың болашағы зор екені күмәнсіз.

Жергілікті Кеңестер де дербестік алды. Өзін-өзі басқару туралы жаңа заңға сәйкес олар сондай-ақ билікті шындап өз қолына алып, аймақтарда әлеуметтік үдерістерді басқарып, нарық инфрақұрылымын дамыта алады және солай етуге тиіс. Жуырда сессия республикада алғашқы еркін экономикалық аймақтар құру туралы қаулы қабылдады. Бұл да жергілікті Кеңестер үшін орасан зор қызмет өрісін ашып отыр.

Әлбетте, нарыққа кіруіміздің қарқынына әсер ететін бірнеше сыртқы фактор бар. Бірінші – Одақтық шарт. Бұл тақырып менің сөйлеген сөздерімде талай рет айтылды. Бірақ мынаны атап көрсетуді тағы да қажет деп санаймын: біртұтас экономикалық кеңістікті жоғалту, республика арасындағы байланыстардың үзілу қаупі – қайткен күнде де Одақты сақтап қалу үшін таратылған насихаттық қауесет емес, біздің болмысымыздың қатал ақиқаты. Қазіргі жағдайдан жеке-дара шығу өте қиын. Орталық пен республикалар арасындағы билікті, әсіресе, экономикалық саладағы билікті жіті бөлу негізінде Одақты сақтауды табандылықпен жақтап отырғанымыз да, міне, сондықтан.

Екінші – қазірдің өзінде шектен тыс сипат алып отырған инфляцияны жою. Осы құбыжықты ауыздықтаудың барлық тұтқалары орталықтың қарамағында болып отыр. Бірыңғай ақша жүйесінде жеке алған бір республикада қолайлы экономикалық жағдай жасау мүмкін деп ойлау мүлдем аңғалдық болар еді.

Үшінші – белгіленген реформаларды ойдағыдай жүргізу, сомның ішкі өтімділігін жүзеге асыру, жеңіл, тамақ өнеркәсібін жаңғырту және экспортқа тауарлар шығаратын өндірістерді құру үшін шетелдік инвестициялар мен технологиялардың қажеттігі. Осыған байланысты біз дүниежүзілік қоғамдастықпен және ең алдымен – Батыстың аса ірі елдерінің «жетілігімен» өзара іс-қимылдар жоспарын қолдамай тұра алмаймыз. Явлинский, Примаков және Щербаков тобының бастамашылығына менің әуел бастан-ақ барынша қолдау көрсеткенімді бүгін де айта аламын.

Үйреншікті сана деңгейінде бұл бастамашылықтың елімізде де, біздің республикамызда да қарсы әре-

кетке кездесіп отырғанын жасырмаймын. Батыстың алдында «тізе бүгуге» бейім, «капитализмді жаңғыртуға» ұмтылып отырған, былайша айтқанда, «Отанды арзан бағаға сатып жіберуге әзір белгілі бір топтарды Назарбаев қолдап отыр-мыс» деп кейбіреулер айта бастады. Мұндай пайымдаулардың барынша аңғалдық екеніне, мен айтар едім, ақымақтық екеніне қарамастан, оларды қалай дегенмен назардан тыс қалдыруға болмайды. Мұның себебі мынада. Менің көзқарасымша, бұл идеясымақтарды адамдарға бүгінгі күн жағдайында да жақсы тұратындар, еліміздің дүниежүзілік экономикалық үдерістерге бірігуіне өте-мөте бөгет жасағысы, біздің нарыққа қарай қозғалысымызды жалпы тоқтатқысы келетіндер ғана тықпалай түсуде. Олар дүниежүзілік қоғамдастықпен тығыз өзара іс-қимыл болмайынша, дамыған елдермен өзара тиімді кең көлемді іскерлік байланыстар болмайынша, нарықтық қатынастарды орнату тіпті де мүмкін емес екенін жақсы түсінеді. Міне, сондықтан «қырғи қабақ соғыстың» арсеналындағы жеткілікті дәрежеде жауыр болған, бірақ әлі күнге дейін пәрменді болып отырған құралдарды өздерінің мақсаттарына пайдалануда. Пәрменді болатын себебі, жаудың бейнесін, кейбіреулер бізді жаулап алғысы, құлдыққа салып тізе бүктіргісі келеді деген сөздерді кеңес адамдарының санасына тым ұзақ, ондаған жылдар бойына сіңіріп келеді және бұл із-түзсіз кеткен жоқ. «Төбенің аржағында» жасалған кез келген әрекеттерге күдікшілдікпен, дұшпандықпен қарауға, идеологиялық үйлесімсіздікке барынша негізделген желбуаз патриотизм сезімі дүние жүзінде болып жатқан үдерістерді салиқалы түрде бағалауымызға, өзіміздің олардағы рөліміз бен орнымызды түсінуімізге әлі күнге дейін бөгет жасауда.



Нақты мысал мынадай. Біздің Теңіз мұнай кешенін бірлесіп игеру туралы Американың «Шеврон» фирмасымен келісіміміз төңірегіндегі күрес осы кезге дейін тоқталмай келеді. Ал оның астары мынадай. Біздің өтінішіміз бойынша КСРО үкіметі шарттың жобасын сараптан өткізіп, жалпы оны мақұлдады, пысықтай түсу қажет бірқатар кемшіліктерді де көрсетті. Тек бәріне және баршаға әмір жүргізуге дағдыланып алған бұрынғы КСРО Мемлекеттік жоспарлау комитетінің аппараты сарапқа қатысуға шақырылған жоқ. Мемлекеттік жоспарлау комитетіндегілер бұған, әрине, өкпеледі де. Өздерінің әлі де күшінде екенін және еліміздің мүдделерін өте-мөте қорғайтынын дәлелдеуге тырысып бақты. Міне, сондықтан бізді өткініші пайда үшін табиғат байлықтарын талан-таражға салып жатыр, шетелдік капиталдың жыртқыштық ниеттерін қолпаштауда деп айыптайтын қорытынды шығарған жарияланымдар пайда болды. Бірақ қол қойылған ешқандай өзара шарт әлі жоқ.

Алайда Ресей президенттігіне кандидат, КСРО үкіметінің бұрынғы басшысы Н. И. Рыжковтың беделін түсіру үшін, кейбір редакциялардың кез келген фактіні пайдалануы керек болып, мәселенің мәні басқа жаққа аударылды. Бір-ақ нәрсені айтайын. Табиғат ресурстарын пайдалануда көп жыртқыштықты және қарапайым экологиялық нормаларды аяққа басуды біздің елден басқа елдерде бүгінгі таңда кездестірудің мүмкін екені екіталай. Ал адамдардың өмірі мен тұрмысына немқұрайлы қарау туралы айтпай-ақ қоялық. Басқаны қайдам, бізге, қазақстандықтарға, бұл жақсы мәлім. Бізді «Шевронның» практикасында қызықтырып отырған нәрсе не десек, ол, тегінде, мұнай өндірудің дүние

жүзіндегі осы заманғы озық технологиясы, өндірістің аса жоғары мәдениеті, айналадағы ортаның тазалығына керемет қамқорлық болса керек. Фирма дүние жүзінің 67 елінде жұмыс істейді және өте сенімді әріптес ретінде даңқы шыққан. Ал енді біреудің түймедей мінін көріп, өзіміздің түйедей мінімізді байқамайтынымыз тағы шындық.

Бүгінгі таңда елдер түгелімен дерлік өз экономикасына шетел капиталын тарту үшін белсенді түрде бәсекелесуде. Ал бұл орайда оны өзінің Отанын саудаға сатып отыр деп ешкім де есептемейді. Керісінше, шетелдік инвестициялар неғұрлым көп тартылса, табиғат және басқа ресурстар солғұрлым тезірек қайтарым бере бастайды. Жаңа технологиялар дами бастайды, халықтың жұмыспен қамтылуы, тауармен молықтыру артады, сайып келгенде, халықтың тұрмыс деңгейі жақсарады. Бұл – экономикалық ғылым мен практиканың әліппесі.

Біздің байланыстарымыздың өзара тиімді сипатта болуға, жіті мемлекеттік бақылауда болуға, дамыған елдермен тең құқықты әріптестік қағидаттарына негізделген ұзақ мерзімді және ірі ауқымды экономикалық ынтымақтастығының бағдарламасы болуын өзінің негізіне алуға тиіс екені басқа бір мәселе. Бүгінгі таңда «Үлкен жетілік» елдерімен уағдаластық шеңберінде нақ осы негіз қалануда.

Алайда дағдарыстан шығу мәселесі тек сыртқы факторлармен ғана тәмамдалмайды. Проблеманы шешудің негізгі ауыртпалығы біздің өзіміздің мойнымызға түседі. Біздің қолымызда экономиканы тұрақтандыру үшін орасан зор дербес, әзірге іске асырылмаған мүмкіндіктер бар. Атап айтқанда, өндірістік қатынастардың негіз-

дерін өзгерту және меншік нысандарының нақты алуан түрлерін орнықтыру үшін құқықтық алғышарттар жасайтын заңдар қабылданды. Республикада нарықтық қатынастарды енгізудің әдістері пысықталуда. Қысқасы, қазірдің өзінде біздің сүйенетін нәрсеміз бар. Енді тетіктердің өздерін іске қосу, нақты іс-қимылдарға көшу маңызды.

Біздің қазіргі міндеттерімізді былай деп айқындауға болады: ішкі және сыртқы саясаттың бағытын оңтайландыру, әзірленген экономикалық, әлеуметтік және мәдени бағдарламаларды толық іске асыру, құқықтық реформаны тереңдету, республиканың пәрменді халықаралық саясатын қалыптастыру. Біз адамға бағдарланған тиімді экономиканы жасауға, адамдарды қорқытатын құбыжық болуын қоятын, қайта өз еңбегінің нәтижелерін жақсартуға ықыласты мүдделілікті туғызатын нарықты жасауға тиіспіз.

Қазақ КСР Президенті ретінде, өзімнің өкілеттіктеріме сәйкес, мен 1991–1992 жылдар кезеңіне арналған практикалық қызметімде басшылыққа алмақ ниетте болып отырған негізгі басым бағыттарды айқындау қажет деп есептеймін. Сіздермен бірге осы бағдарламаның нобайларын талқылағым, сіздердің пікірлеріңізді ескере отырып айқындаманы дәлдей түскім келеді. Оны әзірлеу тек республика парламентінің негізгі нарықтық заңды – «Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы» Заңды қабылдауы арқасында ғана мүмкін болды.

Нарыққа көшу қоғам өмірінің ең терең қатпарларын, халықтың барлық әлеуметтік топтары мен жіктерін, әрбір адамды қозғайтынын бірден атап өту қажет. Бәлкім, қалыпты экономикалық жағдайда біз жекелеген

салаларда тәжірибе жасап, байқап көрулер мен қателіктер жолымен жүре алар едік. Бірақ қазіргі жағдай – өте ауыр, экономикада – аласапыран, адамдардың жүйкесі әбден тозған. Әлеуметтік факторды елемеу немесе жете бағаламау бізге қымбатқа түсуі мүмкін. Міне, сондықтан да біз алда тұрған проблемалардың шешімі жөнінде ғылыми негізделген көзқарастар табуға, өз бастамаларымызға кең көлемді қоғамдық қолдау көрсетілуіне жетуге міндеттіміз.

Бағдарлама жобасын Республика кеңесі үстіміздегі жылғы мамырдың 31-інде негізінен мақұлдады және ол айтылған ескертпелерге сай пысықталды. Жоба сіздердің қолдарыңызда бар. Сондықтан сіздерге оның философиясын, экономикалық және әлеуметтік негізін құрайтын басты әрі түйінді мәселелер туралы ғана баяндауды қажет деп санаймын.

Ең алдымен – одақтық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдардың (жаңа Одақтық шарт бойынша орталықтың қарамағында болатындарынан басқаларының) республиканың қарамағына көшуі туралы. Бұл орайда республика кәсіпорындарды басқару орталығын бейне бір еріксіз ауыстыруға тырысып отыр деп санау үлкен қателік болар еді. Әңгіме одақтық кәсіпорындарды өз қарамағымызға қабылдап, оларға өзіндік бір «ведомстводан тыс мәртебе» беру жайында болып отыр. Сөйтіп, біз ұзақ сөзбұйдасыз, одақтық заңдарды күтпестен республика аумағында нарыққа орасан зор өнеркәсіп әлеуетін қосамыз. Оның үстіне бұрынғы және қазіргі одақтық министрліктер мен ведомстволардың кейбіреулері атын ғана өзгертіп, іс жүзінде бұрынғы құрылымдары сақталатын бейне бір акционерлік қоғамдар мен қауымдастықтар болып құрыла отырып,

республикада өзінің статус-квосын сақтауға тырысуда. Украин КСР-і бұл жөнінде қазірдің өзінде батыл іс-қимылдар жасады. Біз де қазақстандықтардың көптеген ұрпақтарының еңбегімен жасалған меншіктің республиканың ту сыртынан талан-таражға салынуына жол бере алмаймыз.

Кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған шаралар да маңызды. Қандай да болсын бизнес қалыптастыру белгілі бір ынталандыруларды – тіркеу кезінде кедергілердің алынуын, еңбекті ұйымдастыруда, жұмыс уақытының режімін сақтауда дербестік берілуін және тағысын-тағыларды қажет етеді.

Біздің ойымызша, бағдарлама дағдарыстан шығудан гөрі нарыққа көшудің түбегейлі проблемаларын шешу ісіне жәрдемдесуге, оның инфрақұрылымының барлық элементтерін ұштастыру тетіктерін белгілеуге тиіс. Осыған байланысты біз алдымызға бірқатар принципті мәселелер қойдық.

Мемлекет иелігінен алусыз және жекешелендірусіз әлеуметтік нарықтық шаруашылық орнатуға бола ма, біз қазір олардан бас тарта немесе белгілі бір мерзімге кейінге қалдыра аламыз ба? Меншікті қайта құрмастан қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға бола ма? Байсалды экономикалық талдау бұған теріс жауап беріп отыр. Қазір орын алып отырған жүйенің ішкі қозғаушы күштері жоқ, ол өндірістің түпкі жоғары нәтижелеріне адамдарды ынталандыра алмайды. Сондықтан жағдайдан шығудың жалпы жолы – меншік қатынастарын түбегейлі өзгерту. Басқаша айтқанда, экономикада бізге нақты қожайын қажет. Бізге нарықтық тұрпаттағы ұйымдық-экономикалық құрамалар: ұжымдық (халықтық) кәсіпорындар, акционерлік және басқа

шаруашылық қоғамдары, серіктестіктер және тағы басқалар қажет. Өндірістің тиімділігін арттырып, дамытуға, пайданы көбейтуге мүдделілік туғызу, адал еңбек етудің сенімді уәждерін қамтамасыз ету маңызды. Жаппай мемлекеттік меншік бұл проблеманы шеше алмайды.

Біздің экономикамыздың құрылымы мынадай: өндірістік әлеуеттің 10–15 %-ы ғана адамға, жалақының теңестірілуіне жұмыс істейді, ал жалаң жалақы еңбек етуді ынталандыра алмайды. Сөйтіп, мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру экономиканы құрылымдық жағынан қайта құруды жеделдетудің, оны адамға қайта бағдарлаудың факторы болуға тиіс және бола алады.

Сомның бағамын нығайту және оның ішкі айырбасталымдығына көшу проблемасы да мемлекет иелігінен алумен және жекешелендірумен бір арнада шешілуі тиіс. Әңгіме жекешелендірілетін мүлікті пайдалану, оны сомды тауармен толтыру факторы ету, демек – инфляцияны ауыздықтау, оны артық ақшаға жылжымайтын зат сатып алу арқылы басқару жайында болып отыр. Бағдарламада бұл жағдай да ескерілген.

Ішкі және шетелдік инвестицияларсыз экономиканы жандандыруға болмайтыны қазірдің өзінде айқын. Мәселені біздің бюджетіміздің жайы және республиканың ішкі қарызы қиындатып отыр, яғни бұл көздерді әзірше пайдалануға ешбір болмайды. Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру соммен, сондай-ақ валютамен инвестициялаудың көздеріне айнала алады деп ойлаймын. Мен мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру үдерісіне шетел капиталының қатыстырылуын жақтаймын. Бірақ шетел капиталы меншікті сатып

алуда емес, өндірістің техникалық деңгейін арттыруда, технология импортында инвестицияланатын болуға тиіс. Мамандардың бағалауы осы бағыттарда 3-5 жыл ішінде сапалы секіріс жасауға болатынын көрсетеді.

Заң жобасын талқылау кезінде мемлекет иелігінен алудың және жекешелендірудің қағидаттары туралы, яғни мүлікті ақы төлеп немесе тегін жекешелендіру туралы мәселе өткір қойылды. Оны тегін беру кезінде жоғарыда айтылған факторлардың бірде-біреуінің жұмыс істемейтініне сенемін. Шынында да, меншікті тегін бөліп берудің өлшемдерін белгілеу қиын, дегенмен, даңғойлық көзқарас тұрғысынан алғанда бұл нұсқа, әлбетте, неғұрлым қызықтырарлық. Бірақ мұнда ішкі қарыз проблемасының шешімі жоқ, меншіктің шашылуы айқын. Ал ең бастысы, меншік иесі, нақты қожайын жоқ, оның орнына жыл сайын дивидендтер талап етуші көптеген акционерлер бар. Сонымен бірге, жекешелендірудің таза ақылы нұсқасы экономиканы дағдарыстан шығаруды да, сондай-ақ нарықтық қатынастарға көшіруді де ұзақ уақытқа созып жібереді.

Экономистердің көпшілігі бөліп беру мен сатып алудың синтезін жақтауда, мейлінше әртүрлі осы екі көзқарасты, осы сессия қабылдаған заңда көзделгеніндей, ұштастыруды ұсынуда. Тұрғын үй, кәсіпорындар мен ұйымдардың негізгі қорларының белгілі бір үлесі, алыс аудандардың кеңшарларындағы, шалғай мал жайылымдарындағы рентабельділігі төмен әрі залалды өндірістердегі мүліктің бір бөлігі және басқа да бірсыпыра мүліктер тегін берілетін болады. Ұсынылған бағдарламада түрлі факторлардың өзара байланысын ескеретін, уақыт жағынан үйлестірілген осы проблемалардың көпшілігі көрсетілген.

Бағдарламаның маңызды мақсаты – мемлекеттік меншікті оның басқа тұрпаттарына өзара байланысты және дәйекті түрде қайта өзгерту, мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін немесе құнды қағаздарын азаматтардың сатып алуы үшін әлеуметтік жарамды жағдайлар жасау.

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің практикалық мәселелерін шешудің түрлері мен әдістері негізгі өндірістік қорлардың жайына талдау жасауға негізделген, осы үдерістерді жүзеге асырудың әлеуметтік-экономикалық салдарын ескереді. Бағдарламаны әзірлеу кезінде біздің еліміздің басқа республикаларында, Шығыс Еуропа мемлекеттерінде мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруді жүзеге асырудың қазір жинақталған тәжірибесі де жан-жақты ескерілді.

Бағдарламаның тағы да бір ерекшелігі. Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің принципті әртүрлі экономикалық мәні, оларды жүзеге асырудың шарттары мен принциптері бар екені қазірдің өзінде көптеген адамдарға айқын. Халық шаруашылығының түрлі салаларында осы үдерістерді дамытудың көлемі мен ауқымы сондықтан да әртүрлі болуға тиіс.

Егер мемлекет иелігінен алу – кәсіпорынды коммерциялық жұмыс режиміне көшіру екенін біршама жеңілдетіп айтар болсақ, оның қалыпты жұмыс істеуіне осының бір өзі ғана мәжбүр етеді. Ары қарай бұл үдерісті акционерлеу және серіктестік немесе басқа шаруашылық қоғамы, ұжымдық (халықтық) кәсіпорын етіп өзгерту арқылы тереңдетуге болады. Сондықтан мемлекет иелігінен алу қарқынының жеткілікті дәрежеде жоғары болуы мүмкін.

Жекешелендірудің жөні бөлек. «Шағын» жекешелендіру дейтіннің тез арада жүзеге асырылуы мүмкін.



Орта және ірі кәсіпорындарды жекешелендіру неғұрлым абайлап және сараптап жүзеге асырылуға тиіс, сондықтан бағдарламада 1991–1992 жылдарда, негізінен алғанда, «үлкен» жекешелендіруді бастау көзделген. Бірақ «шағын» және «үлкен» жекешелендіру қатар жүзеге асырылуға тиіс екенін ерекше атап көрсеткім келеді. Бұл жердегі басты нәрсе – «үлкен» жекешелендіру төменнен, кәсіпорындардың еңбек ұжымдарынан басталатын болады.

Бағдарламада мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру қарқынының проблемасы жеткілікті дәрежеде сарабалдықпен қаралған. Осыған байланысты мен оларды әдейі жеделдетуге, асықтырып тездетуге, күрделі жұмысты кезекті науқанға айналдыруға жол беруге болмайтынын ескерткім келер еді. Әртүрлі салалар нарыққа әртүрлі жылдамдықпен келеді. Базалық салаларды табан астында қиратуға жол беруге болмайды. Жекешелендірудің түрлері мен әдістерін таңдаудағы асығыстық, оған еңбек ұжымдарының жеткілікті дәрежеде әзір болмауы адамдардың нарық идеясына деген сеніміне селкеу түсіретін елеулі қателіктерді сөзсіз тудырады.

Сонымен бірге, жаңа қатынастар жұмыс істейтін экономикалық орта, барлық тетіктердің іске қосылуы үшін уақыт қажет. Осыған байланысты елімізде шаруашылықты жүргізудің жаңа қағидаларын енгізудің бір заңдылығын сіздердің естеріңізге сала кеткім келеді. Біз әртүрлі экономикалық тәжірибелерді көп жүргіздік және олардың кейбіреулерінің сәтті жүргізілгенін айта кету керек. Бірақ мәселе жаппай енгізуге жеткен кезде нәтиженің көбінесе құрдымға кететін себебі тек еңбек ұжымдарының ұсынылып отырған өзгерістерге не әзір емес екенінде, не мүдделі емес екенінде ғана.

Батыс экономистері «Үлкен жетіліктің» кеңесі алдында біздің еліміз экономикасының нарықтық қатынастарға көшуінің түрлері мен әдістерін жеткілікті дәрежеде зерттеді. Олардың бағалауынша, бүкіл мемлекеттік меншікті 25–30 %-ы көлемінде мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру экономиканың қазіргі үлгісін өзгерте алатын мемлекеттік емес меншіктің «шектеу бөлігін» құру туралы айтуға мүмкіндік береді. Мемлекет иелігінен алудың нақ осы деңгейіне қол жеткізу бірінші кезеңнің міндетіне айналып отыр. Бұл кезеңде «шағын» жекешелендіру саласында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру озық дамытылуға тиіс. Бұған сауда, қоғамдық тамақтандыру, тұрмыс қажеттерін өтеу және коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары, сондай-ақ өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы, автомобиль көлігі саласындағы және басқа салалардағы шағын кәсіпорындар да жатқызылады.

Бағдарламада аталған кәсіпорындарды сатылау көзделеді, халық шаруашылығының әртүрлі салалары үшін нақты тетіктер тәптіштеледі және «шағын» жекешелендірудің купондық тетікті қолданбай жүзеге асырылатыны басшылыққа алынады. Еңбек ұжымдары үшін жеңілдіктер бөлінді, республика азаматтарының мүдделерін қорғау тәртібі айқындалды. Аукциондар, конкурстар өткізу, мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік акционерлік қоғамдар етіп қайта құру жөніндегі нормативтік құжаттарды таяудағы уақытта Қазақ КСР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті бекітеді. Оларда республикамыздың әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және басқа ерекшеліктері ескерілуге тиіс.

Жекешелендірудің күрделілігіне және саяси мәнділігіне, сондай-ақ бұл жұмыстың практикалық тәжірибесінің жоқтығына байланысты мен республиканың Министрлер Кабинетіне кейбір облыс орталықтарында және Алматы қаласында аукциондар мен конкурстар түрінде сауда, қоғамдық тамақтандыру, тұрмыс қажетін өтеу объектілерін жекешелендіру жөнінде тәжірибе жүргізуді тапсырдым. Біз аталған объектілердің нарықтық құнын, ықтимал сатып алушылар тобын, осы кәсіпорындардағы еңбек ұжымдарының жекешелендіруді қабылдай алу қабілеті мен оған әзірлігін анықтауымыз керек. Демократиялықты, жариялылықты және тәжірибенің жүргізілуіне, объектілердің құны мен бағасын анықтауға қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету міндетті шарт болып табылады.

Бағдарламаның арнаулы бөлімі аграрлық-өнеркәсіптік кешендегі мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің ерекшеліктеріне арналған. Оның жалгерлік, өтем төлеп алу, акционерлеу, сондай-ақ мүліктің жекелеген түрлерін ұжымдық меншікке тегін беру сияқты жолдары көзделді. Сонымен бірге, рентабельдігі төмен және залалды кеңшарлар еңбек ұжымдарының келісімімен кооперативтер қауымдастықтары, шаруалар мен отбасы қожалықтары, жалгерлер ұжымдары және нарықтық үлгідегі басқа да құрылымдар болып қайта құрылуы мүмкін.

Бағдарламада мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру кезінде әртүрлі жеңілдіктер беру тетіктері көзделеді. Тұрғын үйлерді және мемлекеттік кәсіпорындардың акцияларын сатуда қолданылатын купондық тетік ерекше орын алады. Купондар ішінара өтеу немесе халықтың ұлттық байлықты жасауға қосқан үлесін оған қайтару құралы ретінде енгізіледі.

Бірқатар республикаларда инвестициялық чектер мен шот-есептер, бондар, сертификаттар сияқты тетіктер және мемлекет мүлкін халыққа тегін берудің басқа да түрлері енгізілуде. Алайда біздің бағдарламада көзделген купондық тетіктің олармен салыстырғанда бірқатар артықшылықтары мен жақсылықтары бар.

Біздің халықтың жинақталған капиталы баршаға жақсы мәлім. Іс жүзінде халықтың көпшілігінде сүбелі жинақ ақша жоқ. Нақ купондар арқылы біз халықтың жинақ ақшасының тапшылығын жоятынымыз, азаматтардың мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру үдерістеріне қатысуы үшін қажетті бастапқы жағдайды жасайтынымыз өте бағалы болып көрінеді.

Тұрғын үй купондарына біраз егжей-тегжейлі тоқталуға рұқсат етіңіздер. Өйткені олар халықтың неғұрлым маңызды мүдделерін қозғайды. Барлық азаматтарға, мемлекеттік пәтерлері бар-жоғына қарамастан, купондар беру қажет деп табылды. Бұл орайда бөлінетін купондардың мөлшері республикада орташа жұмыс өтілі 21 жыл болған бір адамға шаққанда тұрмыстың санитарлық нормасы мөлшерінде пәтерді сатып алуы үшін жеткілікті болуға тиіс. Республика халқының демографиялық құрылымын ескере отырып, купондарды бөлгенде еңбекке жарамды жасқа жетпеген балалардың және оқушылар мен студенттердің санын да ескеру қажет. Жетім балалар, бала жасынан мүгедектер, 1 және 2 топтағы еңбек мүгедектері үшін купондар берудің жеңілдік режімі көзделеді. Қазіргі кезде тұрғын үйі жоқ және оны алу үшін кезекте тұрған адамдарға да купондар берілетінін атап өту қажет. Меншікті қаражаты есебінен өзінің тұрғын үйін салған немесе кооперативтік үйлерде тұратын адамдардың мүдделері де ескеріледі.

Тұрғын үйлерді купондардың көмегімен сатып алу ерікті негізде жүзеге асырылады. Купондар жетпеген жағдайда азаматтар жетпеген соманы қолма-қол ақшамен біржола немесе мерзімін ұзартып төлейді. Бағдарламада тұрғын үйді сатып алғаннан кейін қалған бос купондарды тұрғын үй жағдайын жақсартуға, пәтер ақы төлеуге пайдалануға болады деп көзделеді.

Халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің жаңа құқықтарын ескере отырып, бағдарламада көп балалы отбасыларына және халықтың табыс деңгейі төмен басқа да санаттарына тұрғын үйді сату үшін жұмсалған қаржы есебінен жеңілдік беру мүмкіндігін көздеу қажет деп табылды.

Купондарды іс жүзінде пайдалану халық депутаттары жергілікті Кеңестері, Қазақ КСР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті тарапынан зор ұйымдастырушылық жұмысты қажет етеді.

Сөйтіп, купондардың көмегімен тұрғын үйлерді жекешелендіру республикада жүргізілетін тұрғын үй реформасының құрамдас бөлігіне айналады. Ол тұрғын үй қорын сақтау және пайдалану жөніндегі қамқорлық пен орасан зор шығынды мемлекеттің мойнынан алуға, ал кейіннен республикада тұрғын үй рыногын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай акциядан түскен қаржыны жергілікті Кеңестер жаңа пәтерлер салуға жұмсайды, бұл пәтерлер де халыққа сатылады.

Инвестициялық купондарды пайдалану тетігі де осындай принцип негізінде құрылады.

Жекешелендірілетін мүліктің құнын қалай дұрыс бағалау керек деген маңызды мәселеге тоқталмауға болмайды. Бағдарламада нарықтық құнның баланстағы құнға балама емес екені және өндіріс пен пайда

көлемінің көрсеткіштері, рентабельділігі, өнімнің бәсекелестік қабілеті және тағы басқалар ескерілуі тиіс екені басшылыққа алынады.

Кәсіпорындар мен ведомстволардың мемлекеттік мүлікті өз бетінше баса-көктеп алуына депутаттардың назарын аударғым келеді. Мен басшылардың біліксіздігі немесе әлдебір даңғойлық ниеттері себепті тетіктерді өздері әзірлеп, мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруді жүргізу факторын айтып тұрмын. Бұл үдерістер стихиялы түрде, көбінесе қылмыстық сипатта жүріп жатыр, соның салдарынан еңбек ұжымының және республиканың бүкіл халқының мүдделері қақтығысуда. Бірқатар жерлерде, әсіресе, автокөлік кәсіпорындарында мүлікті жәй ырым үшін су тегін әрі тежеусіз сатуда. Кейбір жерлерде мұның өзі ашықтан ашық тонау сипатын алды. Сондықтан біз қазір экономикалық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі тәуелсіз орган құрып, оған барынша кең өкілеттіктер беруді ойластырып жатырмыз.

Министрлер Кабинеті мен Мүлік жөніндегі мемлекеттік комитет бұл мәселелерді реттеуі, Қазақстанның бүкіл халқы жөнінде әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруі керек.

Сондай-ақ бастапқы капиталы немесе жарғылық қорлары мемлекеттік қаржы мен мүлікті енгізу есебінен қалыптасқан шағын және бірлескен кәсіпорындарға, алуан түрлі қауымдастықтарға, коммерциялық банктерге және басқа құрылымдарға көзқарасты да айқындап, белгілеу қажет. Айтпақшы, олардың көбі өздерін қазірдің өзінде мемлекеттік емес коммерциялық құрылымдар деп есептейді. Оның бер жағында бұл мәселенің құны – мемлекеттен алынған жүздеген миллион сом.

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру үдерістерін мемлекеттік қолдау мәселелерінің топтамасы бағдарламаның аса маңызды бөлімі болып табылады, ол нарық инфрақұрылымын құруға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асырудың негізгі бағыттарын айқындауға тиіс. Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру үдерістері жүйелі көзқарасты ескере отырып, үйлестірілген түрде, баға, банк саясатын, әлеуметтік саясатты жүргізе отырып, кәсіпорындарды материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жақсартып, жүзеге асырылады.

Қазақ КСР Министрлер Кабинеті Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеттің, Жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау және монополиялық қызметті шектеу жөніндегі комитеттің құрылуын аяқтауды жеделдетуге тиіс. Мемлекеттік салық қызметін тез құру қажет. Қазақ КСР Экономика жөніндегі комитетінің, Қаржы, Еңбек, Сыртқы экономикалық байланыстар министрліктерінің, Мемлекеттік банктің және экономиканы басқарудың басқа да органдарының қызметін қайта құруды қамтамасыз етудің маңызы зор. Олар жөнінде қазіргі кезде көптеген реніштер айтылуда. Олардың жұмысының қазіргі түрлері мен әдістері бізді қанағаттандырмайды. Республиканың Материалдық-техникалық жабдықтау бас басқармасының өтпелі кезеңге арналған міндетін де, болашаққа арналған міндетін де кейінге қалдырмай, айқындау қажет. Оның жұмысында бөлу міндеттерін азайтып, тиісінше, делдалдық міндеттерді күшейту маңызды.

Бағдарламада үстіміздегі жылдың үшінші тоқсанынан кешіктірілмей мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруге байланысты әдістемелік және норма-

тивтік материалдарды бекіту қажеттігі қарастырылған. Мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитет, халық депутаттарының жергілікті Кеңестері мемлекеттік мүлікті, ең алдымен тұрғын үй қорын, халық шаруашылығының түрлі салаларының шағын кәсіпорындарын хаттау жөніндегі жұмыстарды басқаруға міндетті. Республикада мүлікті бағалауда оның бағасын орынсыз төмендетуді болдырмау мақсатында Одақпен үйлестірілген біртұтас қағидаттар мен көзқарастар жасалуға тиіс.

Бағдарлама халық шаруашылығының түрлі салаларындағы мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің жалпы тетіктерінен, тәсілдері мен қағидаларынан тұрады. Оның үстіне онда «шағын» және «үлкен» жекешелендірудің өзара байланысы бейнеленген. Басқаша айтқанда, бағдарламада біздің жұмысымыздың алдағы біржарым жылдықтағы стратегиясы мен қағидаттары тұжырымдалған. Осыған байланысты төменгі жақтың бастамасын қамтамасыз ету және мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру үдерістерінің Алматыдан директивалы және әкімшілік басқарылуына жол бермеу үшін оған жекешелендірілетін объектілердің нақты тізбесін қосу қажетсіз деп танылды. Сондықтан ұйымдық-экономикалық шараларды, олардың өткізілу мерзімін, орындауға жауапты адамдарды, осы үдерістерді бақылаудың түрлері мен әдістерін анықтай отырып, жекешелендірілетін объектілердің нақты тізімін дайындауды Мүліктік басқару жөніндегі мемлекеттік комитетке, экономиканы басқарудың басқа да органдарына, сондай-ақ халық депутаттарының жергілікті Кеңестеріне жүктеген орынды болар еді. Кеңестердегі біздің басшы кадрларымыздың экономиканы рефор-



малауға қаншалықты қабілетті екендігін іс жүзінде тексеретін уақыт жетті.

Бірінші кезеңге қатысты айтқанда, бағдарлама «Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру туралы» Қазақ КСР Заңының жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілері туралы ережелерін нақтылайды. Оған қазір жұмыс істеп тұрған Денсаулық сақтау, Халыққа білім беру, Байланыс, Энергетика және басқа министрліктердің негізгі қызметтерінің объектілері жатады. Осы тізімге сондай-ақ мемлекеттік монополияны құрайтын (оқ-дәрілер, уландырғыш, есірткілік заттар өндірісі және т. б.) өнімдерді шығаратын объектілер қосылған.

Әрине, көптеген әлеуметтік объектілер, мысалы, медицинадағы, білім берудегі, ғылымдағы объектілер жекешелендірілмейтіні ақиқат. Оған мектептер, институттар, емханалар, ауруханалар жатады. Меншік түрлерін шұғыл өзгерту азаматтардың мүдделеріне қол сұғушылыққа соқтырған болар еді. Саяси үдерістердің социологиялық орталығы өткізген жедел сұрау салудың қорытындыларына қарасақ, оған қатысқандардың 63,4 %-ы әлеуметтік сала объектілерін жекешелендіруге қарсылық білдіреді. Сонымен бірге, біз ұқсас және бәсекелес құрылымдарды құруымыз қажет-ақ. Әлеуметтік және рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру барысында халықтық таңдау болуға тиіс. Мұндай жағдайда мемлекеттік объектілерді жаппай-ақ жеке бір объектілерді құруға мүмкіндік беруге болады.

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру ісін жүргізу барысында біз түбегейлі ұлттың да, сондай-ақ Қазақстанды мекендейтін барлық халықтың да мүдделерін ескеруді қамтамасыз етуге тиіспіз, басқаша

айтқанда, нақты саяси, экономикалық және әлеуметтік тетіктердің көмегімен жалпыреспубликалық және аймақтық, ұжымдық және жеке мүдделерді үйлестіру қажет. Осы арада өзекті элементтер ретінде мыналарды есептеу қажет болар:

– республика аумағында өмір сүру шарты. Мысалы, аукционға қатысуға республика аумағында кем дегенде он жыл тұратын Қазақ КСР-інің азаматтарын жіберу ғана ұсынылады. Жекешелендірудің бірінші кезеңінде аукциондарға басқа республикалар мен шетелдік мемлекеттердің азаматтары мен заңды ұйымдары, сондай-ақ олармен бірлескен кәсіпорындар қатыстырылмайды;

– шалғай мал шаруашылығы аудандарында, алыста орналасқан аудандарда, сол секілді экологиялық апат аудандарында тұратын халыққа меншіктің белгілі бір түрін өтеусіз тегін беру;

– жекешелендіруден алынған қаражаттың бір бөлігін әлеуметтік-экономикалық дамуында артта қалған аудандарды қолдау қорына қайта бөлу;

– жұмыс істемейтін көпбалалы аналарға балаларын тәрбиелеуге кеткен уақытын еңбек өтіліне есептей отырып купон үлестіру;

– халық арасында инвестициялық купондарды, республиканың материалдық байлығына қосқан үлесін ескере отырып, Қазақ КСР-інде жинаған еңбек өтіліне сәйкес бөлу.

Осындай барлық күрделі мәселелерді, менің ойымша, ғылымды, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстарды тарту арқылы әлі де мұқият зерттей түсуіміз керек. Бұл арада бүкіл халықтың пікірін анықтау қай кездегіден де қажет.

Жалпы алғанда, әлеуметтік теңдік қағидаттарын сақтай және халықтың әлсіз жіктерін қорғай отырып, біз адамдарға әңгіменің бастапқы шарт туралы екенін ашық айтуға тиіспіз. Әлеуметтік масылдықтың заманы өтті. Әрбір адам өз тағдырының, отбасының, балаларының болашағының иесі екендігін ойланып, өзіне есеп беруі тиіс. Осы уақыттан бастап өздерінің жеке игілігін жасау үшін үлкен жол ашылатындығын, сөзден іске көшуіне мүмкіндік берілетіндігін білгені абзал. Қысқасы, осы сөздің толық мағынасын түсініп, жұмыс істеуіне тура келеді.

Және де айтқым келген ең соңғы мәселе халықтың нарыққа дұрыс көзқарасын қалыптастыру туралы. Өртүрлі жарияланымдарда кереғар көзқарастар мен қарама-қайшы ұстанымдар ұсынылуда. Бұқаралық ақпарат құралдарының нарықтық экономикаға көшудің жағымды жақтарын да, жағымсыз жақтарын да объективті түрде көрсетуді қамтамасыз етуі маңызды. Дағдарыстан шығу және нарыққа көшу қажырлы, тиімді, жоғары өнімді еңбексіз мүмкін емес екенін адамдар біліп, айқын көз алдына келтіруге тиіс. Ол былай тұрсын, бастапқы кезеңде жұмыссыздықтың болуы, инфляцияның өсуі, адамдардың арасында табыстың тең мөлшерде бөлінбеуі әбден мүмкін. Нарық тетіктерінің әлеуметтік мәселелерді шешудегі мүмкіндіктері туралы тым оптимистік түсініктермен халықты адастыруға біздің хақымыз жоқ. Сонымен бірге, әркімнің болашақтағы игілігі өзінің қолында екенін оның санасына жеткізу керек.

Қазір біздің саясатымыз көпұлтты Қазақстанда қоғамның әрбір әлеуметтік тобының қажеттері ескеріліп, нақты іске асырылуына бағытталған. Әлбетте,

әрбір адамға, әр отбасына бірегей көзқарас жасау неғайбіл нәрсе. Дегенмен екіжүзділік пен арсыздықтан ада, еркіндікке, адамның мәртебелі міндет-мақсаты ахуалына толы жаңа қоғамдық қатынастардың тууына серпін беруге болады және солай ету керек.

Мен сіздерден, халықтың өкілетті өкілдерінен, біздің бастамаларымыздың мәнін өз сайлаушыларыңызға жеткізулеріңізді сұраймын. Мен біздің қоғамымызда болып жатқан үдерістерге немқұрайдылықтың болмауын, алдағы жұмыстың мәнін халықтың білгенін қалар едім.

Бұл, сөз жоқ, қауырт кезеңге айналып, көп адамдар қиындықтарға тап болады. Бірақ осы кезеңде ұлттық келісімді, топтасуды сақтау маңызды, бұл – тұрмысты жақсартудың сөзсіз шарты. Ұсақ-түйек саяси әбігерге алаңдамай, іске кірісу маңызды. Республиканы гүлдендіруге, тұрмысымызды жаңартуға қарай қысқа мерзім ішінде ілгері адымдау үшін бізде барлық мүмкіндіктер, орасан зор өндірістік және ғылыми-техникалық әлеует, тамаша еңбек дәстүрлері бар.

Мен сөзімді сондай-ақ республиканың партия органдарына, барлық коммунистеріне де арнағым келеді. Қазір сіздерде өздеріңізді экономиканы қайта құрудың алдыңғы шебінде шындап көрсетудің, партияның ең басты қамқорлығы – халықтың игілігі екенін іспен дәлелдеудің нақты мүмкіндігі бар. Мұны тек ескірген идеологиялық қасаңдықтардан арылғанда ғана, өздерінің «социалистік» таңдауға бейне бір қызу адалдығы туралы сұлу сөзді көпіртіп, іс жүзінде шексіз билікке, тоталитарлық мемлекеттілікке, әміршіл-әкімшіл жүйені жандандыруға тырысушылықты бүркемелеп отырған «партиялас жолдастардан» іргені батыл аулақ салғанда ғана істеуге болады.

Өздерін демократиялық қозғалыстар деп есептейтін әртүрлі қоғамдық қозғалыстарға қатысушыларға да осыны айтқым келеді. Олар өздері митингілерде соншалықты табанды түрде күресіп жүрген түбегейлі реформаларға адалдығын іс жүзінде дәлелдеуі керек. Күш-жігерді біріктірейік, ақыр соңында, қайта құруда нарықтық қатынастарды барынша дамытудан басқа жолдың, басқа перспективалардың жоқтығын анық түсінейік. Шынтуайтына келгенде, мұндай жол мен перспективаларды әзір ешкім ұсынған жоқ. Өмір сүріп отырған және дүниеге келіп жатқан барлық саяси партиялар, қоғамдық қозғалыстар өкімет билігі үшін демократиялық, өркениетті тәсілмен сайлаушылардың дауысын жеңіп ала отырып, күресуге хақылы деп есептеймін. Бірақ экономика қандай да болсын идеологиялық қысымды көтермейді, ол өз заңдарына бағынуы тиіс.

Қазір басшы кадрлардан ерекше батылдық пен ерлік талап етіледі. Өкінішке қарай, өздерінің жеке көңіл күйін басшылардың бәрі бірдей терең байыптап алған жоқ. Кейбіреулер өзеннің екі жағасында тұруға, екі жақты саясат жүргізуге, былайша айтқанда, «біздікін де, сіздікін де» қолпаштауға тырысады. Мен үшін сенімсіз серіктен гөрі, адал қарсыластың болғаны артығырақ. Жан дүниенің мен іс-қимылыңдағы екіге жарылудан іске кіріспегеннің өзі жақсы, оның үстіне біз құлаш ұрған іске кіріспегеннің өзі жақсы.

Бүгінгі таңда нарыққа ойдағыдай көшудің аса маңызды шарттарының бірі – еңбектегі, өндірістегі, экономикадағы берік тәртіп те басшылардың нақ батылдығына, бекемдігіне байланысты. Мені жоғарғы органның кез келген нұсқауы сөзсіз, былайша айтқанда, «құлдық

ұрып» қабылдаған ескі әміршілдік жүйеге қайтып оралуға тырысып отыр деп ешкім күдіктенбес деймін. Мен демократияны, заң шеңберіндегі плюрализмді, саналы тәртіпті жақтаймын, бұл – менің таңдауым. Бірақ қазір, ескі өкімет құрылымдары өзінің өмір сүруін тоқтатқан, ал жаңа құрылымдардың буыны бекімеген кезде, экономикадағы былық пен шылық барған сайын кең ауқым алып отырған кезде, тиянақты, мен бұл сөзді айтудан қорықпаймын, мәжбүрлі тәртіп болмайынша, біз күн көре алмаймыз. Қазіргі өтпелі кезеңде мұны шындық деп, біздің қоғамның демократиялық ниеттеріне ешқандай қарама-қайшы келмейтін толғағы жеткен қажеттілік деп қабылдау керек. Қоғамдық және экономикалық тәртіпті тиісті дәрежеде нығайтпайынша, бірде-бір елдің нарықтық экономикаға кірмегенін әлемдік тәжірибе көрсетіп берді.

Бұдан да арғысын айтайын. Біз президенттік пен сайланбалы өкімет арасында барған сайын ушыға түскен қарама-қайшылықты жоюымыз қажет. Қазақстанды нарыққа көшудің көш бастаушыларының бірі деп орынды атайды, өйткені республика осынау ірі ауқымды акцияны жоспарлы түрде жүзеге асыру үшін заңдық негізді, қажетті қоғамдық-саяси және ұлтаралық тұрақтылықты басқалардан тезірек жасады. Бірақ әзірлік – бір мәселе де, нақты көшу – мүлдем басқа мәселе. Мұнда біздің әзірге мақтанатын ештеңеміз жоқ. Бастамашылық тізгінін уыстан шығарып алмау, халықтың үмітін ақтау, нарыққа жеткізетін жолда нақты қадамдар жасау үшін бізге барлық басқа шаралармен қатар, Президенттен бастап, оның облыстағы, аудандағы, қаладағы, ауылдағы өкілдеріне дейін бүкіл тік бағыт бойынша атқарушы өкіметтің жіті құрылымы қажет.

Кімнен сұрау, кімге жауапкершілік жүктеу керек екенін білу үшін қажет. Бүгінгі таңда біздің көптеген ізгі бастамаларымыз жергілікті жерлерде қолдау таппай отыр, кейде тіпті ашықтан ашық қысастық жасалуда. Сондықтан атқарушы өкімет белгілі бір кезеңге арналып тағайындалуға және Кеңестермен тығыз байланыста жұмыс істеуге тиіс деп есептеймін. Егер біз тәртіп пен реттілікті шын нығайтқымыз келсе, осыны ойластыру керек.

Мен алдағы жұмыс үшін жеке жауапкершілігімді де терең түсінемін. Әйтеуір соңғы уақытта республика Президентін бүкілхалықтық және төте жолмен сайлау қажеттігі туралы айтылып жүрген әңгімелерге де түсіністікпен қараймын. Меніңше, мұның басты себебі: халықтың толық және сөзсіз сеніміне бөленген үкімет пен Президент қана экономиканың күрт бетбұрысын табысты болады деген үмітпен жүзеге асыра алады деп есептеуінде. Бұл, тегінде, әділ ұстаным. Бүкпесіз ашығын айтсам: егер Қазақстанның халық депутаттары бұл мәселе пісіп-жетілді деп ойласа, егер бүкілхалықтық төте сайлау республиканың беделін арттыруға қызмет етсе, ал, ең бастысы – экономика мен саясатта белгіленген революциялық шараларды ойдағыдай жүзеге асырудың кепіліне айналса, мен мұндай шешімді қолдауға әзірмін. Егер олай болмаса, онда алдағы уақытта бұл мәселені көтермейік, Қазақстанда конституциялық жолмен сайланған Президенттің бар екенін ескерейік. Қалай болған күнде де, мұны қазіргі сессияда міндетті түрде талқылау қажет. Жоғарғы Кеңестің өз ұстанымын бекем айтуын қалаймын.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің  
IV пленумында «Қазақстан Компартиясы  
Орталық Комитетінің Одақтық шарттың  
жобасына көзқарасы туралы» тақырыбында

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,  
1991 жылғы 20 шілде

### Жолдастар!

Өздеріңіз білесіздер, Одақтық шарттың жобасы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төртінші сессиясында қаралған болатын. Республика парламентарийлері көптеген салиқалы ескертпелер мен ұсыныстар айтып, жалпы алғанда, оның тұжырымдамалық негізін қолдады. Қазақ КСР делегациясы жасақталып, оның алдында егемен мемлекеттердің Одағы туралы шартқа қол қою міндеті тұр.

Бұл саяси шешімді, бері салғанда, маңызды үш жағдай талап етті. Біріншіден, біз Қазақстан халқының



ерік-жігеріне сүйендік, олар Бүкілодақтық референдум кезінде Шартқа өздерінің көзқарасын даусыз білдірді. Дауыс беруге қатысқан республика тұрғындарының 94,1 %-ы жаңарған Одақты жақтады.

Екіншіден, біздің мемлекетіміздің тоталитарлық режим туғызған барлық кемшіліктеріне қарамастан, миллиондаған адамдар үшін бірыңғай экономикалық, әлеуметтік және өмірлік кеңістік болып табылатын объективті фактіні басшылыққа алдық. Бұл кеңістікті жою, сөз жоқ, біздің баршамыз үшін орны толмас шығын болар еді.

Үшіншіден, жаңа Одақтық шарт – біз жариялаған Мемлекеттік егемендік туралы декларацияны нақты мазмұнмен толықтыруға, орталық пен республикалар арасындағы өкімет билігін жіті бөлуге жеткізетін тікелей жол. Тек соның негізінде ғана бүгінгі таңда экономикалық және ұлтаралық қатынастардың тұрақтылығы, дүниежүзілік нарықтық экономикаға өркениетті түрде кіру мүмкін болмақ.

Сонымен, Одақтық шартқа қол қоюға біздің көзқарасымыз Қазақстанның, оның халқының мүдделеріне сай келеді. Республикалардың жан-жаққа бытырап, біздің экономикамызды, рухани өмірімізді енді ештеңе байланыстырмайды деген сыңай таныта алмайтыны айдан анық. Алайда олардың арасындағы өзара іс-қимылдың сенімді экономикалық тетігінің жоқтығы салдарынан жалпы халық шаруашылығын басқару тұтқалары іс жүзінде жұмыс істеуін тоқтатты. Бастан кешіріп отырған кезеңнің негізгі мәні мен шиеленісті сипаты да осында. Бүгінгі таңда елімізде экономикалық және әлеуметтік жағдай бұрынғы қай кездегіден де өткір,

дағдарысты құбылыстар күшейе түсуде. Шын мәнінде біз ақырғы шепке жақын келдік, оның ар жағында біздің мемлекетіміздің өмір сүруіне нақты қатер төніп тұр.

Осыған байланысты пленумның күн тәртібіне енгізілген мәселе есте формальды сипатта емес. Ашығын айту керек, Қазақстан Компартиясының Одақтық шарт жөніндегі жіті ұстанымы көп ретте республикадағы саяси көңіл ауанын күні бұрын айқындады, барлық демократиялық күштердің осынау маңызды мәселедегі бірлігін қамтамасыз етті. Қазір де, белгілі «9+1-дің» мәлімдемесі арнасында принципті уағдаластыққа қол жеткізілген кезде, біз жаңарған Одақты іс жүзінде құруға кіріскен кезде, республикалық партия ұйымы Одақтық шартты барынша қолдау үшін өзіне байланысты нәрсенің бәрін істейтініне сенемін.

Елімізде қалыптасқан жағдай Қазақстан коммунистері таңдаған бағыттың дұрыстығын көз жеткізе қуаттауда. Республикалардың дағдарыстан жеке-дара шыға алатыны жөніндегі жалған елесті сақтаған адамдардың табыла қоюы екіталай. Тек республикааралық және аймақаралық экономикалық байланыстарды нығайтып, дамыту ғана халық шаруашылығындағы жағдайды тұрақтандыруға, қаржы айналысын қалыпқа түсіруге, нарыққа көшу үшін қажетті жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстан еліміздің барлық аймақтарымен көзге көрінбейтін мыңдаған арқаулармен байланысқан. Біз республикада өндірілетін астықтың жартысына жуығын, еттің 28 %, өңделмеген мұнайдың 90 %-дан астамын, көмір мен қара металдар рудаларының шамамен төрттен үш бөлігін, түсті металдар мен

балқымалардың үштен екі бөлігіне жуығын сыртқа шығарамыз. Өз кезегінде басқа республикалар жеңіл өнеркәсіп және теміржол көлігі үшін жабдықтың 95 %, металл жонғыш станоктардың үштен екі бөлігін береді, автомобиль, астық жинайтын комбайн, тұрмыстық тоңазытқыш, теледидар жөніндегі қажеттілікті толық қанағаттандырады, тоқыма бұйымдары мен мақта-мата кездемелерінен жасалған бұйымдардың 45 %-ға жуығын сырттан әкелеміз.

Бұл – Қазақстан мен басқа республикалар алмасатын нәрселердің тек аз ғана бөлігі. Тіпті өзара жеткізілімдегі ең аз іркілістер де өндірістік үдерістердің елеулі түрде бұзылуына дереу апарып соқтыратыны, экономикаға салқынын тигізетіні, міне, сондықтан. Қазақстан халық шаруашылығының баршаға мәлім шикізаттық бағдарлануы қазір, еліміздің көптеген кәсіпорындары үшін шарттық тәртіп бос сөзге айналып отырған кезде, ерекше сезілуде.

Осы себептен бізде жеңіл және құрылыс өнеркәсібінің, аграрлық-өнеркәсіптік кешеннің ұқсатушы салалары өндірістік қуаттарының едәуір бөлігі толық көлемінде жұмыс істей алмауда. Көп ретте бұл тұтыну рыногындағы жаппай тапшылыққа және күрделі құрылыстағы артта қалушылыққа байланысты.

Республика қаржы мәселелерінде елеулі қиындықтарды бастан кешіруде. Үстіміздегі жылы Қазақстан одақтық көздерден 6 млрд сом субвенция алуға тиіс еді. Мұның өзі республика бюджеті кірісінің төрттен бір бөлігінен астамын құрайды. Алайда Одақ ауқымында салық жүйесі мәселелерінің осы кезге дейін реттелмеуіне байланысты Қазақ КСР бюджетіне бірде-бір сом түскен жоқ.

Жаңа Одақтық шартты тезірек жасасу қажеттігінің пайдасына мұндай уәждемелерді көптеп келтіруге болады. Бірақ олардың ең негізгісі қазіргі кезде қалыптасып жатқан нарықтың қандай да болсын аумақтық шектеулерге өзінен өзі төзбейтіні, оның ойдағыдай жұмыс істеуі үшін бірыңғай экономикалық кеңістіктің қажет екені болса керек.

Республикалар арасындағы қалыптасқан мәдени байланыстар сияқты күрделі көзқарасты ескермеуге болмайды. Экономикалық проблемаларды шешкенде, рухани негіздерді де ұмытпау керек. Өзіміздің мың жылдық көршілерімізбен – Орталық Азия республикаларымен және Ресеймен көлбеу бағыттағы байланыстарды дамытқанда, біз нақ осы мақсатты көздедік. Егемен Украинамен, Белоруссиямен, басқа да республикалармен екі жақты шарттар қатынастардың бұдан былайғы байытылуына бағытталған. Меніңше, нақ көлбеу бағыттағы шарттар «9+1» келісіміне және Одақтық шарттың соңғы, саны жағынан үшінші жобасына жеткізген ұзақ та азапты жолдың алғашқы қадамдары болды десек асыра айтқандық болмайды.

Ұлтаралық қатынастар проблемасын да есептен шығарып тастауға болмайды. Барлық өзге республикалар сияқты, Қазақ КСР-і өзінің құрамы жағынан көпұлтты. Әртүрлі ұлттардың миллиондаған адамдары Қазақстанды өзімнің отаным деп орынды есептейді. Мұнда ұлтаралық некелердің мыңдаған санын қосыңыз.

Одақтық шартты жасау қазіргі кезде еліміздің басқа аймақтарында тұратын отандастарымыздың проблемаларын неғұрлым тиімді шешу үшін де заңды негіз жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен, Егемен мемлекеттердің одағы туралы шартты жасау экономикалық, саяси және ұлтаралық проблемалардың шиеленіскен түйінін шешуге, орталық пен республикалар арасындағы принципті жаңа қатынастарға шығуға белгілі бір дәрежеде мүмкіндік береді. Республикалардың қалай өмір сүретінін орталық айқындамауға тиіс, қайта республикалар орталықтың қандай болу керек екенін, оған қандай өкілеттіліктер беру керек екендігін айқындайды.

Меніңше, әңгіме Одақтық шартқа көзқарас туралы болғанда, нақ осы жайттарды басшылыққа алу керек. Оның негізгі мақсатын былай деп тұжырымдауға болады: интеграция, біздің халықтарымыздың рухани бірлігі, саяси және әлеуметтік-экономикалық топтасуы жолдарында көпұлтты елімізді – Егемен мемлекеттердің одағын батыл жаңарту.

Осыған байланысты Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің неғұрлым объективті айқындамасын бірлесіп талқылау және белгілеу үшін Одақтық шарттың кейбір қағидаларына тоқталғым келер еді. Егер соңғы жоба туралы айтатын болсақ, ең алдымен бұл құжаттың Егемен мемлекеттер одағын құру қағидаларының нобайын жасайтынын, оның құрылымы мен органдарын айқындайтынын түсіндіре кеткім келер еді. Егемендік туралы одақтас республикалардың декларацияларында баяндалған идеялар құжаттың негізіне алынған. Кіріспенің нақ алғашқы жолдарында республикалардың егемендігі туралы декларациялар, ұлттардың өзін-өзі билеу құқығы танылатыны расталады. Сөйтіп, Одақты құрайтын және оның өкілеттігі мен міндеттерін айқындайтын мемлекеттердің саяси және құқықтық басымдығы құжат жүзінде хатталады.

Толғағы жеткен өзгерістерді бейнелей отырып, Шарт жобасы КСР Одағы мен республикалар қызметі аясының аражігін дәлме-дәл ажыратады. Осы құжатта негізі қаланған тетіктер республикалардың меншік сипаттарын және шаруашылықты жүргізу әдістерін таңдаудағы бостандығына кепілдік береді, қоғамдық нарықты дамытудың қажетті жағдайларын жасайды, онсыз біз, тегінде, өзіміздің ұлттық пәтерлерімізде пұшайман күйге түсетін болармыз.

Шарт жобасының ұлтаралық қатынастарды үйлесімді етуге бағытталғанына сіздердің назарларыңызды ерекше аударғым келеді, өйткені ол республикалардың егемендігін және олардың федерациялық Одақтағы теңдігін орнықтырады. Республикалар өз дамуының барлық мәселелерінде дербес, ал мұның өзі кез келген ұлт азаматтарының саяси, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының кепілі болып табылады.

Шарт субъектілері толық саяси билікке ие бола отырып, өзінің ұлттық-мемлекеттік және әкімшілік-аумақтық құрылымын дербес айқындай отырып, ұлттық дәстүрлердің сақталып, дамытылуын, білім берудің, денсаулық сақтаудың, ғылым мен мәдениеттің дамытылуын қамтамасыз ететін құқықтық мемлекет құруға ұмтылады.

Республикалардың сыртқы саяси қатынастардағы құқықтарын елеулі түрде кеңейту де назар аударуға лайық. Олар Одақтың және оның субъектілерінің мүдделеріне нұқсан келтірместен шет мемлекеттермен дипломатиялық, консулдық, сауда және басқа байланыстарға түсе алады, олармен өкілетті өкілдіктер алмаса алады, халықаралық шарттар жасаса алады,

Одақтың халықаралық міндеттемелерін бұзбай, халықаралық ұйымдардың қызметіне қатыса алады.

Қысқасы, Шарттың жобасы принципті жаңа негізге сүйенеді. Біздің көзқарасымызша, бұл құжат өзінің мазмұны жөнінен демократиялық және мәні жөнінен реалистік құжат болып шықты. Әрине, көп нәрсе нақтылай түсуге, толықтыруға ділгер болып отыр, орталық пен республикалар құқықтарының арасалмағына байланысты нақты наразылықтар көптеген сұрақтар туғызуда.

Шартқа қатысушылардың шеңберін неғұрлым жіті айқындау қажет. Біздің көзқарасымызша, олар Одақты тікелей құрайтын мемлекеттер болуы тиіс.

Федералдық салықтың енгізілу идеясын қолдай отырып, біз, соған қарамастан, оны алудың ұсынылған тетігіне қарсы шығамыз. Бұл проблемаға кәсіпорындардың түрін, олардың орналасуын ескерместен қарауға болмайды. Меніңше, федералды салықты алуда сондай-ақ кейбір одақтас республикалардың, соның ішінде Қазақстанның экономикалық құрылымының бұзылуын да ескеру қажет. Әйтпесе біз ресурстарды өндіретін салалар жағына қарай қалыптасқан қиғаштықты ешқашан да түзей алмаймыз.

Республикалардың аумағындағы «бірлескен меншік» ұғымына біздің өз көзқарасымыз бар, бұл көзқарасты біз Шарттың түпкілікті редакциясында және оған қол қою кезінде қорғаймыз. Әйтпесе соңғы уақытта кейбір одақтық министрліктер неше түрлі концерндер мен қауымдастықтар құру есебінен шын мәнінде республика аумағында өздерінің иеліктерін сақтауда. Біз бұған төзбек ниетте емеспіз және одақтық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдардың Қазақстанның

құзыретіне көшуі туралы шешімінің орындалуын талап етеміз. Өздеріңіз білесіздер, жуырда Теміртауда біз КСРО металлургия, көмір өнеркәсібі және радио өнеркәсібі министрлерімен бірге республикалық егемендікті нақты жүзеге асыру жағдайында қалай өмір сүру керек екені туралы тиісті құжатқа қол қойдық. Атом өнеркәсібі министрлігімен, ғарыштық зерттеулермен айналысатын ведомстволармен өзара тиімді ынтымақтастықтағы сындарлы, ізгі ниетті көзқарас та өзінің жемісін беруде.

Біздің пайымдауымызша, Одаққа аталған өкілеттіктерді үйлестіру құқығын бере отырып, республикалардың сыртқы экономикалық дербестігін шектейтін Шарттың кейбір ережелері даулы болып табылады. Болашақ мемлекеттік құрылымға қатысты да белгілі бір проблемалар пайда болып отыр. Бүгін пікірсайыстың барысында Орталық Комитеттің мүшелері өз көзқарастарын ортаға салып, бұл мәселеге өздерінің қалай қарайтынын білдіреді деп ойлаймын.

Тек Шарттың жобасын даярлау үдерісінде бірлескен күш жұмсаудың қорытындысы болатын басты нәрсені ұмытпау маңызды. Ал оның мәні ең алдымен орталықтың өзінің саяси рөліне қатынасын түпкілікті түрде өзгертуде болып табылады. Экономикалық былықты тездетіп жеңіп, тәртіпті нығайту, нарыққа табанды қадам жасау үшін егеменді республикаларды жедел біріктіруге алғышарт жасалғанын нық сеніммен айтуға болады. Одақтық шарт қабылданғаннан кейін КСРО-ның жаңа Конституциясы мен Қазақ КСР-інің жаңа Конституциясын жасау қажет, ал ол өзінен кейін мемлекеттік құрылыстың мүлдем жаңа деңгейіне өтуді әкеліп тудырады.



Осыған байланысты Қазақстан Конституциясының жобасын даярлауға ерекше назар аудару қажет. Қазіргі уақытта мұндай жұмыс Қазақ КСР-інің Жоғарғы Кеңесінде жүргізілуде. Бұл жұмысқа коммунист-халық депутаттары, Жоғарғы Кеңестің партиялық тобы белсенді қатысқаны қажет. Орталық Комитет те біздің республикамыздың Негізгі заңын әзірлеуден шет қалмауы керек деп ойлаймын.

Одақтық шартқа қол қойғаннан кейін бізді күтіп тұрған нақты істер туралы айта отырып, аталған құжаттың негізгі ережелерін заңды түрде нығайту және дамыту үшін байсалды заң шығару жұмысы қажет болатындығын назарда ұстау қажет. Бұл сондай-ақ республикалық заңның қолданылу аясының біршама кеңейетініне байланысты қажет болып көрінеді. Республика заңдары Одақтың қарауына берілген мәселелерден басқа жағдайда, өз аумағында басымдыққа ие болады.

Одақтық шартты қабылдау әкімшіл-әміршіл жүйенің ұзақ жылғы билеп-төстеуі кезінде қоғамдық өмірімізде қалыптасқан таптаурындарды түпкілікті қиратуды талап етеді. Біз өткеннің зиянды қатпарларынан неғұрлым тез құтылсақ, республикада саяси да, сондай-ақ экономикалық саладағы да қайта құру солғұрлым тез жүреді. Бұл жерде коммунистер өздерінің салмақты сөзін айтуы тиіс. Қазірдің өзінде партия, кеңес және шаруашылық органдары өздерінің практикалық жұмысында шарт беріп отырған мүмкіндіктерді пайдалануы керек. Бұл бірінші кезекте одақтық кәсіпорындардың республика қарамағына өтуіне, сыртқы экономикалық қызметті кеңейтуге, жаңа экономикалық қатынастарды құруға қатысты. Республикада мұнай корпорациясын ұйымдастырып, Гурьев мұнайшылары жақсы өнеге көрсетіп отыр.

Жергілікті жерлерде халықтың қалың тобы арасында Шарттың жобасы төңірегінде саяси жұмысты ұйымдастыру маңызды болып саналады. Әңгіме идеологиялық және ұйымдастырушылық-саяси жұмысты жобаның әрбір тарауы мен бабын түсіндіруге, оның гуманистік құндылығын ашуға бағыттау туралы болып отыр. Республиканың әрбір азаматына біз Одақсыз дүниежүзілік нарыққа қосыла алмайтынымыз туралы ойды жеткізу қажет. Егер біздер, коммунистер, Қазақстан халқына шындығында жақсылық тілесек, идеологиялық көрсоқырлықты табанды түрде серпіп тастап, нақты іспен айналысуды бастап, қоғамдық өмірдің барлық саласындағы қайта құруда өз орнымызды табуымыз керек. Және бірінші кезекте – экономикалық салада. Бұл ең басты мәселе.

Осыны ескере отырып, біз 15 одақтас республиканың басшыларымен кездесу туралы бастама көтердік. Саяси дау-жанжалдарды қоятын және екі өткір проблеманы бірлесіп шешетін уақыт жетті. Біріншісі – экономикалық дағдарыстан шығар жолды бірлесе отырып табу. Екіншісі – еліміздің кез келген бөлігіндегі қантөгісті жедел тоқтату. Бізге, ақыры, бұдан кейін қалай өмір сүретіндігімізді келісіп алуымыз керек қой. Біз осындай кездесуді Алматыда өткізуге әзір екенімізді білдіреміз және республикалар басшыларының осы күрделі кезеңде сындарлы сұхбатқа дайын екендіктерін көрсетініне сенімдіміз.

Оның үстіне барлық республикалардағы экономикалық жағдай іс жүзінде бірдей. Мысалы, Қазақстанды алайық. Соңғы жылдары халық тұтынатын тауарларды, әсіресе ет, қаймағы алынбаған сүт, қант, сабын, мата, аяқ киім шығарудағы төмендеуге бірінші рет жол берілді.

Өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда ұлттық табыс көлемі 6,1 %-ға, қоғамдық еңбектің өнімділігі 2,9 %-ға төмендеді. Ал осылардың барлығының артында тек алынбаған жүздеген миллион сомдар ғана емес, сондай-ақ жүзеге асырылмаған әлеуметтік бағдарламалар, еңбек ұжымдарының шешілмеген проблемалары, біздің сөрелеріміздің сұрықсыз жағдайы, қоғамның моральдық-психологиялық көңіл күйінің нашарлауы жатыр ғой.

Республикалардан тыс орналасқан экономикалық субъектілермен кооперациялық байланыстарымыздың үлкен көлемін құрайтын өнеркәсіп салаларында ауыр жағдай қалыптасты. Өнім шығару мұнда 3,2 %-ға төмендеді. Жылдар бойы орныққан байланыстар үзіліп, шарттық тәртіп нашарлауда, шарттық міндеттемелерді орындамайтын кәсіпорындар саны көбейді. Қазір бұл іс жүзінде әрбір оныншы кәсіпорын болып отыр.

Табиғи-заттық және ақша-қаражат үйлесімсіздігі күшейе түсуде, өнім шығару қысқартыла, жұмыстар мен қызметтердің көлемі кемітіле отырып, еңбекақы, пайда, тұтыну қоры бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде өсуде. Мәселен, бірінші жарты жылдықта өндіріс көлемі төмендеген кезде пайда 1,6 есе, еңбекақы 1,4 есе, халықтың барлық кірісі 1,6 есе өсті. Бірінші жарты жылдықта ақша шығару 2 млрд сом, яғни өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 3,6 есе көп болды. Ал жылдың аяғына дейін ақша эмиссиясы 10 млрд сомға жетуі мүмкін. Бұл көп жағдайда еліміздегі келісілген біртұтас қаржы-несие саясатының жоқтығынан туындап отыр.

Агроөнеркәсіп кешенінің кәсіпорындары да қаржылық қиын жағдайды басынан кешуде. Қала мен

ауылдың арасындағы баға теңдігін қолдау қажеттігі туралы шексіз әңгімелердің тасасын пайдаланған КСРО үкіметі іс жүзінде әрекетсіз отыр, жарылқаған жағдайда тек жартыкеш шаралармен шектеледі. Осылайша, КСРО Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы мамырдың 31-індегі № 2313 қаулысы ұжымшарлар мен кеңшарларға сатып алу бағасымен өтелмейтін қосымша шығындардың тек жартысын ғана өтеуді қамтамасыз етеді. Қалған 5,6 млрд сом жабылмай қалуда. Осы мақсаттар үшін қаржы көздері республикада жоқ. Егер түбегейлі шараларды қабылдамаса, онда жылдың аяғына дейін шаруашылықтардың 50 %-дан астамы банкротқа ұшырайды. Бүгіннің өзінде агроөнеркәсіп кешені кәсіпорындарының жеткізушілерге қарызы 2 млрд сомнан асты. Айтыңыздаршы, мұндай әріптестермен істес болуды кім қалайды?

Айтылғандарды қорытындылай келе, бүгіндері сұраным мен ұсыныстың үйлесімділігіне қол жеткізудің, өндірістің төмендеуін тоқтатудың аса маңызды екендігін атап көрсеткім келеді, әрі бағаны көтеруден гөрі түпкі өнімнің тұтыну деңгейіне тиісті назар аударғанымыз жөн. Біз қымбат тұратын заттарды үйіп-төгіп шығарудан, бұрынғы жөнсіз ширықтырудан және қайта есептеуден бас тартуға тиіспіз. Ақыр аяғында, адамдарға біздің қанша кен өндіргеніміз, металл қорытқанымыз және т. б. есеп емес, алайда қандай сомада қанша өнім алғанымыз аса маңызды. Сондықтан кез келген кәсіпорын жұмысын бағалауда ең алдымен өндірістің түпкі нәтижелерін сипаттайтын көрсеткіштер ескерілуге тиіс. Тек осылай ғана оны әрі қарай құлдыраудан тоқтатып, тұтыну деңгейін төмендетуге, республика тұрғындарын сенімді әлеуметтік кепілдемемен қамтамасыз етуге болады. Біз тиімді, адамға бағдарланған экономика

құруға, яғни соңғы кездері көп әңгіме қозғалып жүрген сол рынокты құруға тиіспіз.

Өздеріңіз білесіздер, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің IV сессиясы республика экономикасын тұйықтан шығару бағдарламасын бекітті. Ол негізінен басты нарық заңы – жекешелендіру және мемлекет иелігінен алу туралы заңды қабылдаудың арқасында мүмкін болды. Бұл заңның республикада әртүрлі қабылданып отырғандығы құпия емес. Бірақ, кәне, мынадай сұраққа жауап берейік. Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірусіз әлеуметтік нарықтық шаруашылық құрыла ма? Меншікті құрмайынша, қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға бола ма? Сындарлы экономикалық талдау оған теріс жауап береді.

Осыған байланысты партия органдарының назарын жаңа заңды жүзеге асыру жөніндегі нақты қадамдарға шоғырландыру қажет. Партия бұл үдерістің алдыңғы қатарында болуға тиіс. Халықтың арасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру саясатының негізгі бағыттарын, оны жүзеге асыру жолдарын түсіндіру маңызды.

Аталған тақырып өте көкейкесті болғандықтан, мен кейбір принципті кезеңдеріне қысқаша тоқталғым келеді.

Біздің шындықтың ерекшелігі сондай, үлкен бөлігі мемлекеттік-басқару және шаруашылық құрылымдарында жетекші ұстанымда тұрған коммунистердің белсенді қолдауынсыз, олардың тәжірибесі мен ұйымдастыруынсыз бүгінде біздің экономиканы табысты реформалау туралы айту мүмкін емес. Нарықтың тиімділігі мен болашағының зор екендігіне коммунист

басшылардың, партия бұқарасының көзін жеткізу қажет. Бұл оңай нәрсе емес, ең алдымен, бұл КОКП мүшелері арасындағы негізгі проблема – меншік проблемасы жөніндегі принципті идеялық-теориялық алшақтық мәселесі. Соңғы уақытта мен партия мүшелерінен көптеген хаттар алудамын, олар маған: өз қызметімде марксизм-ленинизмді жетекші теория ретінде мойындаймын ба, 1917 жылғы Қазанның мақсаттары мен мұраттарына, социализмді құрудың лениндік саясатына қайта оралуды қалаймын ба? – деген қатаң сұрақтар қоюда.

Ашығын айтайын: менің көзқарасымша, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеологиялық айқындамасы шаруашылықты жүргізудің жеке меншіктік және ұжымдық тұрпаттары өзінің бай мүмкіндіктерін экономиканы ұйымдастырудың қоғамдық сипаттарын дәйектеудің табиғи қажеттілігі туғанға дейін тарихи тұрғыдан толығымен жүзеге асыруға тиіс екенін мойындауға негізделуі тиіс. К. Маркстің өндіріс құрылымдарына жеке меншік адамның дербес қабілеттерін барынша ашып көрсетеді дейтін өте дәл айтылған сөзі бар. Менен, олай болса, социализм жағдайында қоғамдық меншіктің басымдығы мен жеке меншіктің жойылуы қажеттігі туралы белгілі тұжырымды қайтеміз деп сұрауы мүмкін.

Біріншіден, біздің бәріміз тәрбиеленген социализм туралы қате түсінікке, біз құрған қоғамға шынайы социализмнің – социалистер мен коммунистердің көптеген ұрпақтарының асыл арманы болған социализмнің еш қатысы жоқ.

Екіншіден, адамзаттың бүкіл тәжірибесі жекешелендірілген меншіктің ұлы маңызын көрсетеді, ал

онсыз нарық та, тиімді өндіріс те мүмкін емес. Және де К. Маркс пен В. И. Ленинге сілтеудің қажеті жоқ. Олар жеке меншікке және оның үстіне өндірушілердің меншігіне қарсы емес, қайта өндірушіден өндіріс құралдарын оқшаулайтын және оның еңбегінің нәтижелерін иемденуге мүмкіндік беретін жеке меншікке қарсы шықты. «...Жеке меншік, – деп жазды К. Маркс «1844 жылғы экономикалық-философиялық қолжазбаларында» – затқа айналдырылған еңбектен басқа ештеңе емес. Егер жеке меншікке өлтіре соққы бергілері келсе, онда жеке меншікке тек заттық жай-күй ретінде емес, сондай-ақ қызмет ретінде, еңбек ретінде де шабуыл жасалуы керек». Бұл сөздер бүгінгі таңда ерекше көкейкесті мән-мағынаға ие болды деп ойлаймын. Біздің реформаларымызға, қайта құруға шабуыл жасайтындар, қоғамдық дамудың объективті экономикалық заңдарына байсалды жаңа көзқарастарды қабылдамайтындар – шын мәнінде ең негіз қалаушы, ең құнды, ең мәнді нәрсеге – адам еңбегіне қол сұғатындар.

Сондықтан нарықтық қатынастарға көшу шегіну емес, қайта марксизм теориясына сай келеді. Егер біз бір нәрсені мойындамайтын болсақ, онда халықты тамақтандыра алмаған шамадан тыс орталықтандырылған, төрешілденіп біткен экономиканы мойындамаймыз. Ленин «фактілерді көбірек білу болсын, коммунистік принциптілігіне үміткердің көпсөзділігі аз болсын» дегенге үндеген еді.

Міне, сондықтан да коммунистерге де экономикалық реформалаудағы қазіргі жағдай дүниетанымдық көнгіштік немесе сатқындық болып көрінбеуі тиіс. Ал көпшілікке осылай көрінетіні – құпия емес. Оның үстіне, кейбір партия жетекшілері демократиялық

жаңару үдерістерін бүлдіруге ұмтылыс танытып, реформаларға қарсы белсенді жұмыстар жүргізуде, XXVIII съезд шешімдерін қайтадан тексертуге үміттеніп, КОКП-ның төтенше съезін шақыруды барынша талап етуде. Сөйтіп, қайта құру авторларын жауапкершілікке тартпақшы. Бұған қоса, осының барлығы бұрынғы тәртіптерге қайта оралғылары келетін-міс, түстерінде осы әкімшіл-әміршіл жүйені көретін-міс қатардағы коммунистердің атынан жасалуда.

Өкінішке қарай, біздің республикамызда да «партиялық фундаментализм» орын алып отыр. Жуырда «Казахстанская правда» газеті өзінің беттерінде «Ал бұл кезде...» деген тақырыппен, менің көзқарасымша, қызықты материал жариялады, онда Алматыдағы республикалық актив жиналысына және Павлодар облысы партия комитетінің пленумына қатысушы коммунистердің ұстанымдары салыстырылған. Республикалық актив жиналысында мемлекет иелігінен алу, жекешелендіру, меншіктің сан алуан түрлерін дамыту қажеттілігі туралы әңгіме қозғалды. Ал нақ осы кезде облыстық комитет бюросының есепті баяндамасында тура қарама-қарсы нәрселер туралы айтылды. Мысалы, партияның экономиканы басқару саласына әміршіл функцияларды қайтаруға мүмкіндігінше тезірек қайтып оралу туралы сөз болған. Конституцияның 6-шы бабының күші жойылмағандай-ақ, КОКП XXVIII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVII съезі коммунистерге нарықтық қатынастардың бағытын айқындап бермегендей-ақ. Бұл коммунистерден: «Жолдастар, қай заманда өмір сүріп жатырсыздар?» – деп сұрағың-ақ келеді.

Павлодар облыстық комитетіне байланысты мысал, өкінішке қарай, некен-саяқ емес. Жергілікті жерлерде



нарықтық қатынастарды енгізуге қарсы әрекеттердің тағы да толып жатқан фактілерін келтіруге болады. Сондықтан біз нақ қазір халықтың ерік-тілегіне көрінеу немесе жасырын қарсы тұрғандардан іргені ажыратуымыз қажет. Және бұл әсірелеу емес. Социологиялық сауалдардың деректеріне қарағанда, қазақстандықтардың 80 %-дан астамы нарыққа көшуді жақтайды. Мынадай қисынды сұрақ туады: «Нарыққа қарсы коммунистер кімдердің мүдделерін көздеуде?» Жауап – халықтық мүдделерден басқа кез келген мүдделерді көздейді. Сондықтан нарыққа қарсы шығушылардан іргені ажырату керек, олардың арасында, өкінішке қарай, басшы коммунистер де аз емес. Әйтпесе көштің соңын жағалаған партия бүгінгі таңда болып жатқан серпінді үдерістерден мәңгі артта қалады.

Мұның аса қажет болатын тағы бір себебі – түбегейлі өзгерістерді шын ниетімен қолдайтын көптеген коммунистер бүгінгі таңда партия мен оның органдарынан өзінің тәуелсіздігін атап көрсетіп жүрген жаугершілік фундаменталистерден аражігін ажыратып алуға мәжбүр болулы. Сөйтіп, біз ең таңдаулы, ең парасатты және жұмысқа қабілетті КОКП мүшелерінен айрылып отырмыз. Ал тегінде партия соларға сүйенетін.

Сондықтан бізді артқа тартатындардан аражігімізді ажырату жікке бөліну емес, қайта ұстанымдарды айқындау, тіпті керек десеңіз, жоғары адамгершілік таңдау. Мұның өзі коммунистердің шынайы идеялық бірлігінің берік негізін құрайды.

Партия ұйымдарының күш-жігерін қоғамдық сананы нарықтық қатынастарға көшуге терең идеологиялық және адамгершілік-психологиялық жағынан әзірлеуге шоғырландыру қажет. Осы тұрғыдан алғанда алда өте

қиын жұмыс күтіп тұр. Ұзақ жылдар бойына біздің үгіт-насихаттық машинамыз өндірістің капиталистік әдісі, жеке меншік, нарықтың жыртықшылық табиғаты және басқалар туралы белгілі бір түсініктерді әбден адамның миына нысаналы түрде сіңірумен келді. Ал мұнда біз өте-мөте асыра сілтеп, тура таңғажайып нәтижелерге қол жеткізгенімізді айту керек. Бүгінгі таңда еңбекшілердің көпшілігі үшін олар «жеке меншіктік мүдделерін күйттеп», өмірдің материалдық игіліктеріне сұғанақтануда деп күдік келтіруден асқан үрейлі ештеңе жоқ. Олардың көп укладты экономика туралы еш түсінігі жоқ, жалгерліктің, жеке отбасылық, ұжымдық, қоғамдық меншіктің не екені жөніндегі түсінігі күңгірт. Ал мемлекет иелігінен алу, жекешелендіру және басқа категориялар туралы айтпай-ақ қояйық. Күнделікті санада біздің нарыққа қарай жасалған алғашқы қадамдарымыз Батыстың алдында тізе бүгушілік, халық мүдделеріне сатқындық, ондаған жылдар бойына әспеттеліп келген мұраттардың күйреуі ретінде қабылданып отырғаны кездейсоқ емес. Көптеген адамдар төніп келе жатқан түсініксіз болашақтың алдында абыржушылық сезімін бастан кешіруде.

Әрине, ешкім де алдағы нарықтық реформалар оңай және проблемасыз жүзеге асырылады деп отырған жоқ. Бізді мүліктік жағынан жікке бөліну де, жұмыссыздық та, тұрмыс дәрежесінің төмендеуі де, болмай қоймайтын басқа келеңсіз құбылыстар да күтіп тұр. Біз көп ұзамай жұмақ орнайды деп уәде бермейміз, бірақ төзімділік көрсетіп, мұның бәрін бастан кешіру керек екенін кәміл білеміз. Сондықтан адамдардың бойындағы нарық туралы бұрынғы сыңаржақ теріс түсініктерден арылу, оның әлеуеттік мүмкіндіктерін көрсету

жөнінде ұланғайыр жұмыс күтіп тұр. Біз нарықтың жалаң мақсат емес, адамға лайықты тұрмыс жағдайына әкелетін тиімді экономикаға қол жеткізу құралы екенін, нарықтың қалыптасуы, оның белгілерінің пайда болуы қоғамның социалистік бағдарына қарама-қайшы келмейтінін табандылықпен түсіндіруге тиіспіз. Мақсатқа қандай жолдармен қол жеткізу керек, қандай тәсілдер мен әдістерді іске қосу керек – Қазақстан Компартиясының нарықтық қатынастарға көшу кезеңіндегі идеологиялық жұмысының бағыттары нақ осы сұрақтар мен басқа да сұрақтарға жауап қайтаруы тиіс, бұл бағыттарды біз бүгін бекітуіміз керек.

Сонымен бірге, коммунистердің өздері өнеге көрсетіп, жекешелендірілетін нысандарды батыл басқаруға тиіс. Бұл өзін өзі танытудың, партияның қазіргі кезеңдегі негізгі міндеттерін орындауға – халықтың әл-ауқатын көтеруге, елімізді аса ауыр дағдарыс жағдайынан шығаруға нақты іспен жәрдемдесудің нақты мүмкіндігі.

Әлемдік тәжірибе мұндай дағдарыстарды экономикалық және саяси реформаларды батыл жүргізу арқылы ғана жоюға болатынын көрсетеді. Қазақстан делегациясы осы таяуда ғана Қытай Халық Республикасында болып қайтты. Ол осы бағытта, сөз жоқ, белгілі бір оң нәтижелерге қол жеткізген. Бәсекелестік, кәсіпкерлік тәуекел, меншік түрлерінің сан алуандығы өмірге белсене еніп, ішкі нарықты молықтыру проблемасы шешілуде. Бірақ бүгін мен қытай тәжірибесі туралы басқа бір қырынан айтқым келер еді. Қытай Халық Республикасында экономикалық реформаларды ойдағыдай жүргізу біздің идеологиялық таптаурындылықты қорғаушы кейбір партиялық қызметкерлерімізде бейне бір саяси елеулі өзгерістерді енгізбей-ақ

экономикадағы өзгерістерге қол жеткізуге болады деген бұлдыр елес туғызды. Бүгінгі таңда қытай үлгісін біздің көшіріп алуымызға болады дегенді кәдімгідей-ақ айтушылар бар. ҚХР-дың басшылары мен экономикалық реформа бағдарламасын әзірлеуші экономистер өз елінің ерекшелігін, миллиардтан астам халықтың мәдениеті мен білім дәрежесін ескере отырып, өз жолымен, қытайлық жолмен жүріп келе жатқанын атап айтады.

Мен де әлдекімдердің тәжірибесін, сырт көзге сондай тамаша болып көрінгенмен де, көзсіз көшіріп алуға принципті түрде қарсымын. Дүние жүзінде экономикалық дамудың баршаға ортақ заңдылықтары әрекет жасайды. Бірақ нарық туралы айтқанда, экономиканың құрылымын өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың даму деңгейін және ең бастысы – ұлттық ерекшеліктерді ескермеуге болмайды. Осыдан келіп экономика дамуының америкалық, шведтік, оңтүстік-кореялық, қытайлық немесе қандай да болсын басқа үлгілері туындайды.

Нақ сол Қытайда дәстүрлі тәртіптілікті, оның тұрғындарының ерекше еңбекқорлығын, олардың ешбір жағдай талғамайтындығын көргеніңде, бұл бір мүлдем басқа дүние екенін, оны жай ғана ала салып біздің отандық кеңістікке көшіруге болмайтынын әбден түсінесіз. Өндіріс көлемінің жыл сайынғы 6–8 %-дық өсімінің негізі, қытайлардың өздері есептейтіндей, аптасына алты күн еңбек етуде, ал Оңтүстік Кореяның гүлденуінің негізі біздегі 40 сағаттың орнына аптасына 54 сағат еңбек етуде жатыр. Ол жақта адамның табысы оның қалай еңбек ететініне, қанша өнім өндіретініне байланысты. Бірақ қалай дегенмен өктемшілдіктің элементтерін сақтайтын, алғашқы кезеңде, әрине, белгілі

бір нәтиже әкелетін экономикалық жүйе толық еркін еңбекке, еркін рынокқа негізделген экономикалық жүйемен бәсекеге төтеп бере алмайды. Мұны айқын түсініп алуымыз керек. Саяси реформаны тоқтатып қойып, экономикалық реформаны ойдағыдай ілгері бастыруға немесе бұған керісінше істеуге болмайды.

Қытайға сапардан алған әсерлерге талдау жасай келіп, шын мәнінде олармен біз бір медальдың екі жағы екенбіз ғой деген ойға барған сайын көбірек келесіз.

Бізде ең алдымен саяси салада өзгерістер болды, ал оларда өзгерістер экономикалық ахуалда алдымен көрініс тапты.

Енді іс-қимылдардың бұл үйлеспеушілігі біздің елімізде де, менің ойымша, Қытай Халық Республикасында да сезілуде. Қалай болғанда да, ҚХР-інің жетекші саясаттанушылары мен экономистері қазір: реформалардың тереңдеген жағдайында социалистік өндірістік қатынастарды нарықтық қатынастармен іс жүзінде қалай ұштастыруға болады? – деген сұрақпен бастарын қатыруда. Турасын айтайын, бұл оңай міндет емес.

Дағдарысқа қарсы шараларға сыңаржақ көзқарасқа, бөтеннің тәжірибесін көз жұмып көшіріп алуға қарсы тағы бір уәждеме бар. Қайта құрудың 6 жылында біздің қоғамдық санамыз үлкен жолдан өтті. Біздің көбіміз тоталитарлық ойлау жүйесімен, орасан зор мемлекеттік машинаның тегершігі психологиясымен қош айтыстық деуге болады. Сондықтан бұл кезеңді сызып тастауға, бұрынғы жағдайға қайтып оралуға енді ешқандай мүмкін емес. Даму диалектикасының өзі де экономикалық шаралардың саяси шаралармен үйлесімді келісімін қамтамасыз ете отырып, дәйектілікпен ілгері басу қажет екенін дәлелдей түсуде. Дүние жүзінде әр мемлекет

өздігінше дамиды. Міне, енді біздің міндетіміз – адамзат жинаған тәжірибені ескере отырып, республикамыздың көпұлтты халқының мүдделері мен ерекшеліктерін барынша ескеретін өз жолымызды іздеп табу.

Коммунистер қазір кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған шараларға ерекше көңіл бөлуге тиіс. Кез келген бизнес өзінің дүниеге келуі кезінде белгілі бір ынталандыруларды, тіркеу кезіндегі кедергілерді жоюды, еңбекті ұйымдастырудағы, жұмыс уақыты режиміндегі дербестікті және тағы басқаларды талап етеді. Мемлекеттік билік пен басқару органдарында жұмыс істейтін коммунистер еңбек ұжымдары мен азаматтардың нарықтық үлгідегі кәсіпорындарды құруына барынша көмек көрсетуі тиіс. Бұл орайда осы мәселелерді қарау кезінде төрешілдік пен сөзбұйдалық көрсетуге жол берген қызметкерлерден батыл арылған абзал. Жалпы алғанда, осы сөздің жаман мағынасындағы төрешілдікке батыл күрес жариялау керек, әйтпесе қағаз иірімінде малтығамыз және біздің идеяларымыздың бәрі тек ізгі ниеттер болып қалады. Оған ешқандай жол беруге болмайды.

Осы заманғы экономикалық кадрларды даярлауға ерекше назар аударғым келеді. Өздеріңіз білесіздер, республикада Президенттің «Кадрлар және қайта құру» бағдарламасы әзірленіп, жүзеге асырылуда. Онда мамандарға республикада және одан тыс жерлерде де халық шаруашылығын басқарудың осы заманғы әдістерін оқыту көзделген. Меніңше, бұл мәселеде Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті, жергілікті жерлердегі партиялық органдар өз сөзін айтуға тиіс. Қазіргі кезде Алматы саясаттану және басқару институты құрылды, оның қолында жақсы матери-

алдық база болғандықтан, бізге соншалықты қажетті басқарушы-мамандарды даярлауды қамтамасыз ете алады. Бұл оқу орнын білікті оқытушылармен, оның ішінде шетелден келген мамандармен жасақтау маңызды.

Насихаттық түсіндіру жұмысын да ұмытуға болмайды. Нарықтық бағдарламаның, мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы заңның мазмұнын республиканың әрбір азаматына жеткізу қажет. Бұған тікелей осы жаңа құжатты әзірлеушілердің өздерін де, экономист-ғалымдарды да тарту, барлық деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарын іске қосу қажет. Оның үстіне, меніңше, істі ғылыми негізде жүргізу керек. Мүмкін, нарықтық қатынастарға көшу бағдарламасын насихаттаудың біртұтас тұжырымдамасын әзірлеу керек болар.

Мұнда біздің ағымдағы істерімізді де қозғамай тұра алмаймын. Азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелері қазіргі жағдайда бірінші кезектегі мәселе болып табылады. Оның үстіне республиканың ауыл шаруашылығындағы жағдай елеулі түрде қиындай түсуде. Шілденің басындағы деректерге қарағанда, дәнді дақылдар егісінің үштен бір бөлігінен астамы мүшкіл халде, тек 12,5 млн гектар егіс қана қанағаттанарлық жағдайда. Оңтүстік облыстардағы бастырылған алғашқы астықтың түсімі өткен жылғыдан төмен екенін көрсетуде. Орылған шөп алқабының едәуір көп екендігіне қарамастан, пішен өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 74 %, пішендеме 80 % деңгейінде, шөп ұнтағы – 83 % ғана дайындалды. Мамандардың болжамдарына қарағанда, тек күріш, дәндік жүгері, коза, темекі алу ғана өткен жылдардағы

деңгей шегінде болады деп күтілуде. Қалған дақылдар бойынша дән кем жиналады деп болжануда.

Бұл мал шаруашылығы өнімін өндіруге де, республикада өндірілетін тамақ өнімдерінің аса маңызды түрлерін шығаруға да біршама кері әсерін тигізеді. Өндірістік базаның, әсіресе, ұқсатушы өнеркәсіп базасының, сондай-ақ ауылдың әлеуметтік саласының құрылысы артта қалуда. Қысқасы, жыл оңайға соқпайды. Бізді қиын азық-түлік жылы күтіп тұр. Халыққа күрделі жағдай туралы ашық айтып, танаптар мен жеке бақшалықтарда өсірілгеннің бәрін жинап алуға адамдарды жұмылдыру керек.

Алда егін жинау науқаны тұр. Ол әрқашанда қиындықпен өткізіліп, тек республиканың ғана емес, сонымен бірге, бүкіл Одақтың барлық күштері мен құралдарын барынша шоғырландыруды талап етіп келді. Қазіргі жағдайда бұған қол жеткізу төтенше қиын. Сондықтан баршаның – ауыл тұрғындарының да, қала тұрғындарының да, партия комитеттері мен халық депутаттары Кеңестерінің де ең бірінші міндеті – егіннің бір түйір дәніне дейін төкпей-шашпай жинау, оны сақтау, ауылшаруашылық өнімін ұқсататын барлық кәсіпорындарды іске қосу.

Тауармен қамтамасыз етуді жақсарту, инфляцияның қарқынын бәсеңдету үшін өнеркәсіп өнімін шығару көлемін ұлғайтудың мүмкіндіктерін пайдалану маңызды. Бұл, әсіресе, халық тұтынатын тауарлар, сондай-ақ металл, цемент, отын және онсыз экономиканы дамыту ешбір мүмкін емес басқа да өнім өндіруге қатысты. Бұл үшін қажетті жағдай жасау, тауар өндірушілердің еркіндігін кеңейтуге жәрдемдесу – коммунистердің борышы.



Тұрғын үй құрылысындағы қиын жағдай алаңдатуда. Партия комитеттері жарты жыл ішінде тындырылған істі шұғыл байыптауға, жол берілген артта қалушылықтың орнын толтыруға бастама көтеруге тиіс.

Егер біз реттілікті жолға қоюмен және атқарушылық тәртіпті нығайтумен, кадрларымыздың экономикалық жауапкершілігін арттырумен шындап айналыспайтын болсақ, онда осынау барлық қиын міндеттерді іске асыру мүмкін емес. Бұл істе партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары өз орнын табуға тиіс. Мұнда, меніңше, біз бұрынғы тәжірибедегі көп нәрсені ұмыта бастадық. Қалай болған күнде де, партия комитеттерінің бюроларында басшы коммунистердің есептерін, партиялық сұраудың басқа да тиімді тәсілдерін практикада едәуір сирек қолдана бастадық.

Таяудағы жылдар күмәнсіз шиеленісті болатынын, қиындықтардың көптеген адамдарды қамтитынын ескеру қажет. Сондықтан бұл кезеңде ұлтаралық келісім мен азаматтық татулықты сақтау бұрынғы қай кездегіден де маңызды бола түседі. Бұл – тұрмысты жақсартудың, барлық өзгерістерді жүргізудің сөзсіз шарты. Мұнда да коммунистер демократиялық күштерді біріктіре алатын, оларды экономикалық проблемаларды шешуге бағыттай алатын топтастырушы фактор болуға тиіс. Әртүрлі қоғамдық қозғалысқа қатысушылар Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің IV сессиясында сындарлы ынтымақтастық туралы менің жасаған ұсынысыма үн қосады деген үміттемін. Нарықтық қатынастарды барынша дамыту жолдарында күш-жігерді біріктіре түсу қажет. Бүгінгі таңда түбегейлі реформаларға өзіңнің адалдығыңды тек нақты істермен ғана дәлелдеуге болады.

Осы арада мемлекеттік билік органдары мен партия комитеттерінің өзара іс-қимылы сияқты мәселені қозғау қажет деп санаймын. Жақында біз Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен республика Министрлер Кабинеті аппараттарының келісілген іс-қимылдарына қатысты барлық жайтты арнайы талқыладық. Партиялық және мемлекеттік аппараттардың кейбір қызметкерлері белсенді хабарлама алмасудың, бірлескен шараларды жоспарлаудың, т. б. орнына олардың қайсысының «басты» екендігін анықтауға күш-жігер мен уақыт жұмсай бастағандықтан, мұндай әңгіме дер кезінде өтті деп санаймын. Ал ондай үрдіс жалпы іске залалын тигізеді. Осындай әңгімені өткізу облыстық, қалалық және аудандық деңгейлерде де пісіп-жетілді ғой деп ойлаймын.

Сөзімнің соңында мына бір түбегейлі мәселеге тоқтала кетуді өзімнің парызым деп санаймын. Мен Президент ретінде Жоғарғы Кеңесте алдағы кезеңнің іс-қимыл бағдарламасы туралы сөз сөйледім. Менің айқындамама анықталған, үкіметтің бағыты да сарапталған. Сондықтан маған нарыққа көшу жөніндегі өрістеген жұмыстарға байланысты коммунистердің пікірін білу өте маңызды. Бұл арада жасыратын ештеңе жоқ: белгіленген іс-қимылдарға байланысты «иә» немесе «жоқ» деген кесімді жауапты естігіміз келеді.

Бұл әншейін мәселе емес. Біз қоғам мен әрбір адам өмірінің терең қатпарларын қозғайтын іске кірісеміз. Бірқатар шаралар адамдардың арасында жақтырмаушылықты тудырады. Және бұл уақытта бізден қатаң сұрайтын да болады. Сондықтан мен жұмыстың қызған шағында коммунистердің арасында келіспеушіліктің пайда болуын қаламаймын. Әрине, бұл арада әңгіме

пікірсайыс заңды болып табылатын жекелеген мәселе, ағындағы істер туралы емес. Өңгіме стратегиялық бағытта: коммунистер біздің нарыққа көшу тұжырымдамамызды қолдай ма, жоқ па? – деген мәселе туралы болып отыр.

Бұл мәселені жағалауда тұрған кезімізде-ақ анықтап алуымыз керек, әйтпесе кейін кеш болады. Егер кім де кімнің «принциптен бас тартқысы келмесе», бұрынғы жүйені жақтайтын болса, бұл туралы ашық және адал айтуы керек қой деп ойлаймын. Мен заман ағысының қалай қарай бұрылатынын күтіп, түлкібұлаңға салынғандардан гөрі, ашық қарсыласты қатты сыйлайтынымды жоғарыда айтып өттім.

Мен біздің бағытымызға сенім туралы сессияда депутаттармен сұхбат өткіздім және парламентарийлердің менің ұстанымымды толық қолдайтынына қанағаттандым. Осы мәселеге ашық, бүкпесіз жауапты партияның Орталық Комитетінің мүшелерінен де алғым келеді, ал мен олардың сенімін ерекше құрметтеймін.

Қазақстан халқына

## ҮНДЕУІ

Алматы қаласы,  
1991 жылғы 19 тамыз

### **Қымбатты қазақстандықтар!**

Республика Жоғарғы Кеңесі Төралқасының және Министрлер Кабинетінің мүшелерімен кеңесе келіп, мен сіздерге мынадай мәлімдеме жасамақпын.

Еліміз үшін осынау жауапты сәтте сіздерді байсалдылық пен ұстамдылық сақтауға шақырамын. Қазір бұл ерекше қажет, өйткені біздің әрқайсымыздың тарапымыздан жасалған қандай да болсын қызбалық, ойластырылмаған іс-әрекет аса ауыр әлеуметтік сілкіністердің бастамасына айналуы мүмкін.

Мен сөзімді барлық азаматтарға, біздің көп ұлтты республиканы мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстар-

дың өкілдеріне арнаймын. Бұл күндері біз өзіміз үшін әрқашанда бірлік пен өзара түсіністіктің негізі болып келген халықтар арасындағы достықтың ғасырлар бойына жинақталған тәжірибесіне арқа сүйеуге тиіспіз.

Мен сөзімді Қазақстанның еңбек ұжымдарына арнаймын. Қазір жоғары саналылық пен ұйымшылдықты сақтау аса маңызды. Халық шаруашылығында аласапыранға жол беруге болмайды. Егіннің, азық-түлік ресурстарының тағдыры қолында тұрған ауыл еңбеккерлеріне ерекше жауапкершілік жүктеледі.

Мен сөзімді республиканың барлық саяси күштері мен қозғалыстарының өкілдеріне арнаймын. Өткінші алауыздықтан бойды аулақ салу, ақыл-парасатты, халық алдындағы жауапкершілік сезімін басшылыққа алу, егеске жол бермеу өте маңызды.

Мен Қазақстан аумағында орналасқан КСРО Қарулы Күштері, Мемлекет қауіпсіздігі комитеті және Ішкі істер министрлігі бөлімдері мен бөлімшелерінің әскер құрамын конституциялық нормаларға адалдыққа, жеке адамның құқықтары мен жергілікті өкімет органдарын құрметтеуге шақырамын. Қазақстан аумағында төтенше жағдай енгізілмейтінін, бүкіл өкімет билігі Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы қабылданған декларациясына және Конституциясына сәйкес толығымен кеңес органдарына тиесілі екенін ерекше атап көрсеткім келеді.

Мен республиканың егемендігін нығайту саясатына және демократия, Одағымыздың бірлігі қағидаттарына адалдықты қуаттаймын, басталған реформаны жүзеге асыруға бекемдік білдіремін. Қазақстан халқы жоғары саналылық, қырағылық пен топтасқандық танытады деп кәміл сенемін.

Қазақ КСР Президентінің

## МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қаласы,  
1991 жылғы 20 тамыз

**К**еше мен Қазақстан халқына арнап сөз сөйлеп, онда байсалдылық пен ұстамдылық сақтауға шақырдым. Республикадағы жағдайға қарағанда, еңбекшілер менің ұстанымымды қолдап отыр, бұл үшін оларға шын ниетпен ризалық білдіремін.

Сонымен бірге, бізге қазақстандықтардан, одақтас республикалардан, кеңес және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарынан елде қалыптасып отырған жағдай жөнінде пікір білдіруді сұраған көптеген өгініштер келіп түсуде.

Мен түйінді екі мәселені бөліп көрсеткен болар едім. Біріншіден, мемлекеттің экономикалық, шаруа-

шылық, сондай-ақ саяси өмірінің одан әрі қоғамның толық және түпкілікті күйреуі басталатын қатерлі шепке тақап келгеніне ешқандай күмән жоқ. Айтпақшы, КСРО халық депутаттарының IV съезінде М. С. Горбачевті саяси енжарлығы үшін, өзі бастамашы болған қайта құру бағытын бекем жүргізуге қабілетсіздігі үшін сынаған кезімде мен нақ осы жайында айтқан болатынмын.

Алайда Президент пен оның үкіметі тиісті тұжырымдар жасай алмады. Ашығын айтқанда, елдегі жағдай дереу араласуды талап етуде еді. Бірақ осы фактіні атап көрсете отырып, мынаны анық айта аламын: төтенше жағдайды тек конституциялық, құқықтық негізге сүйене отырып қана жариялауға болар еді. Оның үстіне біз құқықтық мемлекет орнатуға ұмтылып отырғанымызды бүкіл дүние жүзіне мәлімдедік. Ерекше бөліп көрсеткім келген екінші мәселе, міне, осы.

Үш адам құрған, КСРО Жоғарғы Кеңесі мен республикалар қатыспаған комитет әуел бастан-ақ заңсыз құжаттарды дүниеге әкелуде, олар, басқаларына қоса, егемендік туралы республикалық декларацияларды аяқ асты етуде, нарықтық экономикаға көшудің таңдап алынған бағытын елеп-ескермеуде.

Біз халыққа жағдайдан шығудың қандай жолын ұсына аламыз? Оның тек конституциялық негізде ғана мүмкін болатынына сенемін. Егер біз заңсыздықтың қиралаң жолымен одан әрі жүре беретін болсақ, халық оны бізге кешірмейді. Ең алдымен ел үшін осынау қиын-қыстау күндерде М. С. Горбачевтің өзінің пікірін естігіміз келеді, ол өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыра алмайтын күйде екенін тікелей қуаттауға тиіс.

Сондай-ақ КСРО Жоғарғы Кеңесінің мәжілісінде саяси жағдайды дереу қарауды ұсынамын. Он күн мерзім ішінде КСРО халық депутаттарының төтенше съезін шақырып, онда КСРО Президентінің бүкілхалықтық сайлауын өткізудің және де барынша қысқа мерзім ішінде өткізудің нақты уақытын белгілеу керек.

Кейінге қалдыруға төзбейтін тағы бір аса маңызды проблема – сегіз республиканың парламенттері мақұлдаған Одақтық шартқа қол қою. Осы құжаттың бекітілген мәтініне қандай да болсын өзгерістерді тек сол республикалардың ең жоғары өкімет билігі органдарының келісімімен ғана енгізуге болады.

Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы, үкіметі және халқы қуаттап отырған менің ұстанымым, жалпылама алғанда, міне, осындай. Мен елдің барлық республикаларының парламенттері мен халықтарынан айтқан ұсыныстарыма қолдау көрсетуді өтінемін.



**КОКП Саяси Бюросы және  
Орталық Комитетінің құрамынан шығатыны  
туралы КОКП Орталық Комитетінің  
Саяси Бюросына**

**МӘЛІМДЕМЕСІ**

Алматы қаласы,  
1991 жылғы 20 тамыз

19–20 тамыз аралығында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің атына КОКП Орталық Комитетінен Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет дейтіннің іс-әрекеттері мен қаулыларын КОКП Орталық Комитетінің Хатшылығы қолдап отырғанын бұлтартпастан растайтын біраз құжаттар келіп түсті. Мәселен, бір құпия жазбада, атап айтқанда, былай делінеді: «...Төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты коммунистердің КСРО-дағы Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетке жәрдемдесуге қатысуы турасында шаралар

қолданыңыздар». Осынысы арқылы КОКП Орталық Комитетінің Хатшылығы беделін түсіріп, өзін қатардағы коммунистерге қарсы қойды, халықтың шынайы мұқтаждары мен мүдделерінен қол үзгендігін, тоталитарлық ойлауға бейімдігін көрсетті.

Мұның сыртында, КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі ретінде маған келген КОКП Орталық Комитеті мәлімдемесінің жобасында, шын мәнінде, ТЖМК-ке (ГКЧП) қолдау көрсетіліп, оның масқаралық әрекеттері ақталыпты. Осы құжатқа қол қою туралы ұсынысқа мен үзілді-кесілді қарсы болдым.

20 тамызда КОКП Орталық Комитетінің кезектен тыс Пленумын шақыру әрекетінен антиконституциялық комитет мүшелерінің көпе-көрнеу мүдделілігі байқалды, бұл КОКП Орталық Комитеті Хатшылығының ТЖМК-ке (ГКЧП) қолдау жасамақшы болған пиғылын тағы да танытты. Мен бұл Пленумға үзілді-кесілді қарсы екенімді білдірдім.

Осы айтылған жайларға байланысты өзім қазіргі Саяси Бюроның және КОКП Орталық Комитетінің құрамында бола алмаймын деп есептеймін және осы органдардан шығатынымды мәлімдеймін.

Қазақстан партия ұйымының басшысы ретінде республика коммунистерінің алдына Қазақстан Компартиясының КОКП құрамынан шығып, өз алдына дербес партия құратыны туралы мәселе қоймақшымын.

**Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі  
он екінші шақырылымының кезектен тыс  
V сессиясында**

## **СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Алматы қаласы,  
1991 жылғы 24 тамыз

### **Құрметті депутат жолдастар!**

Мен Мәскеуден жаңа ғана оралдым, онда КСРО Президенті М. С. Горбачевтің төрағалық етуімен Федерация Кеңесінің мәжілісі болды. Әңгіменің негізгі тақырыбы – ағымдағы кезеңге баға беру, әдеттен тыс ауыр, тіпті мен айтар едім, қайғылы дағдарысты бастан кешірген елдегі істің жай-күйіне саяси және экономикалық талдау жасау әрекеті, сондай-ақ өздеріңіз білетін кейбір кадр мәселелері.

Мемлекеттегі бірнеше ай бойына ушыға түскен тұрақсыз жағдайға байланысты біздің барлық қауіміз

кенет ақиқатқа айналған сол бір шым-шытырық күндер мен түндердің аласапыран жағдайында философиялық пайымдаулар жайына қалды. Мен сіздерге оқиғалардың қалай өрбігенін, менің жеке өзім және республика басшылығы жағдайды анықтау мен бүлікшілерге белсенді түрде қарсы іс-әрекет жасау үшін қандай шаралар қолданғанымызды дәл сағаттар мен минуттар бойынша баяндай аламын.

Төңкеріс туралы хабардың төбеден жай түскендей болғанын жасырмаймын. Өйткені, сіздер сияқты, мен де болған жағдайды тек тамыздың 19-ы күні таңертең ғана білдім. Шындығында, Янаев тобы нақ тұтқиылдық факторына баса үміт артты, армия, Мемлекет қауіпсіздігі комитеті және Ішкі істер министрлігі қолдаған күш көрсету қысымы бүлікшілер өктемдігіне кез келген қарсылықты дәрменсіз етеді деп негізді түрде ойлады. Мәскеуден менің кабинетіме алғашқы телефон қоңырауын Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің бұрынғы төрағасы Крючковтың соққаны кездейсоқ емес. Ол тәкаппарлана, менменси сөйлеп, орталық өкімет билігінің ТЖМК (ГКЧП) қолына көшкенін хабарлады, бұл комитет қылмыс пен мафияны жояды деді. Оның үстіне комитеттің іс-әрекетінің заңдылығын қандай да болсын талқылау мүлде орынсыз дегенді сездірді. Менің М. С. Горбачев қайда, оқиғалардың бұлай өзгеруіне оның пікірі қандай деген сұрағыма Крючков КСРО Президенті Қырымда әл үстінде жатыр, мемлекетті мүлде басқара алмайды және қабылданған шешімдермен келіседі деп жауап қайтарды. Бұл акт құжат жүзінде, барлық заңды рәсімдерді сақтай отырып, таяудағы сағаттарда қуатталады-мыс деді.

Мен дереу КСРО Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Лукьяновпен байланыс жасадым. Алайда ол демалыстан жаңа ғана оралғанын, жағдайдың тізгіні қолында емес екенін тілге тиек етіп, жөнді ештеңе түсіндіре алмады.

Келесі әңгіме премьер Павловпен болды. Крючковтан өзгеше түрде ол әңгімені сенім арнасына көшіруге, былайша айтқанда, жауырды жаба тоқымдауға тырысты. Еліміздің экономикасы құрдымға қарай сырғығанын, дағдарыстан шығу үшін төтенше соны шаралар қажет екенін, ал бұл үшін барлық құралдардың жақсы екенін айта бастады. Мұнда конституциялық іс-қимылдар жайына қалады деді. Төтенше жағдай тек белгілі бір жерлерде қысқа мерзімге енгізіледі, үкімет түбегейлі экономикалық реформаларды бұрынғысынша жүргізеді деп сендірді.

Бұл әңгімелермен жарты күн өтті. Сағат 14-те мен Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы мен Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Саяси Бюросы мүшелерінің, Алматы облысы мен қаласы басшыларының төтенше мәжілісін шақырдым, алынған ақпаратты ортаға салдым, Қазақстан халқына үндеудің мәтінін жариялауды ұсындым, оны сол жерде оқып бердім. Бұл мәтін сіздерге мәлім. Егемен республиканың Президенті ретінде мен ең алдымен нақ біздің аумағымыздағы тұрақтылықтың сақталуы жөнінде қам-қарекет жасадым, өзімнің ең басты міндетім әскерлерді енгізу үшін сылтау беретін қандай да болсын жанжалдардың тууына жол бермеуде деп білдім. Ал мұндай қауіптің, өздеріңіз де түсініп отырсыздар, болуы мүмкін еді. Төтенше жағдай республикада енгізілмейтінін және Қазақ КСР Конституциясына сәйкес бүкіл өкімет түгелімен жергілікті жерлердегі

кеңес органдарына тиесілі екенін жарияладым. Мен демократия қағидаттарына өзімнің адалдығымды және басталған реформаны жүргізуге бекемдігімді қуаттадым.

Оқиғалардың бұдан былай өрбуі біздің іс-қимылдарымыздың дұрыстығын, біз таңдаған, барлық ықтимал мән-жайлар ескерілген сарабдал ұстанымның өте-мөте дұрыстығын дәлелдеді.

Сол күні, яғни тамыздың 19-ында, Янаев телефон соқты. Тегінде, РКФСР басшылығының белсенді қарсылығына, Мәскеудегі шиеленістің күшейе түсуіне байланысты алаңдаған ол біздің қолдауымызға үміт артуға тырысқан болса керек. Тіпті мені басқа республикалар өзі басқаратын комитетке адал қарайды дегенге сендіріп, тура теріс хабарлама беруге барды (айтпақшы, ол белгілі баспасөз конференциясында да осындай теріс хабарлама жасады). Мен Янаевқа ол құрған Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет және КСРО Президенті міндетін атқаруды өз мойнына алуы заңсыз екенін тура айттым, КСРО Конституциясын тікелей бұзып отырғаныңызды түсінесіз бе? – деп сұрадым. Жалған атақты малданған «Отанды құтқарушы» жағдай конституциялық нормаларға толық сай келетін іс-қимыл жасауға мүмкіндік бермейді, кейін, былайша айтқанда, біраз күн өткен соң КСРО Жоғарғы Кеңесі мұның бәрін заңдастырады деген мағынадағы пікірін арсыздықпен ашық айтты. Мұндай жауаптан соң бүлікшілердің шын ниеттері жөнінде менің жеке басымда ешқандай күдік қалған жоқ. Біз оқиғаларға өзіміздің принципті бағамызды бейнелейтін мәлімдеме әзірлеуге шұғыл түрде кірістік. Өздеріңіз білесіздер, ол тамыздың 20-сында жарияланды.

Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет мүшелері дереу іс-қимылға басты. Республикаға телефон соғу тоқтатылды, Орталық телевизия мен газеттерге менің мәлімдемемді ешбір жағдайда жарияламау жөнінде әмір түсті. Алайда біздің ауымызға қақпақ қоюдың реті келмеді. Біздің баспасөз қызметіміз мәтінді әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарына, оның ішінде шетелдік ақпарат құралдарына жедел түрде бере білді. Қазақстанның кесімді сөзін бүкіл дүние жүзі естіді.

Бірақ үрей үдей берді. Тамыздың 20-сында кешке маған РКФСР Жоғарғы Кеңесінің ғимаратына әзірленіп жатқан шабуыл туралы дерек келіп түсті. Мен бірден Крючковпен байланыстым. Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің бұрынғы төрағасы ештеңе болмайды деп ант-су ішті. Оған сенуге болмайтынын түсініп, мен РКФСР Жоғарғы Кеңесінің ғимаратында жұмыс істеп тұрған жалғыз аппарат арқылы бірнеше рет Б. Н. Ельцинмен байланыстым, ол үрейлі хабарды растады. Борис Николаевичке өзімнің қолдау көрсететінімді айтып, бірден Янаевтың номерін тердім де, оған үзілді-кесілді наразылық білдіріп, РКФСР Жоғарғы Кеңесіне қарсы кез келген күш қолдану әрекетінің ең ауыр зардабы болатындығын қатаң түрде ескерттім. Содан кейін Язовқа телефон соғып, өз Президентін қорғаушы жас адамдардың қанымен қолын былғау қылмыс екенін мәлімдедім. Сірә, осылар әсер еткен болу керек, өйткені бірнеше минуттан кейін Б. Н. Ельциннің көмекшісі маған танкілердің ғимаратқа қарсы қозғалысы тоқтағанын хабарлады.

Басқа республиканың да басшыларымен тұрақты байланысып отырдым, Ақаевты, Кравчукті тауып алып, олардан «комитет» деп аталатынмен байланысып, олардың іс-қимылына қарсы наразылық білдіруді өтіндім.

Басқа да жайсыз минуттар болды, Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет деп аталатынның жан-таласты іс-қимылының алдын алу немесе, ең болмаса, бетін қайтару үшін өзімнің барлық беделімді және басқа амалдарымды қолдануыма тура келді. Комитеттің сондай жанталасты іс-қимылына біздің жақын көршіміз – Қырғызстанға қысым көрсету әрекетін жатқызамын. Тамыздың 21-інде түнгі 1 сағат 30 минутта президент Ақаев маған өз деректері бойынша Бішкекке әскер кіргізуге әрекет жасалып жатқанын хабарлады. Осындай жазалау акциясының ықтималдығы туралы ойдың өзін жоюға әрекет жасау үшін шұғыл араласуға тура келді.

Сол күндері Президенттің жанынан оқиғаға талдау жасайтын және ұсыныстар әзірлейтін жедел топ құрылды. Қысқасы, бүлікшілер жасаған арандатудың лағынетті ақырына дейін, Қырымнан М. С. Горбачев телефон соққанға дейін жұмыс қауырт, тәулік бойы жүріп жатты. Еліміз бен республиканың тағдыры үшін қауіпті осынау сағаттарда мен Президент ретінде өзімді жалғыз сезінбегенімді терең қанағатпен атап өтемін. Достар мен серіктер басыңа күн туғанда белгілі болады деп дұрыс айтылған. Мен біздің демократиялық жеңістерімізге қол сұққандарға, біздің қоғамның қиыншылықтарын пайдаланып, халыққа қамқорлық дегенді бүркеніп, елімізді тоталитарлық режімнің шырмауына қайтып оралтуға әрекет жасағандар жөнінде ымырасыз біржақты айқындама ұстаған Қазақстанның депутаттық корпусына терең ризашылығымды білдіремін. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының табанды және мәмілеге келмейтін мәлімдемесі – оның бұлтартпас айғағы.

Жалпы алғанда, республикада қол жеткізілген саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім осы қиын күндері өзін



толығымен көрсеткенін айта кету керек. Қазақстанның халқы да, басшылығы да, көптеген қатардағы коммунистері де өздерінің ұмтылыс-талабы мен баға беруде бірауызды болды. Адамдар маған келіп, ізгілікті қолдау сөздерін айтып, өзімнің табандылығымда бекем болуыма қол ұшын беруге тырысты. Бұл бізге, былайша айтқанда, өзіміздің тылымызға алаңдап қарамай, демократияны қорғауға, жүгенсіз кеткен саяси содырларға «жоқ» деп табанды түрде айтуға мүмкіндік берді.

Болған оқиға қайта құру жылдары текке кетпегенін тағы да қуаттады. Халық демократия үдерістерін қабылдады. Реакцияны нақ демократия күйретті. Біз бүлікшілердің басты соққысына кеудесін тосқан мәскеуліктерге, Ресей басшылығы мен Парламентіне, РКФСР Президенті Б. Н. Ельцинге өзіміздің терең ризашылығымызды білдіруге тиіспіз. Олар осы тегеурінге батылдықпен төтеп берді. Болып өткен оқиға республикалардың, біздің еліміздің барлық халықтарының бірлігін нығайтуға, қоғам мен экономикадағы реформаларды тереңдету жолымен жүруге олардың табандылығын арттыруға ұйытқы болатынына біз сенімдіміз. Мұнда басты рөл РКФСР-ға тиесілі. Ресейліктер өздерінің игілікті борышында әрқашан да биіктен табылатынына сенеміз.

Бұл туралы айтып тұрғаным, бүгінде кейбіреулер, жеңістің қызуымен, оқиғаға баға беруде тиісті табандылық көрсетпеді-міс деп республикалармен «есеп айырысуға» әрекет жасауда. Бұл ретте не айтуға болады? Қазақстан ондай жазғыруды қабылдамайды. Және де қиын күндері біздің ұстанымымыз бір мәнді – демократия мен заңдылықты қолдау болғандықтан ғана емес. Бүгінде ұялмай кінә тағатындар республикалар

жүргізген күрес туралы барлық толық дерекке ие емес екендігіне сенімдімін. Оларды парасатты ақыл емес, күйгелектік сезімі билеген. Егер республикалардың табанды бағыты болмаса, бүлікшілердің әлі де қанша тұратындығы және кеңес халқының қаншалықты құрбандыққа ұшырайтыны белгісіз еді...

Бірақ бұл – мәселенің бір жағы ғана. Басқасы, мүмкін неғұрлым маңыздысы, осындай кез келген кінә тағу республикалардың арасына жік қоюға әкеліп соғып, оларды «ақ» пен «қараға» бөледі, жаңа ғана қанат жайып келе жатқан саяси және экономикалық ынтымақтастыққа соққы болып тиеді. Сондықтан менмендікке басып, қазір біздің бірлігімізге қауіп төндіруге бола ма деген сұрақ қойғым келеді. Әрине, жоқ. Кеше болып өткен Федерация Кеңесінің мәжілісіне қатысқан барлық республикалардың басшылары осындай пікір білдірді.

Халық қашанда өзінің батырларын құрметтегенін, ал қарапайым батырларын еселей құрметтегенін еске салып өткім келеді.

Бүгінде тағы да бір қауіп нақты байқалуда. Демократиялық өрлеу толқынында шовинизм мен ұлтшылдықтың лайсаң көпіршігі пайда болуы мүмкін екендігі туралы айтып тұрмын, ал ол ұлт республикаларында сөзсіз қарсы әрекет туғызып, ұлтаралық жанжалды жаңадан ушықтырады. Бұған ешбір жағдайда жол беруге болмайды.

Біз оңшыл террордың солшыл террормен ауысуына жол бере алмаймыз. Біздің еліміздің тарихы мұндай оқиғаларды қазірдің өзінде біледі. Бұл қайғы мен азаптан, миллиондаған құрбандықтардан басқа ештеңе де әкелген жоқ. Біз Қазақстанда мұндай келеңсіздікке

жол бермейтінімізді бекем түрде айта аламын. Біздің өзіміздің егеменді республикамыз, өзіміздің айқын саясатымыз бар, ол – біздің көпұлтты Қазақстанның барлық халқының мүдделеріне сай болу. Және де біз оны берік ұстанатын боламыз.

Демократиялық күштердің сөзсіз жеңісін, бүлікшілердің жолына тас қамал болып тұрған халықтың қайта құру жылдарында саяси және адамгершілік сана-сезімінің өлшеусіз өскенін лайықты атап көрсете отырып, бүкіл елімізді дүр сілкіндірген қайғылы оқиғалардың тағылымдарынан да айналып өте алмаймыз. Біздің күні кешеге дейін үйреншікті тіркеске айналған: қайта құру қайтарымсыз деген сөзді қандай сеніммен айтып келгенімізді еске түсіріңіздерші. Бүгінде бізде мұндай қалтқысыз сенім жоқ қой деп ойлаймын. Тек саяси салаға ғана бағытталып, экономикалық базиске қатысты болмаған демократиялық өзгерістердің құны көк тиын болып шықты. «Төтенше жағдай» бастамашыларының басты соққысы нақ осы әлсіз тұсқа бағытталды. Олар экономиканың, еңбек, өндірістік және шарттық тәртіптердің қожырауын әрі бағаның шексіз өсуін, халықтың тұрмыс деңгейінің құлдырауын, мафиялық құрылымдардың етек алуын, қылмыстың көбеюін, қанқұйлы ұлтаралық жанжалдардың өршуін ескерді. Барлық осы келеңсіз құбылыстар шынында да еңбекшілердің жаппай наразылығын туғызуда.

Бірақ біз мұны бұрын білген жоқ па едік? Әрине, білдік және де оларға ел Президентінің назарын аударуға, экономикада қатаң тәртіптің қажеттігіне, реформаларды тиімді жүргізу және дағдарыстан шығу үшін халық сеніміне бөленген үкіметтің қажеттігіне көзін жеткізуге талай рет әрекеттендік те.

Ең болмаса, КСРО халық депутаттарының IV съезіндегі менің сөзімді еске түсіріңіздерші. Мен онда М. С. Горбачевті саяси және экономикалық бағытты жүргізудегі енжарлығы, қабылданатын шешімдердің дәйексіздігі үшін жеткілікті деңгейде қатты сынаған болатынмын, бірақ оның өзі де, үкімет органдары да тиісті қорытындылар жасамады, адамдардың өмірі жақсарған жоқ, экономика төмен қарай құлдырай түсті. Михаил Сергеевичке қайта құрудың бастамашысы ретінде үлкен құрмет көрсете отырып және қазір өзіміз білетін төңкеріс күндері оның басынан өткізуге тура келген ауыр қиыншылықтарына ортақтастығымызды білдіре отырып, әрине, мұндай ащы сөздерді айтпай кете алмаймын.

Немесе, мысалы, ол жүргізген кадр саясатын алайық. Президенттің сатқын болып шыққан ең жақын серігі – Янаев сол съезде сайланды. Ал оны басқа біреу емес, нақ М. С. Горбачевтің өзі ұсынды. Оның таңдауына таңқалған мен мәжілістер арасындағы үзілісте, алғашқы дауыс берудің нәтижесінде кандидатура өтпеген уақытта, Михаил Сергеевичтен: «Неліктен нақ осы Янаев?» – деп ашық сұрағаным есімде. Горбачев сол жолы ештеңе деп жауап қайтарған да жоқ, Янаевты табанды түрде ұсынуды жалғастыра берді және басқа кандидатура туралы естігісі де келмеді. Аяғы айтарлықтай трагедияға соқтырған «кадр іріктеу» ісі, міне, осындай.

Егер Одақтық шартқа қол қоюдың кешеуілдеуіне де ел басшылығы кінәлі десем, ақиқатты аттап өтпеген болар едім. Орталық төрешілдік машинаның, әскери-өнеркәсіптік кешеннің ықпалды өкілдерінің шылауында

бола отырып, М. С. Горбачев алғашқыда өздерінің егемендігін, республикааралық көлбеу байланыстардың жолға қойылуын бекіткісі келген республикалардың заңды ұмтылысына жете мән бермеді, тіпті сенімсіздікпен қарады. Әлбетте, ақыр аяғында бәрі де өз орнына келді, біз «9+1» келісіміне келдік, бірақ қымбат уақыт уысымыздан шығып кеткен еді. Ең болмаса, осы тарихи құжаттың КСРО Жоғарғы Кеңесінің оңшыл қанатының өршеленген қарсылығына тап болғанын еске түсіріңіздерші. Ал бұл Янаевтың жақтастарына бүлікші топтың төңірегіне тығызырақ топтасуына, іс-қимыл жоспарын жасап, Шартқа қол қоюға тура бір тәулік қалған ең қиын-қыстау кезеңде соққы беруіне объективті мүмкіндік туғызды. Олар, біздің көзіміз жеткендегідей, уақытты босқа өткізген жоқ.

Істің бар мәні Одақтық шарт пен біздің нарықтық экономикаға қарай беттеген бағытымыз тоталитарлық жүйені түпкілікті талқандауында, орталықтың орасан зор аппаратын мүлдем қажетсіз етуінде болып отыр. Өктемдік етуге және үлестіруге үйреніп қалғандар өздерінің билігінен біржола айрылды.

Тамыздың 20-сындағы өз мәлімдемемде мен республика парламенттері мақұлдаған Одақтық шарттың мәтініне өзгеріс енгізудің қандай да бір әрекеттерін табанды түрде кері серпіп тастадым. Қазір де осы ұстанымда нық тұрмын. Алайда өзіміз бастан кешкен төңкеріс қаупіне байланысты мұндай оқиғалардың қайталануына жол бермейтін кейбір нақты кепілдіктердің Шартта көзделгенін жөн деп санаймын. Республикалардың жоғары заң шығарушы органдары менің бұл ұсынысымды қолдайды деп ойлаймын.

Өткен жылдың өзінде де, республиканың Мемлекеттік егемендігі туралы декларацияны қабылдаудың алдында мен Декларацияның тек ниет болып табылатынын талай рет айтқан болатынмын. Біздің дербестігіміз нақты мазмұнмен толығы үшін нақты нәтижелер қажет. Ал олар әзірше өте аз. Мүмкін, біз экономикалық жобаларды талдап жасау саласында ілгерілеп кеткен шығармыз, алайда оларды жүзеге асыру үшін, жарытымды ештеңе істелген жоқ. Оған объективті себептердің болғаны да сөзсіз. Ең бастысы – Одақтық шарттың, жергілікті жерлерде толық экономикалық дербестіктің, сондай-ақ республикалар мен орталықтың арасындағы міндеттер мен меншіктің аражігін ажырату мәселесінде айқындықтың жоқтығы себеп болғаны анық.

Мұның бәрі қалай ұмтылғымыз келсе де, біздің ойдағыдай ілгері басуымызға мүмкіндік бермейді. Адамдар біздің қызметіміздің нақты нәтижелерін көріп отырған жоқ. Бүлікшілердің арандатушылық мәлімдемелерінің, әсіресе, адамға өмірлік маңызды әрі түсінікті азық-түлік және материалдық жайларға қатысты мәлімдемелерінің біздің республика халқының да бір бөлігінен қолдау табуы сондықтан емес пе екен? Құқықтық нормалар туралы тым күңгірт түсінігі бар, бірақ өмірдің ауыртпалығынан құтылуды тағатсыздана күтіп жүрген адамдардың басына осы үшін кінәні үйіп-төуге сіздер мен біздің хақымыз жоқ. Біз «құбыжық іздестірумен», дұшпандарды іздеумен айналыспауға тиіспіз, мұның бәрі бұрын болған. Бұл жазғыруларды ең алдымен сылбырлық көрсетіп отырған үкімет құрылымдарына жолдау керек. Өйткені істердегі нақ біздің сылбырлығымыз бен оралымсыздығымыз бүлікшілердің қолтығына

су бүрікті, олардың қылмыстық акцияны өрістетуі үшін негіз жасауына мүмкіндік берді.

Жеңіске жеттік деген тәтті қиялға берілмей, жағдайға байсалды қарайық, «Қазақстанда жеке алғанда саяси дағдарыс болуы мүмкін бе?» деген сұрақты өзімізге қояйық. Мемлекет, кеңес, партия құрылымдарының, облыс басшыларының осынау мемлекеттік төңкерістің қиын-қыстау күндері мен түндеріндегі іс-әрекеттеріне өзім үшін талдау жасай келе, мен мүмкін деген даусыз қорытынды жасадым. Мен осылай деймін, өйткені республикада тұрмысты түбегейлі жақсарту, экономиканы реформалау бағытын жүргізу бізде облыстар, министрліктер, ведомстволар басшыларының тым едәуір бөлігінің және олар басқаратын аппараттардың ұстанымы салдарынан едәуір дәрежеде қиындап отыр.

Ал бұл ұстаным – қарапайым: осында, Алматыда, Жоғарғы Кеңесте, Президент резиденциясында ойына келгенін айта берсін, біз үнсіз қаламыз, өз қалауымызша істейміз. Бірақ мен өзгерістер шаужайдан ала бастаған кезде бұл адамдардың шабуыл жасауға да бейім екеніне күмәнім жоқ.

Біз бұл тақырыпты қашанда әлдеқалай орағытып өтумен келдік, әйтсе де мен жасырын дұшпандармен істес болғаннан гөрі ашық дұшпандармен істес болғанды артық санаймын деп мәлімдеген болатынмын. Соңғы күндердің оқиғалары бізден бұл мәселеге нүкте қоюды талап етеді.

Егер кейбір қарапайым адамдар мемлекеттік төңкерісті бастапқыда тұрмысты жақсарту үміті деп қабылдаған болса, номенклатура мүлдем басқа көкжиекті көрді: бұрынғы өмірге, қожайынның мығым қолына, аппараттың өктемдігі мен тежеусіз билігіне қайтып

оралу деп білді. Бұл жоспарлардың орындалуын тағдыр жазбады. Алайда бүлікшілерге адал берілгендік сезімінің көрініс табуының өзі бізді болған оқиғаға баға беруге міндеттейді. ТЖМК-ті (ГКЧП) іс жүзінде мойындауға бағытталған іс-әрекеттер қолданған барлық басшылар, әрине, қызметтен кетуге өздері ұйғармаса, атқарып отырған қызметтерінен босатылады. Біздің алдымызда қыруар жұмыс күтіп тұр. Сондықтан олардың жолы бізбен бірге емес. Осыған байланысты мен комиссия құрмақшымын, ол болған оқиғаны егжей-тегжейлі және объективті түрде байыптайды.

Мен жоғары республикалық органдарда мұндай болған жоқ деп мәлімдеуге тиіспін. Бірақ уақыт ағысы алғашқы күні бейне бір тоқтап қалғандай болғанын айтпай тұра алмаймын. Бәрі де әлдененің аңысын аңдап бақты. Тіпті біздің оперативтік кеңестерімізде де бұта-бұтаның түбінде бұғып, бас сауғалауға шақырған үредек дауыстар естілді. Көбінесе болып жатқан үдерістердің мәнін түсінбеу себептеріне емес, нақ осы себептерге байланысты менің шешімдер қабылдауым оңайға түскен жоқ. Жасыратын несі бар, аталған құжаттарда – Қазақстан халқына үндеуде және еліміздегі саяси жағдай жөніндегі мәлімдемеде – мен баяндаған ұстаным кейбір кеңесшілеріміз тарапынан қолдау таппады. Мен оларды тыңдадым, бірақ шешімдерді өзім қабылдадым.

Мұның бәрі қатты ойлануға мәжбүр етеді. Ең алдымен республикамыздың егемендігін нығайту жөніндегі бұдан былайғы қадамдар туралы ойлануға мәжбүр етеді, өйткені өткен оқиғалардың тағылымы осыны талап етуде.



«Қазақ КСР-і Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң осы сессияның негізгі қорытындысы болуға тиіс деп ойлаймын. Бұл құжаттың жобасы сіздердің қолдарыңызда. Оның практикалық және саяси мәні даусыз. Заң республиканың егемендігі мен қауіпсіздігін нығайтуға, өкімет пен басқару органдарының қалыпты қызметіне кепілдік беруге тиіс.

Осы құжаттың кейбір негізді қағидаларына тоқталайын. Заңда құқық қорғау органдарындағы саяси партиялардың, басқа да қоғамдық бірлестіктердің ұйымдық құрылымдарының қызметіне жол берілмейді деп танылған. Осы заңдық норма тамыздың 22-де шығарылған Жарлығымда дәйектелген ережелерді конституциялық жолмен реттеу деңгейіне шығарады. Бұл мемлекеттің аса маңызды қызметінің бірі қоғамдық-саяси қозғалыстардың идеялық тұғырнамасына тәуелді бола алмайтын заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету болып табылатынына негізделген.

Мәскеуде болған соңғы күндердің қайғылы оқиғалары құқық қорғау органдарының қызметкерлерін басқа ештеңеге емес, тек заңға ғана бағындыру қажеттігі туралы объективті қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Мен ерекше атап өткім келген тағы бір мәселе. Саяси құрылымдардың қызметіне аталған тыйымды енгізгенде, заң, соған қарамастан, азаматтардың конституциялық құқықтарын ешбір шектемейді. Әңгіме адамдардың партияға мүшелігін жою туралы болып отырған жоқ. Белгілі бір партияда бола ма немесе жоқ па – оны тек адамның өзі ғана шешеді.

Конституция жаңа құрылым – Қазақ КСР Қауіпсіздік кеңесін енгізеді. Бұл орган не үшін қажет? Бірінші

кезекте Қазақстанның мемлекеттік егемендігін, қауіпсіздігін және аумақтық тұтастығын сенімді қорғау үшін қажет. Біршама дәрежеде орган республика ішінде заңдылық пен құқық тәртібін нығайтумен байланысты өмірлік маңызды мәселелерді де шешетін болуға тиіс.

Республика жариялаған егемендік республикалар арасындағы өзара қатынастардың белгілі бір экономикалық тетіктеріне және еліміздің біртұтас экономикалық кеңістігіне сүйенуге тиіс. Қол қою үшін келісілген Одақтық шарт экономикалық өзара қатынастардың ең алдымен саяси негіздерін және тек басты қағидаттарын белгілейтін құжат болып табылады. Бұл тек біздің іс-қимылдарымыздың өзіндік бір пішіні. Олар нақты қандай болуы керектігімен, келісілген әлеуметтік-экономикалық саясатты қалай жүргізу керектігімен біз белсенді жұмыс істеуге тиіспіз. Бұл үшін негіз қазірдің өзінде бар. Ресей Президенті Б. Н. Ельциннің Қазақстанға сапары кезінде «Біртұтас экономикалық кеңістік туралы» бірлескен мәлімдемеге қол қойылған болатын, ал ол барлық республикалардың экономикалық келісімінің тұжырымдамасын жасауды көздейді. Мәлімдеме мәселелердің осы тобын Одақтық шартқа қол қойылғаннан кейін шұғыл қарау қажеттігі ерекше атап көрсетілген.

Нақ осы экономикалық келісімде егемен республикалар мен одақтық органдардың әлеуметтік-экономикалық саясатты жүзеге асырудағы құзырлығы айқын анықталуға тиіс. Келісім біртұтас экономикалық кеңістік, ақша-несие саясатын құру, одақтық және республикалық бюджеттерді жасау, одақтық бюджет шығындары мөлшерінің де бағытын қоса алғанда, келісілген баға белгілеу саясатын, сыртқы саяси қыз-

метті және басқаларын құру принциптерін жасау тәрізді маңызды проблемаларды қамтуға тиіс сияқты көрінеді.

Мен келісімнің жеке тарауы ретінде Одақтық шартқа қол қоймаған республикалармен сауда-экономикалық қатынастардың принциптері көрсетілуге тиіс деген көзқарасты ұстанамын.

Одақтық және республикалық меншік пен кәсіпорындарды мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру жөніндегі функцияларды бөлуге көзқарас тұрғысынан республикалар мен бұрынғы одақтық құрылымдар арасында үлкен алшақтық бар. Мұнда маңызды мәселе – Одақтың меншігіне берілетін объектілерді белгілеу. Осы мәселенің шешілуін күтпей-ақ, орталықта қазірдің өзінде КСРО мемлекеттік мүлкінің қоры туралы ережені бекітіп те үлгерді. Онда, бекітілген мәтінді орап өтіп, бірлесіп басқарылатын кәсіпорын дейтін түсінік енгізілген. Ал мұнымен республика келісе алмауда. Одақтық шарттың жобасында Қазақстанның халқына қарайтын меншікті беру туралы емес, бірлесіп басқару жөніндегі міндеттерді жүзеге асыру туралы нақты айтылған.

Сондай-ақ КСРО Жоғарғы Кеңесі қабылдаған «Кәсіпорындарды мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің басты негіздері туралы» Заң және әсіресе оны күшіне енгізу туралы қаулы көпшілігінде Одақтық шарттың ережелеріне қарама-қайшы келетінін атап өткім келеді. Мысалы, жалпыодақтық меншіктегі және КСРО мен республикалардың бірлесіп басқаруындағы кәсіпорындарды мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы республикалардың заң актілерінің заңдық күші жоқ деп мәлімденеді.

Осының барлығы республика Министрлер Кабинеті экономикалық келісімді жасау үдерісінде экономика саласындағы республика егемендігінің берік кепілдігін қамтамасыз етуге тиіс екендігіне тағы да көз жеткізеді.

Республика мен кәсіпорындардың, одақтық меншіктің объектілері дейтінді қоса алғанда, түбегейлі жаңа қатынастарын орнату Қазақстанның егемендігін біршама нығайтатын маңызды элемент болуы керек. Әңгіме болашаққа есептелген әрі еліміздің біртұтас экономикалық кеңістігінде және әлемдік рынокқа өтуде жұмыс істеу жағдайын ескеретін үйлесімді іс-қимыл бағдарламасы туралы болып отыр.

Өкінішке қарай, бұл мәселеде Министрлер Кабинеті салалық концерндер құрып және одақтық министрліктермен немесе оларды алмастырған құрылымдармен екіжақты келісімдер жасай отырып, әзірге ескі көзқарастар жолымен жүріп келеді. Осы уақытқа дейін кәсіпорындардың одақтық концернге және қауымдас­тыққа немесе басқа «сәнді» салалық құрылымдарға енуіне қатысты анық айқындама жоқ, ал оларды құру шын мәнінде өзін ақтамаған, дұрысырақ айтқанда, өзінің абыройынан айрылған ескі басқару жүйесін қайта жандандыру әрекеті болып табылады. Ал әлемдік тәжірибе өндіруші және өткізуші кәсіпорындардан, ғылыми-зерттеу орталықтарынан, қаржы мекемелерінен тұратын, әрі кей жағдайда ел ішінде және шетелдерде жүздеген компанияларды біріктіретін көп салалы акционерлік корпорацияларды немесе өнеркәсіп топтарын құрудың жоғары тиімділігін қуаттады.

Көлемінің ірілігі мен көп салалық сипаты корпорацияларға бірқатар басымдық береді.

Біріншіден, жаппай өндірісті ұйымдастыруға және қызметінің көлемі есебінен үлкен үнем алуға жағдай туғызады. Сонымен бірге, елеулі қаржы ресурстарын жұмылдыру олардың өндіріс пен басқаруды ұйымдастырудың басқа бірде-бір тұрпатының шамасы жетпейтін сүбелі инвестициялық жобалар мен ғылыми-зерттеу бағдарламаларын жүзеге асыру үшін қаржы жұмсауына мүмкіндік береді.

Екіншіден, көп салалы ірі корпорацияларды немесе өнеркәсіптік топтарды құру – монополиялық күрестің және өркениетті бәсекені дамытудың икемді құралы.

Республика шеңберінде осы аталған құрылымдарды құру көп ретте халық үшін мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру үдерісін оңайлататынын, купонды тетікті пайдалану мүмкіндігін ашатынын атап көрсету керек. Акцияларды сату жолымен бұл үдеріске басқа республикалардың мүдделі кәсіпорындарын біріктіру мүмкіндігі жасалатыны да маңызды.

Қазақстан үкіметі аталған бағдарламаны тұжырымдауға кірісуі және оны ең қысқа мерзім ішінде нақты жүзеге асыруы қажет. Мұндай көзқарас республиканың КСРО министрліктерімен және ведомстволарымен өзара қатынастарының негізіне алынуға тиіс.

Республика халық шаруашылығының тұрақты экономикалық және қаржы жағдайын қамтамасыз ету мақсатында және «Қазақ КСР-індегі банктер мен банк қызметі туралы» Қазақ КСР Заңына сәйкес республиканың алтын қорын құру жөніндегі шараларды іске асыруға дереу кірісу қажет.

Көптеген жылдар бойына біз бағалы металдар мен тастарды өндіру жөніндегі негізгі және ең ауыр жұмысты орындаумен келдік, сонан соң шала өнімді

басқа республикаларға тиеп жөнелттік. Бүкіл экономикалық пайда болмашы шығынмен олардың қолында қалды. Сондықтан Қазақстан қойнауының қайтарымын арттыру мақсатында асыл металдарды өзімізде өңдеуді ұйымдастыратын, тазартылма өндірістің қуаттарын іске қосатын және ұлттық байлықтардың іс жүзінде қожайындары болатын кез келді. Сірә, жұрттың бәрі біле бермейтіндіктен, мысал үшін айта кетейін, Қазақстан Одақ көлемінде өндірілген күмістің 65 % береді және алтынның едәуір бөлігін өндіруді қамтамасыз етеді.

Ұлттық мемлекеттік банктің құрамында арнаулы бөлімше – Қазақ КСР Игіліктерін мемлекеттік сақтау құру және Мемлекеттік банкке алтынды, басқа да бағалы металдар мен тастарды қабылдау, сатып алу мен сақтау жөніндегі міндеттерді жүктеу қажет. Бағалы металдарды, оның ішінде зергерлік бұйымдарды дайындауға арналған бағалы металдарды, өткізуді Қазақ КСР Ұлттық мемлекеттік банкі республика Президентінің өкімімен жүзеге асыратын болуы тиіс.

Алтын қорын құру біздің шетелдік инвесторлар несиесінің кепілдіктерін қамтамасыз етуімізге мүмкіндік береді.

Және де айтқым келген ең соңғы мәселе. Бірде-бір жағдай, тіпті республика егемендігінің түбегейлі жағдайы да өзінен өзі оң нәтиже бере алмайды. Мұнда атқарушы өкімет органдарының белгіленген экономикалық саясатты нақты іске асыру жөніндегі қажырлы, күн сайынғы жұмысы қажет.

Естеріңізде болар, республика Жоғарғы Кеңесінің соңғы сессиясында Министрлер Кабинетінің табанды түрде өтінуімен оның қарамағына нарықтық қатынас-

тарды реттеу жөніндегі барлық жаңадан құрылған мемлекеттік органдар – мемлекеттік мүлік, жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі мемлекеттік комитеттер берілді. Осылайша, үкімет барлық қажетті өкілеттіктер – парламент бекіткен заңдық негізді, іс-қимыл бағдарламасын, нарықтық қатынастарды жеделдету мен экономикалық егемендікті іске асыру үшін ұйымдық құрылымдарды иеленіп отыр.

Менің көзқарасымша, бүгінгі жағдай және республиканың егемендігін нығайту жөніндегі бірінші кезекті шаралар, міне, осындай.

КСРО Жоғарғы Кеңесінің  
кезектен тыс сессиясында

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Мәскеу қаласы,  
1991 жылғы 26 тамыз

### **Құрметті халық депутаттары!**

Соңғы апта – жай күндер және жай ғана уақыт емес, ол – бізді өткен өмірімізден бөлетін тұтас бір дәуір. Біз демократиялық күштердің реакцияны еңсерген жеңісін тойлап жатырмыз. Бізді тоталитарлық режимнің қорасына айдап тықпақшы болғандардың жолына куделерін тосып қарсы тұрған мәскеуліктерге мың тағзым. Осындай алмағайып жағдайда батыл, ымырасыз мінез танытқан РКФСР Жоғарғы Кеңесіне, Ресей Президенті Борис Ельцинге шын жүректен алғыс айтамыз. Жас демократияны қорғау үшін, Мәскеу көшелерінде өмір-



лерін қиған жаңдарды біз қатты қайғырып еске аламыз. Осындай сәтте біз еліміздің барлық аймақтарында дерлік кертартпа күштермен аянбай күрескендердің бәрін, 1986 жылдың өзінде әскери техникаға құрқол қарсы шыққан Алматының студенттерін, Тбилисидің, Ереванның, Бакудың, Вильнюстің, Кишиневтің құрбандарын еске алмай тұра алмаймыз.

Алайда елдің болашағына деген қатты алаңдаушылық сезімі алдымызда тұрған проблемаларды пайымдауымызды қажет етеді, ал соңғы күндер көрсеткендей, оларды шешудің ауылы әлі алыс. Қазір бәріміздің санамыз басқа және ол Одақтың, Одақтық шарттың болашағына басқаша қарауды талап етеді. Мен үшін жаңарған Одақтың енді федерация болмасы анық. Өткен уақыттың соңынан қуғанымыз жетті. Украинаның өз тәуелсіздігін жариялауы, Белоруссияның сондай шешімді әзірлеп жатқаны – жаңа тарихи шындықтардың көрінісі, олардан жалтарудың немесе көрмегенсіп көлгірсудің ешбір жөні жоқ. Жағдай түбірінен өзгерді. Менің Одақтық шартқа тезірек қол қойылуын жақтайтынымды білесіздер, қазір де сол пікірдемін. Бірақ болып өткен оқиғалар ескі нобайдың қаншалықты қантөгіске ұласардай қатерлі екенін көрсетті. Біз кезінде Одақты терезесі тең республикалар достастығы ретінде ұсынған Андрей Дмитриевич Сахаровтың үніне құлақ аспадық. Ол мұны бізден бұрын айтқан болатын. Енді қазір соның дұрыстығын түсінетін уақыт келді.

Сол болашақ Одақты мен қалай көзге елестетемін? Өзара шарттық экономикалық келісімдерге келу. Біз республикамызда осыны мақұл көретіндердің бәрімен кең ауқымды экономикалық қатынастамыз. Қазір экономикалық бытыраңқылық 15 республиканың ешқайсысына да пайдалы емес. Бұл ретте белгілі бір міндеттер

жалпыодақтық органдардың иелігінде қалар еді. Менің ойымша, бұл ортақ шекараларды қорғау, Қорғаныс министрлігінің жанындағы ядролық қаруды басқарудың жоғары кеңесі болуы керек, әрі мұның соңғысына Одақтың барлық мүшелерінен зымырандарды ұшыру тетігін басатын саусақты қадағалаушы өкілдер қатысуы тиіс. Одақтың Қорғаныс министрлігі – шын мәнінде біздің шекарамыздың Қорғаныс министрлігі. Армия – әрбір республикада. Бұл шешілген мәселе: РКФСР мен Украина шешіп те қойды, Белоруссия шешкелі жатыр. Біз Одақтың Қорғаныс министрлігіне әскери қызметшілердің белгілі бір санын жібереміз. Егер сырттан қауіп төне қалса, министрлік біздің барлық қарулы күштерімізді Одақты қорғауға жұмылдырады.

Бізде біріккен одақтық көлік, республикалық көлік жүйесі, соның ішінде авиациялық жүйе, республикааралық коммуникациялар, өз бақылауымыздағы дербес коммуникацияларымыз, сондай-ақ республикааралық және жеке байланысымыз болу керек.

Халықаралық қатынастар жалпы бағыттарды, соның ішінде қарусыздану проблемаларын, жалпыәлемдік жайларды және т. б. белгілеуде – ортақ. Бірақ әр республиканың сыртқы саяси, экономикалық қызметті, басқа мемлекеттермен саяси өзара қарым-қатынасты реттеп отыратын өзінің толық құқықты Сыртқы істер министрлігі, сондай-ақ біздің азаматтарымыз шет елге шықса немесе шетелден біреуді қонаққа шақырса, КСРО Сыртқы істер министрлігінен рұқсат сұрап жалтақтамайтындай, толық автономиялы консулдық басқармасы болуы керек.

Біз КСРО деген аббревиатураға бауыр басып кеттік. Енді оны Егемен Республикалардың Ерікті Одағы

(ЕРЕО) деп оқуды ұсынамын. Республика дегенде мен барлық республикаларды, соның ішінде өздерін егемен деп жариялаған немесе жариялағысы келетін автономиялы республикаларды да айтамын. Біз бүкілодақтық, республикалық форумдарда кез келген ұлттың өкіліне өз тілінде сөйлеу құқығын және депутатты оның өз тілінде тыңдау мүмкіндігін беруіміз керек.

Бір сөзбен айтқанда, біз конфедерациялық шарт жасауды ұсынамыз. Тек сонда ғана біз республикалардың шынайы теңдігіне жететінімізге сенімдімін. Бәлкім, біз тек сол арқылы нағыз федерацияға жетерміз, оған менің күмәнім жоқ. Айтпақшы, жаңаогаревтік шарт іс жүзінде конфедерациялық деуге лайық екенін атап көрсеткім келеді. Сондықтан шындықты адал мойындап, бәрін орны-орнына қояйық.

Экономикалық емес шарт жасасу тек тұрлаулы, тыныш жағдайда болуы мүмкін және адам құқықтарына толық кепілдік беретін әрі бір-біріне қалтқысыз сенетін республикалар арасында жасалуы мүмкін. Хельсинки келісім-шартына сәйкес біздің аумақтарымыздағы, әрине, фашистік көзқарастан басқа, діни сенімі, партиялығы әртүрлі кез келген ұлттың адам құқықтарының кепілдігі міндетті түрде қамтамасыз етілуі керек. Бұл үшін Қазақстан біздің көпұлтты республикамызда ұдайы жұмыс істейтін халықаралық комиссияны бірінші болып шақыруға дайын. Біз өзімізге ескі жүйеден мұра болып қалған адам құқықтарының бұзылуын толығымен тоқтатуды қалаймыз. Сондай-ақ біз, бәлкім, өз республикамыздағы психиатриялық ауруханаларда жатқан барлық науқастарды тексеру үшін, сарапшылардың халықаралық комиссиясын шақыруға әзірміз. Біз көбі кәдімгі кәсіпкерлік қызмет үшін жазалау болған

шаруашылық қылмыстар дейтіндердің бәрін жалма-жан қайта қарауды бастаймыз. Бұлардың бәрін де біз құқықтық мемлекет құрудың сенімі мен республикалық егемендіктің кепілі деп санаймыз.

Мен Балтық маңы республикаларына, Молдавияға, Грузияға және заңды демократиялық жолмен тәуелсіздікке құлшынысын танытқандардың бәріне толық еркіндік беру мәселесін дереу шешуге шақырамын. Ешқандай есеп-қисапсыз, атышулы миллиардтаған қарыз-құрызды алға тартусыз еркіндік берілсін, өйткені бір ғана адамның өміріне баға жетпейді, ал біздің еліміздің халықтары бостандық жолында қаншама өмірлерін құрбан етті. Әрі бұл соңғы құрбандықтар ма екен?

Сөйтіп, «N+1» формуласы өткен күнде қалды. Ендеше, жаңа Одақта оған кіретін республикалардың шарттық қатынастарынан өзге ешқандай одақтық Министрлер кабинеті, ешқандай одақтық парламент дейтіндер болмауы керек деп турасын айту қажет. Бүгін ақиқаттың сәті туды, сондықтан мен Қазақстан өзге республикалармен одаққа кіретін басқа ешқандай негізді көз алдыма елестете алмаймын. Бұл, былайша айтқанда, стратегия. Ал жақын күндердің тактикасы шұғыл түрде Министрлер кабинетін емес, экономикалық қауымдастыққа біріккен барлық республикалардың өкілдері тең жағдайда жұмыс істейтін республикааралық өтпелі экономикалық кеңес құру болуы тиіс. Әуелі біз кеткісі келгендердің өз құқықтарын іске асыруына мүмкіндік беруіміз керек. Бұл уақытша экономикалық кеңеске Одақтан шықпақшы болғанымен, әзірге экономикалық ынтымақтастықта тұрғандар кіре алады. Өйткені олар саяси тұрғыдан ірге ажыратқанымен, эко-

номикалық жағынан өзгелермен ынтымақтаса беретінін біз түсінеміз. Бізде заңды түрде сайланған президент пен парламент бар, олар өз қызметтерін жалғастыра береді. Бұл қызмет бәрінен бұрын адамдардың осы қыстан аман шығуы мен аштан өлмеуіне бағыт алуы тиіс. Болашақ одаққа деген менің көзқарасым, жалпы алғанда, осындай.

Сөзімнің соңында ешкім құр емексімеуі үшін, мынаны айтқым келеді: Қазақстан ешқашан да ешбір аймақтың «қолбаласы» бола алмайды және оның «інісі» де болмайды. Біз одаққа тең құқықтармен және теңдей мүмкіндіктермен кіретін боламыз.

Қазақстан Компартиясы  
Орталық Комитетінің кезектен тыс пленумында  
бірінші хатшы міндетін доғаратыны туралы  
мәлімдемесімен

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,  
1991 жылғы 28 тамыз

Қастандық жасаушылардың қылмыстық тобын қолдаған КОКП Орталық Комитеті басшылығының іс-әрекетін айыптай келіп, менің КОКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросы мен Орталық Комитеттің құрамынан шыққаным белгілі. Осыдан кейін іле-шала республикалық компартиялардың жекелеген басшыларының саяси мәлімдемелері жасалды. М. С. Горбачев Бас хатшы өкілеттігін доғарып, Орталық Комитетті өзін-өзі таратуға шақырды және партия мүлкінің халық депутаттары Кеңестерінің бақылауына көшуі туралы Жарлық шығарды.

Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі қағидаттары мен оқиғалардың қисынын басшылыққа ала отырып, мен республика Президенті ретінде Қазақстан аумағындағы КОКП мүлкін Қазақстанның меншігі деп жариялау туралы Жарлыққа қол қойдым.

Мен мемлекеттік төңкеріс кезіндегі КОКП басшылығының іс-қимылына өзімнің күрт теріс көзқарасымды тағы да қуаттаймын. Қиын-қыстау кезеңде – тамыздың 19-дағы республика халқына үндеуде, тамыздың 20-дағы саяси мәлімдемеде, КОКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросы мен Орталық Комитеттен шығу туралы мәлімдемеде айтылған ұстанымымды сан мыңдаған қазақстандықтар қолдады. Мен еңбек ұжымдарынан, еңбекшілерден, қатардағы коммунистерден қолдау көрсеткен жүздеген жеделхаттар алдым.

Қазіргі жағдайда мен қиын таңдау жасап тұрмын және өзімнен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы міндетін аламын. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті өзінің қызметін тоқтату туралы жариялап, бірден-бір дұрыс шешім қабылдауға тиіс деп есептеймін, бұл шешімді партияның қатардағы мүшелері қолдайды деп сенемін. Кезектен тыс съезд немесе конференция өткізу үшін, ұйымдық комитет құру қажет, Компартияның бұдан былайғы тағдыры сонда айқындалуы керек. Облыстық комитеттерден бастап, қалған басқа партия комитеттері де осылай істеуге тиіс.

Қазақ КСР Президенті ретінде мен Қазақстан халқына берген антыма, жаңару, республиканың мемлекеттік егемендігін тереңдету, экономиканы түбегейлі реформалау саясатына, Қазақстанның аумағын мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстардың теңдігі, адам

құқығын сақтау принципіне өзімнің адалдығым туралы бекем мәлімдеймін.

Мен біздің қоғамды қайта құру үдерісін қабылдаған және қолдаған еңбек ұжымдарының партия ұйымдары мен барлық ұрпақ коммунистерін ешбір жағдайда да кінәламайтынымды тағы да атап көрсеткім келеді. Осы адамдардың көпшілігі өз басшыларының принципсіздігі мен енжарлығының кепіліне айналған болып шықты. Оларды ешбір дәлелсіз қаралауға және, әсіресе, қудалауға жол берілмеуге тиіс. Бұл тоталитарлық режим уақытына қайтып оралу мен барлық қазақстандықтарды топтастыру үдерісіне соққы болып тиер еді, ал олардың достығы мен келісімі талай сынақтан өткен. Босатылған барлық партия қызметкерлері Қазақ КСР заңдарына сәйкес еңбекке орналастырылуға тиіс.

Мен сөзімді барлық қазақстандықтарға арнаймын. Бізде жалпы халықтың қолдауын тапқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер бағыты белгіленді, тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді сақтаудың төтенше жағдайларда талай рет сынақтан өткен жақсы дәстүрлері бар. Нақ осы жәйт Қазақстанның беделін еліміз бен халықаралық деңгейде нығайтуға көмектесті. Сіздерден басталған істі қолдауды және жалғастыруды өтінемін.

Мен барлық еңбекшілерді, коммунистерді, саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстарды партияда болып жатқан істерге түсіністікпен қарауға, саяси өмірдегі өзгерістердің бүкіл тереңдігі мен қажеттігін түсінуге, ортақ демократиялық қозғалыста интернационалдық негізде бірігуге, заңдылықты сақтауға, ұйымшылдық пен тәртіпті нығайтуға, көпұлтты Қазақстанның болашағы үшін жоғары жауапкершілік сезіміне ден қоюға шақырамын.



КСРО Президентінің өкілеттілігі бойынша  
КСРО Президенті мен одақтас республикалардың  
мәртебелі басшыларының мәлімдемесімен  
КСРО халық депутаттарының төтенше съезінде

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Мәскеу қаласы,  
1991 жылғы 2 қыркүйек

Үстіміздегі жылғы тамыздың 19–21-інде жасалған мемлекеттік төңкеріс салдарынан егемен мемлекеттер арасындағы жаңа одақтық қатынастардың қалыптасу үдерісі бұзылды, мұның өзі елімізді апат шегіне әкеліп тіреді.

Бүліктен кейін елде қалыптасқан жағдай бақылаудан шығып кететін болса, ол еліміздің ішінде және шет мемлекеттермен қатынастарда болжап болмас зардаптарға апарып соқтыруы мүмкін.

Бұл бүліктің сәтсіздікке ұшырауы, демократиялық күштердің жеңісі реакциялық күштерге және демокра-

тиялық өзгерістер үрдісін тежеген барлық нәрселерге елеулі соққы бергенін атап өтеміз, сөйтіп, елімізді жаңартудың түбегей қайта құруларын жеңілдету үшін тарихи мүмкіндік жасалды.

Мұндай жағдайда КСРО Президенті, республикалардың Президенттері және Жоғарғы Кеңестерінің Төрағалары болып табылатын еліміздің заңды сайланған мәртебелі басшылары өкімет құрылымдарының бұдан былайғы қожырауына жол бермеу мақсатымен және республикалар арасындағы қатынастардың жаңа саяси, мемлекеттік жүйесі құрылғанға, өтпелі кезеңге арналған өкіметтің республикааралық (одақтық) құрылымдары құрылғанға дейін (жаңа Конституция қабылдағанға және соның негізінде жаңа өкімет органдарының сайлауын өткізгенге дейін) мынадай қажеттілікпен келісті:

1. Егемен мемлекеттер одағы туралы шартты әзірлеп, оған барлық тілек білдіруші республикалар қол қоюы керек, бұл Одақта олардың әрқайсысы Одаққа өзінің қатысу сипатын дербес айқындай алады.

2. Барлық республикаларға, олардың декларацияланған мәртебесіне қарамастан, біртұтас еркін экономикалық кеңістік шеңберінде өзара іс-қимылдар жасау мақсатымен және халық шаруашылығының қалыпты жұмыс істеуі, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету, түбегейлі экономикалық реформаларды жедел жүргізу үшін шұғыл түрде экономикалық одақ жасасу жөнінде ұсыныс жасалсын.

3. Өтпелі кезең жағдайында:

– заң шығарушылық міндеттерді орындау және Егемен мемлекеттер одағының жаңа Конституциясын

әзірлеу мақсатымен одақтас республикалардан тең өкілеттік принципі бойынша, КСРО және республикалардың Жоғарғы Кеңестерінің әрқайсысынан 20-дан жіберілген халық депутаттарының қатарынан Халық депутаттары өкілдерінің кеңесі құрылсын;

– республикалардың ортақ мүдделерін қозғайтын ішкі және сыртқы саясат мәселелерін келісіп шешу үшін КСРО Президенті және одақтас республикалардың мәртебелі лауазымды адамдары құрамында Мемлекеттік кеңес;

– халық шаруашылығын басқаруды үйлестіру және экономикалық реформаларды келісіп жүргізу үшін тең негізде барлық республикалардың өкілдерін қатыстыра отырып, уақытша республикааралық экономикалық комитет құрылсын.

Конституция әзірленгеннен кейін оның жобасын одақтас республикалардың парламенттері қабылдап, бекітуге, ал одақтас республикалардың өкілетті өкілдерінің съезінде түпкілікті қабылдануға тиіс.

КСРО халық депутаттарының мәртебесі олар сайланған бүкіл мерзімге сақталатыны қуатталсын.

Осыған байланысты біз съезге КСРО Конституциясының тиісті баптарының күшін уақытша тоқтату жөнінде өтініш жасаймыз.

4. Біртұтас Қарулы Күштер мен әскери-стратегиялық кеңістікті сақтау, КСРО Қарулы Күштеріндегі, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіндегі, Ішкі істер министрлігіндегі және Прокуратурасындағы түбегейлі реформаларды республикалардың егемендігін ескере отырып жүргізу мақсатымен қорғаныс саласындағы ұжымдық қауіпсіздік принциптері негізінде келісім жасалсын.

5. КСРО өз мойнына алған барлық халықаралық келісімдер мен міндеттемелердің, бұған қоса қару-жарақты қысқарту мен бақылау мәселелерінің қатаң сақталуы қуатталсын.

6. Азаматтардың ұлтына, тұрғылықты жеріне, партияға мүшелігіне және саяси көзқарастарына қарамастан, олардың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ саны аз ұлттардың құқықтарына кепілдік беретін декларация қабылдансын.

7. КСРО халық депутаттарының съезінен одақтас республикалардың Біріккен Ұлттар Ұйымына өздерін халықаралық құқық субъектілері деп тану және осы ұйымға мүшелігі туралы мәселені қарау жайындағы үндеуін қолдау сұралсын.

Қалыптасқан жағдайдың мәжбүр етуіне сай аталған шараларды жүргізуді кешеуілдетуге болмайтындығына байланысты біз съезге ұсынылған мәселелер бойынша шешімді шұғыл қабылдау жөнінде өтініш жасаймыз.

**Қазақстан Компартиясының  
кезектен тыс төтенше съезінде**

## **СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Алматы қаласы,  
1991 жылғы 7 қыркүйек

### **Құрметті делегаттар!**

Осыдан 10 күн бұрын, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы осы съезді шақыру туралы шешім қабылдаған кезде, елдің де, республиканың да бұдан былайғы тағдырында көп нәрсе күңгірт болатын. Біздің әрқайсымыз, әрине, Одақтың болашағы туралы, қоғам өміріндегі саяси құрылымдардың рөлі туралы түсінігімізді түбірімен өзгерткен шешуші оқиғалардың төніп келе жатқанын сезіндік. Нақ солай болды да. Бүгінгі таңда біз тек стратегия мен тактиканы ғана емес, сонымен бірге, қайта құру қозғалысының жалпы

тұжырымдамасын да ой елегінен толық қайта өткізуді талап ететін мүлдем жаңа ақиқатпен бетпе-бет келдік. Бізге өмірдің өзі демократияның аса ұлы тағылымын алға тартты, соның нәтижесінде Одақтық шарттың бұрынғы бүкіл құрылымы, бақсақ, өте әлсіз құрылымы күйреп, егемен мемлекеттердің достық одағының принципті жаңа үлгісі дүниеге келді. Ол үйреншікті идеологиялық қағидалар мен саяси ырықтарға емес, қайта республикалардың бостандығы мен тәуелсіздігін сөзсіз танудың, олардың жалпы демократиялық кеңістіктегі өзара тиімді экономикалық ынтымақтастығының берік әрі бірден-бір ықтимал іргетасына негізделген.

Бұрынғы Одақ енді жоқ. Елдің тағдыры үшін бүкіл жауапкершілікті республикалар өз мойнына алды. Кейбіреулерге бұл бүгін таңда қасірет болып көрінуде. Бірақ бұл солай ма? Өздеріңіз білесіздер, мен Ново-Огарево келісімінің құлшынған жақтаушысы болдым, пленумдар мен съездердің мінберлерінен әрбір сөйлеген сөзімде дерлік, бұқаралық ақпарат құралдарында Одақтық шартқа тезірек қол қою қажеттігі туралы пікірді табандылықпен айтып келдім. Және мен өз сөздерімнен бас тартпаймын. Алайда біздің барлық күш-жігеріміз қасақана тежеліп қана қойған жоқ. Ең қорытынды кезеңде, былайша айтқанда, мәреге тікелей жақындағанда әміршіл-әкімшіл жүйені көксеген соңғы уәж – бүлік бұрқ ете түсті. Ол үшін одақтық келісімге қол қою өліммен бірдей болатын. Рас, бұл да оны құтқарған жоқ.

Қайта құрудың 6 жылы босқа өтпеген екен. Демократия жемісінің дәмін татқан халық оны тоталитарлық режімнің құрсаулы аясына қайтаруға тырысқан жанталасқан әрекетке батыл қарсылық көрсетті. Бұл

жеңістен біз еліміздің барлық халықтарының қосқан үлесін әділ де айқын көріп отырмыз. Олар тек Мәскеуде 1991 жылғы тамызда ғана емес, сонымен бірге, одан әлдеқайда ерте – Алматы мен Тбилисидің, Баку мен Кишиневтің, Вильнюс пен Ереванның алаңдарында қан төкті, демократияның салтанат құруы үшін өмірлерін құрбан етті.

Біз енді сапалық жағынан жаңа елде өмір сүріп отырмыз. Империялық дүние біржолата және оралмасқа кетті. Енді шартқа жеткізетін алдағы жолды өркениетті негізде жүріп өту үшін, тұрақтылықты сақтау өте маңызды, мен оған қол қойылатынына кәміл сенемін. Біз сапалық жаңа принциптер негізінде, республикалардың тілегін ескере отырып, бірігуге тиіспіз. Өзінің Одаққа қатысуының сипатын республикалардың өздері айқындайды. Қатынастардың мұндай саналуандығы – қандай да болсын саяси қысымнан және идеологиялық фетишизмнен ада шынайы Одақтың басты кепілі.

Алайда КСРО халық депутаттарының төтенше съезі қабылдаған шешімдердің едәуір кешеуілдегенін атап өтпей тұра алмаймын. Егер осыған ұқсас шешімдер бұдан бір-екі жыл бұрын қабылданған болса, бәлкім, біз ерікті республикалардың ерік-жігері негізінде шынайы Одақты құра алар да едік, оның барлық субъектілерін сақтап, ұлтаралық жанжалдарға жол бермес те едік. Сылбырлықтың, өмірлік ақиқатқа байсалды көзбен қарай білмеудің және қарағысы келмеудің құны, міне, осындай. Осыған байланысты сіздерге тікелей сұрақ қойғым келеді: осынау кешігуде партия аппаратының кертартпа бөлігі өзінің ең келеңсіз рөлін атқарған жоқ па?

Өзінің қазіргі жағдайына КОКП дәйекті әрі үздіксіз сырғып, дұрысын айтқанда, құлдырады. КОКП Орталық Комитетінің 1985 жылғы сәуір Пленумында және Бүкілодақтық ХІХ партия конференциясында Коммунистік партияның жаңару жолынан өтуге тиіс екені туралы айқайлата жарияланған ұрандар кейінгі жылдарда жылы жауып қойылды. Білікті халықтық үкіметтің заңды сайланған органдарына беру қажет екені туралы мәлімдемелер соның аяғын құшты. Ол органдар билікті партиядан күшпен тартып алғанға дейін, іс орнынан тапжылған жоқ.

Ал басқадай болуы мүмкін бе еді? Бәлкім, болмас та. Гәп мынада. Партия шын мәнінде өз аппаратына бақылау жасаудан айрылды, ал ол ондаған жылдар бойы партияға жат, арамтамақ организм ретінде дамып, конституциялық емес, бірақ құдіретті мемлекеттік жүйеге айналды. Партия құрылымдары жоғарыдан төменге дейін бүкіл қоғамды кеулеп, партия бұқарасының берекесін қашырып, оны кез келген бастамадан айырды, оның пікірін өзінің қалауынша пайдаланып келді.

Дүмпу мемлекеттік төңкеріс кезінде басталды, оған КОКП-ның ең жоғары басшылығындағы кейбір адамдар қатысты болып шықты. Мұның өзі партияның және, ең алдымен, партия органдарының онсыз да жоғары емес беделін енді біржолата түсірді.

Осы жағдайда менің аса оңай да әрі жеңіл де емес шешім қабылдауыма тура келді. Мен КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының және Орталық Комитетінің құрамынан шықтым, ал содан соң Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметін де тастадым. Жасырмаймын, кейбіреулер мені бұл қылығыңызбен партияның қатардағы мүшелерін



өзіңізден алыстатып, олардың қолдауынан айырыласыз, деп ескертті. Мен оларға былай деп жауап қайтардым: бұл менің ар-ожданым мен намысымның ісі, соңымнан ешкімді тартпаймын, қалай қажет деп тапсам, солай істеп отырмын. Қазір республиканың түкпір-түкпірінен менің атыма қолдау білдірген хаттар мен жеделхаттар жіберген мыңдаған коммунистер мен партияда жоқтар жасалған қадамның дұрыс екеніне менің көзімді жеткізгенін айта аламын.

Кезектен тыс пленумда Қазақстан Компартиясының КОКП құрамынан шығуы және республикалық Орталық Комитеттің қызметін тоқтату туралы мәселе қойып, мен өте дұрыс істедім деп ойлаймын. Жағдайға байыпты баға беріп, Орталық Комитет өзін құрметке бөлейтін бірден-бір дұрыс шешімді дербес қабылдап, осы съезді шақырды. КОКП тұтас құрылым ретінде өмір сүруін тоқтатты, енді оған қайтып оралу жоқ. Қазақстан Компартиясының тағдырын осында, осы съезде шешу керек.

Әділін айтуға тиіспін: Қазақстан коммунистері республикалық партия ұйымын көптеген жайсыздықтардан сақтай алды, әлдебір әсіре солшыл немесе әсіре оңшыл солқылдақтыққа салынған жоқ. Компартияның, оның қатардағы мүшелерінің арқасында республикада біршама тұрақты қоғамдық-саяси жағдай сақталды және сақталып отыр. Еңбек ұжымдарының партия ұйымдары жергілікті жерлерде өз борышын адал да ыждағатты орындады.

Алайда КОКП-ның құрамдас бөлігі ретінде Қазақстан Компартиясы да, біздің партиялық құрылымдарымыз да талап биігінен көріне алмады. Олардың көбі уақыт жағынан үмітсіз артта қалып қойды. Партия бұқара-

сынан, оның үстіне халық бұқарасынан қол үзіп алды. Қандай түбегейлі заңдар қабылданса да, дағдарысты жоюдың, нарыққа көшудің қандай да болсын перспективалық бағдарламалары немесе қандай да болсын басқа бағдарламалар әзірленсе де, кейбір партия басшылары мен партия комитеттері, жақсы дегеннің өзінде, енжар күйінде қалды, көбінесе үнсіз қарсылық жасап, оң өзгерістерге тежеу болды. Мұның одан әрі жалғасуы мүмкін емес еді.

Мен осы айтылғандардың жаңару үдерістерін түсініп, қабылдаған, республикада басталған демократияландыру үдерістерін, жаңа экономикалық қатынастарға, шаруашылықты жүргізудің озық түрлері мен әдістеріне қарай ілгері басуды қолдаған бастауыш партия ұйымдарына, ең алдымен, еңбек ұжымдарына, қатардағы коммунистерге ешбір жағдайда қатысты емес екенін тағы да атап көрсеткім келеді.

Егер біз партияны жеңіл-желпі жөндеу жолына түссек, бұрынғы партиялық құрылымдарды әлдеқалай сақтауға тырыссақ, бүгінгі күннің ақиқатына батыл қарау үшін өзімізден күш-жігер таппасақ, онда Қазақстанның сан миллиондаған еңбекші бұқарасының қолдауын көре алмайтындығымыз кәміл. Тек партияның ғана емес, сонымен бірге, бүкіл егемен республикамыздың, оның көпұлтты халқының да тағдыры біздің бүгін қандай шешім қабылдайтынымызға едәуір дәрежеде байланысты. Және ең алдымен – Қазақстанда экономиканы, әлеуметтік саланы реформалаудың, адамдардың әлауқатын арттыру, мәдениетті қайта түлету үдерістерінің қандай қарқынмен жүретіні де осыдан туындайды. Бүкілодақтық аренада да, дүниежүзілік аренада да республиканың беделі осыған байланысты.

Бүгінгі таңда біз партиямыздың атын ғана емес, сонымен бірге, қызметінің сипатын, түрлері мен әдістерін де өзгертетін түбегейлі шешім қабылдауымыз қажет деп ойлаймын. Біздің коммунистік қасаң қағидалардан бас тартуымызға тура келеді. Мен жаңылысып айтып тұрған жоқпын, мұраттардан емес, нақ қасаң қағидалардан. Төрелігін өздеріңіз айтыңыздаршы: коммунистік идеологияның капитал, рынок, меншік, оның үстіне жеке меншік ұғымдарымен үш қайнаса сорпасы қосылмайды деп ондаған жылдар бойына біздің санамызға құюмен келді ғой. Ал бүгінгі таңда біз басқа саяси бағдарды ұстанған, қоғамдық дамудың басқа тұжырымдамаларын уағыздаған елдермен тікелей байланысқа және әріптестік қатынастарға шығып отырмыз. Ал жуырға дейін өз қолымызбен «темір перде» құрып, оларды тек таптық жаулар деп келдік.

Партияның төбе тобына ондаған жылдар бойы қызмет көрсеткен идеология бізді кеңес адамы дүние жүзіндегі ең азат адам деп сендірді. Бірақ сөз, ар-ождан және баспасөз бостандығын жариялай отырып, партиялық аппарат жаппай цензураны орнатты, партиялық ортада, оның үстіне партияда жоқтардың ортасында бастамашылық пен демократияның кез келген өркендерін көктемей жатып түп-тамырымен жойып отырды.

Қысқасы, ықтасын ете отырып, тартымды коммунистік ұрандарды бүркемеленіп, партократия халықты арсыздықпен қанады, оның шынайы еңбек құлшынысына, ең асқақ патриоттық және интернационалдық сезіміне, жақсы, азат өмірге, теңдік пен әлеуметтік әділеттік мұраттарға деген ұмтылысына қиянат жасады. Іс жүзінде коммунистік идеология миллиондаған кеңес адамдары үшін бақытсыздық әкелді. Жалған қағида-

ларға негізделіп құрылған бұл идеология қоғамдық дамудың басқа жүйесімен тарихи таласта жеңіске объективті түрде жете алмады, ал басқа жүйе болса, Жер шарының барлық қалған бөлігінде өзінің өміршеңдігін көз жеткізе дәлелдеді. Бұл идеология өзінің беделін түсірді деп таныған жөн. Ендеше, біз болашақ жайында ойлағанда, қаусаған қасаң қағидаға бұрынғысынша жабыса береміз бе? Бұл, шынтуайтына келгенде, қисынсыз, тіпті апатты болар еді.

Бізге түбегейлі жаңа, басқаша аталатын партия қажет. Оның міндетіне «сәулетті болашақ» дейтіннің халыққа түсініксіз, схоластикалық мұраттарына қол жеткізу емес, нақты ізгі мақсаттарға қол жеткізу, ең алдымен – азаматтардың әлеуметтік қорғалуын, олардың құқықтары мен бостандықтарын, ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету кіретін болады. Сөз жоқ, бұл парламенттік үлгідегі, ұйымдық құрылым мен бұқара арасындағы жұмыстың бұрынғы принциптерін аулақ лақтырып тастаған партия болуға тиіс. Ол қоғамның саяси құрылымындағы орын үшін заңды, конституциялық әдістермен, өз ықпалын тек еңбекшілердің игілігі үшін пайдалана отырып күресе алады. Және, әлбетте, барлық демократиялық партиялармен және қозғалыстармен сындарлы, тең құқықты және құрметтеу рухындағы үнқатысуын сақтайтын болады.

Мұндай партия еңбекшілердің үміті мен арман-тілектерінің шынайы білдірушісі болады, өз қатарына көптеген адал ниетті адамдарды, өз республикасының патриоттарын, соның ішінде өз өмірін Қазақстан Коммунистік партиясымен мансапқорлық мақсатпен емес, қайта ар-ожданы мен жүрек қалауы бойынша байланыстыруға бағыт ұстағандарды тартады ғой деп ойлаймын.

Мұндай партия қазіргі республикалық партия ұйымының заңды ізбасары бола алады. Партия мүлкінің белгілі бір бөлігі жалпыхалықтық пайдалануға, денсаулық сақтау, халыққа білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру саласына бағытталуға тиіс екені туралы менің ойымды коммунистердің қолдайтынына сенемін. Бұл әділ болған болар еді. Нақты қадам ретінде мен партиялық демалыс үйлерінің немесе санаторийлерінің бірін ядролық сынақтар мен экологиялық апаттар құрбандарын сауықтыру орталығына айналдыруды ұсынамын.

Бәрін де орын-орнына қою үшін, бүгінде байырғы партия қызметкерлерін ерекше толғандырып отырған нәрсе жайында да айтқым келеді. Олардың көбі абыржыған, белгілі бір психологиялық жайсыз жағдайда болып отырғаны құпия емес, өйткені қалыптасқан партиялық жүйенің кепіліне олар тіпті де өз кінәсінен айналып отырған жоқ. Ол адамдарға беталды өсек-жала жабылуына, олардың жөнсіз қудалануына ешбір жол бермейміз. Олардың істен тыс, өмірден қалыс қалуына да жол бермейміз. Оның өзі адамдық көзқарас тұрғысынан ашықтан-ашық әділетсіздік қана емес, сондай-ақ жол беруге болмайтын ысырапқорлық болар еді. Өйткені партия жұмысына, әдетте, халық шаруашылығының ең білікті мамандары, адамгершілік қасиеттері жоғары адамдар іріктелген болатын. Республикалық партия ұйымында жұмыс істеген жылдары мен бұған көз жеткіздім. Мен бұл мінберден кез келген, тіпті ең тоқыраушылық және ең қолайсыз жылдарда қорқып-үркіп, әлдебір артықшылықтар үшін емес, қайта бар ар-ожданымен жұмыс істеген жанқияр партия мүшелеріне, менің жақын жолдастарыма шын жүректен алғыс айтпай кете алмаймын. Олар адамдар-

дың көзіне әрқашанда тура әрі адал қарап келді және қарай беретін болады.

Бүгінде біз аса жақсы кезеңді бастан кешіріп отырған жоқпыз, дегенмен де, оның мәңгіге ұласпайтынына сенгіміз келеді. Ең бастысы – біздің белгілі бір мақсатымыз бар, республиканы бай да бақытты күйінде көруге деген ынтызар тілек баршылық. Бұл үшін нақты мүмкіндіктер мен ресурстар да жеткілікті. Бізде орасан зор игілік – Қазақстанды мекендейтін халықтың достығы мен бірлігі бар. Сондықтан мен болашаққа сеніммен қараймын және басталған әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді демократияның жинақталған тәжірибесіне сүйене отырып, ортақ күш-жігермен қисынды түрде соңына дейін жеткізе аламыз деп үміттенемін.

Егемен мемлекеттер басшыларының  
кездесуінде

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,  
1991 жылғы 1 қазан

### Қадірлі әріптестер!

Кездесуімізді аша тұрып, бүгін айрықша күн екенін баса айтпақпын. Мұнда егемен мемлекеттердің басшылары бір ғана әрі аса маңызды мақсатпен – біздің республикаларымыздың арасында жаңа жағдайдағы өзара тиімді берік ынтымақтастықты қамтамасыз етіп, бұрынғы жылдары қалыптасқан экономикалық байланыстардың үзілуіне жол бермеу және біртұтас экономикалық кеңістікті сақтау үшін жиналып отыр. Бүгінде бұл біздің халықтарымызға өте-мөте қажет.

Менің ойымша, басты назарды саяси әуестікке емес, халықтардың мұқтаждары мен мүдделеріне аударса,

жылдар және ондаған жылдар бойы түзілген сан түрлі экономикалық байланыстарды орынды пайдаланса, жаппай ірге ажырату үдерісін тоқтатуға болатын сияқты. Соны қазір істемесек, біз бұл байланыстарды біржолата бұзып, қайта айналмас үдерістермен, барлық республикалар экономикасының толық және үзілді-кесілді күйреу қаупімен бетпе-бет келеміз.

Біз экономикалық одаққа қатысу сипатын өздері айқындауға тиісті республикалардың ықыласын ескере отырып, сапалық жаңа көзқарас негізінде бірігуіміз керек. Біреу оған, айталық, федерация мүшесі ретінде, енді біреу конфедерация негізінде кіреді, тағы біреудің қауымдастық жолымен қатысуы да әбден мүмкін. Мұндай әралуандық – қандай да болсын саяси қысымнан және идеологиялық соқыр сенімнен ада нағыз достастықтың басты кепілі.

Елде қалыптасқан ауыр жағдай бізден үйлесімді іс-әрекетті қажет етеді, ал ол, ең алдымен, халықты азық-түлікпен жабдықтаудың, көпшілік қолды тауарлар өндірісінің, кәсіпорындардың тұрлаулы жұмыс істеуінің келелі міндеттерін шешуге бағытталуы тиіс.

Біздің кездесуіміз экономиканың одан әрі құлдырауын және халықтың тұрмыс дәрежесінің төмендеуін тоқтатуға қабілетті ортақ экономикалық саясатты белгілеуге көмектесетін болар деп үміттенемін.

Бүгінгі кездесуіміздің күн тәртібіне келетін болсақ, құрметті әріптестер, мен экономикалық қауымдастық туралы шарттың соңғы нұсқасын қарап, артықшылықтары мен кемшіліктерін таразылап, қажет болса тиісті түзетулер енгізуді ұсынар едім.

Қандай жағдайда да бізде жемісті әрі сындарлы әңгіме орбитініне сенімдімін. Қазақстан астанасындағы



Достық үйінің осы үстелінің басында жиналғанымыздың өзі-ақ біздің халықтарымызды біріктіретін дәнекерлердің қаншалықты терең әрі берік екенін сенімді түрде растайды. Ортақ тарихымыздың көптеген даңқты және қасіретті беттерін еске алсақ та болады. Ол – біздің ортақ тағдырымыз, ортақ өткеніміз. Ал болашағымыздың қандай болары бүгін өзімізге байланысты.

Бостандыққа, ұлттық өзін-өзі айқындауға, өз егемендігін бекітуге деген заңды құлшыныс ешқандай жағдайда адамның татулық пен келісімде, өзара көмек пен ізгі көршілік, рухани туыстық жағдайында өмір сүруге деген табиғи ықыласына қайшы келмеуі керек. Бәріңіз де осы ұстанымды қуаттайтындарыңызға сенімдімін.

Республикалардың бірінші басшыларының Қазақстан жерінде «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ертең болатын ғарыштық старт қарсаңында бас қосуының, меніңше, аса терең нышандық мәні бар. Бүгін біздің нағыз тең құқықты және өзара тиімді қатынастарға негізделген экономикалық қауымдастықтың берік іргетасын қалап, өркениетті демократиялық қоғам жолындағы бірлескен болашағымызға старт беретін мүмкіндігіміз бар. Сол мүмкіндікті жіберіп алмайық.

Республика күніне арналған  
салтанатты жиналыста

## СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,  
1991 жылғы 4 қазан

### Қадірлі достар!

Біз бүгін өзімізге ерекше мәні бар мерекенің бір жылдығын атап өтуге жиналып отырмыз. Халықтың еркі бойынша Қазақстанның тарихында жаңа бетті ашқан аса маңызды құжаттың қабылданғанына бір жыл толды. Республиканың Мемлекеттік егемендігі туралы декларация оның нақты тәуелсіздігі мен дербестігін орнықтыру үдерісін бастап берді.

«Нақты» деп атап айтып тұрған себебім, қазір қолданылып жүрген КСРО Конституциясына сәйкес біздің республикамыз, одақтық басқа да республика-

лар сияқты, ондаған жылдар бойы егемен мемлекет мәртебесін жәй сөз жүзінде ғана алып келген еді. Конституцияның жылтырақ қағидаларының астарында біртұтас мемлекеттік жүйенің жаппай орталықтандыруға сүйеніп, қоғамның барлық салаларына бақылау жасап отыратын шын кейпі жасырынып жататын. Егер орталықтың тұтастай билеп-төстеуі экономиканың негізгі мәселелерін, сыртқы саясат пен қаржы бөлудің өзекті жайларын ғана емес, ұлттық табиғи ресурстардың пайдаланылуын да, тіпті жергілікті өкімет орындарының істі ұйымдастыру мен жұмыс жүргізуінің бастапқы арналарын белгілеуге де әсер етіп жатқан болса, республикалардың егемендігі туралы сөз болуы мүмкін бе?

Демократиялық үдерістердің қарқынды дамуына, ұлттық сана-сезімнің өсуіне негізделген қайта құрудың идеялары бізге егемендік жолындағы күрестің стратегиясы мен тактикасын айқын көрсетіп берді. Мұның бастау көзінде бізде жергілікті пиғылдар да, орталықтың әмірін өзіміздің әмірімізбен алмастыру ниеті де жатқан жоқ еді, әміршіл-әкімшіл жүйенің сойылын соғушылар бізге осылай деп талай рет айып таққан болатын. Егемендік жолындағы күрестің жалғыз ғана мақсаты Қазақстан халқының саяси, әлеуметтік және рухани тұрғыдан толыққанды дамуын қамтамасыз ету, республиканың азаматтарына лайықты өмір сүретіндей жағдай жасау еді, қазір де онан басқа мақсатымыз жоқ.

Бұл мақсат еңбекшілердің қалың тобының тарапынан қолдау таппай қоймайтын еді. Жасы әртүрлі, ұлты әрқилы, мамандықтары мен әлеуметтік тегі өзгеше адамдардың Декларацияның жобасын қандайлық

күштарлықпен, мүдделілікпен талқылағандары сіздердің естеріңізде болар. Республика егемендігі идеясын бүкіл халықтың қолдауы, осынау тарихи актінің ақтық мәтінін даярлауға бүкіл халықтың атсалысуы арқасында сол құжатты қабылдауға мүмкіндік ашылды. Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы декларацияда республика халқының өзі туып-өскен жеріне, ана тіліне, мәдениеті мен дәстүрлеріне, өз тағдырын өзі шешуіне деген құлшынысы айқын көрінді, ол оның ерік-жігерінің жарқын көрінісі болды. Басқаша болуы мүмкін емес те еді, өйткені әр халықтың дербес өз мемлекеттігін құруға хақысы бар.

Республикадағы демократиялық, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістердің біртұтас тұжырымдамасы болып табылатын Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның мазмұны өте зор. Ал біздің Декларация жобасының, сондай-ақ тілдер туралы заңның да орталық тарапынан қандай қарсылық туғызғаны есімізде. Сол кезде біздің атымызға небір айыптаулар, жазғырулар және ең қара түнек болжамдар айтылды ғой! Бұрынғы КСРО Жоғарғы Кеңесінің басшылығы осы құжаттардың қабылдануын барынша тежеп, республикаға қысым көрсету, ұлтаралық қатынастарды тұрақсыздандыру әрекетімен жағдайды әдейі ушықтырды да. Бірақ уақыт және өмірдің өзі біздің ісіміздің дұрыстығын дәлелдеді. Қазақстанның көпұлтты халқы оның күнделікті қажеттері туралы емес, қайта өзінің тоталитарлық билігін сақтап қалу жайын күйттеген жаңа сәуегейлерден әлдеқайда ақылды болып шықты. Адамдар тілдер туралы заң да, Мемлекеттік егемендік туралы декларация да барлық

қазақстандықтарың мүддесін қорғайтынын, шынайы тең құқықтыққа, бостандыққа және дербестікке жол ашатынын түсінді.

Сонымен бірге, ал мұның өзі әуел бастан-ақ атап көрсетілуде, Декларация жариялаған қағидаттарды жүзеге асыру ұзақ жылдарға созылатын табанды жұмысты талап етеді. Бүгін, біз Республика күнінің бір жылдығын – өз егемендігіміздің күнін атап отырғанда, оны нақты мазмұнмен толықтыру үшін не істелді деген сұрақ қоюға хақылымыз.

Егер басты нәрсе туралы айтатын болсақ, республика әкімшіл-әміршіл жүйеден түпкілікті қол үзіп, орталықтың еркіне сөзсіз бағынудан бас тартты. Тіпті елдің әлеуметтік-экономикалық та, қоғамдық-саяси да үдерістерінің болжамдауға мүлдем келмейтін стихиялы дамуының қыспағында бола отырып, саясаткерлердің дүрдараздықтарына, реформаларды жүргізудегі дәйексіздікке қарамастан, Қазақстан өз халқының мүдделеріне сай келетін дербес бағытын табандылықпен жүргізді. Оның басты қырларының бірі – нарықтық экономикаға бастайтын батыл бағыты.

Рас, бұл бағытпен жүру кейде тым баяу әрі бойкүйездік сипатта болды. Біз ұзақ уақыт бойы өзіміздің миымызға сіңіп қалған идеологиялық қасаң қағидалар мен «адам келбетіндегі социализм» іспетті мәнсіз сөздердің шырмауына оратылуымен келдік. Небір түбегейлі заңдар қабылданғанымен, нарыққа көшудің қандай да бір перспективалық бағдарламалары жасалғанымен, өзінің басты міндетін «идеялық тазалық» дейтінді сақтау деп білген партиялық құрылымдар үнсіз қарсылық көрсетіп, оң өзгерістердің тежегіші болып келді.

Мұның шексіз жалғаса беруі мүмкін бе еді? Әрине, жоқ. Қатып-семген қағидаларға құрылған коммунистік идеология өзінің өміршеңдігін айқын дәлелдеген қоғамдық дамудың басқа жүйесімен тарихи дауда объективті тұрғыдан жеңіп шыға алмады.

Біз бүкіл өркениетті дүние жүріп келе жатқан жолмен жүру үшін қасаң тартқан партиялық құрылымдарды жеңіл-желпі жөндеуден бас тартуға, идеологиялық қысымынан босанып шығуға өзіміздің бойымыздан күш таптық. Біздің алдымызда жариялы экономика құру, республика байлығын халықтың қызметіне қою міндеті тұр. Мұны істеу оңай емес және біз нарыққа көшу жолының қиын боларын жасырмаймыз. Бастапқы өтпелі кезеңде біздің, сірә, жұмыссыздықпен, инфляцияның өсуімен, табыстың тең бөлінбеуімен бетпе-бет келетінімізді адамдардың білуі тиіс. Халықты нарық тетіктерінің әлеуметтік мәселелерді шешудегі мүмкіндіктері туралы тым артық оптимистік ойлармен жаңылыстыруға біздің хақымыз жоқ, өйткені біз күрделі экономикалық бетбұрыс жасап отырған жағдай онша қолайлы емес. Бізде нарықтық экономиканы ұйымдастыру үшін білгір кадрлар жетіспейді. Қажетті мөлшерде өтімді валюта жоқ. Бізде әлемдік рынокқа шығу үшін бәсекеге түсе алатын тауарлар жоқ. Осының барлығын іс жүзінде тақыр жерде құрып, сонымен бірге, әбден тозған, дәстүрлі байланыстардың үзілуінен бүлінген халық шаруашылығын ми батпақтан сүйреп шығару керек.

Қысқасы, бізді қиын уақыт күтіп тұрғаны сөзсіз, қиыншылықтар көпшіліктің басына түседі. Алайда дағдарыстан шығу қарқынды, тиімді, жоғары өнімді

еңбексіз, белгілі бір құрбандықсыз мүмкін емес. Ал оған саналы түрде барып, сонымен берге, әркімнің игілігі өз қолында екенін жақсы түсіну керек. Осы кезеңде ұлттық келісімді сақтап, топтасу өте маңызды – бұл тұрмысты жақсартудың сөзсіз шарты. Ұсақ-түйек саяси әбігерлікке алаңдамай, іске кірісу керек. Қысқа мерзім ішінде алға, республиканың гүлденуіне қарай қадам басу үшін бізде барлық мүмкіндіктер, зор өндірістік және ғылыми-техникалық әлеует, тамаша еңбек дәстүрлері бар. Біз аярлықтан және жәдігөйліктен арылған, бостандық ахуалына бөленген, адамның асқақ мақсатын жоғары қоятын қоғамдық қатынастардың өмірге келуіне серпін беруге міндеттіміз.

Біз қазірдің өзінде біршама нәтижелерге қол жеткізе алдық қой деп ойлаймын.

Бүгінде республикада қаржы саласында да, сондай-ақ өнеркәсіптің, құрылыстың және, әсіресе, ауыл шаруашылығының көптеген салаларында өзін көрсете білген жаңа, мемлекеттік емес сектор нақты жұмыс істеуде. Ол нарықтық қатынастарға кәсіптік және психологиялық жағынан әзір жүздеген мың адамның еңбегі мен зияткерлік күш-жігерін шоғырландырып отыр. Бұған мемлекеттік және шаруашылық басқару құрылымы біршама өзгергенін қосып айту керек. Біршама қиыншылықпен болса да, біз нарық жолындағы көптеген әкімшіл бөгеттерді жойып, еңбекшілердің іскерлік бастамаларына өріс аша білдік.

Мұның бәрінің негізі нарықтық экономиканың құқықтық арқауы болды. Меншік мәселелерін, кәсіпкерлікті дамытуды, халықты жұмыспен қамтуды, салық салуды, шаруа қожалығын, тұтынушылар коо-

перациясын дамытуды реттейтін аса маңызды заңдар қабылданды. Экономиканың мемлекеттік секторын жекешелендіру және монополиясыздандыру үдерісіне, меншік түрлерінің әралуандығына негіз қаланды. Президенттің одақтық бағыныстағы мемлекеттік ұйымдар мен кәсіпорындарды республика үкіметінің қарамағына беру туралы жарлығы жүзеге асырылуда.

Егемендік тек жалаң мақсат еместігін біздің бәріміз де айқын сезінуге тиіспіз. Адамдардың тұрмысында жақсылыққа қарай батыл өзгеріс болғанда ғана, егемендік нақты мазмұнмен толығатын болады. Әрине, әзірше республика халқының тұрмыс жағдайындағы елеулі бір өзгерістер туралы айтуға ерте. Дегенмен, өткен жылы кейбір оң өзгерістер байқалды.

Мәселен, қаржының тапшылығына қарамастан, ең төменгі еңбекақы және еңбекке ақы төлеу саласындағы әлеуметтік кепілдіктер туралы заңдар қабылданды. Азаматтардың ақшалай кірісін индексстеу тәртібі заң жүзінде айқындалды. Тауарлар мен қызмет түрлеріне бағаның өсуіне, инфляциялық үдерістердің дамуына байланысты халықтың ақшалай шығынының орнын толтыру үшін оны әлеуметтік қорғау шеңберінде толық және ішінара өтем көзделген. Биылғы сәуір айынан бастап, халыққа білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет салалары қызметкерлерінің еңбекақысы өсті. Аз қамтамасыз етілген азаматтарды әлеуметтік қорғау жүйесін жасауға бірінші кезекте назар аударылуда. Көп балалы отбасыларына, жалғыз басты аналарға, жетім балаларға және мүгедектерге жәрдемақының жаңа мөлшері белгіленіп, қартайғандағы және мүгедектігіне байланысты зейнет-



ақының, студенттер мен оқушыларға стипендияның мөлшері көбейтілді.

Менің Қазақ КСР Президенті ретінде қабылдаған алғашқы жарлықтарымның бірі республика жұртшылығы түсінушілікпен қолдаған Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына, жауынгер-интернационалистерге, қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларына қосымша жеңілдік беру туралы Жарлық болды.

Жалғызілікті қарттарға, соғыс және еңбек мүгедектеріне, басқа да аз қамтамасыз етілген адамдарға медициналық, әлеуметтік және материалдық көмек көрсету үшін республикалық Қайырымдылық қоры құрылды. Жұмыспен қамту туралы заңға сәйкес тиісті мемлекеттік қор жұмыс істеуде. Босаған қызметкерлерді және жұмыссыз адамдарды тегін кәсіптік даярлау және қайта даярлау жүзеге асырылуда. Жұмыссыздыққа байланысты жәрдем төлеу басталды. Азаматтардың жұмысынан айрылатындай жағдайын ерікті қамсыздандыру енгізілді.

Біз тұтыну қоржынын толтыру мәселелерімен де шұғылдандуамыз. Халық тұтынатын азық-түлік емес тауарларды өндіру қарқыны өткен жылмен салыстырғанда 104%-ға өсті. Әсіресе, бұрын одақтық бағыныста болып келген жеңіл өнеркәсіп орындары ерекше табыстарға жетті. Жамбыл, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Целиноград облыстарында бұл көрсеткіш 112–126% мөлшерінде өсті, мұның өзі биыл, былтырғыға қарағанда, республика халқына 270 млн сомның әртүрлі тауарларын артық беруге мүмкіндік туғызды. Мен мереке қарсаңында «Жетісу» аяқкиім

бірлестігі, Талғар тігін фабрикасы, Қарағандының «Динамо» фабрикасы, Көкшетау тұрмыстық химия зауыты, С. М. Киров атындағы Петропавл зауыты, Целиноград тау-кен химия комбинаты, «Шымкентшина» өндірістік бірлестігі сияқты кәсіпорындардың жұмысын атап өткім келеді.

Республикада күрделі тұрмыстық техника өндіру жолға қойылуда. Мәселен, шаңсорғыштар, тігін машиналарын шығару жолға қойылды, қазақ-корей бірлескен кәсіпорнының конвейерінен алғашқы теледидарлар шығарылды.

Азық-түлік тауарларына байланысты істің жайы анағұрлым күрделірек. Республика ішінде азық-түлік шығаруды арттыруға байланысты табандылықпен жұмыс жүргізудің арқасында жеке республикааралық көлбеу байланыстарды реттеу нәтижесінде нан өнімдеріне деген сұраныс толық қанағаттандырылды. Өткен жылғымен салыстырғанда ет, сүт, балық, мал және көкөніс сату 90 % деңгейінде сақталуда. Мен бұрын да айтқанмын, қазір тағы да қайталаймын: біз нан өнімдерінің, ұнды және жарманы, ет өнімдерін және басқа да азық-түлік түрлерін тұтыну дәрежесінің қол жеткен деңгейін ешқандай жағдайда да төмендетпеуге тиіспіз. Көкөніс пен картоп сатуға тұрақты түрде түсетін болады.

Жаңа заңдарға сүйене отырып, азық-түлік проблемасын шешуге ауыл халқы да, сондай-ақ қала халқы да барған сайын белсенді қосылуда. Мыңдаған фермерлік шаруашылықтар құрылып, меншікті аула қожалығы дамуда. Үстіміздегі жылдың өзінде-ақ 800 мыңнан астам отбасына бақша өсіруге арнап жер телімдерін бөліп

бере алдық, 900 мыңнан астам отбасының саяжайы бар. Бұл тек үстіміздегі жылы ғана қосымша 300 мың тонна картоп пен көкөніс алуға мүмкіндік берді. Ал бақша өсіру және саяжай салу үшін жерге сұраныс өте көп. Таяу болашақта біз бұл проблеманы да шешетін боламыз деп ойлаймын.

Бұрынғы кездердегі сияқты, қызмет көрсету саласына көптеген кінә тағылып отыр, ал бірақ үстіміздегі жылы олардың көлемі біршама өсіп, қазір орта есеппен бір тұрғынға 150 сом болды. Әңгіме, бірінші кезекте, қызмет көрсетудің сапасын арттыру туралы болып отыр. Ал мұның тек бір ғана жолы бар – ол мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру. Үстіміздегі жылы тұрмыстық қызмет көрсету саласының 7 мың шағын кәсіпорнын жекешелендіру белгіленген.

Республикада бірінші кезектегі мән беріліп отырған проблемалардың арасында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жетілдіру де бар. Тұрғын үй салу, көркейту бізде тәп-тәуір қарқынмен жүргізілуде. Алайда сұраныс жоғары күйінде қалып отыр. Сондықтан тұрғын үй құрылысына және коммуналдық қызметтерді дамытуға бөлінген мемлекеттік күрделі қаржыны толығымен пайдалануға қол жеткізу өте маңызды. Жеке тұрғын үй құрылысына байланысты мәселелер бұрынғысынша көкейкесті күйінде қалып отыр. Біз тұрғын үйді жекешелендіруге үлкен үміт артамыз. Халыққа қазірдің өзінде 136 млн сомға алаңы 3 млн текше метрден астам 61 мың пәтер сатылды.

Егемен мемлекет жағдайында халыққа білім беру, ғылым, денсаулық сақтау және мәдениет мәселелері ерекше орынға қойылып отыр. Ұзақ жылдар бойы

барлық осы салаларға күрделі қаржы бөлу атышулы қалдықтық қағидаты бойынша жүргізіліп келді. Соның салдарынан олар қиын жағдайға тап болды. Ал оны түзетуге талай жыл керек. Бірақ, соған қарамастан, тіпті қазір, республика бюджетіндегі шексіз жырттықты жамауға тура келіп отырғанның өзінде, үкімет жағдайды жақсарту үшін қолдан келген шаралардың бәрін қолдануда.

Халыққа медициналық және емдеу қызметін көрсету жаңаша өріс алып, бірқатар денсаулық сақтау объектілері іске қосылды. Көптеген босаған үйлер емдеу мекемелеріне берілді. Тек үстіміздегі жылы ғана Алматыда урология, Семейде радиациялық медицина және экология ғылыми-зерттеу институттары құрылды. Осы заманғы диагностикалық және денсаулықты қалпына келтіру орталықтары, мүгедектер мен балаларға білікті медициналық қызмет көрсету орталықтарының жүйелері өркен жаюда.

Аз уақыт ішінде халыққа білім беру саласында бірқатар жаңа оқу орындары, соның ішінде университеттер ашылды. «Қазақ КСР-індегі тілдер туралы» Заңды жүзеге асыру шеңберінде қазір жұмыс істеп жатқандарға қосымша қазақша тәрбиелеп, оқытатын 600-ден астам балабақша мен жалпы білім беретін 200 мектеп ашылды. Ал республика бойынша барлығы 3 мыңға жуық осындай мектеп жұмыс істейді.

Балалар ұйғыр, өзбек және тәжік тілдерінде сөйлеуге үйренетін мектеп жасына дейінгі және мектеп мекемелері жақсы дамуда. Мектептерде ана тілі ретінде 15 ұлт тілі – неміс, корей, дүнген, поляк, грек және басқа тілдерді оқыту енгізілді.

Мемлекеттік тілде оқыту барлық жоғары оқу орындарында ұйымдастырылды.

Нарық жағдайында жұмыс істеу үшін, кадрлар даярлау бағдарламасы белсенді түрде орындалуда. Нарықтық экономика саласындағы жұрт таныған бедел иесі, Америка ғалымы В. Леонтьев: «Дарындарға жол ашпайынша, сіздер өздеріңіздің бірде-бір проблемаларыңызды шеше алмайсыздар» дегенін айта кету орынды. Шынында да, кадр саясаты бүгінде ең көкейкесті болып отыр. Сондықтан егер біз әміршіл жүйеден нарықтық жүйеге шындап өтпек болсақ, онда мұны осы жолдан жүріп өткендерден үйренуге тиіспіз әрі өзіміздің дарынды жастарымызды оқыту керек. Осы мақсатпен республикада конкурс өтіп, 20 адамнан тұратын бірінші топ қараша айының басында АҚШ-на тәжірибеден өтуге барады. Сондай-ақ қарашада Оңтүстік Корея мен Түркияға да осындай топ жібереміз. Германияда, Сингапурда, Қытайда кадрларды тәжірибеден өткізуге әзірлеу жөнінде байланыс орнатылды және бұл жұмыс жыл өткен сайын кеңейе түседі ғой деп ойлаймын.

Республиканың тікелей өзінде кадр даярлау жұмысы белсенді жүргізілуде. Тек биылдың өзінде ғана сыртқы және ішкі нарық проблемаларымен тікелей байланысты 14 жоғары оқу орнында 18 жаңа бағдарлама бойынша кадр даярлау ұйымдастырылды. Жуық арада АҚШ-нан және Батыс Еуропаның бірқатар мемлекеттерінен Қазақстандағы экономикалық жаңа әлеуметтік реформалардан жасалған қор есебінен оқытушылар шақыру ниетіміз бар.

Байқап отырғандарыңыздай, бізге көптеген жаңа алуан түрлі мәселелерді шешуге тура келді. Ол мәсе-

лелерге күн сайын тап бола отырып, оларды өз бетімен жападан жалғыз, басқа республикалармен интеграциясыз шешу өте қиын екеніне көзің жетеді. Қазақстан бұрын да тату көршілік байланыстарды барынша нығайтуға ұмтылып, Одақтық шарт жөнінде салиқалы берік айқындама ұстаған болатын. Сіздер оған қандай себеппен қол қойылмай қалғанын білесіздер. Соңғы айларда болған оқиғаларды қазір бағалай келіп, бұрынғы Одақтық шарттың мүлдем дерексіз болғанына көзің жетеді. Әрі бұл ең әуелі республиканың егемендігі дегенді мүлдем естігісі келмейтін, оны өз өмірінің басты жауы деп есептейтін әміршіл-әкімшіл жүйемен қандай да болсын ымыраға келудің мүмкін еместігіне байланысты болды.

Тамыз төңкерісі ескі тоталитарлық режіммен, бұрынғы идеологиямен халықтардың жаңа демократиялық ұмтылыстары арасындағы қарама-қайшылықтың қаншама зор екенін айқын көрсетті. Сонымен бірге, атышулы ТЖМК-нің (ГКЧП) абыройсыз ақыры да заңды, енді ешкім де тарих тегершігін кері айналдыра алмайды, еркіндіктің таза ауасын жұтқан халықтың мойнына тоталитарлық бұғауды қайтадан кигізе алмайды. Алайда абсолютті тәуелсіздік жоқ екенін ешқандай жағдайда да ұмытуға болмайды. Осы дүниеде өмір сүретін бәріміз де бір-бірімізге тәуелдіміз. Ол саяси, экономикалық, экологиялық немесе қоғамдық қарым-қатынастардың кез келген саласында болсын бәрібір. Еліміздегі барлық республикалармен, оның ішінде, әсіресе, төңкерістің ауыр күндерінде демократия мұраттарына мызғымас адалдығын айқын танытқан Ресеймен дәстүрлі достық байланыстарды сақтау – біздің қасиетті борышымыз.

Біз бұған әрқашан да жіті көңіл бөлдік және бұдан әрі де көңіл бөле беретін боламыз.

Сіздер білесіздер, біз өткен жылы өзара міндеттемелердің орындалуына үлкен ықпал жасап отырған Ресеймен, Украинамен, Беларусьпен, Эстониямен, Өзбекстанмен, Қырғызстанмен, Тәжікстанмен, Түрікменстанмен және Әзірбайжанмен шарттар мен келісімдер жасадық. Аймақтық мәселелерді шешудегі тәуелсіздігімізді орнықтыруда, әсіресе, экономикалық байланыстарды нығайтуда 13 егеменді республика басшыларының Алматыдағы кездесуі ерекше орын алады. Қауырт жұмыс істеу нәтижесінде 8 республика – РКФСР, Украина, Беларусь, Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан – Экономикалық қоғамдастық туралы шартқа қазанның 15-іне дейін қол қоюға әзірлігін білдірді. Ал Молдова, Грузия, Армения және Әзірбайжан бұл Шартқа кейінірек қосылу ниетінде.

Бұл оқиғаның бағасын асырудан қорықпай-ақ, оның зор оң перспективасы бар екенін айтуым керек. Алматы кездесуінің елімізде және бүкіл дүние жүзінде жақсылықтың нышаны, ортақ тағдыр байланыстырған халықтар достығын сақтау үміті деп қабылдануы тегін емес. Осы үміттің жүзеге асуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасау – біздің міндегіміз.

Мемлекеттік егемендік туралы декларацияға сәйкес Қазақстан бүгін халықаралық қарым-қатынастың дербес субъектісіне айналып отыр. Өткен кезеңде біз өркениетті дүниеге тереземізді кеңінен аштық. Қазір олар біздің республикамызды, оның саяси және экономикалық картадағы орнын, іскерлік ынтымақтас-

тықтағы шексіз мүмкіндіктерін танып біле бастады. Қазақстанның Америка Құрама Штаттарымен, Франциямен, Австриямен, Ұлыбританиямен, Германиямен, Жапониямен, Сингапурмен, Италиямен үкіметаралық және іскерлік байланыстары кеңейе түсуде. Біз, әсіресе, Түрік Республикасымен, Қытай Халық Республикасындағы Шыңжан-Ұйғыр автономиялық ауданмен, Корея Республикасымен тығыз қарым-қатынас орната бастадық. Менің АҚШ Президенті Джордж Бушпен, АҚШ-ның Мемлекеттік хатшысы Джеймс Бейкермен, Корея Республикасының Президенті Ро Дэ Умен, Түркия Президенті Тұрғыт Өзалмен, Ұлыбританияның премьер-министрі Джон Мейджормен және бұрынғы премьер-министрі Маргарет Тэтчермен, Сингапурдың аға министрі Ли Куан Юмен және басқа да көрнекті саяси қайраткерлермен кездесулерім Қазақстанның халықаралық аренадағы рөлінің арта түсуінің айғағы болды.

Біз сыртқы экономикалық байланыстарды дамытуға зор назар аудардық. Бүгінде оған республиканың жүздеген кәсіпорындары мен ұйымдары қатысады. Бізде 35 бірлескен кәсіпорын тіркелді, 16 сыртқы экономикалық қауымдастық жұмыс істейді. Бірлескен халықаралық коммерциялық банк ашылды. Шетелдік серіктестіктердің қатысуымен ғылымды көп қажетсінетін өнімдердің бірнеше түрін, соның ішінде осы заманғы теледидарлар шығару, былғары-мех және ауылшаруашылық шикізатының басқа да түрлерін ұқсату, құрылыс материалдарын шығару ұйымдастырылды. «Достық – Алашаңқой» теміржол магистралін пайдалануға беру сауда «Жібек жолын» қайта түлетудің



нақты қадамы болып отыр, ал мұның өзі Қазақстанның Шығыс аймағы елдерімен ынтымақтастығын одан әрі дамытуға жәрдемдесетіні сөзсіз.

Біздің Шығысқа бағдар ұстауымыз республиканың географиялық жағдайымен, этностық жақындығымен және мәдениетінің ортақтығымен ғана емес, ал бұлардың да маңызы әсте кем емес, осы елдердің нарық тәжірибесі біз үшін неғұрлым қолайлы екендігімен түсіндіріледі. Біздің проблемаларымыз, айталық, Батыстың жоғары дамыған елдеріне қарағанда, оларға жақсы түсінікті. Қытаймен, Түркиямен, Корея Республикасымен, Сингапурмен байланыс қазірдің өзінде нақты жемісін беріп отыр. Мысалы, менің жуырдағы Түркияға сапарым кезінде бірқатар нақты құжаттарға қол қойылды. Олардың арасынан мен көлік және телекоммуникация саласындағы, сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы Қазақ КСР-і мен Түркия Республикасы арасындағы келісімді атап өтер едім. «Бейжің – Алматы – Ташкент – Ыстамбұл» азияаралық теміржол магистралімен байланысты мәселелердің кешені талқыланды. Оны іске қосу дүниежүзілік жүк ағымының желісін едәуір өзгертіп, Қазақстан мен бүкіл Орталық Азияны Таяу Шығыс және Азия-Тынық мұхиты өңірі елдерімен сенімді байланысқа шығарады. Сонымен қатар, Алматы мен Ыстамбұл арасындағы тұрақты әуе байланысы туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Қазақстан мен Түркия арасында телекоммуникациялық төте байланыс орнату үшін, 1992 жылы Алматыда жер үстіндегі 30 арналы бекет салынады. Ол «Интенсат» ғарыш спутнигі арқылы жұмыс істеп, тиянақты телефон байланысы мен телевизия хабарлары алмасылуын қамтамасыз етеді.

Анкара мен Ыстамбұлда өткен Қазақстан мен Түркияның іскер топтары арасындағы келіссөздің нәтижесінде 28 млн-ға жуық доллар сомасында экономиканың әртүрлі саласындағы келісімдерге қол қойылды.

Қытай мен Корея кәсіпкерлерімен де қызықты іскерлік шарттарға қол қойылды.

Шетел инвестицияларымен байланысты мәселелерді шеше отырып, біздің тең құқықты серіктестер болуға ұмтылғанымызды атап өткім келеді. Іскерлік ынтымақтастықтың республика үшін мейлінше ұтымды, тиімді нұсқаларын табандылықпен іздестірдік. Осы жұмыстың тәжірибесі бұл жерде іскерлік, таза шаруашылық тапқырлықтың мүлдем жеткіліксіз екендігіне біздің көзімізді жеткізді. Бұл міндетті жүзеге асыру қоғамның саяси тұрақтылығын, ұлттық және ұлттан тыс құрылымдардың құқықтарын айқын ажыратуды, шетел бизнесінің жұмыс істеуі үшін құқықтық кепілдіктің тиісті жүйелерін құруды талап етеді. Батыс пен Шығыстың іскер топтары өздерінің капиталын жұмсау аясында Қазақстанның болғанына мүдделі екені сөзсіз. Бірақ олар бас-көз жоқ, тәуекелге бел буып, бар байлығынан айрылғылары келмейді. Олар біздің екі жақты және көп жақты қатынастарымыз құрылатын іргетастың беріктігіне көз жеткізгілері келеді.

Міне, сондықтан біз сыртқы экономикалық байланыстарды мемлекеттік-құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етуге осыншалық терең назар аудардық. Республика Жоғарғы Кеңесі құжаттардың тұтас бір топтамасын қабылдады. Олардың арасынан мен «Қазақ КСР-індегі сыртқы экономикалық қызметтің негізгі принциптері туралы», «Шетел инвестициялары туралы», «Еркін

экономикалық аймақтар туралы» заңдарды ерекше бөліп айтар едім. Министрлер Кабинеті жасаған сыртқы экономикалық қызметті дамыту тұжырымдамасы мен соған сәйкес бағдарламасының, республикалық валюта комитетін құрудың үлкен мәні болды. Сыртқы экономикалық салада дербестікті қамтамасыз ету үшін, республиканың жеке Валюта және Алмас қорын, алтын резервін құру туралы шешім қабылдағанымызды сіздер білесіздер. Қазақстан валютасын енгізу мүмкіндігіне байланысты мәселелер зерттеліп жатыр.

Адамзаттық өлшем жөніндегі жуырда болып өткен Мәскеу конференциясы көрсеткеніндей, экономикалық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесетін маңызды фактор КСРО-дағы адам құқығын қорғау проблемасын шешу болып табылады. Атап айтқанда, шетел саясатшылары мен бизнесмендері еліміздің әртүрлі аймақтарындағы ұлтаралық негіздегі жанжалдардың толастамай отырғанына алаңдаулы. Ал мұның өзі алдымен біздің қасіретіміз ғой. Бүгінде құлдырап бара жатқан орталық өзінің ықпалын жоғалтып, оқиғалардың дамуына пәрменді әсер етуден толық айрылған жағдайда Ресей мен Қазақстан армян-әзірбайжан жанжалын реттеудің ауыр борышын өз мойындарына алды. Біздің егемен республикалардың жоғары беделі қантөгісті тоқтатып, азап шеккен халықтарға татулық пен тыныштық әкелетіндігіне сенімдімін. Рас, бұл – адамның ақыл-ойы мен күш-жігерін көп қажет ететін аса қиын іс.

Мен Борис Ельцинмен бірге Таулы Қарабақта болғанымда, ұлттар арасындағы қарым-қатынастың қандай шетін және осал болатынына, бір-біріне қаталдықпен

қарсы тұрудың адамдарға қандай зор қайғы әкелетініне тағы да бір рет көз жеткіздім. Мен Қарабақтағы татулықты қорғай отырып, өз республикамыздағы татулықты қорғадым, өйткені ұлтаралық қырғи қабақтық өртін ешқандай шекара да, ешқандай егемендік те тоқтата алмайды. Оны тек халықтардың парасатты еркі, олардың шынайы туысқандықты, тату көршілік қарым-қатынасты сақтауға деген жоғары жауапкершілігі ғана тоқтата алады. Қазақстандықтар мұны жақсы түсінеді және біздің берік достығымызға зәредей болсын жарықшақ түсуіне жол бермейді, тіпті ұлтаралық жанжалға деген емеурін де білдірмейді деп сенемін. Қазақстан үкіметі өз тарапынан және мен Президент ретінде салиқалы ұлттық саясатты табанды түрде жүзеге асырып, біздің интернационалдық бірлігімізге іріткі салуға бағытталған құйтырқы іс-әрекеттің қандай түрінің болсын жолын батыл кесетін боламыз.

Мен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесінің адамдық өлшем жөніндегі конференциясы төралқасының атына жеделхат жолдап, онда Қазақстан егемен республика бола отырып, өзін КСРО-ның әлемдік қоғамдастық алдында осы проблема жөнінде қабылдаған міндеттемелерінің мұрагері деп есептейді және кез келген ұлтқа, діни сенім мен партиялылыққа қарамастан, адам құқығын қамтамасыз етеді деп мәлімдедім. Сонымен бірге, Қазақстанда адам құқығының сақталуын бақылайтын ұлтаралық комиссияны кез келген уақытта қабылдайтынымызға әзірлік білдірдім. Осы мәселе жайындағы хабар бүкіл дүние жүзіне тарап, біздің республиканың беделін көтере түсті. Мұның өзі бізді шынайы өркениетті мемлекеттер дәрежесіне жақындаттырған мейлінше дұрыс қадам деп ойлаймын.

Мен біздің республиканың өсіп келе жатқан беделін экология мәселелерінде, әскери ведомстволармен қарым-қатынасымызда дәлелді, өте дәйекті және орнықты айқындама ұстауымызбен байланыстырамын. Біз қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың пәрменді қолдауы арқылы қазақ жерінде кез келген ведомстволардың ойына келгенін істеп, иелік жасаған жауапсыздығын тоқтатуға ұмтылып отырмыз. Семей полигонының жабылуы соның нақты айғағы болып табылады. Біздің үкімет жуық арада республика аумағында орналасқан басқа да әскери полигондардың тағдыры туралы келіссөзді бастайды ғой деп сенемін.

Біз Аралды сақтау жөніндегі жұмысты бұрынғыдай табандылықпен жалғастыра береміз. Мұнда мен тек жалаң елес емес, экологиялық және әскери проблемаларды шешу негізінде орнықты, парасатты іс-қимыл қажет екенін атап көрсеткім келеді. Тек сындарлы келіссөз ғана біздің Атом өнеркәсібі министрлігімен, ғарышпен жұмыс істейтін ведомстволармен жемісті ынтымақтастықты жолға қоюымызға мүмкіндік берді.

Біздегі стратегиялық мақсаттағы зымырандарға сенімді бақылау орнату үшін қажетті шаралардың бәрін жасайтын боламыз. Ол Қазақстан өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен еліміздің бірыңғай қорғаныс шеңберінде жүзеге асырылуға тиіс. Мұнымен бірге, қол қойылған КСРО-АҚШ шартына сәйкес стратегиялық шабуыл қаруын түбегейлі қысқартуға жан-жақты ықпал жасайтын боламыз.

Жалпы алғанда, республиканың әскери құрылысқа қатысуы жарияланған егемендікті жүзеге асырудың мәнді бағыттарының бірі болып табылады. Бірыңғай

Қарулы Күштердің және шекара әскерлерінің бірлігін сақтау идеясын жоққа шығармай, біз Қазақстан аумағында орналасқан әскерлермен қарым-қатынасымызды қатаң құқықтық негізде, олардың республика Президентіне міндетті түрде қоса бағынуы арқылы құру ниетіндеміз. Осы мақсатпен қазір әскерлерді басқаратын мамандандырылған арнайы орган құру мәселесі ойластырылуда. Мүмкін, ол Қазақ КСР-інің Қорғаныс жөніндегі мемлекеттік комитеті болар.

Ұлттық гвардия құру республика қауіпсіздігін нығайтуда маңызды буын болуға тиіс. Бұл қадам толығымен заңды және, егер қайғылы тамыз оқиғаларын ескерсек, қажет те.

Менің жарлығыма сәйкес, үстіміздегі жылғы күзден бастап, азаматтарды әскери қызметке шақыру республиканың мемлекеттік органдарының тікелей бақылауымен жүргізілетін болады. Бірінші кезекте біздің аумағымызда орналасқан бөлімдер мен құрамаларды жасақтаймыз. Тек содан кейін ғана әскер қатарына шақырылған қазақстандықтардың шамалы бөлігі әскери қызметін флотта, әскери-әуе және десант әскерлерінде өтеу үшін Қазақ КСР-інен тыс жерлерге жіберіледі.

Өкімет пен басқарудың құрылымы және ұйымдастыру саласында қабылданған актілер туралы да айтпай кетуге болмайды. «Қазақ КСР-індегі жергілікті өзін-өзі басқару және халық депутаттарының жергілікті Кеңестері туралы», «Қазақ КСР Министрлер Кабинеті туралы» заңдар қабылданып, республика Конституциясына тиісті өзгерістер енгізілді. Кезекте «Қазақ КСР-індегі мемлекеттік қызмет туралы» және «Қазақ КСР Прокуратурасы туралы» заңдар қаралмақ.

Таяу уақытта азаматтық және көші-қон туралы заң актілерін қабылдау керек. Бұл жерде біз Қазақстан халқы егемендіктің бірден-бір иесі және мемлекеттік өкіметтің қайнар көзі болып табылатындығын басшылыққа аламыз. Республика аумағында тұратын азаматтарға – Декларацияда осылай жазылған – Конституцияда көзделген барлық құқықтар мен бостандықтарға кепілдік беріледі. Бұдан былай Қазақ КСР-і барлық көші-қон үдерістерін реттеуді өз қолына алады.

Қазір тиісті органдар Қазақстанның рәміздері – оның елтаңбасына, әнұранына және туына, сондай-ақ біздің егемен республикамыздың азаматтары марапатталатын ордендеріне байланысты мәселені зерттеу үстінде.

Жүріп өткен жолыңа көз тастай тұрып, тегінде, біраз жұмыс тындырылғанына қанағатпен көз жеткізесің. Бірақ егемендік, жаңа, барлық тұрғыдан алғанда осы заманғы мемлекет құру үдерісі енді ғана басталып отыр. Сондықтан оның негізгі нобайын, былайша айтқанда, бірден-бір дұрыс бас бағытын белгілеу бүгінде өте маңызды және сол бағыттан таймай отырып, біз Қазақстанды әлемдік өркениеттің даңғыл жолына шығара аламыз.

Осыған байланысты, біздің экономикалық егемендікке ұмтылуымыз ешбір жағдайда интеграция мен біртұтас экономикалық кеңістік қағидаттарын теріске шығармайтынын ерекше атап өтемін. Ал олар, өз кезегінде, тиімді жұмыс істейтін республикааралық құрылымды қажет етеді. Қазіргі уақытта біз саяси және басқадай жағдайларға байланысты экономикалық қоғамдастық туралы шартқа қол қоюға қиыншылықпен

барып отырған кейбір республикалардың белгілі бір қарсылығына ұшыраудамыз. Мұны, атап айтқанда, 13 егемен республика басшыларының Алматыда жуырда болған кездесуі көрсетті. Оның нәтижесін жоғары бағалай отырып, әйтсе де әзірге кінәратсыз экономикалық кеңістік үдерісін тежеп отырған басты себеп туралы айтпай кете алмаймын. Менің көзқарасымша, ол республикалар арасында нағыз нарықтық байланыстардың әлі де болмауында. Мұндай жағдайда кез келген шаруашылық тәуелділігі үркітеді, ол бүкіл дүние жүзіндегі сияқты, топтастырушы емес, қайта ажыратушы факторға айналады.

Мезгілі жеткенде, жағдай түпкілікті өзгереді ғой деп ойлаймын. Біз ортақ рынок идеясына барлығымыз сөзсіз бірге келеміз. Ал оны жүзеге асырмай қазіргі заманғы өркениеттің арнасына түсу мүмкін емес. Оған қоса, объективті экономикалық қажеттілік бізді ашық түрдегі ортақ рынок құруға, оған батыс кәсіпкерлігін кең, көп нұсқалы түрде қатыстыруға мәжбүр ететінін айтқым келеді.

Ерте ме, кеш пе, біз тең құқықты саяси одаққа да міндетті түрде келіп жететінімізге мен сенімдімін. Қазірдің өзінде егемен республикалар мен олардың әртүрлі деңгейдегі саяси органдары арасындағы өзара қатынастарды реттеудің ұтымды тетігі қажет екені өткір сезіліп отыр. Батыс Еуропаны, ортақ рынокқа енетін елдерді алып қараңыздаршы. Олардың әрқайсысында егемендіктерінің кемшілігі жоқ. Алайда интеграция мемлекетаралық кеңістік құру жолын іздеуге мәжбүр етуде. Экономикалық қажеттілігі мен парасатты ойды басшылыққа ала отырып, бұл елдер бірқатар



ортақ саяси құрылымдар құрды. Өздерінің сыртқы саяси бағытының жекелеген элементтерін келістіруді тұрақты тәжірибеге айналдырды. Оған қоса, еуропарламент заңдарының мемлекеттер заңдарына қарағанда басымдығы бар. Сондықтан, егер белгілі бір елдің заңы жалпыеуропалық заңдарға қайшы келетін болса, өз заңдарыңды өзгерт немесе ортақ рыноктан шық деп ақыл-кеңес береді.

Мұны шексіз егемендікке берілген кейбіреулерді асығыс шешімдерден сақтандыру үшін айтып тұрмын. Өткен жолға қайтып айналып соқпау үшін, бар нәрсеге күш пен уақыт жұмсап, барлығын түп-тамырымен талқандаудың қажеті жоқ. Орталықсыздандыруды сандыраққа дейін жеткізуге, оны ақылға қонымды деңгейден төмендетуге болмайды.

Бұл күндері салықалы саяси интеграцияға жету үшін, республикаларда екі жақты, сондай-ақ көп жақты негіздегі мемлекетаралық қатынас жасау тәжірибесінің болмауы кедергі келтіруде деп ойлаймын. Екінші жағынан, тоталитарлық мемлекеттегі өмірдің өткен тәжірибесі, тағы да бағынышты жағдайда болудың қарапайым қорқынышы айтарлықтай кедергі болып табылады. «Одақ» деген сөздің өзі көптеген республикалар басшыларының буырқанған теріс көзқарасын туғызуы кездейсоқ емес. Демек, бәрі өз орнына келу үшін, уақыт қажет.

Менің жеке өзіме біздің болашақ саяси коалициямыздың конфедерация сипатын – егемен мемлекеттер одағын иемденетіні күмән туғызбайды. Оның құзырына мемлекеттік өмірдің соғыс жариялау мен бітім жасау, жалпы одақтар конфедерациясының субъектілерімен

және шетел мемлекеттерімен шарттар жасасу, қорғаныс, темір жолды, әуе және теңіз көлігін, атом энергетикасын пайдалану, банк, пошта-телеграф ісін ұйымдастыру мәселелері, т. т. кіреді. Коалиция тұрпатының өзі бұрынғы КСРО-дан түбірімен ерекшеленетін сапалы жаңа саяси құрылым болатынын айғақтайтынын атап көрсеткім келеді. Менің көзқарасымша, бұрынғы одақтас, сондай-ақ автономиялы республикалар конфедерацияның тең құқықты субъектілері болуға тиіс.

Егер Қазақстанда, көптеген басқа республикалардағы сияқты, мемлекеттік егемендік негізіндегі ұлттық өрлеу идеясы бұқараның санасын биледі, таптық мүдделерді де екінші қатарға ығыстырды десем, қателеспеспін деп ойлаймын. Мұндай құбылыс тарихи заңдылық. Ол біртұтас одақтың ыдырауы, халықтардың тоталитаризм тұсауынан босануы үдерісін, олардың нұсқау бойынша емес, дербес, армандай күткен еркін кеңістікте өмір сүруді үйренсек деген тілегін бейнелейді.

Осы жағдайларда біршама жас қазақ ұлтына қазіргі заманғы өркениеттің жетістіктерін пайдалана отырып, экономикалық қажеттілік пен парасаттылық принциптерін басшылыққа ала отырып, барынша қысқа мерзімнің ішінде тоталитаризм мен шаруашылықтың бөлінуінен демократия мен дәулеттілікке қарай өтудің тарихи мүмкіндігі пайда болды.

Алайда бұл туралы айта тұрып, мен түбегейлі экономикалық және демократиялық өзгерістер бірұлтты мемлекетте аса тиімді өтеді-міс дейтін соңғы уақытта пайда болған «сәнді» қағиданың жақтаушысы емес екендігімді ерекше атап көрсеткім келеді. Көп ұлтты Қазақстан ерекшелігінің орасан зор артықшылығы бар

екендігіне сенімдімін. Халықтар достығы – тек біздің басты және, тегінде, ең бірегей игілігіміз ғана емес, сондай-ақ біздің сеніміміз, біздің үмітіміз.

### **Қадірлі ағайын!**

Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылдануының бір жылдығы біздің республикамыздың өміріндегі маңызды оқиғалармен тұспа-тұс келгеніне қарап та, талай ой түюге болады. Біз осы кеше ғана «Байқоңыр» ғарыш айлағынан оралдық. Онда қазақ халқының тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтің орбитаға шыққанын сіздер жақсы білесіздер. Бүгін мен ғарыштық байланыс жүйесі арқылы Тоқтармен және оның жанындағы жолдастарымен сөйлестім. Бәрінің де көңіл-күйі жақсы, ұшу сапары сәтті жалғасып жатыр. Осындай орайы келгенін пайдаланып, сіздерге, сіздер арқылы көп ұлтты Қазақстанның барлық халқына Тоқтардың Республика күнімен құттықтауын, оның барлық жерлестеріне бақыт пен игілік тілеген ізгі лебізін жеткізуді өзіме ғанибет санаймын.

Осындай маңызды оқиғаның тағы бірі – 13 егемен республикалар басшыларының Алматыдағы кездесуі. Бұл кездесудің нәтижесінде біздің ұзақ мерзімді және жемісті өзара ынтымақтастығымыздың негізі болып табылатын Экономикалық қоғамдастық туралы шарт жөнінде келісімге жетуге қарай үлкен қадам жасалды. Еліміз үшін осынау қиын-қыстау кезеңде біздің Қазақстан ішкі саясаттың оңды өзгерістерін айқындайтын республика болып отырғанын, біртұтас экономикалық кеңістікті сақтауға, қоғамдағы тұрақтылықты нығайтуға бастайтын бастамалардың қозғаушысы болып отырғанын сезінудің өзі қуанышты жәйт.

Республиканың абыройын арттыратын, беделін биікке көтеретін осынау оқиғалар сіздер мен біз өткен бір жыл ішінде бірлесе атқарған қауырт та сан салалы жұмыстың тікелей жемісі болып табылады. Осы шаруаның арқасында Қазақстанның мемлекеттік егемендігінің іргетасы, оның ұлттық тәуелсіздігінің негізі қаланды.

Алдымызда мұнан да жауапты істер тұр. Бір жақсысы, енді біздің сүйенетін нәрселеріміз бар. Қайта құрудың қиындыққа толы күрес жолында қолымыз жеткен егемендік – қоғамдық прогрестің басты кепілі. Өйткені өзінің ең жүрек түкпіріндегі арман-мүдделерін жүзеге асыруға тек еркін мемлекеттің еркін адамдары ғана үміт арта алады. Бейнелеп айтар болсақ, республикамыздың ғарыш кемесі сөреден сәтімен аттанды. Мұның өзі біздің Қазақстан, алдан шығатын барлық қиындықтар мен қысталаңдарға қарамастан, сенімді тарихи орбитаға көтеріледі, сөйтіп, өркениетті әлемдік қоғамдастықта өзіне лайық орнын алады деген сенім ұялатады. Біздің бүгінгі еңбек етіп, өмір сүріп отырғандағы алға қояр асыл мақсатымыз да, міне, осы.

Қадірлі достар, сіздерді және барлық жерлестеріміз – қазақстандықтарды біздің ортақ мерекеміз – Республика күнімен шын жүректен құттықтауға, мықты денсаулық, игілік пен бақыт тілеуге рұқсат етіңіздер!

## Қабылданған қысқартулар

## ТІЗБЕСІ

- АКСР ..... Автономиялық Кеңестік Социалистік  
Республика
- АӨК ..... аграрлық-өнеркәсіптік кешен
- Аудатком ..... аудандық атқару комитеті
- Аудком ..... аудандық партия комитеті
- БАҚ ..... бұқаралық ақпарат құралдары
- БК(б)П ..... Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер)  
партиясы
- БЛКЖО ..... Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік жастар  
одағы
- БҰҰ ..... Біріккен Ұлттар Ұйымы
- ҒЗИ ..... ғылыми-зерттеу институты
- ЕҚЫК ..... Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық  
кеңесі
- ЖМК ..... жылжымалы механикаландырылған колонна
- Кеңшар ..... кеңестік шаруашылық
- КОБОК (ВЦСПС) ... Кәсіподақтардың бүкілодақтық орталық  
кеңесі
- КОКП ..... Кеңес Одағының Коммунистік партиясы

- КОКП ОБК**..... Кеңес Одағы Коммунистік партиясының  
Орталық бақылау комиссиясы
- КОКП ОК** ..... Кеңес Одағы Коммунистік партиясының  
Орталық Комитеті
- КСР** ..... Кеңестік Социалистік Республика
- КСРО**..... Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
- Қалаатком**..... қалалық атқару комитеті
- Қалаком** ..... қалалық партия комитеті
- ЛАГББ (ГУЛАГ)**..... КСРО Еңбекпен түзеу лагерьлерінің,  
еңбек қоныстарының және қамау  
орындарының бас басқармасы
- МҚК** ..... Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті
- Обком**..... облыстық партия комитеті
- Облатком** ..... облыстық атқару комитеті
- РҚФСР**..... Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік  
Республикасы
- СМТСКБ** ..... Социалистік меншікті талан-таражға салуға  
қарсы күрес бөлімі
- ТЖМК (ГКЧП)**..... КСРО-дағы Төтенше жағдай жөніндегі  
мемлекеттік комитет
- Ұжымшар**..... ұжымдық шаруашылық
- ІІМ** ..... Ішкі істер министрлігі

## Географиялық атаулар

### КӨРСЕТКІШІ

Абхазия.....	126
Австрия.....	573
Азия құрлығы .....	271, 305, 448
Азия-Тынық мұхит өңірі.....	447, 574
Ақтөбе облысы.....	68, 78, 121, 157, 289
Алашаңқой теміржол бекеті (Қытай).....	448, 573
Алматы қаласы .....	10, 25, 29, 52, 62, 71, 73, 77, 88, 99, 105, 131, 138, 150, 163, 170, 175, 184, 186, 194, 206, 221, 232, 251, 289, 300, 307, 313, 329, 340, 360, 395, 410, 421, 443, 464, 469, 477, 487, 493, 505, 507, 510, 512, 524, 534, 539, 546, 548, 556, 559, 569, 572, 574, 581, 584
Алматы облысы.....	514
Алтай өңірі .....	320
Алтай өлкесі (Ресей).....	73
Америка Құрама Штаттары (АҚШ).....	169, 570, 573, 575, 578
Анкара қаласы (Түркия астанасы).....	448, 575
Арал теңізі .....	171, 194, 279, 325, 425, 450, 578
Армения.....	572
Өзірбайжан.....	572

Байқоңыр қаласы (Қызылорда обл.) .....	177
Баку қаласы (Әзірбайжан астанасы).....	534, 548
Балқаш көлі .....	194
Балқаш қаласы (Қарағанды обл.).....	158, 177, 279, 308, 320
Балтық маңы өңірі .....	13, 40, 126, 246, 268, 328, 537
Батыс Еуропа өңірі .....	570, 581
Батыс Қазақстан өңірі .....	160, 271
Бейжің қаласы (Қытай астанасы) .....	574
Белоруссия.....	13, 40, 134, 160, 328, 334, 412, 413, 446, 481, 534, 535
<i>(1991 жылдан – Беларусь)</i>	
Бішкек қаласы (Қырғызстан астанасы) .....	517
Вашингтон қаласы (АҚШ астанасы).....	271
Вильнюс қаласы (Литва астанасы) .....	534, 548
Вьетнам .....	400
Германия (ГФР).....	570, 573
Грузия .....	537, 572
Гурьев облысы .....	51, 68, 78, 121, 138, 287
<i>(1991 жылдан – Атырау облысы)</i>	
Достық теміржол бекеті (Талдықорған обл.) .....	448, 573
<i>(1997 жылдан – Алматы обл.)</i>	
Ереван қаласы (Армения астанасы).....	534, 548
Еуропа құрлығы .....	390, 577



Жамбыл қаласы (Жамбыл обл.) .....	194
<i>(1997 жылдан – Тараз)</i>	
Жамбыл облысы .....	138, 279, 408, 566
Жаңаөзен қаласы (Маңғыстау обл.) .....	51, 77, 104, 126, 146, 240
Жарма, полиметалл кен орны (Семей обл.) .....	160
<i>(1997 жылдан – Шығыс Қазақстан обл.)</i>	
Жапония .....	573
Жезқазған қаласы (Жезқазған обл.) .....	80, 132, 177, 308
<i>(1997 жылдан – Қарағанды обл.)</i>	
Жезқазған облысы .....	68, 78
<i>(1997 жылы таратылып, Қарағанды обл. құрамына қосылды)</i>	
Жетісу өңірі .....	253
Иран .....	448
Испания .....	447
Италия .....	447, 573
Кавказ сырты өңірі .....	194
Канада .....	169
Кишинев қаласы (Молдавия астанасы) .....	534, 548
<i>(1991 жылдан – Молдова астанасы)</i>	
Корея (Оңтүстік Корея) .....	447, 449, 497, 570, 573–575
Көкшетау облысы .....	
<i>(1997 жылы таратылып, Солтүстік Қазақстан обл. құрамына қосылды, 1999 жылдан бастап біраз аумағы Ақмола обл. құрамына кірді)</i>	
Кремльдің Съездер сарайы (Ресей, Мәскеу қ.) .....	101

КСРО .....	10, 12, 13, 15, 17, 22, 27, 59, 66, 134, 157, 254, 347, 356, 404, 528, 545, 576, 557, 578, 583
	<i>(Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы, 1922–1991 жж.)</i>
Қазақ, АКСР .....	308
	<i>(Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы, 1925–1936 жж.)</i>
Қарағанды қаласы .....	76, 77, 86, 92, 104, 107, 116, 175, 194, 240, 320, 426, 567
Қарағанды облысы .....	38, 68, 78, 88, 104, 121, 287
Қостанай облысы .....	35, 80, 110
Қырғызстан .....	517, 572
Қырым түбегі .....	517
Латвия .....	135, 160
Литва .....	134, 160, 170
Мәскеу қаласы (Ресей астанасы) ...	19, 146, 155, 176, 199, 270, 281, 327, 328, 387, 415, 512, 513, 515, 513, 515, 518, 526, 533, 542, 548, 576
Молдавия .....	246, 332, 537, 572
	<i>(1991 жылдан – Молдова)</i>
Новосібір облысы (Ресей) .....	73
Орал облысы .....	279, 434
	<i>(1992 жылдан – Батыс Қазақстан обл.)</i>
Орталық Азия өңірі .....	194, 220, 228, 279, 332, 334, 412, 425, 427, 446, 448, 481, 574

Өзбекстан .....	358, 389, 572
Өскемен қаласы (Шығыс Қазақстан обл.) .....	240
Павлодар қаласы (Павлодар обл.) .....	240
Павлодар облысы .....	78, 121, 279, 493, 556
Петропавл қаласы (Солтүстік Қазақстан обл.) .....	567
РКФСР .....	269, 328, 334, 515, 516, 518, 533, 535, 572
<i>(Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы, 1917–1991 жж.)</i>	
Семей қаласы (Семей обл.) .....	193, 194, 279, 569
<i>(1997 жылдан – Шығыс Қазақстан обл.)</i>	
Семей облысы .....	121, 138
<i>(1997 жылы таратылып, Шығыс Қазақстан обл. құрамына қосылды)</i>	
Сингапур .....	570, 573, 574
Солтүстік Қазақстан облысы .....	289, 566
Сумгаит қаласы (Әзірбайжан) .....	126
Талғар қаласы (Алматы обл.) .....	567
Талдықорған қаласы (Талдықорған обл.) .....	81
<i>(1997 жылдан – Алматы обл.)</i>	
Талдықорған облысы .....	121, 288, 408
<i>(1997 жылы таратылып, Алматы обл. құрамына қосылды)</i>	
Таулы Қарабақ .....	126, 439, 576
Ташкент қаласы (Өзбекстан астанасы) .....	574
Таяу Шығыс өңірі .....	574

Тәжікстан.....	572
Тбилиси қаласы (Грузия астанасы).....	534,548
Теміртау қаласы (Қарағанды обл.).....	110, 449, 485
Теңіз, мұнай-газ кен орны (Гурьев обл.).....	454
<i>(1991 жылдан – Атырау обл.)</i>	
Түркия.....	448, 449, 570, 574, 575
Түрікменстан.....	572
Украина .....	132, 328, 332, 334, 412, 413, 446, 481, 534, 535, 572
Ұлыбритания.....	447, 573
Ферғана қаласы (Өзбекстан).....	126
Франция.....	447, 573
Целиноград қаласы (Целиноград обл.) .....	55, 80, 151, 567
<i>(1992 жылдан – Ақмола қ., 1998 жылдан – Астана қ.)</i>	
Целиноград облысы .....	88, 566
<i>(1992 жылдан – Ақмола обл.)</i>	
Шевченко қаласы (Маңғыстау обл.).....	132
<i>(1991 жылдан – Ақтау қ.)</i>	
Шешен-Ингуш, АКСР.....	73, 146
Шығыс Қазақстан облысы.....	78, 88, 121, 279
Шығыс Қазақстан өңірі.....	194
Шымкент қаласы (Шымкент обл.).....	132, 194, 427
<i>(1992 жылдан – Оңтүстік Қазақстан обл.)</i>	

Шымкент облысы.....	132, 194, 427
<i>(1992 жылдан – Оңтүстік Қазақстан обл.)</i>	
Шыңжан-Ұйғыр автономиялық ауданы (Қытай).....	573
Ыстамбұл қаласы (Түркия).....	574, 575
Эстония.....	135, 160, 572

## Есімдер

**КӨРСЕТКІШІ**

Абай (Құнанбаев А.).....	177
Аймауытов Ж. ....	259, 321
Ақаев А. А. ....	516, 517
Әйтиев Ә. ....	317
Әубәкіров Т. О. ....	23, 584
Әуезов М. О. ....	177
Байтұрсынов А. ....	259, 321
Бейкер Дж. ....	573
Бельгер Г. К. ....	177
Бендер О. ....	148
Бокин Т. ....	317
Брежнев Л. И. ....	388
Брусиловский Е. Г. ....	177
Буш Дж. (үлкені).....	573
Васильев П. Н. ....	321
Виноградов П. Г. ....	317
Гаркавец А. Н. ....	177
Гоголь Н. В. ....	169

Голошекин Ф. И. ....	319
Горбачев М. С. ....	15, 106, 114, 210, 219, 234, 315, 390, 413, 421, 508, 512, 513, 517, 521, 522, 539
Горький М. ....	177
Достоевский Ф. М. ....	177
Дулатов М. ....	259, 321
Ельцин Б. Н. ....	516, 518, 527, 533, 576
Ералин Н. ....	317
Жангелдин Ә. Т. ....	317
Жансүгіров І. ....	321
Жұмабаев М. Б. ....	177, 259, 321
Зиновьев Г. Е. ....	318
Киров С. М. ....	71, 567
Кобозев П. А. ....	317
Колбин Г. В. ....	151
Кочаровская А. ....	317
Кравчук Л. М. ....	516
Крючков В. А. ....	513, 514, 516
Куйбышев В. В. ....	283
Қастеев Ә. ....	177
Құдайбердиев Ш. ....	259, 321
Ленин В. И. ....	50, 54, 65, 70, 89, 117, 143, 156, 214, 226, 243, 244, 245, 267, 272, 294, 297, 314, 318, 319, 339, 491, 492
Леонтьев В. В. ....	570
Ли Куан Ю. ....	573
Лукьянов А. И. ....	514

Майкөтов Ә. ....	317
Майлин Б. ....	321
Маркс К. ....	243, 491, 492
Мейджор Дж. ....	573
Мүсірепов Ғ. М. ....	177
Өзал Т. ....	449, 573
Павлов В. С. ....	514
Пацюк ....	169
Примаков Е. ....	441, 452
Пушкин А. С. ....	177
Ро Дэ У ....	449, 573
Ружейников И. С. ....	317
Рыжков Н. И. ....	454
Рысқұлов Т. Р. ....	317
Савицкий.....	53
Салтыков-Щедрин М. Е. ....	95
Сахаров А. Д. ....	534
Сейфуллин С. ....	317, 321
Снегин Д. Ф. ....	177
Соболев С. Л. ....	177
Соломенцев М. С. ....	174
Сталин И. В. ....	215, 318, 322
Сүлейменов О. О. ....	172
Сыпатаев.....	53
Троцкий Л. Д. ....	318
Тэгчер М. ....	573



Уәлиханов Ш. Ш. ....	177
Фрунзе М. В. ....	317
Хлудов Н. Г. ....	177
Шаталин С. С. ....	391
Шачнев А. С. ....	352
Щеголихин И. П. ....	177
Щербаков В. ....	452
Энгельс Ф. ....	243
Явлинский Г. А. ....	391, 441, 452
Язов Д. Т. ....	516
Янаев Г. И. ....	434, 513, 515, 516, 521, 522

## Мекемелер мен ұйымдардың

## КӨРСЕТКІШІ

«Актюбнефтегазстрой».....	37
Ақтөбе кен байыту комбинаты.....	157
Ақтөбе хром қосындылар зауыты.....	426
Алматы қаласының қалааткомы .....	52
Алматы үй жасау комбинаты .....	73
Алматы қаласындағы урология ғылыми-зерттеу институты .....	569
Алматы облысының аграрлық-өнеркәсіптік комитеті .....	71
Алматы саясаттану және басқару институты .....	499
«Алматытрансәгенттік» .....	73
«Алтайсвинецстрой».....	70
«Әл-Барака-Қазақстан банкі».....	447
«Байқоңыр» ғарыш айлағы.....	43, 558, 584
БК(б)П.....	319, 321
<i>(Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясы)</i>	
БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті .....	319
БЛКЖО .....	117
<i>(Бүкілодақтық Лениндік коммунистік жастар одағы)</i>	

БҰҰ.....	354, 545
<i>(Біріккен Ұлттар Ұйымы)</i>	
«Востокпромстрой» .....	70
«Гарант».....	37
«Динамо».....	567
ЕҚЫК.....	577
<i>(Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесі)</i>	
Ертіс полиметалл зауыты .....	37
«История СССР» .....	253
«Казахинторг» .....	271
«Казахстанская правда» .....	260, 493
Казлегснаббыт .....	375
<i>(Қазақ КСР Жеңіл өнеркәсіп өнімін жабдықтау мен өткізу жөніндегі бас басқарма)</i>	
«Казстройполимер» .....	427
«Карбид» .....	427
Киров С. М. атындағы Алматы ауыр машина жасау зауыты.....	71
Киров С. М. атындағы Петропавл зауыты .....	567
КОБОК (ВЦСПС).....	66
<i>(Кәсіподақтардың бүкілодақтық орталық кеңесі)</i>	
КОКП .....	12, 22, 23, 27, 30, 47, 93, 101, 102, 115, 122–124, 135, 148, 149, 187, 233, 234, 241–243, 246, 263, 289, 290, 292, 293, 295, 297, 299, 326, 330, 347, 399, 403, 407, 408, 416–418, 491, 493, 494, 511, 540, 549, 550
<i>(Кеңес Одағының Коммунистік партиясы)</i>	

КОКП ОБК.....	404, 408
<i>(Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Орталық бақылау комиссиясы)</i>	
КОКП ОК .....	17, 19, 27, 28, 36, 48, 52, 66, 100, 105, 114, 120, 125, 126, 128, 146, 152, 154, 171, 174, 176, 183, 187, 212, 229, 230, 236, 237, 242, 244, 245, 247, 251–253, 269, 283, 297, 329, 404, 408, 415, 421, 439, 510, 511, 539, 540, 549
<i>(Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті)</i>	
КОКП ОК Саяси Бюросы .....	27, 128, 145, 138, 154, 174, 294, 329, 510, 511, 514, 539, 540, 549
<i>(Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Саяси Бюросы)</i>	
КОКП ОК Хатшылығы.....	510, 511
<i>(Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Хатшылығы)</i>	
Көкшетау тұрмыстық химия зауыты .....	567
КСРО Аспап жасау министрлігі .....	71
<i>(КСРО Аспап, автоматтандыру мен басқару жүйелерін жасау министрлігі)</i>	
КСРО Аспап жасау министрлігі Жүйелер ҒЗИ Қазақ бөлімшесі.....	71
КСРО Атом өнеркәсібі министрлігі .....	450, 485, 578
КСРО Жоғарғы Кеңесі.....	90, 91, 93, 100, 113, 139, 146, 161, 167, 189, 191, 200, 202, 203, 206, 210, 219, 222, 225, 351–353, 357, 360, 367, 413, 417, 437, 440, 508, 509, 514, 515, 522, 528, 533, 543, 544, 561
КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы .....	90, 183, 514
КСРО Қара металлургия министрлігі .....	325
КСРО Қарулы Күштері .....	256, 323, 347, 506, 544, 579
КСРО Қорғаныс министрлігі .....	351, 535
КСРО Материалдық-техникалық жабдықтау бас басқармасы....	326
КСРО Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі.....	326
КСРО Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті .....	377

КСРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті.....	42, 43, 133, 217, 280, 326, 372, 373, 454
КСРО Министрлер Кеңесі .....	21, 66, 205, 213, 350, 382, 388
КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы Қазақ КСР-і бойынша Дін істері жөніндегі кеңес .....	382
КСРО МҚК.....	351, 381, 391, 506, 513, 516, 544
<i>(КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті)</i>	
КСРО Орта машина жасау министрлігі.....	325
КСРО Прокуратурасы.....	183, 544
КСРО Сыртқы істер министрлігі .....	535
КСРО Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі .....	158
КСРО Түсті металлургия министрлігі.....	325
КСРО Федерация Кеңесі.....	512, 519
КСРО Ішкі істер министрлігі .....	544
КСРО Энергетика және электрлендіру министрлігі.....	325
Қазақ КСР Автомобиль көлігі министрлігі .....	381
Қазақ КСР Аграрлық-өнеркәсіптік кешенін материалдық- техникалық жабдықтау бас басқармасы .....	375
Қазақ КСР Астық өнімдері министрлігі.....	377
Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігі.....	377
Қазақ КСР Әділет министрлігі .....	380
Қазақ КСР Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігі.....	381
Қазақ КСР Баға жөніндегі мемлекеттік комитеті.....	373
Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті.....	379
Қазақ КСР Дене тәрбиесі және спорт жөніндегі мемлекеттік комитеті.....	381
Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігі .....	381

Қазақ КСР Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мемлекеттік комитеті.....	380
Қазақ КСР Еңбек министрлігі.....	381, 468
Қазақ КСР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі.....	375
Қазақ КСР Жеңіл өнеркәсіп министрлігінің Қазақ жеңіл өнеркәсіп жабдықтау-өткізу бас басқармасы.....	375
Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі.....	15, 20, 52, 62, 113, 139, 183, 186, 191, 208, 242, 253, 313, 367, 385, 399, 410, 413, 477, 490, 502, 503, 512, 517
Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы.....	514, 518
Қазақ КСР Игіліктерін мемлекеттік сақтау .....	531
Қазақ КСР Көлік министрлігі .....	378
Қазақ КСР Қаржы министрлігі .....	374, 468
Қазақ КСР Қорғаныс мәселелері жөніндегі мемлекеттік комитеті.....	579
Қазақ КСР Құрылыс және сәулетшілік істері жөніндегі мемлекеттік комитеті.....	68
Қазақ КСР Материалдық-техникалық жабдықтау бас басқармасы.....	372, 375, 468
Қазақ КСР Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитеті.....	259, 381
Қазақ КСР Мемлекет және қоғам қауіпсіздігін сақтау жөніндегі комитеті .....	381
Қазақ КСР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті .....	68, 375
Қазақ КСР Мемлекеттік бақылауы .....	381
Қазақ КСР Мемлекеттік банкі.....	375, 468, 531
Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитеті .....	217, 280, 373
Қазақ КСР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті.....	373, 463, 466–469
Қазақ КСР Министрлер Кабинеті.....	21, 369, 381–383, 385, 419, 420, 430, 444, 448, 464, 467, 468, 503, 505, 514, 529, 531, 537, 576, 579

Қазақ КСР Министрлер Кеңесі.....	44, 58, 139, 222, 280, 313, 369
Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Іс басқармасы .....	369
Қазақ КСР Монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеті.....	373
Қазақ КСР Монтаж және арнаулы құрылыс жұмыстарының министрлігі.....	68
Қазақ КСР Өнеркәсіп министрлігі .....	378
Қазақ КСР Президентінің жанындағы Нарықтық қатынастарды енгізу жөніндегі жоғары экономикалық кеңес.....	370
Қазақ КСР Президентінің жанындағы Президенттік кеңес .....	369
Қазақ КСР Президентінің жанындағы Экономикалық кеңес .....	218
Қазақ КСР Республикалық валюта комитеті .....	448, 576
Қазақ КСР Сауда министрлігі.....	73
Қазақ КСР Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі ...	468
Қазақ КСР Түсті металлургия министрлігі .....	75
Қазақ КСР Ұлттық мемлекеттік банкі.....	531
Қазақ КСР ПИМ СМТСКБ.....	73
<i>(ҚазКСР ПИМ Социалистік меншікті талан-таражға салуға қарсы күрес басқармасы)</i>	
Қазақстан Кәсіподақтар кеңесі .....	71
Қазақстан Компартиясы .....	15, 99, 102, 228, 232, 235, 241, 242, 243, 258, 264, 289, 292, 293, 295, 297, 298, 308, 313, 321, 322, 330, 399, 403, 404, 409, 479, 493, 496, 511, 546, 550
Қазақстан Компартиясы бастауыш партия ұйымдары хатшыларының республикалық кеңесі .....	290
Қазақстан Компартиясының Гурьев обкомы.....	287, 408
Қазақстан Компартиясының Катонқарағай аудкомы .....	121
Қазақстан Компартиясының Көкшетау обкомы .....	287, 288
Қазақстан Компартиясының Қарағанды обкомы.....	287, 288

Қазақстан Компартиясы ОК .....	25–27, 62, 83, 94, 128, 131, 144, 173, 182, 197, 219, 228–230, 232, 237, 242, 245, 252, 255, 265, 267, 272, 286, 291, 293–295, 298, 395, 477, 491, 499, 503, 510, 539, 540, 546, 549
	<i>(Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті)</i>
Қазақстан Компартиясы ОК Саяси Бюросы .....	27
	<i>(Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Саяси Бюросы)</i>
Қазақстан Компартиясының Талдықорған обкомы.....	288, 408
Қазақстан Компартиясының Теміртау қалакомы .....	110
Қазақстан Компартиясының Шымкент обкомы.....	287, 288, 408
Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік реформалар қоры.....	570
Қазанның 20 жылдығы атындағы Станок жасау зауыты.....	37
Қарметкомбинат .....	296
	<i>(Қарағанды металлургия комбинаты)</i>
Қызыл армия.....	322
ЛАГББ (ГУЛАГ).....	147
	<i>(КСРО Еңбекпен түзеу лагерьлерінің, еңбек қоныстарының және қамау орындарының бас басқармасы)</i>
Ленгір ұйық-тоқыма фабрикасы.....	252
Ленин В. И. атындағы Павлодар трактор зауыты .....	70
Ленинград трактор зауыты.....	432
«Правда» .....	93, 156
Радияциялық медицина және экология ғылыми-зерттеу институты.....	569
РКФСР Жоғарғы Кеңесі .....	516



Семей ядролық полигоны .....	15, 193, 425, 450, 578
СМТСКБ (ОБХСС).....	84
<i>(Социалистік меншікті талан-таражға салуға қарсы күрес бөлімі)</i>	
«Социалистік Қазақстан».....	260
«Союз» .....	417
Талғар тігін фабрикасы.....	567
Талдықорған темір-бетон бұйымдары зауыты.....	81
ТЖМК (ГКЧП) .....	22, 511, 513, 525, 571
<i>(КСРО-дағы Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет)</i>	
«Фосфор».....	427
Халықтық бақылау комитеті.....	71
«Химпром» .....	427
Целиноград кен-химия комбинаты.....	567
«Шымкентшина».....	427, 567

# МАЗМҰНЫ

## I ТОМ (1989–1991)

Алғысөз.....	7
Тәуелсіздік табалдырығында.....	12
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XV пленумында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайлануына байланысты «Іздену, іс-қимыл, жаңару уақыты» атты сөйлеген сөзі.....	25
<i>(Алматы қаласы, 1989 жылғы 22 маусым)</i>	
Қазақстанның шығармашылық және ғылыми зиялы қауым өкілдерімен кездесуінде «Қайта құруға интеллектуалдық үлесті еселей түсейік» атты сөйлеген сөзі .....	29
<i>(Алматы қаласы, 1989 жылғы 27 маусым)</i>	
Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он бірінші шақырылымының XIII сессиясында «Республика халық депутаттары кеңестерінің демократияландыру мен жариялық жағдайында мемлекеттік және еңбек тәртібін нығайту жөніндегі міндеттері туралы» тақырыбында сөйлеген сөзі .....	62
<i>(Алматы қаласы, 1989 жылғы 27 шілде)</i>	
Қазақстан Компартиясы қалалық және аудандық комитеттері бірінші хатшыларының республикалық кеңесінде «Республика партия комитеттерінің қайта құруды тереңдету жағдайындағы ұйымдастырушылық және саяси жұмысы туралы» тақырыбында сөйлеген сөзі .....	99
<i>(Алматы қаласы, 1989 жылғы 18 тамыз)</i>	
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XVI пленумында Қазақ КСР өзін-өзі басқару және қаржыландыру тұжырымдамасының жобасы бойынша сөйлеген сөзі .....	131
<i>(Алматы қаласы, 1989 жылғы 13 қыркүйек)</i>	

КСРО Орталық Комитетінің пленумында «Қазіргі жағдайдағы партияның ұлттық саясаты туралы» тақырыбында сөйлеген сөзі .....	146
<i>(Мәскеу қаласы, 1989 жылғы 19 қыркүйек)</i>	
КСРО халық депутаттарының II съезінде сөйлеген сөзі .....	155
<i>(Мәскеу қаласы, 1989 жылғы 13 желтоқсан)</i>	
Алматы қаласының жастарымен кездесуінде сөйлеген сөзі .....	163
<i>(Алматы қаласы, 1990 жылғы 17 қаңтар)</i>	
Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он бірінші шақырылымының XVI сессиясында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болып сайлануына байланысты сөйлеген сөзі .....	186
<i>(Алматы қаласы, 1990 жылғы 22 ақпан)</i>	
КСРО халық депутаттарының III съезінде КСРО Президентінің қызметін тағайындау жөнінде сөйлеген сөзі .....	199
<i>(Мәскеу қаласы, 1990 жылғы 14 наурыз)</i>	
Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының I сессиясында Қазақ КСР Президенті болып сайлануына байланысты сөйлеген сөзі .....	208
<i>(Алматы қаласы, 1990 жылғы 24 сәуір)</i>	
Қазақстан Компартиясы XVII съезінде «Партияның бірлігі мен социалистік таңдау жолында, жаңарған КСР Одағындағы Қазақстанның нақты егемендігі жолында» атты сөйлеген сөзі.....	232
<i>(Алматы қаласы, 1990 жылғы 8 маусым)</i>	
«Бірлік пен топтасқандық үшін» атты Қазақ теледидары арқылы Қазақстан халқына үндеуі.....	300
<i>(Алматы қаласы, 1990 жылғы 10 қыркүйек)</i>	
«Республиканың болашағы жолында» атты Қазақ теледидары арқылы сөйлеген сөзі .....	307
<i>(Алматы қаласы, 1990 жылғы 6 қазан)</i>	

- Қазақ КСР мен Қазақстан Компартиясының 70 жылдығына арналған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің бірлескен отырысында «Тарих тағылымы. Болашақты бағдарлау» атты сөйлеген сөзі ..... 313  
(Алматы қаласы, 1990 жылғы 12 қазан)
- Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының II сессиясында «Жаңа Одақтық шарттың жобасы туралы» тақырыбында сөйлеген сөзі..... 340  
(Алматы қаласы, 1990 жылғы 16 қазан)
- Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының II сессиясында «Республикадағы мемлекеттік өкімет және халық шаруашылығын басқару органдарының құрылымы туралы» тақырыбында сөйлеген сөзі..... 360  
(Алматы қаласы, 1990 жылғы 25 қазан)
- КСРО халық депутаттарының IV съезінде сөйлеген сөзі ..... 387  
(Мәскеу қаласы, 1990 жылғы 18 желтоқсан)
- Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің III пленумында сөйлеген сөзі..... 395  
(Алматы қаласы, 1991 жылғы 9 ақпан)
- Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының кезектен тыс III сессиясында сөйлеген сөзі ..... 410  
(Алматы қаласы, 1991 жылғы 11 ақпан)
- КОКП Орталық Комитетінің XXIV пленумында сөйлеген сөзі..... 415  
(Мәскеу қаласы, 1991 жылғы 25 сәуір)
- КСРО Президенті М. С. Горбачевтің қатысуымен өткен республикалық актив жиналысында сөйлеген сөзі ..... 421  
(Алматы қаласы, 1991 жылғы 30 мамыр)
- Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының IV сессиясында республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жыл сайынғы баяндаумен сөйлеген сөзі..... 443  
(Алматы қаласы, 1991 жылғы 27 маусым)

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің IV пленумында «Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Одақтық шарттың жобасына көзқарасы туралы» тақырыбында сөйлеген сөзі .....	477
<i>(Алматы қаласы, 1991 жылғы 20 шілде)</i>	
Қазақстан халқына үндеуі.....	505
<i>(Алматы қаласы, 1991 жылғы 19 тамыз)</i>	
Қазақ КСР Президентінің мәлімдемесі.....	507
<i>(Алматы қаласы, 1991 жылғы 20 тамыз)</i>	
КОКП Саяси Бюросы және Орталық Комитетінің құрамынан шығатыны туралы КОКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросына мәлімдемесі.....	510
<i>(Алматы қаласы, 1991 жылғы 20 тамыз)</i>	
Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының кезектен тыс V сессиясында сөйлеген сөзі.....	512
<i>(Алматы қаласы, 1991 жылғы 24 тамыз)</i>	
КСРО Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс сессиясында сөйлеген сөзі .....	533
<i>(Мәскеу қаласы, 1991 жылғы 26 тамыз)</i>	
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің кезектен тыс пленумында бірінші хатшы міндетін доғаратыны туралы мәлімдемесімен сөйлеген сөзі .....	539
<i>(Алматы қаласы, 1991 жылғы 28 тамыз)</i>	
КСРО Президентінің өкілеттілігі бойынша КСРО Президенті мен одақтас республикалардың мәртебелі басшыларының мәлімдемесімен КСРО халық депутаттарының төтенше съезінде сөйлеген сөзі.....	542
<i>(Мәскеу қаласы, 1991 жылғы 2 қыркүйек)</i>	
Қазақстан Компартиясының кезектен тыс төтенше съезінде сөйлеген сөзі .....	546
<i>(Алматы қаласы, 1991 жылғы 7 қыркүйек)</i>	
Егемен мемлекеттер басшыларының кездесуінде сөйлеген сөзі .....	556
<i>(Алматы қаласы, 1991 жылғы 1 қазан)</i>	

Республика күніне арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі .....	559
<i>(Алматы қаласы, 1991 жылғы 4 қазан)</i>	
Қабылданған қысқартулар тізбесі.....	586
Географиялық ағаулар көрсеткіші .....	588
Есімдер көрсеткіші .....	595
Мекемелер мен ұйымдардың көрсеткіші .....	599

**Н. Ә. НАЗАРБАЕВ**

# **ТАҢДАМАЛЫ СӨЗДЕР**

**I ТОМ**  
**1989–1991**

Жобаның жетекшісі –  
саяси ғылымдардың докторы, профессор  
**М. Б. Қасымбеков**

Арнаулы редактор –  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
**С. А. Абдрахманов**

ISBN 978-601-277-184-8



«Сарыарқа» баспасында беттеліп, басылды.  
Бас директор – Әлиев Қ. Ә.  
Тех. редактор – Бектыбаева Г. Т.  
Редактор, корректор – Раушанова Г. Қ.  
Беттеуші – Қалқамбекова Д. А.

Басуға 20.09.2014 ж. кол қойылды. Қалыбы 60x84 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Шартты баспа табағы 35,6.  
Palatino Linotype гарнитурасы. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 9618.



Қазақстан Республикасы, Астана қ-сы,  
Алматы а-ны, Көкарал к-сі, 2,  
тел. (7172) 527462, 527411, факс: 527489  
e-mail: izdat\_saryarka@mail.ru